



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ-2016

«ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ РУХАНИ ТҰҒЫРЫ»

АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана, 2017

ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ
АСТАНА ҚАЛАСЫ №48 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ-2016
«ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ РУХАНИ ТҰҒЫРЫ»
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана, 2017

ӘОЖ 821.542.122.0(063)
КБК 83.3 (5 қаз)
А 94

Баспаға Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғылыми кеңесі ұсынған

Редакция алқасын басқарған:
Редакция алқасы

Д.Қамзабекұлы
Б.Әбдуәлиұлы
Ж.Жақып
А.Бейсенбай
Қ. Кенжали

Ахмет Байтұрсынұлы оқулары «Тәуелсіз елдің рухани тұғыры» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары (2 желтоқсан 2016 ж.). – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2017. – 289 б.

ISBN 978-601-301-959-8

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде жыл сайын «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» аясында өткізілетін дәстүрлі конференция 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығы және ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналды. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, шетелдегі қазақтардың және түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланды.

ӘОЖ 821.542.122.0(063)
КБК 83.3 (5 қаз)

ISBN 978-601-301-959-8

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2017
© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2017

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті әріптестер және конференция қонақтары!

Өткізгелі отырған жиынымызда тарихи мәні зор, қазіргі күн үшін де берері мол келелі кеңес болады деп ойлаймыз. Өйткені биылғы жылы Қазақстан Республикасы үшін елеулі жыл. Кешегі тар жол басып, тайғақ кешкен қилы кезеңдер мен бүгінгі Тәуелсіз мемлекет құрған ширек ғасырлық өміріміздің арасында жүз жылдық меже жатыр екен. Өткен ғасырдың басында қазақ халқы дүрбелеңге, түрлі сын мен сынаққа толы жылдарды басынан кешірді. Сол тұстағы қазақ оқығандарының арман-тілегі, бастарын бәйгеге тіккен ел болашағы жолындағы жанкешті әрекеттері бүгінгі тәуелсіздігімізге қаланған негіз болатын. Атап айтар болсақ, биыл туған тарихымыздан өшпес орын алған біршама мерейлі жылдарды тізбектеуге болады. Исатай Тайманұлы бастаған 1836-38 жылдары еліміздің батысында болған халық көтерілісіне 225 жыл толды. Туған халқына білімнің нұрын шашқан, көрнекті ағартушы-педагог, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің 175 жылдық мерейтойы; Алаш көсемі, қоғам және мемлекет қайраткері, журналист, ғалым, халқымыздың ардақты ұлы Әлихан Бөкейханның 150 жылдық мерейтойы; 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығы; жақын күнде, яғни 17 желтоқсан Желтоқсан көтерілісіне 30 жыл толады. Осы аталған даталар бізге тарих пен тұлғаны елестетеді. Тұлғалардың тағдыр-талайы мен тарих бетіне жазылған қанды оқиғалар. Наразылық күшпен жанышталып, кеңестік идеология кейінгі ұрпақ санасына дендете сіңірілген тұсында да ұлттық рух өшпепті, тоталитарлық жүйенің құрсауына алғаш болып қазақ баласы қарсы шықты. 1986 жылы 17-18 желтоқсан күндері СОКП Орталық Комитетінің шешіміне наразылығын білдіру үшін қазақ жастары бейбіт ереуіл жасап, Алматы қаласындағы Орталық Алаңға жиналды. Өкінішке қарай ол да аяусыз жазаланды. Бұл күндер ешқашан ұрпақ санасынан өшпеуі тиіс.

Тарихымыздың терең қатпарларына бойлағанда ұлттық тұлғалардың арман-тілегі мен қасиетті тәуелсіздік ұғымының үнемі бір-бірімен сабақтасып жататынына куә боламыз. Еткен еңбек, төккен тер зая кетпеді, Желтоқсан көтерілісінен бес жыл өткенде Тәуелсіздігіміздің туы желбіреді. Тек қазақ халқы ғана емес, Кеңес Үкіметінің құрамына күшпен біріктірілген басқа елдер де еркіндікке қол жеткізді. Сол еркіндіктің басында бодандық құрсауына алғашқы болып қарсы шығып, тәуелсіздік идеясын қалған елдерге таратқанын қазақ баласы мақтан етеді, басқа елдер де осыны бағалауға тиіс деп ойлаймыз.

Адам баласы дұшпанына да тілемейтін ауыр да, азапты жылдарды басынан кешірген қазақ халқы ұзақ уақыттар бойы аңсаған арманына 1991 жылы қол жеткізді. Биылғы жылдың 16 желтоқсанында – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 25 жыл толады. Бұл мемлекетіміз бен халқымыз үшін ең басты әрі құнды мереке. Осы жылдар ішінде еліміз ішкі тұрақтылықты орнату мен сыртқы байланыстарда тамаша саяси жетістіктерге қол жеткізді. Қаржы дағдарыстарының қиындықтарына қарсы тұра білді, тұрақты даму жолын айқындап, биік белестерді бағындырды, толағай жетістіктерге қол жеткізді, әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енді. Бұның бәрі қасиетті Тәуелсіздігімізді көздің қарашығынай қорғауға деген ниеттен туып, жүзеге асқан жетістіктер.

Ата-бабаларымыз басынан кешірген күрделі тарихты келсі ұрпақ көрмесе екен деген тілек елшіл азаматтардың үнемі жадында тұрады. Сондықтан әртүрлі форматтағы іс-шаралар жүзеге асып жатады. Биылғы жылға сәйкес келген ілгерідегі тұлғалар мен тарихи оқиғалардың дөңгелек даталарды қалай еске алынғаны туралы әрқайсысына тоқталып жату артық, олар жөнінде ақпарат құралдарында айтылды. Ешқайсысы елеусіз қалған жоқ, мемлекет қолдап, азаматтар басы-қасында жүріп қалың көпшіліктің жадында қайта жаңғыртты. Сол іс-шаралардың қорытындысы секілді бүгін «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» аясындағы «Тәуелсіз елдің рухани тұғыры» атты халықаралық конференцияға жиналып отырмыз. Бұл конференция әр жылда түрлі тақырыппен өткізіліп келеді. Негізгі бағыты Алаш зиялыларының алдарына қойған мақсаттарының аясында ұлттық рухани құндылықтарымызды түгендеу, олардан қалаған «ұлтқа қызмет ету» үлгісі мен ұлтқа деген сүйіспеншілікті жаңа заман жастарының санасында қайталап жаңғырту болып табылады.

Бізге дейінгі ұрпақтың барша мұраты Тәуелсіздікке жету болса, біздің заман азаматтарын оны қалай тұғырлы ету туралы ой мазалайтыны шындық. Бұл біздің ғана емес, әлемдегі алпауыт елдердің де алдында тұрған мақсат. Екіншіден, ақыл-ой үздігін адамзат баласының ортақ пайдалануы белең алған қазіргі заманда, жаһандану үдерісінен тыс тұра алмаймыз. Сондықтан алдымызда тұрған мақсат биігінен көріну үшін айналадағы елдермен байланысымызды тереңдетудің де маңызы зор. Еліміздің ұстанып отырған саясаты белгілі, бағыты айқын – негізінен татулық пен бірліктің айналасына табан тірейді. Ол бүгінгі конференциямызға әр елден жиналған, онлайн байланысқа шығып отырған қатысушылардың құрамынан да көрініп отыр. Біз осылайша мемлекеттік саясатымыздың алға қойған міндеттерін жүзеге асыруға атсалысып жатырмыз. Оған қолдау көрсетіп отырған қонақтарға және осы конференцияны ұйымдастырушыларға университет басшылығы атынан алғысымызды білдіреміз. Конференциямыздың мақсаты туралы ілгерде айтып өттік, енді осы бағытта үздік ойлар ортаға тасталып, руханият мәселелеріне қатысты тиімді шешімдер қабылданады деп ойлаймыз. Конференция жұмысына табыс тілейміз!

*Дихан Қамзабекұлы,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ проректоры*

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНА ҚАТЫСТЫ ТЫҢ ДЕРЕКТЕР

Утверждаю Коллегией НКП
прот. №6 от 29.12.1929г.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

О ходатайстве Джетысуйского ГИНа о переименовании
г. Алма-Ата в «Алматы и е/уезд «Алматинским»

Все соображения, приложенные в объяснительной записке Председателя Джетысуйского ГИНа тов. Алибекова, заслуживают внимания. Его ссылки на мнение акад. Бартольда, одного из авторитетнейших тюркологов, и другие исторические и бытовые справки имеют под собою полное основание. К мнению Джетысуйского ГИНа можно добавить следующие: образование имени прилагательного из имени существительного через прибавление к окончанию последнего твердой частички «ты» вместо современной «лы», «ды» свойственно тюркским языкам, в частности казахскому. При окончании «ты» в казахском языке является более древним, чем другие формы этого рода. Оно «ты» означает обилие или присутствие чего-нибудь, главным образом воды и растительности, животных и предметов потребления. Поэтому окончание «ты» чаще всего встречается в древних названиях урочищ. Примерами чего могут служить названия совр. урочищ и рек: «Чыдыр-ты» (вместо современного Чидер-Лы), «Өлеңті (вместо современного Өлең-ды)», Калдыгай-ты (вместо современного Калдагай-лы)», Бұлдыр-ты (вместо бұлдыр-лы), Мойын-ты (вместо Мойын-ды) и т.д.

Подобные окончания урочищ сохранились во всех губерниях Казахстана, они особенно часто встречаются в Джетысуйской губернии, например, «Тобылгы-ты», «Бугыты» (название урочищ в Жаркентском уезде); «Соге-ты» (в Алма-Атинском уезде) «Ырғай-ты» и «Раут-ты» (в Талды-Курганском уезде).

Помимо название урочищ это окончание сохранилось донныне в казахском языке после звуков *п, б, т, к, ш, с*. Примеры: «шаш-ты» - волосатый, «бас-ты» - головастый, «шөп-ті» - многотравный и т.д. Таким образом, лингвистические данные и образования названий урочищ в крае говорят о закономерности и необходимости словообразования «Алма-ты» - яблочный или обильный яблоками.

«Алма-Ата» является неправильными словообразованиями с точки зрения современного правописания каз. слов. создает неудобство при письме, так как по современному казахскому правописанию слово «Алма-Ата» должно писаться слитно, а в одном слове два гласных звука рядом не встречаются. Кроме того, отдельное письмо «Алма-Ата» имеет неудобство при телеграфных отношениях.

Поэтому считаем целесообразным переименование «Алма-Ата» в «Алматы» и уезда в «Алматинский».

Члены научного и Научно-методического Совета.

(БАЙТҰРСЫНОВ), (ШОНАНОВ)
29.12.1929 года г. Кызыл-Орда
Фонд 81.опись 1. дело №1313. стр. 32.

*Құжатты Орталық Мемлекеттік архив, 81-қор, 1-тізім, 1313-іс, 32-беттен
алып жинаққа ұсынған ф.ғ.д., профессор О.Жұбаева*

ТҮРКІШІЛДІКТІҢ ҰЛТТЫҚ ТҮРҒЫСЫ

(Ахмет Байтұрсынұлының Қазаннан табылған мақаласы туралы)

Ж.А. ЖАҚЫПОВ,

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, филология
ғылымдарының докторы, профессор.*

Астана қаласы

Сырт қарағанда, Ахмет Байтұрсынұлының мұраларының өкімет өртеп жібергендерінен, ізі жойылғандарынан басқасы қолға тиген сияқты болып көрінеді. Тіптен де олай емес. Ғұлама мұраларын әлі де әр жерден іздей беру керек. Олай деп отырғанымыз – ғалым еңбектерін көрсететін библиографиялық матеиалдардағы тізімнен кездеспейтін бір мақаласы Қазан қаласындағы кітапханадан табылды. Мақала араб негізді жазумен татар тілінде Татарстанның “Біздин юл” (Біздің жол) журналының 1928 жылғы 2-санында жарияланған екен. Қызылордада 1928 жылдың 24 қаңтарында жазылып жолданыпты, “Ғалымжан Ибраһимов түркі-татар ойшысы, түркі-татар білігірі, түркі-татар жазушысы” деп аталады.

Мақала кейіпкері – татар арасында біздің алашшылдармен пікірлес болған қайраткер, ұлтшылдығы үшін құрбан болған, Совет ұлттарының латын әрпіне көшуіне қарсы болып Ахмет Байтұрсынұлын қолдаған, түркі халықтарының бірлігі жолында қызмет қылған ойшыл, жазушы, ғалым, журналшы (жоғарыдағы журналдың редакторы болған) Ғалымжан Ибраһимов болғанмен, қазақ пен түркі халықтарының руханиятының тағдыры таразыланады.

Алдымен ұлтқа қызмет ететін қайраткердің шапағаты басқа да ұлттарға тиетінін айтады. Мұның басты жолы – мәдениетаралық қатысым. Сол замандағы қазақ ұлтының басынан кешірген мәдениетаралық ықпалдастықтың тарихи айғағын келтіреді: “Мысалға біздің қазақ халқын алсақ, маңындағы халықтан әрқайсының жақындығына қарай пайдаланғаны көрініп тұрады. Қазақтың маңындағы халықтың ең мәдениеттісі неміс, онан соңғысы орыс, оның артында татар мен өзбек тұрады. Қазақ халқы солардың мәдениетінен пайдаланғанда азынан аз алып, көбінен көп алып пайдаланған жоқ, бәлкі жақындығына қарай пайдаланды. Неміс мәдениетінен қазақ, түркі де алған жоқ. Орыс мәдениетінен өз еркіменен алғаны – егін себу. Татар мен өзбектен алғаны: өзбек қазаққа ишан берді, татар мұғалім берді”. Осы тұста патшалық Ресейдің қазақты оқытпау үшін түрлі шаралар жасағанынан хабардар боламыз, XX ғасыр басында орыстан білім-ғылым пайдасы емес, олардан көрген пайдамыз егін егу ғана екенін білеміз. Автор оның себептерін былай түсіндіреді: “Орыс татардан көп, оның мәдениеті де татардан күшті еді, учительдері неге қазақ арасына шықпады, неге қазаққа оқу-жазу үйретпеді? Олардың қазақ ішіне баруына паша өкіметі қарсы болмақ түгілі, баруына жәрдемдесер еді. Татар мұғалімін қазақ ішінен қуып бітіре алмай патша өкіметінің азаптануының себебі не еді? Оның себебі жоғарыда айтылған жақындық еді. Орыс пен қазақтың арасында көршілікті жақындық бар, кәсібінің түрінде жақындық бар: екеуі де егін егеді. Кәсібінің түрі жақын болғандықтан қазақ орыстан үлгі алып егін егуге үйренді. Онан басқа не тілінде, не тұрмысында, не ғұрып-ғадетінде жақындық болмаған соң, орыс учителі қазақ тұрмысына орайласа алмады, қазақ тұрмысы орыс учителін өз ішіне көптеп тарта алмады”.


Ғұламаның бұл мақалада басты көздеген мүддесі – түркі тілдес ұлттардың ортақ мүддесі, рухани келешегін тұрғылау. Ахмет Байтұрсынұлының Совет тарапы қойған бір күнәның – пантүркішілдік екені тегін емес. Алайда қайраткердің бұл бағытта да өзіндік тұрғысы бар екені байқалады. Және бұл тұрғы тағы да қазақ халқының мүддесіне, ұлт деп аталатын ұлы қауымның мүддесіне орайласатынын көруімізге болады.

Пантүркішілдіктің екі бағытын былайша түсіндіреді: “Біреулер түркі халықтарының арасы ерекшеленбес үшін тілі бір болу керек дейді. Тілі бір болу үшін мәдениеті төмендері өз тілдерін тастап, мәдениеті жоғары болғандарының тілін қолданып, сол тілмен оқытып, сол тілмен әдебиет тудырсын дейді. (*Атақты Гаспринский 30 жыл бойы осы пікірді таратты. Жамал Валидиде де сондай ой бар еді. (“Татар әдебиетінің барысы” деген кітабын қараңыз) Бірақ бұлардың таратқан пікірі еш бір жеміс бермеді. Қазақ өз алдына әдебиет тудырды. Баишқұрт, қырғыз сияқты саны аз халық та совет өкіметі арқасында өз тілін тірілтіп, өз әдебиетін қадам бастырды*). Біреулері түркі халықтарының тілдерін бірлестіру, әуелі, мүмкін болатын іс емес, екіншіден, мүмкін болғанда да оған көп күш пен көп іс керек, ол ешбір түркі халқының қолынан келмейді, мақсат түркі халықтарының бәрін де бір тілде сөйлестіру емес, бірінен бірі үлгі алып, мәдениет жолында бірінен бірі пайланарлық ету, ол үшін тілін бірлестіргенше, бірінің әдебиетін екіншісі аңдарлық болса жетеді дейді”.

Қазіргі кезде де түркішілдік ниет бар екенін білеміз. Ортақ түркі тілі лексиконын түзу, терминдерді бірдейлестіру, ортақ әліпби пайдалануға деген жекелеген талпыныстар бар. Бұл талпыныстар жүзеге асу үшін, біздіңше, алдымен әдістанулық тұғыр орнатып алуымыз керек. Осы тұрғыдан келгенде, Ахмет Байтұрсынұлының бұл мақалада татар ойшылы Ғалымжан Ибраһимовтың түркі тілдеріндегі барынша ортақ нәрселерді дұрыстап, ортақ пайдалана білу, түркі тілдерінде жоқ нәрселерді жаңадан кіргізгенде түркі халықтары өзара түсінісіп кіргізу жөніндегі пікірлерін нық қолдайды. Өйткені, ғалымның пікірінше: “Түркі тілдерінде, бір жағынан, бірінен бірін айыратын ерекшеліктер болса, екінші жағынан, біріктіретін ерекшеліктер де бар дейді Ғалымжан. Мәселен, фонетика заңоны бәріне де бір; морфология жағынан сөздердің түбіріндегі дыбыстарда ортақтық бар. Соларды тәртіпке салып, ортақ пайдаланарлық ету керек”. Ол үшін ең алдымен мынадай істер атқарылып отыруы қажет:

- емледе тек фонетика негізіне сүйенбей, сөздердің туу негізіне де қарау керек;
- емлені диалектілерге байлаудан қашу, байлаушылармен күресу;
- дыбыс таңбалары (әріптер) бір болу, жаңа атау алғанда бірге түсінісіп алу;
- жаңа пән атауларын алғанда ортақ қолдануға жарарлықтарын алу;
- солардың бәрін тіл құрамалары арқылы өткізу керек. Міне, қазір Қазақстанда орналасқан

Түркі академиясының көкейтесті қарекетінің бірі осыны жүзеге асыру болғаны жөн. Соңында мақаланың көшірмесін берейік:



☆ “بىزنىڭ يول” ☆

ژورنالنىڭ 1928 نىچى يىلىغا

يازىلۇ دەفتەرى

== ئاچقا ==

- “بىزنىڭ يول” - بۇتنىڭ س. س. س. ر. كۆلەمىدە تاتارچا چىچا تۇرغان بىردەن بىر ئەدەبىي - ئىجتىمائىي، غەلىمى ژورنال.
- “بىزنىڭ يول” - ياكى تاتار ماتور ئەدەبىياتىنىڭ كۆزگىسى.
- “بىزنىڭ يول” - غەلىمى تەنقىد ژورنالى.
- “بىزنىڭ يول” - ياكى ئەدەبىياتىمىزدىكى بۇتنىڭ ئەمەلدارى ئۆزىدە چاغلاندى.
- “بىزنىڭ يول” - ئۆزىنىڭ كۆلەمى بىلەن ئىككى ئارزان ژورنال.

1928 نىچى يىلىغا يازىلۇ بەيەسى:

ئاپتۇرمان سانى	3 ئايغا	6 ئايغا	بىر يىلغا
30 تىپىن.	80 تىپىن.	1 سوم 60 تىپىن.	3 سوم

ئۇچ ئايدىن دا كىيىگە يازىلۇغا مۇمكىن توغىل. «بىزنىڭ يول»غا بۇتنىڭ پوچتا كاتتورلارنىدا، تاتارستان دەولەت نەشرىياتىنىڭ بۇتنىڭ ئاگىنتىلارنىدا يازىلۇغا مۇمكىن.

تورنىدىن، تورى يازىلۇ ئۇچىن ئادرىس:

Казань, ул. Островского (б. Вознесенская) 10, дом татарской культуры, редакция „БЕЗНЕН-ЮЛ“.

بىزنىڭ يول

ئەدەبىي، عىلمىي - ئىجتىمائىي، ئايلق ژورنال.

2 سان.

فيۋرال

1928 نچۇ يىل.

«بىزنىڭ يول» نىڭ بىر سانى.

تاتار ماسساڭنىڭ مەدەنىي ئوسۇنىشىنى زور ھىزمەت ئېتىكەن، تاتار ئەدەبىيات - سەنئەت دۇنياسىغا بىك كۆپ قىممەتلىك ئىجادلار بولەك ئېتىكەن - كلاسسىك ئەدەبىي ئەسەرلەر تودىغان، تاتار ماتبوعاتىغا ماركسىزم نىڭ ئىزىدە كۆپلەپ عىلمىي - تارىخىي ئەسەرلەر بېرىگەن، تاتار تىلىنىڭ عىلمىي ئىشلەنۈشى، تاتار ئەدەبىياتىنىڭ عىلمىي تىكىشىنى ئوۋۇت يولدا، زور ئىش كۆرسەتكەن، زور كۆچ ئوككەن،

پىراليتارىيەت رىۋەلوتسىيەسىنىڭ ئاكتىف كۆرسەشچىسى بولۇپ، شول يولدا ئىشچۇ - كرىستىيەنلەر ئېزىتىرىسىنى ئۇچۇن، ئوزۇننىڭ ئەدەبىي عىلمىي ئىشلەرنى بلەن بىرگە ئوزۇن پىراكتىك ئىشلەردە ئاتاقلىق جەمئەت ئىشچىسىنى ئېتىپ تانۇشقا، زور ھىزمەتلەرگە ئېيە بولغان بۇيۇك ئەدەبىيەكە، عالمگە، جەمئەت ئىشچىسىگە، رىۋەلوتسىيە ئىزىگە.

عالمىجان ئىبراھىمىف

قا باغشلىپىز.

رىداكسىيە.

ТАТАРСТАН ҖИЛЛИ КИТАПХАНАС
 КУЛЬЯЗМАЛАР
 ҖӘМ СИРӘК КИТАПЛАР БҮЛҖГҖ
 НАЦИОНАЛЬНАЯ БИБЛИОТЕКА РТ
 ОТДЕЛ РУКОПИСЕЙ И РЕДКИХ КНИГ

عالمىجان ئىبراھىمف تۇرك - تاتار ، ئويچۇسۇ ، تۇرك - تاتار بىلگۇچۇ ، تۇرك - تاتار يازوچۇسۇ* .

پاتشا زامانىدا قازاققا مۇعەللىم ھەزىلەب بىرگەن ، قازاققا تۇركى تاننىپ ، ئوقرغا - يازارغا ئۇيرەتكەن تاتار ، بولدى . پاتشا ھۆكۈمەتنى تاتار مۇعەللىمىن قازاق ئاراسىغا جىيەرەمسەكە تۇرۇن چارالار ئىشلەسەدە ، ئاڭا قارامادى ، تاتار مۇعەللىمىن قازاق ئىچىنە ، تولىپ كىتدى .


ئورس تاتاردان كۆپ ، ئانڭ مەدەنىيەتنىدە تاتاردان كۆچلى ئىدى . ئورس ئوچىتلىرى نىگە قازاق ئاراسىغا چىقمايدى ، نىگە قازاققا ئوقو - يازو ئۇيرەتمەيدى ؟ ئالارنىڭ قازاق ئىچىنە باروونغا پاتشا ھۆكۈمەتنى قارشى بولماق توغىل ، باروونغا ياردەملەشە ئىدى . تاتار مۇعەللىمىن قازاق ئىچىندەن قووب بىتقەر ئالمىچا ، ئورس ئوچىتىن قووب كىتقەر ئالمىچا پاتشا ھۆكۈمەتنىڭ ئازابلانۇونىڭ سەبەبى نى ئىدى ؟ - ئانڭ

مەدەنىيەت يولىدا ئارنىدا . قالغان ئىلنىڭ ئالغا چىعب ، كوزگە كورنۇرلىك ئادەملەرنى بارماق بىلەن گنە سانارلىق بولا . بو - بر ؛ ئىككىچىنەن ، ئاندى ئادەملەرنىڭ ئوز حالقىدان ئارتۇرۇپ . ئىشنىڭ سەمەرسەن چىتەككە چىقارلىقلىرىدا ئاز بولا . شول ئازلارنىڭ برى - عالمىجان ئىبراھىمى .

باقىدا - دالادا ياتقان بز - قازاق توغانلارنىڭ كوزىنە عالمىجان يولداش كۆپىنەن تۇشكەن بر ئازامات ، ئانڭ ئىشلەگەن ئىشلەرنى ، ئويلاغان فىكىرلەرنى تاتار مۇخىتىدان چىتەككە چىعب ، بزگەدە ئارتقان بو كىشى . شونلىقدان ، ئانڭ 20 يىللىق فىكىر ، ئىل ھەزەمتىن ئىسكە ئالپ ، ئاڭا ھۆرمەت كورسەتپ ، ئوز حالقى ، توى قىلپ ياتقاندا ، بزىدە بر - ئىككى ئاوز سوز ئىتۈننى تىپىشلى تاپدى .

ئىك ئىك ، شونى ئىتەرگە كىرەك :

بر حالقى ئىككىچىن حالققا تۇرۇن ياعنى بىلەن ياقىلاشا ، تۇرۇن ياقىدان بەيلەننىشە ، يالغانا ، نىپىدى گنە حالقى بولسادا برىنىڭ مەدەنىيەتنەن برى فايدالانپ ، برىنەن برى ئورنەك كورپ ، ئۇلگى ئالپ ئالعا باسقانى مەدەنىيەت تارى - چىندان بىياڭگىلى . شول - بىرەن برى ئۇلگى ئالپ فايدالانو ئىككى حالقى ئاراسىدا تۇرمش ياعىندان ، عۇرقى - عادەت ياعىندان ، ئىل ياعىندان ياقىنلىق بولو بىلەن دە بىك نى بەيلەن گەن . شوندى ياقىنلىق بولغاندا غنا برىنەن برى فايدالانو چىكل بولا ؛ ئاندى ياقىنلىق بولماسا فايدالانو ئاز بولا .



عالمىجان ئىبراھىمف تاتارنى ئۇيرەنو جەمەيىيەتنەدە .

سوليان : غ ، رەھىم ، چىوئىشوف ، عالمىجان ئىبراھىمى ، پوفايسىر فىرسوف (رەئىس) ، غەم ۋارېبىيوف (تاتارستان ئوزەك موزېيى دىويكتورى)

سەبەبى يوعارنىدا ئىيلىگەن ياقىنلىق ئىدى . ئورس بىلەن قازاقنىڭ ئاراسىدا كورسلىككە ياقىنلىق بار ، كەسەپنىڭ تۇرنىدە ياقىنلىق بار ؛ ئىككىنچىدە ئىككى ئىگە ، كەسەپنىڭ تۇرۇن ياقىن بولغانلىقدان قازاق ئورسدىن ئۇلگى ئالپ ئىككى ئىگەرگە ئۇيرەندى . ئاندىن باشقا ، نى ئىلنە ، نى تۇرمىشىدا ، نى عۇرقى - عادەتنە ئىقلىق بولماغاچ ، ئورس ئوچىتىن قازاق تۇرمىشىدا كۆپلەنە ئالمادى ، قازاق تۇرمىشى ئورس ئوچىتىن كۆپلەپ ، ئوز ئىچىنە تارتىپ ئالا ئالمادى . مۇندىن نى كورەبز ؟ - مۇندىن شونى كورەبز ؛ ئاراسىدا ياقىنلىق بار حالقى بوەن ئالغا باسسا ، باشقالارنىدا شوندىن ئۇلگى ئالپ ئالغا ئۇمىتلا ئىكەن ، بوستىدە بوسى يۇغىتنى ياسى ئىكەن .

شول قانۇندان تۇرك حالقلىرىدا قۇتۇلا ئالماعان ھەم قۇتۇلا ئالمىدا . لەكىن بۇلارنىڭ ئاراسى ياقىنلىقدان «ئوڭ

قول بىرگەننى سۇگەنسى بلمى» قالپ ، ئوز ئارالارنى يۇغىتنى سىزلىمى قالا . مىسالغا بزنىڭ قازاق حالقىن ئالساق - ئۇل تىرە ياعىندا حالقىدان ھەر قايسىنىڭ ياقىنلىقىغا قاراپ فايدالانغانى كورنۇپ تۇرا . قازاقنىڭ تىرە ياعىندا حالقىنىڭ ئىك مەدەنىيەتلىسى نىمىس ، ئاندىن سۇگەنسى ، ئورس ، ئانڭ ئارتىدا تاتار بىلەن ئوزبەك تۇرا . قازاق حالقى شولارنىڭ مەدەنىيەتنەن فايدالانغاندا ئازىندان ئاز ئالپ ، كۆپىنەن كۆپ ئالپ فايدالانغانى يوق ؛ بەلكى ياقىنلىقىغا قاراپ فايدالاندى . نىمىس مەدەنىيەتنەن قازاق تىرەدە ئالغانى يوق . ئورس مەدەنىيەتنەن ئوز ئىركىن بىلەن ئالغانى - ئىككىن چەچو ، تاتار بىلەن ئوزبەككەن ئالغانى ؛ ئوزبەك قازاققا ئىشان بىردى ؛ تاتار - مۇعەللىم بىردى .

(*) «ئوچىچى» ، دىگەن سوز Мыслитель ، غەنەسەدە قالىنا .

مۇلك، ئورتاق قازنا ئىتو ئۈچۈن باشقا چارا ئۆزلەرگە، باشقا ئەمەل نابارغا كىرەك» دېيىپ چىقتى.

1) ئول ئەمال، عالمجاننىڭ فېكېرىچە، (1) تۈرك تىللەرنىڭ گى پارنىغا ئورتاق نەرسىلەرنى دۇرسىلەپ، ئورتاق فايدالانا بىلۈدە، (2) تۈرك تىللەرنى يوق نەرسىلەرنى ياڭادان كىرگۈزگەندە تۈرك خالقلارنى ئوزئارا ئاڭلاش كۈگۈزۈدە بولماقچى.

تۈرك تىللەرنىڭ، بىر ياعىندان، بىرئەن بىر ئايغۇرا تۇرغان، خۇسۇسىيەتلەر بولسا، ئىككىنچى ياعىندان بىر كىتەرە تۇرغان خۇسۇسىيەتلەردە بار، دى عالمجان. مەسلەن: فانىمىكەزدا كۈنى بار ئىمادا بىر: مارقالوگىيە ياعىندان سۆزلەرنىڭ نامۇرداغى ئاۋازلاردا ئورتاقلىق بار. شولارنى نەرتىپكە سالىپ، ئورتاق فايدالانلىق ئىتەرگە كىرەك. ئالاي ئىتەر ئۈچۈن عالمجان، شۇندى نىگىزلەرنى تەقدىم ئىتە:

1) ئىملا تىك فانىمىكە نىگىز ئىتە نايمانمىچا، سۆزلەرنىڭ تېۋىقىشى نىگىز ئىتە قارارغا كىرەك.

2) ئىملا ئىمىولەرگە بەيلىۋەن قاجو، بەيلىۋەن بەيلىۋەن كۈرەشۈ.

3) ئاۋاز نامىالارنى (خەرفلەر) بىر بولۇ، ياڭا نامىالغاندا بىرگە ئاڭلاش ئالو.

4) ياڭا فەن ئاناملارن ئالغاندا ئورتاق قوللانوغا يارار. لقلارن ئالو.

5) شولارنىڭ بارن ئل قۇرامالارنى ئارقىلىق ئونكەزۈ.

تۈرك ئەدەبىياتى تۈرك خالقلارنىڭ ئورتاقلىقىنى ئورتاق قازنا، بولۇپ ئورۇنىدا عالمجاننىڭ ئىچك ئويلاپ، ئىنىنى چارالار ئۆزلىگەن مۇنداق ئۇچ كۈرۈنپ تۇرا.

مەنە، شول ئەيتىلگەن نەرسىلەر بارىدا عالمجان يولداشنى تانار چېگىندەن چىقار، كىمگەرە مەيداندا يۈزە تۇرغان غۇمۇمەن تۈرك-تار، ئويچىنى، تۈرك-تانار بىلگىچى، تۈرك-تانار يازۇچىنى ئىتەپ تانغۇ تۇرغان ئىشلەر. عالمجان يولداشنى بىز شولاي تانىمىز. «يولداش» دىگەن سۆزنى مەن، بىر چىرەدە غادەتە نەزاكەتەن ئەيتىلە تۇرغان يولداش مەغنىسىدە ئالىمىم، چىن مەغنىسى بىلەن يولداش دىيىپ ئالام. چۈنكى يۇرۇشىمىز باشقا بولسا، يولۇمىز بىر. يولۇمىزدا ئۇرلىنىشىمىز ئىكەنلىك بولۇپ، قاي ئورنىدا تۇشۇپ دە قالىمىز، ئىش ئاندا توڭل، ئىش نىيەتتە. نىيەتتە دۇرس بولسا، يولنىڭ سىكەلتەسەن كۈپ زارار بولماس.

سۆزنىڭ ئازاغىدا عالمجان يولداشقا تىلەگىمىز، ئۇزۇن غۇم بىلەن سولۇق. غۇمىمىز بولسا، نىيەتتە جىتوۋىتە ئىمانىمىز كامىل.

تەخمىنەن 30 يىل بولۇپ، شول فېكېرنى چىقىرىپ، جەمال ۋەلىيەتتە، شۇندى ئۇي بار ئىدى (تاتار ئەدەبىياتىنىڭ بارلىقى، دىگەن كىتابىن قاراعز). لەكىن بۇلارنىڭ چىققان فېكېرنى ھىچ بىر جىمىش بىرمەدە، قازاق ئوز ئالدىغا ئەدەبىيات، تودىق، باشقۇر، قوز كىك سائى قاز خالىدا سەۋىت جۇكومەت، ئارقا ئارقىدا ئوز تىن تىرگىزىپ، ئوز ئەدەبىياتىن ئايقا باپ تودىق.

سۇڭ ئىنە، شول يۇغىنى ھەم ياقلىقنى ئۆزۈمگە ئىنىدى چارالار بار؟ مەسىلەن، شول يولنىڭ تۇرلىق ياققا قاراپ تارالوۋىپ، شول جىردە، بىرەلەر: تۈرك خالقلارنىڭ ئاراسىن يراقلاشماق ئۈچۈن تىلى بىر بولۇپ كىرەك، دىلەر. تىلى بىر بولۇپ ئۈچۈن مەدەنىيەتتە تۈپەنلەرنى ئوز تىللەرنى ئاشلاپ، مەدەنىيەتنى يوعارنى بولغانلارنىڭ تىن قوللانپ، شول تىل بىلەن ئوقۇتۇپ، شول تىل بىلەن ئەدەبىيات تودۇرسىن، دىلەر) بىرەلەرنى تۈرك خالقلارنىڭ تىللەرنى بىرلەشتۈرۈ، ئىۋوۋەلى، مۇمكىن بولغان تۇرغان ئىش توڭل؛ ئىككىنچىدە، مۇمكىن بولغاندا ئاڭا كۈپ كۈچ بىلەن، كۈپ ئىش كىرەك، ئول ئىش تۈرك خالقنىڭ قوللىنىدىغان كىيىمى: ماقساد تۈرك خالقلارنىڭ بارن دا بىر تىلە سۆيلىشتۈرۈ توڭل، بىرئەن بىر ئۆلگى ئىل، مەدە- نىيەت يولدا بىرئەن بىر ئىش فايدالانلىق ئىتو، ئانگ ئۇچۇن تىن بىرلەشتۈرۈمىچە گنە، بىر ئىك ئەدەبىياتىن ئىككىنچىسى ئاڭلارلىق بولسا چىتە، دىيىلەر.

مەنە، شول مەسىلەدە عالمجان يولداش تۈرك ئويچىنلارنىڭ قاي تارقاندا، تۇرۇپ قازاق كۈزۈتە كۈرۈنگەن ئەيتىپ ئوتتە كچىن بولام.

بىر ئىچىن) بىز - قازاق خالقى ساق قازاق تىلە مائىۋەت تودۇرۇپ، ئەدەبىياتىمىزنى تىرگۈزگەندە، بالالارنىڭ ئوز تىلنىڭ ئوقۇتۇپ باشلاغاندا تاتار توغانلارنىڭ ئول ۋاقتدا ئالداغى ساقاغانلارنىڭ كۈپىنى، بۈيۈك قارشى بولدى، ئول ۋاقتدا تانارچا گەزىت، ژورناللاردا بىزگە قارشى يازغان فېكېلەرگە ئورن بىرلىدى. شول ۋاقتدا بىزنىڭ يولۇمىزنىڭ ئورنىنى ئەيتىپ، بىزنىڭ ئىشىمىزنى قوللانغان تاتار ئازاماتلارنىڭ عالمجان ئىپىرلىمىق بىلەن، ھەسەن ھەلى بولدى.

ئىككىنچى) 1 ئىچى تۈرك كالىگىيە قۇرلتايندا ياساغان داڭلادى بويىچە عالمجان يولداشنى قازاقلارنىڭ تانوۋى ناعى باشقۇرغان بولدى، مەسىلە - تۈرك خالقلارنىڭ ھەزرىگى قوللانماقتا بولغان يازوۋى بىلەن، خەرق مەسىلەسى ئىدى. عالمجان: «تىلى بىر كىتەرە قىيىن ئىش، ئول قولۇمىزدا كىيىمى؛ مەدەنىيەت قازانماق بولغان ئەدەبىياتىدا تۈرك خالقلارنى ئورتاق فايدالانو ئۈچۈن تىل بىر بولۇپ كىرەك ئىدى، لەكىن ئالاي توڭل، تىل باشقا باشقا، ئاننى بىر كىتەرە مۇمكىن دە توڭل. شولاي بولغاچ، تۈركى ئەدەبىياتى تۈرك خالقلارنى - بارىدا فايدالانلىق

(* ئاناقلىق غاسپېرىنسىكى 30 يىل بولۇپ، شول فېكېرنى چىقىرىپ، جەمال ۋەلىيەتتە، شۇندى ئۇي بار ئىدى (تاتار ئەدەبىياتىنىڭ بارلىقى، دىگەن كىتابىن قاراعز). لەكىن بۇلارنىڭ چىققان فېكېرنى ھىچ بىر جىمىش بىرمەدە، قازاق ئوز ئالدىغا ئەدەبىيات، تودىق، باشقۇر، قوز كىك سائى قاز خالىدا سەۋىت جۇكومەت، ئارقا ئارقىدا ئوز تىن تىرگىزىپ، ئوز ئەدەبىياتىن ئايقا باپ تودىق.



А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ЕСІМІ ЕШҚАШАН ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

О. АМАНДЫҚ,

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл
білімі кафедрасының магистранты
Астана қаласы*

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде "Ахмет Байтұрсынұлы оқулары" аясында 2015 жылы 3 желтоқсанда ғылыми-практикалық конференция өткен болатын! Жиынға ахметтану саласында еңбектеніп жүрген ғалымдар бас қосқан-ды. А.Байтұрсынұлының қазақ өркениетіне, ғылымына қосқан өлшеусіз үлесі турасында ғалымдардың баяндамалары тыңдалды. Солардың ішінде Ахметтанушы ғалым Р.Имаханбетованың баяндамасындағы тосын бір мәлімет қатусушыларды елең еткізді. Ол 1967 ж. Америка құрама штатында жарық көрген "Ресей билеген ғасырдағы Орта Азия" деп аталатын еңбек бар екен. Алаш арыстарының атын атауға болмайтын тұста жарық көрген бұл кітапта Ахметтің қазақ өркениетіне қосқан үлесі сараланатыны туралы болса керек. Райхан апайдың айтуынша бұл кітаптың дерегі жеткенмен, әлі қолымызға тие қоймапты. "Мен Америкаға баратындар болса, осы кітапты қарап көрсінші деп өз студенттеріме үнемі айтып жүремін", - деген ғалымның сөзі есімізде қалып қойдыған. Бұған ұлы Ахаңның жерлесі болуымыз да әсер еткен шығар

Құдай сәтін салып, Америка құрама штатына келуге мүмкіндік туды. Бұл ен үшін таптырмас мүмкіндік екенін іштей сеземіз. "Не де болса осы кітапты тауып алуым керек" деген мақсат қойдық. Дегенмен, кітаптың авторы, шыққан жылы, баспасы туралы мәліметтер керек болатын. Сондықтан, Райхан Сахыбекқызымен хабарласып, қажетті мәліметтерді анықтадық.

Ізденіс барысында ғаламтор желісінен BAQ.KZ сайтында 2.09.12 күні жарияланған "Райхан Имаханбет: Ахметтануға жаңаша көзқарас қажет" деген сұхбатты оқып шықтық. Бұл сұхбат барасындағы Райхан Сахыбекқызының Осы кітап турасында: "Мүмкін, мұндай материалдар тағы да бар шығар. Оны Тәуелсіздік кезеңдегі жас ғалымдар зерттеулері керек деп ойлаймын. Жалпы, ахметтану тақырыбына жаңаша көзқарас қажет", - деген екен. Бізге білдірілген сенім әрі аманат секілді көрінді.

Алдымен, жергілікті кітапханаға барып көріп едік, онда көрдім-білдім деген адам шықпады. Содан кейін кітап сатуға арналған интернет-дүкен табылды. Атауы сәйкес келетін біреуі табылды, алайда Райхан апайдың айтуы бойынша бұл ұжымдық еңбек болуы керек еді, ал сайттағы нұқасында авторы бар екен. Едуард Албед (Edward Allworth) деп көрсетілген. Тапсырыс бергеннен соң, күн сайын поштаны тексеріп, біразырақ күтуге тура келді. Ақыры 26 шілде күні кітап қолға тиді. Дәл сол кітаптың өзі. Керемет! Қуанышымыз қойынға сияр емес. Есімін ұрпақтар санасынан өшіруге қаншама әрекет жасалғанмен, рух әлемінің билігі пенденің қолында болмайтынын сезіндік. Кезінде елдегі мұрасынан ештеңе қалдырмай жойып жібергеннің өзінде, бүгінде бізге мұхиттың арғы бетінен үн қатқандай екен ғой, қайран бабамыз! Сүйінші хабарды жеткізуге асықтық.

Төменде осы конференцияның тақырыбына байланысты, көпшіліктің назарын аудару үшін ағылшыншадан тек А.Байтұрсынұлына қатысты жерлері ғана аударылды және осы кітапты іздеген адамдар үшін біріші беті мен сол кездегі карталар берілді. Алдағы уақытта бұл кітап толық қазақшаланып, оқырманға жол тартады деп ойлаймыз.

9-тарау. Civil War and New Governments


(Азамат соғысы және жаңа Үкіметтер)

"THE KAZAKHS AND ALASH ORDA"

(Қазақтар және Алаш Орда)

1917 жылғы Ақпан төңкерісі тұсында Орта Азия жерінде аса бір дүрбеленді уақыт басталды. Бұған бір жағынан өз үкіметін құрғысы келген казактар күші ықпал етті. Осылайша Колчак, Атаман Дутов бастаған Орынбор казактары Орал-Орынбор аймағында мемлекет құруға талпынды. Монархияны сақтап қалғысы келген Адмирал Колчак атырапта өз ықпалын жоғалтқысы келмеді. Ақыр соңында Алаш Орда көшбасшылары автономия құратын уақыт келгенін сезіп, сол уақытта осы аймақта болған революцияда орыс күштерімен байланыста болудың маңыздылығын түсінді. Алаш көшбасшылары 1917 жылдың 5-13 желтоқсанында Орынборда үшінші қазақ құрылтайын шақырды. Құрылтайда қазақ автономиясы құрылып, оның билігіне Әлихан Бөкейханов бастаған топ, яғни Ахмет Байтұрсынұлы және Жиһаншах Досмұхамбетұлы сайланды. Ресейдегі азаматтық соғыс жағдайында бір-бірімен жауласушы тайпалар қоныстанған осынау үлкен аймақты бір орталықтан

басқару мүмкін еместігін білген жаңа үкімет басшылары оны екі әкімшілік аймаққа бөлу туралы шешім шығарды. Орал өңірін қамтыған Батыс Алаш Орданы Жиһаншаһ Досмұхамбетұлы басқарды. Жетісу, Семей және Ақмола өңірлерін қамтыған Шығыс Алаш Орданы Әлихан Бөкейханұлы басқарды.



1918 жылдың басында большевиктер Орынбор және Орынбор-Ташкент темір жолын бағындырып, Алаш Орданы жойғысы келді. Әрбір аймақ өзіне жақын орналасқан одаққа кіруі тиіс болатын. Осы кезде үшінші қазақ съездінде қарастырылып, Ә.Бөкейхановтың басшылығымен құрастырылған бағдарламаның негізінде болшевизмнің бар жерге таралуына тосқауыл болу үшін Алаш Орда оқшаулануға бірыңғайланды. Осылайша, Батыс Алаш Орда башқұрттар мен Орынбор казактарымен одақтасса, ал Шығыс Алаш Орда Колчакпен байланысуға мәжбүр болды.




FIGURE 1.1 Central Asian frontiers, 1801, 1864.

Қазақтар ақтармен күресуге әскер жасақтау үшін Сібір үкіметінен қару-жарақ пен нұсқаушы сұраған уақытта 1916 жылы Жиззақ көтерілісінде аты шыққан генерал Иванов арқылы қазақтарға «бір де бір қару мен әскер берілмейтінін» мәлімдеді. Сонымен қатар, Колчак өз әскерін қолдау үшін қазақтардан жыл сайын 6 миллион рубль талап етті. Өзінің бағдарламасын орындау үшін ақтардан нақты көмек көрмеген Алаш Орда белгілі бір уақыт аралығында Валидов башқұрттары мен Орта Азияның оңтүстігіндегі халықтармен бірігуге тырысты, осылайша Оралдан Орта Азияның ауған шекарасына дейінгі аумаққа түрік халықтары мен атаман Дутов бастаған казактар одағын құруды көздеді. Бірақ, бұл жобаның болашағы жоқ екені бірден дәлелденді.

Қазан айының соңында даладағы анархияға байланысты алаңдаған Колчак Алаш Ордаға көрсеткен кішігірім қолдауын да доғаруға шешім қабылдады және де оның күйретуге тапсырыс берді. Бұл шешім қазақ көшбасшыларын қайтадан болшевиктерге қарай ығысуға мәжбүр етті. Коммунистер жағындағы қазақтардың арқасында олардың ымыраласуына жол ашылды. 1918 жылдың көктемінен бастап Кеңес үкіметі өзінің даладағы өкілдері арқылы жергілікті тұрғындарды қатарына қосу жөнінде бұйырды, ал кейбір қазақ топтары бұған дейін де болшевиктер қатарына кірген болатын. Үш жүздің кейбір зиялы қауым өкілдері Алаш Орданың қосылуына тосқауыл болды. Алайда, ақырында қазақ одақтастары болшевиктер кірді.

1916 жылғы көтерілісті басқарған Амангелді Иманов, әлбетте, болшевиктер қатарына кірді. Сол кезеңде Кеңес тарихында орын алған келесі қазақ Әліби Жангелдин болатын. Өз еріктерімен оның артынан ерген қыпшақ тілді топ өкілдері «Болшевик» сөзі «қыпшақ» сөзінің орысша баламасы екендігіне сенімді болатын. 1918 жылдың мамыр айынан бастап дала комиссары болған Ә.Жангелдин 1919 жылы наурыз айының басында Ахмет

Байтұрсынұлын болшевиктер қатарына кіруге көндірсе, адмирал Колчак әскерінің жеңілісінен кейін қараша айында Батыс Алаш Орда көшбасшыларын көндірді.

Алаш Орда басшылары өздері мен әскерінің тағдыры және Қазақстанның саяси болашағы жөнінде қанағаттанарлық кепілдеме алды. Қазан төңкерісі аяқталған соң Кеңес үкіметі өз уәдесінде тұру үшін қазақтар мен қырғыздарға автономия беріп, жергілікті көшбасшыларға үкімет пен партияларда орын ұсынды. 1919 жылдың 10 маусымында даладағы мәселені талқыдан өткізген Ә.Жангелдин, А.Байтұрсынұлы бастаған делегация «даланы ұйымдастыру тапсырылған революциялық комитеттің алдын-ала жағдайын» хабарлау туралы жарлығына қол қойды.

Болашақ үкіметтің негізі болған Пестковскийдің жетекшілігіндегі революциялық комитет өз құрамына Ә.Жангелдин, Миндашұлы сынды екі қазақты қосты. 1920 жылдың қаңтар айында революциялық комитет қайта ұйымдастырылды, оның құрамын А.Байтұрсынұлы сияқты Алаш көсемдері кірді. 1920 жылдың 9 наурызында Қырревком (Қырғыз [Қазақ] революциялық комитеті) Алаш Ордан қалған барлық ұйымдарды жою қажет деп шешті. Осынау қиыншылықтарға қарамастан, Алаш Орда көшбасшылары далалық аймақтарда саяси және әкімшілік ұйымдар құруда маңызды рөл атқарды және олардың осы қызметі жалғасын тауып отырды.

1920 ж. 26 тамызда Қазақ аумақтық автономиясы туралы идея Қазақ автономды Кеңес Социалистік Республикасын құру арқылы жүзеге асты. Үкіметте болған А.Байтұрсынұлы уақытша шеттетілді, алайда ол осы уақытта Білім министрлігін басқарған болатын. Үкіметтегі қазақтардың саны өсіп, орыстар мен еуропалықтардың санына теңелді.

Большевиктер мен қазақ көсемдерінің арасындағы қайшылық, қыркүйек айындағы ережелер жасау үшін бас қосқан Қазақ құрылтайында басталды.

Коммунистер бұрынғы «артықшылыққа ие топтарды», яғни императорлық үкімет пен Алаш Орда үкіметіне қатысы бар адамдарды дауыс беру мүмкіндігінен айыру жөнінде ұсыныс тастады. А.Байтұрсынұлы бұл ұсынысқа бірден қарсы шықты. 1920 жылдың 4-12 қазан аралығында өткен жиында Алаш Орда көсемдері А.Байтұрсынұлы мен Ә.Бөкейхановқа жақтас ретінде 700 делегаттың жартысынан астамы жиналды.

Республиканың алғашқы жылында кез келген мақсатты орындау үшін қазақ жерінде Алаш Ордан басқа жергілікті күш болмады. Амангелді Иманұлы азаматтық соғыс кезінде көз жұмды.

1920 жылдың қазанындағы Құрылтай жиналысы отарлауды жариялады. 1921 жылдың сәуіріндегі жарлық орыс-украин және казактарға тиесілі жерлерді экспроприациялауға (жеке меншіктен айыруға) жол ашты. 1921 жылы Қазақстан үкіметі 1921 жылдың маусымында Сібір автономды Республикасымен біріккен Ақмола және Семей өңірлерін үйлестіру мәселесін көтерді. Сонымен қатар, оған Түркістан АКСР құрамында болған қара қызғыздары қосуды ұсынды, алайды бұл нәтижесіз аяқталды.

Осы уақытта олардың үкіметтегі ықпалына қарамастан, 1920 жылдан бастап большевиктер Орталық Азия ұлтшылдарымен жауласуын үдете түсті. Сол кезде Қазақ КСР коммунистік ұйымдарының 1921 жылғы 12-20 маусымындағы бірінші съезінде «маман жетіспеуіне байланысты оқыған қазақтар ешбір кемсітусіз партиялар мен үкімет мүшелігіне жіберілетінін» мәлімдеді.

1921 жылы 4 қазандағы екінші Кеңес съезінде Алаш Орда мүшелерін аштық пен даладағы бейберекеттік үшін кінәлап, ашық түрде бас салды.

1922 жылдың 19-27 ақпанындағы коммунистік ұйымдардың екінші съезінде қазақ ұлтшылдығына қарсы тағы да үлкен қарсылық білдіріп, қазақ коммунисттерін «ұлтшыл» деп айыптады. Бұл жергілікті коммунисттердің қарсылығын тудырды.

Осы уақыт аралығында ауылдық жерлердегі ұжымдастыру бойынша үкіметтің алғашқы тәжірибелеріне аса кедей қазақтар қолдау көрсетті. Кеңес одағында 1921 жылы алапат аштық болды, бұл жағдай орыс басылымдарында кеңінен таралып, соның ішінде қазақ даласындағы жағдай батыл суреттелді.

ТҮРКІЛІК ТҮБІРТАНУ МӘСЕЛЕСІ

М. АЙТМАҒАМБЕТОВА,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты.

Ғылыми жетекшісі: Т. Әбдіғалиева, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Астана қаласы

Резюме

В данной научной статье обсуждается изучение тюркских корней и исторической природы тюркских языков. В тюркологии корневая концепция имеет свою длительную историю изучения. Несмотря на всесторонние исследования, все поля зрения всегда оставались вопросы разграничения структурных типов корневых слов. Сложная природатюркских корней рассматривается со всех сторон.

Annotation

This article discusses the scientific study of Turkic roots and historical nature of Turkic languages. In Turkology root concept has a long history of study. Despite extensive researches, in all fields of view there're always questions about the delimitation of structural types of root words. The complex nature of Turkic roots has been considered from all sides.

Қай тілде де сөзжасам ертеден келе жатқан тілдік құбылысқа жататыны белгілі. Тіліміздің сөзжасам жүйесінің негізі көне түркі тілінен (ең көне жазба ескерткіштер тілі) басталып, содан бері дамып, толығып, күрделеніп, сұрыпталып, екшеле келіп, қазіргі жүйелі дәрежеге жеткен. Сөзжасамның өз алдына жеке сала ретінде өзіндік зерттеу нысаны мен оның басқа салалардан ерекшелігінің зерттелуі А.А.Юлдашевтің, Э.В.Севортянның, Ф.А.Ганиевтің, В.В.Виноградовтың, Г.О.Винокурдың, Е.С.Кубрякованың, Е.А.Земскаяның т.б. еңбектерінде көрініс тапты. Қазақ тілінің сөзжасамына қатысты мәселелер ең алдымен орыс зерттеушілері П.М.Мелиоранскийдің, В.В.Катаринскийдің, Н.И.Ильминскийдің еңбектерінде (XIX ғ.) қарастырылып, сөзжасам мәселелері сөз болды. Ал ана тілімізде бұл мәселенің қарастырылуы Ахмет Байтұрсынұлының («Тіл – құрал» (1914), Қ.Жұбановтың («Қазақ тілінің грамматикасы» (1936)) еңбектерімен тығыз байланысты. Сөзжасамды тарихи тұрғыдан зерттеуге Ғ.Айдаров, А.Есенқұлов, Т.Томанов, Т.Қордабаев, Ғ.Қалиев, Р.Сыздықова, С.Исаев, Ә.Ибатов т.б. ғалымдар өз үлестерін қосты. Сонымен, тюркологияда, оның ішінде қазақ тіл білімінде ғалымдардың жан-жақты зерттеулеріне негіз болған сөзжасам жүйесі 1989 жылы алғаш рет өз алдына жеке сала ретінде қарастырылып, арнайы монография ретінде профессор Н.Оралбаеваның редакторлығымен жарық көрді. Ұжымдық еңбек «Қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасам жүйесі» деп аталып, онда қазақ тіліндегі сөзжасам жүйесінің жалпы теориялық мәселелері, сөзжасамдық мағына, сөзжасамдық тип, сөзжасамдық үлгі және сөзжасам тәсілдері мен сөзжасамның сөз таптарына қатысы ғылыми негізде сөз болып, әлі де ашылмаған зерттеуді қажет ететін мәселелерге нұсқау жасау бағытын анықтап берді деуге болады.

Сөзжасамды зерттеу барысында түркі тілдерінің ең көне жазба ескерткіштерінің тілі назардан тыс қалмады. Көне жазба ескерткіштер тілінде негізгі түбір сөздермен қатар туынды сөздер болғаны белгілі. Олар: туынды түбір, күрделі сөз, бір сөздің бірнеше мағынада қолданылу түрінде кездеседі. Бұл туралы Ғ. Айдаров "Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі" атты еңбегінде атап өткен. [1,5-6] Сонымен қатар, Ғ. Айдаров жазба ескерткіштер тілінде сөзжасам тәсілдерінің түрлілігін, оның тілдің даму тарихында біртіндеп қалыптасқанын айтады. Көне жазба ескерткіштер тілінде сөзжасамның қазіргі формаларының бәрі дерлік барын және өлі формалардың да кездесетінін айтқан. Бұдан тілдің сөзжасам жүйесі көне құбылыстарға жататыны анық байқалады. Өйткені сөз жасаушы элементтер, сөз жасаудың тәсілдері, модельдері күнде құбылатын, күнде жаңаратын құбылыстар еместігін тілге тиек еткен. Сөзжасам жүйесі тілдің даму процесінен де тыс қала алмайды. Сондықтан сөзжасам жүйесінде де өзгеріс болады, бірақ ол өте баяу болады және ол көбіне тілде бар модельдердің белгілі бір кезеңде активтенуі, не пассивтенуі, мағынасының кеңеюі, кейбір типтердің қолданудан шығуы сияқты өзгерістер ретінде болмақ. [1, 8-9]. Көне жазба ескерткіштер тіліндегі туынды сөздер санымен қазіргі тілдегі туынды сөздер саны бір емес, қазіргі тіл туынды сөздерге өте бай. Қазіргі кезде көне

ескерткіштер тіліндегі туынды сөздердің сол кезеңдегі түркі қоғамының ментальды болмысымен, әлеуметтік саяси құрылысымен байланыстылығын сөз еткен еңбектер де бар.

Түркология ғылымында сөзжасамның зерттелу тарихы бастауын тереңнен алады. Орта ғасырда өмір сүрген, түркі тілдерінің алғашқы грамматикасы мен сөздігін, лингвистикалық картасын жасаушы Махмут Қашқаридың "Диуани лұғат-ат түрік" атты еңбегінде сөзжасам туралы алғашқы қисындар айтылады. Түркі тілдеріндегі дыбыстық алмасулардың ерекшеліктері, грамматикалық категориялардың мағынасы мен қызметі айқындалады. [2, 15]. Автор "түбір сөздерге өзгерістер аз болады" деген тұжырымы арқылы, орта ғасырда қалыптасқан түбір сөздердің құрамының тұрақты әрі қалыпты мағынасы болғандығын айтқан болатын.

Сондай-ақ, "Диванда" сөзжасамның синтетикалық (морфологиялық) тәсілі, қосарлану тәсілі талданады. Бір ғана "-лық" қосымшалы туынды сөздің мағынасын талдағанда "-лық" - тың үш түрлі өзіндік мағынасы (иелік, істелген іс, мекен мағынасын беру) айқындалып, содан кейін осы тұлға арқылы жасалған туынды сөздің мағыналары сараланады: нәрсенің өскен, өнген жерін білдіретін мағынасы, айтылған нәрсені істеуге арналған нәрсенің аты, кісінің құлқын, табиғатын білдіретін мағынасында жұмсалғанын көрсетеді. Егер қазіргі теория тұрғысынан саралар болсақ, бұл туынды сөздің бір сыңарының семантикасы мен туынды сөз семантикасының парадигмалық байланысын пайымдау деп бағалауға болар еді.

М. Қашқаридың ұлылығы алғашқы түркі грамматисі ретінде, түркі сөздерінің табиғатын тұңғыш рет таныта алуында. Жалғамалы тіл болып есептелетін түркі тілдерінің сөзжасамдық жүйесінің негізгі тәсілінің бірі морфологиялық, синтаксистік тәсіл екенін дәл көрсеткен. Түркі тілдерінің грамматикасын зерттеушілер тек ХІХ ғасырдан бастап, батыстық және орыстық дәстүр негізінде шыға бастады. Түркі тілдерінің грамматикасын жазу барысында, морфология құрамында сөзжасамдық тәсілдерге талдау жасайтын зерттеулер де ғалымдар Н.А.Баскаков, И.А.Батманов, А.К.Боровков, Н.К.Дмитриев, Ф.Г.Исхаков, А.А.Пальмбах түркі тілдерінің әртүрлі салалары бойынша жан-жақты зерттеу еңбектер жазып, түркологияның ғылым ретінде танылып, дамуына үлкен үлес қосқандығын атауға болады. Айта кетейік, алдымен түркология ғылымында сөзжасамның зерттелуі белең ала бастады. Тарихы тереңде жатыр деуге негіз бар. Түркологияда сөзжасамды жеке сала ретінде бөлек алып қарастырып, туынды сөздердің мағынасын айқындаған А.А.Юлдашев еді. «Система словообразования и спряжения глагола в башкирском языке» атты монографиясында башқұрт тілінде бір буынды түбір сөздердің жалпы саны 200, егістік түбірлердің саны 800 деп көрсете отырып, тілдің байланыс құралы ретіндегі негізгі қызметі туынды сөздер арқылы орындалатынын көрсетеді. Автор түркологияда алғаш рет түбір сөздің мағыналық кеңдігі мен ауқымдылығын, түбірмен салыстырғанда негіздің мағынасының жұтаңдығын айқындайды. Мұнан соң да бірталай еңбектер жарық көрген болатын. Мәселен, Э.В.Севортянның «Аффиксы глагольного словообразования в азербайджанском языке», «Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке» еңбектері тек азербайжан тілі емес, жалпы түркологияда жасалған іргелі еңбектер. Зерттеуші туынды сөздің мағыналық құрылымының қалыптасуы мен сыңарларының мағыналық құрамы жөнінде терең теориялық талдаулар жасайды. [3, 42]. Автор «түбір» деген терминді аса жауапкершілікпен қолданады.

Біздің танымымыздағы қосымшасыз тұрған сөздің бәрі бірдей түбір бола алмайтынын терең түсіну қажет деген ой айтады. Түбірден тараған негіздің мағыналық көнелілігі, одан тараған, туындаған туынды сөздің мағыналық көнелілігінен айқын көрініс табады дейді автор.

«Түбір» тіл ғылымында әртүрлі аспектіде қаралып жүргенімен, дәл сөз жасаушы негізгі тұлғалардың бірі ретінде толық зерттелді деуге келмейді. Профессор Н.Оралбаева: «Түбірсіз ешбір сөз жасалмайды, сондықтан ол сөз жасамдағы негізгі тұлға», – дейді [3, 14]. Түбір сөздің сөзжасам жүйесінде өзіндік қызметі бар. Алдымен түбірлердің сөз жасаушы негізгі морфеманың бірі ретінде танылуы оның жаңа сөздің мағынасын белгілеуде атқаратын қызметіне байланысты. Сөзжасам процесіндегі түбірдің негізгі тұлға болып саналатын себебі, түбір сөздің лексикалық мағынасы жаңа сөздің лексикалық мағынасына арқау болады, өйткені тілде бір лексикалық мағына екінші лексикалық мағынаның негізінде жасалатындығын айтады. Сөз орайында айта кететін бір мәселе – ғалымның зерттеулерінде де, басқа да ғылыми еңбектерде де «Негізгі түбір», «Түбір», «Түбір сөз» терминдерінің жарыса жүруі.

«Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы» атты еңбекте: «Сөзжасамда негізгі сөз бен негіз сөздің карама-қарсылығы (оппозициясы) көңіл бөлерлік мәселе. Негізгі сөз деп – туынды түбір жасауға қатысқан лексикалық мағыналы сөз аталады. Ал негіз болудың басты шарты – оның лексикалық мағынасының болуы. Лексикалық мағынасы бар сөздер туынды сөздер жасауға негіз болады», – делінеді [3, 14].

А.А.Потебня «ішкі құрылымды» жаңа сөз бен жаңа мағынаның жасалуындағы әрекеттің өзі және қатынасын білдіретінін айтып, ол: «В последующем слове... заключено всегда не предшествующее слово, а лишь отношение к нему. Если же предыдущее слово исчезло из языка, то тем самым исчезло и отношение к нему последующего... с новым понятием изменяется первоначальное значение», – деген ой түйеді [5, 96]. Ғалым «ішкі құрылым» ұғымын сөзжасамдық аспектіде қарастырады. Зерттеуші кез келген жаңа сөзде алдыңғы сөзден түсінік, мағлұмат болады, жаңа сөздің мағынасында сөздің бұрынғы белгісі сақталынады, сөздің «ішкі құрылымы» жаңа ұғым атауының жасалуына негіз болады деген қорытындыға келеді.

Тілші ғалымдар туынды сөздердің сөзжасамдық қуатын қалыптастыратын «тірек негізі» болады деп, ал мағыналық ішкі құрылымды тірек негізбен байланысы бар деп санайды. Тілдің сөзжасам саласын зерттеуші ғалым Е.А.Земская сөзжасамдық қуат жайында: «...словообразовательный потенциал зависит от семантики базовой основы (тірек негіз)», – дейді [5, 84].

Ғалымдар пікірінше, сөзжасамның әр тәсілі белгілі тілдік элементтерге негізделеді. Зерттеуші Н.Оралбаева айтқандай, тілде сөз жасауға қатысатын нақтылы элементтер бар. Сөз жасау үрдісі тілде бар элементтердің негізінде ғана болады. Біріншіден, тілдік элементтерге сүйенбей сөз жасалмайды, екіншіден, қазақ тілінде сөз жасауға қатысатын элементтерге түбір және қосымша жатады деп, ой қорытады.

Түбірдің жаңа сөз жасаушы негізгі элемент ретінде танылуы – оның жаңа ұғым атауларын жасаудағы атқаратын қызметіне байланысты. Сөзжасам үрдісінде түбірдің негізгі объект болып саналуы, оның лексикалық мағынасының жаңа сөздің лексикалық мағынасына арқау болуы.

Сонымен қатар түбір сөздердің сөзжасамдық тәсілдерінің барлық түріне де қатыстылығын тілдің сөзжасам жүйесінде түбір сөздер басқаша тұрғыда да қызмет атқаратындығын, оны аналитикалық тәсіл арқылы жасалған жаңа ұғым атауларынан көруге болатындығын айтады. Әрі «Аналитикалық тәсіл бойынша жаңа сөз кемі екі түбір сөзден жасалады, яғни бұл тәсілдің сөзжасамдық тұлғалары – түбір сөздер», – дейді [1, 16]. Оны үш бұрыш, қызыл ала, он жеті, алып кел, келіп кет сияқты мысалдармен дәлелдейді. Синтетикалық тәсіл арқылы жаңа сөз жасалғанда, түбір сөздер лексикалық мағынаға арқау болса, аналитикалық тәсіл арқылы сөз жасауда жаңа лексикалық мағынаға бір түбір сөз емес, ең кемі екі түбір сөздің лексикалық мағынасы арқау болатындығын оның ерекшелігі деп таниды. Осыған орай, аналитикалық тәсіл арқылы жасалған жаңа туылымның лексикалық мағынасы осы жасалымға қатысқан түбір сөздердің мағынасының негізінде пайда болады деп есептейді. Түбірлердің сөз жасаушы негізгі нұсқаның бірі ретінде танылуы оның жаңа сөздің мағынасын белгілеуде атқаратын қызметіне байланысты. Сөзжасам ісіндегі түбірдің негізгі нұсқа болып саналатын себебі түбір сөздің лексикалық мағынасы жаңа сөздің лексикалық мағынасына арқау болады, негіз болады, өйткені тілде бір лексикалық мағына екінші лексикалық мағынаның негізінде жасалады. Сөздің лексикалық мағынасының негізінде туынды сөздің жаңа мағынасы жасалады: Үй, үй-лі, үй-шік, т.б. Келтірілген туынды сөздің бәрінің мағынасында байланыстылық бар, себебі олардың бәрінің мағынасының жасалуына үй деген бір сөз негіз болып тұр. Міне, ол осы 3 туынды сөздің мағынасына арқау болғандықтан, оларда мағына ұқсастығы, жақындығы бар, олардың мағыналық байланысы көрініп тұр. Сөйтіп, түбір сөздің мағынасы мен ол арқылы жасалған туынды сөздің мағынасы өте тығыз байланысты және ол кездейсоқ құбылыс емес, сөз жасауда үнемі сақталатын заңдылық. Оның сөзжасамда атқаратын қызметі өте күшті. Бұлардың барлығы жеке-жеке тоқталып, қарастыруды қажет етеді. Туынды сөздің екінші атау ретіндегі мағынасының орнығуы-адамның қоршаған орта туралы ойымен, тұжырымымен, өмірлік тәжірибесімен байланысты күрделі құбылыс. Туынды сөздің семантикалық қырларын анықтауда негіз түбірдің сөзжасамдық әлеуетімен қатар сөзжасамдық жұрнақтың әлеуеті де маңызды қызмет атқарады.

Тіл білімінің әртүрлі саласының құрамында қарастырылып келген сөзжасам мәселелерін ғылымда жеке сала деп тану, оның тіл қабатынан алатын орнын, өзіндік нысанын, өзіне тән әдіс-тәсілдерін, мақсатын айқындау, ғылыми айналымға түсіру, дәлелдеу барысында көптеген жұмыстар атқарылып келді. Сонымен қатар, сөзжасамның дербес сала ретінде танылуы кейбір тілдік құбылыстарды қайта қарап, жаңадан пайда болған көзқарастар мен теориялардың негізінде тағы да бір ғылыми зерттеуді қажет ететін мәселелердің бар екенін көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Айдаров Ф. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі – Павлодар: 2010.-218б.
2. Салқынбай А. Қазақ тілі сөзжасамы – Алматы: 2007.-189б.

3. Әлімжанов Д., Маманов Ы. Қазақ тілін оқыту әдістемесі – Алматы: 1965 ж
4. Оралбаева Н. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі – Павлодар: 2010.-113б.
5. Потебня А.А. Символ и миф в народной культуре – Москва:2000.-451б.
6. Земская Е.А. Современный русский язык. Словообразование. Москва: Просвещение:1973.-303б.

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Ш.Б. АМАНБАЙ,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты.

Ғылыми жетекшісі: А.Мұхтарова, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент.

Астана қаласы

Резюме

Статья посвящается использования фразеологии в поэзии. В статье раскрывается труды казахских ученых исследовавшие фразеологии, где они делают выводы по своим темам, а также их использования в языке поэзии. В статье особое внимание уделяется особенностям использования фразеологии в произведениях поэтессы Фаризы Оңгарсыновой.

Abstract

The article is devoted to the use of phraseology on the poem. In the article will be discussed Kazakh scientists studied the idioms are listed under the theme of his concepts, as well as the use of the language of poetry. Fariza Ongarsynova used the differs of idioms in the works of the poet stressed in the article.

Қазақ тіл білімінде фразеология саласын арнайы теориялық тұрғыдан зерттеу ХХ ғасырдың ортасынан бастау алғаны белгілі. Тұрақты сөз тіркестеріне зерттеу жүргізіп, осы салада ауқымды еңбек жазған ғалымдар қатарын С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, І. Кеңесбаев, Ә.Қайдар, Р.Сыздық, М.Серғалиев, С.Сәтенова, Г.Смағұлова сынды зерттеушілер құрайды. Аталған зерттеушілердің фразеология саласында жүргізген еңбектерінде фразеологизмнің түрлері, мағыналық жағынан бөліну ерекшеліктері, грамматикалық, лексико-семантикалық жағынан ажыратылуы, салалары, фразеологиялық құбылыс заңдылықтары жан-жақты қарастырылған.

Қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестері секілді сөз қазынасын зерттеумен терең айналысқан І. Кеңесбаев фразеологизмдердің басты үш белгісін былайша атайды: «мағына тұтастығы, тіркес тиянақтылығы, қолдану тиянақтылығы»[1,231]. Зерттеуші пікіріне сүйенсек, фразеологизмдер құбылтуға көнбейтін, біртұтас даяр күйінде жұмсалатын және сол қалпында, өзгеріссіз сөйлемнің құрылымына енетін сөз тіркестері екені айқындалады.

Ал ғалым Ә.Қайдар «Тұрақты сөз тіркестерінің табиғатына тән үш түрлі тілдік фактор: тұлғалық фактор, мағыналық фактор, дыбыстық фактор» деп көрсетеді»[2, 232]. Яғни, ғалым пікірі тұрақты сөз тіркестерінің күрделілігі осы үш фактордың әрқашан үйлесімді, әрі тығыз байланысты болуына қатысты және олар бір-бірін толықтырып, бір-бірімен астарласып жатады деген оймен сабақтасады.

Қазақ тілі тұрақты сөз тіркестеріне өте бай тілдер санатынан табылады. Халқымыздың сөз байлығының шексіз екендігі, сол байлықтың сөз өнерінің көркемдігін арттыруда ерекше орын алатындығын зерттеуші Н.Уәлиевтің пікірінен пайымдай аламыз: «Халық тілінде байырғыдан келе жатқан тұрақты сөз оралымдарының (мақал, мәтел, қанатты сөздер, фразеологиялық тіркестер т.б.) сан алуан сыры бар. Олай болатыны халық өзінің өткен дәуірлеріндегі наным-сенімін, түйсік-түсінігін, ой-қиялын, тыныс-тіршілігін аз сөздің аясына сыйдырып, әрі нәрлі, әрі әрлі етіп ерекше өрнектей білген»[3, 12].

Зерттеушілер пікірлеріне сүйенсек, тұрақты сөз тіркестерін қолданылуына қарай *өнімді, көне, пассив фразеологизмдер* деп жіктеп қарастыру да кездеседі. Мұнан бөлек зерттеуші Қ.Сарекенова «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы» атты еңбегінде қазақ тіліндегі фразеологизмдерді *фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік және фразеологиялық тізбек* деген үш топқа бөліп қарастыру жөніндегі ойын білдіреді[4, 91].

Әрине, тұрақты сөз тіркестері жайлы жазылған еңбек, айтылған пікір жетерлік. Десек те, біздің бұл мақалада айтқымыз келгені фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылу жайы. Сөз

өнері - ұлт тілінің қазынасы. Осы қазына тілін ажарландыратын тілдік амал-тәсілдердің бірі фразеологизмдер десек қателік болмайды. Тарқата айтар болсақ, фразеологизмдер - көркем шығарма тілін ажарландыратын, астарлап, бейнелеп суреттеудің ең қажетті құралдарының бірі. Қ.Сарекенованың жоғарыда аталған еңбегінде фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы жайлы да соны пікір білдіріледі. «Автор фразеологизмдерді өз мақсатына сай өзгертіп қолдануында жаңа мән, жаңа ажар алып, жаңа стильдік қызметке көшеді» деген ой тұжырымдайды[4, 93].

Тұрақты сөз тіркестерінің прозада не болмаса поэзиядан орын алуына әр ғалым-зерттеуші өзінше ой түйеді. М.Серғалиев «Тұрақты тіркестер – әдеби тілдің ілгері даму барысында қалам қайраткерлерінің әрекеті арқылы жанданған әсем кестелер. Олар – сөз зергерлерінің ой-түйінін ықшамдап аңғартатын жинақтылықтың үлгісін көрсететін көркемдік құралы»[5, 264] - деген пікірі арқылы фразеологизмдердің көркем әдебиетте ерекше қызмет атқаратынын айтады. Қай ғалымның ой-пікірін алмасақ та, көркем әдебиет өкілдерінің өз шығармаларында фразеологизмдерді орынды қолданылуы шығармаға шырай беріп, көркемдігін арттыратын айғақтайды.

Фразеологизмдерді сөйлем ішінде біртұтас даяр күйінде қолданылады десек те, поэзия тіліндегі өлең құрылысындағы, поэтикалық үйлесімділік, дыбыстық үндестік, ұйқастық фразеологизмдердің сан алуан өзгеріске түсуіне әсер етеді. Тұрақты сөз тіркестерінің мұндай өзгерістерге түсуі және өзгерістердің түрі акын шеберлігіне, сөз саптауына байланысты болып келетінін де айта кеткен жөн.

Қазақ поэзия кеңістігінде өзіндік қолтаңбасын қалыптастыра білген акын Ф.Оңғарсынова шығармашылығында да қазақ фразеологиясының ұтымды, орынды қолданыс тапқандығын байқауға болады. Акынның шығармаларында фразеологизмдерді қолданылуы ойды айшықты жеткізу екенін ұғамыз.

Еңсем түссе, мүсіркеп қорлайсыңдар,
Озып кетсем, жолымды орлайсыңдар;
Қатар жүрсем, ақылды торғайсыңдар.
Мәртебенің мінбесін меншіктесем,

Қол қусырып, бас шұлғып сорлайсыңдар [6, 93].

Осы шумақтағы **қол қусыру**(*бағынды, еріксіз көнді. [7,488]*), **бас шұлғу** (*мақұлдады, құптады [7, 131]*) етістікті тұрақты сөз тіркестері шумақтағы автордың көңілі қалған жандар - қоғамдағы жағымпаздар жайлы ойын айшықтайды. Сондай-ақ, аталған қос тұрақты сөз тіркестерінің синонимдік қатар ретінде қолданылғандығын байқауға болады. Ал,

Сен үшін мен де мұңданам,
Өңештен асың өтпесе.

Тимесе билік – **күн қараң**,

Ойбайды салып, от көсе! [6, 154], - деген шумақтағы **күн қараң**(*халі мүшкіл, ауыр күн, өте қиын жағдай [7, 380]*) фразеологизмі жоғарыдағы шумақта келтірілген қол қусырып, бас шұлғуға даяр тұрар топқа қарата айтылған ойды білдіреді. Алғашқы шумақта келтірілген қос фразеологиялық тіркестің мәнін анықтаушытық сипаттағы **күні қараң** тұрақты тіркесінің мазмұнын ашып, толықтырып тұр десек те болады.

Іш тартпай

Кейде **салқын қарап** қалам,
адамдай жаратпаған –
Таңданба, қалқам, бұған

Сезіп, ұғып қарарсың әлі-ақ маған[6, 140]. Мұндағы **іш тартпай** фразеологизмі қазақ тілінде қалыптасқан, ауызекі тілде қолданысқа ие *іш тарту, яғни, жақын тұту, бүйрегі бұру, жақтау, қолдау [7, 790]* мәніндегі фразеологизмін антонимдік мазмұнда қолданып, **салқын қарау**(*ренішті, жақтырмады, немқұрайдылық көрсетті [7, 598]*) фразеологизмімен қатарлас, мәндес қолданғанын байқаймыз. Негізі, біз мысал келтірген акын өлеңдеріндегі фразеологизмдердің басым көпшілігі акынның өзгеге өзін таптаттырмас батыл мінезін, жағымпаздар мен көре алмаушылардың мінез-құлқын сипаттар тұлғада болып келеді. Оған мысал ретінде төмендегі өлең жолдарын келтірсе болады:

Жек көргенді жолымнан ығыстырдым,
Жайпап өтіп жүзімен қылыш-жырдың.
Айылымды жинамай жалғызына

Одан сайын жындарын құрыстырдым...[6, 135] – деген шумақта қолданыс тапқан **айылын жинамау** (*сескенбеді, жасқанбады, қымсынбады. [7, 29]*) фразеологизмі өр мінезді, бірбеткей акын

мінезін, сондай-ақ, қоғамда жақсылыққа көз салмай, тырнақ астынан кір іздеуге даяр топтың жалаң мінезіне қарсылық танытпақ болған жанның әрекетін сипаттайды.

Мұңын шағар дос таппай, дос дегені күні үшін көлеңкесіне ерер жан болып шығып, көңіл қалған тұстағы жанның көңіл-күйін суреттеуде қолданылған тұрақты сөз тіркестері ақын ойын бұлжытпай, айқын жеткізуге атсалысады:

Достарым, ортам, қоғамым,
Оларсыз, семем, соламын.
Салқындық сеуіп, **сырт берсе**,

Көңілімде – кірбің жоқ әнім. [6, 84]. Байқағанымыздай, бұл шумақтағы **сырт беру** (*теріс қарады, араз болды, қашқалақтады* [7, 646]) тұрақты сөз тіркесі өмірде жиі кездесетін дос сатқындығы, қажет кезде көмек қолын созудан қашқалақтайтын жандардан көңілі қалған жанның жай-күйін білдіреді.

Ал,
Жылаймын сосын тұрып,
Шайнаймын бармағымды.

Кеудемде өшім тұнып,
Барлаймын жан-жағымды. [6, 97] деген шумақтағы **бармақ шайнау** (*өкінді, аса қатты қынжылды* [7, 117]) фразеологизмі автордың өткенге өкініш білдірген кезін, психологиялық жай-күйді білдіреді.

Тынысын тоқтатқанда дара шабыт,
Түскендей жәудір көздің қарасы ағып,
Ағырап ботасы өлген аруанадай

Жыр-ару күңірленді **қара салып**[6, 137], - деген жолдардағы **қара салу**(*дүние салған, өлген кісіге байланысты айталады, қайғыра жоқтады, қаралы болды* [7, 419]) ақынның замандасы М.Мақатаевтың бұл дүниеден ерте кетуіне қабырғасы қайысқан ақынның күйзеліске түскендегі көңіл-күйін білдіреді.

Мұңаймаңдар мен жайлы: «Зарлы ғашық
Ұзақ түні жүр-ау, - деп, - таңға ұласып».
Мен өтермін арыма **дақ түсірмей**, -
Тек соңымнан жүрмендер қан жыласып [6, 139].

Мұндағы **дақ түсірмеу**(*бетін шимайлау, бүлдіру, айғыз-айғыз ету* [7, 179]) фразеологизмі өмірде қанша әділетсіздікке кездесе де, арына дақ түсірмеуді дұрыс санайтын жандар жайын сипаттайды.

Тыңдашы, жан досым-ай,
Біз енді жүреміз бе мәңгі осылай:
Екі жақта жалғыздан жылап, күліп,
Бірімізге-біріміз **құлақ түріп**;

Сырттай мәз боп көрініп, іштен жылап... [6, 157] – деген шумақта ауызекі сөйлеу стиліне тән **құлақ түру** (*аңысын аңдады; зейін салды; тыңдады; дерек, хабар күтті* [7, 473]) тіркесін орынды қолданған.

Жалпы алғанда, Ф.Оңғарсынова шығармаларында тұрақты сөз тіркестері молынан кездеседі. Байқағанымыздай, ақын өлеңдерінде фразеологизмдер арқылы ойын жалаң сөзбен емес, айшықты мазмұнды, көркем жеткізуді мақсат тұтқан. Адамның әр кезеңдегі психологиялық көңіл хошы, мінезі, сырт ортаға көзқарасы тұрақты сөз тіркестерімен оңтайлы бейнеленген. Жағымпаздар жайын *қол қусыру, бас шұлеу, сырт беру* сынды фразеологизмдер, ал қоршаған ортадан көңілі қалғандағы көңіл-күйін *іш тартпау, салқын қарау, айылын жинамау, бармақ шайнау* секілді тұрақты сөз тіркестерін бейнелейді.

Қорыта келгенде, Ф.Оңғарсынова шығармаларында фразеологизмдерді молынан пайдалана отырып, поэзия тіліне көркемдегіш, бейнелегіш нәр берген. Ақын шығармаларында өзінің стильдік сипатын жоғалтпай, фразеологизмдерді талдап, тандап қолдана отырып, шығарманың идеялық көркемдік жақтарын жетілдіруді, шығармадағы кейіпкер мінезін ашуды, жалпыхалықтық тілдегі үлгіні тиімді қолдануды көркем орайластырған.

Әдебиеттер тізімі:

1. Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания. – Алматы: Арыс, 2008. – 613 б.
2. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. - 303 б.

3. Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1998. – 128б.
4. Саркенова Қ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2010. – 150 б.
5. Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. - Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2006. – 367 б.
6. Оңғарсынова Ф. Мен саған ғашық емес ем. – Алматы: Білім, 1999. – 166 б.
7. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 797 б.

ҚАЗНЕТ ТІЛІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

М.К. АХМЕТОВА,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты. Астана қаласы

Аннотация

В данной статье рассматриваются языковые особенности казахстанского интернет пространства.

Ключевые слова: язык казнета, усложнение и упрощение языковых средств, гипертекст, символы, неологизмы.

Abstract

This article deals with the language features of kazakhstan internet space.

Key words: kaznet language, complexity and simplification of language means, hypertext, symbols, neologisms.

Ақпараттық технологияның қарыштап дамуымен байланысты хабарды жеткізу тәсілдері көбейіп, коммуникацияның жүзеге асырылу жолдары арта түсті. Соған сәйкес қазіргі қоғамда интернет негізгі коммуникативтік алаңға айналып, оның қызметі күннен-күнге кеңейіп келеді.

Интернет ғаламдық ақпарат қорына, жаңалық көзіне айналумен қатар, виртуалды коммуникативтік ортаның қалыптасуына ықпал етіп, түрлі қоғамдастықтар (қауымдастықтар) мен блогтарды, форумдарды дүниеге келтірді. Нәтижесінде өзіндік сипаты бар электронды коммуникация мәдениеті мен интернет тілі қалыптасты. Интернеттегі тілдің қызмет аясы ұлғайып, жаңа сөздермен, тіркестермен толығып, өзіне тән стильдері дамыды.

Қазақ тілінің интернеттегі қолданылу сипатына, лингвостилистикалық ерекшеліктері мен жанрына тілшілер енді назар аудара бастады. Қазіргі таңда интернетті қарым-қатынас ортасы ретінде алып, тілін жан-жақты зерттеу, әр қырынан толық айқындау өзекті тақырыптардың қатарына жатады. Сондықтан интернеттегі қазақ тілін бірнеше қырынан алып қарастыру қажеттігі туындайды:

- 1) интернет тілін ақпараттық-коммуникативтік иерархиялық күрделі жүйе ретінде сипаттау;
- 2) гипермәтін жүйесін, құрылымын айқындау;
- 3) интернет қолданушылардың социолингвистикалық сипатын, олардың тілдік талғамын саралау;
- 4) интернет қолданушының тілдік тұлғасын бағамдау;
- 5) интернет қарым-қатынасындағы психолингвистикалық аспектілерді зерттеу;
- 6) өзге (ағылшын, орыс) тілдердің қазақ тіліне тигізетін ықпалын, тілдегі өзгерістер мен оның даму бағыттарын зерделеу;
- 7) интернеттегі жанр түрлерін, олардың тілдік ұйымдасуын, стильдік сипатын анықтау т.б.

Орыс тіл білімінде интернеттегі орыс тілі, электронды дискурс пен электронды жанрлар қызметінің теориясы мен тәжірибесі, түрлі жанрларда жазылған мәтіндердің лингвостилистикалық ерекшеліктері, мәдениетаралық коммуникация кеңістігіндегі орыс тілді мәтіндердің лингвомәдени негіздері, мәтіндердің социолингвистикалық сипаты, интернет коммуникациядағы ауызша және жазбаша сөйлеудің ара қатынасы, интернет дискурстың гендерлік өзгешелігі секілді әр түрлі мәселелер көптеген зерттеушілердің (А.А.Атабекова, О.В.Дедова, Е.В.Какорина, М.А.Кронгауз, О.В.Лутовинова, Л.Ю.Иванов, Г.Н.Трофимова, П.Е.Кондрашов, М.Ю.Сидорова, П.В.Морослин, Е.А.

Савельев, Ф.Т. Грозданов, С.А. Лысенко, А.Н. Гайфуллина, Е.В. Двойнина т.б.) еңбектерінде қарастырылды.

Зерттеулерде интернет тіліэлектронды құралдарда жұмсалатын функционалды-стильдік ерекшелігі бар тіл ретінде анықталады.«Орыс тілінің стилистикалық энциклопедиялық сөздігінде»интернет торабының тілі, интернет тілі[1, 648] термині ұсынылады. Авторлар ұжымымен шығарылған стилистика оқулығында: «Интернет тілі функционалды-стилистикалық жағынан сан қырлы, соған сәйкес, желідегі түрлі қарым-қатынас салаларын қамтитын оның жанрлары да біркелкі емес» [2, 387], «Интернет -коммуникацияның жаңа бір түрі жүзеге асатын сөйлеу ортасы. Мұнда монолог, диалогпен қатар ауызша, жазбаша сөйлеу формалары, ресми және бейресми, әлеуметке немесе жеке тұлғаға бағытталған қарым-қатынас арасындағы өзіндік айырым белгілержойылып кетеді. Бұлсипат публицистикалық веб–жанрларға да тікелей қатысты», - деп айқындалады[2, 387].

Интернет сөзінің жазылуында да біркелкілік сақталмайды. Ғылыми еңбектерде, БАҚ материалдарында интернет сөзі бас әріптен басталып жазылады, радио, теледидар секілді бұл атаудың да жалпы есімді білдіретінін ескерсек, тіл нормасына сәйкес оның кіші әріппен таңбаланғаны орынды[3].

Жалпы қазнет ұғымы қай тілде ақпарат таратса да, қазақстандық интернет жүйесінде тіркелген әлеуметтік желілердің барлығын қамтиды. Мақалада қазнет тілі термині қазақша мәтіндердің тілдікерекшеліктерін қамтиды, өйткені,жүргізілген зерттеу нәтижелері көрсеткеніндей, қазнеттің коммуникативтік ортасы көптілі [4].

Ғалымдардың пікірінше, интернеттің ықпалынан туындаған тілдегі басты өзгерістерге тіл құралдарының бірінің күрделеніп, екіншісінің қарапайымдануы жатады[3].Бұл тұжырымдардыңқазнет тіліне деқатысы бар. Күрделену мен қарапайымдану тұрпат, мазмұн, прагматикалық интенция межелерін қамтиды. Мәселен, мәтіннің гипермәтін деңгейіне қарай дамуы оның құрылысының күрделене түскенін айғақтайды. Гипермәтін тұрпат межесі тұрғысынан жаңа күрделі бірлікке жатады (сөйлем-фраза – күрделі фразалық тұтасым – мәтін - гипермәтін).

«Философиялық терминдердің сөздігінде» (Павлодар, 2011): «Гипермәтін (гр. hyper – жоғары, ар жағында) – мәтіндер иерархиясында (тізбегінде, сатыларында, дәрежелерінде) жүйеге айналған, сонымен қоса мәтіндердің көптігін білдіретін арнаулы құрылым. Гипермәтіннің қарапайым мысалына сөздіктер мен энциклопедиялар жатады.Ондағы әрбір мақаладасол сөздіктегі басқа мақалаларға сілтеме беріледі. Осындай мәтінді әр түрлі оқуға болады: 1) гипермәтіндік сілтемелерді ескермей, қажетіне қарай, бір мақаладан екіншісіне; 2) сілтемелерді ескере отырып, мақалаларды басынан аяғына дейін; 3) немесе бір сілтемеден келесісіне ауысып, гипермәтіндік саяхат жасау» [5]; «Әдебиеттану терминдерінің сөздігінде»: «Гипермәтін - компьютерлік технологияны оқытуға ендірумен байланысты пайда болған мәтінді ұйымдастырудың бір түрі (мәтін түрі).Оқырманға бір мәтіндіқарай отырып, сол уақытта келесі бір мәтінді оқуына мүмкіндік беріледі (ол алғашқы мәтінге қарағанда кейбір ұғымдардың мағынасын тереңірек ашып, түсіндіреді). Кейін қайтып оралып, негізгі мәтінді оқуын жалғастыраалады. Мәтіндер арасындағы байланыс гиперсілтеме арқылы жүзеге асады», - деп айқындалады[6].

Гипермәтінді бір-бірімен байланысқан мәтіндер жүйесі ретінде сипаттауға болады. Негізгі мәтіндегі ақпарат келесі мәтінде толықтай жалғасын табуы мүмкін немесе мәтіндегі кейбір ұғым-түсініктердің ғана мән-мағынасына қатысты хабарды қамтуы ықтимал.Мәселен, қазнеттегі ақпараттық сайт-порталдарда ұсынылған тақырыпаттардың біріне басу арқылы толық мәтінмен танысуға болады. Ал кейбір мәтін құрылымындаайрықшаланған жекелеген сөздер арқылы басқа мәтінге ауысуға мүмкіндік туады.Ұсынылған жаңа мәтінде белгіленген сөздің мән-мағынасына қатысты мәлімет қамтылады. Бұл – әуелгі мәтіндегі мазмұнның анықтала түскенін жәнеәр қырынан толығып өзгергенін, оған қоса күрделенгенін білдіреді.

Қазнеттің коммуникативтік алаңында сөйлесу, пікір алмасу барысында көңіл-күйді, алған әсерді жеткізуде тілдік бірліктердің орнына күліп не жылап тұрған, қабағы түйілген, гүл, + (қосу), - (алу) т.с.с. бейнеленген түрлі сурет, таңба қолданылады.Мысалға«Қазақша мақал - мәтел: Кітап»(zharar.com) **парақшасына қолданушылар тарапынан жазылған пікірлердің кейбіреуін**келтіруге болады:

МК: -Рахмет, мен қазақ тілінен 5 алдым 😊

КЖ: - 😊😊😊😊😊

АП: - вуй 😊😊😊😊😊

Интернет қолданушысы тұрғысынан қарастырсақ, дайын таңбалар, бір жағынан,ойды, түрлі эмоцияны жеткізуді оңайлатады, екінші жағынан, уақытты үнемдеп, пікір алмасудың ұзаққа

созылмай, шапшаң жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Интернет коммуникацияда белгілі бір мазмұнды, модалдылықты жеткізуде сөздер мен тіркестердің, сөйлемдердің орнына дайын бейвербалды бірліктердің қолданылуы ойды жеткізудегі ықшамдылықты, қарапайымдылықты көрсетеді.

Сонымен бірге сөздегі дыбыстар түсіріліп, қысқартылып жұмсалады. Олардың ішінде кірме сөздер де бар. Мысалы: *слм – сәлем, спс – рақмет, норм – жақсы*.

Сөйтіп, интернет арқылы хабар таратудың жылдамдығы мен бір-бірімен ауызша немесе жазбаша тілдесу мүмкіндігі жаңа тілдік ортаның қалыптасуына ықпал етіп отыр. Ауызекі сөйлеу тіліне тән ерекшеліктер де виртуалды қарым-қатынас барысында қолданушылар тарапынан сол қалпында, өзгеріссіз жазылады. Нәтижесінде интернетте өзгеше ауызекі жазбаша сөйлеу тілі түзіледі. Мысалы: *Бәрі - бәрі супер gooooo. Осы кисилердин аркасы отқанымыз. Facebook мемлекет емес қо. Аналар құтырайын депті :lol: :lol: :lol:*. Осы мысалдар интернет тілінің көпшілік түсінігінде қалыптасқан жазба тіл нормасына сәйкес келе бермейтінін және виртуалды ортада тіл жұмсаудың өзгешеліктері барын айқындайды. Десек те, әрбір интернет пайдаланушы тіл мәдениетін жеке тұлға мәдениетінің бір бөлігі деп ұғынса, пікірлесуде тіл нормасынан ауытқымауды ескеріп отырамыз анық (әрине, тіл тазалығын жадынан шығармайтын интернет қолданушылары да жоқ емес).

Қазнеттің ақпараттық қоғам талабына сәйкес дамуы тіліміздің лексика-семантикалық қабатына жаңа сөздердің көптеп енуіне ықпал етті. Оның ішінде кірме сөздер мен мағынасы түрленген төлсөздеріміз бар. Төмендегі сөздер мен тіркестер қазнет тілінде жиі қолданылатын тілдік бірліктерге жатады:

Желі, әлеуметтік желі, әлеуметтік медиа – көзқарас-пікірлері, қызығушылықтары бірдей адамдардың виртуалды кеңістікте кездесетін ортасы деген мағынаны қамтиды. Бұл ортада тілдік қарым-қатынас жүзеге асады, сонымен бірге суретті, музыканы, бейнежазбаларды көшіріп не басқаларға жіберіледі. Мысалы: *Әлеуметтік желіні «әлеуметтік медиа» деп те атайды (Baq.kz 8.02.2012). Әлеуметтік желілер бүгінде адам өмірінде елеулі орынға ие болды және сол өмірде ұзағынан қалуды ұйғарған секілді (massaget.kz 24.01.2013)* (авторлардың сөзі, орфографиясы мен пунктуациясы өзгеріссіз алынды).

Желі қолданушысы, желі пайдаланушысы, сайт тұтынушылары – интернетті пайдаланатын адам мағынасында. Мысалы: *Осы жердегі «желі» сөзі – интернеттегі сайт болса, «әлеумет» – бұл сол сайттың тұтынушылары, яғни сіз бен біз (Baq.kz 8.02.2012). Желі пайдаланушысы Төлеповтың кішіпейіл әрі қарапайым мекенін жаза келе, оның депутат ретінде атқарып үлгерген ізгі істерін тізбектеген (inform.kz 25.09.2016). Желі қолданушысы оны ер адам, нақтырақ айтқанда Сәбит Әбдіқалықов деп болжады (zharar.com 27.01.2017).*

Сайт тұтынушылары тіркесіне қарағанда, *желі қолданушысы, желі пайдаланушысы* анағұрлым жиі айтылып, жазылады.

Желідегі парақша, әлеуметтік (желідегі) парақша, парақша - интернетте белгілі бір ақпарат орналастыруға арналған бет, орын деген мағынада жұмсалады. Мысалы: *«Желідегі парақшаны қарай беру пайдалы екен» (massaget.kz 11.09.2014). Давутоғлы әлеуметтік парақша арқылы мәлімдеме жасады (trt.net.tr 05.10.2015). Ақпарат және коммуникация министрі Facebook әлеуметтік желісінде парақша ашты (tengrinews.kz 19.05.2016). Бұл туралы әнші желідегі парақшасында жазды (zharar.com 27.01.2017).*

Бұған қоса қазнет тілінде *желідегі парақшаны* алмастыратын жеке *парақша, инста парақша, фейсбуктегі ресми парақша, Facebook парақшасы* деген тіркестер бар. *Желідегі парақша - инста парақша, Facebook парақшасы* дегенмен салыстырғанда жалпы ұғымды білдірсе, кейінгілері қай желідегі парақша екенін анықтап, нақтылайды. Мысалы: *"Wikiblim" қоғамдық қорының фейсбуктегі ресми парақшасы мен твиттер аккаунты (massaget.kz 20.04.2012). Осындай бастама көтерген депутаттар ата-анасының рұқсатынсыз галамтордан жеке парақша ашпауы тиіс деген (toqtama.kz). Ал мен Renzo-ға аз ғана үлесімді қосқанымға қуаныштымын!" деп жазды Әсел өзінің инста парақшасында (comode.kz 20.12.2015).*

Қазнетте *парақ, парақша* сөздеріне латын қаріптері өзгертілмей ағылшын тіліндегі *web* сөзі тіркесе, қосарлана қолданылады. Мысалы: *Сілтемелер web-парақшаларын жасағанда қолданылатын ең көп таралған әрекет-амалдардың бірі (asuasu.kz 14.12.2014). ZHARAR.com сайтында жеке web-парақша ашу!!! (zharar.com).* Немесе *web* ағылшын сөзі *web* түрінде кириллицамен жазылады: *Біздің сайттан өзіңіздің жеке веб-парақшаңызды ашуыңызға мүмкіндігіңіз бар!* (bilimdiler.kz)

Интернет тіліндегі тағы бір ерекшелікке латын қаріптерімен таңбаланған шетел сөздерінің, қысқарған атаулардың түбір қалпын сақтап жазылуы мен сол кірме түбірлерге сөз түрлендіруші, сөз тудырушы қосымша морфемалардың тікелей жалғанып түрленуі жатады. Мысалы: *Klout-тың аты*

шыға бастаған сайын ұпай есептеуде пайдаланылатын әлеуметтік желілердің де саны артты (webpress.kz). Мықты SMM-шіреїтінгтегі ұпайымен жұмыс берушісінің алдында мақтана алады, портфолиосына сенімді түрде қоса алады (webpress.kz).

Бұл - ағылшын тілінің әлемде басымдыққа ие тілге айналып, ақпараттық технология басқа да сала терминдерінің тіліміздің артикуляция-акустикалық заңдылығына, грамматикасына икемделмей, жазу графикамызға ауыстырылмайқазақ тіліне даяр қалпындаенуін көрсететінқұбылыс. Қазіргі таңда латын қарпімен таңбаланған кірме сөз+қосымша үлгісімен жасалған сөз тұлғаларының жұмсалуы тілімізде жиілеп барады. Әрине, ақпараттық технологияның, басқа да салаларға қажетті құрал-жабдықтардың т.б.өндірісі, экономикасы дамыған елдерден шығарылатынын ескерсек, сөздердің де жат жұрттық болуы заңды. Алайдақазақ тілінде баламасы болмаса, жаңа ұғымды білдіретін атауларды калька тәсілімен аударып немесе өзге түркі тілдерінен икемдеп ұсынса, тиімдірекболар еді.

Қазіргі таңда қарым-қатынас мәдениетіндегі бастыерекшеліктің бірі-интернет кеңістігі арқылы тілдесу. Сондықтанинтернеттегі қазақ тілін зерттеуіт қолданысының жаңабір қызметін, оның сипатын жан-жақты тануға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Стилистический энциклопедический словарь русского языка [электронный ресурс] / под ред. М.Н. Кожиной. – 2-е изд., стереотип. – М.: Флинта: Наука, 2011. – 696 с.
2. Кожина М.Н., Дускаева Л.Р., Салимовский В.А. Стилистика русского языка. – М.: Флинта: Наука, 2008. – 464 с.
3. Иванов Л.Ю. Язык интернета: заметки лингвиста // URL: <http://www.faq-www.ru/lingv.htm>
4. Жарқынбекова Ш.Қ., Ахметова М.К., Оразтаева Ж.Қ., Құзар Ж.Н. Қазақстанның интернет кеңістігінде тілдердің қолданылуы // ЕҰУ Хабаршысы №5 (108) I бөлім. – Астана, 2015. – 57-63 б.
5. Зағыпаров Қ.Ф. Философиялық терминдердің сөздігі. – Павлодар: ПМПИ, 2011 // URL: http://philosophy_kaz.academic.ru
6. Словарь литературоведческих терминов // URL: <http://slovar.lib.ru>

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҰСЫНҒАН ПРИНЦИПТЕР ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР ТІЛІНЕ ТӘНГРАММАТИКАЛЫҚ НОРМА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Б. ӘБДУӘЛИҰЛЫ,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы. Астана қаласы

А.Байтұрсынұлы еңбектерінің ұлт тілінің қалыптасуы мен дамуына орасан зор ықпал еткені бүгінде баршаға аян. Соның ішінде қазақ әдеби тілін қалыптастырудағы еңбектері қайраткерлігімен қатар лингвист ғалым ретіндегі шеберлігін де айғақтайды. Ол жаңа заман ыңғайына бейімделіп, халықтың тілін табиғи болмысынан айырған жоқ, керісінше жетілдіре отырып, жаңаша сомдады. Мақсаты айқын, ұстанымы берік болатын. Жазу туралы ойлары өте құнды, көтерген мәселелеріқазірге дейін күн тәртібінен түспей келеді. Ол «Мен ойлаймын, емле – жазу үшін шығарған нәрсе, жазу – тіл үшін шығарған нәрсе. Олай болса тілді бұзып емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек. Тілдің табиғатына қарамай зорлап, емлеге таңып байласақ, қытай қатындарының аяғы болып шығады», – деп жазды өз еңбегінде [1, 271 б.],сөйтіп әліпбиді тілдің ұлттық болмысыныңтұғыры ретінде таныды. Екеуінің арасындағы байланыстың тәртібі туралы осындай ой ұсынды.Тілдің өзіндік болмысына, табиғи қалыбына баса назар аударады. «Сөз жазушыларға» табиғи нормалардан ауытқуға болмайтынын ескертеді. Еділден Ертіске, Оралдан Ауғанға дейінгі қазақ тілінің біртұтастығын, тоқсандағы шалдан тоғыздағы баласына дейін бір ғана емлемен сөйлейтінін айта келіп, «Қазақта жазу-сызу болмаған соң, жалғыз-ақ табиғат заңына ерген; сондықтан тілі азбаған. Өзгелер табиғатты зорлап, емлеге таңып, тілін аздырған», – деп, мысалдар арқылы қазақ тілінің терең қасиетін қысқаша түсіндіреді (*Қазақша сөз жазушыларға*)[1,272 б.]. А.Байтұрсынұлының бұл пікірі әдеби тілдің нормалану жағдайын тек жазумен байланыстыратын ғалымдардың көзқарастарына қайшы болғанмен қисынды. Норма ұғымына жаңаша көзқараспен қарауға жетелейді.

М.Балақаев А.Байтұрсынұлының осы пікірімен үндес М.Әуезовтің еңбектеріне сілтеме жасай отырып, әдеби тілдің басты белгісі – әдебиет арқылы қалыптасуы (нормалануы)дейтін пікірінетокталады [2, 145 б.],демек, ауыз әдебиетінің үлгілері де белгілі бір нормалардың орнығуына ықпал етеді. Ауыз әдебиеті тілінің әдеби тілге қатысы жөніндегі кей мәселелердің шешімін іздеуде, бұндай көзқарастар нәтижелі қорытынды жасауға мүмкіндік береді.А.Байтұрсынұлы шығарма («шығарған сөз») тілін *ақын тілі* және *әшейін тіл* деп екіге бөледі. Баяндама айтылмақ ойға сәйкес *ақын тілі* туралы пікіріне тоқталамыз. «Ақын тілі сөздің дұрыстығының, анықтығының, тазалығының, дәлдігінің үстіне көрнекті, әуезді болу жағын талғайды» (*сөз талғау*). Қазақ ауыз әдебиетінің тілі өз заманының талабы мен талғамы тұрғысынан алғанда осы шарттарға сәйкескеледі. «Сөз дұрыстығы» үшін «Сөйлем ішіндегі сөздерді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру; Сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру»(*сөз дұрыстығы*) керек екенін айтады. Бұл қазіргі әдеби нормаға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Енді ауыз әдебиетінің тіліне А.Байтұрсынұлы қоятын талаптар деңгейінен талдаулар жасап көрелік.

Тілдік норма ұғымының аясы кең. Мысалы, ауызекі және жергілікті қолданыстар, жаргондар т.б. секілді әдеби нормаға қайшы ерекшеліктер де белгілі бір адамдар тобы немесе белгілі бір аймақ тұрғындары үшін норма болып табылады. Алайда грамматикалық құралдар бірізденіп, функционалды-семантикалық болмысы сомдалып, айқындалып, жалпыхалықтық деңгейге көтерілгенде ғана әдеби нормаға сәйкеседі. Тілдік норманың сипаты әр қырынан айтылғанмен, көпшілік ғалымдар пікірі бір арнаға тоғысады. Солардың негізгі тұжырымы «Тілдік норма дегеніміз – әдеби тіл, әдеби тіл дегеніміз – тілдік норма» дегенге саяды [3, 221 б.]. Алайда, ілгерідегі ерекшеліктерді ескерсек, *тілдік норманың* үнемі *әдеби тілге* сәйкес келе бермейтіні байқалады, сондықтан норма мен әдеби норма ұғымдарының айқындығы үшін бұны да назарға алуға тиіспіз. Ауыз әдебиетінің тілінде жазу ережелеріне байланысты пайда болған жасанды жолмен нормалаудан гөрі, табиғи жолмен қалыптасқан қалып-үлгі басым. Тілдің табиғатына тән терминдену, стильдік даралану, яғни сапалық жағынан жетіліп, ақпарат жеткізу икемділігінің артуы секілді үдерістер ауыз әдебиеті тілінің де өн бойынан табылатын құбылыс. Сөз таптары мен оларға қатысты грамматикалық категориялар тұрғысынан алғанда негізінен қазіргі әдеби тіл нормаларына сәйкес келіп отырады. Себебі фольклорлық шығармалар тілінің грамматикалық жүйесі байырғы қазақ тілінің негізін құрайды. Сондықтан, оның құрамында көненің белгілері сақталғанмен, қазіргі қазақ тілінің жүйесінен бөлек тұрған ерекшеліктер аса көп емес.

Батырлар жырларының **морфологиялық жүйесіне** талдау жасау арнайы зерттеулерді талап ететін ауқымды мәселе, осыған байланысты мақсат еткен нысанымыздың белгіленген ауқымына сәйкес грамматикалық категориялардың ішінде төрт түрлі жалғауға ғана қысқаша тоқталамыз.

Көптік жалғауы белгілі бір зат немесе құбылыс атауларына жалғанып, санының, түрінің т.б. көп екенін білдіреді. *Ер салды атқа батыр-лар. Үлкен аға, кіші іні Зер саламасын біз-дер-ге. Аһ, дариға, дүние-ай, Асқар-асқар бел-дер-ім, Азаулы деген көл-дер-ім, Қараспанды жайлаған Қалың Қыпшақ ел-дер-ім. Қуып жетіп бұ-лар-ға. Жылқысын алған жау-лар-дың. Кәміл пір-дер, жар болмай...* Мысалдардағы көптік жалғауының қызметінде екі түрлі мақсатта жұмсалғаны байқалады: грамматикалық – көптік мағына білдіру, екінші – көріктеу тәсілі, яғни жыр ырғағын жоғалтып алмас үшін тармақтың буын санын толтыру. Осыған байланысты нормадан ауытқу байқалады, алайда ол көркем әдебиет тіліне тән уәжді ауытқу.

Септік жалғауы сөйлем ішіндегі сөздерді бір-бірімен дәнекерлеу үшін қолданылады. Олардың әрқайсысы өзі жалғанған сөзге грамматикалық мағына үстейді.**Ілік септік жалғауы** сөзге иелік, меншікті білдіре отырып, тәуелдік жалғауымен тығыз синтаксистік байланыста өмір сүреді. Тәуелдік жалғауымен байланысы олардың үш жақта айтылуына ықпал етеді: «*Өзім-нің еншім болсын деп..., Ме-нің де барар-бармасым..., Қабырғаң се-нің қатқан жоқ. Жұртын көріп Құртқа-ның. Атасы мұ-ның Тоқтарбай т.б.*» (*Қобланды батыр*). Мысалдардан ілік септік жалғауының дыбыстық формаларындағы (түрлерінде), мағынасындағы, сөзге жалғану тәртібіндегі, тәуелдік жалғаулы сөзбен синтаксистік байланысындағы (матасу) ерекшеліктер көрінеді. Үш жақта, жекеше, көпше түрде жұмсалады. Өлең синтаксисіне тән «еркіндіктің» нәтижесінде бастауыш пен баяндауыш ретіндегі орын алмасулары кездеседі, алайда олар уәжді ауытқулар болып табылады. **Барыс септік жалғауы** жалғанған сөз істің, қимыл-әрекеттің кімге, неге бағытталғанын, арналғанын, сонымен қатар мақсатын, мезгілін, мөлшерін білдіреді: «*Қобландадай батыр-ға. Шашу шашып басы-на. Құлақ салып сөзім-е(бағытын). Жөнелту-ге Құртқаны. Айдынды көлде қу аттым, Дертке дәрі еті-не. Әркім елде құмар қыз Қолына тисе сүймек-ке(мақсатын). Келді бір сайдың басы-на(мекенін). Ертеңнен шапса, кеш-ке озған. Күн шығу-ға қарамай* (мезгілін). Түбір немесе тәуелденген зат

есімдерге жалғануына байланысты барыс жалғауының дыбыстық тұлғалары *-а, -е* болып қолданылады. **Табыс септік жалғауы** сөйлем ішінде әрдайым сабақты етістікпен синтаксистік қатынасқа түсіп, іс қимылдың тура объектісін көрсетеді. Табыс септік көрнеу және жасырын түрде де қолданылады. Жасырын түрде келуі үшін өзін меңгеретін етістікпен араға сөз салмай тікелей байланысуы шарт: *Ақ білегі-ң сыбанып. Қол-ды бастап шығарып. Жұрты-н жинап алады* (көрнеу). *Арақ ішіп, нан жесең. Жаманнан ақыл сұрамас. Тегіс хабар салады*(жасырын). Тәуелдік жалғаулы сөзден кейін келетін табыс жалғауларының дыбыстық тұлғасында (*-н*) өзгешелік болады. **Жатыс септік жалғауы** заттың мекенін, тұрған орнын, мезгілін білдіреді: *Баратұғын жолы-нда. Кәмшат бөркі басы-нда. Бұрынғы өткен заман-да. Елуге жасы келген-дет.б.* Алғашқы екі сөз қайда? деген сұраққа жауап беріп, жолында – мекенді, басында – тұрған орнын білдірсе, заман-да, келген-де сөздері қашан? деген сұраққа жауап беріп, мезгілді білдіріп тұр. **Шығыс септік жалғауы** жалғанған сөз іс-әрекеттің қимылдың кімнен, неден, қайдан басталғанын, қандай нысанның айналасында болғанын және заттың неден жасалғанын т.б. білдіреді: *«Жеті қабат оры-нан Қарғытамын Бұрылым* (нысанның айналасы). *Құдай-дандұспан сұраған. Ақсағы-нан жазылып. Өзің-нен қалған Құртқаны* (кімнен, неден басталғанын). *Тас-тан соққан қорғанды*(неден жасалғанын). Шығыс септік жалғауы сонымен қатар қимылдың сипатын, қалай орындалғанын білдіріп, сын-қимыл (бейне) үстеуін тудырады: *Ұзыны-нан сұлады. Етбеті-нен жығылды. Көмектес септік жалғауының* тілдік зерттеулерде мынандай мағыналарда қолданылатыны айтылады: Іс-қимылдың қандай құралмен, затпен, құбылыспен атқарылғанын (*Қылыш-пенен өлтірсем. Ақмоншақ ат-пен жетектеп. Ерлігі-мен кіріп кеткесін. Қайратымен мал жиган.*), іс-қимылға ортақ субъектіні (*Қарлығы-мен екеуі Аударыспақ ойнайды. «Қобландымен бірге өлсем, Армансызбын Алла», – деп. Қараман-менен екеуіңді*), іс-әрекеттің қай жерде атқарылғанын (*Жүрейік соның жолы-мен*), мезгіл мағыналы сөздерге жалғанып, үстеу мәнін (*Бәйгеден келген көк дөнен Түні-мен ұйқы көрмеген*) білдіреді. Дыбыстық тұлғасы жағынан *мен және менен* болып екі түрлі қолданылады.

Тәуелдік жалғауы жалғанған сөздің, яғни сол сөз арқылы аталып тұрған заттың кімге меншікті екенін білдіреді. Меншік иесін үш жақта көрсетеді және жекелік, көптік мағыналарда жұмсалады, осыған байланысты оңаша және ортақ тәуелденеді. Бірінші жақ, оңаша тәуелдеу: *Хақ жаратқан Құдай-ым. Қозы-м сенен айрылдым.* Екінші жақ, оңаша тәуелдеу: *Салған қолқа-ң сол болса. Ана-ң сенің некесіз. Қазақ сынды батыр-ың.* Үшінші жақ, оңаша тәуелдеу: *Қысым қылған тарлығ-ы. Тасқа тиді тұяғ-ы.* Көпше түрдегі ортақ тәуелдеу көптік мағына беретін *-ыз (-із)* жалғаулары арқылы жүзеге асады: *Көңіліңе алсаң, қоймайсың Қайсар Қоблан шер-іміз. Қобланды сынды ер-іміз. Жылқышы Қамбар піріміз. Немере туған аға-мыз*(екінші жақ, ортақ тәуелдеу). Кей қолданыстарда *-ыз (-із)* қосымшасы арқылы берілетін мағынаның ерекшелігі байқалады. Қазіргі тілімізде қолданылатын сыпайылық формасына сәйкес келеді: *Ана-ңыз тұлпар деуші еді* (екінші жақ). Тұлпарға қаратып айтылған сөз. Ал оның анасының да, одан туған Тайбурылдың да жалғыз екені белгілі, сондықтан бұл қолданыстан көптік мағына іздеу қиын. Одан гөрі сыпайылық, яғни жан серігі Тайбурылды құрметтеу сезімі басым.

Жіктік жалғауы туралы «Қазақ грамматикасында» есім, етістік сөздерге жалғанып, оның үш жақта жіктелуіне негіз болатыны және сөйлем ішінде бастауыш пен баяндауыштың синтаксистік қатынасқа түсуінің негізгі амалы, ...оның баяндауыш болатындығының кепілі екені айтылады. *Жылқы ішінде ала-мын, Қылышты жүнді қара-мын Сүйер-мін деп ек жесірді. Құлыным сенен айрылды-м. Қарғысам, қарғып көрейін* (бірінші жақ, жекеше түрі). *Шыдамаса-ң, бері кел. Тәуекел етіп көр-іңіз. Екеу-міз жолдас болғалы...*, «*Тұр-ыңыз*» деп жалынды. *Кімнің ұлы бола-сың... Анасы жаман анасыз, Анамды сұрап нетесіз? Анаң сенің некесіз, Некесін сұрап нете-сіз? Асыл досым сөкпе-ңіз. Тәуекел етіп көр-іңіз* т.б. Жіктік жалғаулы сөздердің барлығы, өзінің ережесіне сәйкес баяндауыш қызметінде тұр. Жіктік жалғауы есімдер мен етістіктерге қатар жалғанады. Батырлар жырларындағы жіктік жалғауының дыбыстық тұлғалары мен мағыналары әдеби норма талаптарына сәйкес.

Батырлар жырынан алынған мысалдарға қазіргі қазақ грамматикасының [4, 457 б.] ережелері бойынша талдаулар жасау олардың әдеби норма талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатынан туындап отыр. Қосымшалардың дыбыстық тұлғаларында, түбірге жалғанғандағы үндесу тәртібінде қазіргі қазақ тілінің заңдарынан ауытқу жоқ. Түрлері де байырғы қалпын сақтаған. Мысалы, барыс септіктің *-ға (-ге), -қа (-ке)* нұсқаларынан басқасы тәуелдік жалғауы дауыстыға аяқталғанда *-а, -е*, дауыссызға аяқталғанда *-на, -не* болып түрленуі батырлар жырында

да, қазіргі қолданыста да бірдей. Өзге қосымшалардың қызметі де қазақ тілінің байырғы заңдарның аясында жүзеге асып жатқаны байқалады. Байырғы дыбыстық тұлға мен оларға бекітілген мағыналардың арасындағы байланыс та берік, демек *грамматикалық тұлғалардың баршаға ортақ орныққан қалыбының болуы* дегенде ауыз әдебиеті тіліндегі тұлғалардың қазіргі әдеби нормалану дәрежесіне назар аударамыз. Қазіргі қазақ тіліндегі грамматикалық зерттеулер қорытындысы оның негізгі өлшемі ретінде басшылыққа алынады. Ауыз әдебиеті, соның ішінде батырлар жырлары тілінің бүгінгі әдеби нормамен салыстырғанда негізінен өзгеріссіз сақталуы ең бірінше тілдік жүйенің тұрақтылығын көрсетеді және әдеби тілдің негізгі арналарының бірі дейтін тұжырымды растай түседі. Бұл мәселе әлі де тереңдете зерттеулерді талап етеді, өйткені батырлар жырында қолданылған әрбір грамматикалық элементтің дыбыстық тұлғасы мен мәнішілік мағынасы және ұғымдарды білдірудегі әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері қазақ әдеби тілінің қалыптасуындағы ауыз әдебиетінің орнын анықтауға мүмкіндік береді.

Синтаксис жүйесіндегі сөйлем мүшелерінің қызметі мен өзара қатынасы, қиысу, матасу, меңгеру, қабысу, жанасу секілді сөздердің байланысу формалары ауыз әдебиетіне де тән және бүгінгі тілімізге де ортақ. Бұндай құрылымның өзіндік ерекшелігі – аталған терминдердің аясына топтастырылып, ғылыми саралануында емес, бұрыннан-ақ тілімізде норма ретінде қалыптасып, орнығып қалғандығында. Қазақ тілі синтаксистік құрылымының байырғы және қазіргі жүйесі әдеби нормаға тән белгілердің бірі болып табылады. Оған тұрақтылық, дәстүрлілік, белгілі бірі тілде сөйлейтін көпшілікке ортақтық белгілері тән.

Ауыз әдебиеті тілінің ішкі болмысы мен сыртқы құрылымының қалыптасуына ықпал етуші бір фактор – әлеуметтік қызметі. Айтушы мен тыңаушылар арасына дәнекерлік ету арқылы жалпыхалықтық сипатқа ие бола отырып, әлеуметтік категория ретіндегі ерекшелігі айқындалады. Норма ұғымының тілдің әлеуметтік қызметімен тығыз байланыстылығын әлеуметтік лингвистика мәселесіне қалам тартқан ғалымдар да мойындайды. Әдеби норманың маңызды әлеуметтік және мәдени қызметтерді атқаратындығына назар аударады [5, 30 б.]. Әсіресе сөйлем құрылымының белгілі бір ізге түсуі мен сөйлем мүшелерінің орын тәртібінің айқындалуы әлеуметтік қолданыс барысында жүзеге асатын құбылыс. Сол секілді ауыз әдебиеті синтаксисінің де белгілі бірқалыпқа келіп, халықтық тілмен бірдейлесуіне таралу формасы тікелей әсер еткені белгілі. Бір адамның (баяндаушының) аузынан көпшілікке таралады, тарала отырып, халықтық тілдің баюына да, керісінше халық тілінің қайнарынан қанығуына да мүмкіндік алады. Екі арадағы осы тығыз байланыс, әдеби тіл шарттарының бірі – жырлардың халықты біріктірушілік қабілетінің де айғағы болып табылады.

Зерттеушілердің ғылыми тұжырымдарында қай тілдің де лексикасына қарағанда грамматикалық заңдылықтарының тұрақты және соның ішінде синтаксистік құрылымында нормалану үдерісінің айқынырақ болатыны айтылып келеді [6, 175 б.]. Бұл пікірдің тууына көбіне жазба тілдің стандартқа бейімделуі әсер етті десек те, бастапқы негіз ауыз әдебиетінің тілінде жатыр. Әдеби норма қалыбының түзілуіне сондағы байырғы үлгілердің ықпалы негіз болғаны анық. Әуелі жырлар тілінің құрамындағы сөздер мен сөз тіркестерінің байланысуы, орын тәртібі және олардың қазақ тілінің төл заңдылықтарына сәйкестігін көрсететін мысалдарға тоқталып көрелік: «Қалың қолды қасқайып, жарып кетіп барады. Қараман хан ерлікпен Ел намысын қорып жүр» (*Шынтасұлы Төрехан*). Осы сөйлемдердегі сөздердің орын тәртібі де, байланысу тәсілдері де қазақ тілінің байырғы заңдарының аясында жүзеге асып отыр. Құрамындағы сөздерді (көмекші сөздер емес) байланысу түрлеріне қарай жүйелесек, *қалың қол, қалың қолды жару, қасқайып жару, Қараман хан қорып жүр, ерлікпен қорып жүр, ел намысын қорып жүр* секілді есімді және етістікті тіркестерге қарай жіктеген болар едік. Грамматикалық құрылымдардың болмысына тән дәстүрлі жүйенің бүгінге дейін өзгеріссіз сақталып келе жатқан үлгілерін көріп отырмыз. Синтаксистік құрылымға тән бұл жүйе батырлар жырларының баршасының тіліне ортақ. Сонымен қатар, кей тұстарда өлең ырғағы мен буын санының өлшеміне байланысты сөйлем құрамындағы сөздердің орны ауысатын мысалдар да кездеседі: «Көзімнің жасын көр, балам, Шын тілегім бер, балам, Жығыла тілек тіледім, Бермегенің нең балам?» (*Шынтасұлы Төрехан*). Осы сөйлемдердегі «балам» әр жолдың басында келіп, ой осы қаратпа сөзден басталуы тиіс еді. Ал мына жолдарда баяндауыштардың орнының ауысуы байқалады: «*Байлайымдыме бағымды, Жеделге мінген шағымды, Шын қаһарға мінгесін, Келтірмей қайтпан жазымды!*» (*Шынтасұлы Төрехан*). Алайда бұл өлеңнің өлшемі мен шарттарына сай қолданыстар, сондықтан, бұл орайда да нормадан ауытқудың айқын белгілері

байқалмайды. Поэзия синтаксисінің стандартты болуы сирек, ол қай кезеңде де автономиялы дүние, сондықтан нормалардың қатаң сақталуы мен онан уәжді ауытқу көбіне стилдік мақсаттарға сай жүзеге асып отырады [6, 108 б.].

Демек, белгілі бір кезеңдерде дүниеге келіп, әлеуметтің сұранысына сай дамып жетілген ауыз әдебиеті тілінің синтаксисі оны тұтынушы топтың немесе көпшіліктің тілдік сансында орныққан өзіндік болмысымен айшықталады. Мысалы, жыр жолдарындағы сөйлемдердің құрылымына кіретін сөздердің орын тәртібі мен байланысу түрлерінде еркіндікпен қатар дәстүрлі жүйеліліктің сақталуы оның өзіндік нормасы болып табылады.

Сол бір мезгіл болғанда,
Қарсы найза салысты,
Қарт бурадай алысты,
Ат үстінде екі күн
Жағаласты салысты,
Үстіндегі ерлердің
Айбатына шыдамай,
Астындағы айуан да

Шөге жата қалысты (*Манашыұлы Тұяқбай*). Осы жолдар екі жай сөйлемнен құрылған: біріншісінің құрамындағы бастауыш – «олар» сөзі жасырын, екінші жай сөйлемдегі бастауыш – «айуан» көрнеу тұр. Бастауыш пен баяндауыштардың өзара байланысында (олар салысты, олар алысты, айуан жата қалды (қалысты) т.б.) қиыса байланысқан сол дәстүрліліктің ерекшеліктері тұр. Сол секілді, *ерлердің айбаты*(матасу), *найза салысты*, *жағаласты салысты* (меңгеру), *екі күн*, *сол бір мезгіл, үстіндегі ер*, *астындағы айуан* (қабысу) т.б. сөз тіркестерінің түрлерінен қалыптасқан жүйе, дәстүрлі байланысу тәсілдерін көреміз. Сөз тіркестерінің орын тәртібі айқын, мағыналары да осыған қарай орныққан. Ауысып кеткен жағдайда мағынасын жоғалтады, жоғалмаған күнде де, арасын ажыратуға келмейтін бір-бірімен матаса байланысқан тіркестерден өзгесі, дәл сол бұрынғы мәнінде жұмсала алмайды. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі берік және осы қалыпты формалар мен олар арқылы білдірілетін мағынаның арасында байланыс тұрақталған. Батырлар жырының синтаксистік жүйесін қазақ әдеби тілінің негізі ретінде қарастырғанда ертеден жалғасып келе жатқан сөздердің байланысу тәсілдері, сөз тіркестерінің түрлері, сөйлем мүшелерінің сөйлем ішіндегі және мәтін ішіндегі орны мен қызметі т.б. ерекшеліктерін негізге аламыз. Бүгінгі әдеби тіл жүйесінен алыс жатқан ауытқушылық көрінбейді.

Ауыз әдебиеті тілінің грамматикалық жүйесін талдаулар барысы мұнда «сөз дұрыстығына» барынша назар аударылатынын көрсетеді. Айтушымен қатар тыңдаушының да талғам сүзгісінен өтіп, бүгінге жеткен нұсқалары морфологиялық құрылымы мен синтаксистік жүйесі жағынан А.Байтұрсынұлы ұсынған негізгі тұжырымдарға сәйкес келеді. «Сөйлем ішіндегі сөздердің дұрыс септелуі, дұрыс көптелуі, дұрыс ымыраласуы; Сөйлемдердің бір-біріне дұрыс орайластырылып, дұрыс құрмаластырылып, дұрыс орналастырылуы» тиісті ережелер мен талаптар аясынан шықпайды. А.Байтұрсынұлы ұсынған лингвистикалық ұстанымдар тілдің төл табиғатынан алынғандықтан, тілмен бірге мәңгі жасай береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», - 2013. Т.IV: – 384 бет.
2. Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Арыс», 2008. 592 б.
3. Қалиев Б. Сөзстан (мақалалар жинағы). – Алматы: «Абылай хан атындағы ҚХКЖӨТУ-нің редакциялық-баспа орталығы», 2009. – 341 бет.
4. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана: «Астана полиграфия», 2002. – 784 бет. (135 б.).
5. Абасилов А. Әлеуметтік лингвистика: оқу құралы. – Алматы: «Palitra Press», 2016. – 250 бет.
6. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). – Алматы: «Ел-шежіре», 2014. – 292 бет.

КӨНЕ ТҮРКІ ЕСІМДЕРІНІҢ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Б. ӘБДУӘЛИҰЛЫ,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы.

Г. Қ. АЛПЫСБАЙ,

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты.
Астана қаласы.*

Ежелгі жазба ескерткіштер материалдары – бүгінгі және болашақ ғылым дамуының негізі ретінде маңызы зор мұра. Себебі ұлттық тарих, салт-дәстүр, танымдық әлем құндылықтары атадан балаға беріліп келе жатқан үздіксіз сабақтастықтың нәтижесі. Бұл сабақтастық барлық түркі жұртының басталу тарихының бір екенін айғақтаушы фактәрі басын қосып, бір арнаға тоғыстырушы тетік болып табылады. Алайда, бұл бағытта да әлі сыры ашылмаған мәселелер аз емес, «Құпия жазулар» (руна) деп аталуы дасондықтан болса керек. Түркі халықтары үшін маңызы зор жазба ескерткіштерді зерттеген сайын әр ғалым жаңаша қырынан тани түседі. Қазіргі таңда жазба мұралардағы кісі есімдерінің жазылу жүйесі өз алдына зерттеуді талап ететін күрделі мәселе. Көне тарихы түркі V-VIII ғасырларда алғаш тасқа таңбаланған кезден басталады. Кейін М.Қашқаридың жазба мұрасында да біршама есімдерге орын берілді. Орта ғасырлардағы басқа ескерткіштер материалдарында да, XVI-XVIII ғасырларда жазылған тарихи шежірелерде де кісі есімдерінің жазба нұсқалары молынан кездеседі. Оларды жинап, топтастырып, әр кезеңдегі таңбалану ерекшеліктеріне ғылыми тұрғыдан зерттеулер жүргізу бүгінгі қазақ антропонимикасының алдында тұрған келелі міндеттердің бірі болып табылады.

Көне түркі жазба нұсқалары туралы бізге жеткен мәліметтің барлығы – нақты тарихи деректерге сүйенудің нәтижесінде пайда болған ғылыми болжамдар. Сол үшін де талас пікірлердің көп, аудармалардың, оқылым нұсқаларының әртүрлі болуы заңды құбылыс. Ескі таңбалардың сырын ұғуға ұмтылған Ғ.Айдаров, А.Аманжолов, М.Жолдасбеков, Қ.Өмірәлиев, Е.Ауғали, Қ. Сартқожаұлы т.б. секілді қазақ ғалымдарының еңбегі зор. Көне жазу нұсқаларын зерттеу – үлкен еңбек пен табандылықты талап ететін іс. Кісі есімдерінің жазылу немесе таңбалану тарихы туралы айтарда қазіргі түркітанудағы мынандай мәселелерге назар аударуға тура келеді. Біріншіден – ұйымдастыру туралы. Алғашқы түркі жазуының құпиясы ашылғаннан бүгінге дейін оның сырларына үңілген ғалымдар аз бомағаны белгілі. Көпшілікке танылмаған талаптанушыларды айтпағанның өзінде, түркологияда аты кеңінен танылған зерттеушілердің оқуындағы әртүрлілікті бір ізге түсірудің мүмкіндігі алыс, өйткені олардың алды өмірде жоқ, арты бұрынғылар көрмеген жаңа деректерге тап болып отыр. Көне түркі жазба ескерткіштері зерттелген сайын пікір алшақтығы да көбеюде. Осыған қарап түркілік жазба мұралар графикасын тануды бір ізге түсірудің қаншалықты күрделі іс екенін және түркітанудың алдында аса үлкен міндеттер тұрғанын шамалауға болады. Дегенмен, алғашқы талпыныстар да жоқ емес, мысалы, Стамбұл университетінің профессоры Осман Фикри Серткая Көктүріктерге байланысты өз зерттеулерінің маңызды тұсы ескерткіштерді түгендеу мен библиографиясын жасауға арнағанын айта отырып, бұл саланың әлі біріділікке түспегеніне назар аударады. Оның себебі көктүрік әліппесінің географиялық аумағы Лена өзені жағалауынан бастап, Румыния мен Венгрияға дейінгі алып аумақты алып жатыр. Жүздеген жылдар бойы үзіліссіз жазылып отырған жазбаларды бір қалыпқа салу аса қиын іс. Ол осы қиындықты жеңілдетудің жолы ретінде өз қолындағы материалдардың библиографиясын жариялап, оны танудың ортақ жүйелі заңдылықтарын қалыптастыруды ұсынды [1, 22-66 б.]. Бұл ұсыныс қолдау тауып, дүниежүзі түркітанушылары бір орталыққа топтасса мәселенің де ортақ тоқтамға келері анық. Екіншіден – жазу таңбаларын тану турасында. Кей ғалымдар рунаны әліпбилік жазу ретінде таниды. Мысалы, түркі руна жазуының әліпбиін жасап, ғылыми қауымға ұсынған зерттеуінде А.Аманжолов «Түркі руна әліпбиі өте бай әрі дербес қалыптасқан графикалық жүйе ретінде көрінеді. ... дамудың барынша ұзақ жолын басынан кешірген түркі руналық әліпбиі тікелей жалпы көне әліпбилік жазу көздерінен бастау алады. Ондай бастаулар б.ж.с. дейін III-II мыңжылдықтарда өмір сүрген көне логографиялық немесе әліпбилік жазу болуы мүмкін» екенін айтады [2, 244-245 б.]. Ал Еркін Ауғали бұл жазуды идео-иероглифтік жазу дегенге меззейді: «Шумер идео-иероглифтерінен түркі руникалық таңбаларына жақын, тіпті ұқсастық таңбаларды кездестіруге болады» [3, 93 б.]. Көне түркілік руна жазуының сырларын танып, нормасын белгілеу қиын, дегенмен бірізді оқылуы мен транскрипциясын

орнықтыру көптеген игі істердің бастамысы болар еді. Әсіресе жалқы есімдердің, соның ішінде антропонимиканың да бір проблемасы өз шешімін табар еді. Әлем елдерінде көне түркілік тұлғалардың есімі мен жер-су атаулары (ата-бабаның кіндік қаны тамған тарихи мекен) арқылы рухани сабақтастық пен туыстық қатынастарға жол ашу ісі жолға қойылар еді. Жалқы есімдердің бірізді жазылуы түркілік ортақ тұлға ретінде тез танылуына және жалпы ғылым әлемінде олар туралы ақпараттардың қолжетімділігіне өзіндік әсер етпек.

«Қазіргі тіліміздегі кісі аттарының көбісі шығу тарихы жағынан көне түркі заманы мен орта ғасырларда пайда болған антрополоксеманың жалғастары (приемниками) болып саналады», - деп қазақ ономастикасының теориялық негізін қалаушылардың бірі Т.Жанұзақов көрсеткендей [4,27 б], бүгінгі ономастиканы көне ескерткіштерден бастап зерттеудің олардың жазылу жүйесі үшін де маңызы зор. Түркологияда көне түркі есімдерін зерттеу жақсы қолға алынғанымен, олардың көпшілігі негізінен мағыналық жағын қарастырумен ғана шектелуде. Ал антропонимдердің таңбалануы немесе жазылуы турасында қарастырылған еңбектер бірлі-жарым ғана. Әлем елдеріндегі ғалымдар қауымын айтпағанда, қазақ зерттеушілерінің тарихи есімдерді оқуында да бір-біріне ұқсамайтын өзгешеліктер бар.

Ежелгі жазба ескерткіштерді қазақша сөйлеткен зерттеушілердің «Күлтегін» және «Тоныкөк» жырларының кирилл қаріпінде жазылған аудармасын салыстыра қарағанда, адам есімдерінің жазылуында біршама өзгешеліктер бар екені байқалды. Қ. Мырзалиев көркем аудармасында *Күлтегін*, *Тоныкөк*, *Білге* түрінде берсе, Қ.Өмірәлиев *Білге Тоңуқұқ*, *Күл тегін*, Ғ.Айдаров *Тоникуқ*, М.Жолдасбеков *Білге Тоныкөк*, Қ.Сартқожаұлы *Түй-ұқұқ*, А.Аманжолов *Түйұқұқ* түрінде қазіргі жазу жүйесінде береді. Ғалым Қ.Сартқожаұлы *Түй-ұқұқ* атауының себебін түсіндіре келе: « ↓ ↓ ↓ » ⚡ = «тү-ициқ». В.Томсен 3 кескінді «j» деп оқыған. Е.Н. Клемеш *Түй-ұқұқ* ескерткішін тауып, 3 таңбаны «ни» деп оқу туралы ұсыныс жасаған. *Түй-ұқұқ* мәтінінен бастап, бұл ұсынысты қолдап «ни» деп транскрипция жасаған» [5, 127 б], - деген пікір білдіреді. Аудармалардағы өзгешеліктерді сынға алып: «Басқа да есімдер осылайша әркілі аталып келеді. Алайда, бұлардың ешқайсысы да неліктен солай қолданып отырғандарын негіздеп, дәлеледеп, басқаны терістей отырып түсіндірмейді» [6, 118 б] - деген С.Шүкірұлының пікіріне келіспеске болмайды. «Күлтегін» және «Тоныкөк» жырларындағы антропонимдердің берілуі төмендегі кестеде көрсетілген (1-кесте).

1-кесте.

А.Аманжолов нұсқасы	Қ.Мырза Әли көркем аудармалары	Ғ.Айдаров нұсқасы	Қ.Өмірәлиев нұсқасы	М.Жолдасбеков нұсқасы	Қ.Сартқожаұлы нұсқасы
«Күлтегін» жыры					
Істемі қаған	Естеби	Істемі қаған	Істемі қаған	Істемі қаған	Істемі қаған
Бумын қаған	Бумын	Бумын қаған	Бумын қаған	Бумын қаған	Бумын-қаған
Бөклі қаған	Бөклі хан	Бөклі қаған	Бөклі қаған	Бөклі қаған	Бөклі қаған
Елбілге қатун	Ақ Елбіге	Елбілге қатын	Ілбілге қатын	Елбілге қатын	Ел-білге қатын
Елтеріш қаған	Ер Елтеріс	Елтеріс қаған	Ілтеріс қаған	Елтеріс қаған	Елтеріс қаған
Баз қаған	Боз-қаған	Баз қаған	Баз қаған	Баз қаған	Баз-қаған
Барыс	Барыс	Барс	Барс	Барс	Барыс
Күлтегін/Күл тегін	Күлтегін	Күлтегін	Күл тегін	Күлтегін	Күлтегін
Чача сенгүн		Чача сенүн	Чача Сенүң	Чача Сенүн	Чача сенүн
Тадыкын- Чур		Тадыкын чор	Тадықтың Чуры	Тадыкын чур	Тадыкын-чор
Умай	Ұмай	Умай	Умай	Умай/Ұмай	Ұмай
Ышбара Ямтар	Ышбар Ямтар	Ышбара қолбасы	Ышбара Жамтар	Ышбар Ямтар	Ышбара Жамтар
Иеген Сіліг бек	Иегін Сілікбек	Иегін Сілік бек	Жегін Сілік бек	Йегін Сілікбек	Жіген-сіліг
Улук/Улуғ Еркін	Ұлық Еркін	Ұлық Іркін/Улық Іркін	Ұлығ Іркін	Ұлық Еркін	Ұлуғ-еркін
Қошу тутуқ	Құшы Тұтық	Қушы Тұтұқ	Кушу тутуқ	Құшы тұтық	Қоошу-тұтұқ
Тоңға тегін		Тоңатегін	Бір ру алпағуын	Тоңатегін	Тоңа-тегін

			(алпауыт-батырын)		
Исйі Ликең	Ісіі Лікең	Ісйі Лікең	Ісіі Лікең	Ісіі Лікең	Ісіі Ликең
Ұдар сенгүн	Удар сеңун	Удар сеңун	Удар Сеңун	Удар сеңун	Удар-сеңун
бөлүн (уәзір)	Бөлен	Бөлен	Бөлек	Бөлөн	Бөлен
Нең сенгүн	Нең Сеңун	Нең сеңун	Нең Сеңун	Нең Сеңун	Нек-сеңун
Оғұл тархан	Тарханұлы		Оғыл Тарқан	Тархан ұлы	Оғул-тархан
Мақрач таңбашы	Мақраш таңбашы	Мақраш таңбашы	Мақрач тамғашы	Мақраш таңбашы	Мақараш-таңбашы
Білге таңбашы	Оғыз Білге таңбашы	Оғыз Білге таңбашы	Оғуз Білге тамғашы	Оғуз Білге таңбашы	Оғыз Білге таңбашы
Ынанчы Чур	ынаншы Чур	Ынаншы Шор	Ынанчу чур	Ынаншы Чур	Ынанчу-чор
Чаңг сенгүн	Чаң Сеңун	Чаң сеңун	Чаң Сеңун	чаң Сеңун	Чаң-сеңун
«Тоныкөк» жыры					
Дана Тұңғұқ	Тоныкөк Білге	Білге Тоникуқ	Білге Тоңуқуқ	Білге Тоныкөк	Білге(дана) Тұңғұқ
Елтеріш қаған	Ілтеріс/Елтеріс /Елтеріс Ер	Ілтеріс/Елтеріс	Ілтеріс/Елтеріс	Елтеріс	Елтеріс қаған
Құны сенгүн	Құны сеңун	Құны сеңун	Қуны Сеңун	Құн сеңун	Құну-сеңун
Тоңра Сем	Тоңра Сем	Тоңра сем	Тоңра Сем	Тоңра сем	Тоңра-сем
Інел қаған	Інен қаған	Інел қаған	Інел қаған	Інел қаған	Інел-қаған
Бөгү қаған	Бөгі қаған	Бөгі қаған	Бөгү қаған	Бөгі қаған	Бөгү-қаған
	Сұқ	Сук	сук (құшық)	Сұқ	
Қапаған қаған	Қапаған қаған	Қапаған қаған	Қапаған қаған	Қапаған қаған	Қапаған қаған
Білге қаған	Білге қаған	Білге қ...	Білге қаған	Білге қаған	Білге-қаған

Түпнұсқада алғашқы таңбадағы ерекшелікпен **𐰇𐰪𐰸𐰸𐰽** (КТ.І.26), **𐰇𐰪𐰸𐰸𐰽** (КТ.І.27) түрінде таңбаланатын Күлтегін есімі Қ.Сарткожаұлы транскрипциясында латын қарпінде Küül-tegin, Kül-tegin, Kül-tigin нұсқасында берілсе, А.Аманжолов нұсқасында kül tig'n түрінде біркелкі қолданылады. С.Шүкірұлы Күлтегіннің мағыналық жағына тоқтала кетіп: ««Тегін» дегенді, дәреже, билік атағы дейтін дейміз...Күл Тегін – Күн тегін, яғни Күн текті деген ұғым болар деймін» [2, 118 б] – деген пікір білдіреді. Дегенмен Күлтегін есімі ерлігіне, батырлығына берілгендіктен, күннен гөрі, күш, атакпен байланыстырған орынды болар. «Kü – слава, молва (Hüen₁₅₆; Uig I 19₁₃) [3, 322 б]; Teg – 1. Доходить, достигать; 2. прийти к чему-л., обрести что-л. [3, 546-547 бб]» екенін ескерсек, «атаққа жеткен, күш алған» деген мағынада берілген есім болса керек-ті. «Тарихи деректерді сараптау ұзақ уақыттық дамудың нәтижесі болғандықтан, антропоним жүйесін кеңірек түсінуге мүмкіндік береді» [4, 208 б]. Сондықтан есімдердің бүгінгі жазылу жүйесін бір жүйеге түсіру үшін байырғы түрік мәтіндеріндегі антропонимдерді саралау, жүйелеу қажет. «Осы сала бойынша маманданып, бүкіл ғұмырын арнаған кәсіби зерттеушілердің де, тыңнан жол салып, ғылымның бұл арнасына бір бүйірден қосылған ізденушілердің де алға қойған міндеті біреу ғана. Арғы дәуірдің тасқа қашалып таңбаланған шынайы болмысын бергі дәуірге бояуын өзгертпей жеткізу» [2, 12 б] - деп негізгі міндетті анық көрсеткен профессор Бауыржан Омарұлының пікірі орынды-ақ. Тарихи антропонимдердің жазылу жүйесіне деген қызығушылық ғылыми-зерттеу еңбектері үшін ғана емес, сонымен қатар бүгінгі таңда жалпы жұртшылықтың ұғымында тарихи тұлғалардың бірегей бейнесін орнықтыру үшін де қажет екені сезіліп отыр. Екіншіден, тарихи тұлғалар есімі өзі өмір сүріп отырған дәуірдің бейнесі бойынша ақпарат жеткізу қызметін де атқарады. Мысалы, Тоныкөк, Білге қаған т.б. есімі арқылы қазіргі ұрпақтың көз алдына көне түркілік дәуірдің бейнесі елестейді. Сөз тұлғасы мен мағынасының арасындағы байланыстың тығыздығы мен біртұтастығы нормалылықтың көрсеткіші, сондықтан тарихи есімдердің түркілік танымда, сонымен қатар әлемдік ғылымда біртұтас жазылуы бойынша танылуы үшін де ортақ тоқтамға келудің маңызы зор.

Әдебиеттер тізімі:

1. ЖанұзақовТ. «Қазақ есімдерінің тарихы» (Лингвистикалық және тарихи-этнографиялық талдау).– Алматы: «Ғылым», 1971. – 217б.
2. Көне түркі жазуларының зерттелуі: бүгінгі мен болашағы. – Астана: «Ер-Дәулет»,- 2004. – 232 бет.

3. Древнетюркский словарь. – Ленинград: «Наука», 1969. – 678 с.
4. Мусабекова У.А. Антропонимическая система древних тюрков (на материале древнетюркских памятников письменности // Вестник Тамбовского университета. Серия: Гуманитарные науки. Выпуск: 10 (150)/ 2015. УДК 81-2.
5. Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. 2-кітап (түпнұсқа, оқылымы, аудармасы, түсініктемесі). – Алматы: «Абзал-Ай», 2012. – 324 бет
6. Аманжолов А.С. Түркі филологиясының негіздері. Алматы: «Мектеп», 2012. – 344 б.
7. Күлтегін Тоныкөк: Ежелгі түркі рун жазбалары. – Алматы: «Өлке», 2001. – 144 бет.
8. Осман Фикри Серткая Көктүрік (руник) әріпті жазуларды түгендеу, әліпбиін түзу және библиографиялық кейбір мәселелері туралы // Көне түркі ескерткіштері: палеография, мәтінтану, жазу тарихы. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: «Ер-Дәулет», 2007. – 168 б.
9. Аманжолов А. К генезису тюркских рун // Орхонские надписи. Кюль-тегин. Билге-каган. Тонюк. – Алматы: «Дәуір», 2001. – 256 стр.

ӘСКЕРИ ЛЕКСИКАНЫҢ ЭПОС ТІЛІНДЕГІ СТИЛЬДІК СИПАТЫ

А. ӘЗІМХАНҰЛЫ,

*Л.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл
білімі кафедрасының магистранты.
Астана қаласы*

Қазақ әдеби тілінің негізгі арналарының бірі болып табылатын батырлар жырының лексикасы өте бай, көркемдік-эстетикалық қуаты күшті, стильдік әлеуеті мол болып келеді.

Батырлар жырында жиі қолданылатын тілдік бірліктердің бірі – әскери лексика.

Эпостық жырлар әскери лексикаға бай. Өйткені эпостық жырлардың түпкі мәні - елді, жерді қорғау, сол елді қорғайтын батырды дәріптеу екені анық.

Академик Р.Сыздықова: «Жаугершілік мазмұнды тұтас шумақтар немесе жеке тіркестер мен сөздер XV-XVII ғасырлардағы қазақ әдеби тілінің сипатты белгілерінің бірі. Ұрыс-соғыс, ел қорғау ұғымындағы лексиканың әдебиет дүниесінде басты орын алғандығы сондай, ол көркемдеу құралына айналып, образ жасайтын фразалар құраған», - деп орынды көрсете білген [1;100].

Эпостық жырларда әскери лексика молынан қолданылады. Олар қару-жарақ, сауыт-сайман атаулары: берен, садақ, найза, семсер, сүңгі, мылтық, жебе, қынап, кіреуке, бадана, дойыр, адырна, қарын т.б. Сонымен қатар, соғыс-ұрыс атауларына қатысты етістіктер де жиі қолданылады: жай тарту, қарынын қанға бояу, адырнасын құру, семсермен турау, қанға боялу, қабағынан қар жауу, қамалды бұзу, жарақтанып алу, түн қатып жорту, атқан оғын жоғалту т.б.

Батырлар жырында қолданылатын әскери лексика жырдың көркемдігін, бейнелілігін танытуда ерекше рөл атқарады.

Жалпы алғанда, батырлар жырында қолданылатын әскери лексика сан алуан стильдік мақсатта қолданып, жырдың тілдік әлеуетін көтеріп, көркемдік-эстетикалық қуатын арттырады. Сонымен бірге, эпостағы әскери лексика тура мағынадағы есім сөз формасында ғана емес, сан алуан бояуға қаныққан келтірінді мағынадағы сөз образын жасауға негіз болады.

Мысалы: «Ер Тарғын» жырында:

Жас шыбықтан **жай тарттың,**
Жалғыз шиден **оқ аттың,**
Атқан оғың жоғалттың,
Көне шыққан мүйізің?
Немесе:
Қоңыраулы **найза қолға алдың,**
Қоңыр салқын төске алдың,
Жауды көрсен шүйілдің,
Жеңсіз берен киіндің,
Көк серек атты борбайлап,
Қамалды бұздың айғайлап,
Қане шыққан мүйізің? (44-том, 9-б)

Іеген жыр жолдарындағы «жай тарту», «оқ ату», «атқан оғын жоғалту», «найза(ны) қолға алу», «жауды көрсе шүйілгіуі», «айғайлап қамал бұзу» сынды етістіктікті тіркестер ұрысқа сай азаматтың бейнесін, оның мінезін, бітім-болмысын ашу сипатында қолданылған.

Эпостық жырларда қолданылатын әскери лексика тек ұрыс-керіс, соғысқа қатысты ұғымдарда ғана қолданылмайды, сондай-ақ батырдың бейнесін, астындағы тұлпарын сипаттауда, батырдың ата-анасы мен сүйген жарының бейнесін беру мақсатында да қолданылады.

(«Ер Тарғын» жыры, 44-том 2-б.)

Бектер мінген бедеудей
Бауырынан жараған.
Бет ажарын қарасаң,
Жазғы түскен сағымдай.
Бет ажарын байқасаң,
Терісінен айырған
Жарша бидай ақ ұндай.
Қасы **саржадай** керілген,

Кірпігі **оқтай** тігілген, - деген жолдарда «саржа», «оқ» атаулары образ үшін қолданылып, сипаттау құралы ретінде жұмсалған.

Әскери лексиканың өрісі кең. Эпостық жырларда батырдың ішкі ойын, соғысқа аттанар алдындағы жан арпалысы мен психологиялық ахуалын жеткізу мақсатында да қолданылады. Мысалы, «Алпамыс батыр» жырында:

Қуаттанып болған соң,

Жарағын алды сайланып,
Жалаң қылыш байланып,
Толып жатқан қалмаққа
«Шабайын» деп ойланып,
Жарақтанып алды енді. (35-том. 22-б.)

Немесе:

Талай жауға мақтатқан,

Төрт қырлаған көң сүңгі
Жау ішінде жалданып,
Толғамасам маған серт!
Толғауыма шыдамай,
Толықсынсаң саған серт! («Ер Тарғын» жыры, 44-том 27-б.)

Әскери лексика жырдағы соғыс динамикасын, ондағы батырдың қимыл іс-әрекетін, жауына жасайтын шабуылдарын суреттеу тәсілдерінде де белсенділік танытып, автор позициясына мақсатты түрде қатысады. Мысалы:

Қысылмай батыр не қылсын,
Сауытын қанға малшыды.
Бір уақыт болғанда,
Толғады батыр найзаны.
Жалғыз **жаумен** ойнады,
Жауды еркіне қоймады.
Көтеріп салған **көк сүңгі**
Тіріде қанға тоймады.
Бір уақыт болғанда,
Суырды белден қанжарды.
Жауға таман ал барды,
Қалмақтың көбі жалбарлы.
Жалбарлыны **сермеді,**
Іліндірді сағактан,
Бауыздады тамактан.
Қарсы алдынан қараса,
Адам шыдар ер емес.
Қар жаудырды қабақтан,
Бір уақыт болғанда,
Қынабынан суырды,
Қиялады тартып қылышты,

Жалғыз жаумен ұрысты

(«Ер Тарғын» жыры, 44-том 29 б.).

Жоғарыдағы үзіндіде айтылған «сауытын қанға малшу», «найза толғау», «жауды еркіне қоймау», «қанға тоймау», «қанжарды суыру», «жауға таман бару», «тамақтан бауыздау», «қынабынан қылыш суыру», «қиялай тарту», «жаумен ұрысу» етістіктері соғыс қимылдарын ашып көрсету мәнінде жұмсалыумен қатар, адам сезіміне эмоциялық әсер ету мақсатында қолданыс тапқан.

Берілген мысалдарға қарап әскери лексиканың стильдік қызметінің әралуан екендігін байқауға болады. Бірде қару-жарак, құрал-сайман атауы ретінде қолданып, заттық ұғымда жұмсалса, бірде батыр бейнесін, оның соғыстағы іс-қимылын ашу мәнінде және кейіпкердің мінез-құлқын ашу барысында тура және жанамалық сипаттағы мінездеменің жүгін арқалауға негіз болатындығы.

Сонымен қатар, әскери лексика тобындағы кейбір атаулардың омонимдік, сөздің көп мағыналық қатарын құруға қабілетті екендігі. Мәселен, жырда кездесетін «берен» сөзін алайық.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» төмендегідей түсінік берілген:

I. Ұңғысы ұзын шиті мылтық.

II. Пышақ сияқты қару, қанжар.

III. Нейлон, шыныпластикалық кеудеше немесе құрыш өмілдірік, әскери қызметшілердің қорғаныс жарағы.

IV. Ауысп. мағ.: Батыр, ер [3т.278-б.]. Осы ойларға дәлел ретінде жырдан үзінді келтірейік.

«Алпамыс батыр» жырында:

Алпамыс берен ойлады.

Қайратты туған бала-ды,

Тайшыққа кетіп барады.

(«Алпамыс батыр» жыры, 35-том.11-б.)

«Ер Тарғын» жырында:

Жауды көрсен шүйілдің,

Жеңсіз берен киіндің,

Көк серек атты борбайлап,

Қамалды бұздың айғайлап,

Қане шыққан мүйізің?

(«Ер Тарғын» жыры, 44-том 9-б.)

Немесе:

– Алда тізгін оңдаса,

Көк сүңгіні салармын.

Балдағы алтын ақ берен

Қызыл қанға малармын.

(«Ер Тарғын» жыры, 44-том 6-б.)

Жоғарыда келтірілген дәйектердің біріншісінде - берен сөзі ауыспалы мағынада жұмсалып, батыр, ер ұғымында қолданылған; екінші әдеби дәйекте – жеңсіз берен сөзі әскери қызметшілердің қорғаныш жарағы ретіне; ал үшінші контексте – берен сөзі қанжар, қару мағынасында қолданылған. Осы сияқты кейбір атаулардың әртүрлі контексте стильдік мақсатқа сай әр түрлі ұғымда жұмсалуы - эпос тілінің іштей іштей «түлеу» қасиеті мен мақсатқа сай ұғымға жеңіл бейімделе алатын табиғи қасиетінде болса керек-ті.

Сонымен, ойымызды қорытындыласақ, эпостық жырлар әскери лексикаға өте бай. Жырларда түрлі стильдік мақсатта пайдаланылған әскери сөздердің қолданылу өрісі өте кең.

Әскери лексика – эпос тілін көркемдік-эстетикалық жағынан күшейтіп, тіл құнарын байытумен қатар, оның әлеуетін арттырудағы мықты арқаулардың бірі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сыздықова Р. Қазақәдеби тілінің тарихы. Алматы, 1993. – 320 б.
2. Бабалар сөзі. Астана, 2014. 35-том, 45-том.
3. Қазақәдеби тілінің сөздігі. Алматы, 2011. 3-том.

«КҮЛТЕГІН ЕСКЕРТКІШІНДЕГІ» ҚОС ТАРМАҚТЫ АФОРИЗМДЕР

Т. ӘКІМБАЙҰЛЫ,

*Қытай Орталық ұлттар университеті
қазақ тілі және әдебиеті факультетінің
PhD докторанты.
ҚХР Пекин қаласы*

Түркі халықтарының тарихындағы аса бағалы жазба мұралардың бірі – 19-ғасырдың соңында Моңғол үстіртінен байқалған Орхон-Енисей ескерткіштері. Орхон-Енисей ескерткіштері – осыдан 13 ғасыр бұрынғы түркілердің тілінен, тарихынан, мәдениетінен және дүниетанымынан жан-жақты хабар беретін аса маңызды жазба құжат. Ежелгі түріктерден қалған бұл тас ескерткіштің тілі бай, сөздік қоры қомақты, сөйлемдері орамды, композициялық құрылымы шымыр болып, мазмұныбіршама толық, образды әрі шешен тілмен жазылған көркем шығарма деп қарауға татиды. Біз бұл мақаламызда осы бір бағалы жадыгер Орхон-Енисей ескерткіштерінің маңызды бірі болып табылатын «Күлтегін ескерткішіндегі» мазмұны қысқада тұжырымды, ойы айқын әрі образды, белгілі сингармонизмдік сәйкестікке түскен, қисынға түсіп, қиюын тауып келетін екі тармақты афоризмдік тіркестерге талдау жасаймыз.

«Күлтегін ескерткіші» 1899 жылы МоңғолиядағыОрхон өзенінің кіші тармағы болған Көкше Орхон суы аңғарындағыХошот сайдамдеген жерден табылған. Бұл ескерткіш тарихтағы екінші Түрік қағанатының (682-744) алғашқы қағаны Құтлықтың (Елтеріс қаған) кіші ұлы Күлтегінге (685-731) 732жылы орнатылған. Күлтегін екінші Түрік қағанатының төртінші қағаны Моглянның (Білге қаған) (684-734) інісі болып, ағасы Моглян екеуі әкелері Елтеріс қағанның орнына таққа отырған, кіші әкелері Қапаған қаған өлгеннен кейін, Қапағанның орнына таққа отырған ұлы Тәңір қағанға қарсы саяси қозғалысжасап, 716 жылы қағанат билігін тартып алады. Қапаған және Тәңір қағанды, туыстарын түгел қырып салады, сосын Күлтегіннің қолдауында ағасы Моглян қағанат тағына отырып, Білге қаған атанады да,Күлтегін қағанаттың бас әскери сардары болып, соғыс-жорықтарға қолбасшылық етеді. Күлтегін батыр 731 жылы (Түрікше жыл санауы бойынша қой жылы) қаңтарда 47 жасында қайтыс болады, әрі сол жылы қыркүйектежерленеді. Оған арналған бұл аталмыш тас ескерткіш 732жылы (Түрікше жыл санаубойынша Мешінжылы) шілде айында орналылады.

Күлтегін ескерткішінің толық мәтіні жалпы 66 жол руна жазудан, үш бөлімнен тұрады. Бұнда толық мәтіндегі сюжетке қарағанда бірінші бөлім: ескерткіш тастың түстік бетіндегі 1- 13-жолға дейінгі жалпы он үш жол кіріспе бөлімі. Екінші бөлімі шығыс бетіндегі 40 жол және терістік бетіндегі басқы 9 жолды қамтыған, жалпы негізгі бөлімі 49 жолдан тұрады. Үшінші бөлім – батыс, терістік-батыс және түстік-батыс беттерінде жазылған 4-жол, бұл қорытынды бөлімі болып есептеледі. Ескерткіш сюжеті негізінен бірінші жақпен баяндалған, шақтық ерекшеліктері айқын. Көбінде уақиғаны баяндауда егістікке «- *miš/miš*», «- *di/di*», «- *di+miz*» қосымшалары қосылып келеді.

Ескерткіште кездесетін қос тармақты афоризмдер:

1. *säbi süčig, aγisī yimšaq/süčig sabin yimšaq aγin(S.5/6)*¹

«... Сөзі тәтті, дүниесі жұмсақ» деген мағынада болып, бұл Түрік қағандарының түстіктегі көршісі Табғаш (Таң) еліне қарата айтқаны. Мұндағы екі жай сөйлем тармағының соңғы сөздері «тәтті», «жұмсақ» сөздері әр түрлі сапалық шаманы білдіретін сынесім сөздері болып эпитет ретінде қолданылып отыр. Осындай үлгі қазіргі қазақ тілінде «тәтті-дәмді», «жылы-жұмсақ» болыпта кездеседі, сондай-ақ қазақ тіліндегі шешендік сөздерде: «Сөзінің тәттісін, бөзінің жұмсағын. . . » (Дәрубай шешен), «Қонағыңа етіңнің жұмсағын қимасанда, сөзіңнің тәттісімен сыйла» (Қанабек шешен) кездеседі.

2. *iraq ärsär yablaq aγi birür, yaγuq ärsär ädgü aγi birür(S.5)*

Бұл тіркесТабғаш еліне, оның билеушілеріне қаратыла айтылған. Мағынасы – «Жақын болғанға жақсы дүниесін, алыс болғанға жаман дүниесін берер».Бұл сөз мағыналық жағынан «Жақын болғанға жақсылығыңды аяма, алыс қалғанға бұрылыпта қарама» (Есенкелді бидің нақылы) деген шешендік нақылға ұқсайды, бірақ құрылымы мұндай ширақы, тұрақты емес, десе де нақылдардың байырғы түрі осындай жүлгесі босаң, қарпайымдау болып келуі де мүмкін.

¹**Ескерту:**Мақаладағы тіркестер соңына алынған латынша үлкен әріптер сол тіркестің ескерткіш бетіндегі орнын, мысалы: **S** түстік, **E** шығыс, **N** терістік беттерін, соңындағы цифр жол санын көрсетеді.

3. *ačsiq tosiq ömäs sän, bir todsar ačsiq ömäzsän(S.8)*

Бұл – Білге қағанның халқына (түрік) айтқаны, мағынасы – «Аштықта тоқ болам деп ойламайсың, бір тойсаң аш қалам деп ойламайсың». Бұдан түріктердің он үш ғасыр бұрын да ұзақты ойлап, болашақты болжап жоспарлап жасамайтын аңғал да қамсыз дүниетанымын, менталитетін байқауға болады. Қазіргі қазақ тілінде бұған ұқсайтын «Аш бала тоқ баламен ойнамайды, тоқ бала аш қалам деп ойламайды» деген мақал және «Кедейдің бір тойғаны шала байығаны» деген тәмсіл кездеседі. Бұларайтпақшы ойымен мазмұныжағынан бір-бірінен онша алшақ кете қоймасы анық. Ескерткіш ішінде берілген тіркес қазіргі нақылмен тәмсілдіңежелгі түрі деуге болады.

4. *čïyan boduniy bay qiltim, az boduniy üküš qiltim(S.10/E.29)*

Мағынасы – «Кедей халықты бай қылды, аз халықты көп қылды»

čïyaniy bay qilti, aziyüküš qilti(E.16)

Мағынасы– «Кедейді бай қылды, азды көп қылды».Бұл екеуі де Білге қағанның сөзі. Ескерткіште бұрынғы даңқты бабаларының ерлік жолына айтылған мадағы ретінде қолданылады. Алдыңғы тіркес ескерткіште екі жерде, соңғы тармақ бір жерде кездеседі де,мұндағы екі тармақтың да жеке-жеке шарты және қорытындысы толық болып, «Шығай» мен «Бай», «Аз» бен «Көп» сынды антонимдер шендестіріліп ой түйеді. Екінші тіркесте алдыңғысымен парық тек «*bodun*» (*халық*) дегенсөздіңтүсіп қалғаны. Бұлардың екеуі де қазақ шешендік сөзіндегі қос тармақты афоризм формасына толық сәйкес келеді. Осыған негізделіп бұл тіркестерді Білге қағанның шешендік сөзі деуге болады.

5. *üzä kök täñri, asra yayiz yir...(E.1)*

Мағынасы –«үсті де көк аспан, асты да қоңыр жер».Бұл тіркес Күлтегін ескерткішінде ғана емес Орхон-Енисей ескерткіштерінің көбінде кездеседі. Бұған түріктердің ежелгі дүниетанымы, наным-сенімі толық сыйдырылған сияқты, құрылымы жағынан әбден қалыпқа түскен, өзгертуге келмейтін тұрақты тіркес болып қалыптасқан. Бұл Исламға дейінгі түріктердің аталысөз бастаудағы әлқиссасы болып, ежелгі Көк тәңіріне табынатын нанымның орнын Исламдық дүниетаным басқан соң, біртіндеп қолданыстан шығып қалған көрінеді. Деседе тілімізде байырғы нанымның жұқанасы ретінде «Көк аспан», «Қара жер», деген тіркестерәуелгі үлгіде сақталып қалыпты.

6. *bašliyyüyüküntürmiš, tizligigsökürmiš(E.2/15/18)*

Мағынасы– «Бастыны жүгінтеміз, тізеліні бүгілтеміз (сөгілтеміз)». Ескерткіш мәтініндегітілдің лексикалық мағынасы жөнінен алғанда, «жүгіну» (көбінде бас иіп жүгіну түрінде қолданылады) басқа, «бүгілу» тізеге қаратылады. Мұнда дәстүрлі афоризмдер сияқты алдымен затты, сосын оның ерекшелігін сипаттайды. Бұндағы соңғы «*Yükü-*», «*Sök-*» сөздері сингармонизмдік сәйкестіккетүсіп, ұйқасып келетін ерекшелік, түркі халықтарындағы шешендікдәстүр жақсы сақталған қазақ, ноғай, қарақалпақ, қырғыз және башқұрттардың шешендік толғауларының ерекшелігімен ұқсайды. Сондықтан бұл тіркесті де Білге қағанға тән, Түріктердің шешендік толғауының алғашқы үлгілері деуге болады.

7. *... süsi böri täg ärmiš, yaçisi qon täg ärmiš (E.12)*

«(Әкем қағанның) әскері бөрідей еді, жауы қойдай еді» болып келетін тіркестегі әрекі тармақтағы «бөрі» және «қой» бір-біріне қарама-қарсы екі салыстырмалы образ болып, әлсіз бен күштіні шендестіру тәсілі қолданылған.Бұл – образды бейнелеудің көркем әдеби стилистикалық тәсілі арқылы жасалған тіркес.

8. *qul qulliy bolmiš ärti, küñ küñlüg bolmiš ärti (E.21)*

inisi äčisin bilmäz ärti, oçli qañin bilmäz ärti(E.21)

Мағыналары– «Құл құлды болды, күң күнді болды»; «інісі ағасын танымас еді, баласы әкесін танымас еді». Бұл екі тіркес Ескерткіш бетінде бір жерде кездеседі, әрі екеуі де құрылымы жағынан ұқсас, формасы жағынан да қазіргі Түркі халықтар тілінде көп сақталған шешендік сөздердің үлгісіне өте жақын. Білге қаған арғы бабалары Естеміс, Бумын қағандар заманының молшылық, елдің бақуатты болғанын, құлдың да құлы, күннің де күні болып, жарлы баймен, жалқы көппен теңелген бақытты заман екенін, ағамен іні, әкемен бала да бірін-бірі күні көп түсіп іздей қоймайтын, тоқшылық, бейбіт заман болғанын әдеби стилистикалық тәсілмен тамаша образдап жеткізген.

9. *üzä täñir basmasar, asra yir tälinmäsar... (E.22)*

Мағынасы – «Төбеде аспан құламаса, астыда қара жер қақ айырылмаса».Бұл ежелгі түркі тіліндегі көп қолданылатын екі тұрақты тіркесқазіргі қазақ тілінде «Аспан құлап түскендей», «Жер қақ айырылғандай» дегентіркестермен мәндел, ертегі-аңыздарда «Көк аспан құламаса, қара жер айырылмаса», «Аспан айналып, жер құрылып» деп келетін тіркестер де кездеседі. Бұл туралы Қытайдың көрнекті мифологыЛйу Счиэносындай аспан құлап жер айырылмаса, онда одан өзгенің

бәрі адамның қолынан келеді деп қарау ежелгі түріктер заманынан қалған дүниетанымының жұқанасы деген ой айтады.

10. *qanıñ subça yügürti, söñüküñ taýça yatdı* (E.24)

Мағынасы– «Қаным судай төгілді, сүйегім таудай үйілді». Осыған ұқсас тіркестер қазақ батырлар жырында көп кездеседі. Мұнда анық ұйқас, бунақ және екпін сияқты поэзиялық факторларда қамтылған. Мәтінде шырғалаң заман, дүрбелең қоғамның суретін қанның судай ағуы мен сүйектің таудай ұйылуы сынды әдеби кейіптеу тәсілі арқылы образды түрде көрсеткен. Бұндай поэзиялық бояуы бар тармақтар афоризмдердің негізгі ерекшеліктері есептеледі.

11. *bäglük urı oylıñ qul boltı, silik qız oylıñ küñ boltı* (E.24)

Мағынасы– «Бек ұлдарың құл болды, ару қыздарың күң болды». Мұндағы бір түсініксіз сөз – «*urı*». Лексикалық мағынасы қазіргі «ұры-қары» сөзінен басқашалау, бұл сөз көне түркі ескерткіштерінде және одан кейінгі көне ұйғұр жазбаларында «ұл бала» (ер бала) мағынасында кездеседі. Ал «*oyl*» сөзі көбінде «бала» (ұл немесе қыз) атауының жалпы есімі ретінде қолданылады. Бұл тіркес қазіргі қазақ тілінде көп өзгермей-ақ «Ұлы құл болды, қызы күң болды» түрінде сақталған. Ежелден көшпенді халықтардың танымында қасіретті, аянышты тағдырды бейнелейтін «күл» мен «күң» сөздерін басқа шамалас сөзге алмастыруға келмейді, құрылымы жағынан бұрынғы қалпынан өзгермей тұрақты күйін сақтаған. Таяу заманға дейін қазақ хандары мен билері әдетте айтар сөзін осындай салмақты тіркестермен әрлеп, әсерлі етіп айтуға дағдыланған, бұл тіркесте сол замандағы қағанның аузынан шығуға лайық әсерлі афоризм.

12. *içrâ ačsüz, tašra tonsüz* (E.26)

Мағынасы түсінікті: «іші ассыз, тысы тонсыз». Мұндағы «тыс» (*taš*) сөзі қазіргі қазақ тілінде белсенділігі біршама төмендеп қалса да, әлі қолданыстан шығып қалғаны жоқ. Осыған ұқсас тіркестерді таяу заманғы және қазіргі қазақ тілінен көптеп табуға болады. Мұнда әр екі тармақ сингармонизмдік сәйкестікке жуықтау болғанымен бунақтары тым қысқа болғандықтан жыр үлгісіне келе қоймайды. Десе де айтар сөзді салмақтап, мәнерлеп айтуға септігін тигізетін афоризмдік тіркестер қатарына жатқызуға болады.

13. *tün udımadım, küntüz olurmadiım* (E.27)

Мағынасы: «түн ұйықтамадым, күндіз отырмадым», қазіргі сөйлеу мәнерінен алыс емес. Бұндағы «*tün*» сөзінің соңындағы жатыс септігі түсіп қалған («түнде» емес), бірақ бұл ойдың толық жеткізілуіне ықпалын тигізбейді. Қазіргі қазақ тілінде аздаған өзгеріспен «Күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмеу» болып жақсы сақталған, әр екі тармақтың өзара қабысуы берік, сөздерінің орнын алмастыруға келмейді. Осы ерекшеліктеріне қарай отырып, бұл тіркесті афоризмдік тұрақты тіркес деген жөн.

14. *öltäci bodunıñ tırgürü igt(im), yalañ bodunıñ tonlıy, çıyan boldunı bay qıltım, az bodunıñ üküš qıltım* (E.29)

Мағынасы– «Өлмелі халықты тірілттім, жалаңаш халықты – тонды, кедей халықты бай қылдым, аз халықты көп қылдым», бұл екі жұп тармақтан құралады да, айтар ойды толық жеткізеді, мағыналық жағынан жоғарыдағы 4-тіркеске жақын. Соңғы буындары бірыңғай мүше болғанымен, ұйқасқа келмейді. Құрылымы жағынан онша тұрақты емес, бірақ айтар сөзді екпінді, образды, анық жеткізуге мүмкіндігі бар, сосын байырғы жыр үлгісі емес, қайта афоризмдік тіркес деуге лайық.

15. *körür közüim körmaz tag, bilir biligim bilmaz tag boltı* (N.10)

Мағынасы – «Көрер көзім көрмес, білер білігім білмес болды», бұл тілі образды, ойы барынша терең әрі қайғылы көңіл-күйді білдіреді. Бұл Ұлығ Біліг жыраудың Жошы ханның қазасына арнаған: «Асқар тауым құлады, айдынды көлім су алды» деп жоқтаған жырына ұқсайды. Бұндағы көрер көздің көрмей, білер біліктің білмей қалуы Білге қағанның ақылшысы әрі бас батыры болған аяулы інісінен айырылған ауыр қасіретін көркем тілмен бейнелейтін қағанның шешендік арнауы деп айтуға болады.

16. *közdä yäs kälsär tida, köñültä sıyıt kälsär yanturu* (N.11)

Мағынасы– «Көздегі жасты, көңілдегі қасіретті тый», бұл – Күлтегіннің қазасынан кейін Білге қағанның ауыр қасіретін бейнелейтін тағы бір образды тіркес. Дара екі тармақ тіркес қосыла келіп бір мазмұнға тоғысады да, ойды образды жеткізуге қызмет ететін афоризмдік тіркес болып келеді.

Қорыта айтқанда, «Күлтегін ескерткішінде» мазмұны айқын, құрылымы шымыр, ойы образды тіркестерді көптеп табуға болады. Олардың тілдік және құрылымдық ерекшеліктері афоризмдердің негізгі қасиеттеріне сәйкес келетін шешендік толғау, шешендік арнаулардың белгілі факторларын қамтыған. Мұндағы кейбір тіркестер әуелгі тұрақты күйінен көп өзгермей, қазіргі түркі халықтарының афоризмдерінде сақталып қалған. Осындай тіркестердің кейбір жеке тармақтарының қабысуы, ортақ бір мазмұнды бейнелеудегі сәйкестігі, дыбыстық, екпін және бунақтық факторларының да анық болуы, эпитет, метафора, метонимия сияқты көркем әдеби стилистикалық

амалдардың араласып келуі, ежелгі түркі тілінде жақсы дамыған сөз саптау өнері, белгілі өреде жетілген әдебитіл және шешендік дәстүр болған деп қарауға негіз болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. 耿世民, 《古代突厥碑铭研究》, 北京: 中央民族大学出版社, 2005年8月, 第一版.
2. L. R. 帕默尔【英】: 《语言学概论》, 李荣等译, 北京: 商务印书馆, 2013年3月, 第一版.
3. Шешендік сөздер. 1-том.2-басылуы – Үрімжі: Шинжяң халық баспасы, 2009.
4. Өмірәлиев Қ.15-18-ғасыр қазақ жырауларының тілі.– Алматы: «Білім» баспасы, 1976.
5. Қабдолов З.Сөз өнері.– Алматы: Мектеп, 1970.
6. Аманжолов А.С. Түркі филологиясы және жазу тарихы.– Павлодар, ЭКО ЖШС, 2008

С.ШАЙМЕРДЕНОВТЫҢ «ИНЕШ» РОМАНЫНДАҒЫ АКСИОЛОГИЯЛЫҚ ЛЕКСИКАНЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ

А.С.БАТЫРФАЛИЕВА,
*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ
тіл білімі кафедрасының магистранты.
Астана қаласы.*

Аннотация

Оценка – как ее логическая категория характерно только для человека. Все вещества в мире оцениваются с хорошей/плохой, положительной/отрицательной стороны. Во многом исследований термин «Аксиология» используется как «оценка», «оценивать». В современном казахском языке это тема мало исследовано, поэтому она одна из актуальных проблем этого дня. Исследуя аксиологическую лексику были определены, оценочные слова, структурные особенности и открылась связь оценки с другими категориями.. Кроме того, установлено что основу оценки определяют значений денотат, коннотат и в некоторых случаях сигнификат.

Abstract

Estimation - as her logical category characteristically only for a man. All substances in the world estimated with good/bad, positive/negative side. In a great deal researches term "Axiology" of use as "estimation", to "estimate". In modern Kazakh it is a theme it is small investigational, therefore she one of issues of the day of this day. Investigating aaxiology vocabulary evaluation words, structural features, were certain, and connection of estimation was opened with other categories. In addition, it is set that basis of estimation is determined values referent, connotation and on occasion significatum.

XX ғасырдан бағалау категориясы тіл білімінің зерттеу нысаны бола бастады. Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, тұңғыш қазақ тіл маманы А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегінің «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі» деген тарауында сөз, ұғым, мағына табиғаты қарастырылады. Зерттеуші ойлаудың екі түрін көрсетеді: «ойлау екі түрлі сипатта болады. Ол сипаттардың біреулері бойына біткен сипат болса, екіншілері адамның қосқан, таңған сипаттары болады. Мәселен, нәрсенің бірін жылы, бірін суық, бірін тегіс, бірін бұдырмақ, бірін қатты, бірін жұмсақ дейміз. Бұл сипаттаудың біреулері адамға ұнайтын болар да, біреулері ұнамайтын болар»[1, 209-б]. Біздің нысанымызға қатысты ұғымдар мұнда ұнау, ұнамау – жағымды, жағымсыз деген сөздермен беріледі.

Дүниедегі жанды – жансыз заттардың барлығы салыстырылады, өлшенеді, бағаланады. Адамзат баласы туғаннан бастап, күнделікті өмірде бірін – бірі бағалай жүреді, сонымен қатар қоршаған ортаны да бағалайды. Бағалаушылық пен құндылықтар тұрғысынан зерттеу қазақтіл білімінде көп таралмаған. Әлеуметтік бағалаушылық құбылысы сөз мағынасында болатын компоненттердің бірі. Дегенмен бүгінгі таңда сөздің семантикалық құрылымындағы бағалаушылықтың орны толық анықталмай отыр.Баға – адам баласына тән логикалық категория. Тіршілік иелері арасындағы басқа жанды-жансыз заттар ондай қасиеттен алыс. Бағалаушылық тек әлеуметтік категория ғана емес, бағалаушылық адам санасымен бірге пайда болатын психикалық құбылыстардың қатарынан орын алады. Сол себепті бағалау дегеніміз = тіл + ойлау + шындық немесе ақиқат (реальды өмір) трихотомиясының нәтижесі болса, ал бағалаудың семантикалық категориясына бағалаушылық жатады. Сондықтан да баға – адам санасында үнемі тоқтаусыз жүріп жататын процесс

және ол адамның ойлау қабілеті арқылы іске асатын интеллектуалды-психикалық акт болып табылатындығы туралы еңбектерде айтылып жүр.

Тіліміздегі «аксиология» термині де баға, бағалау мағынасында жұмсалады. Бағалау мағынасы кейбір сөздердің, атап айтқанда, әдемі, көрікті, сүйкімді, күшті, тамаша, керемет және осыған қарама-қарсы көріксіз, сүйкімсіз, әлжуаз, нашар т.б. сияқты сөздердің негізгі лексикалық мазмұнын құраса, енді бір сөздер семантикалық құрылымның компонентін құрастырушы болып табылады. Оған адамға қарата айтылған ит, хайуан (адамдық қасиеті жоқ адам), қыран (асқақ, алғыр адам), арыстан (мықты, күшті, асыл адам), дүлдүл (текті адам) т.б. тектес сөздерді жатқызамыз.

Алғаш рет баға туралы анықтамалар Аристотель еңбектерінде кездеседі. Оның ойынша, баға категориясын сипаттау үшін, алдымен бағаны қабылдауға қабілетті объект түрлерін көрсету керек, екіншіден баға мәнін беретін сөздерді табу керек, үшіншіден баға предикатының мағынасын аша білуіміз қажет. Біз бағаны категория деп атап жатырмыз. Ендеше бағалау категориясына тоқталмас бұрын, алдымен категория ұғымын анықтап алайық. Лингвистикалық түсіндірме сөздікте категория сөзіне мынадай анықтама келтірілген: «Категория – кең мағынасында – жалпы қасиетке ие болатын тілдік элементтің кез келген тобы. Тар мағынасында – бірыңғай тілдік бірліктердің жиынтығы, мыс., етіс категориясы, есім категориясы, септік категориясы»[2, 46-6].

XX ғасырдан бастап бағалау категориясы тіл білімінің зерттеу нысаны бола бастады. Қазіргі қазақ тілінде баға, бағалау, бағалаушылық мәселелері әлі күнге дейін толық зерттелген жоқ. Орыс тіл білімінде *Н.Д.Арутюнова, Е.М.Вольф, А.А.Ивин, В.И.Шаховский, А.А.Уфимцева* еңбектерінде қарастырылса, қазақ тіл білімінде *А.Байтұрсынұлы, К.Аханов, І.Кеңесбаев, Ә.Қайдаров, Б.Момынова, Б.Қасым* сынды ғалымдар кеңінен сөз еткен. **Е.М.Вольф** болса, бағалаушылықты логика – семантикалық құрылымы синтаксистік қызметімен қабыспайтын модальдық қалыпқа жатқызады. Лингвистикалық терминдер сөздігінде «бағалау» ұғымы **О.С.Ахманованың** пайымдауынша, «Оценка - ... суждение говорящего, его отношение – одобрение или неодобрение, желание, поощрение и т.п. – как одна из основных частей стилистической коннотации»[3, 6-6].

Қ.Есенова мынадай анықтама ұсынады: «Баға не бағалай сөйлеу салты дегеніміз-сөйлеушінің нысанаға алған нәрсе жөніндегі мақұлдау, қарсылық, ықылас не тілек т.б. түріндегі көзқарасын білдіретін пайымдауы, стильдік қосымша мағына мен мағыналық реңктің негізгі бір түрі» [4. 104 – 6].

Қазақ тіл білімінде XX ғасырдың II жартысындағы жазушылар еңбектерінен баға, бағалау категорияларын көбірек кездестіруге болады. Соның бірі – С.Шаймерденов. Жазушының «Инеш» романын оқи отырып, барлық айналадағы заттарға жақсы/жаман, жағымды/жағымсыз түрінде баға бергенін көруімізге болады.

Осы бір жыламық өзен жағасына гажайып бірақ шатыр тігілді. (11- бет) Бұл жерде бағалау субъект пен объект арасындағы қатынастың бағалаушылық сипатымен байланыстырылады.

Бағалау негіздемесін анықтаудағы қиындықтар оның әрдайым анық көріне бермейтіндігімен байланысты. Мысалы, *Жас баланың үілдегені сияқты құлаққа жағымды, әсерлі, сырлы сыбдыр. (22 - бет)* деген сөйлемдегі сыбдыр – бағалау предметі, негіздеме – сол сыбдырдың жағымды, әсерлі екендігінде.

Орын болмаса, Майқан аға бар...барып айтсақ көмектеседі...- Содан

соң Мәулен сенбей тұр ма дегендей, - ол сондай адам, жақсы адам, - деп тағы да қайталап қойды. (23- бет). Адам аяғының көптігіне қарамастан таза, жинақы. (30 - бет). Ғажап мінезді бір адам. (38 - бет). - Ой, кемпірекесі – ай, жарайсың, жарайсың. Қолың сенің алтын – ау! – деп әрбір тағамға бір үңіліп күліп қойды. (39-бет). Инештің бұл өкінішінде шындық бар болатын. Ол өзі он жылдықты өте жақсы деген бағамен бітіріп шыққан еді. (41-бет). Гүлшат! Шіркін, Гүлшат деген қандай жақсы қыз еді. (44 - бет). Тазалықты Инеш те жақсы көреді. Бірақ Гүлшат тұздықты тым ащы етіп, асыра сілтеп алатын сияқты болады да тұрады оған. (45-бет). Жоғарыда көрсетілген сөйлемдер жалпы бағалауға жатады. Себебі, онда адамның сезіміне, көңіл – күйіне, іс – әрекетіне баға беріліп тұр. Адамдардың мінез – құлығы, жүріс – тұрысы, бойындағы жақсы қасиеттер тек қана жақсы жағынан бағаланып, субъектіні тек жақсы жағынан танытты, бағалады деуге болады.

Инеш тағы да өзін жаман сезінді. Өкпесі қысылды. Бір тізерлеп тұрды да жер таянып қайта отырды. (13 - бет). Инеш қолын күнге қалқалап, анықтай қарады. **Сұмдық.** Айналаға әжім басқан кішкене шегір көзін қадап бір қалақ тұр! Жоқ, қалақ емес, жылан... Айбат шегіп тұрған жыланның басы. (14-бет) *Десек те, ақыл көзі бірде жетіп, бірде жетпей, әлдебір жұмсақ тұңғиығынан асыл іздеп, кітап үстінде өзінді ауыр ұстап отырған шағында қасындағы адамның пыш – пыш күбірлеп отырғаны қандай қолайсыз! (66 бет).* *Осы бір сәтте оның құлағына ысылдаған жағымсыз бір дыбыс келді. Алыстан талып естілгендей. Ыстық буалдыр күнде құрғақ ауа жаңғырықпайды. Бар дыбысты обырлықпен жұтып, елсіз дала кеңістігінде тымырық тыныштық*

жайлап тұрған бір шақ. (14- бет). Бұл сөйлемдерде бағалау категориясы сын есімдер арқылы жасалып, адамның жағдайын, оның айналасындағы дыбыстардың жағымсыз екенін көрсетеді. Субъект пен объект арасындағы көзге көрінбейтін байланыс жүзеге асады.

Лингвистердің зерттеулерінде жеке бағалаудың түрлеріне деген пікір бірізді емес. Мысалы, Н.Д.Арутюнова және Т.В.Шмелева жеке бағалаудың 7 түрін, Е.М. Емельяненко 8 түрін атап көрсеткен [3, 124-б]. Біз жеке сипаттағы бағаларға **этикалық, эстетикалық, гедонистикалық** бағаларды жатқыздық [3, 20-б]. Енді олардың әрқайсысына жеке – жеке тоқталайық.

Этикалық баға объектісі – адамды бағалауға негіз болатын әрекеттер, қылықтар. Жағымды этикалық баға этикалық норманың, яғни белгілі бір мөлшердегі ережелердің сақталуын талап етеді. Жағымды этикалық мағынаны білдіретін сөздер тобының түйінін «қоғамдық тәртіп нормаларын, мораль талаптарын сақтайтын» мағынасы бар предикаттар құрайды[3, 20-б]. Мысалы, *Гүлшаттың осы бір пиғылынан Инеш өзіне деген жанашырлық, жақындықты сезді. Қайрат, төзімділігіне таңырқанды. (15- бет).* *Инеш Гүлшатқа сондай разы болып қалды. «Ай, Гүлшат – ай, қандай жақсы, қандай әділсің сен!» (50 -бет).* *Өзі ақжарқын, тамаша адам екен. (58-бет).* Бұл сөйлемдерде адам бойындағы жақсы, жағымды қасиеттер бағаланады. Бағалау мағынасы «жанашыр», «әділ» лексемалары, «қандай жақсы», «ақжарқын, тамаша» сияқты синтаксистік конструкциялар арқылы беріледі.

Эстетикалық баға. Бұл бағаның объектілері эстетикалық құндылықтар болып табылады. Мұнда адамның кескін – кейпіне, түр – тұрпатына жағымды не жағымсыз сипатта баға беріледі[3, 21-б].

Мәуленнің осы ойын Инеш алдын ала сезгендей, өз қаласын арашалай сөйледі: - Қалалар тарихына қарасаң, гасырлап өседі. Ал біздің елдің қалалары айлап, жылдап өсіп жатыр. Бұл – факті. Алматының келешегі зор. Жаманның бәрі сырылып, сәндік пен сұлулыққа жол беріп келеді зой. (21-бет). *Қарсы беттегі қара диванда екеу отыр. Үстінде «спортшы» деп аталатын көнетоз костюм киген жас жігіт барынша зор дауыспен қасындағы сәнді киінген біреуге қарап сөйлеп жатыр. (25-бет).* *Әйтеуір кешегі кештен бері соның түрі Мәулен есінде айқын қалған. Аласа бойлы, балуан денелі, қара көзді, келбетті қара жігіт. Үстіңгі бір күрек тісі қатарынан қырындай бөлек шығып, көзге бірден шалынады. (29-бет)*

Ал бұған қарама – қарсы мағынаны, жағымсыз мағынаны білдіретін де бағалаулар бар. Мысалы, *Алматының бірінші станциясы оған ұнамайтын еді. Көшелері қисық, үйлері сәнсіз. Сыртын сары бояумен сылаған бір қабат аласа гана вокзал тасқын судың жолына ұстаған жеңіл – желті бөгеудей гана. Мыңдаған адам қалаға келіп, соншасы аттанып жатады. (21- бет).* Айтылған сөйлемдерде заттар жағымды/жағымсыз тұрғысынан бағаланған. Алғашқы сөйлемдерде қалаға берілген жағымды, қанағаттану деңгейіндегі бағаны көреміз. Сол арқылы адамдардың болашағы бар, зор қалада өмір сүріп жатқанын да елестете аламыз. Жамандықтың бәрі жойылып, алда тек жарқын болашақ, жақсылық қана күтіп тұрғандай...Сонымен қатар, адамның киім – кешегін, оның бет – әлпетін жақсы жағынан бағалаған. Жазушы қолданысындағы бағалау категориясы арқылы жігіттің түр – түсін, денесін, киімін көз алдымызға еркін елестете аламыз. Яғни, жазушы қолданысындағы заттар, адамзатты, дүниені бағалау қаншалықты айқын, дәл, нақты болса, оқырман өзін құдды бір сол әлемнің ортасында жүргендей сезінеді. Ал соңғы сөйлемдерде осы айтылғандарға қарама – қарсы жағымсыз баға беріледі. Оны мынадай предикаттар білдіреді: көріксіз, қисық, сәнсіз. Осы лексемалар арқылы адамның бағаланып тұрған затқа не құбылысқа қанағаттанбағанын, көңілі толмағанын байқаймыз.

Гедонистикалық (сезімдік) баға. Сүйсінерлік, рахатқа бөлейтін деген жағымды гедонистикалық баға мағынасын көңіл сүйсіндірерлік, жағымды, жұмсақ сияқты предикаттар білдіреді[3, 21-б]. Мысалы, - *Бүгінгі тамақ дәмді екен, - деді де, өз сөзіне қостау іздеген адамша Мәуленге бұрылды. (31-бет)* Сөйлемде «дәмді ұнамды» мағынасы дәмді лексемасы арқылы ашылып тұр. Субъектінің тамаққа, асқа берген жақсы, жағымды бағасы. Яғни, кейіпкердің сол тамаққа қанағаттанғанын, көңілінен шыққанын түсінеміз.

Бағалау – тілдік қарым – қатынаста өмір сүретін, қолданылу аясы кең ерекше лингвистикалық категория. Бағалаудың сөз мағынасы құрылымындағы алатын орны ерекше. Бағалау категориясы жағымды/жағымсыз, жақсы/жаман, оң/теріс сипаттамаларымен анықталады. Бағалаушытық мағынаның ауқымды бөлігін табиғатынан бағалаушытық мағынасы бар сөздер құрайды. Сөйлеуде бағалаушытық мағынаның тілдік қатынас (вербалды) арқылы да, тілсіз қатынас (бейвербалды) арқылы да жүзеге асатындығын көрдік. Контекстегі баға негізгі және қосымша элементтерден тұратын өзіндік құрылымымен сипатталатынына да көзіміз жетті. Қорытындылай келе, жазушы

қолданысындағы баға, бағалау категориясын оның шығармашылығындағы өзіндік таңбаны, көзқарасты, дүниетанымды айқындайтын ерекше лингвистикалық категория деп білеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Ана тілі, 1989. – 298 б.
2. Бондарко А.В. О некоторых аспектах функционального анализа грамматических явлений. Л., Наука, 1973
3. Түсіпбекова Ғ.А. Қазіргі қазақ тіліндегі бағалау мағынасы және оның құрылымдық жүйесі / Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты / Астана, 2007ж
4. Есенова Қ. Баға немесе бағалай сөз саптау. Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1996. № 7-8. – 62-66 бб.
5. Шаймерденов С. 1 том. – Алматы «Жазушы» 1996. – 479 б.
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - Алматы: Дайк-пресс, 2008ж. – 963

ЗАТ ЕСІМДІ СИНОНИМДЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ МӘНІ

Г. БАЯЛИЕВА,

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
мемлекеттік университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты,
Қызылорда қаласы*

Аннотация

В статье отмечается, что одной из основных задач современного языкознания является исследование способов образования синонимов, появления синонимических рядов. Автор ставит своей целью выявление основных понятийных источников синонимии.

Abstract

It is noted that one of the main objectives of contemporary linguistics is the study of ways of synonym formation and creation of synonyms. The author aims to identification of main conceptual sources of synonymy.

Тіл білімін жаңа бағытта зерттеуші ғалымдардың біразы тілді танымдық бағытта қарастыруда В.Гумбольдт ұсынған тілдік теорияларға сүйенеді. Бұл теорияның негізінде тілдің дыбыстық, таңбалық өзгешелігі емес, дүниені көрудегі ерекшелік танылады [1,211]. Тіл мен ойлау сабақтастығына байланысты қазіргі кезде *тіл – ойлау, тіл – адам, тіл – ғалам* арақатынасына байланысты көптеген пайымдаулар мен ғылыми тұжырымдар жасалуда. Адамзат өзінің қоғамдық-тарихи даму барысында ақиқатты меңгеріп, заттар мен құбылыстарды таниды, олар туралы ұғымды қалыптастырады, оларды бір-бірімен сабақтастырады. Бұл тілде көрініс береді, олар тіл арқылы сипатталады. Таным үдерісі – өте күрделі құбылыс. Ғылыми әдебиеттердегі деректерге сүйенсек, тілдік әмбебап құбылыстарды тереңірек тануға талпыныс Н.М.Хомский, Дж.Лакофф, Р.Лангакер және орыс тіл білімінде Ю.Д.Апресиян, Е.С.Кубрякова, Н.Н.Караулов т.б. еңбектерінен бастау алады.

Тіл – ойлау – таным – мәдениет арасындағы байланыс мәселесіне қатысты келелі тұжырымдардың бастаулары А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Қ.Кемеңгерұлы, С.Аманжолов зерттеу еңбектерінен көрініс тапқан. Мәселен, карама-қарсы ұғымдар сәйкестігін тілтанымдық ізденістерге арқау еткен А.Байтұрсынұлы тіл табиғатын анықтау, оның адамзат өмірінде атқарар қызметін жүйелеу, сөз өнерінің танымдық үдерістерін саралау, сол арқылы тілдік құралдардың ғаламдық құбылыстармен сабақтастығын танып-білу негіздерін сұрыптау мақсатында табиғи заңдылықты дәйектейтін диалектикалық ұстанымдарға назар аударды. Зерттеуші қолданысында барша заттар «деректі-дерексіз», «жанды-жансыз», «бернелі-бернесіз» құбылыстар жіктемесін құрап, адамды қоршаған дүние танымдық карама-қайшылық негізінде уәждеп түсіндірілді [2.,122]. Ал бұл бағыттың тілде қалыптасуы этнолингвистикалық зерттеулермен тығыз байланысты. Атап айтқанда, Ә.Қайдар, Е.Жанпейісов, М.Копыленко, Ж.Манкеева, Н.Уәли, Ф.Ш.Оразбаева, Б.Қасым, Г.Қосымова, Э.Оразалиева, С.Қоянбекова, Қ.Жаманбаева т.б. көптеген ғалымдардың зерттеулерінен **танымдық** (когнитивтік) бағыт айқын танылады. Дүниетанымның жинақы көрінер жері – ұлттық дүниетаным. Ұлттық дүниетаным ұлттың бүкіл бітім-болмысымен, қоршаған ортасымен, шаруашылық жүйесімен,

табиғат құбылыстарымен тығыз байланысты десек, ол тілде зат есімдер арқылы да сипатталып, **аталым** қызметін атқаратыны заңды құбылыс. Зат есімдер номинациялық, *функционалды-прагматикалық* қызметпен қоса, *танымдық* қызмет те атқарады.

Қазіргі тіл білімі жаңа бағыттарының зерттеу нәтижелері арқылы деректер мен теориялардың біртұтас сипатта жинақталуы тілдің болмысын анықтаудың жүйелі үрдісін қалыптастыруда. Тіл мен ойлау ғалымдардың зерттеулерінде бір-бірінен ажырамаған бірліктер ретінде қарастырылады. Осымен байланысты генеративті лингвистиканың өкілі американдық ғалым Н.Хомский: «тілдің құрылымын зерттеу адамның ойлау қызметі негізінде тілді еркін және шығармашылық түрде қолдану арқылы көрінетін ақыл-ойға тән қасиеттерді ашуға көмектеседі» деп санайды [3.,7].

Дүние жүзіндегі көптеген халықтар заттық ұғымға өзінше атау беріп, оған көп мән берген. Заттық мағыналардың сырын мағыналық тұрғыдан ғана емес, сол халықтың жаратылыстық болмысқа, өмірге деген философиялық көзқарастарына, танымына байланысты да қарастыруға болады. Адамзаттың заттардың құпиясын шешуге талпынуы, оның негізінде көптеген өмірлік заңдылықтарды ашуы және де заттар арқылы адамдар өздерінің өмірінің мәнін түсіндіруі, болашақтарын оңайлатуға ұмтылуы айқын. Халықтарда заттарға әр алуан ұғым беру арқылы олардың атаулары да әртүрлі болып келеді. Олар заттар мен құбылыстарды танып, біліп, сол арқылы әлемнің тілдік бейнесін туғызды. Заттар мен құбылыстардың ұқсас белгілері мен сапалық деңгейлерін салыстыра қарау арқылы олардың синонимдік қатарын туғызды.

Мысалы, *ін* – кеуек – апан деген сөздің ұғымдық мағыналары ажыратылады. Бұл туралы сөзжасамдық зерттеулерде айтылған. Мұндағы тереңдік мағынасынан *ін* сөзі туындаса, *куыстық* мағынасынан *кеуек* сөзі, ал *апан* сөзі жан-жануарлардың мекендейтін орны арқылы уәжделіп, синонимдік қатардың жасалуын негіздеп тұр. Мұндағы синонимдік қатардың жасалуы адамның санасымен, ұлттық таныммен когнитивті тұрғыдан сипатталады. Синонимдік қатарларды қарап отырсақ, олардың ең соңғы синонимдік сыңарларының ең жоғарғы мағыналық шекте жатқандығын байқауға болады. Бұл *апан* сөзінен байқалады. Себебі *апан* сөзінің адам миының түкпіріндегі ұғымдық тереңдігі оның барлық жан-жануарларға мекен бола алуымен шектеседі. Демек, *апан* іннен де, *кеуектен* де ұғымдық-мағыналық жақтан басымдық көрсетіп отырған бірден-бір заттық тұлға. Сол себепті де синонимдік қатарлардың ішінде басымдық танытатын синонимдік сыңарлар болады.

Ұлттық тіліміз өзінің материалдық байлығы мен рухани байлығының нәтижесін тіл арқылы бейнелеген. Осының нәтижесінде зат атауының негізінде терең мағыналық желі арқылы тілімізде өлмес, өшпес мәңгілік атаулар пайда болды. Мұның басты себебі – заттық ұғымды білдіретін сөздердің өн бойын мағына жалғастырып жатыр деген ойдан туып отыр.

Бұл тұрғыдан келгенде, зат есімді синонимдер үшін өзі атап тұрған заттардың, құбылыстың басты нысан болуы, маңызды болуы міндетті. Егер өзі таңбалап тұрған заттың көпқырлылығы болмаса, олардың да семантикалық қырлары анықталып, семантикалық сипаты ашылмай қалған болар еді. Сол себепті де сөз мағынасын зерттеу – қазақ тілінде өзекті мәселелердің бірі. Қазіргі қазақ тілінде мағынаның дамуын зерттеу кейінгі жылдары ғана қолға алынған, жүйеленген жұмыс. Заттық мағына жөнінде де көптеген ғалымдардың зерттеу жұмыстары бар.

Профессор Ж.Манкеева «Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері» атты мақаласында: «Тіл мен ойлау бірлігінің өзіндік ерекше қасиеттерін тіл білімінің дәстүрлі, таза тілдік және ғылым саласы шеңберінде зерттеу мүмкін емес. Оған қажет ғылыми парадигма – когнитивті лингвистика, социолингвистикамен тұтасуы», - деп көрсетеді[4.,40]. Когнитивтік лингвистикада ғаламның тілдік бейнесі концептілерді бөлу мен ішкі танымын ашу негізінде зерттеледі. Концепт терминінің мағынасы – өте терең. Концепт туралы ғалымдар ойы – әртүрлі. Кейбір ғалымдар оны термин ретінде қарастырса (В.И.Карасик, С.А.Аскольдов), енді біреулері (Д.С.Лихачев, В.Т.Москвин) ұғыммен теңестіреді. Концепт негізінде адам білсем, көрсем, сезінсем деген оймен білім аясын жан-жақты кеңейте түседі. Зерттеп, зерделеген сайын тіл бірліктерінің мәнін ашып, соған көзін жеткізе түседі. Әсер ету күшін Б.А.Ларин концептіні тілдік тұлғаның танымдық деңгейлерінің басты бөлшегі ретінде танып, ғаламның тілдік моделін беруші ұжымдық сананың қозғалысын анықтаушы бірлік екендігін көрсетеді [5.,20].

Когнитивтік лингвистиканың негізгі категориясы – концепт бірнеше түрге бөлінеді. В.А.Маслова концептіні жеке тұлғалық концептілер, адамдардың жас ерекшеліктеріне байланысты концептілер, жалпыұлттық концептілер деп таратады [6.,12].

Жеке тұлғалық концептілер дегеніміз – белгілі бір тұлғаның немесе автордың жеке қолтаңбасына тән тірек мағыналар. Ал адамдардың жас ерекшеліктеріне тән концептілер тобы сол адам санасының жасына қарай дамуын, сол арқылы әлемді, қоршаған ортаны қабылдауын көрсетеді.

Жалпыұлттық концептілер сол ұлттың танымын, талғамын, өмірлік тәжірибесін, парасат-пайымын, ұлттық ерекшеліктерін сипаттайтын сөздер тобын құрайды. Сонымен қатар әрбір концепт адам санасының даму ерекшелігіне байланысты, қоғамның өзгеріп, өркендеуіне байланысты бірнеше қабаттардан тұрады. Концептілердің негізгі қабаты жалпыұлттық сипатты қамтып, қосымша қабаты – семантикалық өріс шеңберіндегі концептілерді құрайды. Әрбір концепт күрделі, ол менталды кешенді жүйеден құралады. Оны А.Байтұрсынұлы «Адам дүниедегі көрген-білген нәрселерін тек байқап, тек пікірлеп, тек саңлаулап қана қоймайды. Ол нәрселермен қатар адамның көңіліне күй де жасалады. Адам көрген-білген нәрселерінің я ісінің біріне күйінеді, біріне сүйінеді, біріне сескенеді, бірінен шошынады. Сезіліп тұрған тысқарғы ғаламмен, сезіп тұрған ішкергі ғаламның екі арасы санаға келіп түйіскен жерде жыртылып айырылғысыз болып бірігеді» [2.,12], – деп түсіндіреді.

Зат есім тобына енетін сөздердің барлығы бірдей заттық ұғымды білдіргенімен, бұларды іштей ажыратып талдағанда мағыналық-ұғымдық жағынан сала-салаға бөлініп кетеді. Дүниедегі заттарды көзбен көріп, қолмен ұстап тануға болатын, я болмайтындығына қарай деректі-дерексіз деп бөлсек, дүниедегі заттарды жекелеп немесе жалпылап көрсетуіне қарай жалқы есім, жалпы есім деп жіктейтініміз белгілі. Синонимдер мағыналық категория болып табылатындықтан, зат есімге тән мағыналық бөліністер мен ерекшеліктерді айқын және толық көрсетеді.

Синонимдердің деректі-дерексіз ұғымдарына келсек, әрбір тілде деректі зат есімдерге қарағанда дерексіз ұғымдағы зат есімдердің синонимдері анағұрлым көп болады. Қазақ тілінде де нақтылық мағына тудыратын синонимдердің саны мейлінше кем. Бұлардың мынадай түрлері ғана кездеседі.

1. Үй тұрмысындағы және ауылшаруашылық әртүрлі заттардың атаулары. Мысалы: аққұман – ақшәйнек, тартпа – суырма, кәкпір – кепсер, кеспе – салма, кілет – шшала – еттік – шшлан, кесе – шыны, құлақшын – малақай, құс төсек – мамық, жент – қоспа, абдыра – сандық, қамшы – атсоғар – атжүргіш, т.б.

2. Адам мен жануарлардың әртүрлі анатомиялық дене мүшелерінің атаулары. Мысалы: көкбауыр – талақ, көк ет – бауыр ет, сирақ – жіліншік, аяқ – борбай, тоқпан жілік – тоқатай жілік, иық – иін, жатыр – жатын, кеуде – көкірек, күрек тіс – қасқа тіс, т.б.

3. Табиғаттағы нақтылы заттар мен ұғымдардың, жан-жануарлар мен жәндіктердің атаулары: батпақ – саз, бұлақ – бастау – қайнар, аспан – көк, тышқан – қаптесер, қасқыр – бөрі, теңіз – дария, шығанақ – қойнау т.б.

Заттық ұғымды білдіретін синонимдердің көпшілігі дерексіз зат есімдер синонимдік қатар жасауға бейім, әрі көп.

Қазақ тілінің синонимдер сөздігінде (2005) беделділік, абыройлылық, өтімділік, ықпалдылық зат есімдерінің синонимдік қатары көрсетілген[7.,122-138]. Қазіргі тілдік қолданыс тұрғысынан синонимдік қатар құратын бұл тұлғалардың түбірлерінің мағыналары бір-біріне толықтай жақын келе бермейді. Беделділік, абыройлылық, өтімділік, ықпалдылық сөздерінің екіншілік мағыналарының уәжделу сипаты жақын. Ал бедел, абырой, өт, ықпал сөздерінің денотаттық мағыналары әртүрлі болып келеді және оларды уәждеуші заттар мен құбылыстар да бөлек. Бедел, абырой сөздері араб-парсы тілінен енген кірме сөздер болса, өт, ық тұлғалары бір буынды түркілік бірліктер. Олардың мағыналық мазмұны мен танымдық сипаты әртүрлі. Өт, өту етістігінің мағынасы сигнификаттық мазмұнда, белгілі нысанның өту процесін көрсетсе, «ық» денотаттық мағына береді.

Беделділік, абыройлылық, өтімділік, ықпалдылық тұлғаларының синонимдік мағынасы адамдардың дүниетанымдық түсінігінің дамуына байланысты қалыптасқан. Олардың екіншілік туынды мағыналарында мазмұндастық, мағыналық жақындық, мәндестік бар. Сонымен, зат атауларының халықтық дүниетаным туралы ақпарат берудегі маңызы өте зор. Олардың синонимдік қатарларының молдығы заттар мен құбылыстардың әртүрлі номинативтік белгілерін атаудың мақсаттылығынан туындайды. Сөздік құрам адамзат өзіне қажет деп таныған атаулардың барлығын қамтитындығын ескере отырып, бізді қоршаған ортаның барлығының атаулары синонимдерді, синонимдік қатарларды құраған. Мысалы, адамзат баласы аспанның түрлі қасиеттеріне қарап оған атау берген. Аспан, көк, әуе, шарық. Жоғарыдан жерге қарау күмбез сияқты көмкеріліп көрінетін атмосфералық кеңістік. Сұр бұлт, түсі суық қаптайды аспан, Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан (Абай). Дауысы көкке жетіп, аспан жарған, Естілік әуезінді бір түн біз де (Жамбыл). Таңертеңгі тұнық әуеде биікке шығып алып, қалықтап бозторғай шырылдайды (Б.Сокпақбаев). Қанаттарын қағып, биік шарыққа көтерілді бозторғай (С.Талжанов).

Осындағы аспан сөзіне синоним болып тұрған әуе, көк, шарық сөздерінің өзіндік жасалу жолдары адам танымына тәуелді. Аспанның көк аталуының себебі түсіне байланысты, әуе деп аталуы физикалық құбылысына сәйкес, шарық деп аталуы оның биіктік семасына байланысты болса керек.

Шарық атауына байланысты бірнеше болжам жасауға болады: а) шарық деп аталуы биіктік семасына байланысты болуы мүмкін; ә) шарық деп аталуы күмбез сияқты көмкерілуіне байланысты домалақтық сипатына сай шарық – шар іспеттес деген ұғымнан да тууы мүмкін.

Бұл тұрғыдан алғанда, аспан, көк, әуе, шарық синонимдік қатарларының денотаттары астрономиялық дене аспан болды. Осындай жолмен синонимдердің денотаттарын анықтауға мүмкіндік туады.

Әлемнің тілдік бейнесі әр ұлтта әртүрлі болуы сол халықтың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесімен, ілім-білімімен тікелей байланысты. Себебі, тілдегі сөздердің жасалуында лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың әсері мол болады. Ақиқат болмыстағы заттар мен құбылыстардың адам санасында сәулеленген, бейнеленген идеалды ұғымы болады, осы ұғымдар негізінде олар дыбыстық жамылғышты пайдаланып, сөздерге, таңбаларға айналады. Заттар мен құбылыстар жүйесі семасиология ғылымында денотат деп аталады. Ал ақиқат, шындық болмыстағы заттар мен құбылыстар әлемінің сөзбен, атаумен байланысын, сабақтастығын денотаттық фактор деп атайды. Денотаттық бөлік ақиқат болмыстағы заттың атауға айналуынан адам санасында кез келген заттың, құбылыстың қасиеттері мен ерекшелігі, белгісі арқылы бейнеленіп барып пайда болады. Денотаттық компоненттің қызметі шындық өмірдегі заттар мен құбылыстарға таңбаны орнықтыру екені белгілі. Бұл туралы Е.С.Кубрякова, Ю.Д.Арутюнова еңбектерінде терең талданады [8.,132][9.,97]. Синонимдік қатардың мағыналарын қалыптастырып тұратын денотаттар бір-бірімен жақын болады, қоршаған ақиқат болмыстағы заттар мен құбылыстардың негізгі ерекше белгілері арқылы бір-біріне мәндес, сабақтас болады. Мысалы, адамдық, кісілік синонимдік қатарын құраушы тұлғалардың денотаты біреу – адам; ағажан, ағай, ағатай, ағашым, ағаке синонимдік қатарын құраушы тұлғалар үшін денотат –аға; ағайыншылық, жақындық, туыстық, аталастық, туысқаншылдық – синонимдік қатарын құраушы тұлғалар үшін денотат туыстық жақындығы бар адам; алым, салық, алым-салық, зекет, пітір, құшыр – синонимдік қатарын құраушы тұлғалар үшін денотат ақша, қаржы; әтір, жұпар, иіссу – синонимдік қатарын құраушы тұлғалар үшін денотат иісі жағымды, мөлдір сұйықтық; әскер, армия, жасақ, қол, қосын, шеру – синонимдік қатарын құраушы тұлғалар үшін денотат – қолына қару ұстаған адам т.б. Синонимдік қатарларды түзуші атаулар үшін денотат деген белгілі бір сөзді айтқанда ойымызға келетіні зат не құбылыс, немесе олардың нақты белгілері. Келтірілген жоғарыдағы мысалдарды айтқанда немесе естігенде, сол зат туралы ұғым санамызға оралады да, концептік ұғымның көрінуіне жол ашады.

Қазақ тілі білімінде семантиканы зерттеген ғалым М.Оразов «Қазақ тілінің семантикасы» атты зерттеу еңбегінде: «лексикалық мағына дегеніміз белгілі бір дыбыс не дыбыстар тізбегі мен шартты, тарихи және әлеуметтік байланысқа түскен объектив дүниедегі заттардың, амал-әрекеттердің түрлі құбылыстардың адам санасындағы жалпыланған, дерексізденген бейнесі», - деп жазады [10., 95]. Олай болса, денотат арқылы қалыптасып, орындалатын денотаттық мағына жалпыланған, дерексізденген бейне, шартты болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 1984.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – А.: Ана тілі, 1992ж.
3. Хомский Н. Язык и мышление. –М.: Наука, 1999г. –365с.
4. Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным. – 2001ж. - № 4-39-43 бб.
5. Ларин Б.А. История русского языка и общее языкознание. - М: Просвещение, 1977г.
6. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика. – Минск, 2004г.
7. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Арыс, 2005ж.
8. Кубрякова Е.С. Язык и знание. – М.: Языки славянской культуры, 2004г.
9. Арутюнова Ю.Т. Коммуникативный аспект языка. – М., 1988г.
10. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. –А.: Рауан, 1991ж.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ МҰНАЙ ТЕРМИНДЕРІНІҢ МАҒЫНАЛЫҚ СИПАТЫ

Г.А.БЕГИМОВА,

Л.Н. Гумилов атындағы ЕҰУ түркітану кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты. Астана қаласы.

Аннотация

В статье рассматриваются особенности образования и употребления нефтяных терминологий в казахском и турецком языках, а также делается анализ особенностей словообразования и лексического состава терминологий, касающихся нефтяной отрасли в казахском и турецком языках.

Abstract

The article considers features of formation and use of oil terminology in the Kazakh and Turkish languages and also makes the analysis of peculiarities of word structure of terminologies related to the oil industry in the Kazakh and Turkish languages

Ғылым-білімнің гуманизациялануы, ғаламдастыру мәселелері, әлемдік бетбұрыстар мен өзгерістер «түркі дүниесі», «түркі әлемі», «түркі мәдинеті» деген ұғымдарды жаңғыртып, ортақ құндылықтар деп тануға жол ашты. Түркі елдері арасындағы мәдени, экономикалық байланыстардың тереңдеуі тіл үйреніп, оны игеруден бастап, сол тілдегі жазба дүниелермен танысу және оны зерделеу сияқты маңызды мәселелерге дейінгі міндеттерді жүктейді. Бауырлас елдердің тарихи құндылықтарын зерттеу арқылы өз тіліміз бен тарихымыздың өткені және қазіргі жағдайын, даму сипатын айқындай аламыз. Әсіресе, қазіргі таңда ғылыми терминдердің тұрақтануы, қазақ және түрік тілдерінің сөздік қорын байытып, терминологиялық лексика қабаттарын толықтыруда аса маңызды.

Көптеген тілші ғалымдардың термин жасаудың амал-тәсілдерін ұлттық тіл негізіндегі сөзжасам амалдарын басшылыққа алуды ұсынады. Терминдердің жасалуы туралы біраз зерттеу еңбектерін қарастыра келе, қазақ және түрік тілдеріндегі мұнай терминдерінің жасалу жолдарының негізінде: *семантикалық; морфологиялық; синтаксистік; калькалау; сөздерді қысқартып алу* сияқты тәсілдерді басшылыққа алуды жөн көрдік.

Қазақ және түрік тілдеріндегі қалыптасқан терминжасамның ең негізгі тәсілдері: семантикалық тәсіл, морфологиялық, синтаксистік және калькалау тәсілі десек, бұл тәсілдер арқылы – тіліміздегі байырғы сөздер терминденеді және де қазақ және түрік тілдерінің сөзжасам жүйесі арқылы жаңа терминдер қалыптасады.

Сөзжасамның күрделі және көне тәсілдерінің бірінен саналатын семантикалық сөзжасам термин жасауға да белсенді араласады. Сөзжасам процесі мотивация, абстракция, ассоциация, аналогия заңдылықтары бойынша жасалады. Байырғы сөздердің мағыналық жақтан дамуы ішкі семантикалық құрылымның өзгерісі нәтижесінде жаңа номинативті сема айқындалады. Сөз мағынасының жіктеле дами келе, ерекше дифференциялаушы семаларға ие болып, жеке денотаттық және сигнификаттық мағына алып бөлініп, туынды сөз ретінде танылу процесі сөзжасамның негізгі объектісі. Тілдің мағыналық дамуы әлемдік бейнені атау қажеттілігінен туындайды. Егер мұндай қажеттілік болмаса, жаңадан сөз жасалмайды, төл туынды сөз жасалмаса тілдік даму да болмайды [1, 25].

Семантикалық тәсіл арқылы терминдік салаға көшкен байырғы сөздер өзінің бастапқы мағынасының негізінде терминдік өріс алады.

Мысалы, мұнай терминдері ретінде *айдау-kovmak, үрлеу-üflemek, барлау-keşif, тұндыру-çökeltmek* сөздерінің қарапайым мағынасы мен терминдік мәнінің арасында жалпы ұқсастықтар бар. *Көженің суын тұндыру, желмен үрлеу, мотормен құдықтан су айдау, rüzgarla üflemek, hayvanı önüne katıp bir yere kovmak* сияқты тіркестер тұрмыстық лексикада да жиі айтылады. Осы сияқты сөздердің түлғасы сақталып, қолдану аясы мен мазмұны кеңейіп, мұнай саласының термині қызметін де атқарады.

Мәселен, *барлаушы, барлау, keşif, keşif kolu (istihbaratçı немесе maden arayıcısı)* терминдері мұнай саласында өте жиі қолданылады. Мұнай көзін іздеп, жер қабаттарына бұрғы салып зерттеу жүргізетін мамандар бұл салада *барлаушылар, keşif kolu* деп аталады. Кен байлығын зерттеу, мұнай көзін ашу үшін ең алдымен, оның қандай тереңдікте жататынын біліп алады. Осы мақсатпен алдынала барлау жұмысы жүргізіледі.

Мысалы: Құмкөлдегі кең даланы барлау үшін бір топ барлаушылар дайындық жұмыстарын жүргізуде. Түрікшесі: *Kumgöl'deki bozkırı keşif etmek için keşif koluhazırlık işlemleri yapmaktadır*.

Барлау (keşif) – әскери термин. Соғыс әрекеттерінің нәтижелі болуы үшін жау күштері мен олардың орналасуы туралы мәліметтер жинайтын оперативтік қызметтің бір түрі болса, барлаушы – барлау жұмысын жүргізетін әскери адамдар [2;130].

Барлау сөзі түрік тілінде *keşif* деп аталып, әртүрлі мағынада жұмсала алады. Түрік тілінің түсіндірме сөздігінде *keşif* сөзінің бес мағыналық анықтамасы берілген. (*Ar. keşfiyyat*): 1. ақта, meydana çıkarma. 2. gizli bir şeyin olacağını önceden anlama. 3. Allah tarafından ilham olunma. 4. Bir yarı için harcanacak paranın aşağı yukarı hesaplanması. 5. Askeri terim – düşmanın durumunu anlamak üzere gönderilen erlere keşif kolu denir [3 ;130]. Түрік тіліндегі мұнай терминдері сөздігіндегі анықтамасы: Petrol kaynağını bulmak için kara parçalarını burgulayarak işlemler yapma [4;130]. *Bir grup keşif kolu petrol bölgelerine yol aldı* [4;131]. Жоғарыда келтірілген мысалда *keşif kolu- барлаушы* сөзі мұнай термині ретінде жұмсалған.

Осы сөздердің мағыналарының кеңеюі нәтижесінде қазақ және түрік тілдерінде, мұнай саласында жаңа мұнай термині қалыптасқан.

Бұл екі терминнің де ортақ семасы – бір нәрсенің бар не жоқ екеніне көз жеткізу. Мұнда сөздердің жалпы қолданыстағы қасиеттері сақталып, бастапқы мәні өзгермейді. Терминденудің мұндай жағдайында жалпы қолданыстағы термин емес сөз терминологиялық өріске енгізіліп, терминдік мағынаға ие болады да, соның нәтижесінде жалпы қолданыстағы сөз бен термин омонимге айналады немесе сөздің бастапқы мағынасы нақтыланады.

Түрік ғалымы М. Каплан терминдерді таза түрік тілінде түзуді жақтаушы ғалым. Оның «Күлтүр вэ Дил» атты кітабында: «Жаңа ұғымдар үшін жаңа сөздердің жаңалығын, түрік тіліне еніп қалыптасып кеткен шет ел сөздерінің жоққа шығарылуымен шатастырмау керек. Қазіргі кезеңде біз ғылым, техника, әдебиет, өнер, философия салаларында мыңдаған сөздерге мұқтажбыз. Бұлардың түбірі төл тілімізде жасалса әрине орынды болар еді. Түрік тілінде болмаған бір ұғымға түрікше балама таба алсақ, оны түркі мәдениетіне жаратсақ мақтанарға тұраралық үлкен іс болары хақ» дейді [5,49 б.].

Біз пікірді дәйексөз ретінде келтіруіміздің өзіндік мәні де бар. Автор түркі тілдерінің тарихи тағдырын еске ала отырып, олардың даму заңдылықтарының ортақтығын атап көрсетеді. Мұның өзі мұнай терминдерінің ортақ жағы мен ерекшеліктерін зерттеп, талдаудың өзектілігі мен маңыздылығын анықтай түссе керек.

Салалық терминдер мен атауларды жаңадан жасауға, өзгертуге, ауыстыруда ең алдымен қазақ және түрік тілдерінің төл және бұрыннан қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану қажет. Термин жасаудағы жаңа сөздер әдеби тілімізде, ауызекі сөйлеу тілінде бар сөздер. Бұның жаңалығы – сөздердің жаңа сипат алуы, аясының кеңіп, терминдік мәнге енуі, жаңа қолданысқа түсуі. Мәселен, *қысым (baskı)* сөзі көпмағыналылық сипатқа ие болып, мұнай саласындағы термин ретінде де қолданылады. Сондай-ақ, басқа ғылым салалары химия, физикада да термин түрінде тұрақталған ұғым. Яғни, дененің бетіне сәйкес нормаль бойынша әсер ететін күштердің интенсивтілігін сипаттайтын шама [1, 30].

Ал әдеби тілде *қысым – baskı*, біреуге көрсетілген күш, қорлық (*қысты, қорқытты, зәресін алды, sıkıştırmak, korkutmak, baskı altında olmak*). Мысалы: *Osman padişahы Сұлтан Сүлеймен саясатты күшейте түсін, батыс елдеріне қысым көрсетті. Osmanlı padişahı Sultan Süleyman siyaseti geliştirerek Batı Ülkelerine baskı yaptı*.

Медицина саласында *қан қысымы – tansiyon, kan basıncı*. Адамның бойындағы қанның қысымының өзгеруін айтады. Бұл сөйлемдерде *қысым-baskı* сөзі көпмағыналық сипат алып, қоғамның түрлі салаларында әртүрлі ұғымдарды беретін терминге айналып отыр.

Қазақ және түрік тілдеріндегі байырғы сөздерден түзілген мұнай терминдерін қолданыс ерекшелігіне қарай екіге бөліп қарастыруға болады.

Бірінші: терминдік мағынасымен бірге жалпыхалықтық қолданыста лексикалық мағынасы сақталған терминдер: *сынау (deneme), пайдалану (kullanma), іздеу (aramak), тозу (yıpranmak), өлшеу (ölçmek), кептіру (kurutmak), айдау (kovmak)*. Бұл сөздердің жалпыхалықтық мағынасы мен терминдік мағынасының арасында ұқсастықтың тоғысуынан, олардың екі мағынада жұмсалғанда да қызметінің ұқсастығы байқалып, бастапқы мағынасының негізінде дамиды.

Екіншісі: жалпыхалықтық қолданыстағы лексикалық мағынасынан алшақтап, терминдік мәнде жұмсалатын сөздер жатады: *ұршық-kirmen, монса-menteşe, қалқан-kalkan*.

А. Байтұрсынұлының еңбектеріндегі терминология мәселелерін зерттеген Қ. Ибрайымов ғалымның термин жасау барысындағы негізгі ұстанған принциптері ретінде мыналарды көрсетеді:

- 1 Терминнің түсініктілігі;
- 2 Терминнің ана тілі негізінде жасалуы;
- 3 Көпшілік түсінбейтін, бірақ қолданыста бар арабша, парсыша терминдерді қолданыстан тыс шығару;
- 4 Қажеті мол жағдайда жат тілдің терминін де қолдану (Европа және араб, парсы тілдерінен)

[6, 9 б.].

Салалық терминдерді жасауда ең алдымен төл сөздердің, бұрыннан бар байырғы лексикалық тіл байлығын қолданудың ерекшелігі мол. Бұрыннан келе жатқан халық тілінің мол байлығын, оның сан алуан салаларға тән лексикасын жинақтап, сол арқылы тіл байлығымызды молайту, сөз қолданысымыздың аясын кеңейту, ғылым тілін жетілдіру, ана тіліміз мемлекеттік мәртебеге көтерілген осы дәуірімізде тіл жаңашылары үшін мақсат болып отыр.

Термин сөздерді жасағанда төмендегідей белгілеріне назар аударған жөн: Сыртқы пішін ұқсастығы; Қызмет бірдейлігі; Мағыналық жақындығы. Мына төмендегі мысалдардан мұнай терминдерінің осы айтылған белгілерді қамтитынын байқау қиын емес.

Сорап – мұнайды айдайтын құрал. Сораппен тартылып алынған мұнай құбыр арқылы тасымалданады.

ҚТТС-де Сорап -1. Одағай. Түйені су арғанда «сорап-сорап» одағайы қолданылады. 2. Ауыс. Ыстық нәрсені сорпылдатып ішкенде шығатын дыбыс. Сорап терминінің этимологиясы сору етістігі. Сорапта етістігі сыздықтатып сору деген мағынаны береді.

Мысалы: Салтанат койдың сорпасынсораптап ішіп отыр.

Сорап терминіне мағыналық жағынан да, қызмет бірегейлігінен де негізгі етістік арқау болып тұр[1, 26].

Сол сияқты түрік тіліндегі *soran – boru* (құбыр сөзі) сөзіне түрікше түсіндірме сөздікте былайша анықтама беріледі: 1. Музыкалық аспап, боразан. 2. Ауыс. Маңызды нәрселерге айтылады. Мысалы: *boru değil* – маңызды емес нәрсе 3. *Petröl terimi: Boru Yolu* – Мұнай құбыры.[3, 34].

Жалпы қолданыстағы сөздерден жасалған мұнай терминдерінің ерекшеліктеріне байланысты тағы бір айта кететін жайт, олардың терминдік сипаты жалпылама қолданыста айқын көрінбейді, тіркесе келе терминдік табиғаты айқын танылады.

Төл тілдеріміздің мол байлығы сөздік құрамы жаңа термин жасауға негіз болып, сарқылмас байлық көзіне айнала берулері қажет. Қазақ, түрік тілдерінің сөздік қоры, лексика-грамматикалық жасалу тәсілдері аталмыш ғылымның қажетінен шығып, толық кәдесіне жарап жатыр деп айту әзірге ертерек сияқты. Тілдің лексикалық құрамы басқа салаларына қарағанда өндіріске бейім тұрады. Лексика қоғамдық өмірдегі барлық өзгерістерді бейнелеп, күллі тіршілік атауымен тікелей байланысып отырады, болып жатқан жаңалықтарды дәл ұғындырады.

Қазақ және түрік тілдеріндегі мұнай саласындағы терминдердің жасалуындағы тағы бір ерекшелігі - метафоралану тәсілі арқылы жасалған. Мысалы: *айдау қақпағы - kovma karağı, бұрғылау диңгегі - sondaj direği, жер қабықтары - kara kabukları, қалқан - kalkan, қасық бұрғы - kaşık sondaj, құбыр қамыты - boru hatutu, сақтандырғы сақина - sigorta halkası, қармағыш өрмек - tutucu örümcek т.б.*

Деректі ұғымдардың атауы болатын сөздердің метафоралану тәсілі арқылы терминденудің себебі дерексіз ұғымдарға қарағанда оларды көзбен көріп қолмен ұстап, өзара салыстыру мүмкіндігінің молдығынан болса керек Себебі, мұнай саласы терминдері семантикалық жолмен жасалғанда, деректі заттар атауларының алынғандығы анық аңғарылып отырады. Екі затты немесе құбылысты салыстыру барысында олардың сыртқы пішіні, қызметі немесе түр-түсінің ұқсас келуі оның тура мағынасының метафоралануына негіз болады [1;42].

Ал енді, бүтіннен ауысу құбылысын сөз мағынасының тартылуымен тең дәрежеде сипаттауға болмайды. Өйткені, сөздің әдеби тілдегі мағынасы бұрынғы қалпын сақтайды.

Сонымен, қазақ және түрік тілдеріндегі мұнай терминдері өзінің тамырын жалпыхалықтық лексикадан алып, семантикалық тұрғыдан абстракицияланады. Айталық, ғылым мен техникада жаңа ұғымдарды беру үшін атаулар керек болғанда, оларды ең алдымен төл тілімізден іздейміз. Мағынасы сол ұғымға сәйкес немесе жақын сөздерге жаңа атауларды теліміз. Қазақ және түрік тілдеріндегі мұнай терминдерінің мағынасы сөздің ішкі уәжділігіне негізделеді. Мұның өзі халықтың таным-түсінігімен байланысты болады. Туыстас тілдердің тілінде қалыптасқан мұнай терминдерінің көпшілігінің мағыналық жақындығы, тілдік және танымдық ортақтығы мұнай саласы терминдерінің тамырлас екендігін туғызса керек

Әдебиеттер тізімі:

1. Нұржанова С. Қазақ тіліндегі мұнай терминдерінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері. Филол. ғыл. канд. дис. Алматы, 2006ж.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1994 ж.
3. Пүскүллуғұлу А. Аркадаш түрікше сөздік. –Анкара: Аркадаш, 2004. – 1215 б.
4. Izbirak, R, Petrol Terimleri Sözlüğü, Ankara 2000 y.
5. Каплан М. Күлтүр вэ дил. – Стамбұл: Дэргах, 1982. – 350 б.
6. Ибраймов Қ. Ахмет Байтұрсынов еңбектеріндегі терминология және стилистика мәселелері: Филол. ғыл. канд. дис. автореф. – Алматы, 2005. – 26 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ САН ҰҒЫМЫНЫҢ БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ (А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ «ҚЫРЫҚ МЫСАЛ» ЕҢБЕГІ БОЙЫНША)

А.БЕЙСЕН,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты.

*Ғылыми жетекшісі: Г.О.Сыздықова,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры,
филология ғылымдарының докторы.*

Астана қаласы

Сан туралы ұғым адамзат мәдениетінің тууы және оның дамуымен тығыз байланысты. Ал«өріс» термині бастапқыда психология, биология, элеуметтану саласында қолданып келсе, кейіннен тіл ғылымына ғалымдар И.А.Бодуэн де Куртенэ, Ф.де Соссюрдің еңбектері арқылы еніп, қалыптасты. Бұл ұғымға «Лингвистикалық түсіндірме сөздігінде» мынадай анықтама берілген: «Өріс – заттардың, ұғымдардың, қызметтік және мағыналық ұқсастығы бар құбылыстардың лексикалық жиынтығы»[1; 160]. «Өріс» туралы алғашқы теориялық тұжырымдар Й.Трир, Г.Ипсен т.б. зерттеушілердің еңбектерінде кездеседі.

«Өріс» ұғымының санмен байланысы, сан өрісі, оның құрылымы мен берілу жолдары қазақ тіл білімінде де әр қырынан қарастырылады. Ғалым С.Исаев сан ұғымы мен сан өрісін көптік ұғыммен тығыз байланыста қарастырып, көптік ұғымның негізгі берілу жолы ретінде көптік жалғауларын атап көрсетеді. Көптік ұғымның аналитикалық тәсіл арқылы берілуі туралы мынадай тұжырым жасайды: «Сан есімдер, сандық мәні бар сөздер, қайталама қос сөздер т.б. зат атауының алдынан келіп, оны анықтап тұрса, ол зат біреу емес, бірнешеу (көп) екенін түсінеміз. Әдетте ондайда зат атауын білдіретін сөз көптік жалғауынсыз қолданылады: *талай жыл өтті, көп адам жиналды, жүздеген тонна жүк жіберілді, мыңдаған машина жүк тасып жүр, мая-мая шөп үйген, тау-тау астық үйіліп жатыр* т.б»[2; 64]. Ал ғалым Н.Оралбайдың пікіріне назар аударсақ: «Мағынасы жағынан сандық ұғымға жақындығы бар сөздер тілде кездеседі. Олар: жалғыз, дара, жалқы, сыңар, қос, егіз т.б.Алайда сандық ұғымға қатысы бар мұндай сөздердің мәні кейбір сан есім сөздермен мағыналас та болады. Олардың ішіндегі *жалғыз, жалқы, дара, сыңар* сөздері бір сан есіммен мағыналас, *қос, егіз* сөздері екі есептік санмен мағыналас»[3;176-178]. Сан ұғымына қатысты ғалым К.Ахановтың еңбектерінде де маңызды тұжырымдар жасалады. Ғалым сан категориясын тілдердің барлығына тән, жалпылама ортақ категория ретінде қарастыра отырып, сан категориясын «көптік ұғыммен» тікелей байланыстырады. Зерттеуші «олардың етістіктерге тікелей қатысты болмай, оның қатысы есімдіктер немесе зат есімдер арқылы ғана іске асатындығына» баса мән береді. Сонымен қатар сан есім мен сан категориясының айырмашылығын былайша түсіндіреді: «Кейде сан есімдердің де көптік формада қолданылатындары бар, бірақ грамматикалық сан категориясы сөз табы ретінде қаралатын сан есімдерге тән категория емес. Көптік формасы нақтылы санды емес, жалпы «көп» деген ұғымды білдіреді, оның қанша екенін нақты түрде көрсетпейді. Ал әрбір сан есім белгілі бір нақты санды білдіреді» [4;344]. Ғалымның бұл пікірі бойынша, сан есімдер нақты санды білдірсе, ал сан-мөлшер категориясы нақты емес, белгісіз санды білдіреді. Мысалы, *бес кітап* пен *көп кітап* деген тіркесті салыстыратын болсақ, алдыңғысы – нақты сан да, соңғысы – кітаптың тек көптігін білдіріп тұр.

Көптік категориясы сөз болғанда, ол тек көптік жалғаумен ғана шектелмеу керек. Көптік мағына грамматикалық тұрғыдан жекелік мағынаға қарама-қайшы мағына ретінде заттың сандық

ұғымының шеңберінде өмір сүреді. Сондықтан бұл категория көптеген тілдерде қазақ тіліндегідей көптік категориясы деп емес, сан категориясы (мысалы, орыс тілінде категория числа, қазіргі қырғыз тілінде сан категориясы) деп аталынады [5;431].

Зерттеушілер З. Күзекова мен М.Асылбаева санның орталық және перифериялық өрісін сипаттай келе, оның екі орталығын көрсетеді: 1) Сөздердің лексика грамматикалық топтары – сан есімдер; 2) басқа сөз таптарындағы сан ұғымына қатысты құрылымдар [6; 56].

Ғалымдардың сан өрісіне қатысты тұжырымдарын негізге ала отырып, А.Байтұрсынұлының «Қырық мысал» еңбегіндегі сан өрісінің берілу жолдарын, лексикалық және грамматикалық амалдарды анықтауға болады. Қазақ тіліндегі сандық өрістің берілуінің ең негізгі жолы – сан есімдер арқылы берілуі. Бұл А.Байтұрсынұлының «Қырық мысал» еңбегінде сан есімнің бірнеше мағыналық түрлері арқылы көрініс табады. Мысалы:

«Бір адам жас баласын жанына алды,
Екеуі сайран етіп кетіп қалды» [7; 9]
Немесе

«Жүк алды Шаян, Шортан, Аққу бір күн,
Жегіліп тартты үшеуі дүркін-дүркін» [7; 5]

«Қарап тұр екі көзін айырмастан,
«Сыншы не дер екен?» - деп енді Бұлбұл» [7; 16].

Бұл мысалдардың алғашқы екеуінде сандық өріс *екеу*, *үшеу* жинақтық сан есімдері, үшіншісінде *екі* деген есептік сан есім арқылы беріліп тұр.

Қазақ тілінде *сандық өріс*тің берілуінің екінші жолы – көптік жалғаулары арқылы. Зерттеу нысанына алынған еңбектегі «Егіннің бастары» деген мысалда мынадай жолдар кездеседі:

«Өзіне *өзгелерді* теңгермейтін,
Соншама бұл бидайдың дәні көп пе?» [7; 9]

«*Бидайлар* басы толық иіліп тұр,
Дән берген қожасына сыйынып тұр» [7; 9]

Ал «Бұлбұл мен Есек» деген мысалда мынадай жолдар кездеседі:

«Жел тыныш, *құстар* қойып шулағанын,
Қойлар да күйісін тыйып, тындап қапты» [7; 16]

Осы сөйлемдердегі *өзгелер*, *бидайлар*, *құстар*, *қойлар* деген сөздер көптік жалғауы арқылы берілген. Бұл мысалда сан жағынан бөлшектеп көрсетуге келмейтін біртекті нәрселердің жиынтығын білдіретін атауларға (бидай-лар, құс-тар, қой-лар) көптік жалғауы жалғанып, заттың көп екенін білдіріп тұр.

Сан ұғымының келесі берілу жолы – *көп*, *аз* ұғымына қатысты сөздер. А.Байтұрсынұлының туындысында сан өрісінің берілу тәсілінің бұл түрі де кездеседі. Мысалы, «Қарға мен Түлкі» мысалында:

«Қарасақ, *көп* адамдар Түлкі боп жүр,
Залымдық өтірік пен мүлкі боп жүр» [7; 21]

немесе «Егіннің бастары» деген мысалда:

«Елде *көп* бұл Бидайдай адам, - дейді,
Тәкаппар, - оны халық, - жаман, - дейді»

«Бұл Бидай көтеріп тұр басын көкке,
Қарайды шікірейіп өзі көпке» [7; 9]

Ал, «Ат пен Есек» мысалында:

«Есектен *аз* жүк алып қарасқанда,
Қиындық мұндай маған болар ма еді?»

«Кейбіреу *зор* бейнетке тап болады,
Кей уақыт *аз* бейнеттен қашамын деп» [7; 1].

Бұл мысалдасандық өріс *аз жүк*, *зор бейнет*, *көп адамдар* деген тіркестер арқылы қанша? деген сұраққа жауап беріп, заттың санын, мөлшерін білдіріп тұр.

Сан ұғымы *жалғыз* сөзімен келген тіркестер арқылы да беріледі. Мысалы, «Қасқыр мен Қозы» деген мысалда:

Бұлаққа су ішуге келді Қозы,
Жанында серігі жоқ, *жалғыз* өзі» [7; 23]

«Өзен мен Қарасу» мысалында:

Барады қатар жұрттың бәрі озып,
Ілгері жылжымайсың *жалғыз* аттам» [7; 69]

«Егіннің бастары» деген мысалда:

«Жалғыз-ақ бір Бидай тұр көкке қарап,
Бейне бір жалғыз өзін көпке балап» [7; 9].

Мұндағы *жалғыз аттам, жалғыз өзі, жалғыз-ақ бидай* деген тіркестер арқылы сан ұғымын, яғни заттың біреу ғана екенін байқай аламыз.

А.Байтұрсынұлының «Қырық мысалында» сан ұғымы *жартысөзі* арқылы берілетін жағдайлар да кездеседі. Нақты тілдік дерекпен дәйектесек, «Қасқыр мен Қозы мысалында:

«Кезек бер біразырақ сөзге, тақсыр,
Келемін жарты жасқа күзде, тақсыр» [7; 23]

Мұндағы бүтін бір санның жарты бөлігі, яғни сан ұғымы *жарты жас* деген тіркес арқылы сипатталған.

Сан ұғымы *-дай, -дей, -тай, -тей* жұрнақтары жалғанған сөздер арқылы да беріліп, үлкеннемесе кіші затты білдіреді. Мысалы, «Өгіз бен Бақа» деген мысалында:

«Боламын мен де сонау *өгіздей*», - деп,
Жел тартып, ісіп-кеуіп, қарнын керді.
Сұрады жолдасынан: «Толдым ба? –деп, -
Өгіздей анау тұрған болдым ба?» -деп» [7; 10]

деген жолдарда *өгіздей боламын мен де* дегенде өгіз сияқты үлкен мағынасын білдіріп тұр. Ал «Емен мен Қамыс» деген мысалында:

«Мың сан құс келіп қонсын бұтағыма,
Зәредей көрінбейді маған ауыр» [7; 11]

деген жолдарда *зәредей* деген сөз алдыңғы мысалда көрсетілген *өгіздей* деген сөзге қарама-қарсы мағынада, тым кішірейту мағынасын қолданғанын байқай аламыз.

Сан ұғымы сан мағыналы есімдіктер, үстеулер арқылы да жасалады.

Мысалы «Қартайған Арыстан» мысалында:

«Дариға, ол заманның *бәрі* де өтті,
Кәрілік деген бәле келіп жетті
Тіс түсіп, тырнақ мұқап, әл кеткен соң,
Сорыма *бәрі* мұның ер боп кетті» [7; 27]

Немесе «Аққу, Шортан һәм Шаян» деген мысалында:

«Жүк бірақ әлі күнге орнында тұр,
Бырыңғай тартпаған соң *бәрі* тегіс» [7; 5]

Бұлбұл мен Есек» деген мысалда:

«Солардың *баршасы* да әдемі әнге,
Тауықтың айғырындай емес ұста» [7; 16]

Берілген мысалдардағы *бәрі, баршасы* деген жалпылау есімдіктері белгілі бір заттар мен құбылыстардың жиынтығына, толық қамтылуына нұсқай айтылып, сан мағынасын білдіріп тұр.

«Өзіне өзгелерді теңгермейтін,
Соншама бұл Бидайдың дәні көп пе?» [7; 9]

«Зорығып, жолда өліп қалатынмын,
Алмасаң ауыстырып *біраз* жүкті» [7; 1]

«Қаншама күш жетпейтін қиын істі,
Орнына келтіремін ақылменен» [7; 38]

«Сыртыңнан сайрағыш деп жұрт мақтайды,
Тыңдайын, достым, *біраз* сайра, - деді» [7; 16].

Бұл мысалдарда сандық өріс сан ұғымын білдіретін *соншама, біраз* деген мөлшер үстеулері арқылы берілген.

Сан ұғымы санды білдіретін қайталама қос сөздер арқылы да жасалады. Мысалы:

«Жүк алды Шаян, Шортан, Аққу бір күн,
Жегіліп тартты үшеуі *дүркін-дүркін*» [7; 5]

Ғалым А.Байтұрсынұлының бұл мысалында сандық өріс *дүркін-дүркін* деген қайталама қос сөз арқылы берілген, яғни Шаян, Шортан, Аққудың жүкті үшеуі дүркін-дүркін, көп тартқанын байқауымызға болады.

Сонымен, А.Байтұрсынұлының «Қырық мысал» жинағындағы сан ұғымының берілу жолдары тіл теориясындағы грамматикалық заңдылықтар мен ережелер арқылы айқындалады.

Қазақтың ақыны, әдебиет зерттеушісі, ғалым, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының 1909 жылы жарық көрген халықтың сана-сезімін оятып, бойына

ізгілік дарыту, оны жағымсыз мінез құлықтардан арылту мақсатында қызмет етер деген ниетпен жазылған «Қырық мысал» атты аударма еңбегінде сандық өрісті білдіретін бірнеше жолдары бар екенін байқауымызға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. – 304 б.
2. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: Рауан, 1998
3. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007
4. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 1993
5. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.
6. Күзекова З., Асылбаева М. Сан ұғымы және олардың өрісі туралы// ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. -№1 (135). 2012.
7. Байтұрсынұлы А. Қырық мысал. – Алматы: Жазушы, 2004.

ТІЛДІК НОРМА ЖӘНЕ ТІЛДІК САНА МӘСЕЛЕЛЕРІ

А.Б. БЕЙСЕНБАЙ,

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ доценті,
филология ғылымдарының кандидаты.
Астана қаласы.*

Тілдің санада сақталуын қарастыратын тілдік сана ұғымы, ең алдымен, тілдік норманың сақталу мәселесіне тоқталады. Тілдегі бірліктер жүйелі түрде құрылған жағдайда ғана, яғни белгілі бір ереже-нормаларға сүйенгенде ғана сөйлеу пайда болатыны белгілі. Ал тілдік сананың қалыптасқан тілдік нормаларға сай дұрыс түзілуі нәтижесінде сөйлеу пайда болмақ.

Тілдік «норма» дегеніміз «әдеби» деген ұғыммен тайталас айтылады. Әдеби тілге сіңіскен, әдеби тілде орныққан тіл байлықтары – «тілдік норма» дегенге жатады. Тілдік нормадан тысқары құбылыстар, ауытқулар ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктері болып есептеледі. Сондықтан «әдеби тіл», «әдеби емес тіл» дегенді халық тілінің нормалану нысаналарына қарап айтамыз.

Тілдік норма жазудан ғана емес, сөз қолдануда да, сөздің айтылуынан да, грамматикалық тұлғаларды пайдалануда да, сөйлем құруда да, қысқасы, тілдің өн бойында болуға тиіс.

Тілдік норма – ауызекі және әдеби тілдің қалыптасқан үлгісі, халықтың бәріне түсінікті, бәрі де қолданылатын тілдік амалдардың (сөз қолдану, сөйлем құрау т.б.) жиынтығы. Тілдік норма негізінен әдеби тілдің барысында жүйеге түседі, орнығып сіңісті болады. Тіпті нормалану – тіл мәдениетін арттырудың шарасы. Тілдік норма әдеби тілге тән құбылыс, ол мынадай 4 нәрсеге сүйенеді: 1. Лексикалық норма. Тілдегі сөз байлығының жұмсалуы аясы бірдей емес. Әдеби тілдің лексикалық нормасына жатпайтын сөздер деп диалектизмдерді, жаргон мен дөрекі, былапыт сөздерді айтамыз. Кәсіби сөздер бара-бара әдеби нормаға айналатыны жоқ емес. Лексикада бірізділікті көбірек тілейтіндер – терминдер. 2. Орфоэпиялық нормаға сөздердің жалпыға бірдей қалыпты айтылу нормасы жатады. 3. Орфографиялық нормаға емле қағидасына, ережелер жинағына сәйкес жазудағы бірізділікті сақтау жатады. 4. Грамматикалық нормалар грамматикалық ережелер негізінде әдеби тілдің қалыптасу барысында жасалады. Сөз тұлғаларының, сөйлем құрылысының алуан түрлі бөлшектері қиюын тауып, қалыпқа түсіріп, жұртқа дағдылы болады. Тілдік – норма – үздіксіз жетіліп отыратын процесс. А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, І.Кеңесбаев, А.Ысқақов, С.Аманжолов, М.Балақаев, Р.Сыздықова, Е.Жанпейісов, Ә.Болғанбаев, Н.Уәлиев т.б. ғалымдар қазақ әдеби тілінің дамуына қатысты тілдік норманы зерттеп, қалыптастыруда көп еңбек сіңірді.

Әдеби тілдің нормаларын кодификациялаудың негіздерін жасаған Н.Уәли бойынша, «сөз мәдениеті» ұғымы тілдік норма, этикалық норма және коммуникативтік норма деп аталатын норманың үш типін қамтиды [1, 13] тілдік қарым-қатынастың белгілі бір жағдаятына қарай, сөз саптау этикасын сақтай отырып, коммуникативтік мақсатқа тиімді түрде жетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретіндей тілдік құралдарды талғау, саралау, олардың басын қосып, біріктіруде әдеби тілдің ауызша және жазбаша нормалары негіз болады. Бұған біздің қосарымыз – тілдік нормаға негіз болатын тілдік сана екені.

Коммуникативтік жағдаят, тілдік емес факторлар – сөз талғауға, олардың басын құрап, сөз саптауға тікелей әсер ететін аса маңызды шарттылық. Мәселен, *Астанада жауын нормадан артық*

жауды (ресми), Астанада жауын шелектеп құйды (сөйлеу), Астанада жауын қатты жауды (бейтарап) дегендердің айырмасы коммуникативтік жағдаятпен, яғни «қандай жағдайда», «қандай мақсатта», «кімге» деген тілдік емес сыртқы шарттылықпен байланысты. Осы ретте тұлғаның тілдік санасы арқылы талдауға, саралауға түсетін жағдаяттан күтілетін нәтиже – нормаға сай құрылған коммуникация. Тілдік норманың сипатын ашуда тілдік жүйе – тілдік норма параллеліне сүйену жеткіліксіз болғандықтан, профессор Р.Сыздық тілдік жүйе – тілдік норма – узус үшендерін бірлікте алады. «Узус» деген ұғым – «тілдік жүйеден ауытқып кеткен, бірақ дағдыға айналған құбылыс [2, 9]. Мысалы мынадай сөздерде тілдік «жүйе» мен «узус» сәйкеспейді: *ертте* – *ерле* емес, *тізерле* – *тізеле* емес, *қозда* – *қозыла* емес, *сөйле* – *сөзде* емес. Тілдік жүйе мен норма сәйкес болса, *ерле*, *тізеле*, *қозыла* болар еді [3, 46].

Тіл – өзін-өзі реттеп отыратын жүйе. Тілдің эволюциялық дамуында екі түрлі үрдіс қатарласа жүретіні мәлім: біріншісі ой-сананың күрделенуі тәрізді факторлармен байланысты тілдік бірліктердің күрделенуі үрдісі болса, екіншісі – ықшамдалу үрдісі. Ықшамдылық, жинақтылық тілдің қызмет етуіне қолайлы. Сондықтан аса күрделі элементтердің шектен тыс көбейіп кетуіне ықшамдалу үрдісі жол бермейді. Тіл қолданысында едәуір варианттардың пайда болуы күрделі бірліктердің ықшамдалу үрдісімен байланысты деуге болады. Тілдік нормаларда босаң аймақтардың пайда болуы – тілдегі ықшамдалу құбылысының нәтижесі. Қазіргі қазақ тілінде бір-бірімен тайталас қолданылатын жарыспа варианттардың бір сыңары ықшамдау үрдісіне сәйкес келеді. «Қысқа» варианттардың мазмұн-межесі өзгермейді де, тұрпат-межесі құрылымдық жақтан ықшамдалады. Мазмұнға зиян келмейтін жағдайда құрылымы ықшам варианттарға артықшылық беру нормаларды кодификациялаудағы негізгі принциптердің бірі болуға тиіс.

Белгілі бір нормадан ауытқудың бәрі бірдей теріс әрекет бола бермейді. Белгілі бір коммуникативтік мақсатқа, діндемеге байланысты жөн біле отырып ауытқу прагматикалық мақсатқа тән уәжді ауытқуға жатады да, коммуникативтік әсер-ықпалы ерекше болады.

Тілдік қарым-қатынас кезінде “іріктелген”, “тұрақталған”, “уақыт сынынан өткен” қолданыстағы жүйелер белгілі бір себептен “бұзылып” жатады. Сөз субъектісі реципиентке әсер, ықпал етудің тілдік, риторикалық, стильдік тәсілі мен амалы ретінде сөзді тіркеспейтін сөздермен тіркестіруі, сөзді әдеттегі, үйреншікті мағынасынан өзгеше мәнде жұмсайды, фразеологизм, паремологизмдердің тұрақты құрылымын “бұзып” қолданады, сөзді түрленбейтін қосымшалармен түрлендіреді, орфографиялық, орфоэпиялық тәртіптен ауытқиды. Сөйтіп автор реципиенттің мәтінді қабылдау үрдісіндегі (процесіндегі) автоматизмді “әлсіретуге” тырысады. Белгілі бір мақсатты көздеп, нормадан ауытқуды прагматикалық ауытқу деп аталды.

1. Тілдік нормадан прагматикалық ауытқу. Нормадан ауытқудың бұл түрі тілдік жүйе және құрылымға тікелей қатысты. Тілдік норма - қоғамдық коммуникация кезінде әбден іріктелген, уақыт сынынан өтіп тұрақталған тілдік жүйенің бөлігі, жиынтығы. Тілдік нормадан прагматикалық мақсатта ауытқуға сөзді тіркеспейтін сөзбен тіркестіру; сөзді түрленбейтін қосымшалармен түрлендіру; фразеологизмдердің құрамын бұзып қолдану; орфографиялық норманы бұзып қолдану; орфоэпиялық норманы бұзып қолдану.

2. Мәтін нормасы/сөз нормасынан (норма речевые) прагматикалық ауытқу. Мәтіннің, сөздің тұтастығын мәтіннің құрылымдық бірліктерінің өзара байланысын, мәтіннің бір мәнді сипатын, белгілі бір стильге, жанрға жататынын қамтамасыз ететін жазбаша немесе ауызша сөз саптаудың, мәтін құрудың ережелері. Сөз әрекеті кезінде прагматикалық мақсатқа байланыста сөз, мәтін нормасынан әдейі ауытқу риторикалық тәсілге жатады. Тілдік норма бұзылмайды. Сөз сөйленім, мәтін нормасынан ауытқудың риторикалық тәсілдеріне амплификация, анадиплозис, антиэллипсис, т.б. жатады.

3. Логикалық нормадан прагматикалық ауытқу – әдеттегі, қалыпты сөзде формалды логика заңдарының сақталуы логикалық норма дегенге саяды. Прагматикалық мақсатпен байланысты ауытқу паралогикалық риторикалық тәсіл деп аталады. Мысалы, бір нәрсенің бір мезгілде әрі жалған, әрі ақиқат болуы мүмкін емес. Мысалы, күн шайдай ашық кезде жаңбыр жаумайды, күн жауса, шайдай ашық болмайды. Алайда *бұлтсыз күнгі найзағай* деген қолданыс ешкім күтпеген, табан астында болған оқиғаға байланысты айтылады. Осылайша логикалық нормадан мақсатты түрде ауытқи отырып, ақылға қонымсызды ақылға сыйдыру сөз шеберлігінің бір қырына жатады. Токпағы мықты болса, киіз қазық жерге кіреді; Қалауын тапса қар жанады дейтін мақал-мәтелдер паралогикалық тәсіл арқылы жасалған.

4. Онтологиялық нормадан прагматикалық ауытқу. Онтология – ақиқат дүниенің тілдік бейнесі, болмыстың жалпы адамзатқа тән, я болмаса белгілі бір мәдени-тілдік қоғамдастыққа тән құрылымдары, заңдары, формалары. Мысалы, қазақ қоғамындағы мәдени, тұрмыстық санада құда

“сыйлы адам”, “мыңжылдық жекжат”. Осы түсінік құрмаласқан құда, құшақтасқан дос, т.б. сөз орамдары арқылы репрезентацияланады. Тілдік ұжымның санасындағы ақиқат дүниенің тілдік бейнесін көрнекті ақын Қадыр Мырзалиевтің өлеңіндегі мына жолдар дәлме-дәл береді: *Қазақ – осы құда бол деп қинайтын, құдаларын құдайдай-ақ сыйлайтын.*

Ұлы Абай өзінің “Қыс” деп аталатын өлеңіндегі осы онтологиялық норманы прагматикалық мақсат көздей отырып бұзған. Ақын қысты әлекке түсіретін кәрі құда түрінде сипаттау арқылы, яғни параонтологиялық тәсіл арқылы оқырман зейініндегі автоматизмді бейтараптандырады.

5. Этологиялық норма. Норманың бұл түріне сөз саптаудың, қарым-қатынастың постулаттары мен максималары жатады. Осылардың белгілі бір прагматикалық мақсатқа байланысты бұзылуы параэтологиялық тәсіл деп аталады.

Қазақтың қоғамындағы, мәдени дәстүрінде этикалық нормамен байланысты түсінік бойынша “қымыз – көптің асы”: бие байлап отырған үй келген бөгде адамға, әлеуметтік мәртебесінің жоғары/төмендігіне қарамастан, қымыз ұсынуға тиіс. Бұл – этологиялық норма. Ал осы дәстүрлі мәдениеттегі этологиялық нормадан ауытқуды жазушы Ғ.Мүсірепов оқырман зейінін тоқтату мақсатында қолданады. Бұл жерде үй иесінің келген жандарға қымыз ұсынбауы назар аударатындай тосын көрінеді. “Сол күні мырза бала үйіне таң ата келіпті ғой. Ертеңіне Қайныш келіннің де өңі кірмей жүріпті. Келген кісіге қымыз да берменгі. ...Біздің Кенжем де “осыларда бірдеме бар” деп жүретін, айтам ғой. Бірдеме болғаны. Бұлар тегін емес ...” (Ғ.Мүсірепов. Көк үйдегі көршілер).

Сөзді осылайша тілдік, тілдік емес норманың түрлерінен ауытқудың ыңғайына қарай құру автордың прагматикалық мақсатына бағынады. Сонымен, прагматикалық мақсатқа қарай, яғни адресатқа ықпал ету үшін, оның зердесіндегі автоматизмді бейтараптандырып айтылған/жазылған сөзге зейінін тоқтату үшін тілдік нормадан, мәтін нормасынан этологиялық нормадан, ортологиялық нормадан ауытқудың ыңғайына қарай сөз саптау тілді әсерлі, бедерлі етудің тәсілі болып табылады [1, 22].

Сөйлеу тілінің нормалары грамматикада, сөздіктерде тіркелмейді, сондықтан сөйлеу тілі нормалары әдеби тілдің кодификацияланбаған нормасына жатады. Әдеби тілдің нормалары кодификацияланған стильдік тармақтарына сөйлеу тілі осы ерекшеліктерімен қарама-қарсы қойылады. Сөйлеу тілін қолдану кезінде жазбаша, яғни кітаби түрде сөйлеу сөз мәдениеті тұрғысынан дұрыс деп танылмайды. Сондықтан сөйлеу тіліне тән ерекшеліктерді жаба тілден айыра білу – сөз мәдениетіне қойылар басты талаптың бірі болып саналады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Ф.ғ.д. авторефераты, Алматы, 2007. – 22 б.
2. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптасуы. – Астана: Елорда, - 2001. – 230 б.
3. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1984. – 107 б.

ГАЗЕТ МӘТІНІНДЕГІ БАҒАЛАУЫШТЫҚ СЫН ЕСІМДЕР

Ж. БЕРІКОВА,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты.

Ғылыми жетекшісі: Ғ.А. Түсіпбекова филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

Астана қаласы

Бұқаралық ақпарат құралының рөлі қандай қоғамдық құрылыс, саяси жүйе болмасын маңызы зор. Дәстүрлі БАҚ-тың қарқынды дамуы – баспа, радио, теледидар, әлемдік жаһантор – Интернеттің пайда болуы мен таралуы – бірыңғай ақпараттық кеңістіктің, ерекше үздік те озық ортаның, көптеген медиаағымдар жиынтығының пайда болуына алып келеді. Осының бәрі тілдік қолданыстардың ерекшелігіне, тілдегі өзгерістердің сипатына ықпал етпеуі мүмкін емес.

Қазіргі кезде бұқаралық ақпарат құралы оқылатын (визуалды) мерзімді басылымдар, тыңдалатын (аудиалы-радио), әрі тыңдауға әрі көруге болатын (аудио – визуалды – теледидар) болып үшке бөлінеді. Бұқаралық ақпарат құралдарының тілі туралы айтқанда лингвистика ғылымындағы негізгі ұғым мәтінге келіп тіреледі. Үлкен айырмашылығы сол, бұқаралық коммуникацияда аталмыш ұғымға жаңа мағыналық реңктер үстеледі. Олар негізінен ақпараттық құралдардың медиалық

қасиеттеріне сәйкес туындайды. Мысалы, теледидардан берілетін мәтін тек сөздерден ғана тұрмайды, ол бір мезгілде бірнеше деңгейде қаралады: вербалды деңгей, бейнекөрініс және дыбыстық жеткізілімдер біріге отырып, аса көлемді және көп қырлы бір тұтастықты құрайды. Радио арқылы берілетін мәтіндерге де музыкалық және аудио жеткізілімдер тән. Ал мерзімді баспасөздегі мәтіндер газет немесе журналдың графикалық безендендірілуімен ерекшеленеді.

БАҚ ішінен өзге емес, газет тіліне баса назар аударылуы заңды. Біріншіден, газет – БАҚ-тың ішіндегі ең ежелгі түрі болғандықтан, бүкіл бұқаралық коммуникация тіліне тән негізгі стилистикалық тәсілдер мен құралдар алғаш пайда болып қалыптасқан, екіншіден, газет мәтіні лингвистикалық зерттеу үшін ыңғайлы, қашан да қолда болатын материал болып табылады, өйткені ол радио-телематериал сияқты алдын-ала жазу, соңынан таратып айту сияқты қосымша әрекеттерді қажет етпейді.

Қазақ баспасөзінің негізгі міндеті мен бағытын анықтауда А.Байтұрсынұлының рөлі ерекше. Ол қазақ баспасөзінің қызметінің қаншалықты міндет арқалайтындығын терең түсініп, газеттің қоғамдық қызметі туралы: «Газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе, олай болатын мәнісі жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып тұрады», - деп атап көрсетеді [1,10].

Бағалау бүгінгі баспасөз материалдарындағы негізгі стиль түзуші фактор болып табылады. Ол мәтін жасала бастаған сәтте-ақ маңызды рөл атқарады. Бағалау құндылық аспектісі сияқты тіл бірліктерінің кең ауқымын қамтиды. Тілдік құрылымның әрбір деңгейінің аксиологиялық қатынастарды көрсетуде өзіне ғана тән тілдік құралдары болады. Бағалаудың кез келген түрлерін көрсетуде тілдің негізгі деңгейі лексико-семантикалық болып табылады.

Бағалау паралингвистикалық деңгейде де (ым, ишарат) көрінеді. Қазақ тіл білімінде М.Мұқанов, С.Татубаев, А.Сейсенова, М.Ешимов, К.Қажығалиевалар ым және ишараттарды әр түрлі қырынан зерттеген. Б.Момынова, С.Бейсембаеваның ым мен ишаратқа арналған түсіндірме сөздігінде бейвербалды элементтер жинақталған.

Бағалаушылықты лексикаға қатысты ала отырып Г.Я.Салганик оны лексикалық мағынаның сөйлеушінің сөз арқылы танбаланатын затқа немесе ұғымға көзқарасын білдіретін бөлігі ретінде анықтайды. Сөйлеушінің немесе жазушының сөйлесім пәніне деген қатынасын және осы затты білдіретін сөздерге көзқарасын білдіруде немесе жеткізуде бағалаушылық категориясының маңызды прагматикалық рөлі көрінеді [3, 9]. Бағалаушылықтың құрылымдық жүйесін жан-жақты зерделеген А.Алдашева, О.Бүркітова, Б.Момынова, Ф.Жақсыбаева, Ғ.Түсіпбекова, Қ.Есенова, Ғ.Ө. Танабаев, Ш.Нұрғожина, З.А.Құрманалиева А.Т.Бақытов, т.б. сынды ғалымдар болды.

Бағалау мағынасы кейбір сөздердің (көрікті, тамаша) негізгі лексикалық мазмұнын құраса, ал басқа сөздерде семантикалық құрылымның компонентін құрастырушы болып табылады. Осы негізде барлық бағалау лексикасы екі топқа бөлінеді: заттың абстрактілі бағасын білдіретін жеке бағалаушылық және затты атап, оған өз бағасын білдіретін номинативті бағалаушылық лексика.

Ал, газет лексикасын құрайтын сөздерге тән басты ерекшеліктің бірі – бағалаушылық танытуы. Бағалаушылық – тілдік категориялардың ішіндегі ең аз зерттелгендерінің бірі. Ол негізінен лексикалық деңгейде қарастырылған. Айталық, бір зат екінші бір затпен салыстыра бағаланатын болса, салыстырылып тұрған зат немесе соның бір белгісі элемент ретінде бағалаушылықтың құрамына енеді. Бағалаушылық – сөйлеушінің өз тарапынан құбылыс пен затқа, іс-әрекет атауына берген бағасы, көзқарасы, оған деген қарым-қатынасы.

Газеттің радио мен теледидардан айырмашылығы сол, ол жарнамаланып отырған тауар немесе қызмет түрі жайында егжей-тегжейлі баяндауға мүмкіндік береді. Шағын жарнаманың өзіне жеткілікті түрде қажетті ақпаратты келтіруге болады – түрлі мінездемелер, бағалар, ұялы телефон нөмірін, мекен-жайлар, купон және т.б. Бағалаушылық газет құрылысы, құрылымы мен жүйесінің өң бойына тән болғандықтан, газет тақырыптары мен айдарларын, тақырыптық деңгейлері мен мәтінін түгел қамтиды. Бағалаушылықты тілдік құрал орнында жұмсау барысында газет қоғамдағы жағымды, жағымсызқұбылыстарға, өмір өзгерістеріне, идеологиялық қарсылас ретінде жекелегенадамдар мен басқа қоғамдық құрылымдарға әлеуметтік және саяси тұрғыдан баға беру мүмкіндігіне ие болады. Бағалаушы сөздердің сын есімдерде көптеп кездесетінін өз кезінде газет лексикасы жүйесі мен құрылымына байланысты проф. Б.Момынова айтып кеткен. Қазақ тіл білімінде сын есімдердің мағынасы, қолданысы турасында: «Сын есім – семантикалық жағынан заттың, құбылыстың түрлі сапа, белгісін, түсін, көлемін, затқа, құбылысқа, іс-әрекетке қатысын білдіретін сөздер» [2, 460] делінген. Бағалаушылық лексика құрамында барлық сөз таптары, әсіресе, сын есімдер көп кездесетіндігін, газетте олардың субъективтік бағалаушылығы әр түрлі жолдар арқылы жасалатындығын «Ана тілі» газетінен алынған төмендегі мысалдардан байқауға болады.

Жиынға еліміздің және ТМД мемлекеттерінің Мәдениет министрліктерінің өкілдері, ТМД елдерінің Гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі мемлекетаралық қорының ресми өкілдері және тағы басқа **ірі** кітапхана орталықтарының басшылары қатысты.

Туған тілге деген сүйіспеншілік **зор** екендігін іштей мойындадым.

Айналадағы адамдарға, өскен ортаға арналған құрметімнің арқасында балама **қазақы** тәрбие беруге баса көңіл бөлемін. Тіптен Отанға деген махаббаттың өзі ана тіліне деген **шынайы** сезімнен туындайды. Адамгершіліктің **алтын** дәні алдымен ана тілі топырағында көктейтінін сол кезде ұққан едім.

«Ана тілі» газеті де **жас** аналарға қажетті «Ас пісірудің үлгілері», «Отбасының жарасымдылығы», «Тазалық айнасы» секілді мақалаларды көптеп жарияласа, елдің назарын аударар еді [3, 1].

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Қорғас - Жетіген» теміржол желісі құрылысының ашылуына байланысты салтанатты рәсімге қатысушылар алдында сөз сөйлеп, **жаңа** жол еліміздің транзиттік әлеуетін едәуір өсіретіндігін атап өтті.

1724жылы Әбілқайыр мен Сәмеке хандар басқарған батырлар **қасиетті** Түркістанды жау қолына бермеу үшін жанталаса күресті. **Бірбеткей де қайсар** Жәңгірді халық құрметтеп «Салқам Жәңгір» атандырды [3, 2].

Зиянды (аса зиянды), қауіпті (аса қауіпті) және ауыр еңбек жағдайларына жоғарылатылған тарифтік мөлшерлемелер қойылады. Сауықтыру орталықтарына жіберіп, **сапалы** медициналық көмек алуға мүмкіндік жасайды [3, 3].

Әлемдік сөз өнерінің тарихындағы лайықты орнымен бағалануға тиісті VI-XV ғ. арасындағы түркі халықтарына ортақ әдеби-мәдени ескерткіш мұраларды танудың, зерттеудің үлкен қиындықтармен жүзеге асырылғаны мәлім. Ежелгі дәуір және оған жалғасатын Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет дамуының кезеңдерін зерттеуді, оны жоғары оқу орындарында оқытуды тұңғыш сөз етіп, одан кейін іс жүзіне асыра бастаған **қажымас күрескер** ғалым, профессор Бейсенбай Кенжебаев болғанын қазір жұрттың бәрі де мойындайтын. Бейсекеңнің тағы бір талантты шәкірті Немат Келімбетовтың де ежелгі дәуірдегі түркі халықтарының әдеби-мәдени жәдігерліктерін кеңінен қамтып, ғылыми-зерттеулердің кешенді айналымына енгізгені-тәуелсіз Қазақстанның **рухани** құндылықтарын бағалаудың **үздік** көрсеткіштері қатарын құрады [3, 4].

Халыққа **адал** қызмет етіп, білім-ғылым негіздерін игеру, қазақтың арғы тегіндегі даңқты қолбасшыларды өнеге тұту, мемлекеттік лауазымды қызметтерде ұлттық-отаншылдық рухты биік ұстау, фольклор мен әдебиет мұраларын сақтау, қазіргі **тәуелсіз** Қазақ елін мәңгілік өркендеу биігіне көтеру-сан алуан ұлттық-отаншылдық, азаматтық-перзенттік парыз мәселелерін дидактикалық-философиялық ойлармен өрнектеген.

Кітаптың тараулары да дидактикалық-философиялық туындының идеялық-композициялық құрылымындағы көркемдік-эстетикалық бағдарлы ой-өрімдерінің жүйесін айқын танытады: «**Күншіл** адам – **мұңшыл** адам», «Әйелі **сұлу** жігіттің **шынайы** досы болмайды», «**Күншіл** адам өлсе де, күншілдік өлмейді».

Жаратушы Алланың өзіне бұйыртқанын қанағат етпей, маңындағы адамдардың игерген жетістіктерін, артықшылықтарын көре алмайтын **тар** пейілді, **сұрқия**, **сұм** адамдардың рухани жан ділі әлеміне анықтамалар жасаған.

Қазақ елі қазіргі таңда қабырғасы қатайған, пікіріне дүниежүзі елдері құлақ асатын **беделді** ел болып орнықты [3, 5].

Қорыта келгенде, бағалау – тілдік қарым-қатынасқа тән ерекше лингвистикалық категория болып табылады. Адам өмірінен, қоршаған ортадан алған, көрген-білген нәрселерін, түрлі құбылыстарды көзбен көріп, оларға іштей баға береді. Ненің жақсы, ненің жаман екенін айырады. Жалпы бағалауыштық мағына заттың бір ғана емес, бірнеше белгілерін қамтиды. Газет мәтінінде бағалауыштық мәнді беруде сөз таптарының, оның ішінде сын есімдердің қосатын үлесі зор.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақ» газеті. – Алматы, «Қазақ энциклопедиясы», 1998. – 560 б.
2. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. -784 б.
3. «Ана тілі» газеті. №47, 24-30 қараша, 2011.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНАН БАСТАУ АЛҒАН ПАРЕМИЯЛЫҚ ЖІКТЕЛІСТЕР

Б.Б.ДИНАЕВА

КАЗГЮУ университеті қазақ және орыс тілдері кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты. Астана қаласы

Резюме

В статье на основании определения А.Байтурсынова классифицируются казахские пословицы в семантическом плане. Автор рассматривает пословицы и поговорки, пословично-поговорочных выражения, притчи казахского языка.

Summary

In the article on the basis of a classified A.Baitursynov Kazakh proverbs in semantic terms. The author examines the proverbs and sayings, proverbs and sayings expressions, the parable of the Kazakh language.

Қазақ тілінің паремиологиялық қорының ерекше тобын құрылымдық-грамматикалық және семантикалық сипаттағы тіл бірліктері – мақал-мәтелдер құрайды. Бұлар – құрылым-құрылысы жай және құрмалас сөйлем түрінде келіп, астарында халықтың өмірден түйген терең мағыналы пайымдауы жататын коммуникативті оралымдар.

Жер бетін мекендеген ұлттар мен ұлыстардың қай-қайсысының да ғасырлар бойы сұрыпталған інжу-маржандай, лағыл-асықтай астарлы да асыл, ұлағатты да өнегелі даналық сөз үлгілері барлығы белгілі. Атадан балаға мирас болып, ұрпақтан-ұрпаққа екшеліп, іріктеліп, сұрыпталып жетіп отырған осындай асыл қазыналардың бірі – мақал-мәтелдер. Олар қысқа да нұсқа, бейнелі, мағынасы терең, шымыр логикаға (ойға) құрылады да, тыңдаушы көкейіне бірден қона кетеді.

Келелі ойды, кең мазмұнды данышпандық ақыл-өсиет түрінде салмақты айтатын, айтқанда соншама дәл әрі әділ, ащы мысқыл, әдемі әжуасы аралас келіп, тапжылтпай мақұлдатып тастайтын мақал-мәтелдерді бір-бірінен айыруда әдебиетші ғалымдар мен тілші мамандардың жүйелі зерттеулері мен келелі пікірлерін саралай отырып, біз де өз пікірімізді ортаға салғымыз келеді.

Қазақ тілінің құрылысын, құрылымдық жүйесін түгендеп, жан-жақты қарастырған қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым А.Байтұрсынұлы өз зерттеулерінде мақал-мәтелдерге анықтама беріп, оларды тілдік материал ретінде пайдаланған. Ғалым «Әдебиет танытқышында» мақал-мәтелге былайша анықтама береді: «Мақал да – тақпақ жақын салт-санасына сәйкес айтылған пікірлер. Тақпақтан гөрі мақал маңызды, шыны келеді. Мәтел дегеніміз – кезіне келгенде кесегімен айтылатын белгілі-белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады, бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады. Мәтел ақиқат жағын қарамай, әдетті сөз есебінде айтылады» [1, 155]. Ғалым мақал мен мәтелді семантикалық тұрғыда жіктеген, яғни қазақ паремияларының қазіргі жіктелісі өз бастауын А.Байтұрсынұлынан алған деуге негіз бар.

«Әдебиет танытқышта» негізі салынған қазақ ауыз әдебиетінің классикалық жүйесі ... Салт сөзі >> ділмәр сөз (афоризм), тақпақ, мақал, мәтел» деп жіктеледі [2, 68-69].

Мақал-мәтелдердің көп қырлы құбылыс екені ғылымда дәлелденген. Мәселен, мақал-мәтелдердің табиғатын терең зерттеген ғалым Г.Л.Пермяков былай деп көрсетеді: «С одной стороны, пословицы и поговорки – явление языка, устойчивые сочетания, во многом сходные с фразеологическими оборотами. С другой – это определенные логические единицы, выражающие то или иное суждение. С третьей – это художественные миниатюры, в яркой, чеканной форме обобщающие (а точнее, моделирующие) факты самой действительности. Тройственная природа пословиц и поговорок требует и тройского к ним подхода – как к явлением языка, явлением мысли и явлением фольклора, тем более, что указанные три плана пословичных изречений в значительной степени автономны» [3, 10].

Ғалымның бұл тұжырымы көптеген басқа зерттеушілердің айтып келген пікірлерінің жиынтығы тәрізді.

XIX ғасырда-ақ орыс лингвистері мақал-мәтелдерді семантикалық белгілеріне байланысты ажыратуды басты назарда ұстаған. Мәселен, И.М.Снегирев мақал мен мәтелді мағынасына қарап

ажырата келе былай дейді: «Мақал өмірдегі маңызды нәрселерге шынайы түрде қорытынды жасаса, мәтелде ол тұспалдау, ұқсастыру, салыстыру арқылы беріледі» [4, 15].

В.Даль да мақал-мәтелдердің айырмасын олардың мағыналық жағынан қарастырады. Мақалдардың айтылу сазына қарай, кейде қысқа айтылуы арқылы мәтел пайда болатынын анықтайды [5, 364].

Осы негізде кейінірек жазылған зерттеу жұмыстарында мақалдың сөйлеммен, ал мәтелдің оның бір бөлігі, яғни сөз тіркесімен келетіндігі жөнінде сөз бола бастады. М.А. Рыбникованың: «Мақал – түрі жағынан пайымдаудың бейнелі де мәнді бір элементі» деген пікірін [6, 47]. Л.А. Морозова да қосап: «Мәтел – адамның белгілі бір жағдайын немесе белгілі бір құбылыстың жекелеген қасиетін сипаттайтын, сөйлеу тілінде кең қолданылатын тұрақты бейнелі сөз тіркесі» деген пікір түйеді [7, 57].

Зерттеушілердің бұл тобы мақал-мәтелдердің айырмашылығын олардың құрылым-құрылысымен байланыстыра қарайды, яғни мақал аяқталған толық сөйлем түрінде, ал мәтел сөз тіркесі түрінде келеді деп ажыратады, бірақ та бұл зерттеушілер мәтелдің тек қана сөз тіркесі түрінде ғана емес, сөйлем түрінде де келетініне мән бермеген. Мысалы, *Аз асқа бақауыл болма, аз елге жасауыл болма; Қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда* т.б. мәтелдердің қос тармақты күйде, құрмалас сөйлем түрінде жасалып тұрғанын көреміз.

Бұл туралы С.Г. Гаврин: «Барлық мәтелдер екі түрге – сөйлем түрінде және сөз тіркесі түрінде келген мәтелдер деп бөлінеді», - дейді [8, 25]. Осы пікірді паремнолог-ғалым Г.Л.Пермяков та мақұлдап, «мәтелдерді синтаксистік құрылымына қарап екі түрге бөлу қажет: 1) сөз тіркесіне балама мәтелдер; 2) сөйлемге балама мәтелдер» деп, жоғарыдағы ойды одан әрі нақтылай түседі [9, 17].

Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды біреу-ақ: бір-біріне етене жақын, бір құбылыстың тел қозыдай екі көрінісі іспеттес мақал мен мәтелдің өзара ортақ және ерекше өзгешеліктері бар екен. Паремнологияда мақалдың жалпы мазмұны оның құрамындағы компоненттердің мағыналары жиынтығынан келіп шығатыны, ал мәтелдің жалпы мазмұны компоненттердің мағыналарына тікелей қатысы жоқ екені басы ашық мәселе. Басқаша айтсақ, мақалда себеп пен салдар қатар жүрсе, мәтелде құбылыстың себебі ғана, болған жағдайдың өзі ғана айтылып, олардың салдары мен нәтижесі көмескі қалады. Сөйлеушінің мәтел арқылы астарлап, тұспалдап айтқан ойын тыңдаушы өзінше түсініп, одан өзінше қорытынды шығарып, өзінше тағылым алуы қажет. Сонымен екі тілдік бірліктің ортақ белгілері мен айырмашылықтарын бізге дейінгі жазылған ғылыми еңбектерге сүйене отырып, зерттеу барысында төмендегіше жіктедік.

Мақал мен мәтелдің ортақ белгілері:

1. Мақал-мәтелдер – халықтың өмірден алған тәжірибесінің жиынтығы, ой-тұжырымының қорытындысы. Олардың әрқайсысында өзіне ғана тән философиялық ой және саналы логика мен жүйеліліктің нәтижесінде пайда болған өзіндік тұжырым бар.

2. Мақал-мәтелдер тұлғасы жағынан тілге жеңіл, белгілі бір ұйқасқа құрылғандықтан, құлаққа өте жағымды естіледі, көлемі шағын, тілі көркем, мазмұны терең және аз ғана сөзбен толық бір мағынаны өз дәрежесінде нақты жеткізеді, қолдануға даяр тұрады.

3. Мақал-мәтелдер – предикативті сөз тіркесі және сөйлем түрінде келген коммуникативтік тілдік бірліктер.

4. Мақал-мәтелдер бейнелі, экспрессивті мәнде келеді.

5. Мақал-мәтелдер сөйлеу тілімізде дәстүрлі тұлғасында да, трансформацияланған түрде де қолданылады.

6. Мақал-мәтелдер – көлемі жағынан аса қысқа, құрамында ешбір артық сөз болмайтын, әрбір сөзі шымыр, мірдің оғындай нысанаға дәл тиіп отыратын тілдің ерекше бірлігі.

7. Мақал-мәтелдер тура және ауыспалы мағынада қолданылады.

8. Мақал-мәтелдердің көпшілігінің құрылым-құрылысы ерекше дыбыстық ұйқасқа құрылып, өлеңге ұқсас болып келеді, сонымен бірге қара сөз түрінде де айтылып, теңеу, әсірелеу, ұлғайту, кішірейту, қайталау, салыстыру сияқты айшықтау тәсілдері мен әртүрлі стильдік фигуралар кеңінен қолданылады.

Мақал мен мәтел арасындағы айырмашылықтар:

1. **Мақал** уағыз, өсиет, өнеге сипатында келеді, онда дәлел мен қорытынды пікір қатар беріледі. Мысалы: *Жүйелі сөз жүйесін табады, Жүйесіз сөз иесін табады;*

Мәтел айтылатын ойды тұспалдап, емеурін арқылы білдіреді. Мысалы: *Дария жанынан құдық қазба.* Осы тұста А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегінде мақалға мысал ретінде алған *«Битке пышақ суырма; Бас білген өзігге өк деген өлім»* деген паремияларын [1, 156] қазіргі ғылым тұрғысынан мәтелге жатқызамыз.

2. **Мақалда** себеп пен салдар қатар жүріп, жалпы мазмұны оның құрамындағы компоненттердің мағыналары жиынтығынан келіп шығады. Мысалы: *Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің; Ауруын жасырған өледі; Атасы жақсы көргенін айтады, Атасы жаман бергенін айтады.*

Мәтелде құбылыстың себебі ғана немесе болған жағдайдың өзі ғана айтылып, олардың салдары мен нәтижесі көмескі қалады. Сөйлеушінің мәтел арқылы астарлап, тұспалдап айтқан ойын тыңдаушы өзінше түсініп, өзінше қорытынды жасайды. Мысалы: *Қыздың жолы - жіңішке; Әсіре қызыл тез оңар.*

Сонымен мақал-мәтелдерге берілген көптеген анықтамаларды ой елегінен өткізіп, былайша түйіндеуге болатын тәрізді:

Мақал – халықтың өмірден алған тәжірибесінің, ой-тұжырымының қорытынды жиынтығы, айқын ойды үлгі-өнеге, ақыл ретінде қысқа қайырып, көркем бейнелеп жеткізетін халықтың даналығы мол өсиет сөзі. Мақал – коммуникативті оралым, мағыналық жеке бірлік. Мақал аяқталған (жай немесе құрмалас) сөйлем түрінде келеді, тура және ауыспалы мағыналы болады.

Мәтел – мақалға қарағанда ойды ақырына дейін жеткізбей, топшылама, болжам ретінде түсіндіретін, сөйлем түрінде де, сөз тіркесі түрінде де келетін тілдік бірлік.

Айта кету керек, осы уақытқа дейін біз халықтың даналық сөздерін **мақал** және **мәтел** деп қана бөліп келеміз. Ал, шын мәнінде, ғибраты мол бейнелі сөздерді зерделей қарасақ, олардың ішінде мақалға да, мәтелге де тән қасиеттерге ие, яғни мақал мен мәтелдің аралығындағы оралымдар бар екен. Біз мұндай тіл бірліктерін **мақал-мәтелдік оралымдар** деп атауды ұсынамыз. Бұл мәселе орыс тіл білімінде Г.Л. Пермяковтың, В.П. Жуковтың еңбектерінде сөз болған.

Орыс мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігін түзуші В.П.Жуков мақал-мәтелдік оралымдар туралы былай дейді: «Между пословицами и поговорками размещается обширный тип пословично-поговорочных выражений, (астын сызған біз – Б.Д.), которые считают в себе признаки пословиц и поговорок. Эти выражения характеризуются тем, что часть слов в их составе сближается или совпадает со словами свободного употребления, а другая часть (нередко реальное или потенциальные фразеологизмы) имеет фигуральное, переносное значение. Например: в выражении **пьяному море по колену** первое слово имеет буквальное значение, а сочетание **море по колену** имеет фигуральный смысл» [10, 12].

Ал қазақ тіл білімінде бұл туралы арнайы сөз болған емес, сол себепті біз халық даналығының үшінші түрі деп **мақал-мәтелдік оралымдарды**, яғни бойында мақалға да, мәтелге де тән қасиеттер болатын, құрамындағы компоненттердің жартысы тура мағынасында, жартысы ауыспалы мағынада (егер қос тағанды болса) келетін тіл бірліктерін атауды жөн көрдік. Мысалы: *Сиыр сипағанды білмейді, жаман сыйлағанды білмейді; Жүрген аяққа жөргем ілінер, жатқанға жан жуымас; Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме; Аузымен орақ органның белі ауырмас; Ала қойды бөле қырыққан жүнге жарымас* т.б.

Халық даналығының төртінші түріне халықтың өмірде көрген-білгенін мысал ретінде түйіп айтатын және тарихи уәждері бар оралымдарды жатқызып, әрі оларды академик Ә.Қайдардың ұсынуы бойынша **тәмсіл** деп атауды ұйғардық. Тәмсіл сөздерге белгілі бір аңыз, ертегі, тарихи оқиғаға байланысты шығарылған астарлы мағынасы бар тілдік бірліктерді жатқызамыз, яғни тәмсілдердің белгілі бір оқиғаға байланысты шығу тегі, түп-төркіні болады. Тәмсілдердің құрамындағы сөздердің орнын ауыстыруға, түсіріп айтуға немесе өзге синоним сөздермен алмастыруға келмейді.

Тәмсіл – тілімізге араб тілінен енген сөз, «ұқсату» деген мағынаны береді, яғни ұқсас іс-әрекеттердің барлығына бірдей қолдануға болады деген сөз. Тәмсіл – өсиет, нақыл түрінде айтылатын астарлы мазмұны бар әңгіме.

Тілімізде күнделікті өмірде жиі қолданылатын тәмсіл сөздер аз емес. Мысалы: *Қайда барсаң – Қорқыттың көрі; Абылайдың асында шаппағанда, Атаңның басына шабасың ба? Аяз, әліңді біл, Құмырсқа, жолыңды біл; Жүзігі барда - Сүлеймен, жүзігі жоқта – сүмірейген; Өлдің, Мамай – қор болдың; Даудың басы Дайрабайдың көк сиыры; Барар жерің Балқан тау, ол да біздің көрген тау; Әз болмай, мәз болмайды; Түйе бойына сеніп, жылдан құр қалытты; Көп қорқытады, терең батырады; Құланның қасынуына (қасуына) – мылтықтың басуы; Күлтөбенің басында күнде жиын* т.б.

Жоғарыда аталған әрбір тәмсіл сөздің о баста шыққан тарихы, шығу төркіні бар. Ғасырлар көлегейлеп кеткен өмір көштерінің әр асуында туған бұл тәмсілдер тумасы тұрғысынан тарихи, қолданысы тұрғысынан бүгінгі, яғни жоғарыдағы тәмсіл сөздердің астарында мәңгілік тарих, даналық жатыр.

Қорыта айтқанда, А.Байтұрсынұлы бастаған көптеген тілші-ғалымдар секілді біз де мақал мен мәтелдің өзара айырмасын семантикалық тұрғыдан қарастырдық. Сонымен бірге мақал мен мәтел

аралығындағы мақал-мәтелдік оралымдарға және халықтың өмірлік тәжірибесін, көрген-білгенін мысал ретінде түйіп айтатын, тарихи уәждері бар тәмсілдерге тоқталып, қазақ паремияларын жіктедік. Қарастырылған тіл бірліктерінің ерекшеліктерін талдау олардың ортақ белгілері мен өзара бір-бірінен айырмашылықтары бар екендігін көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. -208 б.
2. Еркінбаев Ұ.О. Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» ХХ ғасыр басындағы әдебиеттану ғылымының контекстінде: филол.ғыл.канд.дисс. – Алматы, 2007. -125 б.
3. Пермяков Г.Л. Пословицы и поговорки народов Востока. – Москва: Наука, 1979. -671 с.
4. Снегирев И.М. Опыт рассуждений о русских пословицах. – Москва, 1923. - 49 с.
5. Даль В. Напутное // Даль В. И. Пословицы русского народа. – Москва: Гос. изд. худ. лит., 1957. - 991 с.
6. Рыбникова М.А. Русская поговорка // Русский язык в школе. 1939, № 4. - С. 47-51.
7. Морозова Л.А. Пословицы и поговорки: К вопросу об определении и разграничении // Вестник Моск. ун-та. Сер. Филол.-я, 1972. №2. - С. 57-65.
8. Гаврин С.Г. К вопросу об отличии пословиц и поговорок в современном русском литературном языке // Пермский гос. пед. ин.: каф. рус. ин. яз. // Ученые записи. – Пермь, 1958. - Вып. XVII. - С. 23-46.
9. Пермяков Г.Л. От поговорки до сказки. – Москва: Наука, 1970. -240 с.
10. Жуков В.П. Русская фразеология. – Москва: Высшая школа, 1986. – 310 с.

ТІЛ ҚҰЖАТТАУ ЖАЙЫНДА

А. ДИҢҒАЗЫ,

Қытай Орталық ұлттар

университеті қазақ тілі және әдебиеті
факультетінің PhD докторанты.

ҚХР Пекин қ.

Тіл құжаттау – тіл ғылымының маңызды бір саласы. Әрбір тілдің даму кезеңдерінде сол тілге тән әр түрлі тармақ, салалар пайда болып отырады. Тіл білімінің мұндай тармақтары жеке дара күйде емес, қайта шектес білімдермен тығыз тоғысып жатады. Яғни, бұл құбылыс бір-бірімен байланысты пәндердің көмегі арқылы жүзеге асып отырады.

Тіл мамандары ХІХ ғасырдың соңы ХХ ғасырдың бас шенінен бастап тіл құжаттауға кірісе бастаған. Алғашында, мамандар аудару, далалық зерттеулер барысында көптеген тілдік материалдарды қаламмен таңбалап жазып отырды. Сол жазба материалдар бүгінгі күнде де біздің асыл қазынамызға айналып отыр. Ғылым мен техниканың біртіндеп дамуына байланысты, ХХ ғасырдың соңғы жылдарынан бастап, ғалымдар тілдік материалдарды диктофонға немесе дискіге түсіріп алудың қолайлы болуына байланысты, тиісті мысалдарды белгілі дискіге сақтаған, алайда уақыт өте келе бұл материалдар бұзылып қалды. Бұл ғылыми зерттеудегі үлкен ағаттық болды. Сол себепті кейбір тілдердің қай мезгілде өмір сүргендігінен, қай мезгілде жоғалғандығынан хабарсыз қалдық.

Бұл бағыттағы зерттеулер әлемнің әр түрлі елдерінде белгілі бір нәтижелерге қол жеткізген. Мысалы, Американың антрополог, ұлттанушы ғалымы Edward Sapir [1], Franz Boas сияқты дүниеге танымал ғалымдары [2], сондай-ақ соңынан шыққан тіл маманы (Smithsonian Institution) сияқты ғалымдар да тіл құжаттаумен айналысқан, олардың жиған материалдары қазір мұражайда сақталуда. Көпке белгілі, бұл ғалымдар негізінен үнді-европа тілдеріне қатысты ақпараттарды сонау кезден бастап жинап бастаған.

Ал Қытай халық республикасының тілтанушылары 1950 жылдардан бастап тіл құжаттауға кіріскен. Ол кезде «тіл құжаттау» деген термин әлі жарыққа шықпағандықтан, бұл іс, негізінен, диалектілік материалдар жинақтау үшін жүргізілген болатын. Далалық зерттеулер барысында жиналған мұндай тілдік материалдардың, жазылған дыбыстық материалдар болмағандықтан, кейінгілерге көп көмегі тимеді. ХХ ғасырдың соңынан бастап компьютер техникасының жаңалануы,

түрлі жұмсақ детальдардың пайда болуына байланысты тіл құжаттауға да көптеген мүмкіндіктер туды. Яғни, тіл мамандары мен компьютер мамандары бірлесе отырып, қажетті детальдарды дайындай алатын болды, әрі бұлардың сақталу мерзіміне де кепілдік бере алды, сонымен қатар, арнаулы тіл құжаттау үшін ғана пайдаланылатын детальдарды да жасап үлгерді.

Соңғы 20 жылдан бері, Қытай халық республикасында көптеген ғалымдар тіл құжаттаумен айналысып, көрнекті нәтижелерге қол жеткізді. Мысалы, Сүн Хүң Кай (2001), Шүй Шы Шуан (2006), Лиану Чиау Чиң (2003) сияқты мамандар Қытайда жойылуға бет алған тілдер турасында зерттеулер жасады. Олардың зерттеу нәтижесінде тілдердің тоғысуында болатын өзгерістерден, тілдің ең маңызды рөлі – коммуникативтік қызметінің біртіндеп шегінетіндігінен дерек алынды.

Тіл құжаттау – аз уақыттың ішінде бір тілдің өміршеңдік қуатын түсінуге, әрі сол тілдің ғасырлар бойы сақталу мүмкіншілігін арттыруға, тілдердің кейінгі өзгерістерін зерттеуге апаратын пайдалы табыс болып табылмақ.

Тіл құжаттау» деген терминді шетел ғалымдары өткен ғасырдың 90 жылдарынан бастап қолдана бастады. Ең алғашында, ғалымдар, жойылуға бет алған тілдерді архивтендіру мақсатында бұл терминді қолданып және ол тілдерді құжаттай бастаған. Бұл терминнің халықаралық атауы – Documentary Linguistics/Linguistic Documentation/Language Documentation, бізше «Тіл құжаттау» немесе «Тілдерді архивтендіру» деуге де болады.

Германиялық тіл маманы Nikolaus P. Himmelmann 1998 жылы жарияланған «Тіл құжаттау және сипаттамалы тіл білімі» деген мақаласында, тіл құжаттау және сипаттамалы тіл білімінің байланысы мен маңызын нақты түсіндірген. Ғалымның айтуынша, тіл құжаттау мәлім бір тілдің жалпы күйін, қарым-қатынастағы рөлін, күнделікті тұрмыстағы қолданылу шамасын, яки сол тілде сөйлейтін адамдар ана тілінқаншалықты пайдаланып отырғанын айқындайды, әрі сол тілді бастапқы күйінде сақтапқалуды мақсат етеді. Ал сипаттамалы тіл білімі болса, сол тілдің негізгі құрылымына талдау жасайды, яғни, құжаттамақшы болған тілдің фонетикасын, лексикасын және грамматикасын нақтылы сипаттауды негізгі мақсат етеді. Әрине, «тіл құжаттау» мен сипаттамалы тіл білімі – әрі айырмашылығы бар, әрі тығыз байланысты екі түрлі ұғым [4].

Ал англиялық тіл маманы Tony Woodbury тіл құжаттауды тіл ғылымының маңызды саласы, ол тек жойылуға бет алған тілдерді ғана емес, дүние жүзі тілдерінің әртүрлі кезеңдегі күйін сақтап қалуға, тілдің ғасырлар бойындағы өзгерістерін бақылауға пайдалы, сондықтан тек құруға бет алған тілдерді құжаттап қана қалмай, шамасынша қарым-қатнастағы тілдердің барлығын құжаттауға міндеттіміз деп қарайды [5].

Көріп отырғанымыздай, шетел ғалымдары, өткен ғасырдың соңынан бастап бұл теория бойынша зерттеулер жүргізе бастаса, ал Қытай елінде 2000 жылдың басында бастау алған. Жоғарыда көрсетілгендей, ғалымдар әуелі бұл теорияны жойылуға бет алған тілдерді құжаттау үшін пайдаланған. Ғалымдардың айтуынша, тіл құжаттау тек ғана тіл білімімен жүзеге аспайды, ол шектес білімдердің көмегін қажет етеді, әрі техникалық білімдерден де хабардар болуы, яғни аспап-құралдарды, тиісті жұмсақ детальдарды қолдана білуі қажет.

Тіл құжаттаудың өзіне тән әдістері баршылық. Тіл құжаттау тек тілдік бірліктердің қатысуы арқылы ғана жүзеге аспайды, басқа ғылыми пәндердің көмегіне де жүгінеді. Құжаттануға тиісті тілді тек қана аппаратқа түсіріп қоюмен іс бітпейді, жинақталған дыбыстық немесе кескіндік материалдарды халықаралық транскрипциямен таңбалау, аударма жасау, әрі фонетика, лексика және грамматикалық жақтан сипаттау керек. Сонда ғана сол тілдің сол кезеңдегі ерекшелігін, өзгерісін, қарым-қатынастағы жұмсалуды дәрежесін байқауға болады. Тіл құжаттау үшін жинақталған материалдар корпусық тіл білімінің де көмегін қажет етеді. Яғни, тілдік материалдарды құжаттап, сипаттап болғаннан кейін, тіл илерінің пайдалануы үшін корпусқа енгізу қажет. Бұл материалдар кейінгі ұрпақтардың, әсіресе, тіл әуескойларының, белгілі бір тілдің дамуына, өзгерістеріне зерттеу жасауларына өте қолайлы мүмкіндік тудырады.

Біз қазір ескі жазбалардың нақтылы байыбына бара алмай, әр ғалым әр түрлі көзқарасын алға қойып жатады, себебі, ол кездегі халықтың зады қай тілде сөйлейтініне ешкім де нақтылы жауап бере алмайды. Себебі бізге жетіп отырған материалдар тек ғана жазба материалдар, дыбыстық немесе кескінді материалдар болмағандықтан, ескі жазбаларды кімнің қалай оқитынын дәп басып айту, әрине, қиынға соғады. Сондықтан ғалымдар қазіргі дамыған техникалық құралдарды пайдаланып, тіл білімінің тармақ салаларымен байланыстыра отырып тіл құжаттауды ортаға қойып отыр. Тіл білімінің бұл саласы қысқа ғана уақыт ішінде арнаулы салаға айналып та үлгерді. Бастабында тек жойылуға бет алған тілдерді құжаттауды мақсат еткен

бұл сала, тіл мамандарының алқауымен барлық жанды тілді құжаттауға да жұмсалатын болды. Осы орайда Қытай ғалымдары да көптеген жетістіктерге қол жеткізді.

Тіл құжаттаудағы ең маңызды әрі күрделі міндеттің бірі – «Қандай материалдарды құжаттау керек?» деген сұрақ. Яғни, қандай тілдік материалдар сол тілдің сол кезеңдегі жандылығына уәкілдік ете алады? Әрине, қарым-қатынастағы тілдің бәрі жанды тіл, ендеше, құжатталуға тиісті тіл қандай материалдарды қамтуы керек деген мәселенің шешімін табу – тіл құжаттаудағы ең түйінді міндет. Осы міндетті орындаудың қадамдарына тоқталайық.

Ең алдымен, нысан айқын болу керек. Яғни, қайсы жердегі қай тілді құжаттайсыз, не үшін құжаттайсыз, сол жердегі халықтың саны, географиялық ортасы, тіл қолдану дәрежесі сияқты жағдайларын толық түсіну қажет. Әрі бұл турасында жан-жақтылы түсіндірме берілу керек. Бұл – бірінші басқыш.

Екінші басқышта жазба материалдарды жинақтаймыз. Бұл жұмыстың барысында жазба материалдарды іске қосамыз, бұл тұрғыдағы жазба материал деп отырғанымыз – халық арасында сақталған, жергілікті халықтың ортасында таралып жүрген ақын-жазушылардың жазба мәтіндері. Бұл мәтіндерді бірден баспа бетіне жариялау талабы қойылмайды. Сол күйінде жинақтап, автордың мақұлдауынан кейін корпусқа енгізу қажет болады. Ал мұндай материалдарды аудару, транскрипциялау – зерттеушінің міндеті.

Үшінші басқышта табиғи сөйлеу тілінен материал жиылады. Бұл, әрине, ең маңызды әрі күрделі басқыш болып саналады. Себебі халықтың кәдімгі сөйлеу тілі мен жазба тілі олардың әртүрлі ортадағы сөйлеу дағдысына ұқсамайды, сондықтан табиғи тілді техникалық құралдарға түсіру біршама қиын.

Мұндағы сөйлеу тілі әртүрлі ортадағы әртүрлі сөйлеу формасын қамтиды. Мысалы, екі немесе одан да көп адамның диалогы, отбасындағылардың жай әңгімесі, балалардың тілі, тіпті, мүмкіндік болса, адамдардың бір-бірін қалай ианаттайтындығы да тіл құжаттаудың көлемінде қамтылып жатады. Сөйлеу дағдыларын жию, әрине, оңай емес, ұзақ уақытты қажет етеді.

Төртінші басқышта корпустық тіл білімінің теориялары және компьютерлік білімдер арқылы жинақталған ақпараттарды корпусқа енгізіп, сайттарға тарату арқылы тілшілердің ортақ байлығына айналдыруымыз қажет. Қорыта келгенде, тіл құжаттау – тіл білімінің жаңа бір тармақ саласы. Ғылыми айналымға тартылғанына көп болмағанымен тілдердің тағдырымен тікелей байланысты сала. «Тіл құжаттау» жұмсалымдағы тілдің барлығын құжаттауға міндетті. Тілдерді құжаттау арқылы белгілі бір тілдің осы шақтағы жағдайын, өткенін және болашағын байқай аламыз. Сондықтан Қытай елі үшін аз ұлт тілі, шекара аттаған тіл (language across borders), ал Қазақстан үшін мемлекет тілі болып отырған ана тілімізді құжаттау – маңызды міндет деп санаймыз.

Осыған орай, атқарылып жатқан бір ғылыми жобадан хабардар ету артық емес. Қытай халық республикасы Шинжяң өлкесіндегі қазақтар тілін құжаттау ісі басталып, жүргізіліп жатыр. Қытай ғалымдары аз ұлттардың тілдерін құжаттау жобасын қолға алып отыр. Солардың қатарында Минзу университетінің профессоры Жаң Диңжиң Қытайдағы түркі тілдерді құжаттау жобасын жүзеге асыруды алға қойған. Сол Жобаның қазақ тіліне қатысты бөлімін орындау осы жолдардың авторына міндеттелген. Жоба бойынша ғылыми сапарды негізінен профессор Жаң Диңжиң бастаған өзі басқарып жұмыстың сәтті болуына септесті. Бұл Жоба – бес жылдық мерзімге есептелген үлкен жоба болғандықтан толық орындап болдық деп айтуға әлі ерте. Қол жеткен жетістіктерді келесі жылдарда корпусқа енгізе алатын мүмкіндік болар деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. 刘润清, “西方语言学流派”, 外语教学与研究出版社, 2002
2. 刘润清, “西方语言学流派”, 外语教学与研究出版社, 2013
3. Шүй Ші Шуан (Жүнго). Өлген тілдерді сақтау және қорғаудың амалдары туралы. // Гуаншй ұлттық университеті журналы, 2006. - №9.
4. Nikolaus P. Himmelmann. Dokumentary and Descriptive Linguistics [J] 36. 1998. deGruyter, Berlin.
5. Woodbury, Toni. Definig Dokumentary Linguistics [A]. Peter K.Austin. Language Doku – mentationand Description, Vol. 1 [C]. 伦敦 : SOAS (亚非语言学院), 2003.

ОРХОН ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІНДЕГІ ЕТІСТІК ТУДЫРУШЫ ЖҰРНАҚТАР

М.Қ. ЕСКЕЕВА,

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры,
филология ғылымдарының докторы.
Астана қаласы.*

Түркі тілдеріндегі етістіктердің күрделі құрылым екенін олардың лексика-семантикалық ерекшеліктерінің ауқымдылығынан, негізгі тұлғасы түрленетін грамматикалық формаларының қат-қабаттылығынан, түрленген тұлғалардың жиі трансформациялануынан, сөйлемдегі қолданысынан аңғаруға болады. YI-IX ғасыр түркі жазба ескерткіші тіліндегі етістіктер де басқа сөз таптарына қарағанда күрделі табиғатымен ерекшеленеді. Ғ.Айдаров Тоникуқ ескерткіші тіліндегі етістіктерді үш мағыналық топқа бөліп қарастырады: 1. Қозғалыс-қимылды білдіретін етістіктер: *ač-* «аш, ашу», *bin-* «мін, міну», *jel-* «жел, желу» т.б.; 2. Әрекетті білдіретін етістіктер: *ategid-* «көтер», *jügür-* «жүгір», *süle-* «соғыс» т.б.; 3. Күй-жайды білдіретін етістіктер: *alqin-* «алқын, алқыну, әлсіреу», *añla-* «аңла, байқа», *йat-* «жат, жату» т.б.[1,68]. Орхон, Енисей, Талас мұраларына жататын барлық ескерткіштер тіліндегі етістіктерді семантикалық жағынан осы жүйеде топтастыруға болады.

Түркі тілдерінің агглютинативті табиғатына сай ескерткіштер тілінде де түбір етістіктерге қарағанда туынды етістіктер анағұрлым жиі қолданылады. Түбір етістіктер екі типке бөлінеді: етістік-есім мағыналы синкретизмдер және таза етістік түбірлер. Бірінші дәрежелі түбір синкретизмдер тілдің дамудың өте ежелгі қабаттарына тән құрылым болғандықтан ескерткіштер тілінде сирек кездеседі, етістік мәнді түбірлер біршама жиі қолданылады. Орхон ескерткіштері тіліндегі етістік тудыратын қосымшалар:

Етістік тудыратын жұрнақтар			
	VIII-X ғасыр ескерткіштері тілінде	Мысалдар	Қазақ тілінде
	1	2	3
	-a, -e	<i>ata</i> → <i>at+a</i> «ата, атау», <i>jaša</i> → <i>jaš+a</i> «жаса (өмір сүр)», <i>sana</i> → <i>san+a</i> «сана», <i>tile</i> → <i>til+e</i> «тіле»	-a,-e
	-i, -i, -u, -ü	<i>biti</i> → <i>*bit+i</i> «жаз, жазу», <i>toqi</i> → <i>*toq+i</i> «қаша (тасты қашау)»	-i, -i
	-la, -le	<i>añla</i> → <i>añ+la</i> «аңла, түсін, аңғар, байқа», <i>atla</i> → <i>at+la</i> «аттан», <i>bašla</i> → <i>baš+la</i> «баста», <i>eble</i> → <i>eb+le</i> «үйлену, үйлендіру», <i>jayla</i> → <i>jay+la</i> «жаула, жауласу», <i>jajla</i> → <i>jaj+la</i> «жайла», <i>jokla</i> → <i>jok+la</i> «жоғарыла», <i>qišla</i> → <i>qiš+la</i> «қыста», <i>ögle</i> → <i>ög+le</i> «ойла», <i>qiličla</i> → <i>qilič+la</i> «қылышта», <i>qušla</i> → <i>quš+la</i> «құс аула», <i>topla</i> → <i>top+la</i> «топтау, жинау, қабаттау, қалыңдату», <i>jerle</i> → <i>jer+le</i> «жайладым (белгілі бір жерді мекендедім, отырдым)»	-la, -le, -da, -de, -ta, -te
	-q, -k, -iq, -ik, -uq, -ük	<i>joluq</i> → <i>jol+uq</i> «жолық», <i>uduy</i> → <i>*ud+uy</i> «бағын», <i>tašiy</i> → <i>taš+iy</i> // <i>tašiq</i> → <i>taš+iq</i> «тасы (тасыну, аттану, жолға шығу)»	-q, -k, -iq, -ik
	-is, -is, -iš, -iš, -uš, -üš	<i>sünüs</i> // <i>sünüş</i> → <i>*sün+üs</i> // <i>üš</i> «соғыс (сүңгілес)», <i>urus</i> → <i>ur+uš</i> «ұрыс»	- is, -is, -iš, -iš
	-n, -in, -in, -un, -ün	<i>ökün</i> → <i>ök+ün</i> «өкіну, қайғыру», <i>qilin</i> → <i>qil+in</i> «тәрбиелендім, қалыптастым», <i>ičyin</i> → <i>*ičy+in</i> «ышқын», <i>alqin</i> → <i>*alq+in</i> «алқын»	-n, -in, -in

- sira, -sire	<i>ilsire</i> → <i>il+sire</i> <i>qayan+sira</i> → <i>qayansira</i> «қағансыра»	«елсіре»,	- sira, -sire
-ad, -ed	<i>küned</i> → <i>kün+ed</i> «күнге айналу», <i>qulad</i> → <i>qul+ad</i> «құлға айналу»		∅
-l, -il, -il	<i>qil</i> →* <i>qil+l</i> «белгілі бір әрекетті жасау», <i>tüzel</i> → <i>tüze+l</i> «түзел», <i>tiril</i> → <i>tiri+l</i> «тіріл, жинал»		-l, -il/-il
-šur, -šür, -čur	<i>kiñšür</i> →* <i>kiñ+šür</i> «дауласу, кектесу», <i>joñšur</i> →* <i>joñ+šür</i> «кектесу, жауласу»		∅
- qış	<i>joqqışdim</i> → <i>joq+qış(dim)</i> «жойдым, жоқ қылдым, жеңдім»		-qış, -kiš, -yiš, -giš
-t, -it, -it	<i>basitma</i> → <i>bas+it(ma)</i> «басындырма», <i>jorit</i> → <i>jor+it</i> «жорт», <i>jarat</i> → <i>jara+t</i> «жаса, жарат»		-t, -it, -it
-ir, -ir, -ar, -er, -ur, -ür, -r	<i>olur</i> →* <i>ol+ur</i> «отыр», <i>sökür</i> → <i>sök+ür</i> «шөгер», <i>qontur</i> → <i>qon+tur</i> «қондыр»		-ir, -ir, -ar, -er, -r

√*-a, -e* – есім сөздерден етістік жасайтын қосымша морфема. Көне түркі жазба ескерткіштері тілінде сирек қолданылатын √*-a, -e* жұрнағы жалғанған сөздердің мағынасы әр тарапты болып келеді. √*-a, -e* формантының сөзжасамдық қызметін саралаған А.Н.Кононов осы тұлғаны қабылдау арқылы жасалған туынды сөздердің мағыналық ерекшеліктерін ашып көрсетеді: «Аффикс *-a/ä* образует глаголы переходные – со значением обратить в предмет, объект действия то, что названо производящей основой; непереходные – со значением названия процесса действия, выведенного из значения исходной основы: *at+a* «называть», «давать имя», «титуловать» МЧ.12 *at*«имя»[2, 116]. А.Н. Баскаков √*-a, -e* қосымша морфемасының қалыптасу жолын етістік тудырушы √*-la, -le* жұрнағымен байланыстыра отырып, контоминациялық үдерістердің нәтижесі ретінде қарастырады[3,203]. √*-a, -e* қосымшасын негізінен бір буынды түбір-негіздерге жалғанатын архаикалық көрсеткіш ретінде сипаттаған Э.В. Севортян қосымшаның көнелік белгілері оның мәнінен де аңғарылатынына назар аударады: «На большой исторический возраст глаголов с аффиксом *-a* указывает так же их значения. Среди глаголов на *-a* имеется значительное число слов с весьма обобщенной семантикой, что свойственно глаголам древнего образования»[4, 212].

Ескерткіштер тілінде: *ata*→*at+a* «ата, атау»: *Jabyu atadi*, *anta kisre qanim ucdi*, *qara budun...qilinmis* МЧ.12 «Жабғы атады, содан кейін әкем қаған ұшты (қайтыс болды), қара халық бағынды» *Ajd.III,136,141* ~ қаз. *ata*→*at+a*; *jaša*→*jaš+a* «жаса (өмір сүр)»: *Kultegin ol sunjüde otuz jašajur erti*. *Alpšalči aqatın binip oplaju tegdi*. КТү.42 «Күлтегін ол соғыста отыз жасар (жасаған) еді Алып Шалшы ақ атын мініп шабуылға шықты»; *Qara költe sunüşdimiz*. *Kultegin bir qırq jašajur erti*. КТү.42 «Қара көлде соғыстық, Күлтегін отыз бір жасар (жасаған) еді» ~ қаз. *žasa*→*žas+a*; *sana*→*san+a* «сана»: ДТС, 478; ДТД, 67; КТк. 9; Тон. 42. *Ol sub qodi bardimiz*. *Sanağali tüşürtimiz Atıy iqa bajur ertimiz Kün jeme tün jeme jelü bardimiz Qırıq azıy uqa basdimiz* Тон.27 «Сол сумен төмен жүрдік Санағалы тоқтадық Атты бұтаға байладық Күн демей желіп бардық Қырық азды ұйқыға бастық» *Ajd. II, 109* ~ қаз. *sana*→*san+a*; *tile*→*til+e* «тіле»: *Kögmen jolı bir ermis Tumus tijin esidip Bu jolın jorisar jaramacı tidim Jerči tiledim Čolgi az eri boltım* Тон.23 «Көгмен жолы бір еді, Тымық дегенді есітіп, Бұл жолмен жүруге жарамайды дедім. Жершіл /kici/ (жол көрсетуші) тіледім /Ol/ Шөлдік аз ері болды.» *Ajd.II, 108* ~ қаз. *tile*→*til+e*. Түркі жазба ескерткіштері тіліндегі етістік тудырушы √*-a, -e* жұрнағы қазіргі түркі тілдерінде де кеңінен қолданыста.

Көнетүркілік √*-a, -e* қосымшасы қазақ тілінде де осы тұлғада, етістік тудырушы жұрнақ қызметінде қолданылады: *asa*→*as+a*, *bosa*→*bos+a*, *qula*→**qul+a*, *qura*→*qur+a*, *sura*→**sur+a*, *žama*→**žam+a* т.б. Түркі тілдеріндегі √*-a/-e* морфемасы негізінен «өлі» түбір-негіздердің құрамында қолданылатындықтан тарихи түбір морфема мен қосымша морфеманың жігін айқындау

киын. $\sqrt{-a,-e}$ жұрнақтары кірігіп кеткен етістіктер құрамынан морфемаларды ажырату арнайы тарихи талдауды қажет етеді.

$\sqrt{-i/-i,-u/-ü}$ – көне түркі тіліндегі етістіктер жасайтын жұрнақ. «Аффикс *-i,-i,-u,-ü* образует глаголы чаше медиального значения с семантикой приобретать качество, свойство, обозначенное производящей основой»[2,116-117]. Көптеген зерттеушілер түркі тілдеріндегі $\sqrt{-i/-i}$ морфемасын етістік пен есімдердің жіктелу кезеңінде-ақ белсенді қолданыста болған $\sqrt{-a,-e}$ формантының қысқа нұсқасы ретінде қарастырады.

Ескерткіштер тілінде: *biti*→**bit+i* «жаз, жазу», *toqi*→**toq+i* «қаша (тасты қашау): Bu erig erser, emtike erig jirte erser, anča erig jirte bengü tas toqıtdım, bitidim. Anı körip, anča bilin! Ol taş... dım. Bu bitig bitigme Atisı Jollıy tigin КТк.13 «Бұ аялдама болса, енді ол аялдама болса, сол аялдама жерге мәңгі тас тоқыттым /қалаттым/, жаздым. Оны көріп солай білің. Ол тасты қалаттым. Бұ жазуды жаздырған - туысы Йоллығ тегін» Айд. I, 171.

Қазақ тілінде көнетүркілік $\sqrt{-i/-i,-u/-ü}$ қосымшаның $\sqrt{-i/-i}$ нұсқасы тұлғалық жағынан да, қызметі жағынан да толық сақталған. Профессор Ж.Манкеева қазақ тілі деректері бойынша $\sqrt{-i/-i}$ қосымшасы арқылы жасалған 63 императив етістіктің жиналғанын көрсете отырып, олардың 59-ы тарихи туынды лексема екенін айтады, мысалы: *arı*→**ar+i*, *ajni*→**ajn+i*, *beki*→**bek+i*, *damı*→**dam+i*, *eri*→**eri+i*, *žani*→**žan+i*, *žari*→**žar+i*, *žasi*→**žas+i*, *žeki*→**žek+i*, *žori*→**žor+i*, *žoci*→**žos+i*, *keji*→**kej+i*, *qaji*→**qaj+i*, *sasi*→**sas+i*, *tani*→**tan+i*, *širi*→**šir+i*, *quri*→**qur+i*, *nalı*→**nal+i*, *moji*→**moj+i*[5,93].

$\sqrt{-la/-le}$ етістік тудыратын өнімді жұрнақтар қатарына жатады. Көне түркі тіліндегі $\sqrt{-la/-le}$ қосымшасының негізгі мағыналары: зат есімдерге жалғанып іс-әрекет үдерісін білдіреді; іс-әрекеттің орнын, бағытын сипаттайды; іс-әрекеттің мезгілі мен уақытын білдіреді. $\sqrt{-la/-le}$ жұрнағы арқылы жасалған етістіктердің тура мағынасы өзіне негіз болған түбір сөздердің семантикалық-аялық шеңберінен алыстамайды. $\sqrt{-la/-le}$ қосымша морфемасын ортақ етістің грамматикалық категорияларымен байланыстырған М.А.Ахметов қосымшаның сабақты етістіктердің ырықсыз етіс формасының көрсеткіші бола алатынын айтады[6, 45-46]. Түркі тілдеріндегі есім сөздерден етістік тудыратын өнімді жұрнақ $\sqrt{-la/-le,-da/-de,-ta/-te}$ тұлғалары іс-әрекеттің дүркінділік, қайталамалық мәнін беретін қосымша ретінде де қарастырылады.

Ескерткіштер тілінде: *aŋla*→**aŋ+la* «аңла, түсін, аңғар, байқа» ДТС, 46; Орх; Е; Тал.: Ара тарқанғару іçре sab idmıs, Bilge Toniŋkuq anıy ol öz ol aŋlar Тон, 34 «Апа-тарқанға құпия сөз жіберді. Білге Тоникуқ сұм (ақылды) ол өзі аңлар (аңғарап)» Айд. II, 111 ~ қаз. *aŋla*→**aŋ+la*; *atla*→**at+la* «аттан»: Qaŋanıma ötüntüm sü jaramači, *atlat* tidim Aq termel keçe oŋraqlatdım At üze bintüre qarıy sökdım Joqaru at jete jadayın iyaç tutunu ayturtum Тон.25 «Қағаным өтіндім: әскер жүргіздім. Аттаныңдар! – дедім. Ақ термелді өте бұйырдым. Атқа қайта міндіріп қарды аршыдым. Жоғары атты жетектеп ағаш ұстап шықтық /көтерілдік/» Айд. II, 108 ~ қаз. *attan*→**at+tan*; *bašla*→**baš+la* «баста» Орх; Е.: Qıŋıq jil tutıq budunim bašladım E.45 «Қырық жыл ел ұстап, халқымды бастадым (басқардым)»; Qaŋim qaŋanqa bašlaju Baz qaŋanıy balbal tikmis. Ol törüde üze eđüm qaŋan oltürti, КТү.16 «Әкем қағанға Баз қаған бастауымен балбал қойылды. Ол билік /өкімет/ басында ағам қаған отырды» Айд. I, 174 ~ қаз. *basta*→**bas+ta*; *eble*→**eb+le* «үйлену, үйлендіру»: Ebledim oŋlimin E. 47 «Ұлымды үйлендірдім» ~ қаз. *üjle(n)*→**üj+le(n)*; *jayla*→**jaŋ+la* «жаула, жауласу»: Taş jaŋıy jaŋıladım eledim E.45 «Сырт жаулармен жауластым (жаулады), жеңдім» ~ қаз. *žawla*→**žaw+la*; *jajla*→**jaj+la* «жайла»: Jaj anta jajladım МЧ. 20 «Жазда анда жайлады» ~ қаз. *žajla*→**žaj+la*; *jerle*→**jer+le* «жайлады (белгілі бір жерді мекендеді, отырды)»: Qara seŋegig jerledim E.45 «Қара сенігі жайлады» ~ қаз. *žerle*→**žer+le*; *jokla*→**jok+la* «жоғарыла»: Men er erdemın üçin jokladı E.32 «Мен ерлігім үшін жоғарылады» қаз. *žoyarıla*→**žoyarı+la*; *topla*→**top+la* «топтау, жинау, қабаттау, қалыңдату»: Öz içi – tasın tutmıs teg biz Jujqa eriglig *tolayalı* uçuz ermis, jinçge eriklig üzgeli uçuz, jujqa qalıŋ bolsar, *toplayuluŋ* alp ermis Тон.13 «Өз іші – сыртымызды ұстап қана қаламыз Жұқаны топтау/жинау/ – оңай, Жіңішкені үзу оңай. Жұқа қалыңдаса таптайтын алып болар» Айд. II, 106 ~ қаз. *topta*→**top+ta*; *qışla*→**qış+la* «қыста»: Maŋı Qoŋan qışlap jazıŋa oŋuzŋaru sü taşıqtımız. Kültegin beg bašlaju qıtımız. Oŋuz jaŋı orduŋ basdı КТү.48 «Мағы қорған қыстап, жазына оғызға әскер шығардык Күлтегін үйді басқаруға кетті. Оғыз жауы орданы басты» Айд. I, 181 ~ қаз. *qışta*→**qış+ta*; *ögle*→**ög+le* «ойла» ДТД, 77; КТү. 49: Ol üç qaŋan öglesip Altun jis üze qabısalım timis. Anča öglemis. Öŋre türk qaŋanŋaru sülelim timis. Aŋaru sülemeser. Kaç neŋ erser ol bizni Тон.20 «Ол үш қаған кеңесіп: Алтын

қойнауында бірігейік деді. Сонша кенесті Шығыста түрк соғысайық деді. Одан әрі соғыспасақ Қалай болса да ол жеңеді бізді.» Айд.ІІ,107 ~ қаз. *ojla*→*oj+la* (*uyım, uq, üjren* т.б.); *qiliçla*→*qiliç+la* «қылышта»: Altı erig sançdı. Sü tegisinte jitinçi erig *qiliçladı*. Ekinçi Quşlağaқта ediz birle sünüşdimiz. Kültegin az jaıızın binip oplaju tegip, bir erig sançdı КТү. 45 «Алты ерін шанышты. Әскер жеткенде жетінші ерін қылыштады. Екінші /pet/ Қушлағақта едізбен соғыстық. Күлтегін Аз қаракерін мініп шабуылға шығып, бір ерін шанышты» Айд.І,181 ~ қаз. *qilišta*→*qiliş +ta*; *quşla*→*quş+la* «құс аула»: Artzun Артзун *quşladıçi* bilge tutuq joq E.48 «Жарайды құс аулаушылар көбейсін, білге тутық жоқ». Көнетүркілік $\sqrt{-la/-le}$ қосымшасықазақ тілінде $\sqrt{-la/-le-da/-de,-ta/-te}$ тұлғаларымен қалыптасқан.

$\sqrt{-q/-k,-iç/-ik,-uq/-ük,-γ/-k,-iγ/-ig,-uγ/-üg}$ – негізінен сын есімдер мен зат есімдерге жалғанып туынды етістіктер жасайды. «Көне жазбаларда $\sqrt{-iç}$ жұрнағы арқылы жасалған туынды етістіктер бұйрық мәнді қимылды (*joluq*«жолық») және іс-әрекеттің нәтижесін (*uduy* бағын», *taşıq*«аттан») білдіреді [7, 198].Ескерткіштер тілінде: *joluq*→*jol+uq* «жолық»:Bir jegirmінç aj sekiz jegirmine joluqdimМЧ. 25 «Он бірінші айдың он сегізінде мен олармен жолықтым»~қаз. *žoliq*→*žol+iq*; *taşıq*→*taş+iq* «тасы (тасыну, аттану, жолға шығу)»: Қағім қаған jiti jegirmi erin taşıqmıs КТү.11 «Қаған әкем он жеті ермен аттанысқа шықты».

$\sqrt{-is/-is,-iř/-iř,-uř/-üř}$ – ескерткіштер тілінде белсенді түрде қолданылатын өнімді жұрнақ. Көнетүркілік $\sqrt{-is/-is,-iř/-iř,-uř/-üř}$ морфемасы жалғанған сөздер көне түркі тілінде де екінші дәрежелі синкретизмдер қатарында жиі қолданылады. Бұл аталған қосымшаның есім сөз тудыруға да етістік сөз тудыруға да бірдей қатысы бар полисемантикалық формант екенін көрсетеді. Ескерткіштер тілінде ортақ етістің қосымшасы ретінде етістік түрлендіруші жұрнақ қызметінде де қолданылады. В.Т. Кондратьев түркі тілдеріндегі $\sqrt{-is/-is,-iř/-iř,-uř/-üř}$ форманттарын көптік категориясымен сабақтастырса [8, 25-26], Л.Н. Харитонов $\sqrt{-is/-is}$ аффиксінде ортақтық, көптік мәндердің екеуі де бар екенін айтады және ортақтық мәні бірінші қалыптасқан, ал көптік мәнге кейін ие болған деп санайды [9,50-51].

Ескерткіштер тілінде: *sünüş//sünüş*→**sün+üş//üş*«соғыс (сүңгілес)»: Qırq artuqı jiti joli sülemis, jegirmi sünüş sünüşmıs. Tenrı jarılqaduq üçün Illigig ilsiretmıs, qaғанliyiу qaғansiratmıs, jaıyiу baz qilmıs КТү.15 «Қырық жеті реттен артық аттанып, жиырма соғыс жасаған. Тәңірісі жарылқағаны үшін елін елді, қағандығын қағанды, жауын бейбіт етті»; Qamuıı biř otuz süledimiz, üç jegirmi sünüşdimiz, illigig ilsiretdimiz, qaғанliyiу qaғansiratdimiz, tizligig sekürttimiz, Bařliyiу jüküntürttimiz. Türgis qaған türkımız/budunim erti КТү. 18 «Бәрі жиырма бес рет соғысып, он үш рет шайқастық, елін елдіктен айырдық, қағандығын қағансыз еттік, тізеліні бүктірдік, бастыны жүгіндірдік. Түргеш қағаны түркіміз (өз халқымыз) еді» Айд.І, 174-175; *uruř*→*ur+uř* «ұрыс» т.б.

Көне түркі тіліндегі $\sqrt{-is/-is,-iř/-iř,-uř/-üř}$ қосымша морфемасының мәні мен қызметі қазақ тіліндегі $\sqrt{-is/-is,-as/-es,-s}$ жалғауының мәні мен қызметіне сәйкес келеді. $\sqrt{-is/-is,-as/-es,-s}$ морфемасы дербес түбірлерге жалғанып, ортақ етістің грамматикалық мағынасын білдіреді. «Алайда, тілде тек диахрондық тұрғыдан ажыратылатын императив етістіктер біршама мол кездеседі. Олардың құрамындағы $\sqrt{-as/-es,-s}$ аффиксінің жіктелуі аса күрделі. Мысалы: **ad-as*, **al/ž-as*, **eg-es*, **žar-as*, **kür-es*, **tal-as*, **ul-as*, **tüg-es* және т.б. Осы қатардағы етістіктердің бәрі бірдей ортақ әрекет мағынасын білдірмейді. Мысалы, *adas*=, *alžas*=, *žaras*= (киімі жарасу), *ulas*=. Бұл арада таза етістік сөзжасамына тікелей қатысты деп айтуға болады»[5,79].

$\sqrt{-n,-in/-in,-un/-ün}$ – ескерткіштер тілінде етістік түбірден туынды етістік тудыратын қосымша морфема: *ökün*→ *ök+ün* «өкіну, қайғыру» ДТД, 77; БҚ. 38; Е. 28: Antayöcke ökünüp, Külteginig az erin irtürü itimiz. Uluу sünüş sünüşmiř. Alp řalıçi aq atin binip tegmiř. Qara түrgis budunıу anta ölümiř, almiř КТү. 40 «Сол кезде өкініп Күлтегінді аз ерімен айқасуға жібердік. Үлкен соғыс жасады. Алп Шалшы ақ атын мініп тиді. Қара түргеш халқын сонда өлтірді, жеңді.» Айд.І,179 ~ қаз. *ökin*→ *ök+in,üři*; *ötün*→ *öt +ün* «өтін» Орх; Е.: Qaғанim ben özum bilge Tonijkuq ötüntük ötünçümin esidü berti könlünçe udiz tidi. Kök önjüg juyuru Ötüken jisıyaru udiztim. Ingek kölükin Toylada oуuz kelti Ton,15 «Қағаным мен өзім бірге Тоникуқ өтінген өтінішімді естіді, көңілдегіше жүргіз, - деді. Көк Өңүг таптай Өтүкен қойнауына жүргіздім. Спыр көлігімен Тоғлада оғыз келді» Айд.ІІ,106 ~ қаз. *ötün*→*öt+in* «1.Қиылып сұрау. 2. Жалынып-жалбарыну» ҚТТС,662; *qilin*→*qil+in* «тәрбиелендім, қалыптастым»: Bilge Tonijkuqben özum Tabıaç ilije *qilintim*. Türk budun tabıaçqa көrür erti. Білге Ton.1 «Білге Тоникуқ мен өзім Табғаш елінде тәрбиелендім. Түркі халқы табғашқа бағынатын еді»; Üze kök tenrı Asra jaıyız jir *qilintıqta* Ekin ara kisi oуli *qilinmıs* Kisi oуlynta üze eçüm-aramBumınqaған,

Istemi qağan oturmış KTү.1 «Жоғарыда көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында кісі (адам) баласы жаралған. Адам баласын басқаруға Бумын қаған, Істемі қаған отырған» Айд.І,171; *ičyin*→ *ič* +*yin*«ышқын»: *Jeti jüz er bolıp, elsiremis, qağansiramis budunıy, küñedmis, qulandmıs budunıy, türk terüsin ičyünmıs budunıy ečüm-apam törüsinče jaratmıs, baškurmıs.* KTү.13 «Жеті жүз ер болып, елсіреген, қағансыраған халықты, күнденген, құлданған халықты, түрк иелігінен айрылған халықты ата-бабам салтына қайта оралтты» ~ қаз. *işqin*→ *iş* +*qin*; *alqin*→*al+qin* «алқын»: *Antayüñiñ üčün igitmis, qağaniñin sabın almatın, jir saju bardıy. Qop anta alqinti, ariltiy*КТк.9 «Соның үшін көтерілдің, қағаныңның тілін алмадың, жер жерге бардың. Көп онда алқындың, арыдың»~ қаз. *alqin*→*al+qin*.

А. Есенқұлов *ičqin*, *alqin* лексемалары құрамынан *-qin* буынын етістік тудырушы жұрнақ ретінде қарастыра отырып, қазіргі тілдердегі соңғы буыны осы морфемаға сәйкес келетін басқа сөздерден $\sqrt{-n}$ жұрнағын ажыратады: «Ескерткіштердегі және қазіргі тілдердегі *ычқын*, *алқын* сөздеріне қарап *-қын* аффиксін сөз тудырушы жұрнақ деп қараймыз. Егер қазіргі түркі тілдерінде, сондай-ақ қазақ тілінде де *жұлқын*, *бұлқын*, *толқын*, *қылқын* т.б. сөздерге талдау жасасақ, сөз тудырушы жұрнақ *-н* болады. Өйткені *жұлқы(-н)*, *бұлқы(-н)*, *толқы(-н)*, *қылқы(-н)* сөздерінің әрқайсысының өз алдына толық мағынасы бар екені анық. Міне, осы сияқты о баста *алқы*, *ычқы* сөздерінің де жеке-жеке мағына білдіруі мүмкін, бірақ кейде бастапқы мағынасы көмескіленіп бір тұтас лексикалық мағынаға ие болып кеткен көне түбірлер сияқты» [7, 207]. Қазіргі қазақ тілінде еш өзгеріссіз қолданылатын көнетүркілік *işqin,alqin* етістіктерінің құрамынан **alq*, **išq* имитатив түбірлерін және $\sqrt{-n/-in}$ жұрнағын ажырату теориялық тұрғыдан ешқандай қайшылық тудырмайды.

$\sqrt{-sira/-sire}$ – қосымшасы затқа қатысты болымсыздық мән береді, яғни есім сөздерге жалғанып белгілі бір заттың, құбылыстың жоқтығын көрсететін етістіктерді тудырады. Көнетүркілік $\sqrt{-sira/-sire}$ қосымшасы қазіргі түркі тілдеріндегі $\sqrt{-siz/-siz}$ қосымшасының мәнін береді және өзара төркіндес жұрнақтар ретінде қарастырылады. «С аффиксом - *siz* генетический связан глагольный аффикс *-sira/-sirec* помощью которого от имен образуются глаголы с привативным значением» [10, 129]. Ескерткіштер тілінде: *ilsire*→*il+sire* «елсіре», *qağan+sira*→*qağansira* «қағансыра»: *Teñri jarılqaduq üčün illig ilsi retmis, qağanliñiñ qağansiratmıs, jayıy baz qılmıs, tizligig sökürmıs, başlıyıy jüküntürmıs. Qañim qağan anča illig, törüg qazanıp* KTү.15 «Тәңірісі жарылқағаны үшін елін елді, қағандығын қағанды, жауын бейбіт етті, тізеліні бүктірді, бастыны жүгіндірді. Әкем қаған осылай елдік пен билікті орнатып» Айд.ІІІ,60.

$\sqrt{-ad/-ed}$ – көне түркі ескерткіштерінде жиі қолданылатын формант. $\sqrt{-ad/-ed}$ қосымшасы негізінен есім сөздерге *et* «істеу, жасау» етістігінің тіркесуі арқылы, яғни дербес лексеманың грамматикализациялану процесі негізінде жасалған. Ескерткіштер тілінде: *küñed*→ *kün+ed* «күнге айналу», *qulad*→*qul+ad* «құлға айналу»: *Jeti jüz er bolıp, elsiremis, qağansiramis budunıy, küñedmis, qulandmıs budunıy, türk terüsin ičyünmıs budunıy ečüm-apam törüsinče jaratmıs, baškurmıs.* KTү.13 «Жеті жүз ер болып, елсіреген, қағансыраған халықты, күнденген, құлданған халықты, түрк иелігінен айрылған халықты ата-бабам салтына қайта оралтты» Айд.І,173-174.

$\sqrt{-l,-il/-il}$ қосымшасы ескерткіштер тілінде негізінен сөз түрлендіруші морфема қызметін атқарғанымен, жаңа сөз жасауда да белсенді түрде қолданылады. Ескерткіштер тілінде: *qil*→**qi+l* «белгілі бір әрекетті жасау»: *Üze kök teñri Asra jayız jir qilinti qta Ekin ara kisi oylı qilinmıs* KTү.1 «Жоғарыда көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, Екеуінің арасында адам (кісі) баласы жаралған» ~ қаз. *qil*→**qi+l*; *tüzel*→*tüze+l* «түзел»: *Ötüken jışda jig idi joqermış. Il tutsiq jir ermiş. Ötüken jış ermiş. Bu jirde olurıp, tabyaş budunbirle tüzeltim.* КТк.4,5 «Өтүкен қойнауында игі йе жоқ еді, елді ұстайтын жер осы Өтүкен қойнауы еді. Бұ жерде отырып, табгач халқымен бірге түзелдім (бейбіт қарым-қатынас орнаттым)» ~ қаз. *tüzel*→*tüze+l*; *tiril*→*tiri+l* «тіріл, жиналып»: *Taşra jorıjur tijin kü esidip, balıqdaqı tayıymıs, taydaqı inmis. Tirilip jetmis er bolmıs. Teñri küç bertük üčün qañim qağan süsi böri teg ermis, jayısı qoj teg ermis. Pgerü-qurıyaru sülep tirmič, qobartmıç* KTү.12 «Тыста (сыртта) жортып жүр дегенді есітіп, қаладағылар таудай болды, таудағылар төмендеді. Жиналып жетпіс ер болды. Тәңірі күш бергені үшін әкем қаған әскері бөрідей еді, жаулары қойдай еді. Ілгері-кейін аттанып, жинапты, көтеріпті» Айд.ІІІ,59 ~ қаз. *teril*→*teri+l* «бір-бірлеп жиналу, (қараңыз: *тепу*)». Бұл сөйлемдегі *tiril* лексемасы *öli* және *tiri* антонимдік жұбындағы *tiri* сөзіне қатысы жоқ, түркі тілдеріндегі «бір-бірлеп жинау» мағынасын беретін *ter* етістігінің фонетикалық варианты.

$\sqrt{-şur/-şür/-çur}$ - сирек кездесетін етістік тудырушы жұрнақ. Ескерткіштер тілінде: *kiñşür*→**kiñ+şür* «дауласу, кектесу», *joñşur*→**joñ+ şür*: *Begleri, budunı tüzsiz üčün, tabyaş budun tebligın kürlig üčün, armaqçisin üčün inili-eçüli kiñşürtükün üčün begli budunniñjoñşürtuqin üčün* Türk

budun illedük ilin ičyünu idmiş КТү.6 «Бектерінің, халқының түзу еместігі үшін, табғаш халқының алдауына иланғаны үшін, өлтіргеніне көнгендігі үшін, інілі-ағаның дауласқанынан, бекті халықтың жауласқанынан түркі халқы елдігінен айрылды» Айд.І,172.

Көнетүркілік $\sqrt{-\text{šur}/-\text{šür}/-\text{čur}}$ форманты қазіргі қазақ тілінде сақталмаған. Орта ғасыр ескерткіштері тілінде де өте сирек ұшырасады. Махмуд Қашқаридың еңбегінде *tamčur* «тамшыла» лексемасы тіркелген: *jamıyurtamčurdi* «жаңбыр тамшылады» МҚ ІІ,203. Қазіргі тіліміздегі *tamši*, *tamšila* сөздерінің морфологиялық құрылымына қарағанда көнетүркілік $\sqrt{-\text{šur}/-\text{šür}/-\text{čur}}$ тұлғасының құранды жұрнақ болғаны аңғарылады.

$\sqrt{-\text{qiš}}$ – етістік тудырушы өнімсіз жұрнақ. А.Есенкүлов көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі $\sqrt{-\text{qiš}}$ морфемасы дербес лексеманың ықшамдалып, қосымшаға айналуы нәтижесінде қалыптасқанын көрсетеді: «Сөздердің мағыналық ара қатысына қарай бұны біріккен сөздердің бір компоненті деп қарауға да болады. Бұл қазіргі қазақ тіліндегі *қылышы* сөзінің ықшамдалған түрі *йоқ* «жоқ» сөзімен бірігіп, *жоққыш* түрінде айтылады» [7, 207]. Ескерткіштер тілінде: *joqqišdim* → *joq+qiš(dim)* «жойдым, жоқ қылдым»: Табыаč Ontutuqbestümensü kelti, iduqbaštäsünjüstim. Olsügantajoqqišdim БҚ. 25 «Табғаш Он тудық бастаған бес түмен (елу мың) әскер келді, ыдуқ баста соғыстым. Ол әскерді сонда жойдым (жоқ қылдым)».

$\sqrt{-\text{t}/-\text{it}/-\text{it}}$ қосымша морфемасы көне түркі жазба ескерткіштері тілінде сөз түрлендіруші формант ретінде жиі қолданылғанымен жана сөз тудырушы жұрнақ қызметінде сирек кездеседі. Ескерткіштер тілінде: *basitma* → *bas+it(ma)* «басындырма»: Olurñ tijintimis. Jelmeqarayuedgütiuryilbasitmatimis. Bögü qaıyanbaıaruañcaajidmis Тон. 34 «Отыра бер, - депті. Асықпа күзетшіні жақсылап қойың. Бастырма, - деді. Бөгі қаған маған осыны айтты» Айд.ІІ,110; *jorit* → *jor+it* «жорт»: Temirqarıyqategisüledim. Jırayu-jırBajurqujeriñetegisüledim. Bunčajirketegijoritdim КТк.4 «Темір қақпаға дейін соғыстым. Терістікте Байырқы жеріне дейін соғыстым, сонша жерге дейін жорттым» Айд.ІІІ,53 ~ қаз. *žort* → **žor+t*, *jarat* → *jara+t* «жаса, жарат»: Barqıtgüči, bedizjaratıymabitigtaš itgüčitabyač qaıyan čıqanı Čaı seıünkelti. КТү.53 «Жай орнатуға, өрнек жасалған жазулы тасты орнатуға табғаш қаған шебері Чаң сеңүн келді» ~ қаз. *žarat* → *žara+t*.

$\sqrt{-\text{ir}/-\text{ir},-\text{ar}/-\text{er},-\text{ur}/-\text{ür},-\text{r}}$ сирек қолданылатын өнімсіз жұрнақ, негізінен морфемалардың жігі ажыратылмайтын тарихи негіздер құрамында кездеседі. Ескерткіштер тілінде: *olur* → **ol+ur* «отыр»: InimKülteginbirlesözleşdimiz. Qaıñimiz, eçimizqazyanmiş budunatı-küsüqbolmazuntijin, Türkbudun üčüntünüdımadım, күntüzolurmadım. КТү. 26-27 «Інім Күлтегінмен сөйлестік. Әкеміз, ағамыз құраған халықтың атақ-даңқы жоқ болмасын деп, түрк халқы үшін түн ұйықтамадым, күндіз отырмады.» Айд.І, 176 ~ қаз. *otir* → **o(l)t+ir*.

Көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі $\sqrt{-\text{ir}/-\text{ir},-\text{ar}/-\text{er},-\text{ur}/-\text{ür},-\text{r}}$ форманты етістік түбірлерді грамматикалық жағынан түрлендіре отырып та, жаңа мағына тудыра алады: *sökür* → *sök+ür* «шөгер», *qontur* → *qon+tur* «қондыр»: Törtbuluı qorjaıi ermis. Sü sülepen tört bulundaqı budunıy qor almış, qor baz qılmış. Bašlıiıy jüküntürmiş Tizligig sökürmis Ilgerü Qadırqan jışqa tegi kirü Temir qarıyqa tegi qonturmış КТү.2 «Төрт бұрыштың бәрі жау еді. Әскер жүргізіп, төрт бұрыштағы халықты көп алған, бәрін бейбіт қылған. Бастыны жүгіндірген, тізеліні бүктірген. Ілгері Қадырқан қойнауына дейін, кері Темір қақпаға дейін қондырған» Айд.І,171 ~ қаз. *šöger* → *šök(g)+er*, *qondır* → *qon+dir*. Көнетүркілік $\sqrt{-\text{ir}/-\text{ir},-\text{ar}/-\text{er},-\text{ur}/-\text{ür},-\text{r}}$ қосымшасы қазақ тілі етістікжасам жүйесінде көне диссилабтар құрамында қолданылады: *šaqir* → **šaq+ir*, *sekir* → **sek+ir*, *tükir* → **tük+irt*.б.

ҮІІ–ІХ ғасыр түркі жазба мұралары тіліндегі қосымша морфемаларды өнімді және өнімсіз деп жіктеудің өзіне шарттылыққа негізделеді. Бізге жеткен жазба ескерткіш мәтіндерінің ауқымы көне түркілік лексикалық қорды толық қамти алмайтыны белгілі. Бұл жерде қосымша морфема қызметіндегі тұлғаның бір рет болса да тілдік қолданыста болуы маңызды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Айдаров Ф. Тоникук ескерткішінің (ҮІІІ ғасыр) тілі. – Алматы: Қазақстан, 2000. – 120 б.
2. Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (ҮІІ–ІХ вв.). – Ленинград: Наука, 1980. – 256 с.
3. Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. – Москва, 1952. Т.ІІ, Ч.І – 542 с.
4. Севортян Э.В. Аффиксы глаголообразования в азербайджанском языке. Опыт сравнительного исследования. – Москва: Издательство Восточной литературы, 1962. – 641 с.

5. Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. – Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту орталығы»ЖШС, 2010.– 212 б.
6. Ахметов М.А. Глагол в языке Орхон-Енисейских памятников. – Саратов, 1978.– 131 с.
7. Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. –Алматы:Ғылым, 1976. – 240 б.
8. Кондратьев В.Г. Очерки грамматики древнетюркского языка. – Ленинград, 1970. –191 с.
9. Харитоновна Л.Н. Залоговые формы глагола в якутском языке. – Москва, 1963.–С. 50-51.
10. Левитская Л.С. Историческая морфология чувашского языка. – Москва: Наука, 1976. – 245 с.

Шартты қысқартулар

Ескерткіштер

БҚ	Білгеқаған
Е	Енисей жазбалары
КТү	Күлтегін, үлкен жазба
КТк.	Күлтегін, кіші жазба
КЧ	Кули Чор ескерткіші
МЧ	Мойун Чур ескерткіші
Он.	Онгин ескерткіші
Орх.	Орхон жазбалары
Тал.	Талас жазбалары
Тон.	Тоникук ескерткіші

Әдебиеттер мен сөздіктер

- Айд. I *Айдаров Ғ.* Күлтегін ескерткіші. –Алматы: Ана тілі, 1995. –232 б.
- Айд. II *Айдаров Ғ.* Тоникук ескерткішінің (ҮІІІ ғасыр) тілі. –Алматы: Қазақстан, 2000. –120 б.
- Айд. III *Айдаров Ғ.* Орхон ескерткіштерінің тексі. – Алматы: Ғылым. 1990. – 220 бет.
- ДТД *Древние тюркские диалекты и их отражение в современных языках.* Под ред. И.А.Батманова.–Фрунзе: Илим, 1971.-194 с.
- ДТС *Древнетюркский словарь.* Под ред. В.М.Наделяева, Д.М.Насилова, Э.Р. Тенишева, А.М.Щербака. –Ленинград: Наука, 1969. –676 с.
- Лев. *Левин Г.Г.* Лексико-семантические параллели Орхонско-тюркского и якутского языков: (В сравнительном плане с алтайским, хакасским, тувинским языками). –Новосибирск: Наука, 2001. –190 с.
- МҚ *М.Қашқари.* Девону луғот ит турк. С.М.Муталлибов. II том. Ташкент: УзССР Фанлар академияси нашриётининг боспахонаси, 1961. –427 с.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ТІЛДІҢ ДЫБЫСТЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ КЕЙБІРМӘСЕЛЕЛЕРІ

Л.Ә.ЕСПЕКОВА,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры, филология ғылымдарыны кандидаты.

Астана қаласы

Қазақ тілін, оның жеке салаларын оқыту мәселелері ертеден қолға алынғаны белгілі. Оның ішінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне қатысты теориялық та, әдістемелік те еңбектер көптеп кездеседі. Дыбыстың болмысы, жасалу жолдары, естілу, үндесу сипаттары бүгінгі күні кең түрде қарастырылып жүр. Дегенмен де кейбір фонетикалық ұғымдарға қатысты түрліше пікірлер кездесіп жатады. Бұл түрлі пікірлер тілдің дыбыстық жүйесін оқытуда қиындық тудырады.

Күні бүгінге дейін қазақ тілі дыбыстарының санын анықтауда бірізді пікір жоқ. Мектеп грамматикаларында, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарда, академиялық грамматикаларда беріліп жүрген мәліметтер әр алуан.

Егер теория анық болмаса, оны оқытуда нақты нәтижеге жету мүмкін емес екендігі анық. Қазақ тілінің вокализм, консонантизмдерінің санына байланысты бір жақты пікірдің болмауы, оны оқытуда көптеген қиындыққа әкелері сөзсіз.

Жалпы көптеген әдістемелік мәселелердің шешімі осы теориялық мәселелерді біріздендірумен тікелей байланысты болып келеді.

Соңғы кезде ақпарат құралдарында жиі айтылып жүрген оқулықтардағы кемшіліктер де осы жоғарыда айтылған мәселелермен сабақтасып жатыр. Бұл мәселе де дыбыстар санына байланысты пікірлерді жүйелегенде шешілері анық.

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің зерттелуі ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталатыны белгілі. Бұл кезеңде қазақ тілінің дыбыстар санына, олардың жасалу ерекшеліктеріне, графика мәселелеріне көңіл бөліне бастады. Р.Сыздықова «Қазақ әдеби тілінің тарихы» деген еңбегінде «...өткен ғасырдың ІІ жартысында қазақ мәдениетінде жазу (графика) проблемасы көтерілді. Араб жазуынан өзге жазуды – орыс графикасын пайдалану идеясы пайда болғанын» айтады (6;311). Бұл дәуірде жазу мәселесі кеңінен сөз болды. Араб графикасы мен орыс графикасының қайсысы тиімдірек деген мәселелер қарастырылды.

Жалпы қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің алғаш зерттелуі орыс ғалымдарының есімімен байланысты. Қазақ фонетикасын алғаш зерттеушілер – Н.И.Ильминский, П.М.Мелиоранский, В.В.Радлов және т.б. болды.

Ғалым Ә.Жүнібек қазақ фонетикасының бұл алғашқы дәуірін естілім зерттелім (слуховая) дәуірі деп атайды. «Осы кезде зерттеушілердің /Ильминский, Мелиоранский, Радлов т.б./ қолында дайын тілдік материал болған жоқ. Сондықтан да олар қазақ тілінің сөздерін ел аралап жүріп жинап, қалай естісе, солай жазып алып отырды. Соның нәтижесінде қазақ сөзінің таза ауызша айтылым үлгісін тап басып, қағазға түсіріп алып отырды. Олар құрастырған сөздіктерде қазақ сөзінің үндесім (сингармониялық) үлгісі сол таза ауызша айтылым күйінде (үнтаспаға жазғандай болып десе де болады) ендіріп жатты. Қазақ тілінің дыбыстарының сөз құрамындағы (сөйлеу үстіндегі) түрленім үлгілерін айны-қатесіз көрсетіп отырды. Әсіресе, ерін үндестігіне қатты көңіл бөліп, көп буынды сөздердің соңғы буынына дейін таңбалады. Бірінші дәуір зерттеушілерінен қалған жазба мұрағаттарды, қазіргі тілмен айтқанда, қазақ тілінің орфоэпиялық жазбасы деп қабылдауға болады» - дейді (5 ;6).

Ғалым пікірмен толық келісуге болады. Бұл кезеңде зерттеу жүргізген ғалымдар сөздерді қалай естісе, солай жазып отырды. Бұның бірнеше себебі бар:

1/ Бұл кезеңдегі зерттеушілер басқа ұлт өкілдері болды. Әрі олар қазақ тілін білген жоқ. Ел аралап жүріп, қазақ тілін үйренді және соны қағаз бетіне түсірді;

2/ Орыс зерттеушілерінің алдында дайын грамматикалар болған жоқ. Олар сол тілді үйрене жүріп, оны қағаз бетіне түсіріп, тілдің дыбыстық жүйесіне өзінше талдау жасады.

Сондықтан ХІХ ғасырдың екінші жартысын «естілім зерттелім (слуховая) дәуірі» деп атау өте орынды.

Тілдің дыбыстық жүйесінің зерттелуінің екінші кезеңі А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Жұбанов есімдерімен тікелей байланысты.

А.Байтұрсынұлы «Тіл құралының» бірінші кітабында фонетика саласын «Дыбыс жүйесі мен түрлері» деген атаумен беріп, тіл мүшелеріне, сөз бен буын, буын мен дыбыс, қазақ тіліндегі дыбыстар, олардың таңбаларына, жазу қағидаларына талдау жасайды. Кітапта теориялық материалды пысықтату үшін міндетті түрде «дағдыландыру», «сынау» жұмыстары қоса беріліп отырады. Ғалым қазақ тілінде 24 дыбыс бар екенін атап көрсетеді, дауыссыз дыбыстарды түрлі қасиеттеріне орай бірнеше түрге бөледі:

1/ жарты дауысты дыбыстар: р, л, у, и

2/ қатаң дыбыстар: б, п, т, с, ш, қ, к

3/ ұяң дыбыстар: м, н, ң

4/ ымыралы дыбыстар: з, ж

5/ ымырасыз дыбыстар: д, ғ, г

Алғаш рет А.Байтұрсынұлының еңбегінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесі толығымен қамтылып, жан-жақты талданады. Еңбекте жазу қағидалары да талданды (1).

Тілдің дыбыстық жүйесін саралауда А.Байтұрсынұлының әліпби мәселесін де кеңінен қозғағаны белгілі. Ш.Ш.Жалмаханов «Тіл білімінің тарихы» деген еңбегінде А.Байтұрсынұлының жасаған әліппесі ғылыми және практикалық жағынан маңызды екенін айта отыра, мынандай деректер келтіреді: «А.В.Луначарскийдің жауапты редакторлығымен 1929-1931 жылдары шыққан «Әдебиет энциклопедиясында» «Казахский алфавит» деген кесте беріліп, «Байтұрсынұлының алфавит» деп

көрсетеді. Орыс лингвисті Н.Ф.Яковлев 1928 жылы «Математическая формула построения алфавита» (Опыт практического применения лингвистической теории)» атты мақаласында: «Лингвистикалық тапқыр жаңалық» (Лингвистическое изобретение) деп бағалап, «интуитивно» (?! –Ш.Ж.) изобретенный одним из местных культурных работников – казахом (казахом – Ш.Ж.) Байтұрсыном (Байтұрсыновым – Ш.Ж.) и примененного вслед за ним Н.Тюрякуловым в его проекте латинской графики» десе, А.А.Реформатский Байтұрсынұлының сингармоорфография принципін орыс және АҚШ лингвисті, әдебиеттанушысы Р.О.Якобсонның дыбысты графика арқылы беру методынан көп бұрын жасалғандығын ескертеді» (3; 188-189).

XIX ғасырдың екінші жартысында орыс зерттеушілерінің еңбегінде сөз болған сингармонизм заңы, XX ғасырдың басында да кеңінен қарастырыла бастады. 1924 жылы Ташкентте Х.Досмұхамедұлының «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» деген кітабы шығады. Ғалым еңбегінде сингармонизм заңының сипатын, оның ерекшелігін баяндайды. «Жалқы сөздің түбіріндегі дыбыстардың біреуі жуан болып, біреуі жіңішке болып еш уақытта естілмейді. Қазақтың негізгі жалқы сөзінің түбірінде жуан дыбыстар мен жіңішке дыбыстар араласып ұшырамайды. Бір сөздің ішіндегі дыбыстардың бәрінің бірдей дауыспен (не жуан, не жіңішке) ұйқасып айтылуын білім тілінде «сингармонизм» дейді. Сингармонизм деген сөз, қазақша айтқанда, үндестік, ұйқастық деген мағынада» (2; 82).

Тілдің дыбыстық жүйесінің зерттелуінде Қ.Жұбановтың да еңбегі зор. «Қазақ тілінің жоғарғы курсы» бойынша дәрістерінде: «Фонетика – морфологияға да, синтаксиске де, лексикаға да, – үшеуіне де керек; үшеуінің де қызметін атқарады...» -деп фонетика саласының ерекшелігін атап көрсетеді. Ғалым фонеманы «бір сөз бен екінші сөзді айыруға жарайды (бал, бас). Демек, фонема – бұйым» деп анықтама береді. Еңбекте дыбыс физиологиясы, дыбыстардың жіктелуі, дыбыс шығаратын мүшелер, үнсіздер физиологиясы, ауыз жолды сонорлардың физиологиясы, үнділердің физиологиясы, дыбыс дәрежелері, дауыстының емлеге байланысты жері, дыбыстың физикалық жағы, дыбыс күші, дыбыстардың бөлінуі (таптастырылуы), буын секілді мәселелерге кеңінен тоқтаған (3).

Сонымен Қ.Жұбанов XX ғасырдың басында емле, әліпби, термин мәселелерін көтерген. Оған 1929 жылғы «Әліппеміз бұқарашыл болсын», 1935 жылғы «Қазақ тілінің емлесін өзгерту жайлы» мақалалары дәлел бола алады. «Тілдің ілгері басып өсуі үшін оның емлесі мен термин мәселесі дұрыс шешілмей болмайды. Болмайтын себебі сол: өркендеп алға барған тілдің түрлі тарауының бәрі де сол емле, терминологиямен сабақтасады да отырады» деп береді (3; 336).

Фонетика саласының үшінші кезеңі XX ғасырдың 50 жылдарынан 80 жылдарына дейінгі кезеңді қамтиды. Бұл кезеңде әліпбиде де көп өзгерістер болды. Қазақ жазуы латын графикасынан крилицаға ауысып, қазақ тілінің орфографиялық ережесі де қайта қаралды, соның негізінде 1957 жылы орфографиялық ереже қабылданады.

Бұл кезеңде шыққан еңбектер жаңа жазуға негізделгендіктен, онда дыбыстар саны, олардың жіктелім белгілері өзгерді. Егер XX ғасырдың басында шыққан А.Байтұрсынұлының еңбектерінде тек төл дыбыстар қатары қамтылса, XX ғасырдың 50 жылдарынан бастап шыққан еңбектерде орыс графикасына сай енгізілген (кірме) дыбыстар есебінен дауысты, дауыссыз дыбыстар қатары толықты. Соның нәтижесінде дауыстылар саны 11-12, ал дауыссыздар саны 25-26-ға жетті.

Жалпы XX ғасырдың 50 жылдарынан бастап тілдің дыбыстық жүйесі кең ауқымда зерттелгенін байқауға болады. Ғалым Ә. Жүнісбек «бұл кезеңде қазақ тілтанымында академиялық тұрғыдағы толық фонетика қалыптасып болды» -дейді (; 7).

Фонетика саласының зерттелуінің төртінші кезеңі XX ғасырдың 80 жылдардың аяғынан бүгінгі күнге дейінгі кезеңді қамтиды. Алайда күні бүгінгі күнге дейін қазақ тілінің дыбыстық жүйесінде бірізді пікір жоқ, дыбыстар санына байланысты пікірлер әртүрлі деген жайттарды жиі кездестіреміз. Бұл қарама-қайшылықтар ғалымдардың арасында біржақты пікірдің болмауынан емес, графиканың жиі өзгеруімен байланысты туындаған қиындықтар болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. –Алматы:Ана тілі, 1992
2. Досмұхамедұлы Х. Аламан. –Алматы:Ана тілі, 1991
3. Жалмаханов Ш.Ш. Тіл білімінің тарихы. –Қарағанды, 1999
4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Алматы, 2010 (үшінші басылым).
5. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. –Алматы, 2009
6. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. –Алматы, 1993

ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МӘТІННІҢ СИПАТЫ

Ж.А. ЖАҚЫПОВ,

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, филология
ғылымдарының докторы, профессор*

А. ДОҒДЫРБАЙ,

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл
білімі кафедрасының магистранты
Астана қаласы.*

Фольклор деген сөздің заманауи күндегі мағынасы тым ауқымды әрі күрделі. Батыс Еуропа, Америка, Аустралия сынды мемлекетердің түсінігінде халықтың киім-кешегі, құрал-жабдықтары, өнері (сөз өнері, қолөнері, музыка, би, т.б.), тұрмыс-салт, наным-сенім – барлығы дерлік фольклордың құрамына кіреді. Ал Ресей зерттеушілері фольклорды халықтың ауызша поэтикалық шығармашылығы деп зерттейді. Қазақ әдебиеттану ғылымында да Ресей ғалымдарының пікірімен ұқсастырып, ауыз әдебиеті фольклор ретінде қарастырылады. Ғалым Ш.Ыбыраевтың пікірі бойынша: «Ауыз әдебиеті» деген ұғым «фольклордың» мәнімен сабақтас. Бұлар бір-бірін толық алмастыра береді». Ғалым өзінің осы ойын нақтылай түсіп, «Фольклордың шығарушысы да, таратушысы да, тыңдаушысы да – халық. Сондықтан ол, шын мәнінде, халықтың еншісі болып табылады», - дейді де, ауызша айту фольклордың тек қана шығарылу, таралу жолы емес, бүкіл қоғам тарапынан қолдау тапқан өнердің басты шарты екендігін, фольклорлық мәтіннің жаратылысында мезгілдік және мекендік өлшемдердің айқын көрінетінін, ауыз әдебиетінің мәтіні табан астынан шығарылғандықтан, мезгіл жағынан шектеліп, әр шумақты, тіркестерді ойланып шығаруға уақыт болмағаны үшін бұл мәтіннің алғаш шығарып отырған мезгілі мен орындалу уақыты бір екендігін айтады. Сондықтан фольклорлық мәтінде ортақ сюжеттер, сарындар, тұтас шумақтар, бейнелі тіркестер, өлеңнің даяр үлгілері мен ұйқастары жиі кездесетіндігін ескертіп, кейінірек: «Ауыз әдебиеті ауызша шығарылып, ауызша тарағандықтан, шығарманың үнемі өзгеріс үстінде болатындығы – заңды құбылыс. Себебі ауызша айту, бұрын шығарылған тексті орындау – ешбір өзгеріссіз қайталап шығу емес, керісінше, ол – шығармашылық процесс. Онсыз шығарманың заман ағымына сай қайта түлеп отыруы мүмкін болмайды. Әсіресе, ірі жанрларға тән осы ерекшелік шығарманың бір айтушыдан екінші айтушыға, бір дәуірден екінші дәуірге ауысу барысында айрықша көрінеді», - дейді [1,5-8].

Ал ғалым Б.Н. Путилов болса, былай дейді: «...задында, фольклорлық шығармаларға қатысты «мәтін» сөзінің екі мағынасы бар. Біріншісі – халық жадында сақтаулы мәтін, екіншісі – сол ауызша мәтіннің хатқа түскен түрі. Зерттеушілер, шынтуайтқа келгенде, жазбаша, жазылып алынған мәтінмен жұмыс жасайды. Сондықтан фольклорлық шығарманың жазылып алынған жазбаларын фольклорлық мәтін деп алған дұрыс» [2,104]. Б.У.Әзібаева фольклорлық мәтін туралы сөз еткенде фольклорлық шығарманың ауызша туып, ауызша орындалатыны; ауызша түрде бірнеше ұрпақ жадында сақталатыны; сондай-ақ ауызша орындалып, айтылып, тыңдаушы, шәкірттерге ауызша жеткізілетін мәтіннің өмірі өте қысқа болатыны: ол тек сол сәтте ғана бар болатыны; ал оның өміршең болып сақталып, кейінгі ұрпақтарға жетіп, ғылым нысанына айналуы үшін хатқа түсірілу керектігі немесе басқа техникалық құралдармен таңбалану керектігі, яғни дыбыс жүйесінен таңба жүйесіне ауыстырылу қажеттілігі; ол үшін орындаушы, айтушыдан мәтінді еш өзгертусіз жазып алуының маңыздылығы (жинаушы рөлінің маңыздылығы туралы); бір шығарманың бірнеше нұсқаларының болатыны; фольклор құрамындағы кейбір жанрлар эстетикалық емес, танымдық, утилитарлық қызмет атқаратындықтан олардың көркемдік деңгейі төмен болатыны сынды дүниелер назардан тыс қалмау керектігін ескерте келе, егер бұлардан біреуі тыс қалса, онда фольклорлық мәтінге берілген анықтама анық болмайды деген тұжырым жасайды. Әрірек, «фольклортануда «мәтін» сөзі үш мағына беретіні анықталып отыр: а) халық жадында сақтаулы, яғни ойдағы мәтін; ә) ауызша айтылып орындалатын мәтін; б) ауызша мәтіннің орындалған сәтте қағазға түсірілген я басқа техникалық құралдармен таңбаланған түрі, демек дыбыс жүйесінен таңба жүйесіне ауыстырылып қағазға түсірілген, яғни жазба мәтін» - деп түйеді [3].

Зерттеуші ретінде бізді қызықтыратыны – фольклорлық мәтіннің үшінші мағынасы, яғни жазба мәтін. Жазба мәтін зерттеу нысанына алынғанда оның қай дәуірдің шығармасы екендігі міндетті түрде қарастырылады. Қазақ фольклоры өз тарихын ертеден бастайды. Зерттеушілер қазақ фольклористикасын көне заманнан – Орхон жазуларынан бұрынғы сақ, ғұн, үйсін, қыпшақ, көк түріктер заманынан бастап туғандығын айтады. «Түркі, монғол тайпаларының ертегі мен эпосын түп

тегі сақ, ғұн, үйсін, қыпшақ, көк түріктер заманынан басталып, X-XVIII ғасырға дейін үздіксіз дамуда болған», – дейді [4, 6].

Осылай қазақ әдебиетінің фольклоры қазақ тілінің жазба тіліне, тіпті осы күнгі жазба әдеби тіліне қайнар көз болудағы орны ерекше екендігін байқауға болады. Қазақ фольклорының тілі әдеби сипат алған, белгілі бір сөз жұмсау нормаларын қалыптастырған, көркемдік-эстетикалық қуаты күшті тіл екенін зерттеушілер баса көрсетеді.

Фольклор қазынасының тек батырлар жырлары мен лиро-эпостары ғана емес, шешендік сөздер, ертегілер т.б. сияқты да тіл өрнегі мейлінше көркем әрі белгілі бір лексикалық, стильдік нормалары қалыптасқан болып келеді. Фольклор туындылар тілінің образдар жүйесі, поэтикасы, поэтикалық фразеологиясы сол шығармалардың идеялық мазмұнымен іліктес болатыны белгілі.

Р.Сыздық бұл образды сөздердің ең алдымен шешендік сөздерде қалыптасқанын көрсетіп, кейініректе эпостарда қолданатын образдардың көбі дерлік малға қатысты болғандығын айқындай түседі, оған себеп қазақ халқының негізгі күнкөрісі мал шаруашылығы болғандығымен түсіндіреді. Мысалы, «Қобыланды» жырындағы Қарлығаш өзін «*Бөрік үстінде шоқтымын, қоңыр шұнақ тоқтымын*» деп, ағасы Қобыландыны «*Судан шыққан сүйрігім, суырып озған жүйрігім*» десе, Алпамысты ағасы Тортай: «*Жалғыз ұлы бар еді, жалғыз да болса нар еді*» деп бейнелейді [5,38].

Қазақ фольклоры тіліндегі теңеуден де бұл образды сөздердің қолданылатынын байқауға болады.

Монологтың немесе жаңа оқиға желісінің бастауы болып келетін стереотиптер де көбінесе мал образымен беріледі. Мысалы: *Ерлер мінер алаға, көңілім толды санаға... Батырлар мінер қызылды, Жал-құйрығы ұзын-ды... Жылқы ішінде ала-ды, қылыштық жүнді қара-ды* деген жолдар кез келген жырда кездесетін – бастаулар (зачиндер). Ғалым әріректе фольклорда кездескен қазақ халқы үшін маңызды болып саналатын кейбір Абылай ханның қазақтың басын қосқандағы Бұхар жыраудың дегені (*Елу жасқа келгенде, Үш жүздің баласының атының басын бір кезеңге тіредің*), Шал ақынның: *Он бес деген жасым-ай, Жарға ойнаған лақтай, қырық деген жасым-ай Байлаулы тұрған құр аттай* деген мысалдарды келтіріп, образға малдың телінуін жақсы көрсетеді.

Ауыз әдебиетіне тән көркемдеуіш-бейнелеуіш тәсілдің бірі – стереотип формулалары еркін қолдану. Бұлар – жырдан жырға көшіп отыратын әбден тұрақталған сіріленген композициялар деп көрсетеді. Мысалы: *буырқанды, бұрсанды, мұздай темір құрсанды... қорамсаққа қол салды, бір салғанда мол салды... қарға жүнді қаттасым, үйрек жүнді оттасым... бірнеше күн жол жүріп, кірпігіне мұз тоңып... әулиеге ат айтып, қорасанға қой айтып* сияқты штамптар жыр сайын кездесетіндігін де ескереді.

Фольклор тіліндегі жер-су аттары, халық, ел, ру аттары тұрақты, бейнелі эпитетті болып келеді: Алты айшылық Еділге Тарланды талай салғанмын («Ер Тарғын»), Қобан қанды су, Үшөзен, Самар даңды су, тоғыз санды торғауыт, алпыс үйлі арғын, қалың қыпшақ, қара қыпшақ сынды тіркестер.

Көркемдік тәсіл ретінде ауыз әдебиеті тілі қолданған мысалдардың бірі – сипаттама үшін өткен шақ есімшемен келген құрылымдарды пайдалану. Бұл амал әсіресе, іс-әрекет, қимылға қатысты сипаттарда ұтымды қолданылады. Мысалы: *Алдаспан ауыр қылыш байлаған... Жауырынына қанды көбе сыймаған, жағасына адам қолы тимеген... Құланды қақтан қайырған дегендер – батырдың портреті болса, Ертеңнен салса, түсте озған, ылдидан салса, төске озған. Оза-оза зырлаған, басын тартса болмаған. Көк айыл болып көпірсе, Айшылықты алты аттауға ойлаған* – батырдың астындағы тұлпарының сипаттамасы.

Р.Сыздық грамматикалық тұлғалардың белгілі бір стильдік мақсатта жұмсалыуына тоқталып, -*ып* жұрнақты өткен шақ көсемшенің орнын айрықша көрсетеді. Фольклорлық поэзия бұл тұлғамен келген сөздерді әрі ұйқасқа қатыстырып, әрі қимыл-әрекеттің қалай орындалғанын баяндайтын амал констатациясы ретінде келтіріп образ жасайды деген. Мысалы: *Құйысқанын қысқартып, Екі айылын берік тартып, енді атына мінеді* («Ер Тарғын»). Іс-әрекеттің баяндалуын оның қалай орындалғандығы жайындағы сурет арқылы беру, яғни -*ып* жұрнақты көсемшенің ұйқасқа қатысып, өлеңнің құрылымдық бөлігін жасайтыны қазақ жырларында тіпті кездеседі. Мысалы: «Қобыланды батыр» жырындағы Құртқаны суреттегенде: *Сонда сұлу қыз Құртқа қылаң етіп, Шекеде шоғы бұлт етіп, Алтынды тоны жылт етіп етіп. Саулы інгендей ыңқылдап, Күшігендей сыңқылдап...* деген жолдарды кездестіреміз [5,39].

Эпос жыры өңделіп, толығып отырады. Өйткені жыршының жадында әлденеше дайын толғау үлгілері болады да, сол қалыптасқан жаттанды моделдерді бірде шалқыта, ұлғайта, енді бірде – тұжырымдай, ықшамдай айтатын жыршы әрдайым жыр мәтінінің жаңа композициясын құрады. Ал бұл іске жыршылардың талай буыны шығармашылықпен ат салысты десек, онда зерттеушінің

назарына тек белгілі бір сюжеттің эволюциялық дамуы ғана емес, соған қоса жырдың құрамында қат-қабат лексикалық-семантикалық қорлар туғызушы процестері ілігері сөзсіз.

Эпос нұсқаларының тілінде ішінара аймақтық тілдік ерекшеліктердің сипатын лексика, морфология және фонетика деңгейінде қарастыруға болады. Мысалы, *айналды // айланды, жаңғыз // жалғыз, біржолата // біржол, жұмала // домала, ыссы // ыстық, жұбап // жауап, біратола // біротала* секілді дыбыстардың ауысып келуі көптеп кездеседі.

Тағы бір ерекше құбылыстың бірі, *-лық/-лы* қысқарымы. Егер *-йық* тұлғасы, негізінен, күнделікті қарым-қатынас тілінде жиі қолданатын болса, *-лық* көбінесе көтеріңкі стильде, поэтикалық тілде ғана ұшырасады. Біз сөз етіп отырған эпос тілінде ол толық *-лық* күйінде ғана емес, *-лы* түрінде де кездесе береді (*Ойыңызға ой салып, той салалы...*).

Етістіктің қалау райы бірінші жақта тұрып, көпше түрде бірде *-йық* (барайық), бірде *-лық* (баралық) болып тұлғалануын М. Балақаев «жөнімен ауытқу» деп атайды да, *-лық* тұлғасының *-лы* болып қысқаруын «жөнсіз ауытқу» дейді [6,15].

Фонетика деңгейіндегі басқа ауытқулар, негізінен, араб-парсы тілдерінен енген шет сөздердің дыбысталуына байланысты. Олар: Кейбір реттерде етістіктің жіктік, көптік көрсеткіштері түсіріліп айтылады, бірақ олардың жасырын тұрғаны айқын аңғарылады.

Өлеңнің ақиқаты жарай дейді,

Сегіз ұрмақ бейнесін сарай дейді (Радлов).

–Торғайдың «шоқ» дегені – «шоқ терек» деп,

Барлық жұрт жиылып жүрің дейді (Ильминский).

Жоғарыдағы келтірген мысалдарымыздан *жарай-ды, жүрің-дер* тұлғаларының эллипстік өзгерістерге ұшырауы жалпы сөйлеу тілімізге, әсіресе, ауызекі қолданысқа тән заңдылық.

Қазір де жергілікті сөйлеу ерекшелігін білдіретін *-ғын, -қын* грамматикалық тұлғаларының жырдың барысында көптеп кездесетінін байқаймыз.

Эпос тілінің бір кереметі – сонау есте жоқ ескі заман дүниеліктерін өзімен бірге ерте жүріп, ертеңгі күннің еншісіндей, тіл қорабынан қалыс қалдырмайды. Көненің көзі іспетті, лексикалық архаизмдер де, жырды ерекше айшықтай түскендей болады. *Еңсесі биік боз орда, ернеуі жұқа сары аяқ; жауырыны жақталы, түйме бауы тартпалы алқара кіс тон; көн дабылпаз; тұтам бауы сом алтын ақ сұңқар құс* қолданыстағы сөздер «дәурені өткен дәулеттің» атрибуттары.

Қазақ ауыз әдебиетінде тыңдаушыға әсер ететін, оны тыңдауға шақыратын амалды ғалым Е.Жұбанов мәтінге мағыналық жағынан жанаспайтын, бір сөз немесе тіркестің қайталануы деп көрсетеді. Мысалы: *Бұлғыр, бұлғыр, бұлғыр тау, Бұлдырап тұрған құрғыр тау... Ауан, ауан, ауан су... Олайым да бұлайым... Шалқизде: Ал,алп, ал сақын...* Әріректе қолданыс аясы тарылған сөздердің біразы күн озған сайын көмескіленіп, әрі мазмұн, әрі тұлға жөнінен шар тартса да, тіл ішінде, әсіресе, сол жыр ішінде мүжілген, көнерген қалпымен дәстірдің дәнекері болып қала береді. Жырдың тұтас жүйесін тұтастырып тұрған ең бірінші фактор – өлшем бірлігі болса, тармақ аралық тартылыс күші – аллитерациялақ, ассонанстық үндестіктер, яғни, дыбыс қайталамасы, соны жасаушы буын, тұтас сөз қайталамасы. Мысалы, шылау мәнді *сана* сөзінің қатысуымен жасалған «қайт сана», «өт сана», «бер сана», «іш сана», «ки сана», «шүй сана» түріндегі ырғақтар тобының сырттай ұқсастығы даусыз болғанымен, үзіндінің өлеңдік қасиетке ие болуы ұйқасушы тармақтардың *санаға* бітуімен ғана емес, ішкі ұйқас жасаушы негізгі етістіктерге де байланысты деп, әйтсе де, *сана* тұлғасы ақындықтың ежелгі, шартты критерийі деп танылып, қосар ұйқас, редиф іспетті элемент ретінде халық поэзиясы құрамында жиі ұшырасады», - дейді [4,103].

Эпостардың тілінде көптеп кездесетін, етістіктің *-мыс, -міс, -мыш, -міш* тұлғаларын Е. Жұбанов түркі тілінің оғыз тобына тән грамматикалық көрсеткіш дей келіп, жоғарыдағы келтірілген *сана* көмекшілік мәндегі сөз іспетті *мыс//мыш, дур, гана* сөздері де көмекшілік мағынаны береді деп түйеді. Ал, Қ. Жұбанов бұл сөздерді сырттан келді деп қарамай, қазақ жұртын құраған тайпалардың бағзы біреуі үшін төл форинант болған болар деп топшылайды. «Қазақ тілінің қазіргі морфологиясында *-міс* тұлғалы қосымшаның болмауына қарап біз Төлеміс секілді есімдердің қатарында келетін *-міс* қосымшасынан ада-күде бас тарта алмаймыз. Оңтүстік түркі тілдерінде *-міс* тұлғасында қолданылатын бұл жұрнақ қазақ тіліндегі *-ген* қосымшасының синонимі, яки өткен шақтық есімшенің көрсеткіші бола тұрып, қазақ тілінің ең болмағанда өткендегі бір қабаттарында ұштасқан болуы ықтимал», - дейді [4,107].

Е.Жұбанов өзінің «О некоторых лексико-грамматических особенностях языка эпоса Козы Көрпеш- Баян сулу» атты мақаласында «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының бір нұсқасында кездесетін *еміс// еміш*:

Қозы Көрпеш бір байдың жалғызы еміс,

Баян сұлу сіңлісі – Айқыз еміс.

Қозыке өлсе қайғырған Айқыз сұлу,

Қозыкенің туысқан балдызы еміс, - үзіндісіндеқолданылып отырған *еміс* тұлғасының бойнынан екі түрлі ауытқушылықты көруге болады деп, біріншісін – грамматикалануы жағынан өзгеріске ұшырап, *е- үстеме буыны* десе, екіншісін – еміс тұлғасынан бұрын тұрған: *жалғызы, Айқыз, балдызы* етістік емес, есім түбірлі сөздермен тіркесіп тұрғандығын айтады да, талдай келе, «-*міс* тұлғасы әдеттегіше етістікке, оның ішіндегі әуел баста ер болып айтылатын *е – түбірлі* көмекші етістікке жалғанып тұр. Егер бұл түбір жіктеулі болса, еді -міс, не ерді –міс түрінде тұлғанар еді (жалғызы еді -міс, Айқыз еді -міс, балдызы еді -міс), бірақ халық поэзиясының көтеріңкі стилі өзіндік тұлғаны қажет еткен», - деп қорытындылайды [7,96].

Түрік грамматикасын зерттеуші М.С.Михайлов *-дыр, -дір* тұлғасын:«... субъектив өткен шақтық тұлғасында кесімділік және үзілді-кесілді байлам нышаны келіп шығады» [8,98-99],- деп түсіндіреді. Ал, Е. Жұбанов халық поэзиясында кездесетін *дүр* шылауының түпкі төркіні де осы модальдық мағына туғызатын *-дір* қосымшасына қатыстылығын ескереді де: «...ертректе хатқа түскен эпостарында «дүр» етістіктен кейін келеді. Басқа орайда «дүр» сирек ұшырасады, көпшілік жағдайда ол демеулік -ды шылауына айналып кетіп отырады», - дейді де, мынадай мысалды келтіреді:

Кішкенеден қосылған қосағымды,

*Шешем қалай жүрген **дүр** неге айтпай.*

*Жарықтығым қарыны ашқан **дүр** деп,*

Бұған бидай қуырып берді дейді.

*Әлдеқандай бола **дүр** заман дейді,*

Буаз маралды көп атпақ жаман дейді, - дегі *дүр (жүрген дүр, ашқан дүр, бола дүр)* етістікке тетелес келген *дүр* көмекші екендігін айтады [4,110].

Жырдың өлеңші Шөже жырлаған нұсқасында «дүр» сұрау есімдігімен тіркесіп келеді:

Көз алдымда сен мені тастап кеттің,

*Айырылдым жалғызымнан, не **дүр** шарам?*

Ал Березин жариялаған нұсқада:

Баласының көзінен аққан жасы,

*Бұйрыққа еш қайғырмай **дүр** жалғыз басы...*

болып «дүр» етістіктің көсемше түрінен соң келген.

Халық поэзиясында өзгеше қолданыс тапқан тағы бір шылау – «**ғана**». Тілімізде белгілі дәрежедегі шекті, мөлшерді танытып, толық мағыналы сөздің жетегінде жүргенімен, **ғана**септеліп, көптеліп өзгеріске түспейтін тұлға. Ғалым «ғана» шылауының септеліп, көптеліп келетінін халық эпосынан мынадай «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырынан мысал келтіреді:

*Шешеке, еш алданбан мал **ғанаңа***

*Барамын атам қосқан жар **ғанама**.*

Емізген ақ сүтіңді балаң едім,

*Бер сана бидай салып қол **ғанаңа**.*

Егер бұл келтірілген шумақтағы *ғана* шылауын өзгертпей қолданса, оған жалғанған қосымшалар алдыңғы *мал, жар, қол* сөздеріне жалғанып: малыңа ғана, жарыма ғана, қолыңа ғана болып айтылар еді. Алайда ол поэзия талабына сай келмейді, ұйқас жүйесін бұзады. Ал халық поэзиясы үшін дәстүрлі жүйелер – шартты заңдылық тәрізді, олар шәк-күмәнсіз қабылданады. Сондықтан да тәуелдік, септік жалғаулары арқылы түрленген шылау сөз, тіпті, жыр ішінде басқа толық мағыналы сөздермен терезесі тең ұйқас құрай береді [4,112-115].

Қорытындылай келе, мәтін қазіргі көптеген ғылымға ортақ нысанға айналып отыр. Соның бір саласы – көркем мәтіннің бастау алатын, барлық ақын, жазушы сусындап, жастайынан жаттап өсетін фольклорлық мәтін. Фольклорлық мәтінді зерттегенде оған айрықша зейін қойып зерделеу қажет. Себебі, фольклорлық мәтін өз заманында да, тіпті қазіргі уақытта да эстетикалық тәрбие беруді бір нәрсе жайында хабар беруден жоғары қойып, тыңдарманға эмоциялық жағынан әсер етіп, дұрыс тәлім-тәрбие мен ғибрат алуды көздеген. Сол әсерлілік тыңдарманға фольклорлық мәтіннің бастапқы тұсын төгілкенде байқалып, туындының арықарай түсінілуіне, түйсінуіне бағыт беретіні, ал ақырында тыңдарман ойында фольклорлық мәтіндегі түрлі ақпараттың басын қосып, біріктірілуі нәтижесінде туындының семантикасын, модальділігін көрсететіні лингвистикалық тұрғыдан айқындалуы, семантикасын, морфологиясын, синтаксисін, лексикасын, т.б. зерттелуі тіл білімінің қорын толтыруға айрықша үлес қосатыны сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ыбыраев Ш. Бастау. Қазақ фольклоры туралы зерттеулер. – Алматы. Баспалар үйі, 2009. 160-бет.
2. Путилов Б.Н. Современная фольклористика и проблемы текстологии // Журн. «Русская литература». – Москва, 1963, №4
3. Әзібаева Б.У. Фольклортанудағы мәтін және вариант, версия туралы түсінік // Bulletin KazNU. Filology series. № 3(137). 2012– Алматы.
4. Жұбанов Е. Эпос тілінің өрнектері. - Алматы, 1978.
5. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар): Көптомдық шығармалар жинағы /Рәбиға Сыздықова/ - Алматы: «Ел-шежіре», 2014.
6. Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М. Қазақ тілінің мәселелері. Алматы, 1961
7. Жұбанов Е.Х. О некоторых лексико-грамматических особенностях языка эпоса «Козы Корпес – Баян сулу». – Известия Ан КазССР, серия филолог., №3, 1962
8. Қасқабасов С. Таңдамалы. Фольклор иірімдері. – Астана: Фолиант, 2015. – 328 бет.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ

Ұ. ЖАНБЕРШИЕВА,

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты.

А. МҰХТАРОВА,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты. Астана қаласы

Көсем сөз өнерінде өзіндік өрнегін салған А.Байтұрсынов ұлтымыздың ұлт болуында тынымсыз еңбек етті. Ол публицистикалық шығармалары арқылы салықалы ойлар айтып, ұлттық идеяны насихаттаған. Қазақ даласындағы Алаш қозғалысының басында тұрған А.Байтұрсыновтың сан-салалы қызметін саралай келе, публицистикалық мақалаларына соқпай өту мүмкін емес. Өйткені оның бүкіл саналы өмірі баспасөзбен байланысты. «Алаш» деген сөз қазақ деген ұғымды білдреді десек, сол сияқты саяси қозғалыстың ұғымы мен алаш идеясы да қатар айтылады. Қазақ ұлтының тарихында алаш қозғалысы, алаш партиясы, алаш қайраткерлері деген сөз көп қолданылады, яғни, бұлар бір-бірімен байланысты ұғымдар екеніне дау жоқ.

Алаш зиялыларының ішінде қазақ тіліне, қазақ әдебиеті мәселелеріне көңіл бөлмегені жоқ. Олар ұлт жүрегіндегі, сезіміндегі, ойлау қабілетіндегі ерекшеліктер арқылы Алаш идеологиясын жасады. Бұл – ұлттық идеология еді. Бостандық үшін күрескен қазақ интеллигенцияның мақсат-мүддесі ұлттық-демократиялық сипатта болды.

Қазіргі кезде Алаштанушылар бұл ілімді – Алаш партиясы, Алаш идеологиясы, Алаш қозғалысының тарихы, Алаш ілімі, Алаш сана-сезімі, Алаш менталитеті, Алаш баспасөзі т.б. деп қарастырып жүр.

А.Байтұрсынұлының ұлттық баспасөзімізге қосқан үлесі жан-жақты зерделеп, жүйелі зерттеуді қажет етеді.

Ол: «Газет – халықтың көзі, һәм құлағы», «Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр сықылды», [1.25] - деп баспасөз арқылы әлеуметтік істерге мұрындық болды.

А.Байтұрсынов публицистикасын зерттеу уақыт қажеттігінен туындап отыр. Ұлттық абырой мүддесін ойлап, саяси дүниетанымы мен азаматтық көзқарасын анықтауда, Байтұрсынов публицистикасының мәні зор.

Алғашқы публицистикалық қызметі – 1905 ж. жазылған «Қарқаралы петициясы» деп аталады. Патшалық Ресейдің отаршылдық саясатының озбыр әрекетіне қарсы жазылған. Санкт-Петербургке жолданған бұл құжат ұлттық бостандық үшін күрестің бастамасы болған. М.Әуезов: «1905 жылы Қарқаралыда Ахаңмен біраз оқығандар бас қосып, кіндік үкіметіне қазақ халқының атынан петиция жіберген. Ол петициядағы аталған үлкен сөздер: бірінші, жер мәселесі, қазақтың жерін алуды тоқтатып, переселендерді жібермеуді сұраған, екінші, қазақ жеріне земство беруді сұраған. Үшінші, отаршылардың орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін ол күннің барлық мұсылман жұртының

қосылуында болғандықтан, қазақ жұртын муфтиге қаратуға сұраған», - дейді [2]. Ғалымның осы пікіріне орай бұл мақалада айтылған ойлар елдің рухани жан дүниесі мен көптің талқысына түсіп, көкейіне жетуге негіз болған деуге болады.

Ахмет Байтұрсыновтың осы тақырыптағы мақалаларының біршамасы «Айқап» журналында жарияланып тұрған. Журналдың №2 санында «Қазақ өкпесі» мақаласын жариялаған. Мақалада қазақ жерін сақтап қалу, қазақтың өз алдына дербес мемлекет бола алмауының себебін түсіндіреді. «Айқап» журналында: «Олжалы жерде үлестен қағыламыз, жоралы жерде жолдан қағыламыз – бәрі надандық кесапаты», - деп [3.1911.№2] аса құнды ұсыныстар айтады. Надандық пен отарлық езгіде отырған елді азаттыққа шақыру мақсатында халықтың өзін-өзі билеу идеясын көтереді. Қайраткердің арман-тілегі, ұлттық идеясы оның осы алғашқы мақалаларында-ақ белгілі бола бастаған.

Келесі терең ғылыми еңбегі – емле мәселесіне арналады. «Айқап» журналында «Жазу тәртібі» атты мақаласы жарияланып, ұзақ уақыт дау тудырады. Мақалада Ахмет араб жазуын қазақ сөзінің дыбысталуына лайықталып жазу тәртібін ұсынады. Бұл полемикалық мақалада өзі ұсынған тәртіп бойынша жеңіл, оңай оқылатынын нақты деректермен дәлелдеген.

1904 жылы Омбыда А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, Ж.Ақбаев, М.Дулатов сияқты қазақ зиялылары бас қосып, ұлттық ояну, Алаш қозғалысын ұйымдастыру, Алаш партиясы мен үкіметін құру және Алаш әскерін жасақтаумен баспасөз арқылы жұмыс жасау ісіне араласады.

Белгілі ғалым Б.Жақып: «Ахмет публицистикасының өзгешелігі – қаламгер не тақырыпты қозғаса да, алдымен оқиғаның мәнісін жұртқа тәптіштеп түсіндіріп алады, сонан кейін сол мәселені ондаудың, жөнге салудың, шешудің дұрыс жолдарын өзі көрсетіп береді», - [4.№7.286] деп жазылған Ахмет Байтұрсынов мақалаларының шын мәнінде не үшін керектігін айқын көрсетіп, саралап береді. «Айқап» журналында А.Байтұрсынов «Қазақ хәм төртінші Дума», «Тағы да жер жайында», «Тағы да народный сот хақында» деген проблемалық, хабарлама мақалалары жариялаған.

Бұл мақалалардың негізгі идеясы еркіндік, бостандық, теңдік, жер, тіл, діл сияқты аса маңызды мәселелер болды. Мақаланың өн бойында нақты ойларын анық жеткізіп отырған.

А.Байтұрсынов – ұлттық баспасөздің негізін қалаушы. Оның публицистикасын сөз еткенде, «Қазақ» газетіне тоқталмай кету мүмкін емес. «Қазақ» газетінің басты мақсаты ана тілін түрлендіру, қазақ тіліндегі басылым арқылы тіл мен дәстүрді дамыту, елдің көзін ашу болды. Газет – жаңашыл ойдың бастауы болды.

1915 жылы Орынборда «Қазақ» деген атпен шығып бес жыл өмір сүрген газетте көлемді мақалалар жариялап тұрған. Газет редакторы А.Байтұрсынов пен Ә.Бөкейханов болады. М.Дулатов газет жұмысын жақсартуға атсалысады.

«Қазақ» газетінің тұңғыш санында Ахмет Байтұрсынов: «Газет халықтың көзі, құлағы хәм тілі», - деп мерзімді баспасөздің төрт түрлі қызметіне ғылыми талдама береді.

1. Баспасөздің саяси-әлеуметтік мәдени-рухани ортадағы қызметі мен маңызы;
2. Газет оқырмандары газет арқылы жол сілтеп отырады;
3. Газет – халыққа білім таратушы;
4. Газет – халықтың қорғаушысы.

(«жұртым», «халқым» дейтіндер газет арқылы халықтың сөзін сөйлеп отырған).

Жалпы «Қазақ» газеті ұлт мүддесіне байланысты қандай мәселе болмасын өткір айтып отырған.

1916жылы А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов үшеуі бірігіп «Алаштың азаматына» деген атпен туған халқына ашық хат жариялады. Хаттың саяси мәні де болды, себебі 1916 жылы патша жарлығына қарсы ереуілге шыққандар мен ел ішіндегі дүрбелең оқиғаларды батыл айта білген.

1917 жылы Алаш партиясын құруға арналған өткір сөзбен «Қазақ» газетінде Ә.Бөкейханов «Алаш ұлына» деген мақаланы М.Шоқай мен М.Дулатовпен бірлесіп жазды. Мақалада: «Неше ғасырдан бері жұрттың бәрін қорлықта, құлдықта ұстаған жауыз үкімет өзгеге қазған көріне өзі түсті, қайтпас сапарға кетіпті», - деген [5.3036].

А.Байтұрсыновтың ұлттық идеяны насихаттайтын хабар, полемикалық, репортаждық, проблемалық мақалалары «Қазақ» газетінде үздіксіз жарияланып тұрған. Газетте оқу-білім туралы «Қазақша оқу жайынан», «Бастауыш мектеп» т.б. мақалаларда баланы оқыту үшін мұғалім жақсы білу керек, бала табиғатын түсіну керек және ұстаз шәкіртке ұнау керек деп түйін жасайды.

Алаш идеясының өзегі ұлттық мемлекеттік болды, яғни мемлекет тірегі – ұлт. А.Байтұрсынов – ұлт азаттығын ұлы мақсатқа айналдырған, ұлты үшін білімі мен күшін жұмсаған қайраткер.

Ол қазақ публицистикасына өзіндік үлес қоса отырып, «Қазақ» газетінде ұлттық идеяны ашық публицистика тілімен халыққа тікелей жеткізуге қолайлы жағдай туғызды. «Қазақ» газетін шығарушылар мен А.Байтұрсынов неше түрлі қуғын көрсе де, олар ұлт сезімін оятудан тынған жоқ.

А.Байтұрсыновтың публицистикасын талдау бір мақала барысында мүмкін емес, біз оның негізгі идеясы – ғылым, білім, сол арқылы елдің санасын ояту екенін бірнеше мақалалары арқылы ғана тұжырымдадық.

А.Байтұрсыновтың қазақ баспасөзіндегі алар орны ерекше. Оның барлық публицистикалық еңбектері халықтың әл-ауқатын жақсарту, ұлттық сана қалыптастыру, ұлттық идеяны насихаттауға толы.

Ұлтқа, елге қызмет етудің негізін қалаған Ахмет Байтұрсынов баспасөз арқылы саяси күрестің ұйытқысы болды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Шығармалар жинағы. – Алматы: - 1989.
2. Әуезов М. Ақаңның 50 жылдық тойы/ Ақ жол – 1923 - 4 ақпан.
3. Айқап. №6 саны. 1911.
4. Жақып Б. А.Байтұрсыновтың «Айқап» журналындағы публицистикасы. «Тағылым» журналы. №7, -1376.
5. Әуезов және Алаш. – Алматы: Санат, 1997. -431б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ТЕРМИНДЕРІНІҢ УӘЖДІЛІК СИПАТЫ

О. ЖҰБАЕВА,

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Грамматика бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымының докторы.
Астана қаласы*

Аннотация

А.Байтұрсыновначиная с первого десятилетия прошлого века создавал первые учебники на казахском языке. В соответствии с потребностями того исторического периода произвели на научной основе отбор системы терминологических наименований. Важнейшее значение имел труд великого ученого А. Байтұрсынова, который внес весомый вклад в становление национальной терминологии, особенно в обеспечении нужд конкретных научных отраслей и отдельных дисциплин. Главная особенность национальной терминологии 20-х годов XX века, периода А. Байтұрсынова– это использование исконно казахских слов в качестве термина и максимальное вовлечение ресурсов общенародного языка.

Ключевые слова:термин, национальная терминология, казахские слова, общенародный язык, грамматика

Abstract

A.Baytursynov from the first decades of the last century created the first textbooks in the Kazakh language. In accordance with the requirements of that historical period produced a scientifically based system of selection of terminological names. Important were the work of the great scientist A.Baitursynov, which contributed to the formation of a national terminology, especially in ensuring the needs of specific industries and specific scientific disciplines. The main feature of the national terminology, the 20-ies of the XX century, a period A.Baitursynov - is to use the native Kazakh words as a term and the maximum involvement of popular language resources.

Keywords:term national terminology Kazakh words , national language , grammar

Тарихқа үніліп, өткенге көз жүгіртер болсақ, XX ғасырдың басы қазақ қоғамы үшін игі бастамаларға, үміт артар шараларға толы болғаны көрінеді. Қазақ елі дербестік алып, Қазақ Автономиялы Советтік Социалистік Республикасы болып құрылған соң, қазақ халқының рухани дамуына біршама жол ашылды. 1923 жылы 22 қарашада тіл туралы декрет қабылданып, онда қазақ тілі орыс тілімен қатар мемлекеттік дәрежеге ие болды [1]. Мемлекеттік және қоғамдық орындарда қазақ тілінде де іс қағаздарын жүргізу қолға алына бастады. Қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік қызметі артты. Соған байланысты қазақ тілінде оқулықтар шығару; мектептерді қазақ тілінде

жазылған оқулық, оқу құралдарымен қамтамасыз ету; қазақ тілінде сабақ беретін мұғалімдерді дайындау; орыс мектептерінде қазақ тілін міндетті пән ретінде оқыту сияқты шаралар жүзеге асырыла бастады [2, 3]. Қазақ халқының әлеуметтік-мәдени дамуы, қоғамдағы өзгерістер жаңа оқулықтар мен тың бағдарламаларды керек етті. Қазақ зиялылары ана тілінде оқулықтар жазып, сөздіктер шығарды, аударма ісімен айналысып, ұлттық ғылым тілін қалыптастыруға күш салды, халықтың сана-сезімін оятып, мәдениетті елдер қатарына қосылу жолында аянбай еңбек етті. А.Байтұрсынұлы оқулықтары негізінен мектеп оқушыларына арналып, 1912-1929 жылдар аралығында бірнеше рет басылып шығып отырғаны белгілі. Академик Р.Сыздық А.Байтұрсынұлы еңбектері негізінен мектеп оқушыларына арналуына байланысты тілінің мейлінше түсінікті болғанын ескертеді [3, 251]. А.Байтұрсынұлы еңбектерін талдау арқылы ғалымның тіл жүйесінің негізгі концептуалды құрауыштарын көрсетіп, «когнитивті лингвистика», «морфологиялық концепт» т.с.с. атауларды қолданбаса да, бұл саланың өзіндік ерекшелігін терең зерделегенін байқаймыз. Ғалым зерттеулерінде адам сөйлермен, өзіндік әлемі, өзіндік дүниетанымы бар саналы жан ретінде сипатталады. А.Байтұрсынұлы тіл ойды жарыққа шығару құралы болумен қатар таным әрекетіне өзіндік таңбасын қалдырып отыратынын ескертеді. Сол себепті ғалым: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түйю, талғау. Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарар. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек», – деп жазады [4, 343-б.].

А.Байтұрсынұлы еңбектерінде тіл мен сана, тілдік сана, тіл мен таным, ұғым, концептуалдау және категориялау, сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналары, грамматикалық мағынаның сипаты т.с.с. мәселелер жан-жақты сөз болған. Ғалым тіл мен ұлттық ділдің өзара қатысы туралы былай дейді: «Халық өмірі бір жылдап, он жылдап, хәттә жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде һәр халықтың дағдылы тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне-бірі жалғасып тізілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады. Һәр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде һәм сондай басқалық болады. Біздің жасынан орысша я ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды я жазса да, қиындықпен жазады. Себебі – жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық. Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай сөзінің жүйесімен тізсе, ол нағыз қазақша болып шықпайды» [4, 142].

Тарихи даму барысында танымның екі түрі – *сезімдік* және *логикалық* таным қалыптасқан. *Сезімдік таным* адамның сезім мүшелері арқылы қабылдау, түйсіну қызметімен байланысты болса, *логикалық таным* ойлау нәтижесінде қандай да бір құбылыстардың мәнін, өзіндік ерекшеліктерін, заңдылықтарын айқындауға бағытталған. Тіл адам дүниетанымын білдіреді. Ғалам бейнесі – адамның түрлі сезім мүшелері (көру, есту, тері, дәм) қабылдайтын санасы арқылы түйсініп, ақпаратты өңдеу нәтижесінде түзіледі. Концептілер негізінен *бейвербалды түзілім* болып табылады. Оларға сенсорлық және моторлы репрезентациялар негіз болады. Сол себепті концептінің қалыптасуы үшін тілдің керегі бола қоймайды. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде адамның сезім мүшелері түгел қамтылған: «Зат тегінде екі түрлі: біреулері – көзге көрінетін, құлаққа естілетін, мұрынға иіскелетін, тілге татылатын, денеге сезілетін деректі заттар, екіншілері – көзге көрінбейтін, құлаққа естілмейтін, мұрынға иіс келмейтін, тілге татылмайтын, денеге сезілмейтін, адам ақылмен ғана білетін дерексіз заттар. Сол деректі һәм дерексіз заттардың атын көрсететін сөздерді зат есім дейміз» [5]. А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі адамның сенсорлық қабылдауына қатысты жіктеулерін мектеп оқулықтарының авторлары ескеріп, деректі және дерексіз зат есімдерді топтастыруда сезім мүшелері түгел қамтылуы керек деп ойлаймыз. Бұл орайда «Қазақ тілі» оқулықтарында деректі және дерексіз зат есімдерді тануда сенсорлық қабылдау түгел ескерілмей жүргенін ескерткіміз келеді. Мұнда *көз түйімі* мен *тән түйіміне* (А.Байтұрсынұлының атауы – О.Ж.) мән берілгенмен, қалған қабылдау түрлері (дәм, мұрын, құлақ түйімдері) назардан тыс қалып келеді. Сол себепті қолмен ұстап, көзбен көруге болатын нәрсе атаулары деректі зат есім ретінде, «көзбен көрінбегенмен, адамның ойлауы нәтижесінде ғана танылатын құбылыс, ұғым атаулары дерексіз зат есімдер» ретінде сипатталған.

Сөз таптары адамның таным әрекеті арқылы айналасын категоризациялау негізінде қалыптасады. Сондай-ақ сөз таптарын табиғи категория ретінде қарастыруда адамның сан ғасырлық

тәжірибесін түйсіну, оны оны тілдік құралдармен объективтірендіруге негізделген когнитивті қабілеті көрініс табады. Тілдік семантика тілдік таңбаларда бейнелейтін, сөз таптары арқылы көрініс табады. Түрлі сөз таптары (зат есім, сын есім, етістік т.б.) қолданыс барысында сананың түрлі құрылымдарын белсенді етіп, түрлі бейне, әсер беретіні, яғни түрліше сипаттайтынын, түрліше ұғым тудырады. Когнитивтік құбылыс ретінде сөз таптары адамның әлемді тану, қабылдау, түсіну ерекшеліктерін көрсетеді. Сол арқылы таным иесі – субъектінің ментальді ерекшелігі айқындалады. Бұл ерекшеліктер тілде кеңістік, уақыт, сапа категорияларында көрініс табады. А.Байтұрсынұлы лексикалық бірліктердің белгілері мен өзара байланысын ескере отырып, сөз таптарын белгілі бір грамматикалық топқа жатқызған. Ғалым еңбектерінде «зат есім» метаконцепті «нәрсе» концепті тұрғысынан айқындалған. Зат есімге берген анықтамасында ғалым былай дейді: «Сөздердің кейбіреуі нәрсенің өзін атайды» [5, 160]. А.Байтұрсынұлы зат есім мен сын есімнің айырмашылығы ретінде зат есім нәрсені атаса, сын есім нәрсенің сынын білдіретінін айтады. Ғалым зат есім мен сын есімді жіктеуде жалпы грамматика, түсінік, ұғым сияқты логикалық категориялар қағидаттарын негізге алған. Бұл ғалымның сан есім, есімдік, етістіктерге берілген анықтамаларында да айқын көрініс тапқан. Еңбектерді шәкірт болашағына арнағандықтан, ғалым тіл білімінің негізгі ұғымдарын түсінікті тілмен жеткізуге тырысқан. «Тіл – құрал» (қазақ тілінің сарфы) деген жалпы атауы болғанмен, оларды тарауларға жіктеуде фонетика «дыбыс жүйесі мен түрлері», морфология «сөз жүйесімен түрлері», синтаксис «сөйлем жүйесі мен түрлері» деп берілген. Яғни, тұтастай алғанда, тіл – жүйе ретінде сипатталып, әрқайсысының өзіндік ерекшелігі айқындалған. Морфологиялық концепт – тілдің морфологиялық құрылымын айқындайтын ментальді сапаның бірлігі, сонымен қатар ол – морфологияны ғылым ретінде сипаттайтын ұғым. Яғни, морфологиялық концептілер метатілдік морфологиялық концепт ретінде грамматикалық терминологияға енеді. Шылау сөздер, оның ішінде үстеу, демеу, жалғаулықтарға берген анықтамасында А.Байтұрсынұлы морфологиялық концептінің метатілін пайдаланған: «Демеу дегеніміз – екі сөздің арасын, яки, екі сөйлемнің арасын жалғастыруға демеу болатын сөздер немесе кей сөздер жалғау орнына жүреді һәм жалғаулар сияқты басқа сөздердің шылауында тұрмаса, өз алдына мағына шықпайды. Сондай сөздерді жалғаулық дейміз» [5, 54]. Ғалым сөз таптарын логикалық тұрғыдан ғана сипаттамай, грамматикалық талдауларға иек артқанын көреміз. Яғни, ғалым оқулық түзуде әдістер ретінде жекеден жалпыға қарай ойыса отырып, оқушылардың материалды оңай меңгеруін ескерген. Ғалымның ұстанымдарын кейінгі оқулық авторлары да (Қ.Кемеңгерұлы, Қ.Жұбанов, Т.Шонанов т.с.с.) басшылыққа алып, сөз таптарын ажыратуда меже етеді.

XX ғасыр басындағы зерттеушілер тіл білімінің қай саласында болса да, негізінен, А.Байтұрсынұлы еңбектерін басшылыққа алған. Бұл, ең алдымен, терминдерді қолдануынан байқалады. Т.Шонанов, Қ.Кемеңгерұлы А.Байтұрсынұлының *етіс, салт, сабақты, тұйық, беделді, есімше, көсемше, қосымша, жұрнақ, жалғау, септік, ілік, табыс...*, *сан есім, сын есім, есімдік* т.б. терминдерді сол күйінде қолданған. Көптеген категорияларды танып-танытуда А.Байтұрсынұлы тұжырымдарын қуаттап, сол үлгіде түсіндіріп отырған. Алайда зерттеушілер А.Байтұрсынұлы ойларын сол күйінде қайталаған деген ойдан аулақпыз. Ғалымдар өз тарапынан да бірқатар толықтырулар енгізіп, тіл білімінің дамуына өзіндік үлес қосып отырған. Зерттеушілердің жекелеген категорияларды тануы А.Байтұрсынұлы еңбектерінен өзгешелеу. Мәселен, А.Байтұрсынұлы етістің 10 түрін көрсетсе, Қ.Кемеңгерұлы 6 түрін, Қ.Жұбанов 7 түрін атайды. А.Байтұрсынұлы 15 түрлі райды келтірсе, Қ.Кемеңгерұлы райдың 6 түрін көрсетеді. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде тұйық рай ретінде танылған етістік түрін Қ.Кемеңгерұлы рай қатарында қарастырмай, “неопределенная форма” деп жеке қарастырады. А.Байтұрсынұлы етіс қатарында түсіндірген дүркінді етіс, өсіңкі етіс түрлерін Қ.Кемеңгерұлы сыпат категориясына байланысты сөз етеді. А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі көптік жалғауды Қ.Кемеңгерұлы жалғау емес, жұрнақ деп таниды т.с.с. Қ.Кемеңгерұлының «Оқу құралы» орыс топтарына қазақ тілін үйрететін еңбек болғандықтан, кітаптағы етіс атауларының бәрі орысша берілген: *возвратный, страдательный, взаимный, действительный, средний, понудительный залог* [6]. Алайда «Қазақ тілі грамматикасында» орысша атаулардың қасына қазақ тіліндегі баламасын ұсынуда А.Байтұрсынұлы ұстанған атауларды пайдаланады. Тіпті етіс ретінде танымай, вид (сыпат) деп көрсеткен «многократный вид», «прогрессивный вид» деген атаулардың баламасын беруде де А.Байтұрсынұлы терминдерін сол күйінде (*өсіңкі етіс, дүркінді етіс*) пайдаланады [6]. Оның себебі – А.Байтұрсынұлы терминдері ол кезде көпшілікке әбден танылған, орныққан терминдер болды да оқушының материалды тез игеріп, меңгеріп алуы үшін әрі түсіндіріп отырған нәрсесі тілімізде бұрыннан бар екені, тек оларды енді басқаша танытып, көрсетіп отырғанын білдіру үшін Қ.Кемеңгерұлы аталған терминдерді әдейі қолданған деп ойлаймыз. Етіс атауларын (өздік, ортақ, ырықсыз, өзгелік) қолдануда кейінгі ғалымдар арасында да алшақтық байқалмайды.

Функционалды грамматикада арнайы зерттеліп жүрген категориялардың бірі – анықтық/танықтық (белгілілік/белгісіздік) функционалды-семантикалық категориясы. Бүгінгі таңда қазақ тіл білімінде анықтық/танықтық (белгілілік/белгісіздік) функционалды-семантикалық категориясы арнайы зерттеу нысанына алынып, Н.Сәрсенбаева, А.Тураева сияқты зерттеуші-ғалымдардың еңбектерінде сөз болып келеді. А.Байтұрсынұлы есімдіктерді топтастырғанда, осы категорияның өзіндік белгілерін, ерекшеліктерін толық түсінгені анық байқалады. Қазіргі грамматикаларда есімдіктер жеті топқа жіктеліп жүр: жіктеу, сілтеу, сұрау, өздік, жалпылау, болымсыздық, белгісіздік. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде есімдіктің бес түрі ғана көрсетілген: жіктеу, сілтеу, сұрау, шектеу, танықтау.

Ғалымның есімдіктерді жіктеуінен анықтық/танықтық (белгілілік/белгісіздік) категориясының өзіндік ерекшеліктерін терең түсінгені байқалады. А.Байтұрсынұлы есімдіктерді *жіктеу, сілтеу, сұрау, шектеу, танықтау* деп жіктейді. *Шектеу есімдігі* деп аталатын есімдік түрін ғалым: «нәрсенің шегін айта сөйлегенде айтылатын сөздер, мәселен, *бәрі, барша*», – деп сипаттаса, *танықтау есімдігі* деп аталатын есімдік түрін: «нәрсенің жоқтығын, яки анық белгілі еместігін, яки түгел еместігін көрсеткенде айтылатын сөздер. Мәселен, *ешкім, ештеме, дәнеме, ешбір*. Бұлар жоқтықты көрсетеді; *кей, қайсыбір* – бұлар түгел еместігін көрсетеді; *біреу, әлдекім, әлдене* – анық белгілі еместігін көрсетеді», – деп айқындайды[5]. Ғалымның *шектеу есімдіктер* деп отырғаны – анықтық (белгілілік) мәнді білдіру үшін қолданылатын есімдіктер де, *танықтау есімдігі* деп аталатын есімдіктер – танықтық (белгісіздік) мәнді білдіру үшін қолданылатын есімдіктер. Яғни, А.Байтұрсынұлы қазіргі кезде оқулықтарда өздік есімдігі, жалпылау есімдігі ретінде танылып жүрген есімдіктерді – *шектеу есімдігі* деп, болымсыздық, белгісіздік есімдіктері ретінде беріліп жүрген есімдіктерді *танықтау есімдіктері* деп біріктірген. Есімдіктерді топтастыруда ғалым мағыналық реңктеріне ерекше назар аударған. Яғни анықтық/танықтық (белгілілік/белгісіздік) мәндерін негізге ала отырып, аталған есімдіктердің басын біріктірген.

Функционалды грамматика ұстанымдары бойынша, анықтық/танықтық (белгілілік/белгісіздік) функционалды-семантикалық категориясы сөз болып отырған нәрсенің, адамның т.с.с. сөйлеуші мен тыңдаушыға қаншалық белгілі/белгісіз болуына, таныс/бейтаныс болуына негізделеді. Бұл жерде А.Байтұрсынұлы есімдіктерді жіктеуде осы ерекшелікке ерекше мән берген. Ғалымның шектеу және танықтау есімдіктерін анықтық/танықтық (белгілілік/белгісіздік) мәндерін білдіруіне байланысты өзіндік оппозиция құрай алатынын ескергені байқалады.

А.Байтұрсынұлы еңбектерінде танықтау есімдігі нәрсенің жоқтығын (*ешкім, ештеме, ешбір*), анық белгілі еместігін, (*әлдекім, әлдене*) немесе түгел еместігін (*кейбір, қайсыбір*) білдіретіні сөз болса, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Ғ.Бегалиев, Н.Сауранбаев еңбектерінде нәрсенің жоқтығын білдіретін сөздер – *болымсыздық есімдіктері*, анық белгілі еместігін білдіретін сөздер – *белгісіздік есімдіктері*, түгел еместігін білдіретін сөздер – *алалау есімдіктері* деп аталып, танықтау есімдігінің мағыналық ерекшеліктеріне сәйкес өз ішінен одан әрі таратыла түскен. Сол сияқты шектеу есімдіктері өздік есімдігі және жалпылау есімдігіне жіктелген. Бұлайша жіктеу бүгінгі таңдағы оқулықтарда да үрдіс алып келеді. Яғни, кейінгі оқулықтардағы есімдіктердің берілуі С.Аманжолов, Ғ.Бегалиев, Н.Сауранбаев жіктеулеріне ұқсас екенін көреміз. “Тәуелдеу есімдігі” деген атаудың орнына “өздік есімдігі” деп аталғаны болмаса, басқа өзгешелік жоқ. Бұл оқулықтардың бәрінде де белгісіздік есімдіктері *бір, әр, әлде* сөздерінің ұйытқы болуымен жасалатыны сөз болады. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде *әр* сөзі шектеу есімдігі ретінде танылады. Дұрысында, *кейбір, қайсыбір, әлдекім, әлдене* т.с.с есімдіктермен салыстырғанда, *әр* есімдігімен бірігу арқылы жасалған *әркім, әрбір, әрқайсысы* сияқты есімдіктерде белгісіздік мәннен гөрі нақтылық, белгілілік басым. Бұл ерекшелік *әр* сөзінің зат есіммен тіркесуінен айқын көрінеді: *әр адам, әр оқушы, әр ай, әр зат* т.б. Ендеше, *әр* сөзінің қатысуымен жасалған есімдіктерді белгісіздік есімдігінің қатарына қосуға келмейтін тәрізді. Оның үстіне болымсыздық есімдігі ретінде танылып жүрген *ешкім, ешқайсы, ешбір, ештеме* т.с.с *еш* сөзінің ұйтқы болуы арқылы жасалған есімдіктердің орнына белгісіздік есімдіктері де жүре алады: *ешкім* келмеді – *біреуі де* келмеді, *ешқайсысы да* айтпады – *бірі де* айтпады, *ештеме* қалмады – *бірдеңе* қалмады т.б. Ендеше, өзара мәндес, шектес мұндай есімдіктерді жіктемей-ақ, топтастырып берген дұрыс сияқты.

1922 жылы Қазақстанда жат сөздерді, пән атауларын қазақшандыратын комиссия құрылады да оны А.Байтұрсынұлы басқарады. Комиссия жат (өзге тілдік) сөздерді қабылдауда мына принциптерді басшылыққа алған:

- а) жат атаулардың мағынасын түсіндіргендей қазақ сөзін алу;
- ә) оған қолайлы қазақ сөзі болмаса, түркі сөзін алу;
- б) түркі сөзі де тура келмесе, қазақ тілінің заңына үйлестіріп, еуропа сөзін алу [8].

XX ғасырдың басында қазақ орфографиясына негіз болатын жүйе* (принцип) таңдау мәселесі қызу талас тудырды. Осыған байланысты басылым беттерінде көптеген мақалалар жарық көрді. Олардың қатарына А.Байтұрсынұлы “Емле туралы”, Т.Шонанов “Шет сөздерінің імләсі жайында”, А.Мамытұлы “Емле, пән атаулары туралы”, Б.Шобанзаде “Қазақ тілі емлесінің ірге кезеңдері”, Е.Омаров “Емле мәселесі”, Ж.Аймауытұлы “Емле, әріп жайында” т.с.с. мақалаларды жатқызуға болады. 1929 жылы Қызылорда қаласында өткен ғылыми-орфографиялық конференцияда да осы мәселе сөз болады. Емле, жүйе (принцип) таңдау мәселесіне қатысты мақалаларында да А.Байтұрсынұлы тыңдарманға түсінікті болу жағына ерекше мән беріп, атаулар (терминдер) үшін негізінен қазақ тілінің төл сөздерін алған: «Емле негізі 4 түрлі: 1) таңба жүйелі (негізі ынтымақ); 2) тарих жүйелі (негізі дағды); 3) туыс жүйелі (негізі тегіне қарай); 4) дыбыс жүйелі (негізі естілуіне қарай)... [9].

«Термин жасау – Ахмет Байтұрсынұлы көтерген жүктің бірі» деген мақаласында Р.Сыздық А.Байтұрсынұлының термин жасауда қазақ тілінің сөздік қорына иек артқанын айта келіп, оның бірнеше объективті себептерін көрсетеді. Атап айтқанда: а) А.Байтұрсынұлы жасаған терминдер – техника саласының терминдері емес, білім-ғылым саласына қатысты атаулар болғандықтан, ұғымға ерекше мән берілгендігін, ал ұғым атаулары әр тілдің өз сөздерінен жасалатындығын немесе калька жолымен басқа тілдерден аударылатынын; ә) термин үшін қазақ тілінің өз сөздік қорын пайдалану қазаққа әлдеқайда түсініктірек болатынын ескергенін; б) еңбектер ғылым салалары дүниеге келмеген, олардан бейхабар қазақ жұртшылығына, оның ішінде шәкірт балаларға арналғандықтан, оларға жеңіл де түсінікті болу жағын көздегенін нақтымысалдармен дәлелдейді [3, 250-262].

Академик Ө.Айтбаев «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетіндегі қазақ жазуы жайындағы мақалаларындағы атау сөздерді (*дыбыс, әріп, емле, ноқат (нүкте), үтір, буын, әліппе, сөз аяғы, белгі, сөз басы, дауысты дыбыстар, сүйеніш, дәйекші* деген т.б.) ете келіп, А.Байтұрсынұлы қазақ ұғымына әлі жат, бірақ тіліміздің ішкі жүйесін түсіндіруге қажет кейбір сөздерді жаңаша қолданғанын айтады. Яғни, ғалым қазақ тілінде бұрыннан бар сөздерді алғаш рет белгілі бір ғылыми ұғым ретінде терминдік мәнде пайдаланғанын ескертеді [10, 35]. Елдес Омаров «Қазақ тілінің дыбыстары» деген мақаласында көмейден (дауыс қабыршағының дірілдегенінен) шығатын дыбысты – дауыс, тілдің қозғалғанынан, таңдайдан, тістен, еріннен, мұрыннан шығатын дыбысты – жай дыбыс деп атай отырып, дыбыстардың топтастырылуын былайша түсіндіреді: «Қазақша дыбыстардың әрқайсысын осылай, ішіндегі дауысы мен жай дыбысының шамасына қарай тексерсек: 1) біздің дауысты дыбыстарымыздың бәрінде де жай дыбыстан да дауыс көп болады; жарты дауысты мен ұяң дыбыстарда дауыс та болады, жай дыбыс та болады, бірақ дауысты дыбыстарға қарағанда, дауыс аз болады да, басқа дыбыстардан дауысы артық болады. Қатаң дыбыстардың б-дан басқа алтауында дауыс мүлде болмайды» [11, 67]. Бұл сөздерден де академик Ө.Айтбаев тұжырымдарының шынайылығына көз жеткіземіз.

Терминолог ғалым А.Байтұрсынұлының термин жасауда ең алдымен, қазақ тілінің өз мүмкіндігіне көбірек сүйенгенін ескерте келіп, оны іске жарату барысында түрлі амалдар қолданғанын (ең әуелі, заттық, атаулық ұғымын берерлік сөздерді іріктеген (*әріп, сөз, сөйлем*) немесе оларға терминдік қызмет жүктеген, екіншіден, сөздерді тіркестіре қолдану арқылы терминдер жасаған (*түбір сөз, туынды сөз, сұраулы сөйлем, тұрлаулы мүше*), сондай-ақ түрлі қосымшаларды пайдалана отырып, сан алуан терминдер жасаған (*бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, болымды, болымсыз, жалаң, жайылма, үстеу, одағай, есімдік, етістік* т.т.) ескертеді.

А.Байтұрсынұлы терминдердің уәжділік сипатына ерекше мән бергені байқалады. Мәселен, көмекші етістіктердің үш түрін көрсетіп, оларды өз ішінен: а) құр көмекші; ә) күй көмекші; б) ій көмекші деп жіктейді [3, 92]. Ғалым *е-(емек)* етістігін үнемі көмекшілік қызметте жұмсалыуының нәтижесінде етістік мәнінен айрылып, жұрнаққа (жалғаулыққа) айналып бара жатуына, әбден ій болып кетуіне байланысты «ій көмекші» деп бөлек жіктейді. Сондай-ақ амалдың қалып-күйін білдіруіне байланысты *отыр, тұр, жатыр, жүр* етістіктерін бөлек топтастырып (күй көмекші), *бар, ал, бер, кел, кет, көр, өт, таста, қал, қой* сияқты көмекші етістіктерді бір бөлек береді. Мұнда көмекші етістік тобының әрқайсысын деп басып анықтауымен қатар, оларға атау бергенде де уәжділік ұстанымдарды негізге алғаны байқалады. Сол сияқты салт, сабақты атауларын қолдануда да осы ұстаным ескерілген.

Сабақты сөзінің мағынасы сөздікте: «Инеге өткізілген жіп, жіп тағылған жіп» [12, 511] түрінде берілген. Яғни, сабақты жіп болуы үшін ол иненің көзінен өткізілуі тиіс. Бос жатқан, инеге өткізілмеген жіп сабақты ине деп аталмайды. Ал сабақты етіс болуы үшін ол табыс септік тұлғалы сөзді (нысанды, объектіні) керек етіп тұруы керек. *Салт* сөзінің мағынасы «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде»: «Жеке, жалғыз, бір өзі» [12, 640] түрінде сипатталған. Сол сияқты салт етіс те табыс

септік тұлғасындағы тура толықтауышты керек етпейді. Бұл тұрғыдан алғанда, ғалымның атауларды пайдалануда қазақ тілінде бұрыннан бар сөздердің мағынасын кеңейте отырып, оған жаңа мән үстегені әрі бұл орайда ұлттық дүниетанымды негізге алғаны байқалады. Осыған байланысты профессор Қ.Рысалды: «Етістіктердің сабақты, салт түрлері атауларының мотивациялық негізделуі өте тереңде жатыр, атаулар осы етістіктердің мән-мағынасын дәл анықтайды. «Сабақтас» атауы «сабақтау» (инені сабақтау) етістігінен туынды түбір тұлғасында жасалған болуы керек, «салт» атауы «салт атты» тіркесіндегі «салт» сын есімінен терминге айналып, етістіктердің жалпы категориялық мағынасын айқын беріп тұр», – дейді [13].

А.Байтұрсынұлы бастаған ұлт зиялылары да терминжасамда уәжділік ұстанымдарына ерекше мән бергені байқалады. Оны Қ.Кемеңгерұлының мына сөздерінен де байқауға болады: «... Терминдерді алу туралы кейбіреу басқа елдер қалай атаса, қазақшаға айналдырмай-ақ, біз де солай атайық десті. Бұл – тіпті адасқан пікір. Күйіміз жетсе, шамамыз жетсе, қазақшаландырып алуымыз керек. Мәселен, *геометрияны* қазаққа *геуметрие* десең, көзіне түк елестемейді. Ал *пішіндеме* десең, қазаққа таныс, көзіне елестейді. Сондықтан терминдерді қазақша алуға дауласуға мән жоқ [6].

1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде жазу, әліппе мәселелері, оқу, ғылым кітаптарын көбейту, бастауыш мектеп бағдарламаларын дайындау шараларымен қатар термин (пән сөзі) мәселесі де арнайы сөз болады. Онда Елдес Омаров баяндама жасап, Х.Досмұхамедұлы, М.Дулатұлы, М.Тұрғанбайұлы т.б. қоштап сөз сөйлейді. Қазақ оқығандары арасында жат (шет) сөздерді қабылдауда екі түрлі ұстаным болған. Съезде сөйлеген сөзінде де, «Жат сөздер туралы» деген кітапшасында да Н.Төрөкұлов түркі тілдерінен сөз іздемей-ақ «делдалсыз тура аурыпадан алуды» ұсынады да *бибауырмал* дегеннің орнына *интернационал*, *тарих* сөзінің орнына *история*, *тарихшы* сөзінің орнына *историк* деп қолдану керектігін айтады. Сонымен қатар М.Қайыпназарұлы да осы ұстанымды негізге алып, жат сөздерді «өзге жұрт тілдерінде айтылуынша ешбір бұзбастан, айнытпастан алу керек. Кәзір Қырым, Әзербайжан сықылды өзге ұлт республикелері де солай алып жүр. Біз неге сүйтпейміз?» – дейді. Ал ұлттың болашағын ойлаған Ә.Бөкейханов, Х.Досмұхамедұлы, А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы сынды ғалымдар бұл ұстанымға үзілді-кесілді қарсы шығады. Осыған байланысты Х.Досмұхамедұлы «Жат сөздерді қолданғанда, тілімізге ылайықтап алу керек. Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады... Жат сөздерді өзгертпестен алып, бастапқы жат қалыбымен тілге сіңіреміз дегендік – шатасқандық. Бұ жолда жүрген адамдар тілімізге орасан зиян келтіреді», – десе, А.Байтұрсынұлы «Сәбитке жауап» деген мақаласында: «Жат сөздерді басқалар, мәселен, орыстар өз тілінің заңына үйлестіріп алғанда, солай алуға біздің де қақымыз бар», – дейді [14].

Атауларды беруде А.Байтұрсынұлы олардың тұлғасына да ерекше мән бергені байқалады. Терминнің түсінікті, қысқа, дәл, ықшам болуы т.с.с. талаптарымен қатар тектес мәндердің бірыңғай тұлғада келуін ескерген. Ондай атаулардың қатарында *есімше*, *көсемше*; *бастауыш*, *баяндауыш*, *анықтауыш*, *пысықтауыш*, *толықтауыш*; *жіктеу*, *сілтеу*, *сұрау*, *шектеу*, *танықтау* т.с.с. Бүгінгі таңдағы субстантивтену, адвербиалдану, адъективтену терминдерінің орнына балама ретінде *затсымақтану*, *сынсымақтану*, *үстеусімектену* сияқты атауларды ұсынады. Қазіргі кезде бірқатар әдебиеттерде *субстантивтену* сөзінің орнына *заттану* деген атау беріліп жүр. Алайда субстантивтенген сөз біржола зат есімге айналып кетпейді, осы сөйлемде ғана зат есімнің қызметін атқарады да сөйлемнен (контекстен) тыс бұрынғы қызметіне көшеді. Яғни, осы сөйлемде (контексте) ғана зат есім сияқты көрінеді. Қазақ тілінде мұндай мағына беру үшін **-сымақ** қосымшасы қолданылады (*ақынсымақ*, *бастықсымақ* т.с.с.). А.Байтұрсынұлы осылайша **-сымақ** қосымшасын пайдалана отырып, сол үлгі негізінде үстеусімек атауын да жасаған. Әрине, қазақ тілінде **-сімек** қосымшасы жоқ (бұл – кірме қосымша болса керек). Алайда ғалым сингармонизм заңдылықтарын негізге ала отырып, үстеу сөзіне қосымшаның жіңішке нұсқасын жалғаған. Ғалымның бұл атаулары қазіргі кезде ғылыми айналымға енгізілуі тиіс деп білеміз. Бұл орайда филология ғылымының докторы, профессор Шерубай Құрманбайұлының бүгінгі таңда терминтанудағы жаңа міндеттерді абыройлы түрде жүзеге асыру үшін өткенімізді саралап, қазақ терминологиясының дамуында ерекше орын алатын XX ғасырдың 20-жылдарын арнайы қарастыру қажеттігі туралы ойларын әбден құптаймыз [15].

А.Байтұрсынұлының терминжасамға қатысты зерттеулері, ұстанымдары мен тұжырымдары бүгінгі таңда да өзектілігін жоймады. Ғалым еңбектерін зерделеу арқылы өткен ғасырдың 20-жылдарында тіл білімінің қаншалықты құлаштап алғабасқанына ғарсақ, екінші жағынан, репрессия зардабының нәтижесінде ғылым дамуының қаншалықты тежелгенін де көреміз. Ірі тіл білімпаздарының қудаланып, еңбектерінетыйымсалынуы, жазудың өзгеруі қазақ тіл білімінің өз деңгейінде дамып жетілуіне кері әсер еткені даусыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ақатаев С. Тұңғыш декреттің түйткілі // Ана тілі. 10.01.91.
2. Орталық Мемлекеттік мұрағат. - 81-қор. - 1-тізім. - 1314-іс. - 3-б.
3. Сыздық Р. Термин жасау – А. Байтұрсынұлы көтерген жүктің бірі // Ұлттық рухтың ұлы тіні. – Алматы: Ғылым, 1999. - 250-262-б.
4. Байтұрсынұлы А. Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991. - 464 б.
5. Байтұрсынов А. Алты томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Ел-шежіре, 2013. - 3-том. - 384 б.
6. Кеменгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Ел-шежіре, 2013. - 2-том. - 262 б.
7. Грамматика казакского языка. Составил Г.В. Архангельский. Под редакцией Кеменгерова. - Ташкент, 1927. - 62 с.
8. Жолдыбаев М. Қазақ тілін байытамыз // Еңбекші қазақ. 12.VIII.1926.
9. Байтұрсынұлы А. Емле туралы // Еңбекші қазақ. 27.03.29.
10. Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы: Арыс, 2007. - 624 б.
11. Омаров Е. Қазақ тілінің дыбыстары // Жаңа мектеп. - 1927. - №2 (17). - 61-67-б.
12. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. - XII том. О - С. - Алматы, 2011. - 511-б.
13. Жұмсалымды грамматика. - Алматы, 2016. - 508 б.
14. Байтұрсынұлы А. Сәбитке жауап // Еңбекші қазақ. 26.01.28.
15. Құрманбайұлы Ш. Алаш және терминтану (XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясы. 1910-1030 жылдар). - Алматы: Ел-шежіре, 2008. - 240 б.

ПЕРИОДЫ РАЗВИТИЯ ТАТАРСКОЙ ТЕРМИНОЛОГИИ

М. ЗАКИЕВ,²

*Доктор филологических наук, профессор,
академик Академии наук Республики
Татарстан, Казань / Российская Федерация*

Түйіндеме

Түрлі кезеңдегі татар терминологиясының қалыптасуы ұлттық тілдердің қызмет етуі туралы түрліше түсініктердің нәтижесі болып табылады. Татар терминологиясы дамуының алғашқы кезеңі – бұл 1880-1919 жж. Татар әдеби тілінің қалыптасуы, сондай-ақ, осы кезеңмен байланысты, өйткені жаңа терминдердің жасалу процесінде Каюм Насыри, Галиаскар Камал, Габдулла Тукай және Галимджан Ибрагимов сияқты қайраткерлер, негізінен, халықтық тіл қорын пайдаланды.

Татар терминологиясы дамуының екінші кезеңі 1920-1930 жылдарға сәйкес келеді. Татар АССР-і 1920 жылдың 27 мамырында РКФСР құрамында құрылған кезде, татар терминдерін жасау, қолдану және дамыту ұстанымдары мен стандарттарын дамыту мақсатында мемлекеттік деңгейде Орталық Терминологиялық Комитет құрылды.

Үшінші кезең – тілі мен мәдениеті ортақ бірінғай кеңестік халық құру идеологиясы үстем болған 1930-1980 жж.

Мақаланың қорытынды бөлімінде Татарстан Республикасында мемлекеттік тілдер мен басқа да тілдерді сақтау, зерттеу және дамыту бойынша Татарстан Республикасының мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген татар терминологиясының ғасырлар тоғысындағы даму ерекшеліктері қарастырылады.

Кілт сөздер: терминология, татар әдеби тілі, терминологиялық сөздік, терминологиялық түсіндірме сөздік, орыс-татар терминдер сөздігі, термин жасаудың әдістері

²Д.филол.н., профессор, академик Академии наук Республики Татарстан, Казань / Российская Федерация, m.z.zakiev@mail.ru

Abstract

The formation of Tatar terms in different development periods is the result of different conceptions of functioning of national languages. The first period of the development of Tatar terminology is 1880-1919. The formation of the Tatar literary language is also related to this period, as in the process of creating new terms academics such as Kayum Nasyri, Galiaskar Kamal, Gabdulla Tukay, and Galymdzhan Ibragimov benefitted primarily from the popular language.

The second period of the development of Tatar terminology is 1920-1930. When Tatar Republic was organized within RSFSR on May 27, 1920, Central Terminological Committee was established at the state level to develop the principles and standards of creation, application and development of Tatar terms.

The third period is 1930-1980, when the ideology of creating single Soviet people with a common language and a common culture has dominated. In its conclusion part, the article discusses peculiarities of the development of Tatar terminology at the turn of the century reflected in the state programs of the Republic of Tatarstan on the preservation, investigation and development of the state languages and other languages in the Republic of Tatarstan.

Keywords: terminology, tatar literary language, terminological dictionary, terminological explanatory dictionary, Russian-Tatar dictionary of terms, method of terms formation.

Основная часть

Развитие татарской терминологии в 1880-1919 годах. Появление первых татарских терминологических словарей и первых рассуждений о татарских терминах, а также в целом о татарском языке связано с образованием татарской нации, начало которого относится ко второй половине XIX века.

В этот период активизировались сторонники сохранения норм старотюркского языка, появились просветители, которые рекомендовали применять в качестве татарского литературного языка тот же старотатарский язык, но обогащенный элементами турецкого языка (М.Акъегетзадэ, З.Бигиев), некоторые выдвигали идею создания литературных норм, общих для казахов, киргизов и татар (Акмулла, Курмаши), великий ученый просветитель Каюм Насыри рекомендовал положить в основу литературных норм диалект казанских татар, затем по этому пути пошли Галиасгар Камал, Габдулла Тукай и Галимджан Ибрагимов.

Появление первого терминологического словаря связано с деятельностью ученого просветителя, историка-этнографа, языковеда, писателя второй половины XIX века Каюма Насыри. Общеизвестно, что он с 1879 года занимался творческой и научной деятельностью, внес вклад в развитие различных отраслей гуманитарных наук, заложил основы современного татарского литературного языка, а также его терминологии, т.е. учения о терминах.

В 1886 году он опубликовал свои наблюдения за растениями и их названиями, опубликовал словарь «Өч йөз йетмешләп дэва үләннэренен исемнэре: русча, латинча, мөселманча» (Русские, латинские, мусульманские названия около трехсот семидесяти лекарственных трав), в 1890 году – словарь «Истиляхате жэгърафия» (Термины географии – 74 с.), в 1894 году – «Гөлзар вэ чэмэнзар, ягъни үләнлек вэ чэчэклек» (Гюльзар и чеманзар, или трава и цветы).

При включении терминов в словарь К.Насыри обращался в первую очередь к народному языку, отбирая ранее существовавшие в нем термины и создавая новые из общеупотребительных слов. В своей книге «Хисаблык» (Арифметика – 1899) он писал: «Поскольку до сих пор у нас не было книги по арифметике, написанной на нашем родном языке, мы, понятно, не имели и терминов. В нашей книге «Арифметика» мы отобрали как можно больше слов своего родного языка. Мы взяли слово *сан* вместо арабского *исме гадэт*. Также одно из арифметических действий назвали *жыю*, которое раньше обозначалось арабским словом *жэмгъ*». Действительно, от предшествующих учебников по арифметике, изобилующих непонятными арабскими терминами, учебник К.Насыри выгодно отличался как своим языком, так и «привлеченными из народного языка или удачно созданными по моделям родного языка математическими терминами». Так, К.Насыри вводит термины: *бүлу* ‘деление’ вместо *тэксим*; *калдык* ‘остаток’ вместо *бакыя*, *фарык*; *чыгыш* ‘произведение’ вместо *хасиле зареб*; *бүлүче* ‘делитель’ вместо *мэксүмегалийэ* и т.д.

Создание географической, особенно биологической, сельскохозяйственной, медицинской и другой терминологии на основе исконно татарских слов наглядно свидетельствовало о широких возможностях языка.

Вместе с тем, К.Насыри был далек от пуризма. Считая широкоупотребительные в общественном языке арабо-персидские и русские заимствования, а также большую часть арабо-

персидских религиозных, педагогических, математических, русских и западноевропейских административных, общественно-политических, научно-технических терминов частью лексики татарского литературного языка (что делает его лексикографические труды словарями литературного языка), он вводит их в свои «Календари» и учебники. Жизненность большинства сохраненных им заимствований объясняется тем, что они были взяты из повседневной языковой практики татарского народа. Входя в язык и национальную культуру вместе с обозначаемыми ими новыми идеями, реалиями, понятиями, эти заимствования (в основном термины) прочно удерживались в языке только в тех случаях, когда в татарском литературном не было соответствующих эквивалентов (Абдуллин&Закиев 1975: 62-63).

В своих произведениях К.Насыри свободно применял и иностранные заимствования, которые были приняты из русского языка: *азот, фосфор, бандероль, пакет, барометр, телескоп, артиллерия, капитан* и т.д. Здесь необходимо иметь в виду, что основная идея Каюма Насыри заключалась в выдвигании им народного языка в качестве основного источника обогащения татарской терминологии.

В начале XX века развитие татарской терминологии продолжалось в том же направлении, как оно начиналось в конце XIX века Каюмом Насыри.

Действительно, первый терминологический словарь XX века составлен Ш.Абызгильдиным на основе принципов, выдвинутых К.Насыри. Ш.Абызгильдин составил словарь общественно-политических терминов и издал его в Оренбурге в 1907 году под названием «Лөгать русчадан татарчага» (42 с.). Общественно-политические термины собраны драматургом Г.Камалом и изданы в 1918 г. «Кесэ өчен русча-татарча мөкәммэл сәяси лөгать» (Усовершенствованный русско-татарский политический карманный словарь, 139 с.).

На развитие татарской терминологии, в целом, лексики придавали большое значение все татарские прогрессивные писатели начала XX века: Г.Тукай, М.Гафури, Ф.Амирхан, Г.Камал, Г.Кулахметов, Ш.Камал, Г.Ибрагимов. Габдулла Тукай не оставил специальных работ по терминологии, но исходя из языка его произведения, мы можем сказать, что он был продолжателем идей К.Насырова по основным направлениям развития татарского литературного языка и его терминологии.

Галимджан Ибрагимов подверг критике первые произведения Г.Тукая за то, что он необоснованно применял арабо-персидские, турецкие и узбекские слова. Позже Г.Тукай применял в основном понятные каждому татарину народно-татарские слова, арабо-персидские заимствования, турецкие лексемы, но более или менее понятные народу.

В то же время он свободно применял западноевропейские заимствования, подавляющее большинство которых было термином. Доцент кафедры татарского языка и литературы Башкирского государственного педагогического университета Л.Г.Хабибов, изучив русские и европейские заимствования в языке произведений Г.Тукая, перечислил следующие европейские заимствования: *агент, адвокат, аристократ, бульвар, цирк, оркестр, концерт, театр, бухгалтер, танса, бюрократия, гимназия, граммофон, депутат, журнал, закон, статья, идеал, император, интеллигент, кадрили, календарь, колония, автономия, лекция, манжет, массаж, миллион, оригинальный, пассажир, полицейский, пьеса, портмоне, ресторан, социаллардай, студент, фамилия, фантазия, художник, цензурлык, шарф, шкаф, шпирит, скрипка* и т.д.

Язык произведений Ф.Амирхана, Г.Камала, Ш.Камала, Г.Кулахметова, Г.Ибрагимова стали основой современного татарского литературного языка. Г.Ибрагимов был не только выдающимся писателем, но и проводил серьезные научные исследования по истории, общественно-политической мысли, литературоведению и языкознанию. В 1911 году он издал две книги «Татар сарыфы» (Татарская морфология) и «Татар нәхүе» (Татарский синтаксис), которые стали образцами составления грамматических трудов по татарскому языку. Кроме того, он упорно работал, по его же словам, над облегчением литературного языка (*эдәби телне жиңеләйтү*), особенно над облегчением его научного стиля, стиля бумажных документов, которые были не очень понятными народу. В своих произведениях Г.Ибрагимов ставил целью повысить общенародный язык до уровня литературного языка, а в своих научных лингвистических трудах старался заменять непонятные народу слова, особенно непонятные термины понятными.

В сентябре 1924 года Г.Ибрагимов в клубе журналистов Казани ознакомил литераторов и работников прессы со своими тезисами по облегчению литературных норм языка. В основе этих тезисов лежали принципы обогащения и облегчения татарских терминов, принятых на заседании терминологической комиссии при наркомпросе Татарстана (Закиев 1987: 350-351).

Как совершенно правильно отметил Ф.С.Фасеев, решающее значение в формировании литературного языка и его общественно-политической терминологии в этот период имело три фактора: 1) творчество классиков татарской литературы; 2) многочисленная демократическая печать, возникшая, главным образом, после революции 1905 г.; 3) переводы социал-демократической литературы, листовок, печатаемые Казанской организацией РСДРП с 1903 г. и в особенности – издание первой татарской большевистской газеты «Урал» (1907 г.).

Основным источником новых понятий становится русская общественно-политическая терминология с общеевропейским фондом терминов: *дума, государственный совет, партия, министр, социал-демократ, социализм, коммунизм, диктатура* и др. Также широко употребляется для выражения новых терминологических понятий слова, заимствованные из арабского и персидского языков: *сыйныф* – класс, *шура* – совет, *иттифак* – союз, *саясәт* – политика, *хакимият* – власть, *инкыйлаб* – революция, *икътисад* – экономика, *сәрмая* – основной капитал, *сәркатиб* – секретарь и др. Все больше и больше используются слова народного языка, за которыми постепенно признается право на литературность: *кәрәш* – борьба, *тормыш* – жизнь, *иптәш* – товарищ, *эиче* – рабочий, *игенче* – крестьянин, *ирек* – свобода, воля, *юксыл* – пролетариат и др. (Фасеев 1961: 20-21).

Таким образом, первый период развития татарской терминологии начинается с терминологических работ К.Насырова и продолжается до конца 10-х годов XX века, т.е. до образования Татарской республики в 1920 году. Именно в этот период были положены современные основы татарской терминологии. Но пока о принципах ее развития никаких руководящих документов не было разработано.

Развитие татарской терминологии в 1920–1930 годах. 27 мая 1920 года в составе РСФСР была организована Татарская республика. С этого времени начинается второй и очень короткий настоящий демократический период развития татарского литературного языка и его терминологии. Основной особенностью этого периода является то, что появляется возможность решать вопросы сохранения и развития татарской нации, ее языка, следовательно, и терминологии на государственном уровне.

Для нас очень важно отметить, что в 1920 году в наркомате просвещения ТАССР начинает работать Г.Ибрагимов. Надо думать, что и по его инициативе в составе этого наркомата в 1921 году создается академический центр, целью которого была организация исследований по истории, просвещению и культуре татарского народа. В составе научной коллегии наркомпроса силами научного общества татароведения академцентра была создана центральная терминологическая комиссия, которая разработала принципы и инструкции создания, применения и развития татарских терминов.

На основе этих принципов и инструкций начинают создаваться новые научные термины. К концу 20-х годов комиссия рекомендовала более 15 тыс. новых или обновленных терминов, которые вошли в терминологические словари по многим научным направлениям. Эти словари, в основном двуязычные, начиная с 1925 года, издавались почти ежегодно. Перечислим их и здесь.

Шарафутдинов С. «Сәяси лөгәт» (Политический словарь, 1925);

Его же. «Математика атамалары» (Названия (Термины ?) математики, 1927);

Максутов Х. «Фәнни камус – русча, татарча һәм төркічә фәнни мәжмугалар буенча тәгъриф кылынган фәнни, әдәби вә сәнагый ихтиляслар камусы» (Научный словарь – словарь научных, литературных и искусствоведческих терминов, встречающихся в русских, арабских и тюркских научных сборниках, 1927);

Его же. «Физика атамалары» (Названия (Термины ?) физики, 1927);

Его же. «РСФСР кодексларында очрый торган атамалар лөгәтнамәсе» (Словарик названий (терминов ?), встречающихся в кодексах РСФСР, 1927);

М.Гали «Газета укучыларның кесә сүзлегә» (Карманный словарь для читающих газеты, 1928);

Его же. «Русча-татарча атамалар сүзлегә: физика, математика, астрономия буенча» (Русско-татарский словарь терминов физики, математики, астрономии, 1931);

Его же. «Русча, латинча һәм татарча атамалар сүзлегә: кеше морфологиясе, анатомия, гистология» (Русско-латинский и татарский словарь названий (терминов ?): морфология человека, анатомия и гистология, 1931);

Его же. «Авыл хужалыгы һәм урманчылык атамалары» (Названия (Термины ?) сельского хозяйства и лесничества, 1931);

Валитов Г. «Химия атамалары» (Названия химические, Термины химии, 1931).

Подобные словари предварительно обсуждались на заседании терминологической комиссии и после ее одобрения рекомендовались для издания. Такие работы организовывались председателем

академцентра Г.Ибрагимовым и председателем комиссии научной терминологии, одновременно и председателем научного общества татароведения Гаязом Максуди.

Как правильно рассуждает Ф.С.Фасеев, именно после образования Татарской республики начинается движение татарских прогрессивных ученых и писателей против так называемых **гарәпчеләр (гарәпчелек)** – арабистов (арабизма). «Представители этого течения стремились даже вместо существующих или легко образуемых татарских слов и терминов употреблять арабские слова: *мәркәз* вм. *үзәк* – центр, *нәбатат* вм. *үсемлек* – растение, *бәшәрия* вм. *кешелек* – человечество и т.п. Особенно резко выступали они против заимствования интернациональных терминов и советизмов, которые передавали неизменно арабскими словами: *инкыйлаб* – революция, *шура* – совет; и международных научных терминов: *рыззят* – математика, *гыйльме һәйәт* – астрономия, *вазаифель-әгъза* – физиология, *гыйльме рух* – психология и др.» (Фасеев 1961: 22).

Среди интеллигенции появились деятели, которые вели борьбу против так называемых татаристов – *татарчылар, татарчылык*, которые были настоящими пуристами. Татаристы стремились заменять все заимствованные слова, даже уже усвоенные, старотатарскими: *урпак* вм. *фамилия*, *бетү* вм. *документ*, *язгын* вм. *секретарь*, *узман* вм. *мөдир-заведующий*, *нардуган* вм. *кичә* – литературный вечер. Эти пуристы стремились ограничить источники татарской терминологии лишь национальными рамками, закрывая доступ заимствованиям и изгоняя все усвоенные.

Чуть позже появились интеллигенты, которые были сторонниками русизма (*русчылык, русчылар*). Они в борьбе против арабистов и татаристов игнорировали возможности самого татарского языка в обогащении национальной терминологии. Русисты требовали введения в татарский язык таких терминов, как *отношение* вм. *мөнәсәбәт*, *общество* вм. *җәмгыять*, *положительный* вм. *уңай*, *экономика* вм. *икътисад*.

Среди интеллигенции и писателей появились и сторонники увеличения в составе татарской терминологии латинских и греческих по происхождению слов.

Развитие татарской терминологии на народной основе, официально начатое после образования Татарской республики в 1920 году, продолжалось до середины 30-х годов XX века. В 1930 году наступил третий период развития и сохранения национальных языков и их терминологий.

Развитие татарской терминологии в 1931–1990 годах. Третий период развития татарской терминологии характеризуется тем, что основной задачей идеологической борьбы стало стремление к созданию единого советского народа в перспективе с одним языком и с единой коммунистической культурой.

Как известно, в июле 1930 года состоялся шестнадцатый съезд ВКП(б), который стал съездом развернутого наступления социализма по всему фронту. По национальной стратегии Сталиным было заявлено, что страна приступает к созданию единого советского народа.

В Татарстане (не в 1937–38 годах, а) уже в 30-х годах XX века начались сталинские репрессии. Репрессировались деятели национальной интеллигенции, ведущие пропаганду и конкретную работу по сохранению и развитию своей нации, которые игнорировали политику образования единого советского народа.

В обстановке сталинских репрессий татарские деятели боялись заниматься проблемами развития татарской терминологии, старались показать себя сторонниками образования единого советского народа с одним языком и единой культурой. Поэтому в этот период в развитии татарской терминологии одержали победу русисты.

В период Великой Отечественной войны руководители коммунистической партии вынуждены были признать необходимость развития и нерусских наций, ибо эти народы нужны были для победы в Великой Отечественной войне. Во время войны народы почувствовали послабление сталинского режима. Именно такое послабление дало возможность государственной терминологической комиссии 8 июня 1943 года утвердить государственный документ «Татар әдәби теле терминологиясендә төп принциплар» (Основные принципы терминологии татарского литературного языка). Эти принципы были написаны известным татарским лингвистом Шигапом Рамазановым путем обогащения принципов, которые первоначально обсуждались в терминологической комиссии Академцентра Татнаркомпроса еще в первые годы существования татарской государственности.

Основные принципы терминологии татарского литературного языка опубликованы в книге Ш.Рамазанова «Татар теле буенча очерклар» (Очерки по татарскому языку) (Рамазанов 1954: 133-145).

По наблюдениям специалистов, в содержании и терминологических словарей, и терминологических исследований того времени оставили свои отпечатки и сталинский режим, и его

послабление во время Великой Отечественной войны. Это наблюдается, в частности, в терминологических словарях того периода. Перечислим эти словари.

Г.Дистанов. «Химия терминнары: русча-татарча сүзлек» Г.Камай редакциясендә, 1934 – 188 б.; Второе издание в 1978 г.

Коллектив. «Табигыять һәм биология терминнары» (Термины естествознания и биологии, 1938 – 123 б.

Х.Халиков и др. «Элементар математика терминнары жыентыгы» (Сборник терминов элементарной математики, 1935);

Его же. «Русча-татарча авыл хужалыгы терминнары сүзлеге» (Русско-татарский словарь терминов сельского хозяйства, 1939);

М.Галиев, Х.Мөштәри, Х.Хәснүллин «Физика һәм метеорология терминнары» (Термины физики и метеорологии, 1939);

К.Кадыров и др. «Русча-татарча авыл хужалыгы терминнары сүзлеге» (Русско-татарский словарь терминов сельского хозяйства, 1939);

Ф.Махианов, Г.Шәфиев, Г.Нугайбәк «Политик-экономик терминнар» (Политико-экономические термины, 1941);

И.Алексеев, Х.Халиков «Русча-татарча математик терминнар сүзлеге» (Русско-татарский словарь математических терминов, 1949);

М.Галиев «Русча-татарча физика һәм геофизика терминнары сүзлеге» (Русско-татарский словарь физических и геофизических терминов, 1949);

Г.Әхмәтов, М.Гыймадиев «Русча-татарча авыл хужалыгы терминнары сүзлеге» (Русско-татарский словарь терминов сельского хозяйства, 1950);

В.Горохов, Х.Касыймов, В.Хангильдин «Русча-татарча психология һәм педагогика терминнары сүзлеге» (Русско-татарский словарь терминов психологии и педагогики, 1950).

В 1950 годы состоялась шумная дискуссия по вопросам языкознания по статье Сталина. После чего проводились совещания и конференции по всем вопросам языкознания. Статью Сталина должны были изучать все языковеды, принимающие участие в составлении словарей и научных лингвистических трудов.

Надо полагать, что следующие терминологические словари в какой-то степени испытывали влияние этих лингвистических дискуссий, в основу которых была положена сталинская идея о создании единого советского народа.

З.Дусаев «Русча-татарча география сүзлеге» (Русско-татарский географический словарь, 1953);

В редакции Р.Шакировой «Тел белеме буенча терминнар һәм әйтелмәләр сүзлеге» (Словарь терминов и выражений по языкознанию, 1953);

Н.Гыйззәтуллин «Әдәбият белеме сүзлеге» (Словарь литературоведения, 1957) (Сафиуллина 1999: 203-204).

Вышеназванные словари найдены и изучены проф. Ф.С.Сафиуллиной. Кроме них составлялись и активно издавались терминологические словари в 60–80-х годах XX века. Например:

А.К.Тимергалин, М.Галиев «Русча-татарча техника терминнары сүзлеге» (Русско-татарский словарь технических терминов, 1963);

В.З.Закиров, З.Г.Мортазин «Русча-татарча математик терминнар сүзлеге» (Русско-татарский словарь математических терминов, 1970);

А.К.Тимергалин, Г.Г.Ахметов, Ш.Г.Садыков «Русча-татарча авыл хужалыгы терминнары сүзлеге» (Русско-татарский словарь терминов сельского хозяйства, 1971);

Р.Г.Минибаев, И.Ш.Макалеев «Русча-татарча биология терминнары сүзлеге» (Русско-татарский словарь терминов биологии, 1972);

Галиев Махмуд «Русча-татарча физика терминнары сүзлеге» (Русско-татарский словарь терминов физики, 1972);

М.Г.Галиев, А.К.Тимергалин «Русча-татарча астрономия терминнары сүзлеге» (Русско-татарский словарь терминов астрономии, 1974);

«Русско-татарский словарь (юридических) терминов» // РСФСРның жинаять-процессуаль кодексы. – Казань, 1975. – С. 239–244.

Г.Дистанов «Русча-татарча химия терминнары сүзлеге» (Русско-татарский словарь терминов химии, 1978);

М.Галиев, А.К.Тимергалин «Русча-татарча физика терминнары сүзлеге» (Русско-татарский словарь терминов физики, 1981);

Ф.Г.Ситдиков, Н.А.Бакиева, Щ.Х.Гарифуллин, И.Ш.Макалеев, Р.Ф.Файзрахманова «Русча-татарча биология терминнары сүзлеге» (Русско-татарский словарь терминов биологии, 1985);

Ш.С.Ханбикова, Я.И.Ханбиков «Русча-татарча педагогика һәм психология терминнары сүзлеге» (Русско-татарский словарь терминов педагогики и психологии, 1985);

А.Әхмәдуллин «Әдәбият белеме сүзлеге» (Словарь литературоведения, 1990).

Таким образом, до появления закона о языках в Татарстане было издано более 30 словарей терминов по 20-и научным направлениям. Из них по физике и по сельскому хозяйству опубликовано 4 словаря, по математике – 3, по биологии – 2, по литературоведению – 2, по педагогике и психологии – 2 словаря. Были изданы терминологические словари по 20-и научным направлениям: анатомии, астрономии, биологии, географии, геофизике, гистологии, искусствоведению, лесному хозяйству, литературоведению, математике, метеорологии, политологии, политэкономии, сельскому хозяйству, технике, физике, химии, юриспруденции и языкознанию. Лексикологические и терминологические исследования в этот период проводились Ш.Рамазановым (Рамазанов 1954) и К.Сабириным (Сабиринов 1969: 52-80). Этапной научно-исследовательской работой по татарской терминологии является кандидатская диссертация Ф.С.Фасеева «Способы образования терминов в татарском литературном языке», защищенная в Москве в институте языкознания АН СССР в 1961 году.

Здесь мы не намерены привести анализ этих исследований. Ограничимся изложением принципов, принятых государственной терминологической комиссией 8 июня 1943 года в семи пунктах, а также инструкций по работе над терминологией, принятых госкомиссией 9 октября того же года в одиннадцати пунктах. Они изложены на татарском языке.

Ф.С.Фасеев в своей диссертационной работе подверг их критическому анализу и изложил на русском языке. Мы решили привести их полностью (Фасеев 1961: 25-28).

1. Создание терминологии на татарском языке ставит себе целью дать татарским народным массам возможность овладеть достижениями науки, техники и культуры на их родном языке, как наиболее близком, легком и понятном для них средстве общения, познания и создания культуры, национальной по форме, социалистической по содержанию.

2. Поэтому основным источником татарской терминологии являются богатства самого родного языка.

3. Заимствования из иных языков возможно, главным образом, при отсутствии адекватных слов в самом татарском языке и при невозможности создать их средствами словообразования.

4. При необходимости заимствования, как правило, надо обращаться к тому языку, из которого заимствуется данное понятие. Такими языками могут быть только русский литературный язык и языки народов СССР. Другие языки, например, арабский, персидский, турецкий не являются источником заимствования терминов для современного татарского. Во всяком случае, за последние 20–30 лет в татарском языке не зарегистрировано ни одного примера заимствования какого-либо термина из этих языков.

5. Из русского языка заимствуются: а) так называемые советизмы (*совет, союз, совхоз, колхоз, ударник, РТС*); б) ряд военных терминов (*полк, полковник, пулемет*); в) специфические русские термины и номенклатура, относящиеся к русской истории, государственности и быту (*вече, дума, князь, дружина, губерна, uez – уезд* и т. п.).

6. Через русский язык заимствуются: интернациональные общественно-политические термины – *социализм, коммунист* и т.п., международные общественные и научно-технические термины – *теория, практика, конституция, метод, кибернетика* и т.п.

7. Простые иностранные слова почти не заимствуются (*анонс → тиз көндә, дефект → кимчелек, эффект → нәтижә* и др.), ибо при наличии соответствующих слов в татарском языке они лишь засоряют язык.

8. Обыкновенная русская национальная терминология, как правило, не заимствуется. Она обозначает те понятия, которые передаются на каждом языке своей национальной лексикой: языкознание – *тел белеме*; млекопитающие – *имезучеләр*; здравоохранение – *сәламәтлек саклау*.

9. В некоторых случаях, при отсутствии подходящих слов в татарском и русском литературном языке, особенно при составлении сельскохозяйственной, ботанической, зоологической, геологической, астрономической и т.п. терминологий можно обращаться к лексическим богатствам близкородственных тюркских языков (башкирского, казахского, каракалпакского, узбекского, азербайджанского и др.).

10. Новые заимствования подчиняются грамматическому строю татарского языка, а старые и фонетическому строю; рационализация – *рационаллаштыру*, политический – *политик*, министерство

– министрлык, кукуруза – кукуруз, уезд – uez, губерния – губерна, кровать – карават, цифра – цифр, ряд – рэт и т.п.

11. Заимствованные термины употребляются в татарском литературном языке лишь в узком терминологическом значении, а не во всех лексических значениях, которые они имели в языке источника. Например: *край* – 1. только в администр. знач. «край», *Алтай крае*; 2. як, *өлкә*; *туган өлкәне (якны) өйрәнү* изучение родного края. *Абзац* – 1. только в знач. части текста «абзац»; 2. (В знач. красной строки) *кызыл юл, яңа юл*.

12. Термины, как элементы литературного языка, должны подчиняться нормам литературного языка и словоупотребления.

13. Создаваемые термины должны быть как можно более краткими³, меткими и удобными для употребления в тексте. Поэтому возможно изменение некоторых терминов по требованию контекста: развитие → *үсеш/ үсү/ үсү – үзгәрү/үсеш – үзгәреш, алга китеш – алга китү* и т. п.

На эти принципы и инструкции, обсужденные и принятые во время Великой Отечественной войны, после войны уже не предавали первостепенного значения, так как в идеологии компартии господствовала идея создания единого советского народа с одним языком и единой культурой, которая была выдвинута еще в 30-х годах, т.е. до войны. Эта идея продолжала господствовать до конца 1985 года, когда партконференция повернула идею создания единого советского народа на 180 градусов и объявила, что в дальнейшем стратегией партийной идеологии станет сохранение и развитие и нерусских наций, их культуры и языка. Таким образом, начался следующий этап развития татарской терминологии.

Развитие татарской терминологии после 90-х годов XX в. и в XXI веке. В 1989-90 годах в Союзных республиках, а после 1990 года в Автономных республиках приняли законы о языках и государственные программы по сохранению, изучению и развитию национальных языков.

1991 году произошел развал СССР, все Союзные республики стали самостоятельными государствами, которые свои языковые и терминологические проблемы начали решать самостоятельно вне зависимости от Российской Федерации. 30 августа 1990 г. второй сессией Верховного Совета Татарстана была принята «Декларация о государственном суверенитете Татарской ССР, по которой ТАССР преобразуется в ТССР – Республику Татарстан и гарантируется равноправное функционирование татарского и русского языков в качестве государственных, сохранение и развитие языков других национальностей. На основе этих положений «Декларации» 8 июля 1992 года был принят Закон РТ «О языках народов РТ» и в 1994 году «Государственная программа РТ по сохранению, изучению и развитию языков народов РТ». По истечении 10 лет, в 2004 году Закон был обновлен и принят еще на 10 лет. Название этого закона «Закон Республики Татарстан о государственных языках РТ и других языках в РТ». В том же 2004 году была утверждена «Государственная программа РТ по сохранению, изучению и развитию государственных языков РТ и других языков в РТ на 2004-2013 годы».

2013 году Кабинетом министров РТ был обновлен Закон и принята новая Государственная программа РТ по сохранению, изучению и развитию государственных языков РТ и других языков в РТ на 2014-2023 годы».

Как известно, по Закону РТ государственными языками РТ признаны равноправные русский и татарский языки. Поэтому на сохранение, изучение и развитие русского языка в РТ придается особое значение.

В госпрограмме после введения излагается содержание программы, затем основные цели и задачи, которые состоят из трех направлений: 1) сохранение и развитие татарского языка, 2) сохранение и развитие русского языка, 3) сохранение и развитие татарского языка за пределами РТ.

К механизмам реализации программы или к структуре мероприятий относятся: 1) нормативно-правовое обеспечение, 2) организационно-структурное обеспечение, 3) координация и организация научных исследований, 4) система образования, 5) национально-языковая среда семьи, 6) институт общественного мнения, 7) ресурсное обеспечение.

Мероприятия по реализации госпрограммы РТ по сохранению, изучению и развитию гос. языков РТ и других языков в РТ на 2004-2013 годы состоят из конкретных мероприятий, относящихся к вышеназванным семи механизмам, к которым присоединены еще мероприятия: 8)

³Вотнoшении краткости термина не может быть механического *подхода*. Это зависит от особенностей языка, например, русский однословный термин в татарском языке может выражаться сочетанием 2-3 слов и наоборот: словосочетание – сүз тезмәсе, имя существительное – исем, каменный уголь – ташкүмер, столица – башкала и т.д.

сохранение и развитие языков представителей других народов, проживающих в РТ, 9) сохранение и развитие татарского языка за пределами РТ.

При реализации госпрограммы сохранения, изучения и развития русского и татарского языков обращается внимание и на совершенствование татарской терминологии.

Сразу же после принятия первого варианта Закона РТ о языках в 1992 году при Кабинете Министров РТ под председательством премьер-министра был создан комитет по реализации законодательства РТ о языках. Этот комитет функционирует до наших дней, т.е. в течение 21 года. Он несколько раз слушал вопрос о разработке терминологических проблем в татарском языке. Было обращено внимание на изучение состояния терминологии по всем научным направлениям и на составление русско-татарских терминологических словарей. Это было связано с тем, что все школьные предметы в татарских школах преподавались на татарском языке.

Кроме всего этого, началось преподавание и вузовских предметов на татарском языке. Началась очень трудоемкая работа по составлению вузовских учебников на татарском языке не только по гуманитарным, но и естественно – научным, техническим, физико-математическим, химическим, географическим и др. наукам. Необходимо отметить, что терминологические словари составлялись не только языковедами, но и представителями самой науки.

Так, проф. архитектурно-строительного института Шакир Рашит опубликовал русско-татарский словарь терминов строительства, на татарском он называется “Русча-татарча төзелеш атамалары сүзлеге” (1992, 518 с.).

Доцент Казанского гуманитарно-педагогического института Г.М.Мустафина в 1993 году опубликовала «Краткий русско-татарский словарь исторических терминов». Надо признать, что в татарском языке исторические термины впервые на высоком уровне изучены именно Г.М.Мустафиной.

В 1994 году был опубликован «Краткий русско-татарский толковый словарь медицинских терминов с эквивалентами на английском, французском и латинском языках» (200 с.). Проблемы татарской медицинской терминологии впервые разработаны в сравнении с другими языками специалистом-медиком, что имеет особо важное значение для раскрытия значений каждого медицинского термина. Этот словарь основательно переработан и опубликован в 2003 г. под названием «2 Медицинский русско-татарский толковый словарь». Составители член-корр. АН РТ доктор меднаук М.М.Гимадеев, член-корр. Рос.акад. меднаук, доктор меднаук Н.Х.Амиров, доктор меднаук К.Ш.Зыятдинов. Словарь содержит около 33 тысяч слов.

Проф. И.М.Низамов скрупулезно собрал общественно-политические термины татарского языка, составил и издал «Краткий русско-татарский общественно политический словарь» (1995, 189 с.).

И.Т.Алмазова, специалист по музыке, совместно с лингвистом Д.Б.Рамазановой составил и издал первый в истории «Русско-татарский словарь музыкальных терминов» (1995, 124 с.).

К.Ф.Амиров, прокурор Республики Татарстан, профессор, в 1996 году опубликовал «Русско-татарский юридический словарь» (104 с.).

Ученые биологи А.Б.Халидов и А.С.Казанцева в 1996 году издали «Русско-татарский и татаро-русский словарь биологических терминов» (112 с.).

Ученые физики Г.Ю.Даутов, Д.Г.Галимов, З.М.Вагыйзов в 1996 году составили и опубликовали «Русча-татарча һәм татарча-русча физика терминнары сүзлеге» (Русско-татарский и татаро-русский словарь физических терминов. – 200 с.).

В 1996 году в издательстве Казанского финансово-экономического института опубликовали книгу «Финансово-экономические и юридические термины». 224 с. Составители: К.М.Гарифуллин, Н.Г.Гарифуллин, А.М.Ганеев, Ф.С. Зиятдинов, З.А. Ахметьянова, Р.А.Бурганова, М.Х.Ханнанов.

Профессор архитектурно-строительного института, лингвист В.И.Кафиятуллина издала два словаря «Англо-татарско-русский учебный словарь общестроительной лексики. – Вып. 1., 1996, 82 с.; «Немецко-татарско-русский учебный словарь общестроительной лексики» – Вып. 2., 1996, 90 с.

На разработку проблем татарской терминологии правительство Республики Татарстан придает особо важное значение. Так, Государственный Совет и Кабинет Министров РТ совместно с Институтом языка, литературы и искусства Академии наук РТ при участии ученых, журналистов и переводчиков провели в декабре 1996 года научно-практическую конференцию «Проблемы совершенствования терминологии татарского языка». «Конференция признала целесообразным издание русско-татарского словаря, включающего широко употребительные в современной печати общественно-политические термины, слова и выражения.

Комитет по реализации Закона РТ «О языках народов РТ» считает удовлетворительными приведенные в данном словаре переводы на татарский язык русских терминов, слов и выражений и рекомендует их для использования всем предприятиям, организациям и учреждениям, где применяется татарский язык. Подпись: Председатель Комитета по реализации Закона РТ «О языках народов РТ» при Кабинете Министров РТ, Премьер-министр Республики Татарстан Ф.Х.Мухметшин.

Необходимо сказать, в подготовке этой научно-практической конференции и материалов для обсуждения приходилось принимать непосредственное участие и мне (Закиеву М.З.) как директору Института языка, литературы и искусства и как заместителю Председателя Комитета по реализации Закона РТ «О языках народов РТ» при Кабинете Министров РТ.

«Русско-татарский общественно-политический словарь» в целях рекомендации для использования всем предприятиям, организациям и учреждениям, где применяется татарский язык, был составлен Ф.А.Ганиевым, И.М.Низамовым, Ф.Г.Тархановой, Н.Г.Хайруллиной под руководством тогдашнего заместителя Председателя Госсовета РТ Р.М.Харисова.

В составлении словаря оказывали компьютерную помощь К.Р.Галиуллин и Дж.Ш.Сулейманов. Ответственным за выпуск был К.М.Миннуллин. Словарь опубликован в Казани в 1997 году. – 227 с., тираж 5000 экз.

«В этом русско-татарском словаре представлены широкоупотребительные в современном татарском языке термины, слова и выражения, которые включены в словарь в связи с особенностями перевода. У многозначных слов приведены лишь распространенные значения. Слово, приведенное первым в переводной части словаря, считается более целесообразным для употребления» (Русско-тат. общ.-полит. словарь 1997: 127).

После тщательного обсуждения проблем татарской общественно-политической терминологии авторы различных терминологических словарей стали обращать внимание на степень употребительности терминов. Это мы наблюдаем в следующих терминологических словарях.

Ф.С.Сафиуллина «Татарча-русча тел белеме терминнары сүзлеге» (Татарско-русский словарь языковедческих терминов. – 1998, 127 с.).

Ф.М.Газизова «Русча-татарча икътисад атамалары сүзлеге» (Русско-татарский словарь экономических терминов. – 1999, 448 с.).

Халил Салимов «Тел гыйлеме терминнары сүзлеге» (Словарь языковедческих терминов. 2005, 141 с.).

А.К.Юлдашев, А.З.Афлетунов, А.Х.Джумагулов, Р.Г.Нуруллин «Русча-татарча техник терминнар сүзлеге» (Русско-татарский словарь технических терминов. – 2000, 254 с.).

И.А.Алмазова, Д.Б.Рамазанова «Музыкаль сүзлек» (Музыкальный словарь. – 2007, 272 с.).

Д.Ф.Загидуллина, В.Р.Аминова, М.И.Ибрагимов, Н.М.Юсупов, А.М.Закирзянов, Т.Ш.Гилязов, Г.Р.Гайнуллина «Әдәбият белеме. Терминнар һәм төшенчәләр» (Литературоведение. Термины и значения. – 2007, 23 с.)

В последние годы татарские терминологические словари составляются с **толкованием** их значений. Готовят их вузовские профессора и доценты по своим предметам. Ознакомимся их авторами и названиями.

Р.С.Сайфуллин, Г.Г.Хисамеев «Физика, химия һәм химия технологиясе буенча русча-татарча-инглизчә аңлатмалы сүзлек» (Русско-татарско-английский толковый словарь по физике, химии и химической технологии. –1996. 270 с.).

Под редакцией Ф.Г.Ситдикова и Р.К.Закиева опубликован словарь «Биологиядән русча-татарча аңлатмалы сүзлек» (Русско- татарский толковый словарь по биологии. 1998. – 654 с.).

Под редакцией М.М.Гимадиева «Медицинадан татарча-русча аңлатмалы сүзлек» (Татарско-русский толковый словарь по медицине. – 2003. 560 с.).

Под редакцией И.А.Гайсина «Агрохимия һәм туфрақ белеме терминнарының русча-татарча аңлатмалы сүзлеге» (Русско-татарский толковый словарь терминов агрохимии и почвоведения. – 2003. 136 с.).

Под редакцией Г.Хисамеева «Химиядән русча-татарча аңлатмалы сүзлек (Русско-татарский толковый словарь. 2004, 344 с.).

Под редакцией Ф.Г.Набиева «Ветеринария медицинасы терминнарының русча-татарча аңлатмалы сүзлеге» (Русско-татарский толковый словарь терминов ветеринарной медицины. 2004, 364 с.).

Дж.Сулейманов, А.Галимзянов, М.Валиев. «Информатика һәм мәгълүмат технологияләре терминнары (Термины информатики и технологии массовой коммуникации. 2006, 384 с.).

В том же 2006 году в КФЭИ был опубликован «Толковый словарь по менеджменту», который содержит 325 статей. В словаре термины даны на трех языках: английском, русском и татарском. Составители: Н.К. Гарифуллин, А.М. Ганиев, Н.Г. Хайруллин.

Таким образом, под влиянием идей сохранения и развития национальных языков, которая усилилась в результате принятия Закона РТ «О языках народов РТ», возрос интерес к составлению более полных словарей терминов татарского языка. Если раньше составлялись в основном русско-татарские словари, то новые обстоятельства требовали составления и татарско-русских терминологических словарей. Положительно надо оценить и то, что появились толковые терминологические словари.

В результате принятия Закона РТ «О языках народов РТ» Институт языка, литературы и истории проявил инициативу составления словарей-минимумов для тружеников всех отраслей народного хозяйства. Словари-минимумы состояли не только из терминов, в них авторы старались уточнять, в какой области жизни какие слова применяются активно. Словари-минимумы состояли из активно применяемых слов. Определенную часть этих словарей-минимумов составляли термины, относящиеся к данной области человеческой деятельности. Эти словари-минимумы составлялись в виде русско-татарских словарей. Так, Ф.С. Баязитова опубликовала русско-татарский словарь активно применяемых слов и терминов среди работников ЗАГСов (1994, 72 с.). Р. Шамсутдинова опубликовала такой же русско-татарский словарь активно применяемых слов в области здравоохранения, издала в 1995 году (77 с.). Д.Б. Рамазанова подготовила словарь для работников культуры (1995, 165 с.), Т.Х. Хайрутдинова – для работников общественного питания (1995, 88 с.), Ф.Ф. Гаффарова, З.Р. Садыкова – для работников сельского хозяйства (1995, 191 с.), М.Г. Мухамадиев – для работников лесного хозяйства (1995, 56 с.), Р.Р. Абдуллина – для работников бытового обслуживания (1995, 88 с.), Д.Б. Рамазанова, Ф.И. Тагирова – для работников транспорта, М.Б. Газизов, Р.З. Фахрутдинов – для работников нефтяной промышленности (1996, 126 с.), Р.Т. Гатауллина – для работников связи (1996, 36 с.), Р.А. Ахметьянов, Р.А. Шакирзянов – для строителей (1996, 144 с.), Р.И. Халиуллин, Н.Ш. Мифтахова – для работников химической промышленности (1996, 126 с.), Д.Б. Рамазанова – для работников музыкальной культуры (1997, 88 с.), М.М. Гимадиев, А.И. Щековских – для работников охраны природы (1997, 154 с.), Ф.С. Сафиуллина, К.Р. Галиуллин – для работников просвещения (1997, 127 с.), Г.Г. Саберова – для работников лесного хозяйства (1997, 97 с.).

Составление словарей минимумов, как мы предполагали, обязательных для тружеников всех отраслей народного хозяйства, способствовало, во-первых, появлению новых терминов по каждому направлению, во-вторых, активизировало применение терминов на практике труженниками каждой отрасли народного хозяйства.

Заключение

Таким образом, в ходе реализации Закона РТ «О языках народов РТ» проводились классификация терминов по научным направлениям и накопление терминов по ним.

В результате принятия Закона РТ о языках и развертывания мероприятий по сохранению, изучению и развитию татарского языка претерпел изменения и состав научных терминов. В первую очередь, необходимо сказать, что вместо некоторых терминов, принятых из русского или западноевропейских языков, были возвращены термины, примененные еще до революции 1917 года, или до образования Татарской республики: *нәширият* вместо прежнего *издательство*, *мантыйк* вм. пр. *логика*, *мөхәррир* вм. пр. *редактор*, *мәдәният* вм. пр. *культура*, *рәссам* вм. пр. *художник*, *инкыйлаб* вм. пр. *революция*, *фәрман* вм. пр. *приказ*, *табиб* вм. пр. *врач*, *хакимият* вм. пр. *правительство*, *рәис* вм. пр. *председатель*, *сәясәт* вм. пр. *политика*, *хастаханә* вм. пр. *больница*, *шифаханә* вм. пр. *санаторий* и др.

В связи с активизацией применения татарского языка в создании или переводе на татарский язык научной литературы интенсивно пополнялся терминологический фонд: образовывались новые термины по существующим моделям. Расширению терминологического фонда особенно способствовало начало преподавания даже научно-технических и естественно-научных предметов в вузах, расположенных на территории РТ, на татарском языке. В связи с этим профессора вузов в Татарстане писали и издавали вузовские учебники на татарском языке. Они же составляли новые терминологические словари с толкованием их на татарском языке.

Но в начале XXI века все это было приостановлено. А позже, особенно с 2013 года, реализация законодательства РТ о языках значительно ослабло, больше внимания стали обращать на усиление мер активизации в Татарстане русского языка. Такое явление связано с тем, что русское

правительство в идеологической сфере начало принимать реальные меры по созданию единого русского народа.

Этот процесс совершается ускоренными темпами. Сейчас в национальных – нерусских школах учащиеся должны сдавать единый госэкзамен только на русском языке, что привело к резкому сокращению национальных школ. Поскольку лишь русский язык стал решающим в обеспечении будущей жизни детей, постольку родители-татары стараются устраивать своих детей в русские школы. А этот фактор отрицательно влияет на сохранение и развитие татарского языка, следовательно, и татарской терминологии.

В бывших Союзных республиках, которые стали самостоятельными государствами, такой угрозы исчезновения народа, его языка, не наблюдается. Проблемы сохранения, изучения и развития родных языков решаются естественными путями на уровне своих самостоятельных государств.

Список литературы

1. Абдуллин, И., Закиев М. (1975). Каюм Насыри – основоположник татарского национального литературного языка (к 150-летию со дня рождения) // Советская тюркология. –№3. – С.52-67.
2. Закиев, М.З. (1987). Ибраһимов – тел галиме (Г.Ибраһимов – ученый языковед) // Г.Ибраһимов. Әсәрләр. 8 т. – Казан. – С.335-360.
3. Рамазанов, Ш.А. (1954). Татар теле буенча очерклар. – Казан. – 200 б.
4. Русско-татарский общественно-политический словарь (1997). – Казань. – 128 с.
5. Сабиров, К.С. (1969). Лексикология // Современный татарский литературный язык. – М.: “Наука”. – С.52-80.
6. Сафиуллина, Ф.С. (1999). Хәзерге татар әдәби теле. Лексикология. Студентлар өчен . – Казан. – 288 с.
7. Фасеев, Ф.С. (1961). Способы образования терминов в татарском литературном языке: автореф. ... канд.филол.наук. – М. – 40 с.

ПРОПОЗИЦИЯ ЖӘНЕ ПРОПОЗИЦИОНАЛДЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ЕТІСТІКТЕРІ

А.Ж. ИМАНҒАЛИЕВА,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының магистранты.

Ғылыми жетекшісі: С.М. Аташев, филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы.

Атырау қаласы

Аннотация

Понятие пропозиции было тем самым изъято из сферы языка и непосредственно отнесено к атрибутам реально. В теории К. Льюиса была заострена идея отношения пропозиции к утверждению, наметившаяся еще у Г. Фреге, оригинально разработанная Айдукевичем и очень существенная, как будет видно, для всего последующего развития этого понятия.

Abstract

The concept of a proposition was thus removed from the sphere of language and directly related to the actual attributes. In the theory of C. Lewis was specified the idea of the relationship of the proposition to the statement, which was outlined in Frege's theory, originally developed by Ajdukiewicz, and very significant, as will be seen, for all the subsequent development of this concept.

Қазіргі логикада, ал, оның соңында лигнвистикада пропозиция түсінігіне көп жүгінеді. Түсініктің рөлін логикалық құрылымда талқылай келе, бұл термин аталған ұсыныс пен оның өзге тілдерге аудармасы немесе тіл ішіндегі қайталаулар арасындағы ортақтастықты білдіретін логикалық операцияларға қажетті кең ауқымдағы термин қатарына жатқызылғанын У.Куайн атап өткен болатын. Пропозицияға қажеттілік - өзге логикалық түсініктердің соған қатысты мәнін ашатын қандай да бір кілттік категория туралы сөз қозғалуының себебінен аса өткір сезілді,-деп жазады Куайн. Мысалы, мәнделес ұсыныстар пропозицияның ерекшелігімен анықталады.

Пропозиция туралы логиктердің қызығушылығының себептері қандай болмасын, маңызды ұсыныстар аумағына жататын және онда ерекше орын иеленетін бұл түсініктің тым әйгілі болғандығында екендігі анық. Осыған орай, пропозиция танымалдағымен қатар, оны талдаудың және оған берілген анықтаманың қатары да арта түседі.

Пропозицияның қысқаша логикалық негізгі тұжырымдарын, сондай-ақ, соңғы екі онжылдықта бұл түсінікті түбегейлі өзгерістерге ұшыратқан күштерді қарастырайық.

Логикалық көзқарас эволюциясының жалпы арнасында логикалық-философиялық мектептермен қатар пропозиция түсінігі сырттай өзгеріске түскеніне күмән жоқ.

Логиканың көптеген категорияларын талқылау әлемді зерттеу мен логикалық ойлаудың нысаны ретінде қарастыруға қатысты жалпы көзқарастың өзгеруімен байланысты екені даусыз: әлемнің моделі заттардың жиынтығы түрінде, яғни, әлемнің статистикалық аспектісіне қызығушылық (тұрмыс мәселелерін, заттардың тірлігін талқылауға сәйкес), адамның айтып және ойлап тұрғанының бәрін затқа айналдыруға негізделген жалпы нысанды бағыттан әлемді фактілердің жиынтығы туралы түсінікке ығысып орын берді (факті арқылы, фактілердің типтері мәселелері талқылауға сай, ал тілге қатыстылығында ұсыныстың ақиқаттығына байланысты болды).

А.Мейнонгтың объектілер теориясында әлемнің «заттық» тұжырымдамасына жауап беретін ерекше заттар типі ерекшеленген, атап айтқанда, таным объектілерінің (кең, ментальды) актілері (автор терминологиясында (объективтер). Мейнонгтың айтуынша, біздің көретініміз, зат, алайда, оның физикалық мәні, субстанциялары, затты құрайтын қасиеттері туралы талқылаймыз. Егер заттардың барлығын нақтыласақ, онда «объективке» «орны, орын алуы» деген терминді қолдану орынды. Мейнонгтың бұл идеясында «әлемнің логикалық атомдары» ретінде қарастырылатын қызығушылықтың «заттан» «фактіге» ауысуы көрініс табады [1]. Л.Витгенштейннің «Логикалық-философиялық трактатында» әлем туралы талқылау барынша айқын көрініс тапты. Ол осыған орай «1.Әлем - өзіндік орны бардың баршасы». 1.1.Әлем - заттардың емес, фактілердің жиынтығы. 1.11.Әлем – фактілермен және оның бәрі факті екендігімен анықталады» деп жазды. Сонымен қатар, лингвистикалық философияның кейінгі кездегі көрнекті өкілі З.Вендлердің «Адамның әлемі адамның қуа, заттардың әлемі емес, деректер мен мүмкіндіктердің әлемі» дегенін қараңыз [2]. Тіл, сөз және сөйлем секілді бірліктердің семантикалық типі арқылы шектеуде әлемнің динамикалық аспектісінің мәнін С.Д.Кацнельсон атап өтті: «Әлем – жекелеген заттар мен белгілердің жиынтығы, тек онда сөздік әдеп енгізу ғана қалған орасан жиынтық деген пікірлер, тіл құрылымының мәні жағынан алғанда дұрыс емес. Шын мәнінде, әлем – сөрелерінде сортталған заттар мен белгілер жататын зат қоймасы емес және сөздік – олардың инвентарлық тізімдемесі емес».

Әлемнің ондағы «іс жағдаяттары» бойынша «деректік» аспектісіне қызығушылық, логиктерді атаудың семантикалық моделін дайындаудан (заттың белгісі) сөйлемнің мәнін зерттеуге (түсіндірілетінді оқиғаның белгісі ретінде қарау) түрткі болды. Расында, орталық позициядан атауды шығарған сөйлемнің семантикалық құрылымына жіті назар аудару қазіргі логикалық семантиканың барлық негізгі жүйесін сипаттайды. Бұрын логиктердің арасында сөйлемнің оның құрамына кіретін сөздер мәнінің жиынтығындағы мәні туралы механизміндегі түсінік белең алса, енді сөйлем мәнінің қызметі емес, қазірде сөз мәні семантикалық дербес категория, мәнді атом ретінде қарастырылуда.

Кейінірек бұл идея Л. Витгенштейн арқылы категориялық формада көрініс тапты: «3.3 Тек сөйлемде ғана мән бар, тек сөйлем түрінде ғана атау мәнге ие»[3].

Логиктердің «әлем фактісіне» назар аударуын жалпы логикалық түсініктер семантизациясынан көруге болады.

Классикалық логика категориялары ең алдымен, ойлаудың типтері мен түрлеріне қатысты анықталғаны мәлім. Пропозиция немесе логикалық ойлауда нақты заттарды нақтылайтын немесе жоққа шығаратын белгі бір ойдың формасын білдіреді.

Осы мағынадағы «пропозиция» термині (ағыл.фр.proposition) оны тілдік түрдегі ойлауды білдіретін – лепті сөйлемге, кейінірек жалпы кез келген сөйлемге жатқызған лингвистер арқылы қабылданған. Ойлау түріндегі «пропозиция» тілдің барынша сан алуан түрлеріне ауыстырылған.

Символикалық логиканың классикалықтан өзгешелігі, олардың нақтылық категорияларына қатысты тікелей өз түсініктері арқылы, олардың бейнесін адамның санасында анықтауға ұмтылуында. Осының салдарынан пропозиция түсінігі жалпы тенденциядан біртіндеп ойлаудан әлемге, субъективті фактордан объективті факторға бұрылды. Ендігі жерде ол ойлаудың түріне емес, оның мазмұнына, сөйлемде көрініс тапқан нақты ойға қолданыла бастады. Пропозиция семантикалық қарқын ала отырып, бұдан кейін баяндалғанда көрініс тауып, субъективті модельді категориядан біртіндеп арыла бастады. Сөйтіп, оқиға туралы нақтылаудан немесе іс жағдаятынан құбылыстың өзіне қарай қадам басты.

Пропозиция анықтамасы сөйлемнің семантикалық теориясына тікелей тәуелді болды. Логикалық зерттеулер назарына сөйлемнің мәні түскенде, логиктер тарапынан қолданылатын семантика түсінігі және санаты сөйлемге ауысып отырды.

Сөйлемнің атаулы теориялары (яғни, негізіне атаудың қағидаттары жатқызылған теориялар) Г.Фреге еңбегінде алғаш көрініс тапты. Фреге атаудың семантикалық құрылым проблемасын айырма заңы және бір атаудың сол немесе басқа бір мәнде айырбастау мүмкіндігіне байланысты талқылай келе, атаудың семантикалық құрылымын мән (Sinn), немесе зат, денотация, немесе референция (Bedeutung) ұсыну тәсілі ретінде анықтады.

Бұдан соң Г.Фреге бұл модельді сөйлемнің мәніне қолданды. Фрегенің айтуынша, сөйлемде атаудағы секілді мән мен маңыз бар (денотация, референция).

Сөйлемнің мәні ретінде (Фреге тек лепті сөйлемдерді ғана қарастырған) олар арқылы берілген ойды есептеу керек; сөйлемнің денотациясы оның шынайы мәнін құрайды. Сонымен, сөйлемнің екі денотаты болуы мүмкін – ақиқат (әлемде бар) және жалған (шын мәнінде жоқ нәрсе). Ойдың мән ақиқаттығымен үндесуі сөйлемге семантика бере отырып, нақтылықты тануға жол ашады. Кез келген талқылау ой деңгейінен референция (мән) деңгейіне қадам жасалды деп санайды Фреге, яғни, кейбір мазмұнның ақиқат немесе жалғандығын нақтылаудың әксісі жасалды[4]. Пропозицияны коммуникативті модальдықтан ажырата отырып, Г.Фреге нақтылаудың белгісін енгізеді.

Егер терминологиялық нұсқаулықтардан бас тартсақ, онда тіл бірлігінің семантикалық моделі – Г.Фреге ұсынаған атау мен сөйлемдер – кейінгі барлық логикалық теорияның мәнінде жатыр. Сөйлемнің мәнінің түрлі тұжырымының ерекшелігін сондай-ақ, пропозиция анықтамасы ауытқитын шектерді айқын елестету үшін термин ретінде салыстырудың келесі сызбасын алайық:

Тіл бірліктері (сөз, сөйлем)	«Бірліктер» (заттар, оқиғалар)
1. Мән (коннотация, сигни)	3. Заттың белгілері/оқиға
2. Денотация (референция)	4. Заттар, оқиғалар

Семантикалық тұжырымның барлығы бірдей сызбаның 3 және 4 компонентін ажырата бермейді.

Пропозиция түсінігінің қазіргі заманғы логика үшін маңыздылығы, оның жаңа мәні қажеттілігі нақты көрінгенде Б.Рассел пропозицияны «сенім мазмұны» (content of belief) ретінде анықтауында болып отыр. Пропозиция, Расселдің айтуынша, біздің ақиқат немесе жалған деп ойлауымыз (what we believe, when we believe truly or falsely). Пропозиция түсінігін Рассел пропозициямен үндесуге қабілетті «пропозициялық қатынаспен» (propositional attitude) қарама-қарсы қояды. Сөйлемнің объективті мазмұнын субъективті компоненттен айырып, Рассел оны нақтылықпен, дерекпен тікелей байланыстырады. Ағылшын ойшылы мұнда әлем құрылымында біздің ақиқат немесе жалған туралы не, қандай қарекет ететінін түсінген болатын. Наполеонның Ватерлоо кезіндегі жеңіліс фактісі «Наполеон Ватерлоо кезінде жеңіліс тапты» пайымына ақиқаттық сипат беретін «әлемнің атрибуты». Осылайша, әлемнің динамикалық аспектісі уақыт категориясымен байланыстыратын заттардың өзіндік белгілерімен, атрибуттарымен құралады.

Расселдың пропозиция теориясының ерекшелігі төменде айтылатын тұжырымдар секілді ойлаудың түрлерін зерттеумен айналысатын классикалық логикадан бөлектігімен байланысты. Адамға өлім тән, мұнда пайым S болады P формасы тән, символикалық логика «істердің» күрделі жағдайын анықтайтын көп орынды предикаттар және өзі арқылы бірнеше пайымды жасыратын, оның арасынан біреуі ғана коммуникативті сәйкестікті иеленетін ұсыныспен шықты (Қыз ағасына алма берді - aRbc).

Рассел бойынша деректер күрделі бірліктер бола тұра, онда түрлі позицияны иеленетін, бірақ орын алмайтын конституенттермен ерекшеленеді. Салыстырыңыз. Наполеон Веллингтонды жек көреді және Сократ Платонды жақсы көреді.

Ең бастысы, Рассел бойынша пропозицияның белгілері - нақты фактімен кейбір балама құрылымы бар оның сөйлеудің өзекті фактісі болып табылатындығында.

Дегенмен, сөйлемнің ақиқаттығы оның нақты фактіге қатынасына тәуелді. Соңғысын Расселдің пікірінше, сөйлемнің маңызы деп санауға болмайды. Мұндай көзқарас жалған сөйлем мәнін анықтауда еңсерілмейтін қиындықтар туындатады еді. «Егер ашық күні мен жаңбыр жауып тұр десем, - дейді Рассел – бұл сөйлемнің мәнін іздеу күн көзі жарқырап тұрғанда орынды болар ма еді?»¹ Бұл жағдайда сөйлемнің денотациясы туралы айтуға келмейді, Өйткені, бұл оның атын өзіне лайықтандырап немесе дескрипция еді. Пропозицияның объективті фактіге қатынасын анықтау үшін Б.Рассел референция терминін қолданады.

Сонымен пропозиция Расселше аутальды фактіні құрайтын, белгілі бір синтаксистік құрылымға ие, шынайы мәнді көрсететін және пропозиция етістіктерімен қатысы бар бірлік.

Расселдің баяндалған көзқарастары пропозицияның негізгі белгілерін анықтап ғана берген жоқ, сонымен қатар, осы категорияға байланысты мәселелер белгілі болды.

Л.Витгенштейннің «Логикалық-философиялық трактатында» баяндалған пропозициялық белгі тұжырымдамасы (Satzzeichen) негізінен Б.Расселдің идеялармен сәйкес келеді. Өзінің құрылымымен атомдық деректерді қайталайтын сөйлемде әлемнің түрін немесе моделін көру арқылы Л. Витгенштейн пропозиция белгісінің әлемге қатыстығын атап өтті: «3.21.Пропозициялық белгіде қарапайым белгілердің жіктелуі заттардың орналасу объектісінің жіктелуіне сәйкес келеді». Сонымен қатар, Рассел Витгенштейнге қарағанда атаудың семантикалық қызметтері мен пропозициялық белгісінің қағидаттық белгілерін барынша анықтап берді. Оның келесідей афоризмдерін қараңыз: «Заттардың орналасуы суреттелуі мүмкін, бірақ аталмауы мүмкін (Атаулар нүктеге, сөйлем – бағыттамаға тән, оларда мән бар)», сондай-ақ: «3.221.Объектілерді мен тек атай аламын. Белгілер оларды алмастырады. Мен тек олар туралы айтып, оларды әңгімелей алмаймын. Сөйлем заттың қалай әрекет ететін көрсетеді.

Пропозиция идеясының әрі қарайғы дамуы сөйлемнің жалпы семантикалық моделінде осы түсініктің орнын және оның осы модельдің басқа компоненттерімен қарым қатынасын анықтау нақтылау жолымен жүрді. Әр автор пропозицияның қандай да бір аспектіне көңіл аударды.

А.Черч Г.Фреге идеясына жақын тұратын заманауи логиктер қатарынан. Ол «пропозиция» терминін Фреге қолданған ойдың субъективті қызметі ретінде емес, айтылатын тәуелсіз қайсыбір объективті мазмұн ретінде түсінетін Gedanke (ой, яғни, сөйлемнің пайымындағы мәні (25 бетті қараңыз, сызбаның 1-ші компоненті) терминінің ағылшындық эквиваленті ретінде қолданады. Пропозиция абстрактілі объект бола тұра, Черч бойынша, пайымға тән психологиялық реннен ада (judgment). А.Черч Фрегенің соңын ала, денотацияны сөйлемнің ақиқаттық мәні деп атайды. Егер тілдік бірліктер олардың денотациясын терминдеп және денотацияны деноттың тұжырымы деп қарастырып, онда пропозицияны сөйлемнің ақиқаттық мәнінің тұжырымы деп анықтауға болады. Черч осылайша, ойдың денотатқа тұжырым терминімен қатынасын көрсетеді [5].

Тіл бірліктері моделінің семантикалық компоненттерінің қатынасының проблемаларын талқылау және олардың элементтерінің нақтылыққа сәйкестігін анықтау поляктың логигі К. Айдукевич арқылы ұсынылған. Мәннің проблемалары туралы ойлана келе, К. Айдукевич семантикалық қатынастың екі типін ерекшелеп алу туралы қорытынды жасайды: оның біреуі – денотация қатынасы – белгілер мен заттарды байланыстырады: екіншісі – коннотация қатынасы – белгілер мен қасиеттерін сәйкестендіреді. Семантикалық қатынастың сөйлемге қатысты бұл екі типі денотация қатынастары және бекітудің қатынасы (the relation of stating) болып атала алады (Фрегенің ойынша). Пропозиция - бұл сөйлемде нақтыланатындар, яғни, қасиеттері, әлемнің атрибуттары. Пропозиция сөйлемде, шын мәнінде, дерек. Пропозицияны құрайтын нақтылықтың сол қасиеттері заттар арасындағы қатынастардан тұрады. Сөйлемде оқиғаға тартылған атаулар және заттардың өзара қарым-қатынасында синтаксистік орын сәйкестігі нақтыланады. Айдукевич тұжырымында назарда пропозицияның реляциялық құрылымы. Б.Рассел, Айкудевич секілді көп орынды пропозициялық қызметтерді құрайтын пропозицияға басты назар аударды (пердикатты қатысты).

Сонымен, Айдукевич пропозиция терминін шынайы әлемнің сөйлемде нақтыланатын және оның мәніне сәйкес келетін қасиеттерімен байланыстырады. Пропозиция түсінігі сөйтіп тіл саласына алынып және шынайылық атрибутына тікелей қатыстырылды. К.Льюис теориясында пропозицияға қатысты идея Г.Фрегте көрініс тапқан, Айкудевич жасаған және өте мәні зор байламға көңіл бөлінген. Оның маңыздылығы түсініктің келесі дамуынан көрініс береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Изложение и анализ концепций логического атомизма см. в кн.: Богомолова А. С. Английская буржуазная философия XX в. М., 1973, стр. 195.
2. Витгенштейн Л. Логико-философский трактат. Пер. с нем. М., 1958, стр. 31.
3. Витгенштейн Л., Указ, соч., стр. 39.
4. Frege G. On sense and reference. «Translations from philosophical writings of Gottlob Frege». Oxford, 1952, стр. 63 (первая публикация — 1892 г.). — Анализ концепции Фреге Г. см.: Бирюб. В.
5. Черч А. Введение в математическую логику. Пер. с англ. М., 1960, стр. 32.

ҒАЛАМТОР ТІЛІНІҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

З.А. ИСЛАМОВА,

*Л.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі
кафедрасының магистранты.*

Астана қаласы

Аннотация

В связи с изменением общественной формации в наше время интернета стал особо важным средством для получения информации. Помимо того, интернет принес с собой новые способы общения, стереотипы речевого поведения, новые формы существования языка. Однако несмотря на использование таких способов коммуникации оно по сей день не исследовалось обширно.

Расследование интернет языка сравнивая с отечественной и зарубежной практикой является главной задачей данной работы. В статье есть яркие примеры общения коммуникантов в сети, их употребление слов и терминов, стилистические характеристики в онлайн форме. Статья охватывает не только отечественных трудовых работ лингвистов, но изарубежных.

Ключевые слова: язык интернета, коммуникация, языковые формы онлайн текстов, интернет-диалог.

Abstract

This article tells about how language develops on Internet. Today online language, the peculiarities of using language forms on internet, the ways of making dialogue sentences, the using and developing of language units are investigated by many linguists. According to this the author of the article made review of foreign works, examining the internet and language integrally. Besides, the article covers the writing style and genre of internet comparing it with national and international samples.

Key words: online language, communication, forms of writing language, online-dialogue.

XXI ғасыр - технология заманы, техника ғасыры. Адамзат қоғамын алға жылжытып, ақпарат таратудың жаңа тұстарын ұсынып отырған ғаламторосы күнде көптеген бастамалардың көшбасшысына айналды.

Күнделікті тұрмысымызды жеңілдету мақсатында сағат сайын жаңа қырынан танылып отырған бұл технологиялар - адам ойының жемісі, оның биік жетістігі десек қателеспейміз. Осы тұста ғаламтормен қоса жарысып дамып келе жатқан ғаламтор тілінің жай-күйіннен айналып өтуге болмайды. Өйткені тілқай заманда да жер бетіндегі күллі халықты байланыстырып, дамудың шыңына жетелейтін бірден-бір кілт құралы.

Соңғы мыңжылдықта адамзат тілдің екі формасын ойлап тапты: ол - ауызекі тіл және жазба тілі. Екі форманың арасындағы басты айырмашылық - ауызекі тіл құлақпен есіту арқылы жүзеге асса, жазба тілі қағаз бетіне жазылып немесе компьютер тақтасында теріліп, оны көру арқылы іске асады, дәл осы жазба тілі ақпарат сақтаудың бірден-бір тиімді амалы еді.

Ғаламтор тілі бүгінге дейін тіл мамандарының бақылау, талдау, саралау, жүйелеу сынды тағы басқа әдістердің қолданылуы нәтижесінде қолға алынып, біршама зерттелген. Әсіресе, есімдері әйгілі шетел зерттеушілерінің еңбектері қатарына Дэвид Кристал мен Бартон Дэвидтің еңбектерін ерекше атап өтуімізге болады. Бұл еңбектерден бүгінгі интернеттің тілге қаншалықты әсері тиіп, оны өзгертіп, түрлендіріп, сондай-ақ жаңартып отырғанына көз жеткізуге болады.

Тілді өзгертуге қатысты ғаламтордың кері тараптарын дауға салушылар оны жақтаушылар қатарынан бүгінде аз емес. Мысалы, ана тілімізге қатысты айтатын болсақ, төл әріптеріміздің, яғни «ә», «ө», «і», «к», «ғ», «ұ», «ү», «ң» сынды таңбалардың интернет желісінде қолданыстан шығып қалып жүргені жайлы жазылып жүрген еңбектер жетерлік. Қарапайым төмендегі мына бір интернет диалогының өзі тілдің бүгінгі халінен көп хабар беріп тұрғандай:

- Салам кент каксын
- тема озин
- тема гой че там кешке неистейсин келесинба
- проблема кеш барам
- дывай кешикпе ждем...[1]

Жоғарыда көрсетілген бұл мысал «agent», «vk», «whatsapp» немесе «Facebook» желілерінде күнделікті қолданылатын диалогтар қатарына еніп, тілге әбден сіңісіп кеткен деп тіл мамандары дабыл қағуда. Кешебір көйлек ерте тоздырған ересектер жағы диалогтағы әңгіме әуенін неден өрбіп жатқанын, якиекі тараптың нені меңзеп, нені сілтеп тұрғанын бір көз жүгірткендетүсінбеуі ғажап

емес. Өйткені, ғаламтор пайдаланушылардың тілдік қорында, әсіресе, жастардың сөйлеу тілінде бүгінде адамға түсініксіз сөздер мен сөйлемдер бірте-бірте көбейіп келеді. «Сленг» сөздер ауызекі тілде қолданылумен шектеліп қоймай, жазбаша түрде әлеуметтік желілердеде көрініс табады. Диалогқа қайта оралайық, мысалы, сұхбаттағы «кент» сөзі «сәнқой жігіт» дегенді білдіреді екен. Одан басқа «норм – жақсы», «тича – мұғалім», «лафа – бос уақыт өткізу», «тема – керемет, күшті», «чайники – ата-ана», «тормоз – ақымақ», «братэлла – бауырым» сынды өзге тілден енген осындай сленгтерсаны бүгінде қисапсыз. Сол секілді ғаламторқарым-қатынаста сөздердің әріптерін тастап кету немесе ретсіз қысқарту, мағынасыз «хммм», «mmm», «а-а-а-ээ» деген сынды таңбаларды жиі жазу, одан бөлек «жанды» сөздердің орнына «смайлдарды» пайдалану жазу дәстүрінің күнделікті әдетіне айналған.

Осы секілді тілдік проблемалардың түп төркіні бүгінде ғаламтор деп тіл мамандары кесіп айтса да, тілші Дэвид Кристал «Language and the Internet» /Тіл және Интернет/ кітабында ғаламторды тілдің дамуына жаңа мүмкіндіктер жолын ашушы негізгі фактор ретінде бағалайды [2, 36].

Дэвид Кристал өз кезегінде ғаламтордағы тіл бағыттарын орфографияға – ол өз ішінде әріптердің қолданылуы, тыныс белгілер, буын; грамматикалық ережелерге – сөйлемдегі сөздердің байланысуы, тіркесуі, олардың құрылымдық жүйесі; лексикаға – тұрақты тіркестер, диалектер, жаргондар, слэнгтер, қысқарған сөздер, архаизм және неологизмдер; және де дискурстық белгілерге – төл сөз және төлеу сөз деп бірнеше топқа бөліп қарастырған [2, 86].

Тіл – құбылмалы дүние. Оған уақыт таразысына қарай бастапқы қалпынан біршама өзгеріске ену белгілері тән, ол бір түрден екінші түрге ауысып жаңарады, түрленеді, сөздердің өзге бір формаларын қалыптастырады. Демек, Дэвид Кристал жазған еңбекте тілдің виртуалды өмірде, яғни ғаламтор жүйесінде өзгеріске ұшырауы бүгінде қалыпты жағдай, ол кез келген елдің мәдениетінде кездесетін жайт және мұндай өзгерістерді қоғам теріс қабылдамағаны дұрыс деп есептейді лингвист. Интернет пайдаланушылар ыңғайына қарай сөздерді түрлендіріп те, жаңадан тудыртып та жатады. Мысалы, ағылшын тіліндегі «Web+English» сөзін пайдаланушылар «Веблиш» деп қысқартып, келе-келе бұл термин ғаламтор пайдаланушыларының әдеттегі сөздік қорынан орын алған. Ал шын мәнінде, тілшілер «Веблиш» сөзінің ағылшын лингвистика тарихында бұрын-соңды болмағанын айтады [3].

Қазіргі таңда ақпарат алмасуда «e-mail» немесе «чат группалар» сынды байланыс парақша түрлері ауыз толтырып айтарлықтай орасан көп, олай болса хат алмасу барысында жазудың да өзінше жеке түрлері бірте-бірте қалыптасуда және ол жаңа сөздер қатарын толықтырып келеді. Мысалы, Бартон Дэвид пен Кармен Лидің «Language Online» /Онлайн тілі/ еңбегінде интернеттегі хат-хабар алмасу жазуының мынандай қарапайым да бастапқы амал-тәсілдерін атап көрсеткен [4, 56]:

-аббревиатура және акронимдер арқылы (ағылшынша: LOL – өте күлкілі күйді білдіретін белгі, ИМХО – «менің жеке пікірім» деген ұғымдағы қысқарған сөз);

-сөздердің қысқарып, әріптердің түсіп қалуы арқылы (қазақша: дид – дейді, жарайд – жарайды, го – ғой, алып бар – апар; түрікше: slm – selam, tmm – tamam, narıyon – ne narıyorsun т.б.);

-әріптер мен сандардың омофон түрінде берілуі арқылы (ағылшынша: 4ever-forever, 2night-tonight, b4-before);

-сөзге екпін түсіру арқылы оның маңыздылығын арттыру (өөөте бақыттымын!);

-смайлдар арқылы (:-D – күлу, :(– мұңаю, ;-)- көз қысу, :-|| – ашулану);

-эмоцияны бейнелеу арқылы тыныс белгілердің шектен тыс қойылуы («!!!!!!!!!!!!!!», «.....»)

Хат алмасудың мұндай амал-тәсілі көп жағдайда уақыт үнемдеудің қажеттілінен туса керек деп пайымдайды тіл мамандары. Одан бөлек осы күнгі интернет қарым-қатынасының төмендегідей формаларын атап көрсете аламыз, оларға:

-чат

-форумдар

-ICQ; Skype және т.б. мессенджерлер

-әлеуметтік желілер (www.vkontakte.ru; www.odnoklassniki.ru т.б.)

-E-mail арқылы хат-хабар алмасуды жатқызамыз.

Ғаламтор бұл ақпарат, ғылым, жаңалық, ән, әдебиет, бизнес, қаржы, спорт, медицина, жұмыспен қамтамасыз ету, жылжымайтын мүлік, сауда, анықтамалық бюро, туризм, техника сынды тағы да басқа көптеген сан-салалы бөлімдерге бөлінген. Мұның ішінде чат группалардың орны өзінше ерекше. Адамдар көп жағдайда ғаламторды өзгелермен қарым-қатынас жасау мақсатында пайдаланады. Шынында да, ғаламтордың басты функциясы ол – қарым-қатынас. Ал ғалым Л.Ю.Иванов «Язык интернета: заметки лингвиста» еңбегінде интернет желідегі хат-хабар алмасудағы мәтіннің жазылу стилін бірнеше жанрға бөліп қарастырған [5, 76]:

- жалпыақпараттық немесе жаңалықтар жанры;
- ғылыми-білімдік жанр;
- көркем-әдеби жанр;
- сергітпелі немесе еркін жанр;
- іскерлік және коммерциялық жанр;

Бұл жанрлар қатарынан тіл мамандары тағы бір маңызды жанрды ескермей кетпеуге болмайтынын айтады. Сөйлесудің бұл түрі сұхбаттасушы екі тараптың сұранысынан туындайды, яғни екі адам хат алмасып отырып, өздеріне қолайлы жазу стилін және сөздерді пайдалану әдісін қолданып әңгіме-дүкен құрады. Дәл осы жанр тілдің жаңашабағытта дамуына мұрындық болып, тілге жаңалық еңгізуші бірден-бір себепкер деп санайды тіл мамандары [5]. Тілде жаңа сөздердің пайда болуына көп жағдайда белгілі бір мамандықтың иесі емес, қарапайым тұлғалар көп атсалысады. Желідегі жазба тілінің күнделікті аузыша тілден көп айырмашылығы жоқ, өйткені Бартон Дэвид пен Кармен Ли интернеттегі жазба тілдің құрылымының жасалуын көрсетіп, бұл әдістердің ауызекі тілден еш кем түспейтінін дәлелдеген. Ғаламтордағы жазба тілде ауызекі тілдегідей интонация, мимика, ым-ишарат жоқ, дегенмен де бұл тілдің кері дамуына ешбір септігін тигізбейді, ол тек тілдің жаңадан бейімделуіне жол ашады [4].

Тілдің адаптациялануының ең бір дамыған формасы ол – смайлдардың пайда болуы. Смайлдар арқылы адамзат өз эмоциясын білдірудің жаңа жолын ойлап тапты. Қазіргі күнде смайлдарсыз құрылатын сөйлем кемде-кем, яғни егер сөйлемді жай ғана нүктемен аяқтасақ, онда интернеттегі ол сөйлем эмоциясыз жасалған ауызекі сұхбат іспеттес болар еді. Ал смайлдар адамның көңіл күйінен хабар беріп, оны екінші адамға еркін жеткізу қызметін орындайды. Бет-бет сұхбатты екі тарап бірін-бірі қолдап жүргізе алады, ал желіде сұхбаттасушылар өзгелердің сөзін қолдап, қостап отыруы үшін, я әңгіме әуенін үзіп алмау мақсатында ғаламторда «лайк», яғни «келісемін, сөзіңді жақтаймын» деген мағынадағытаңба қалыптасты. Сондай-ақ «постты бөлісу», яғни «share» деген батырманы басып, желідегі адамдар өз ойынан хабар берудің ыңғайлы жолына көшті. Осы сынды ғаламтор желідегі көптеген мүмкіндіктер үйде отырып-ақ, әлемнің кез келген нүктесіндегі адамдармен қолайлы хат-хабар алмасудың мүмкіндігіне қол жеткізе алады.

Онлайндағы«ауызекі» тілдің дамығаны соншалық, тіпті экранның арғы бетінде отырып, сұхбаттасушы бейненің жынысын, жасын, сондай-ақ мінезін де еш қиындықсыз танудың мүмкіндіктері пайда болды. Мұндай зерттеуді «**PLoS One**» ғылыми журналы әлеуметтік желіде жүргізіп, оның нәтижесін жариялаған. Нәтижелер адамның әлеуметтік желі парақшасындағы жазу үлгісіне қарап сол адам туралы маңызды мәліметтерді алуға болатынын көрсетті. Зерттеу нысаны ретінде әлем бойынша жиі қолданылатын ең үлкен әлеуметтік желі – **Facebook** алынған. Зерттеушілер осы тәжірибеде әр адамға тән «**интернет тілі**» бар екендігін байқаған. Сонымен қатар, бір жастағы, жынысы бір немесе мінездері ұқсас адамдар арасында ортақ тілдік белгілердің болатындығын аңғарған. Мысалы, адамның жынысын анықтауда қыздар жағы **эмоционалды сөздер менэпитеттерді** жиі қолданып, әр сөз бен сөйлемнің соңына **смайлдар** қоюды әдетке айналдырса, ерлер жағы бұл жөнінде біраз шорқақтық танытатыны анықталған [6].

Ғаламтор тіліне тән тағы бір белгі ол сөздердің қалай естілсе, солай жазылуында. Мысалы, орыс тіліндегі «что» сөзі «што», «что ли»- «штоли», «нельзя» - «незя»,« только»-«тока», «короче» - «короч» деп, яки ағылшын тіліндегі «thank you very much» сөзін «сенк ю вери мач» деп жазу ғаламтор«юзерлерінің» қалыпты әдетіне айналған.Мұндай сөздерді қалыптастырушы қоғам ғаламторда жазудың өзіндік ережелері бар екендігін іштей түсінеді, осыған орай желідегі коммуникацияны жеңілдету жолында жаңа сөздердің тууына атсалысады.

Қорытындылай келе, тілдің дамуы жолында ғаламтор адамдарға желі ішінде еркін диалогқа түсіп, ауызекі тілден кем түспейтін жазбаша хат-хабар алмасудың көп мүмкіндіктерін ұсынды. Бұл уақыт ұтқырлығы жағынан әлдеқайда тиімді. Оның тиімділігін арттыратын ғаламтор тілінің сан-салалы амал-тәсілі тілді дамудың жаңа сатысына жетеледі. Әрине, желіде отырып, ойды жеткізудің толықтай тәуелсіздігіне қол жеткізу әлі де болса біршама жаңашылдықтарды талап етсе керек, десек те, ең басты қиындықтар ғаламтор үшін бүгін өз шешімін тапқан.

Әдебиеттертізімі:

1. Жөкенова Мая Әбілқасымқызы«Әлеуметтік желілердегі тіл мәдениетінің сақталу мәселелер» baq.kz сайты, 2015, <https://baq.kz/blog/article/7468>
2. Дэвид Кристал «Language and the Internet» Ұлыбритания, Кэмбридж Университеті баспасы, 2004.

3. Ж.М. Лодато «Voice recognition shorthand and the birth of Weblish», «Linux» газеті, 2005, <http://linuxgazette.net/113/lodato.html>
4. Бартон Дэвид және Кармен Ли «Language Online» Нью-Йорк, 2013.
5. Л.Ю.Иванов «Язык интернета: заметки лингвиста» 2000.
6. Сания Аринова «Facebook-тегі "интернет" тілі» massaget.kz, 2013, <http://massaget.kz/kyizdarga/psihologiya/13824/>

САУАТТЫЛЫҚТЫҢ БІР НЕГІЗІ – ЖАЗУДА

Г.А. ҚАПШАЕВА,

*№48 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі.
Астана қаласы*

XX ғасырдың басында қазақ халқы аса ірі қоғамдық-саяси өзгерістермен қатар ауқымды рухани жазғыруларды да бастан кешті. Ұлттық мәдениет пен әдебиеттің, білім мен ғылымның туын көтерген, жұртшылықтың санасына демократиялық ойлар сіңіріп, алға жетелуге ұмтылған зиялы топ қалыптасты. Халықтың зердесіне сәуле түсіріп, санасын оятқан осы топтың рухани көсемі – А.Байтұрсынов. Қазақ халқының рухани көсемі болып, болашақтың жарық, тыныш, көк аспан астында өмір сүруіне өзінің ақылын арқау еткен.

Халықты ағарту - баладан, мектептен бастау алады. Ең алғаш қазақ тілінде «Әліппе» кітабын жинақтаған Ахмет еді. Қазақ балаларының көзі ашық, сауатты азамат болып шығуға септігін тигізген.

Қазақ әдебиетінің атасы А.Байтұрсынов кітап жазумен қатар орыстың белгілі жазушыларының белгілі еңбектерін ана тілімізге аударып, көпшілікке ұсынған. Көкейіндегі түйілгіш ойды ана тіліміздегі асыл, ұтқыр сөздерімен жеткізе білген. Ахмет әліпбиінің атасы, түркі тілтану ғылымының ағартушысы. Ахметтің ілімдері-әлі зерттейтін үлкен ғылым.

А.Байтұрсыновтың ұлтым деп соққан жүрегі, үлгі-өнегесі – қазіргі жаңа заманға өте керек. Қазіргі егеменді еліміздің бүгінгі таңдағы ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, оған жетудің бірден бір жолы әлемдік білім кеңістігінен орын алу болып табылады. Осыған орай ғалым Ахметтің «Басқадан кем болмас үшін, біз білімді бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектің жолында жұмыс істеу керек» - деп өте орынды айтқандығын нысанаға ала отырып, ол кісінің оқыту әдістерін жетілдіруді, оқутыдың әдіс-тәсілдерін жаңартуды көреміз. «Оқыту жайында» атты мақаласында «Оқу жұмысының үш жағы үш нәрсеге тіреледі. Бірі – ақшаға, бірі – құралға, бірі – мұғалімге. Осы үш тіреуі бірдей тең болса, оқу қисаймайды, ауытқымайды, түзу жүреді...», – дейді [2-75].

А.Байтұрсынов пәндерді оқытудың әдістемесімен де айналысты. 1928 ж. «Жаңа мектеп» журналының 8-санында жарияланған «Қай әдіс жақсы?» деген көлемді мақаласында ұлы педогог Л.Н. Толстойдың «Үйрету әдістері туралы» деген еңбегіне талдау жасай отырып, «Әдіс деген қатып-семіп қалған догма емес... Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Оқулықтың белгісі – бір ғана әдіспен болу. Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу» деп ойын тұжырымдайды.

Ол сауаттылықты негізгі жазуға жаттықтыру деп қарады. Жазу дегеніміз – әріптердің дыбысын дұрыс айту. Балалар дыбыстар ажыратып үйренген соң, сол дыбысты таңбасы – қәріпті көрсету керек. Оны меңгергеннен кейін оқу, жазу жұмыстарының бәріне сол тіреу болады деп балаларды оқуға, жазуға, үйретудің әдіс-тәсілдерін сөз етті. 1920 ж. Қазанда «Баяншы» деген атпен тілді оқытудың методикасына арналған әдістемелік құрал шығарған.

А.Байтұрсыновтың оқыту жұмысы үш нәрсеге тіркеседі, оның бірі – мұғалім деп ашық айтқан. Иә, қазіргі таңда мұғалімге өте үлкен талап қойылып отыр. Өздігінен ой толғай білу, күрделі даму жағдайында дәстүрлі емес шешім қабылдай білу – қазіргі заман мұғалімінің кәсіби қабілетіне тән қасиет. Бүгінгі мұғалім балаларға тек білім беріп қана қоймай, олардың жаңа қалыптасып келе жатқан ой – санасын жоғары рухта байыта білуге, ойы алғыр, қиялы ұшқыр оқушыны тәрбиелей білуге міндетті. Бұл – өмір талабы. Иә, өмір талабына сай оқушының білімге деген қызығушылығын қалай арттырсам жақсы болады деген ой күн сайын санамды жегідей жейтін еді. Осы ойымның шешімі табылғандай болды.

А.Байтұрсыновтың: «Сауаттылықтың негізі – жазуға жаттықтыру» деп қараған әдісіне түгелдей қосыла отырып, өз тәжірибемде оқушылардың жүйелі ойлау қабілетін арттыру үшін,

сауатты болуға жол ашу үшін, оның өмірге деген ізденісін күшейту үшін жазу әдістері мен тәсілдеріне негізделе отырып оқытуды қолға алдым. А.Байтұрсыновтың пікірі бойынша: «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек». Мұғалімнің қызметі:

1. Білімге жетелейтін ұзақ жолды қысқарту;
2. Ол жолдан балалар қиналмай өту үшін, керек білімді кешіктірмей, уақытында беріп отыру;
3. Балаға жұмысты әліне қарай шағындап беру;
4. Белгіленген мақсатқа қарай бағыттап отыру. [2,10] Мұндағы ғалымның пікірі қазіргі таңдағы балаға жаңартылған мазмұндағы білім беру үрдісі екені анық.

Жазу – тыңғылықты іс-әрекеттің түрі. Жазу – адам баласының көрікті ойларының «камера хранениясы». Жазуға отырсаң, әр ойға, әр сөзге ойлана, мән бере қарайсың. Оқушы жазуды қалай жүзеге асырып жүр? Мені осы сұрақ қызықтырды. Оқушының қалай, нені жазатынын бақылауға алдым... алдым да... жазу үшін оқушыға жүйелі бағыт беру керек екенін, жазудың қаншалықты маңызды екенін түсіндіру керектігін ұқтым.

Оқушы- керемет ой-пікірлер мен көзқарастардың иесі (фантазер), байқампаз. Табиғаттың балаға берген осы бір сыйын дамыту – әрбір ересек адамның, әсіресе, әдебиетші мұғалімнің игілікті міндеті ғой деп есептедім.

Оқушының бәрін бірдей жазушы, тілші, ақын ету мүмкін емес, әрине, бірақ жан-жақты талап қою арқылы жазуды қолға алсақ, ең әуелі, оқушыда:

- Жүйелі ойлау қабілеті оянады;
- Сауатты болуға жол ашылады;
- Сөздік қор жиналады;
- Ізденіс күшейеді.

Осы жетістіктер менің оқушыларымнан байқала бастағанын қуана айтқым келеді.

Әдебиет және тіл сабақтарында:

- Тақырып мазмұнына қарай сауаттылық ашатын хаттар жаздыру;
- Әдеби шығармалардан қазақ тілі ережелеріне мысал, дәлел болатын сөйлемдер теру;
- Күнделіктер жаздыру;
- Ауызекі диалогтар жаздыру;
- Өз пікірлері мен көзқарастарын қағаз бетіне жаздыру;
- Өздеріне өмірбаян, достарына мінездеме жаздыру;
- Кейіпкерлердің портреттерін жаздыру;
- Бірінің ойын бірі жазбаша жалғап жаздыру (ойды жалғау);
- Автордың ойын аяқтату (авторға пікір) жұмыстары жүреді.

«Бала ойының дамуының ең маңызды бөлігінің бірі жазу процесін қалай ұйымдастырамын?»

«Жазу арқылы оқушының ойын, тілін қалай дамытамын?», «Оқушыларды жазу процесіне қалай құлшындыруға болады?» деген сұрақтар төңірегінде ойлана бастадым. Алдымен оқушыға бағытталған сабақ процесін дұрыс ұйымдастыру керек екендігін түсіндім. Өзім сабақ сабақ беретін сыныптардағы оқушылардың жазу процесі кезіндегі іс-әрекеттерін зерттей бастадым. Дина, Диана, Шәкәрім сияқты оқушыларым ойын ауызша өте жақсы жеткізгенімен, олардың жазу процесінде қиындықтар кездесетін. Осы үш оқушыны жеке бақылауды қолға алдым.

Менің зерттеу барысыма ықпал еткен екі нәрсе болды. Олар, біріншіден, қазақтың ұлы ақыны Абайдың он бесінші қара сөзінде: «Егер есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмысында бір, ең болмаса айында бір ,өзіңнен өзің есеп ал» деп айтылған терең ойларының осы жобаның философиясымен үндесуі болса. Екіншіден, сабақ талдау барысында айтылған әрбір мұғалім: «Менің бүгінгі сабағымнан оқушым не үйренді?», «Мен бүгін өз білімімді толықтыру үшін не істедім?» деген сұрақтар төңірегінде істеген ісіне есеп беріп отыру керек.

Дәстүрлі формада өткізген сабағымнан айырмашылығы жер мен көктей болды.

Жазуға арналған көптеген стратегияларды пайдалану алдында үйден ойланамын: «Ертеңгі сабағымда осы әдістер оқушының жазу процесін дамыта ма?», «Жазу үшін тағы не қажет?» Көмектесетініне көзім жеткенде пайдаланамын. Тақырып мазмұнына қарай сауаттылық ашатын хаттар жаздырттым.

5-сыныптармен Ә.Тәжібаевтың «Толағай» ертегісінен кейін оқушылардың өзіндік ой толғаулары мен Толағайға жазған хаттарынан олардың жазу процесінің дамығандығын байқаймыз.

Қасенова Дина: Мен «Толағай» ертегісін оқып, өзімнің бойымда керемет бір толассыз күштің пайда болғанын байқадым. Мен де Толағай сияқты өзімнің жеріме, атамекеніме, Отаныма көмектесер едім. Мен келешекте елімді қорғайтын батыр- жауынгер боламын. Осыдан бірнеше жылдар бұрын Таразда болған келеңсіз оқиғада өзінің жанынан гөрі елдің жанын ойлап, өз өмірін

қыршынынан қиып кеткен жол полициясы Байтасов ағаның ерлігіне сүйсінемін.Осындай батыр ағаларымыз көп болса, бізді ешбір жау ала алмас еді.

Бодашева Гүлназ: Сәлем,Толағай. Мен сен туралы керемет ертегі оқып,ерлігіне, алып бір күшіне тәнті болдым.Сен жасаған ерлікті елің ешқашан ұмытпайды.Толассыз ерлігіңнің арқасында елін жақсы өмір сүріп,сен сияқты батырларын еске алуда.Білесің бе?Сен жайлы оқып,естігеннен кейін өзімнің бойымда еліме, Отаныма деген патриоттық сезімім оянды.Мен елімнің даңқын білімім арқылы танытамын.

Ыбырай Алтынсариннің«Дүние қалай етсең табылады» әңгімесін топ бойынша оқып, өз ойларын ортаға салды, еркін жазу стратегиясы бойынша оқушылар әңгіменің кейіпкері Антонға хат жазды.

Ибрагимов Шәкәрім: Сәлем, Антон. Сен алдымен тіленші болған екенсің. Бұл мінезің маған ұнаған жоқ. Ал сенің тіленші болуды ұмытып, жұмыс істегенің маған қатты ұнайды. Мен де сен сияқты еңбектің не екенін түсіндім. Менің еңбегім сабақ. Мен келешекте ойлап сабақты жақсы оқимын. Мен біреу үшін емес, өзім үшін оқимын. Рахмет! Сау бол Антон!

Исмағанбетова Ажарай: Сәлеметсіз бе, Антон! Сен қазір бақытты жандардың бірі екенсің! Өйткені еңбек істей жүріп дүкеннің басшысы болдың. Мен саған ризамын! Сен қандай тіленші болғаныңмен, бойында еңбекке деген құштарлықтың бар екендігін көрсете білдің. Әрі қарай еңбектене бер. «Еңбек түбі – береке» дегендей еңбегін жана берсін!

«Әңгімені бөлісіп жазу» әдісін алғаш оқушыларға өз ойларын байланыстыра отырып, бірін-бірі толықтырып, жүйелі жазбаша жеткізу әдісі ретінде қолданамын. Төселе келе бұл әдісті дамыту арқылы ортақ шығармалар жазуына қол жеткіздім. 6-сынып оқушыларына «Тұрақты тіркестер», «Мақал-мәтелдер» туралы білімдерін бекіту сабағында осы әдісті пайдаландым. Нәтижесінде мынадай әңгіме пайда болды.

«Айырылмас достар»

Айгүл мен Айжан кенеттен ренжісіп қалды. Сол күннен бастап Айжан Айгүлмен сөйлеспей қойды(Динара).Ұрыстың негізгі себебі Айгүлдің аузында сөз тұрмайтындығыеді. «Досынды ешқашан сатпа» деген мақал есіне түсіп, көзіне жас алды (Айбек). Бұрын араларында мұндай ұрыс болмаған еді. Кінәсін түсінген Айгүл одан кешірім сұрады(Меруерт). «Алдыңа келсе, атаңның құнын кеш» деген мақал бар емес пе? Сол күннен бастап Айгүл мен Айжан Бұрынша тонның ішкі бауында дос болып кетті (Айжан). Оқушылар шағын әңгіменің сюжеттік құрлымын сақтай отырып, бірінің ойын бірі дамытып, әп-әдемі әңгіме жазып шықты.

«Әңгімені бөлісіп жазу» оқушыларыма не берді?

- топпен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істеуге үйренді;
- бірінің ойын бірі жалғастырып жазу арқылы ойы дамыды;
- достық жібі үзілмеді;
- оқушылардың қарым-қатынасына әсер етті;
- шығарманың композициялық құрлымын терең меңгерді;
- шығармашылықпен жұмыс істеуге дағдыланды.

Әдебиет сабағында да көркем шығармалардың мәтінін оқушыға терең меңгерту үшін жан-жақты талқылау жұмыстарын жүргіземін. Содан кейін барып шығарма кейіпкерлерін талдаудың жазбаша түрлерін ұсынамын. Ш.Мұртазаның «Тұтқын бала» шығармасын өткенде Тұрар бейнесін жан-жақты ашу мақсатында «Концептуальды кестені» пайдаландым. Оқушылар тапсырманы дәптерлеріне қызыға орындады. Тіпті үйден тағы да қайта қарап, өңдеп, толықтырып жазып келгені болды. Оның дәлелі Дананың жұмысы.

Кейіпкер	Өмірге қызығушылығы	Адамгершілігі	Кейіпкер іс-әрекетінебаға
Тұрар	Жоғары 1.Себебі, оқуды армандады. Наташадан сауат ашты. 2.Бостандық үшін түрмеден қашып шықты. 3. Алдына мақсат қойып, соған ұмтылды	Жоғары: 1.Себебі, мұғалімі Иван Владимировичке бүлдірген нәрселерін жасырмады, өтірік айтпады. 2. Тұрар өте сезімтал, бауырмашыл. Ол Семашко мырзаның артынан еріп бара жатқанда өзіне күлген Атамырзаға	Жоғары 1. Приходько мырзаның айтқанын екі етпей орындады, әкесін дарға асудан құтқарып қалар деп ойлады. 2.Үздік оқыды. Соның арқасында тілмаш, писарь

		да қимастықпен қарады. 3. Тұрар – қайтпас қайсар. Әкесінің атын, өз атын өшірмеу үшін қуәлігіне өз әкесінің атын жазды	болды. 3. Әкесінің сөзін үнемі есіне сақтады. Ешқашан жасымады. Басқа дінді мойындамады
--	--	---	--

Жан-жақты жазба жұмыстары жүргізілгеннен кейін оқушыларда ой-толғаныс пайда болды. Шығармадағы жағымды, жағымсыз кейіпкерлер бейнесі оқушылардың жан дүниесіне әсер етеді. Шығарманың авторына, кейіпкеріне деген көзқарас пайда болады. Оқушыларыма толғаныстарын «Сауаттылықты ашатын хаттар» әдісі бойынша кейіпкерге, авторға хат жазу арқылы да білдіруге болатынын түсіндірдім. Д.Исабековтің «Дермене» повесін өткенде оқушыларға Омаштың Тоқсанбай қартқа, оның немересіне жасаған қатыгездігі қатты әсер етті. Сыныптың бәрі Омашқа, Тоқсанбай қартқа хат жазды. Дана, Айжан, Меруерттің жазған хаттары өте әсерлі болды. Оның дәлелі Айжан мен Меруерттің жазба жұмысының «СТО» бағдарламасының «Ботақаным» журналына жариялануы еді.

Сәлеметсіз бе, Омаш! Сіз неге осыншама қатыгез адамсыз? Бейшара балапанды аясаңыз қайтеді? Оған қоса өзіңіздің әкенізбен бірдей адамды алдап кетуге қалай батылыңыз жетеді? Сіз өзіңіздің адамгершілігіңіздің жоқтығын көрсеттіңіз. Сіздің өтірік сөзіңізге Тоқсанбай қарт шынымен сенді деп ойлайсыз ба? Жоқ, ол сізге сенген жоқ. Сонда да сізді үйіне шақырды. Ол кісі-өте адал, қайырымда жан. Барлық адамның қатесін кешіреді.

Сіз Тоқсанбай қарттан кешірім сұрауыңыз керек.

Сәлемнен Меруерт

б «ә» сыныбы

Менің оқушыларыма шығарма кейіпкерлеріне, авторына хат жазу өте ұнайды. Оқушыларымның толғанысынан осыны сезгендеймін. Оқушы кейіпкерге деген көзқарасын білдіріп, қана қойған жоқ, жазу, арқылы ойы да дамыды. Жазу процесінде проблема тудырған оқушыларым оқушыға бағыттылған сабақ процесін дұрыс ұйымдастыруымның нәтижесінде сапалы, жүйелі, дамыған жазуларды дүниеге әкелді.

Ой-толғаныс сатысында жазылатын эссе – оқушыларымның ең сүйікті ісі. Мен олардың эсселерін оқып отырып, кейде олардың өзіне, оқырмандарға, авторға сұрақ тастай отырып жазатын дәрежеге жеткенін байқадым.

Қорыта келгенде, ғалым А. Байтұрсыновтың әдіс-тәсілдері әлі де болса зерттелсе, қазіргі таңдағы жаңа білім үрдісіне енгізілсе...

Ұлт мәдениеті мен ұлттық ғылым-білімімізде өзіндік болмыс-бітімімен оқшауланып, дара тұратын мұндай алыптардың өмірінің өзі- үлкен өнеге, зор ұлағат. А. Байтұрсынұлы-қайталанбас тұлға, асқан талант иесі ретінде ірілене түсіп, халқымыздың есінде мәңгі сақталатыны сөзсіз. Қазақ тілін ғылыми негізде, ғылыми әдіс-тәсілдермен үлкен ғылым саласы ретінде алдымен ұлтымызға, одан соң бүкіл әлемге өз тілімізде паш еткен қазақ халқының мақтанышы- Ахмет Байтұрсынұлы терең ойлы оқымысты ғалым, жазушы, ұстаз, қоғам қайраткері. «Қазақтың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір, суық қолдан тыныш боларға керек!» деген Ахмет Байтұрсынұлының аманаты қазіргі азат Қазақстандағы әрбір азаматтың ұлттық тұтастық, халықтық бірлік тұғырламасына айналуы тиіс.

САПАЛЫҚ СЫН ЕСІМДЕРДІҢ БАТЫРЛАР БЕЙНЕСІН СОМДАУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

А.Ж. КЕНЖЕБАЕВА,

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты.

Астана қаласы

Аннотация

В этой статье рассматривается функция качественных имен прилагательных в создании образа героя на основе примеров. Во время определения функции качественных имен прилагательных прежде всего их стоит разделить на тематические группы и обратить внимание на использование имен прилагательных в контексте. Приводя итоги анализа было доказано, что

качественные имена прилагательные являются лексика-семантической группой которая имеет важную функцию в создании образа героя.

Abstract

In this research, the function of qualitative adjectives as the image of the hero characters are analyzed through examples. For determining the function of qualitative adjectives, they are divided into thematic groups and pay primary attention to the context of use. According to the study, it was determined that a special function of qualitative adjectives as the image of hero characters perform lexical-semantic group.

Эпостық жырда батырларды суреттеуде қолданылатын сын есімнің мағыналық тобының бірі - сапалық сын есімдер. Жалпы алғанда, сапалық сын есімдер қазақ тіл білімінде А.Байтұрсынов зерттеулерлерінен бастау алып, Н. Сауранбаев, Ә.Төлеуов, А.Ысқақов, Н.Оралбай т.б. ғалымдардың еңбектерінде зерттеліп, өзіндік ерекшеліктері, морфологиялық белгілері айқындалған сын есімнің лексика-семантикалық тобы. Сапалық сын есімдер қосымшасыз келіп, мағыналық жағынан заттың сындық белгісін тікелей білдіріп, шырай категориясымен түрлене алады. Сапалық сындарда сын есім сөз табына тән барлық грамматикалық қасиеттер сақталған. Сондықтан бұл мағыналық топты Н.Оралбай «сын есімнің ұйытқы сөздері» деп атайды [1, 141-142].

Сапалық сын есімдердің кейіпкер бейнесін сомдаудағы қызметі – жалпы тіл білімінде, оның ішінде қазақ тіл білімінде әлі толық зерттелмеген, қыр-сыры ашылмаған тың тақырыптардың бірі.

Батырлар жырының негізгі кейіпкері батырларға қатысты қолданылған сапалық сын есімдер сан жағынан қатыстық сын есімдерге қарағанда аз болғанымен, олар да батырдың түрлі белгілерін, жағымды-жағымсыз қасиеттерін суреттеуде айрықша қызмет атқарады. Соған байланысты эпостағы батырларға қатысты қолданылатын сапалық сын есімдерді мынадай тақырыптық топтарға жіктедік:

- 1) батырдың сыртқы сипатына қатысты қолданылатын сапалық сын есімдер;
- 2) батырдың жас мөлшеріне қатысты қолданылатын сапалық сын есімдер;
- 3) батырдың күш-қуатын, батырлығын, даңқын көрсетуде қолданылатын сапалық сын есімдер;
- 4) батырдың бойындағы жағымды-жағымсыз қасиеттерін суреттеуде қолданылатын сапалық сын есімдер;
- 5) батырдың белгілі бір ортадағы жай-күйіне байланысты қолданылатын сапалық сын есімдер.

Батырдың сыртқы сипатына қатысты қолданылатын сапалық Сын есімдер

Адамның сыртқы бейнесін суреттегенде ең өнімді қолданылатын сөз табы сын есім екені анық. Бұл ретте сапалық сын есімдердің де атқаратын қызметі айрықша.

Қараманға қараса,

Түсі де суық темірден («Алпамыс батыр» жырынан).

Батырға қатысты қолданылған сын есім -суық жырда *суық* түстүрінде Қараман батырға қатысты қолданылған. Тура мағынасында «салқын, жылы емес» [2, 745] деген мағынаны беретін бұл сөз контексте *түс* сөзімен тіркесіп, ауыспалы мағынада қолданылып, Қараман батырдың соғыста жүргендегі кейіген, ашулы, қаһарға толы ашулы жүзін білдіріп тұр.

Қабағы қалың сол бала,

...Шұбар ат мініп келеді («Алпамыс батыр» жырынан).

Бұл мысалда заттың табиғи күйін білдіретін *қалың* сыны *қабақ* зат есімімен тіркесіп қолданылуы арқылы тіліміздің дамуы барысында тұрақты тіркеске айналған. *Қалың қабақ* тұрақты тіркесінің беретін мағынасы «түксиген, түсіңкі қабақ» [3, 164, 9-том] дегенге саяды.

Жаурыны жазық, мойны ұзын

Атарына қолы ұзын,

Құланды қақтан қайырған («Қобыланды батыр» жырынан).

Жырдағы қолданысы бойынша *жазық*, *ұзын* сапалық сындары Тарғынның сыртқы тұлғасын, бейнесін суреттеуге байланысты қолданылып, *жауырын*, *мойын*, *қол* сияқты адамның

дене мүшелерінің сындық белгісін айқындап тұр. *Жазық* – батырдың жауырынының біртегіс, жалпақ келген кең екенін [3, 552, 5-том], *ұзын* - мойнының, қолының қысқа еместігін [2, 855] білдіреді.

*Алты құлаш белбеумен,
Алып белін орады («Ер Тарғын» жырынан).*

Тарғынның белінің жуан екені жырда *алып бел* тіркесі арқылы берілген. Түсіндірме сөздікте алып «үлкен, зор, дәу» [2, 44] деген мағынаны білдіреді.

Сонымен, батырдың сыртқы тұлғасын беруде қолданылған сын есімдердің семантикасы арқылы батырдың сыртқы бейнесінің қандай екенін айқын көруге болады. Жоғарыдағы мысалдар арқылы берілген *суық (түс)*, *қалың (қабак)* дегендер батырдың белгілі бір жағдайларға қатысты түрінің өзгеруін білдірсе, *жазық (жауырын)*, *ұзын (мойын, қол)*, *алып (бел)* дегендер калыпты жағдайдағы батырдың сыртқы тұлғасының қандай екенін білдіруде қолданылған.

Батырдың жас мөлшеріне қатысты қолданылатын сапалық сын есімдер

Адамның жас мөлшерін білдіру тек қана сан есімдерге ғана тән емес. Бұл ретте сын есімдердің де атқаратын қызметі ерекше. Эпостық жырларда батырлардың жас мөлшеріне қатысты *жас*, *қарт*, *үлкен*, *кіші* деген сапалық сын есімдер кездесті.

Бұл сын есім жырда бірде *бала* деген зат есіммен тіркесіп қолданылса, енді бірде *қыран*сөзімен тіркесіп, батырды жас қыранға теңеп, ауыспалы мағынасында қолданыс тапқан.

*Қобыланды сынды жас бала
Істі орнына келтіріп,
Құртқаға келіп сөйледі («Қобыланды батыр» жырынан).*

Балажалпы, деректі зат есімімен тіркескен *жас* сыны заттың сапалық белгісін білдіріп, батырдың «жасы кіші бозбала» [3, 142, 6-том] екенін білдіріп тұр. Сондай-ақ, бұл сын есім батырдың сыртқы бет-әлпетінің сындық белгісінен де хабар беріп, басқа да жасы ұлғайған жау батырларынан оны ерекшелеп көрсетуде ерекше қызмет атқарады.

*Алпамыс атты жас қыран
Артынан қуып барады («Алпамыс батыр» жырынан).*

Берілген мысалда Алпамысты *жас қыран*ға теңеп, ауыспалы мағынада қолданылған. Бұл тіркестегі *жас* сөзінің жасөспірім, жеткіншек, жасы кіші дегенге де қатысы бар. Поэтикалық мәнде жұмсалған «*жас қыран*» тіркесі Алпамыс батырдың жас болса да «батыр, ержүрек, алғыр» екендігін [3, 145, 6-том] білдіреді.

Сол қуарға шыққан кісілердің ішінде алтыс беске келген бір қарт кісі бареді, бірақ сол қайтпай қалды («Ер Тарғын» жырынан).

«Ер Тарғын» жырында Қожаққа қатысты айтылған *қарт*сапалық сын есімі адамның жас мөлшеріне байланысты қолданылған. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде бұл сөзді зат есім деп қарастырса [3, 387, 9-том], М.Оразов «Қазақ тілінің семантикасы» еңбегінде сын есімдерді тематикалық топтарға бөлген кезде сын есімге жатқызады [4, 192]. Егер бұл сөз жеке қолданылса, зат есім болатыны анық, ал контексте зат есіммен тіркесіп, сын есімнің қызметін атқарып тұр. Жырда *қарт кісі*-жасы ұлғайған, қартайған кісі [2, 487] деген мағынаны білдіреді.

*Жасың үлкен ағасың,
Көріселік, кел бері («Қамбар батыр» жырынан).*

Сонда Тарғын сөйлейді:

*«Өзің үлкен данасың,
Өрттей қаулап жанасың» («Ер Тарғын» жырынан).*

«Ер Тарғын», «Қамбар батыр» жырларында *үлкен* сапалық сын есімі ауыспалы мағынасында берілген. Тура мағынасында көлемі жағынан аумақты, зор, дәу, ірі [2, 870] дегенді білдіретін *үлкен* сөзі бұл мысалдарда *жас*, *дана* сөздерімен тіркесіп, ауыспалы мағынаны білдіріп тұр. *Жас* сөзімен тіркескендегі *үлкен* сапалық сыны Тарғыннан Қартқожақтың, Қамбар батырдан жау жақтың батыры Келмембеттің «бұрын туғанын, жасы үлкен» [2, 870] екендігін білдіреді. Ал *дана* сөзімен тіркескенде сөзге экспрессивтік мән үстеліп, Қартқожақтың көп жасап, көпті көрген, ақыл-парасаты мол адам екені айқын аңғарылады.

*Айналайын Бөкенбай
...Жасың кіші болса да,
Құлдығым бар өзіңе («Қобыланды батыр» жырынан).*

Үлкен сапалық сын есімімен антонимдес мәнді білдіретін *кіші* сыны жырда *жас* зат есімімен тіркесіп, Қобыландының ұлы Бөкенбайдың өзге батырлардан жасының кіші екендігін анықтап тұр.

Батырдың күш-қуатын, батырлығын, даңқын көрсетуде қолданылатын сапалық сын есімдер

Бұл мағыналық топтағы лексемалар *заңғар, салқам, сайыпқыран, мәлім*. Олар жырда төмендегідей берілген:

Қазанға қайдан жол қылдың,

Қараман деген заңғар-ай! («Қобыланды батыр» жырынан)

Жырда Қобыландының анасы Аналықтың Қараманға қарата айтқан *заңғар* сыны тура мағынада «зәулім, биік» [2, 340] дегенді білдірсе, жырдағы беріп тұрған мағынасы мүлде бөлек. Эпоста ауыспалы мағынада берілген бұл сапа сыны «зор, үлкен, мықты» [2, 340] деген мәнде жұмсалып, батырдың зор денелі, күшті, қайратты екендігін мәлім етеді.

Жауды көріп, қызды арқам,

Қашар ма жаудан мен салқам? («Қобыланды батыр» жырынан).

Қазан батырға қарсы шайқаста жау батырына өлім құштырып, жеңіске жеткен Қобыланды батырға қатысты айтылған *салқам* сапа сыны - көнерген сөз, «ержүрек, батыр» [3, 596, 12-том] мағынасын білдіреді.

Сайыпқыран ер болып,

Қанменен қолың жуғансың,

Талай бала қырғансың («Алпамыс батыр» жырынан).

Мыстан кемпірдің Алпамысқа қарата айтқан диалогында *сайыпқыран* сапалық сын есімі *ер* зат есімімен тіркескен. Бұл сөз Алпамыстың батырлыққа, ерлік істер жасауға бейімділігіне, икемділігіне байланысты қолданылып, оның «асқан батыр, мықты, ер» [2, 699] екенін көрсетеді.

Қалың Қытшақ елі бар,

Қобыланды деген ері бар,

...Атағы жұртқа мәлім еді («Қобыланды батыр» жырынан).

Қобыланды батырдың қалың қыпшақ еліне батырлығымен атағы жайылған ер екенін айқындауда *мәлім* сапа сыны қолданылған. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде бұл сөздің беретін мағынасы «аян, белгілі, анық» [2, 586] дегенге саяды.

Батырдың бойындағы жағымды-жағымсыз қасиеттерін суреттеуде қолданылатын сапалық сын есімдер

Қараманға қатысты қолданылған *залым* сапа сыны жырда былайша көрініс табады:

Ай, қаш, залым, қасымнан,

Қиямет салма жасымнан («Қобыланды батыр» жырынан).

Қобыланды мен Қараман жау қолына түсіп, зынданда отырғанда, ханның қызы Қарлыға келіп, зынданнан қашыру туралы сөз қозғайды. Сонда Қараман қашуға әзір екенін бірден білдіреді. Қараманның бұл сөзіне Қобыланды батырдың наразы болғаны *залым* сөзінен байқалады. Контексте *залым* сөзі заттанып Қараман бейнесін беруде жұмсалған.

Ақылы жоқ мен – ақымақ,

Бүйтіп жүрген Құртқамды

Шауып тастай жаздаймын («Қобыланды батыр» жырынан).

Құртқаның ақыл-кеңесін тыңдаймын деп Қараман батырдан жаман сөз естіген Қобыланды ашуға булыққан кезінде Құртқаның басын шаба жаздайды. Кейін ағаттық жібергеніне өкініш білдіріп, жыр жолдарында өзін осы қылығы үшін *ақымақ* деп көрсетеді. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «*ақымақ* - сана сезімі кем, ақылсыз» [2, 35] деп берілген.

Тіпті шұнақ қу бала

Шұбар ат мініп келеді («Алпамыс батыр» жырынан).

Тайшық ханның Алпамысты суреттеген кезде айтқан *қу бала* тіркесі Алпамыстың «*айлакер, амал тапқыш*» [2, 527] бала екенін білдіріп, жағымды мәнде жұмсалса,

Баламды жалғыз менің өлтіргенше,

Алсайшы Гүлбаршынды, қу жүгермек! («Алпамыс батыр»

жырынан)

Осы жырда кездесетін *қу бала* тіркесіндегі *қу* сөзі мен *қу жүгермек* тіркесіндегі *қу* сөзінің беретін мағынасы бірдей емес. Алпамысқа қатысты айтылған *қу* сын есімі «құрып кеткір, құрығыр» [3, 169,10-том] деген жағымсыз мәнде қолданылған. Бұл мысалда наразы болғанда ер балаларға айтатын *жүгермек* қарғыс сөзімен тіркеске қолданылған.

*Мен - бір аңқау туған бөрімін,
Көп екен деп саған иек сүйемен,
Несібемді бір Тәңірден көрермін! («Ер Тарғын» жырынан)*

Ханзада хан айласын асырып, Тарғын батырды алдап, Бұлғыр тауына жападан жалғыз тастап кетеді. Тарғын батыр болса, алдағанына сеніп қалып қояды. Сол бір сәт батырдың есіне түсіп, өзін *аңқау бөріге* теңеуі сондықтан болса керек. «*Аңқау - қулық-сұмдықты білмейтін, аңғал, аңғырт*» [2, 49] деген мағынаны білдіреді.

Бесеу еді белгілі

*Әзімбайдың **тентегі** («Қамбар батыр» жырынан).*

Жырда Әзімбайдың ұлдары, Назымның бес ағасы да батыр ретінде танылады. Автордың баяндауындағы *тентегі* сапа сыны эпоста тәуелдік жалғауының үшінші жағымен түрленіп, яғни субстантивтеніп қолданыс тапқан. «*Тентек*»- тәртіп бұзғыш, сотқар» [2, 798] деген түсінікті білдіреді.

Батырлардың бойындағы жағымды-жағымсыз қасиеттерін білдіруде қолданылған *аңқау, ақымақ, залым* сындары белгілі бір оқиға барысында батырлардың ағаттық іс жасауына байланысты қолданылса, *тентек* сапа сыны Әзімбайдың бес батыр ұлының тумысынан сотқар екендігін білдіреді. *Қу* сапа сынының мағыналық ерекшелігі контекстегі қолданысы арқылы анықталады.

Батырдың белгілі бір ортадағы жай-күйіне байланысты қолданылатын сапалық сын есімдер

Жау қолына түсіп, көп күндерін арып-ашып зынданда өткізген Алпамыстың халін суреттегенде *аш* сапа сыны тура мағынасында қолданылып, «ас ішіп, тамақ жемеген, азықтанбаған» [2, 75] деген мәнде жұмсалып, деректі зат атауына қатысты сапалық белгіні білдіріп тұр.

*Неше күн жатқан **аш** бала*

Мысықтан жеді нанды алып

(«Алпамыс батыр» жырынан).

Тілеп алған жалғыз ұл

*Кемпір-шалға **тымтәтті***

(«Қобыланды батыр» жырынан).

Аллаға сан мәрте жалбарынып, сұрап алған Қобыландыдай ердің ата-анасы үшін бағасы «артық, қымбат, жақын» [2, 792] бала екені ауыспалы мағынада қолданылып, мысалда *тым* деген күшейткіш көмекші мен *тәтті* сапалық сын есімінің тіркесуі арқылы берілген.

Мінәжат етіп жылаймын

*Өзімнің **нашар** халімді («Қобыланды батыр» жырынан).*

Қазан батырдың елін ойрандаған кезде алған олжасын өзіне көмек көрсеткен Қият тайпасы алып кеткеніне ашуланып, қамыққан Қобыландының жайын суреттеуде *нашар* сыны алынған. «*Нашар* - шамалы, осал, жаман» [2, 615] деген тура мағынасында беріліп, батырдың халінің жақсы еместігін анықтап тұр. Синонимдер сөздігінде бұл сөздің «жаман, жөндекі, жөндеу» [5, 242] деген синонимдік қатарлары бар.

Қорытындылай келе, батырлар жыры мәтініндегі кейіпкер бейнесін сомдайтын сапалық сын есімдердің қызметін анықтауда сын есімдердің функционалды-семантикалық топтары мен қолданыстағы ерекшеліктері басшылыққа алынуы қажет. Эпостық жырлардағы кейіпкер бейнесіне қатысты сын есімдерге талдау жүргізу олардың контекстегі қолданысы мен басқа да сөздермен тіркескендегі мағыналық түрленуіне тікелей байланысты қарастырылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. – 390 б.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк- Пресс, 2008. – 968 б.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1-15 томдар. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006- 2011. - 752 б.
4. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: «Рауан», 1991.– 216 б.
5. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі / Құраст. С.Бизақов, Ә.Болғанбаев, Ш.Дәулетқұлов. – Алматы: «Арыс баспасы», 2005. – 720 б.

БАТЫРЛАР ЖЫРЫНДАҒЫ КЕҢІСТІКТІ ТҮЗУДЕГІ СИПАТТАУДЫҢ ОРНЫ

А.А. КУДРЕТУЛЛАЕВА,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты.

Ғылыми жетекшісі: М.Ахметова, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

Астана қаласы

Аннотация

В данной научной статье обсуждается роль художественного текста как категория текста и рассматривается пространство в философии, лингвистике и литературе. Кроме того, чтобы углубить тему выбрана эпическая поэзия «Орак Мамай» и определяется роль построение пространства в описательных текстах в эпической поэзии.

Abstract

This scientific paper discusses the role of a literary text as a category of the text and the space in question in philosophy, linguistics and literature. In order to deepen the theme chosen epic poetry "Orak Mamay" and defines the role of space in the descriptive texts in epic poetry.

Адамзат әлемнің құрылуы жайын ойға алғаннан бастап, кеңістік пен уақыт философиялық және гуманитарлық ғылымдардың ортақ мәселесіне айналды. Көптеген ғалымдар, соның ішінде В.С.Соловьев, Ю.Н.Тынянов, Ю.М.Лотман философия мен әдебиет арасындағы тығыз байланысқа ерекше мән берген. Философияда кеңістік уақытпен, қозғалыспен, жүйелілікпен бірге болмыстың ең маңызды формаларының бірі ретінде қарастырылады [1, 24]. Уақыт пен кеңістік категориялары бір-бірімен шартты байланыста және бір-бірінен тәуелсіз бола алмайды.

Аталмыш екі категорияның танымдық статустары жөніндегі мәселе әр тұрғыдан шешілді. Бір топ ғалымдар кеңістік пен уақыт болмыстың объективті қасиеті деп таныса (Аристотель), екінші бір топ ғалымдар әлемді қабылдау әдісін көрсететін субъективті ұғым деп есептеді (Дж. Беркли, Д.Юм, Э.Мах), ал кейбіреулері кеңістікті болмыстың объективті факторы ретінде, уақытты субъективті факторы ретінде қарастырды (И.Кант, Г.Гегель).

М.М.Бахтин өзінің еңбектерінде алғаш рет кеңістік пен уақыт арақатынасын ашып, бұл ұғымдарды егжей-тегжейлі талдайды. Көркем әдебиетте кеңістік пен уақыт бір категория ретінде қарастырылады. Әдебиетте көркемделген уақыт пен кеңістік арасындағы өзара байланысты М.М.Бахтин хронотоп деп атайды. Ғалым хронотоп ұғымын әдебиеттің формалды мазмұндық категориясы ретінде түсінді [2, 59-60]. Ғалым: «Пространственное человеческое движение и дает основные измерители для пространства и времени романа, то есть для его хронотопа». Сондықтан даланың, жолдың, қаланың хронотопы мәтіннің жанрына жол сілтеуші ретінде ғана қызмет атқаратындықтан, ол нақты бір мәтіннің мағынасын бейнелемейді [2, 60].

М.М.Бахтин мәтінде суреттелген және мәтінде берілген кеңістік мәселесімен айналысты, бұған қоса, кеңістікке уақытқа қатыстылығы тұрғысынан екінші кезек берілді. М.М.Бахтин бойынша, кеңістік - көркем шығармадағы суреттелген, бейнеленген шынайылықтың бейнесі.

Көркем кеңістікте іс-әрекет жүзеге асатын, кейіпкерлер араласатын континуум деп түсінген Ю.М.Лотман көркем әдеби кеңістік үшін субъектінің айналасындағы кеңістікті толықтыратын объектілер параметрі, характер және көлемнің өзіндік бір мәні бар: ол субъектінің шектеулі, тұйық денесі болуы (микрокосм) немесе жақын шекаралары (үй, бөлме) болуы, ашық болуы мүмкін, созылықы, панорамды (макркосм), қысылған, тарылған және кеңейтілген, ұлғайтылған болуы мүмкін екенін айтты [3, 171].

Ю.М.Лотман мәтіннің көркем кеңістігі төменгі деңгейдің жоғары деңгейге бағынышты жүйесі секілді иерархиялы түрде ұйымдастырылған деп есептейді. Мәтіннің хабарлы сюжеті оқиғаларды бірінен соң бірін сипаттауымен сызықтық кеңістікке ие болады. Алайда сюжет автордың абстрактылы және сызықтық емес ойына байланысты, сондықтан да қабылдаушы тарапынан алғанда сюжет тұтас мәтіннің күрделі және сызылмаған семантикалық құрылымына қарай суреттеледі [3, 183].

Орыс тіл білімінде кеңістік пен уақыт категориялары кеңінен, жаңа қырынан зерттелген. Мәселен, Н.Г.Леонованың пікірі бойынша, әдебиетте кеңістіктің айтылым түрлерін классификациялау үшін техникалық әдістер емес, стилистикалық әдістер қызмет етуі қажет. Нақты

көркем материалды талдау барысында кеңістік категориясы дәуірлердегі дүниені көркем сезінуі бейнеленетін «стилистикалық категорияға» айналады, «шынайылық әлемінің ортасында көркем бағдарлаудың қасиеті көрінеді» [4, 22].

Зерттеуші көркем кеңістік пен шынайы кеңістікті салыстыра отырып, көркем кеңістік автордың дүниеге көзқарасы мен оның шынайылыққа деген субъективті пікірі арқылы ерекшеленетінін айтады.

Әдебиеттанудағы көркем кеңістік мәселесі концепциялардың көптігіне қарамастан, ашық күйінде қала береді, өйткені, әзірге «көркем кеңістік» терминінің нақты құрылған анықтамасы жоқ.

Көркем мәтіндегі уақыт пен кеңістік арасындағы ажырамас байланыстың мәнін ашу үшін лингвистика ғылымында «*континуум*» термині қолданылады.

И.Р.Гальперин континуум категориясын кеңістіктің, уақыттың, оқиғалардың ағымында әртүрлі формада көрінген, объективті шынайылықтың кеңістігі мен уақытын көркем ұғынуды білдіретін мәтін категориясы ретінде есептейді. Гальперинше, дәл осы категория суреттеудің шындыққа жанасуын және нақтылығын көрсете алады. Бұл категория байласымның, жүйеліліктің нәтижесі болып табылады және сюжет дамуында көрініс табады. Континуум мәтіннің эпизодтарға бөлінуіндегі маңызды грамматикалық категория болып табылады [5, 87-88].

Адам кеңістікте нақты белгілі бір орынға бекітілген, И.Р.Гальпериннің зерттеуі бойынша, «көркем мәтінде уақыт континуумына қарағанда кеңістіктік континуум дәлірек болады. Ис-әрекет орнының географиялық атауы және ол орынның суреттеуі абсолютті шынайы түрде жиі беріледі [5, 89]. Сонымен қоса, нақты берілген кеңістік бағдары көркем мәтінді қабылдауды жеңілдетеді және оқырманды белгілі бір түрдегі ақпаратқа бағыттайды.

Кеңістік қатынасты беретін тіл құралдарын анықтаумен айналысқан ғалымдар (В.Г.Гак, И.В.Кобозева, И.Р.Гальперин және т.б) бұл қатынастардың репрезентациясы бейнеленген кеңістік сипатына және оны толықтырушы объектілердің белгілеріне байланысты екендігін ескертеді. Успенскийдің пікірінше, сол және басқа кеңістік типтерін бейнелеген автор көзқарасы және осы кеңістіктегі кейіпкерлер көзқарасы жоғары мәнге ие болады [6, 142].

Л.Г.Бабенко бойынша көркем мәтіннің кеңістігі мен уақыты өмір сүрудің субъективті негізіне ие: көркем мәтінде автор шартты кеңістік пен уақытты жасайды, автор ғана кейіпкерлердің орны мен сюжет дамуының мерзімдік кезеңін анықтайды [7, 166].

Көркем кеңістікті құрастыруда мәтінде түрлі қызмет атқаратын, соның ішінде мәтінтүзімдік, модельдеуші қызмет атқаратын топонимдердің рөлі зор. Автор кейіпкерді белгілі бір ортаға орналастырып, оның орналасқан орнын атау арқылы суреттелген оқиғаның географиялық тұрғыдан нақтылануын жүзеге асырады.

Ғалым И.Я.Чернухина көркем кеңістікті «әрқашан белгілі ортаның нақтыланған бейнесі деп таниды, мысалы, пейзаждың, урбанистік суреттеменің, интерьердің нақты орны [8, 42].

Көркем кеңістікті мәтінде беруде ерекше номинациялар қызмет атқарады – локалды бағыттаушылар, яғни оған жататын топонимдер, географиялық терминдер, этнонимдер, экзонимдер, экзотизмдер, шынайы нәрселер, табиғат құбылыстары, интерьер заттары, локалды мәні бар үстеулерді білдіретін сөздер. Кеңістікке қатысты мағынаға ие бұл бағыттаушы сөздер және қатысты емес сөздер бір функцияны атқарады: бейнеленушіні белгілі бір кеңістікке қатыстырады немесе оған бағыттайды. Бұдан басқа, ғалым И.Я.Чернухина «кеңістіктің жаңғыруы» және «кеңістікке бағыттау» ұғымдарын шектейді де, бұл көркем мәтіндердің жаңа ерекшеліктерін анықтауға және сипаттауға мүмкіндік туғызады деп есептейді. Кеңістікті бейнелеуді тағы да басқа мәтін категорияларын бақылау кезінде «бейне» және «бейнелілік құралдары» маңызды рөл атқаратынын айтады [8, 4-48].

В.А.Кухаренконың пікірі бойынша, пейзаж қызметінде актуализация мен кеңістік және шығарманың уақыттық континуумы болуы қажет. Белгілі уақытты сипаттау оның пейзаждағы материалды объектілерде көрінуі арқылы жүзеге асады [9, 140].

Қазақ тіл білімінде кеңістікті мәтін категориясы ретінде танып, түсіндіруге тырысқан еңбек ретінде О.Қ.Жармакин мен Қ.Б.Мағзұмовтың «Мәтін лингвистикасы» оқу құралын атай аламыз. Аталған еңбекте кеңістік дейкисінің құралы ретінде локалдылық өрісінің базалық бірліктерін жіктеп көрсетеді. Мысалы: объектінің жекелеген бөліктерінің, оның жақтарының объектінің өзіне қатынасының абстракциясы болып табылатын арнайы семантикалы сөздер (*іші, үстіңгі жағы, үсті, жағы*), категориялық лексикалық бірліктер (*мекен, кеңістік*), локалды семантикалы түрлі сөз таптарының сөздері (*болу, кең, алыс*), кеңістік мәндегі көмекші сөздер (*асты, үсті, маңы*), топонимдер мен географиялық терминдер деп көрсеткен. Сонымен қатар перифериялық семалы

локалдылық сөздерін, оның ішінде бүкіл нақты-заттық лексиканы, локалды семалы коннотация сөздерін: кейбір жалқы есімдерді, экзотизмдерді жатқызуға болатынын айтқан.

Ғалымдар аталған кеңістік өрісін идеографиялық негізде жіктегенде оған әдетте мынадай топтамаларды кіргізеді:

- кеңістік шекаралары – *шекара, шек (қаланың шегі), өлке, шеңбер;*
- шектелген кеңістік – *жол, күре жол, алаң;*
- кеңістікте болу – *жату, отыру, тұру;*
- кеңістікте болу локализациясы – *солда, арттан, маңында, қасында, жанында, алыста;*
- жағдайды өзгерту – *құлау, көтерілу, тұру;*
- бағыт – *көру, шығу;*
- қашықтық – *қашық, алыс, жақын;*
- кеңістік координаттары – *бүйір, жоғары, төмен, орта, оң жақ, сол жақ* [10, 39-40].

Жалпы когнитивті тіл білімі саласында «кеңістік» концептісін түзетін тілдік бірліктерге – дала, атамекен, туған жер, т.б жатады. Енді жоғарыда айтылған ойлардың негізінде эпостық жыр мәтініндегі сипаттау мәтінін түзудегі кеңістіктің рөлін қарастыратын болсақ, Орақ Мамай жырында:

Сонда Қарасай сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
– Әй, қалмағым, қалмағым,
Ар жағыңа қарасам,
Масакқадай сары далаң-ай.
Бер жағыңа қарасам,
Шойын менен темірден
Шыңдап соққан қалаң-ай.
Қызыққа шығып қарайды

Қатын менен балаң-ай (Орақ Мамай жыры) – деп келетін үзіндіні қалмақтың туған жерін суреттеуге арналған пейзаж деп те айтуға болады. Себебі байлықтың, кеңдіктің символы ретінде «кеңістік» концептісін ашатын *сары дала* мен *қала* сөздері берілген. Кеңістікті түзуде ерекше рөл атқарып тұрған локалды мәндегі *ар жағыңа, бер жағыңа* үстеулерін атай аламыз.

Сайым осымен Орақ, Мамайға барып сәлемдесіп, ауылға қайтпақшы болып, далаға шығып атқа мініп жүре берді. Анадай жерге барғанда, Орақты көрген соң, әртүрлі сөз сөйлеп Матрөшке қара құлдың сөзін ұмытып кеткен екен. Сол сөз есіне түсіп, есіктің алдында ат үстінде тұрып, құлдың сәлемін айтып толғады. Бұл Сайым айтып болғанда, Орақ ашуланып, есіктен төрге, төрден есікке кезіп жүрді. Мамай жерді шұқылап отырды(Орақ Мамай жыры).

- Енді осы мәтіндегі кеңістік ұғымын білдіретін сөздерді талдасақ:
- шектелген кеңістік – *ауылға қайту, есіктен төрге, төрден есікке;*
 - кеңістікте болу локализациясы – *анадай жерге бару;*
 - жағдайды өзгерту – *атқа міну;*
 - бағыт – *бару, шығу;*
 - кеңістік координаттары – *есіктің алдында, ат үстінде.*

Әңгімелеу-суреттеу формасына құрылған мәтіннен де дала сөзіннің кеңістікті түзудегі мәнін, функциясын арттыруда *есіктің алды* тіркесі қолданылса, үй ішінде Орақтың *есіктен төрге – төрден есікке* кезіп жүруі белгілі бір кеңістікті түзудегі динамикалық сипаттаудың рөлін байқаймыз. Яғни кейіпкердің кеңістікте болуы бейнеленген.

Сонымен қатар кеңістікті мәтінде беруде ерекше қызмет атақаратын - табиғат құбылыстары.

Күн тал түске жақындағанда жылқы жұтаған жерге барып, бір төбеге шығып жан-жағына қараса, баяғы қалған жалғыз тай ат болып жайылып жүр екен. Аттың қарасын көріп, азгантай демін алып отырып, енді атқа жүрейін десе өмірде жаяу жүріп көрмеген адам, табаны тиіп, тұла бойы мұздап қалған екен (Орақ Мамай жыры).

Жоғарыда берілген мәтінде табиғат құбылысы *күн тал түске жақындағанда* яғни күн ортасына келуі уақыттың белгісі болса, жұтаған *жер* мен *төбе* шектелген кеңістікті білдіреді. Ал динамикалық сипаттауды түзіп тұрған үстеумен тіркесіп келген шартты рай формасындағы *жан-жағына қараса* кеңістіктегі бағытты білдіріп тұрса, аналитикалық формант (*-ып жүр екен*) арқылы берілген өткен шақ формасындағы *жайылып жүр екен* етістігі кеңістікте болуды білдіретін күрделі сөз.

Жырдағы Әділ ханның анасы Байбикеш ханымның түс көріп, оны қызына жорытуы әңгімелеу формасында болғанымен, сипаттаудың элементтері байқалады:

Бүгін мен бір түс көрдім,

Түсімде ғажап іс көрдім.
Аспанменен тіркескен,
Бұлтпенен күрескен
Асқар биік Алатау
Алтын сарай үйімнің
Үстіне келіп құлап тұр.
Бұл не болар, қарағым?! (Орақ Мамай жыры)

КФТ-да кеңістік түзуші – топоним Алатау. Кеңістіктегі жағдайды өзгерту *құлап тұр* етістігі арқылы берілген.

Қорыта айтқанда, континуум ұғымы автордың әлем құрылымы туралы білімін бейнелеуде және көркем мәтін мазмұнын ұйымдастыруда маңызды рөл атқарады. Кеңістіктің әдеби шығармалардағы көркем бейнесі субъективті түрде анықталған, өзіндік ерекшелігі мен бірегейлігін көрсететін концептуалды-психологиялық негізге ие. Байқағанымыздай, батырлар жырындағы кеңістікті түзудегі сипаттау және әңгімелеу-сипаттау формасына құрылған КФТ-ғы лексикалық бірліктер, топонимдермен қатар локалды мәндегі үстеудің де қызметі ерекше. Сипаттау мәтіні континуумның бір формасы бола отырып, мәтіннің кеңістік-уақыттық ұйымдастырылуында маңызды орын алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Гостева Т. Лингвостилистические особенности и текстообразующий потенциал пейзажных описаний в американской прозе XIX-XXI вв.: канд. дис. – Барнаул, 2007. – 229 с.
2. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – М.: Искусство, 1979. – 444с.
3. Лотман Ю.М., Структура художественного текста. – М.: Искусство, 1970. – 384с.
4. Леонова Н.Е. Семантика художественного пространства в произведениях Дж. Стейнбека: дис. канд. филол. наук. – М.: 2004. – 184с.
5. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. – М.: Наука, 1981 – 140с.
6. Успенский Б.А. Поэтика композиции. – СПб.: Азбука, 2000. – 348с.
7. Бабенко Л.Г. Филологический анализ текста. Основы теории, принципы и аспекты анализа: Учебник для вузов. – М.: Академический проект; Екатеринбург: Деловая книга, 2004. – 464с.
8. Чернухина И.Я., Очерк стилистики художественного прозаического текста. – Воронеж: Изд-во Воронежск. ун-та, 1977. – 205с.
9. Кухаренко В.А. Интерпретация текста. – М.: Просвещение, 1988. – 192с.
10. Мағзұмов Қ., Жармакин О. Мәтін лингвистикасы: оқу құралы. – Павлодар, 2012. – 84 б.
11. Бабалар сөзі. 40-том // Электронды ресурс: <http://www.ikitap.kz>

ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ТӘСІЛДІҢ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕ ҚАРАСТЫРЫЛУЫ

Э.Т. ҚАНАЙБЕКОВА,

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі
кафедрасының магистранты.*

*Ғылыми жетекшісі: Шоқабаетова С.С.,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент.
Астана қаласы*

Аннотация

В статье рассматривается лексико-семантический способ словообразования в казахском языкознании.

Abstract

The lexical-semantic method of word formation in the Kazakh linguistics is considered in the article.

Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы XX ғасырдың 90 жылдарында жеке сала ретінде қалыптасып, дамып келеді. Тілдің сөзжасам жүйесі көне құбылыстарға жатады, өйткені сөз жасаушы тұлғалар, сөз жасаудың тәсілдері, үлгілері күнде пайда болып, күнде жаңарып отыратын құбылыстар емес. Тілдің

сөзжасам жүйесі тілдің даму кезеңінен тыс болмайды. Сондықтан сөзжасам жүйесінде де өзгеріс болады, бірақ бұл құбылыс өте баяу іске асады. Атап айтар болсақ, тілде бар үлгілердің белгілі бір кезеңде белсенді қызмет етуі арқылы, ол қызметтің бәсеңдеуі арқылы, не болмаса сөз мағынасының кеңеюі, кейбір сөзжасамдық түрлердің қолданыстан шығуы сияқты т.б. өзгерістер ретінде көрініс табады.

Тілдегі жаңа сөздер белгілі бір қалыптасқан заңдылықтар бойынша, яғни сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалады. Сөзжасамдық тәсілдердің қазақ тіл білімінде қарастырылуына келсек, А.Байтұрсынұлының «Тіл-құралында» сөзжасамның синтетикалық, аналитикалық, лексика-семантикалық тәсілдері деген терминдер қолданылмаған. Бірақ сөзжасамдық тәсілдер негізінде жасалған туынды сөз мәселелерін қарастырған. Мәселен, жұрнақ, туынды сөз, қос сөз (жалпылағыш қос сөз, жалқылағыш қос сөз), зат есімнен туған сөздер, оны есімнен туған сөздер, етістіктен туған сөздер, туынды етістіктердегі жұрнақтар, етістіктен туатын басқа сөздердегі жұрнақтар түрінде берілген [1, 182-255].

Н.Сауранбаевтың 1953 жылы шыққан «Қазақ тілі» деп аталатын оқулығында «Зат есімнің жасалуы», «Сын есімдердің жасалуы», «Етістіктің жасалуына» тоқталып, сөз таптарының сөзжасамы мәселесіне тоқталған [2].

Ғ.Әбухановтың 1960 жылы жарық көрген «Қазақ тілі» оқулығында «Зат есім сөздерін тудыру тәсілдері» деген тақырып берілген [3, 97]. Бірақ оқулықта сөзжасамдық тәсілдер қарастырылмаған. Тек 1964 жылғы А.Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі. Морфология» атты жоғары оқу орнына арналған оқу құралында морфологиялық (синтетикалық), синтаксистік (аналитикалық) тәсілдер көрсетіліп, оларға мынадай анықтамалар берілген: «Морфологиялық тәсіл деп түбір сөзге я туынды сөзге қосымшалар қосу арқылы жаңа сөз тудыру тәсілін айтамыз да, синтаксистік тәсіл деп түбір (я туынды) сөздердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі арқылы сөз тудыру тәсілін айтамыз» [4, 108]. Бұл еңбекте сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі сөз болмағаны байқалады.

1967 жылғы «Қазақ тілінің грамматикасы» кітабында да сөзжасамдық тәсілдер морфологиялық (синтетикалық), синтаксистік (аналитикалық) деп көрсетілген [5, 16].

А.Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі» атты 1974 жылы шыққан жоғары оқу орны студенттеріне арналған оқулығында сөзжасамның мынадай үш түрі берілген: «Сөйтіп, грамматикалық жолмен сөз тудырудың үш түрлі тәсілі бар, оның біріншісі – морфологиялық тәсіл, екіншісі – синтаксистік тәсіл, үшіншісі – морфологиялық-синтаксистік (синтаксистік-морфологиялық) тәсіл» [6, 90]. Бірақ та қазақ тілі сөзжасамында тәсілдерді осылайша топтастыру нақты қалыптаспады, әсіресе морфология-синтаксистік тәсіл түрі қолданыстан шығып қалды.

1989 жылы шыққан «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографияда қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасамдық тәсілдердің үш түрі беріліп, ғылымда қалыптасып, орнықты. Монографияда: 1) синтетикалық (морфологиялық), 2) аналитикалық (синтаксистік), 3) лексика-семантикалық тәсілдер берілген [7, 64].

Сонымен бірге, монографияда әр сөзжасамдық тәсіл алғаш рет ғылыми негізде толық сипатталған. Бұнда сөзжасамның лексика-семантикалық тәсіліне алғаш рет толық ғылыми анықтама берілді. «Сөзжасамның аффиксті және сөзтудырым тәсілдерінен басқа да жолдары бар. Ол – сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілдері. Мұндай жол белгілі бір сөздердің жаңа мағынаға ие болуы, көп мәнді, ең бастысы омонимдік қатарда келуі арқылы жасалады» [7, 99], – деп лексика-семантикалық тәсілге анықтама беріліп, оған мынадай мысал келтірілген: «*біреу*» *әнін шырқап «отыр»* дегенде *біреу* сөзінің алғашқы негізгі (сандық) мағынасынан енді әлдекім, белгісіз біреу деген адам мәніндегі есімдік сөз табын түсінетін боламыз. «*Үйде біреу отыр*» дегенде де *біреу* сөзінің табиғаты осы тәріздес. Сөйтіп, аталған сөздер алғашқы лексикалық (сандық) мәнінен ажырап, белгісіздік (есімдік) ұғымды білдіретін сөзге айналған [7, 100]. Бұл монографияда сөзжасамның «лексика-семантикалық тәсілін» конверсия тәсілімен беру орын алған тәрізді. «Сондай-ақ осы жол кейбір сөздердің ол бастағы мәнін жоғалту не болмаса әлсіретуі барысында басқа бір сөз тобының қатарынан танылуға жол береді. Тіл білімінде мұндай құбылыс прономинализация (сөздердің бір сөз табынан екіншісіне айналуы) деп аталып жүр [7, 99-100]. Мұнда лексика-семантикалық тәсіл мен конверсия тәсілінің аражігі ажыратылмағанын байқауға болады. Сөздердің жаңа мағынаға ие болуы «сөздердің омонимдік қатарда» келуі арқылы жасалмайтынын ескерсек, керісінше, сол сөздердің омонимдік қатарда келуі, сөйтіп, олардың тілде жаңа сөз болып танылуы лексика-семантикалық тәсілдің нәтижесі болар еді. Тағы бір мәселе кейбір сөздердің о бастағы мәнін жоғалтуы не болмаса, әлсіреуі олардың басқа сөз табында танылуына негіз бола алмайды. Сөздердің бір сөз табынан екінші сөз табына ауысуына

белгілі бір сөз табындағы лексемалардың жеткіліксіздігі себеп болуы мүмкін. Түркітанушы ғалым А.Юлдашев «Конверсия в тюркских языках и ее отражение в словарях» атты мақаласында былай деп жазады: «Употребляясь в своем новом значении регулярно, слово отрывается от своих прежних функций и значений сохранившихся в ней от своих прежних функций и значение в связи с другими словами и постепенно приобретает новые конструктивные связи, несовместимые с прежними и характеризующиеся по нормам данного языка» [8, 73]. «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографияда аталған бір сөз табының екінші бір сөз табына ауысуы «прономинализация» деп көрсетілген. Жалпы тіл білімінде сөз таптарының бір-біріне ауысуы конверсия деп аталады. Ал, прономинализация болса, басқа сөз таптарының есімдіктердің қатарына ауысуы болып табылады да, ол конверсияның бір формасы болып саналады. Міне, мұнда да лексика-семантикалық тәсілдің сипаты толыққанды ашылмағандығы көрінеді.

2002 жылы жарыққа шыққан «Қазақ грамматикасында» лексика-семантикалық тәсілге мынадай анықтама берілген: «Лексика-семантикалық тәсілде сөздің құрамы, тұлғасы ешбір өзгеріске түспейді, өзгеріс тек сөздің мағынасында ғана болады. Сөз дыбыстық, морфемдік құрамын сақтай отырып, тілдегі бұрынғы қолданылып жүрген мағынасының үстіне жаңа мағына қосып алады, тілде жаңа мағынасында да қолданыла бастайды. Сөздің тек мағынасында өзгеріс болғандықтан, бұл тәсіл лексика-семантикалық тәсіл аталған. Бұл сөзжасамдық тәсіл көне заманнан бері қарай қызмет атқарып келеді» [9, 207]. Яғни, лексика-семантикалық тәсілде сөздің дыбыстық, морфемдік құрамын сақтай отырып жаңа мағынаға ие болуына байланысты оның лексика-семантикалық тәсілге жататыны әр сөз табы бойынша анықталған. Лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздің сөз табын сақтауы да, өзге сөз табына ауысуы да мүмкін екені дәлелденген. Лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған сөздердің басқа сөз табына көшудің ішкі заңдылықтары ашылған да, оны «ақ» сөзінің мағынасы арқылы дәлелдей түскен. «Тіліміздегі ақ деген сөз түсті білдіретін сөз екені белгілі: *ақ орамал, ақ жсаулық, ақ көйлек* сияқты қолданыстар әбден таныс. Осы ақ сөзінің басқа да толып жатқан мағынасы бар: 1) Ақ – адал мағынасын береді. Мысалы: Ақ жүрген адам азбас (мақал). Барымтамен алдырған әлдекімдердің ақ адал малдары болатын (М.Әуезов). 2) Ақ – сүт, айран, қатық, қымыз, шұбат сияқты тағамдар. Мысалы: Ұлжанның күз уақытында Зере мен балаларға эзірлеп отыратын ағы осы болатын (М.Әуезов). 3). Ақ – ақиқат, шындық. Мысалы: Жұмыр басты пендеге – өлім ақ (Мәтел). Осы мысалдардағы түс мағынасындағы ақ бұл сөздің негізгі мағынасы, ақ тілде негізгі мағынасында да қазір қолданыста. Ал осы сөз тілде кейін басқа мағыналарды қосып алғанын «адал», «тағам аты», «ақиқат, шындық» деген мағыналар.

Міне, бұл мағыналар тілдегі түрлі қолданыста қалыптасқан. Әр мағынасында олар бір-бірімен омоним жасаған» [9, 207].

Аталған еңбекте сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі мен конверсия тәсілінің өзара айырым белгілері де біршама орныққан. Яғни, лексика-семантикалық тәсіл мен конверсия тәсілінің ерекшеліктері нақты аталып өтеді. «Лексика-семантикалық тәсіл арқылы сөздің жаңа мағынаға көшуіне байланысты сөз бір сөз табынан екінші сөз табына ауысады, оны ғылымда конверсия деп атайды. Конверсия жолымен жаңа сөздің жасалуы – өте көп тараған тәсіл. Оның ішкі ерекшеліктері де бар. Лексика-семантикалық тәсілде сөз мағынасының өзгеруіне байланысты ол үнемі бір сөз табынан екінші сөз табына ауыса бермейді. Сондықтан лексика-семантикалық тәсілдің іштей айырмасы бар: 1) сөздің жаңа мағына алуына байланысты басқа сөз табына көшуі; 2) сөз жаңа мағына алса да, сөз табын өзгертпей өз сөз табының құрамында қалуы.

Сөздің жаңа мағына алуына байланысты басқа сөз табына көшуі ешбір тілдік бірліктің көмегінсіз, сөз дыбыстық құрамын сақтай отырып, сөз мағынасы өзгеріп, басқа сөз табына көшеді. Мысалы, қорған, айтыс, жарыс, бірге, біреу, басқа, өзге т.б. Бұл сөздердің дәл осы тұлғада, осы құрамда тілде басқа мағыналары бар және ол мағыналары алғашқы негізгі мағынаға жатады. Олар: 1) қорған, айтыс, жарыс – етістік, қимыл; бірге, біреу – сан есім, сандық ұғым; басқа – сын есім; өзге – есімдік.

Жоғарыда осы сөздердің: 1) қорған, айтыс, жарыс зат есімге көшкен мағынасы; 2) біреу – есімдікке көшкен мағынасы; 3) бірге, босқа, өзге – сын есімге көшкен мағынасы келтірілді» [9, 208]. Қалыпты грамматикада, әдетте, лексика-семантикалық тәсіл – полисемантизмді сөздердің мағыналық жақтан дамып, олардың белгілі бір сөз табына жататын омонимдес сөздерге жіктелуінен көрінсе, конверсиялық амалда лексика-семантикалық тәсіл сөздердің функциясын

өзгертіп, олардың басқа бір сөз табының мағынасын қабылдауынан және оның жаңа лексема ретінде сөздік құрамға енуімен ерекшеленеді. Конверсиялық тәсіл сөз болғанда, бір мәселеге көңіл бөлу қажет. Ол – конверсияланған (бір сөз табынан өзге сөз табына ауысқан) сөздердің қос тілді және түсіндірме сөздіктерде берілу жайы. Конверсияланған сөздердің түрлі лингвистикалық сөздіктерде берілу жайы тек қазақ тілінде ғана емес, жалпы түркологиядағы ең өзекті проблемалардың бірі болып табылады.

Н.Оралбай, К.Құрманәлиев, Ж.Балтабаевалардың авторлығымен 2014 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің сөзжасамы» оқулығында сөзжасамдық тәсіл атауларына жанаша көзқараспен қарап, сөзжасамдық тәсілдер морфологиялық, синтаксистік, лексика-семантикалық деген сөзжасамға қатысты емес атаулармен аталуы қате деп түсіндірілген. «Орыс тіл біліміндегі сөзжасамдық тәсілдерді туынды сөз жасаушы бірліктермен атау дәстүрі барын (суффиксация, профиксация, постфиксация, сложение, чередования, усечение т.б.) тілге тиек ете отырып, мынадай жағдайларды атап өтеді:

1. Сөзжасамдық тәсілдерді мүлдем сөзжасамдық мағынасы басқа терминдермен атау қате деп танылды. Өйткені оларда (морфологиялық, синтаксистік, лексика-семантикалық) сөзжасамдық ұғым, мағына жоқ, сондықтан олар түсініксіздік, түрлілік туғызды. Бұл орыс тіл білімі ғалымдарын морфологиялық, синтаксистік, семантикалық терминдерден бас тартуға әкелді.

2. Сөзжасамда қолданылған бұрынғы терминдер морфологиялық (синтетикалық), аналитикалық (синтаксистік), лексика-семантикалық деген терминдердің қосарланған түрде аталуы да қолайлы болмады. Ол терминдерге қойылатын қысқалық, дәлдік талаптарына да сәйкеспейді.

3. Осы қолайсыздықтар ескеріліп, әр тәсіл оны жасаушы бірліктер атымен атау дұрыс деп саналды...

Осы жоғарыдағы дәлелдемелерді келтіре отырып, авторлар қазақ тілінде үш түрлі сөзжасамдық тәсіл бар деп, оларды былайша атауды ұсынады: 1) сөзжасамдық жұрнақ тәсілі; 2) сөзжасамдық күрделендіру тәсілі; 3) сөзжасамдық мағына тәсілі» [10, 492]. Мұндағы сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі «сөзжасамдық мағына тәсілі» деп аталып, тілдегі тың, жаңа атауға ие болған. Бұл атауды да ғылыми айналымға енгізуге мүмкіндік бар. Өйткені мұндай құбылыстар сөзжасам мәселелерінің қалыптасу, өзгеру, даму заңдылықтарын танып білуге, дұрыс түсінуге мүмкіндік туғызады.

Қорытындылай келгенде, сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі қазақ тіл білімінде ең алғаш 1989 жылы шыққан «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографияда қарастырылып, одан әрі лексика-семантикалық тәсілдің басқа да еңбектерде зерттелуіне негіз болды. Сөзжасамдық тәсілдер сөз болған еңбектердің бәрінен сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалған туынды сөздердің барлығы да сөзжасам процесінің нәтижесіне жататынын аңғарамыз. Сондықтан туынды сөздер сөзжасам ілімінің зерттеу нысаны болып табылады да, сөзжасам жүйесінде негізгі орын алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
2. Сауранбаев Н. Қазақ тілі. Педучилищелерге арналған. – А. 1953. – 219 б.
3. Әбуханов Ғ. Қазақ тілі. Педучилищелерге арналған оқулық. 1960. – 366 б.
4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Мектеп, 1964. – 398 б.
5. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы: Ғылым, 1967. – 263 б.
6. Ысқақов А. Қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Мектеп, 1974. – 407 б.
7. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. – 368 б.
8. Юлдашев А. А. Конверсия в тюркских языках и ее отражение в словарях. – «Советская тюркология», 1970. – №1.
9. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.
10. Мухамади Қ.Т. Сөзжасам теориясындағы тың тұжырымдар //Хабаршы – 2015. – №3 (106).

АЛҒАШҚЫ ҚАЗАҚ КӨРКЕМ ПРОЗАСЫ ТІЛІНІҢ ДАМУЫНДАҒЫ БАСПАСӨЗДІҢ ОРНЫ

Ж.М. ҚОҢЫРАТБАЕВА,

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жалпы тіл білімі және
аударма теориясының негіздері кафедрасының
профессоры, филология ғылымдарының кандидаты.
Астана қаласы*

Аннотация.

Средства массовой информации являются мощным инструментом формирования культурных концепций, основной силой оперативного донесения информации в разные уголки мира. В начале XX века произошли огромные изменения в развитии национального языка, сохранение письменной казахской письменности, систематизации жанра прозы, устойчивости литературных выражений, изучения и пересмотрения лексико-грамматических построений казахского языка.

В данной статье анализируется особенность языка казахской художественной прозы и пути его дальнейшего развития.

Abstract.

In general, a public relations tool for all property to be able to write a literary language is clear, the press should be. Because a thick cultural way to satisfy the desires of the press is the most important part. In this context, the national language of the press at the beginning of the twentieth century continued prosperity of the Kazakh language, rich in resources, the rapid development of the language written literature, prose genre of art into the system, it samples the stabilization of the literary language, vocabulary and grammatical structure, we can say that has made a significant contribution to the formation of different.

The first Kazakh literary prose language content of the article is dedicated to the press service of the development of the national report.

Қайсыбір қоғамда болмасын, жүріп жататын саяси-әлеуметтік, мәдени өзгерістер көркем тіл дүниесіне де жаңалықтар енгізіп отыратыны белгілі. Алғашқы қазақ прозасының жанр ретінде қалыптасып, кәсіби үлгіде дамуына, ең алдымен, баспасөздің күрт алға басуы зор ықпал етті.

XX ғасыр басындағы ең ірі жетістіктің бірі – қазақ баспасөзінің өрістеуі еді. Зерттеулерге қарағанда, өткен ғасыр басында жеке адамдар тобының серіктесуімен мынадай ұлттық басылымдар шығып тұрған – «Серке» (1907), «Қазақстан» (1911-13), «Бірлік туы» (1917), «Сарыарқа» (1917), «Ұран» (1917), «Үш жүз» (1917), «Тіршілік» (1917), «Алаш» (1916-17), «Қазақ» (1913-18) газеттері және «Айқап» (1911-15) журналы, т.б. Бұл басылымдардың ұстанған бағыттары, көздеген мақсаттары, прозалық шығармаларды жариялау дәрежесі әртүрлі болғанымен, олардың бәріне ортақ қасиет – елді өнер-білімге, мәдениеттілікке үндеуге тырысушылық, қазақ өмірінің сол кездегі әртүрлі көріністерін сөз етіп, көкейтесті мәселелерді жұрт назарына салу еді. Яғни, баспа ісінің жандануы – әдеби тілдің қалыптасуына, тіл мәдениетінің берік сақталуына да көмегін тигізбей қойған жоқ. Қоғам өміріне батыл араласа бастаған баспасөз ісінің жедел өркендеуі, әсіресе, қара сөз шеберлерінің көркем мазмұнды шығармаларын танытып, байытуда ерекше ықпал жасады. «Төңкерістен бұрын қазақша шыққан газет-журналдарда алғашқы түпнұсқа ретінде жарық көрген прозалық шығармалар аз болған жоқ. «Тамшыдан – теңіз» демекші, тұңғыш рет там-тұмдап басталған тырнақ алды туындылар арада біраз жыл өткен соң тек республика шеңберіндегі тар ауқымды ауызекі әңгімеден іргесі берік жазба әдебиетіне айналды» [1, 44]. Қазақ топырағында көркем проза үлгілерінің күн санап толыға түскенін, нық қалыптасып келе жатқанын алғашқы баспасөздердің сарғайған беттерін көз бен көңіл сүзгісінен өткізе отырып байқауға болады. Олардың көркемдік ерекшелігі, тілдік шеберлігі қара сөздің сан қырлы иірімдерін игере бастағанын аңғартады.

Әрине, бұл мерзімді баспасөздерде алғашқы көркем прозалық шығармалардың жариялануы бірдей дәрежеде емес. Біз, негізінен, елдің рухани азығы – көркем қара сөздің кеңге қанат жаюына мұрындық болған, осы жанр жолындағы көркемдіктің іздерін салушы жазушылардың есімдерін танытқан баспасөздерге, олардың тілдік-көркемдік ерекшеліктеріне тоқталамыз.

Аз уақыт ішінде қазақ жазушылары көркем проза жанрының әр түріне барлау жасап, қазақ әдебиетінің алтын қорына әңгіме, новелла, повесть, роман секілді жанр түрлерін алып келді десек, бұл орайда аталмыш жанрдың кейбірінің туып, бағының ашылуында, әсіресе, әдеби-қоғамдық сипаттағы қазақ тілінде тұңғыш жарық көрген «Айқап» журналының орнын ерекше атаған жөн. «Негізінен мұғалімдер, ақын-жазушылар шығарып тұрған «Айқап» журналы мен айқапшылар қазақ

халқының мәдениеті дамуының тарихында өшпес із қалдырды, елеулі кезең болып табылатын бет ашты» [2, 86]. Журнал өзінің алғашқы санынан бастап прозалық шығармаларды жариялауға ерекше көңіл бөлді. «Ол өзінің жарық көруінің алғашқы жылында-ақ қазақтарды қара сөзбен ойларын әдемілеп жеткізуге үйретуді мақсат қылғанын ашып көрсетті [3, 15]. Фельетон айдарында көркем әңгімелер мен очерктердің үзбей жарияланып отырғандығы осыны дәлелдейді.

Көптеген қазақ жазушыларының есімдері дәл осы «Айқап» арқылы танылды. Өздерінің көркем шығарма қасиетін тез меңгерулерімен қазақтың көркем проза жанрының пердесін ашып берген М. Дулатов пен Ә. Ғалимовтың, Б. Майлин мен С. Торайғыровтың аттары да ең алғаш «Айқаптың» беттерінде атала бастады. Онда жарияланған бұл жазушылардың шығармалары тілі мен көркемдік дәрежесіне қарай оқшауланады. Проза тілінің халықтық сипат алуына, әдеби стильдік қалыпқа түсуіне алғашқы қазақ журналының үлес салмағы айрықша болды. Осы кезең әдеби тілінің сипатына тоқтала келіп, профессор С. Аманжолов өзінің «Вопросы диалектологии и истории казахского языка» деген көлемді еңбегінде «Айқап» журналы туралы былай деп жазды: «Журнал қызметінің, оның қызметкерлері мен тілшілерінің тіл мәселесінде А. Құнанбаев пен Ы. Алтынсарин бағытымен жүргенін ерекше атау керек» [4, 302].

Қазақ баспасөзінің тілін тілші ғалымдардың арасында ең алғаш зерттеген ғалым Н. Қарашеваның келесі сөзі жоғарыда келтірілген пікірді дәлелдей түседі: «Айқаптың» тілі ХХ ғасыр басындағы публицистика тілінің көрнекті үлгісі болды, сол кездегі алдыңғы қатарлы қазақ оқығандарының қазақ жазба тілін байытуға, дамытуға ұмтылғанын білдіретін бірден-бір дерек болды» [5, 258]. Өзінен бұрын шыққан бірсыпыра баспасөз орындарынан «айқаптың» басты бір ерекшелігі – қазақтың ауызекі сөйлеу тілін қолдануында десек, оның бұл сипаты журнал бетінде көлемді орын алған көркем проза тілі арқылы көрініс табады. Бұл ерекшелік бейнелі сөз тіркестерінің мол ұшырасуымен де баяндалады. Мысалы, *құмырсқадан үлгі алу* («Жұмбақ әңгіме», 1911, № 8), *Тәңірінің тең жаратқан құлы* («Екі қыздың мұңы», 1911, № 12), *малдың шылауына байлану* («Бір қазақ қызы», 1911, № 7), *қысыр кеңеске кіру, жазғанның зәресін алу* («Болған іс», 1915, № 10), *құран ұстап уәде беру* («Болыс боламын», 1913, № 1).

«Айқап» прозасының көркем шығарма ретіндегі бейнелілік қасиеті табиғат көріністерінің сұлу суреттерін беруімен де астасып жатыр. Әрине, көркем тілдің құдіретін дөп танушы кез келген қаламгердің тілінде табиғаттың мың құлпырған көрінісіне айтарлықтай орын берілетіні сөзсіз. Соның ішінде қоршаған ортаның келбетін шығарма құрылысы мен мазмұнына байланыстыра беру туындыгердің шеберлігін танытса керек. Бұл ретте Ә. Ғалимовтың «Бейшара қыз» әңгімесін ерекше атауға болады.

«Июль айы еді. Жайлауға жұрт жаңа көшіп келгендіктен, ауылдың әр тарапы көкорай шалғын, көзге көрінгеннің бәрі сүйкімді еді. Ерте тұрып атырапқа көз салған кісі рахаттанып, бытырап жайылып жатқан малдар һәм есіктің алдындағы айнадай жалтырап, жел, дауыл жоқ болғандықтан, дыбысын шығармай тып-тыныш қана таңның тәтті ұйқысында жатқан көл менен алты-жеті шақырым шамасындағы орыс поселкесінің қарасын көрер еді» («Айқап», 1912, № 11). Мұнда ауылдың таңғы тып-тыныш келбетінің өзі ерекше бір сұлу, сымбатты қалыпта болатыны дәл жеткізілген. Оның көркемдігі көкорай шалғын, таңның тәтті ұйқысында жатқан секілді бейнелі тіркестермен сипатталған.

Табиғаттың көз тартар көрінісін беру арқылы оқушының назарын өзіне аударатын келесі бір көркем туынды – «Айқаптың» 1913 жылғы 21-санында басылған әңгіме. Туынды фельетон айдарында тақырыпсыз, тек соңында «М.М.» деп қол қойылып жарияланған. Сөз саптау мәнері мен тіл жұмсау ерекшелігіне және «М.М.» бүркеншік есіміне қарай шығарманы Б. Майлиннің қаламынан туған деуге болады. (Жазушының баспасөз беттерінде осыған ұқсас «Б.М.», «М.», «Мен», т.б. бүркеншік есімдері болғаны белгілі). Қаламгер әдебиеттерінің көрсеткішін құрастырушылар да бұл туындыны Б. Майлиндікі деп таниды [6, 14].

Шығарма бірден-ақ табиғат көрінісінің сұлу сипатымен ашылады: *«Жазғытұрғы жылы түн, дүние жүзі жаңа түрге кірді, тәңірдің көкте жауғызған мейірбанишылығымен жерден шыққан әдемі шөп, сұлу гүлдердің аңқып шыққан исі жан-жануарларды нұрға балқытып масайратуда еді»* (440-б.); *«Масатыдай түрленген көк сүйріктердің арасында отырсаң, басыңда қап тауындай қайғың болса да бір тарқан, үміт, қиялдар аясына батар едің»* (441-б.).

Автор жазғы даланың осындай көркем көрінісін беру үстіне оқиға мазмұнын аша түсетін бейнелі тілдік таңбаларды да аса тапқырлықпен жұмсайды. Мысалы, *«Себепсіз жалқаулықтың жайлы жастығына сүйеніп ұйықтаушылар сансыз көп еді»* (441-б.); *«Біреу бақан, біреу сойыл, әркім қолына түскен нәрсесін алып жалқыға қарай қанатсыз ұшты»* (442-б.), т.б. Мәнмәтіндегі себепсіз жалқаулықтың жайлы жастығына сүйену, қанатсыз ұшу сынды қолданымдар – Б. Майлиннің өзіне

ғана тән, өзіндік сөз саптаулары. Бұл бейнелі оралымдар қазақ даласының сол кездегі шындық келбетін дәл, айқын беріп тұруға атсалысқан.

Б. Майлиннің «табиғат» концептісінің когнитивтік моделін берудегі шеберлігі «Айқаптың» 1915 жылғы 10-санында жарияланған «Болған іс» атты әңгімесінде өз жалғастығын табады. Дала бейнесінің шығарма өзегіндегі автор ойымен сабақтасып, өзектесіп жатуы «Болған іске» де тән: *«Суық қыстың ызғаймен жер өзінің түрі кеткендігін біліп, қарағанға көңілді қылу үшін ойын, қырын қызғалдақпен безей бастады. Алты айғы қыс жер үйінде жатып күн өткізген қазақ байғұстар да таза жерге шығып рахаттану үшін киіз үйлерін тігіп қырға шықты»* (147-б.). Көркем дискурс тілінен кәсіби қара сөздің қалыптаса бастағынан, дала, қоғам келбетін жасауда жазушының жаңа тілдік оралымдарға жиі барғанын көреміз. Көркем сөздің шұрайлылығына деген бұл талпыныс, бұл ұмтылыс жазушыны прозаның көлемді түрлеріне де алып келді. Өзінің бетінде көркем туындыларды жариялап, насихаттаған, тілдік шеберлігінің шыңдалуына жол ашқан «Айқап» журналы дәл осы жылы Б. Майлиннің «Шұғаның белгісі» повесінің дүниеге келуіне негізгі ұйытқы болды. «Айқапта» қалыптасып, тұрақтана бастаған қазақ әдеби тілінің көркемдік жүйесі «Шұғаның белгісінде» кәдімгідей түрленіп, сымбатталып, қолдану аясы кеңейе түскені анық. Мысалы, *«Ұшпалы сұр бұлттар көшкен керуен сықылды, тіркесіп оңтүстікке қарай жылжып ұшып, күннің көзі біртіндеп ашыққа шығып, жылы шырай нұрын шаша бастады. Әйткенмен, солдан соққан салқын жел өзінің өткірлігімен жұқа киіммен ызғарын өткізіп, тоңдырып, сентябрь айының жеткендігін жолаушыға еріксіз ойлатарлық еді»* («Шұғаның белгісі», 6-б.).

Қоршаған ортаның тартымды да күрделенген нақышты суретін ашатын бұл жолдар көркем қара сөздің нағыз әдебилік сипат алғанын, тілдік таңбалар жүйесінің айшықты құрылғанын көрсетеді. Е. Жанпейісовтің: «Бұл аралықтағы әдеби тілдің негізгі даму ерекшеліктері, әдеби тілге тән басты сипат баспасөзден гөрі көркем әдебиеттен, оның ішінде прозалық шығармалардан көбірек байқалады» [7, 262], деуі сондықтан болар. Ғалымның пікірін қуаттай отырып, әдеби тілдің стильдік тармақтарының қалыптасып кеңеюі, оның нормалық жүйесінің тұрақтану сипаты осы кездегі мерзімді басылым тілі арқылы да жүзеге асқандығын айтуымыз керек.

XX ғасыр басындағы қоғамдық өмірдің алуан түрлі саласын қамтыған баспасөз беттерінде әр қилы тақырыптардағы көркем қарасөз үлгілері жиі жарияланып тұрды. Өтіп жатқан процестерді сөзбен бейнелеуде «Айқап» прозасының тілдік мүмкіндігі мол еді. Журнал авторларының тілдің сөздік байлығын өз қалауынша пайдалана отырып, сол кезеңнің шындық көрінісін аша түсетін жаңа тілдік оралымдарды көптеп енгізуге талаптанғанын көреміз: *Тамырының берген «сыйының» күштілігінен есінен тану* («Болған іс»); *еменнің түбіндегі шошқаға ұқсау, тіліңді сұққылап біттің зой, адамның беті қойдың кенесі сықылдану* («Жұмбақ әңгіме»); *іздесең табылмайтұғын бақты құдай айдап есігіне әкеліп беру, қызулыққа кіру, суреті адам болса да пиялы не деп айтуға болар емес* («Болыс боламын»); *барды баламай, жоқты санамай жүру, дүниенің ішсе таусылмас ғылым бұлағынан үлесін алу* («Үш қатынменен тұрмыс»); *Тірішіліктің жегетін уақыты, шірік ағаш тірек бола алмайды, екідайда намысын жібермеу, көңілі жалқаулану, өңешін қайыстай созу* («Бозбалаларымыздың түрі»); *қыз-қатындарды кемге ұстау, кеудесінде соққан жүрегі, көңілінде тілегі, қайнаған қаны, газиз жаны бар* («Екі қыздың мұңы») және т.б.

XX ғасыр басындағы қазақ әдеби тілінің ең өнімді саласы – әдебиеттің, көркем прозаның көрсеткіші, айнасы – мерзімді баспасөз болды десек, оның нақты көрінісі «Қазақ» газетінің де өн бойынан табылды. Араға 75 жыл салып, өз халқының арасына қайта оралған «Қазақтың» әрбір санын түгендеп, зерделеу үстінде оған нақ куә боламыз. Елдің рухани азығы әдебиет екенін жақсы түсінген «Қазақ» өз бетінде оқушылары тұшыныпоқыркөркемтуындыларды жиі жариялап отырды.

«Қазақ әдебиетінің сол дәуірдегі творчестволық проблемаларын мүмкін қадарын шасарап қасалып, жұртшылықтың эстетикалық талап-талғамын қалыптастыруға алғаш қадам жасаған «Айқап» журналы болса, «Қазақ» бұл істі жандандыра түсті. Осы тұрғыдан алғанда, «Қазақ» әдебиетіміздің озық үлгілерін насихаттауда ерекше қызмет атқарды» [8, 117]. Оның дәлелі ретінде газетте жарияланған Абай шығармалары мен Абайдың сөз саптау дәстүрін жалғастырушы М. Дулатов, С. Торайғыров, т.б. жазушылардың көркем әңгіме, очерктерін айтуға болады. Газет Абай шығармаларын жариялау арқылы жазушыларға қазақ тілінің шұрайлы, оралымды тіл екенін, оның қыртысын жазып, көркем сөз тігісіне қалай жатқыза пайдаланудың үлгісін көрсетіп берді. Осы дәстүрді ұстанып, әдеби тілдің көркемдік қабатына ұштастыру үстінде көркем қара сөзге бет бұрған жазушылар «Қазақтың» тұрақты авторларына айналды. Мысалы, газет бетіндегі көркем прозалық шығармалардың дені М. Дулатовтың қаламынан туған. Олар – «Барымта» (1915, № 134), «Қуанышты күн» (1916, № 174), «Қымбат тай» (1915, № 118), «Қызыл қашар» (1915, № 160), Сайлау саясаты (1915, № 136), «Біздің

болыс жарайды» (1916, № 180), «Тік бақайлар» (1916, № 178), «Ішік қайырлы болсын» (1916, № 199), «Үш құдық» (1916, № 173), т.б. Бұл әңгімелері «Мәдияр» деген бүркеншік атпен берілген.

«Қазақтың» жұмысына белсене араласқан М. Дулатовтың бұл әңгімелерінің қай-қайсысы да, сол кездегі өмір шындығын, дәуір көрінісін, халықтың тыныс-тіршілігін суреттеуде көркемдеудің түрлі амал-тәсілдерін қарастырып, бейнелі де нәзік тілді прозаның қатарынан көрінеді деуге болады. Солардың ішінде зерттеушілердің назарына аз іліккен «Қуанышты күн», «Біздің болыс жарайды» деген шығармаларына көз жүгіртіп өтсек, ең алдымен көзге ілінері – жазушының тілі. Екі әңгіменің бойынан да жазушының сөз оралымдарын көркемдік ыңғайда жұмсау қабілеті, әңгіме құрастыру қасиеті анық аңғарылады. Ондағы *мал тарту, тізе көрсетпек болу, айбынын сыртына шығару, кемеліне жету, қазақтың жүрегін шаю*, т.б. секілді бейнелі сөз тіркестері мен «*Болыстың кемеңгер билігін естіп, көтеріліп қойдым*», «*Жарбосын да сабаз қасқыр-ау, осылардың құлқынына түсіп кеткенді қайта алып жүрген!*» тәріздес сөйлем нақыштарын дәлел ретінде айтуға болады.

«Қазақ» бетінде жарық көрген туындылардың ішінде көркем шығарма талабына жауап бере алатын, шоқтығы биік әңгімелер деп ірі жазушы С. Торайғыровтың қаламынан туғандарын айтуға болады. Газет бетінде жазушының «Жаланапш баба» (1916, № 182) атты аңыз әңгімесі жарияланған. Жаугершілік заманның оқиғасына арналғандықтан, оның сөз жұмсау ерекшелігі де сол кезеңнің көрінісін ашатындай стильде. Әңгімеден батырлар жырының тіліне, ХҮ-ХҮІІІ ғасырлар жыраулар поэзиясының сөз қолдану мәнеріне сай жұмсалған тілдік тұлғаларды, образды тіркестерді мол кездестіреміз. Оның бірқатары – *қызыл қаннан су жүргізу, су жағалай ту жүргізу, күпшек санды күреңнің сауырсында қыз жүргізу; сұмбіле туып сұмпиып, ат семіріп күмпиген уақыт; қу адасқан тұман, құлан адасқан шаң болу; найзадан күннің көзі көрінбеу*; т.б. Өткен күннің белгісін жасауда бұндай «әскери» фразеологизмдер арқылы шығарма тілі көркем де жатық шыққан.

XX ғасыр басындағы қазақ жазушыларының қазақтың жазба әдеби тілінің даму, өркендеу бағытындағы рөлі қандай болса, олардың шығармаларының қалыптасуында «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің орны да сондай үлкен болды. Қос басылымның төңірегіне қазақтың көзі ашық, көкірегі ояу азаматтарының көбірек топтасуының өзі кездейсоқ жағдай емес еді. «Айқап» пен «Қазақ» халық арасына көп тараған, ұлт руханияты үшін көркем сөз туындысына көп назар аударып, насихаттаған, жарияланған прозалық туындылардың тілдік-көркемдік қасиеттеріне баға беріп, өз кезегінде салмақты сын да айта білген басылымдар болды.

Алғашқы көркем проза үлгілері, сонымен қатар, «Алаш», «Қазақстан», «Сарыарқа» газеттерінде де азды-көпті көрініс тапты. Мәселен, оларда Б. Майлиннің, Ғ. Қараштың, М. Жанысбаевтың, Ж. Тілепбергеновтің, т.б. жазушылардың бірқатар әңгімелері жарияланып тұрған. «Сарыарқа» газетіндегі прозалық шығармалардың тіл құрылымына назар аударғанда, қазақ жазушыларының қара сөздің тегіктерін меңгере бастағанын, сөз бірліктерін көркемдік ыңғайда жұмсау талпыныстарын тануға болады. Газеттердің толық түпнұсқасы қолымызға түспегендіктен, «Алаш», «Қазақстан» беттеріндегі көркем прозаның тілдік, көркемдік сипаттары туралы мағлұматымыз аз.

XX ғасыр басындағы қазақ жазушылары өздерінің туындыларына таза халықтық тілдің элементтерін көптеп енгізу арқылы әдеби тілдің ілгері дамуына түрлі дәрежеде ықпал етіп отырғаны белгілі. Баспасөз беттеріндегі қара сөз үлгілерінде кездесетін кейбір тілдік ауытқулар (кітаби тілдің элементтері) араға көп уақыт салмай, өзінің қолданылу жиілігін азайтып үлгерді. «Айқап» журналы тіпті бір жыл өте өз бойын керексіз элементтердің бәрінен де тазартты. Бұған бірден-бір себеп – баспасөз беттерінде қазақтың сол кездегі алдыңғы қатарлы оқығандарының, ағартушы-жазушыларының ұлт тілінің бар байлығын қызғыштай қорып, оның тазалығы мен шұрайлылығына көп көңіл бөлген мақала, ұсыныстарының қойылуы еді. Осы ыңғайда «Айқаптың» 1913 жылғы санында: «Біз Самарқан, Түркістан, Бұхар, Ташкент жағынан келген бас қатырғыш дін жақиеттерінен арылып, енді Европа мәдениетінен суарылған жаңа өерлі тілді жасалық. Ол өнерлі тілдің үлгісін бізге Абай берді. Абайдан үйренейік, онан соң сынаптай таза, күмістей кіршіксіз қазақтың ауыз әдебиетінен, бұрынғы сөз тапқыр, шешен сөздерінен үйренейік», - деп жазған С. Торайғыровтың үндеу мақаласы арқылы қазақ әдеби тілінің тазалығын сақтап, оны жаңа қырынан дамытуға үлкен кадам жасалды жеуге болады [9, 404]. Тіл тазалығы жайында мәселе көтерген мақала тілінің өзі қазақ жазушысының жазба әдеби тілдің қалыптасып дамуы жолындағы күресу бағытын көрсетеді. Бұл бағыт басылым беттерінде әрі қарай толығымен түскен деректер қатарынан өз мазмұнын тапты. Тіл мәселесін бірінші орынға қойған «Қазақ» газетінде 1915 жылы М. Дулатовтың «Тіл құралы» (№ 93) рецензия-мақаласы жарияланды. Мақалада ой тазалығы мен тіл тазалығы туралы мәселе көтеріліп, қазақтың тілі мен ой-санасының дамуына, сақталуына әсер ететін жағдайлар келтірілген, оның үздік нұсқасы ретінде А. Байтұрсынұлының еңбегі ерекше ілтипатпен аталынған. Халықтың жаны – тіл деп

түсініп, оны қорғауда біріншілердің қатарынан көрінген қазақ зиялысының жақсы бастамасынан үздік нәтиже шығарудың ендігі тетігі үйренушілерде екендігі ескертілген.

Қазақ жазба әдеби тілінің қалыптасу барысындағы мұндай игілікті істің баспасөз беттерінде күн тәртібіне қойылуы қолына қалам ұстаған әрбір қаламгер үшін сабақ болды, сөздік қорды пайдалануда залық тілінің ішкі мүмкіндігінің молдығын түсініп, таразылай білуге көмектесті. Мерзімді басылымдардағы проза тілі осыны көрсетеді. Жалпыхалықтық тілдің түрлі амал-тәсілдерін қолдану арқылы қазақ көркем прозасы әдеби тілді байытып, жаңа өрнек, әсерлі тіркестермен толықтыра түсті. Ол жұмсалымдардың бірқатары: *сөздің пұлы, ойынның гүлі, іздегеніміздің қаруы қайтты; жастық деген бір базар; шақпа тілдер шығу; тұз еңбектері жараса алмау* («Айқап»); *тұғырдан түсу; санасыздыққа сүйену; сөзді шаниу көру; ірге күшке салу; көмірден қара, суреттен сұлу; елдегіні тауысып, белдегіге түсу* («Қазақ»); *дым бұркеуіші күшті болу; қалың төлеп қапы ұру* («Сарыарқа»), т.б.

Кез келген басылым қоғамның, сол қоғамда өтіп жатқан жағдайды, өзгерістің жаршысы қызметін атқаратыны белгілі болса, ХХ ғасыр басындағы қазақ ұлттық басылымдары қоғамның әдеби-мәдени саласындағы жаңалықтардың да негізгі ұйытқысы бола білді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Субханбердина Ү. Қазақ халқының атамұралары. – Алматы: ҚР ОҒА кітапханасы, 1999, - 834 б.
2. Бекхожин Х. «Айқап» журналы және оқу-ағарту мәселелері // «Қазақстан мектебі» журналы, 1964, № 3, 84-87 бб.
3. «Айқап» журналы. – Троицк. 1911, № 12.
4. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алматы, 1997. – 608 с.
5. Карашева Н. Грамматические особенности языка казахской публицистики начала ХХ века (на материале журнала «Айқап»). Дисс... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1959. – 262 с.
6. Майлин Б. Әдебиеттерінің көрсеткіші. – Алматы: Қазақстан, 1968.
7. Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі. – Алматы: Ғылым, 1968. – 265 б.
8. Әбдіманов Ө. «Қазақ» газеті. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 167 б.
9. Торайғыров С. Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан // «Айқап» журналы, 1913, № 19.

ЛЕКСИКО-ГРАММАТИЧЕСКИЙ РАЗРЯД КОЛИЧЕСТВЕННЫХ ЧИСЛИТЕЛЬНЫХ В АЛТАЙСКОМ ЯЗЫКЕ

А.Н. МАЙЗИНА,⁴

*Старший научный сотрудник,
кандидат филологических наук*

Резюме: Статья посвящена исследованию количественных числительных в алтайском языке. В работе показаны основные грамматические особенности алтайских количественных числительных. В статье также подробно проанализированы счетные слова, часто сопровождающие количественные числительные в алтайском языке.

1. Вводные замечания

Целью настоящей статьи является описание лексико-грамматического разряда количественных числительных в алтайском языке. Исследование проведено в рамках выполнения научно-исследовательского проекта «Грамматика алтайского языка. Морфология», раздел «Имя числительное».

При подготовке данной работы нами были использованы в первую очередь имеющиеся грамматик по тюркским языкам [1-11]. Из специальных исследований, посвященных изучению числительных в алтайском языке, нами интенсивно была использована статья Е. Н. Чунжековой «Имя числительное» [13, с. 39–48].

⁴Старший научный сотрудник, кандидат филологических наук, БНУ РА «Научно-исследовательский институт алтаистики им. С. С. Суразакова», Россия, Республика Алтай, г. Горно-Алтайск, e-mail: arshana@mail.ru

Кроме того, особо следует отметить работы В. В. Быкони [14], А. Э. Гармаевой [15, с. 41–42], Г. Д. Ибрагимова [16, с. 62–64], О. Б. Стрелковой [17], Н. С. Уртегешева [18, с. 34–40], посвященных изучению числительных в урало-алтайских языках.

В качестве иллюстративного материала послужили примеры из текстов алтайской художественной литературы, а также фольклорные источники.

2. Имя числительное в алтайском языке

Имя числительное — знаменательная часть речи, обозначающая число, количественный признак предметов, их совокупность, кратность и порядок при счете: *бежен* ‘пятьдесят’, *алтынчы* ‘шестой’, *үчү* ‘трое, втроем’, *экиүчтив* ‘две третьих’, *он катап* ‘десять раз’ и т.д.

В алтайском языке имена числительные представляют собой замкнутую, не пополняемую группу слов, состоящую всего из 14 базовых исконно алтайских слов: *бир* ‘один’, *эки* ‘два’, *үч* ‘три’, *төрт* ‘четыре’, *беш* ‘пять’, *алты* ‘шесть’, *jeti* ‘семь’, *segis* ‘восемь’, *тогус* ‘девять’, *он* ‘десять’, *жирме* ‘двадцать’, *одус* ‘тридцать’, *jüs* ‘сто’, *мув* ‘тысяча’. Кроме того, имена числительные образуются только от собственных основ. Другие части речи не могут служить для них производящей основой.

С функциональной точки зрения имена числительные служат средством языкового выражения счетной системы, элементы которой занимают строго определенное место. Каждое числительное в этой системе отличается от предыдущего или последующего на одинаковую величину: *бир* ‘один’, *эки* ‘два’, *үч* ‘три’; *онынчы* ‘десятый’, *жирмезинчи* ‘двадцатый’, *одузынчы* ‘тридцатый’ и т.д. В этом проявляется их семантическая соотнесенность и зависимость друг от друга.

По своим семантическим особенностям и морфологическим признакам имена числительные в алтайском языке традиционно подразделяются на следующие лексико-грамматические разряды: 1) количественные; 2) порядковые; 3) собирательные; 4) разделительные; 5) приблизительные; 6) дробные.

На современном этапе развития алтайского языка считаем также целесообразным выделение в алтайском языке лексико-грамматического разряда кратных числительных. Данный разряд выделялся в якутском [19, с. 411] и тофаларском [20, с. 129] языках.

В алтайском языке кратные числительные образуются аналитическим способом по следующей схеме: количественное числительное / порядковое числительное + слово *катап* ‘раз’. Например: *эки катап* ‘два раза’, *беш катап* ‘пять раз’, *он катап* ‘десять раз’.

3. Количественные числительные в алтайском языке

Количественные числительные отвечают на вопрос *канча?* ‘сколько?’ и обозначают количественный признак предметов или отвлеченное от конкретных предметов счетное понятие. Они составляют ядро, вокруг которого группируются и от которых образуются все остальные разряды числительных. В алтайском языке к ним относятся слова, обозначающие единицы: 1 — *бир*, 2 — *эки*, 3 — *үч*, 4 — *төрт*, 5 — *беш*, 6 — *алты*, 7 — *jeti*, 8 — *segis*, 9 — *тогус*; десятки: 10 — *он*, 20 — *жирме*, 30 — *одус*, 40 — *төртөн*, 50 — *бежен*, 60 — *алтан*, 70 — *жетен*, 80 — *segizen*, 90 — *тогузон*; сотни и тысячи: 100 — *jüs*, 1000 — *мув*. Все перечисленные названия являются общетюркскими. Кроме них, в словарный фонд алтайских числительных входят заимствованное из русского языка слово *ноль* и международные названия *миллион*, *миллиард*, *триллион* и т.д.

В функционально-семантическом аспекте количественные числительные в алтайском языке подразделяются на два типа:

1. Числительные, обозначающие конкретное количество предметов, подвергающихся счету. Выступая в качестве определений при существительных, они не склоняются. Имена существительные, определяемые количественным числительным, как правило, стоят в форме единственного числа: *үч бичик* ‘три книги’, *жирме бала* ‘двадцать детей’, *jüs агаиш* ‘сто деревьев’. Но иногда отмечаются случаи, когда количественные числительные обозначающие большие числа, могут иметь форму множественного числа. Например: *Качан да сүрүлбеген чөлдөрдү миллион=дор жыл=дар=га тууган ийде-күчи чыгара тебилип, сүрекей жакшы тўжүм бүткен* (ЖК, ЕЕС, 274) ‘Накопившиеся за миллионы лет силы у никогда не возделывавшихся степей вырвались наружу, очень хороший урожай уродился’.

Сочетаясь с глаголами, количественные числительные могут выражать кратность действия: *Коркыбас бир өлөр, коркынчак мув өлөр* (посл.) ‘Бесстрашный один раз умирает, трусливый тысячу (раз) умирает’.

2. Числительные, выражающие абстрактное значение числа без указания на предметы. Они могут употребляться самостоятельно, независимо от других слов и принимать аффиксы множественного числа, принадлежности и падежа, которые свойственны субстантивам. Например: «*Ме-меге тўвей ле...*» — деп, Пайскан каруузын айтты. «*Јавыс ла эки=лер тургуспайтан болзо*» (ЛК, ТУ, 246) «М-мне все равно...», — ответил Пайскан. «Только бы двойки не ставили».

Принимая посессивные аффиксы =ы / =и, =зы / =зи, количественные числительные обозначают определенное количество (штучность) предметов или лиц, выделившихся из общего количества (массы, состава) однородных предметов или лиц. Например: *Бир муv=ы чечкелейт, бирўзи дезе авдандырат* (заг.) 'Тысяча сечкой рубит, один (из них) переворачивает'.

В структурном отношении имена числительные делятся на простые, сложные и составные. К простым количественным числительным относятся названия, состоящие из одного слова с непроемной основой: *бир* 'один', *эки* 'два', *ўч* 'три', *тўрт* 'четыре', *беш* 'пять', *алты* 'шесть', *јети* 'семь', *сегис* 'восемь', *тогус* 'девять', *он* 'десять', *одус* 'тридцать', *јўс* 'сто', *муv* 'тысяча'.

К сложным, или композитным, количественным числительным относятся названия круглых десятков от 40 до 90. Они образуются путем сложения двух основ по следующей схеме: название соответствующей единицы + название десятка *он* 'десять'. При этом происходит полное фонетическое слияние данных основ, что приводит к затемнению внутренней формы составных компонентов: 40 — *тўртўн* (*тўрт* 'четыре' + *он* 'десять'); 50 — *бежен* (*беш* 'пять' + *он* 'десять'); 60 — *алтан* (*алты* 'шесть' + *он* 'десять'); 70 — *јетен* (*јети* 'семь' + *он* 'десять'); 80 — *сегизен* (*сегис* 'восемь' + *он* 'десять'); 90 — *тогузон* (*тогус* 'девять' + *он* 'десять').

Названия 20 и 30, не вошедшие в единую стройную систему образования круглых десятков в алтайском языке, представляют собой реликтовые формы. Числительное *јурме* 'двадцать' восходит к древнему **jegirmä* ~ *jegirbä*, которое, в свою очередь, образовано от *ekir*=*mi*, где *ekir* 'двойня, пара', *mi* 'десять' [10, с. 173], а числительное *одус* 'тридцать' восходит к древнетюркскому *otuz* 'тридцать' [21, с. 374].

В северных диалектах алтайского языка, в чалканском и кумандинском, для обозначения 40 и 50 используются числительные *кырык* 'сорок' и *элў* ~ *элиζ* 'пятьдесят' [22, с. 48–49; 23, с. 32–33; 24, с. 79], восходящие к др.-тюрк. *qırq* 'сорок' [21, с. 446] и *eliq* 'пятьдесят' [21, с. 170]. Архаичные формы названий 40 и 50, как известно, сохранились в современном шорском, хакасском, татарском, уйгурском, киргизском, азербайджанском языках.

К составным количественным числительным относятся числительные, состоящие из двух и более слов. К ним относятся: 1) названия круглых сотен и тысяч; 2) все количественные числительные, находящиеся между круглыми десятками, сотнями, тысячами и т.д.

Составные количественные числительные, обозначающие названия круглых сотен образуются по схеме: название единицы + слово *јўс* 'сто'. Например: *эки јўс* 'двести', *ўч јўс* 'триста', *тўрт јўс* 'четыреста', *беш јўс* 'пятьсот' и т.д. Названия круглых тысяч образуются по схеме: название единицы + слово *муv* 'тысяча'. Например: *муv* / *бир муv* 'одна тысяча', *эки муv* 'две тысячи', *ўч муv* 'три тысячи' и т.д.

Составные количественные числительные, обозначающие числа между круглыми десятками, сотнями, тысячами и выше (от 11 до 19, от 21 до 29 и т.д.) образуются путем сочетания простых и сложных числительных по нисходящему принципу. То есть единицы высшего порядка всегда предшествуют единицам низшего порядка: *он бир* 'одиннадцать', *јўс бежен јети* 'сто пятьдесят семь', *он муv тўрт јўс он эки* 'десять тысяч четыреста двенадцать' и т.д.

В алтайском языке количественные числительные, помимо аффиксов падежа, числа и принадлежности, выражая возраст, могут принимать аффиксы обладания =лу / =лў, =ду / =дў. Например: *Кўнеш быјыл пенсияга чыккан. Беш балалу кижии бежен=дў=де амыралтага барган* (ЖК, КТ, 129) 'Кюнеш в этом году вышла на пенсию. Человек, имеющий пять детей, в пятьдесят лет ушла на отдых'.

В алтайском языке количественные числительные, обозначающие конкретное количество предметов, в предложении выступают в роли подлежащего: *Алтыјашту уулчагым — меге јаан болушчы* (АА, КАЕС, 17) 'Мой шестилетний сын — для меня большой помощник'.

Выражая абстрактное количество (или число) и субстантивируясь, количественные числительные могут быть теми же членами предложения, что и существительные. Синтаксически они могут выполнять функции:

1) дополнения: *А кандый да јамылу кижиге сый эдерге мени эки кире албаа таап бер дееринде, мен экиниv ордына ўчўни бердим не* (ЭОАП, 257) 'А когда ты попросил меня найти

примерно двух соболей, чтобы сделать подарок какому-то чиновнику, я ведь вместо двух дал (тебе) трех?;

2) подлежащего: *Эмди јирме сегисболды ба?* (ЖК, ЕЕС, 14) ‘Теперь стало двадцать восемь?’;

3) сказуемого: *Аказы јетинчи класста, эјези — беште* (ТШ, ЈЧТ, 43) ‘Старший брат учится в седьмом классе, старшая сестра — в пятом’;

4) обстоятельства: *Аланныв деремнедеу чыкканына в бери төрткөнгөң* (ЭП, А, 180) ‘С тех пор как Алан выехал из деревни, прошло четыре дня (букв. четыре (раза) ночевал)’.

В алтайском языке количественные числительные склоняются по тем же общим правилам, что и все имена.

Количественные числительные в алтайском языке, как и во всех тюркских языках, часто сопровождаются нумеративами. О них подробно освещено в следующем пункте.

4. Нумеративы в алтайском языке

Нумеративы, или счетные слова (тооалгыш сөстөр) — слова, поясняющие существительные при счете. К нумеративам относятся слова, обозначающие счетную группу, к которой принадлежит конкретный исчисляемый предмет. Они вставляются между числительным и названием исчисляемого предмета, функционируя по следующей формуле: количественное числительное — нумератив — существительное. Например: *бир тилим калаш* ‘один ломтик хлеба’, *эки ууш арба* ‘две горсти ячменя’, *бир уурт суу* ‘один глоток воды’ и т.д. Данная модель едина во всех тюркских языках и может быть возведена в праязыковое состояние [25, с. 65].

Для алтайского языка характерна также другая синтаксическая модель: приблизительное числительное — нумератив — существительное. Например: *Кажы ла биле эки-ең айгыр малду, он-јирме саар уйлу, јес кире койлу* (ЖК, ЕЕС, 121) ‘У каждой семьи по два-три табуна лошадей, десять-двадцать дойных коров, около ста овец’.

Кроме того, в алтайском языке отмечается нумеративная модель, где счетное слово и существительное сочетаются без числительного. В данном случае подчеркивается единичность предмета. Например: *Бир катап байрам алдында өббөн тилимјуу ла калаш таап, балдарын азырады* (ТТ, ЭЧ, 384) ‘Однажды перед праздником мужчина, добыв кусочек сала и хлеб, накормил своих детей’.

В алтайском языке в нумеративных конструкциях счетные слова и существительные иногда располагаются дистантно; между ними могут вставляться другие части речи: частицы, послелого, прилагательные и др.: *Бир ле азым тиречай болгон болзо* (ЭОАП, 319) ‘Было бы хоть в одну варку живительного чая’.

В алтайском языке нумеративы, как правило, по каким-либо морфологическим категориям не изменяются и употребляются только в форме единственного числа. Форманты множественного числа, принадлежности и падежа принимают последующие за ними существительные. Например: *Өрөкөн бир тизим апагаиш јыламаиш=тар, эки кызыл куйка, бир алтын акча эжелген* (АА, ОЧК, 480) ‘Старец принес две низанки беленьких раковин каури, две красных пуговицы, одну золотую монету’.

По морфологическим категориям нумеративы могут изменяться лишь как самостоятельные слова, вне трехчленной количественной конструкции (1) либо в эллиптических конструкциях, где существительное стоит впереди числительного и нумератива (2).

(1) *Бирсөм=нөв, кажы бир өлө=деу јылып, блиндажка јууктап алдыс* (АА, ОЧК, 16) ‘Подползая к самой малой (букв. по одной четвертинке, по самой малой толщине пальца), приблизились к блиндажу’.

(2) «Авчы» *Абаны јастыра ондойло, тθvθитив тθзине отурбай, узунэкиметр=деу артык кейек тθvθикθ атпактанып јадып чыгала, ойдыа кейеп калган јерге кептеле отурып алган эмтир* (ӨТ, 93) ‘«Охотник» неправильно поняв Аба, не сев возле пня, а, цепляясь, взобрался на столб длиной свыше двух метров, втиснулся в сгоревшее до дырки место’.

Счетные слова, ввиду того, что они выступают в составе количественной конструкции, сопровождая числительные и существительные, функционально приближаются к классу служебных слов. Но, в отличие от них, нумеративы имеют свое собственное лексическое значение.

Главным семантико-синтаксическим свойством счетных слов является то, что они в зависимости от ситуации могут сочетаться только с определенным кругом слов. Например, при счете штучных предметов в алтайском языке используются слова: *болчок* ‘штука, экземпляр; кусочек; персона’, *бөлек* ‘часть, группа, партия’, *εер* ‘группа, ряд, набор; стадо, табун, стая’. Они могут определять как совокупность однородных предметов, так и группу лиц или животных: *бир*

болчок калаш ‘один кусочек хлеба’, *бир ээр уулчактар* ‘одна группа мальчишек’, *бир бөлөк улус* ‘одна группа людей’.

Нумератив *болчок* ‘штука, экземпляр; кусочек, персона’ используется только при исчислении малого количества предметов. В алтайском языке стилистически неправильным будет такое сочетание, как **беи муу болчок кижии* ‘пять тысяч (персон) человек’.

Кенине жийтеним бир тилим калаи, эч болчок картошко (ЖК, ОЈ, 67) ‘Мое питание (букв. съедаемое за день) за день — один кусок хлеба, три штуки картошки’; *Оноу бөрүгүн кийип, адынау түүжүп, топчыланала, адыныу жалынауэки бөлүк кыл жулуп алды, чеедегиниу карманынау эки кыйра алды* (ИШ, ТА, 43) ‘Затем, надев шапку, спустившись с коня, пристегнув пуговицы, вырвала две партии волос с гривы своего коня, вытащила из карманов чеедека (алтайская национальная одежда замужней женщины) две ленточки-кыйра’; *Яантайын ла энем керегинде сананып ла оныуогына кородоп, энеме кереес эдип, сээитив ле эрикчелдиубир ээр элгерлерин бичигем* (БУ, СӨ, 182) ‘Постоянно думая о маме и горюя без нее, в память о маме написал (один) ряд стихов о любви и печали’.

К числу нумеративов, используемых при исчислении штучных предметов, относится слово *өрөкө* ‘двор (со всеми домочадцами)’, представляющее собой историзм. Известно, что в старину алтайцы жили обособленно друг от друга, отдельными дворами, куда входило несколько близкородственных семей с общим хозяйством.

Анда тонокчылар Кайсын сууны жакалай журтаган беи өрөкө айылдыу улусын бала-барказыла, мал-ажыла катай айдап эжелген эмтир (ИШ, КЈ, 13) ‘Там грабители пригнали живших вдоль реки Кайсын пять дворов семей со всеми детьми, с домашним скотом’.

При счете парных предметов в алтайском языке употребляется слово *эжер* ‘пара’. Например: *Тана бойы да эки-үч эжер чулук түүйле, колхозтыу складана жетирген* (ӨТ, 13) ‘Тана и сама, связав две-три пары чулков, доставила в колхозный склад’.

Особый набор счетных слов используется при исчислении количества животных. К ним относятся следующие нумеративы: *айгыр* ‘табун лошадей во главе с жеребцом’ (букв. жеребец), *табын* ‘стадо’, *тын* ‘душа’, *уйа* ‘гнездо, выводок’, *ээр* ‘группа, ряд, набор; стадо, табун, стая’.

Алтан айгыр мал одордо жере(ИШ, КЈ, 46) ‘Шестьдесят табунов лошадей находятся на пастбище’; *Быжыл бисте эки жес тын мал кыштап жат* ‘В этом году у нас будет зимует двести голов скота (букв. двести душ скота)’; *Сугат жаар кылчас этсе, чыт ла эткен четтердеубир ээр мал чыга конды* (ЭОАП, 424) ‘Когда бросил взгляд в сторону водопоя, из-за густых порослей молодых лиственниц выбежал (один) табун лошадей’.

При счете насаждений употребляется универсальное слово *төс* ‘куст’, ‘саженец’, ‘рассада’, ‘кочан’, ‘головка’ и т.д., которое может сочетаться с широким кругом слов, обозначающих различные виды растений и деревьев. Это могут быть сочетания типа: *беи төс боро вот* ‘пять кустов смородины’, *эки төс капуста* ‘два кочана капусты’, *жирме төс согоно* ‘двадцать головок лука’, *он беи төс помидор* ‘пятнадцать кустов помидоров’ и т.д.

Je база, бир-эки төс грушаны вагажы кайткай не деп, сураарга санаган болгом (ЧЧ, БТ, 69) ‘Ну что еще, хотел спросить, что же станется с двумя-тремя саженцами грушевого дерева’.

Для измерения объема жидких и сыпучих тел в алтайском языке используются счетные слова *уурт* ‘глоток’, *ууш* ‘горсть’, *чарак* ‘жареное ячменное зерно’.

Сары-Кобы. Лайгыда мында бир де уурт суу таппазыу (К, 23) ‘Сары-Кобы (долина). Летом здесь и глотка воды не найдешь’; *Ол жерге бир ууш чарак чачып, омордыу черези ума жок көп деп көргөскен* (ТТ, ЭЧ, 61) ‘Он, бросив на землю одну горсть зерна, показал (этим), что войско их огромно’.

В деривационном отношении многие счетные слова в алтайском языке представляют собой отглагольные существительные, образованные при помощи аффиксов =ам / =ем, =ом / =өм, =ым / =им, =ум / =эм, =м. К ним относятся следующие слова: *ад=ым* ‘выстрел’ (от *ат*= ‘стрелять’), *аз=ым* ‘варка’ (от *ас*= ‘варить’), *алта=м* ‘шаг’ (от *алта*= ‘шагать’), *jud=ум* ‘глоток’ (от *jut*= ‘глотать’), *кез=им* ‘отрезок, кусок’ (от *кес*= ‘резать, отрезать, рубить’), *тарт=ым* ‘затяжка (табака)’ (от *тарт*= ‘тянуть, натягивать; тащить’), *тиз=им* ‘связка, низанка; вереница, ряд, череда’ (от *тис*= ‘нанизывать’), *тил=им* ‘кусочек, ломтик’ (от *тил*= ‘отдирать, раздирать на мелкие части’), *тишите=м* ‘откус, кусочек’ (от *тишите*= ‘кусать, откусывать’), *туд=ам* ‘охапка, горсть, пучок’ (от *тут*= ‘держат’), *чайна=м* ‘кусочек, жевок; количество (пищи), достаточное для разжевывания в один прием’ (от *чайна*= ‘жевать’), *чымчы=м* ‘щепотка’ (от *чымчы*= ‘щипать’) и др.

Олорды *в мени апарган **жирме алта=м жери** меге беристедий бодолгон* (ЖК, ОЈ, 83) ‘Расстояние, равное двадцати шагам, по которому они повели меня, показалось для меня целой верстой’; *Иванушка аттав тешти. Бир туд=ам суланы жулуп, оныла камчы чылап жагыды, буканы кырадав чыгара айдады* (ТТ, ЭЧ, 298) ‘Иванушка слез с коня. Нарвал охалку овса, помахал ими [стеблями овса] как плетью, прогнал из поля быка’; *Бир айак сэт те, бир тил=им быштак та жок артып калары *в** (БУ, ТТБА, 304) ‘Останешься и без единой чашки молока, и без кусочка сыра’.

В алтайском языке в системе счетных слов отдельную группу составляют слова, обозначающие меры длины, веса, объема и т.д. К ним относятся следующие меры.

Мелкие меры длины: *карыш* ‘пядь, четверть, расстояние между вытянутыми большим и средним пальцами’, *сөм* ‘четверть, расстояние между вытянутыми большим и указательным пальцами’, *мукур* (*мукур сөм*) ‘расстояние между большим и согнутым указательным пальцем’, *эле ~ өлө* ‘мера, равная толщине пальца’, *кары* ‘мера, равная расстоянию от локтя до кончиков пальцев’, *аршын* ‘старинная мера длины (= 71 см.)’, *кулаш* ‘сажень, расстояние, равное размаху рук’; *байры* ‘мера длины ткани, равная ее ширине’.

Бир аршын бөсти теверине иле эдип алды (ЧЧ, М, 26) ‘Из одного аршина ткани [он] сделал петлю на шаманский бубен’; *Акта от кейет, оны уянында бир кулашсагалду журукча карган өбөөн отурды* (ТТ, ЭЧ, 427) ‘На поляне горит костер, возле него сидит старый дед ростом с кулак, с бородой в одну сажень’; *Онов мылтыктары да не овду 12бнее 126 деер: бирезинив жектенип алганы алты сөм трап, экинчизинив — ТОЗ* (ЭТ, СТ, 16) ‘Вдобавок ружья то их сносными не назовешь (букв. скажешь): у одного из них на плечах дробовик в шесть четверти, у второго — ТОЗ’.

Крупные меры длины: *чакырым* ‘расстояние, равное 1 км.’, *беристе* (от русск. *Верста*) ‘верста; расстояние, равное 1,06 км.’. К крупным мерам длины относятся также описательные термины, обозначающие путевые меры: *бир кендикжер* ‘расстояние, равное однодневному пути на лошади ($\approx 50-60$ км.)’, *айлык жер* ‘отдаленность местности на месяц пути’, *жылдык жер* ‘отдаленность местности на год пути’, *кен жортумжер* ‘расстояние, которое можно проехать на лошади за 1 день ($\approx 50-60$ км.)’, *мылтык адым кире жер* ‘расстояние, равное одному ружейному выстрелу’.

Жирме чакырым жерге мавтадатан жарышта одуска жуук аттар барган (ИШ, КЈ, 35) ‘В состязаниях по бегу на расстояние в двадцать верст участвовало около тридцати лошадей’; *Уул кызыл кен болгончо бир кендик жер өткөн* (ЭТ, К, 51) ‘Юноша, пока светило солнце, прошел однодневный путь’; *Олор жытты кен жортум жердеп алып жадылар* (ТТ, ЭЧ, 362) ‘Они могут учуять запах на расстоянии, которое можно проехать за день’.

Меры измерения времени: *чай кайнадым / чай азым* ‘время, равное кипячению чая ($\approx 10-15$ мин.)’, *тавкы тартым / каваз тартым* ‘время, равное курению одной трубки табака ($\approx 10-15$ мин.)’, *кен армакчы чачым* ‘солнце находится на такой высоте, что можно накинуть аркан’, *кен чылбыр чачым* ‘солнце находится еще ниже, что можно накинуть чембур’, *кен чылбыр бажы* ‘солнце находится на кончике чембура’.

Бир ле чай кайнамга эмезе тавкы тартымга барып келер 12бнее (БУ, ТТБА, 53) ‘Ведь можно съездить за время, равное одному кипячению чая или за время курения одной трубки’; *Амыр-Санаа ажуныв кырында артып калала, эки тавкы тартым кирелөйдив туркунына сананып отырган* (ИШ, КЈ, 105) ‘Амыр-Санаа, оставшись на краю перевала, размышлял на протяжении времени в два курения трубки’; ... *Эжер ажып брааткан кенди көзнөктөв көрөп, эмеш санааркап айтты: «Кен эмди де чылбыр бажы бар турбай»* (АА, УБТ, 116) ‘... Эжер, посмотрев в окно на садящееся солнце, несколько переживая, сказал: «Солнце, оказывается, пока еще не село (букв.: солнца и сейчас, оказывается, осталось еще на кончике чембура)»’.

Меры веса и объема. В алтайском языке мерой веса и объема служат названия стандартной посуды: *калбак* ‘ложка’, *айак* ‘чашка’, *бортого* ‘деревянное ведро’, *көндөк* ‘ведро’, *чапчак* ‘кадка’, *кел* ‘деревянная емкость для изготовления кисломолочного продукта чегеня’, *тепиши* ‘чаша для мяса’, *казан* ‘казан, котел’, *чөйгөн* ‘чайник’ и т.п.

Басекко бир айак чай да ургулабады (СС, АКС, 135) ‘Басеку ни одной чашки чая не налили’; *Бир көнөк картошкого эки көнөк арба бергилейтен* (ЭП, А, 14) ‘За одно ведро картошки давали два ведра ячменя’.

К названиям винных мер в алтайском языке относятся слова *тажуур* ‘кожаный сосуд для жидкостей’, *чөбчөй* ‘маленькая чашка’.

Күптүн кийин жанына бир тажуур аракыны Кылгай алып, Бајага берди (ИШ, ТА, 54) ‘Кылгай, вытащив из-за деревянной емкости для изготовления кисломолочного продукта чегеня один тажуур спиртного напитка, отдал Бадья’; *Савелий одузы ол тойдо болгон, је бир чөөчөй аракы, бир тилим калаш амзабаган дешкилеер* (ЖК, ОЈ, 49) ‘Семейство Савелия присутствовало на той свадьбе, но говорят, что [они] ни одной чашки спиртного, ни одного кусочка хлеба не попробовали’.

К заимствованным названиям меры веса и объема относится старинное русское слово *пуд* (= 16,38 кг.). Например: *Он чай, эки талама, беш пуд кулур, пуд тавкы берейин — деп, койойым кыргынны алаканына алаканын жырс этире тажсыды* (ИШ, КЈ, 27) ‘Говоря: «Я дам тебе десять (пачек) чая, два (рулона) хлопчатобумажной ткани, пять пудов муки, пуд табака», — купец громко ударил казака по руке’.

Меры площади: В алтайском языке в старину использовалось слово *адыс* – загон ($\frac{1}{18}$ десятины), являющееся в настоящее время архаизмом. Например: *Онойдо эки ады көбөк ажып, терлеген-бурлаган, эр бойыны мавдайыны тери мойнына тыкталаган, шыралай-боролой алты адыс жер сереп алала, беш адыс жерге сула чачып, агаи тиште тырмуушла тырмууштап койды, бир адыс жерге рен жетпей каларда, Мекишке ого эки көнөк арба берди* (ЧЧ, БТ, 178) ‘Так две лошади его, обливаясь пеной, вспотели, у самого мужчины пот со лба скатился на шею, мучаясь-мыкаясь, вспахав участок в шесть загонов ($\frac{1}{18}$ десятины), посеяв овес на участке в пять загонов ($\frac{1}{18}$ десятины), (он) забороновал (его) граблями с деревянными зубьями; когда на участок в один загон ($\frac{1}{18}$ десятины) не хватило семян, Мекишке дал ему два ведра ячменя’.

В связи с введением десятичной системы мер (в 1927 г.) в алтайском языке в качестве счетных слов стали использоваться международные единицы измерения *метр, километр, килограмм, литр* и т.д.

Ередеге мен кенев ле сайын нөкөрлөрүмле кожо журме беш километр жол өдөтөм (ЛК, ЛП, 9) ‘До места учебы я ежедневно вместе с друзьями проходил путь в двадцать пять километров’.

5. Выводы

Проведенный анализ показал, что количественные числительные в алтайском языке отличаются своими грамматическими особенностями. Как и имена существительные, они обладают морфологическими категориями числа, падежа и принадлежности. Самой яркой отличительной чертой количественных числительных, пожалуй, является то, что они составляют ядро, вокруг которого группируются все остальные разряды числительных.

Другой отличительной чертой количественных числительных в алтайском языке, как и в других тюркских языках, является то, что они могут употребляться с нумеративами, или счетными словами.

Основная функция счетных слов заключается в пояснении имен существительных при конкретном счете. Специфическим свойством нумеративов является то, что они сочетаются только с определенным кругом слов. Данный класс слов интересен еще и тем, что в их состав входят названия мер веса, объема, длины и т.д.

Список литературы

1. Грамматика алтайского языка / Составлена членами Алтайской духовной миссии. Казань, 1896.
2. Грамматика киргизского языка. Фрунзе, 1987.
3. Грамматика современного башкирского литературного языка. М.: Наука, 1981.
4. Грамматика современного якутского языка. Фонетика и морфология. М.: Наука, 1982.
5. Грамматика хакасского языка. М.: Наука, 1975.
6. Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. М.–Л.: Изд-во АН СССР, 1948.
7. Дыренкова Н.П. Грамматика ойротского языка. М.–Л., 1940.
8. Исаков Ф.Г., Пальмбах А.А. Грамматика тувинского языка. Фонетика и морфология. М.: Изд-во вост. лит.-ры. 1961.
9. Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. М.–Л., Изд-во АН СССР, 1956.
10. Сравнительно-историческая грамматика. Морфология. М., 1988.
11. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Региональные реконструкции / Отв. ред. Э.Р. Тенишев. М.: Наука, 2002.
12. Татарская грамматика. Том II. Морфология. Казань, 1993.
13. Чунжекова Е.Н. Имя числительное // Записки ГАНИИИЯЛ. Горно-Алтайск, 1962. Вып. 5. С. 39–48.

14. Быконя В.В. Структурно-морфологическая система числительных и история ее формирования в диалектах селькупского языка. АДД. Йошкар-Ола, 1996.
15. Гармаева А.Э. Синтаксические функции количественных числительных в монгольских и тюркских языках // Урал-Алтай: через века в будущее: материалы V Всероссийской тюркологической конференции, посвященной 80-летию Института истории, языка и литературы Уфимского научного центра РАН. Уфа, 2012. С. 41–42.
16. Ибрагимов Г.Д. Функции числительных в тюркских языках (на материале башкирского языка) // Историко-культурное взаимодействие народов Сибири: Материалы Международной научно-практической конференции / Под ред. И. В. Шенцовой, Д. М. Токмашева. Новокузнецк: Изд-во КузГПА, 2008. С. 62–64.
17. Стрелкова О.Б. Имена числительные удмуртского языка (в историко-типологическом аспекте). АКД. Ижевск, 2009.
18. Уртегешев Н.С. Количественные числительные в языке калмаков // Актуальные вопросы алтайского языкознания. Горно-Алтайск, 2008. с. 34–40.
19. Убрятова Е.И. Якутский язык // Языки народов СССР. Т. 2. Тюркские языки. М., 1966. С. 411.
20. Рассадин В.И. Морфология тофаларского языка в сравнительном освещении. М.: Наука, 1978.
21. Древнетюркский словарь. Л., 1969.
22. Баскаков Н.А. Диалект кумандинцев (куманды-кижи). Грамматический очерк, тексты, переводы и словарь. М.: Наука, 1972.
23. Баскаков Н.А. Диалект лебединских татар-чалканцев (куу-кижи). Грамматический очерк, тексты, переводы, словарь. М.: Наука, 1985.
24. Тематический словарь северных диалектов алтайского языка / Ред. Н. А. Дьайым. Горно-Алтайск, 2004.
25. Гаджиева Н. З. Основные пути развития синтаксической структуры тюркских языков. М., 1973.

Условные сокращения цитируемых текстов

- АА, КАЕС — А. Адаров. Кудайлык Алтай. Ергелји сѣеш. Горно-Алтайск, 2005.
 АА, ÖЧК — А. Адаров. Öлемнив чавкыр кужы. Горно-Алтайск, 1993.
 АА, УБТ — А. Адаров. Уча берген турналар. Горно-Алтайск, 1980.
 БУ, СӨ — Б. Укачин. Сѣеш ле ӨштӨжѣ. Горно-Алтайск, 1981.
 БУ, ТТБА — Б. Укачин. Туулар туулар ла бойы артар. Горно-Алтайск, 1971.
 ЖК, КТ — Ж. Каинчин. Карган тыт. Горно-Алтайск, 1994.
 ЖК, ОЈ — Ж. Каинчин. Ол жараттав. Горно-Алтайск, 1980.
 ЖК, ЕЕС — Естебисте Еч-Сѣмер. Горно-Алтайск, 2003.
 ИШ, КЈ — И. Шодоев. Кызылавду жылдар. Горно-Алтайск, 1984.
 ИШ, ТА — И. Шодоев. Тав алдында. Горно-Алтайск, 1972.
 К — Кайываш. Горно-Алтайск, 1984.
 ЛК, ЛП — Л. Кокышев. Јүс письмо. Горно-Алтайск, 1990.
 ЛК, ТУ — Л. Кокышев. Туулардыв уулы. Горно-Алтайск, 2010.
 ÖТ — Öйлөрдив тебинев. Горно-Алтайск, 1993.
 СС, АКС — С. Суразаков. Алтайым керегинде сѣс. Горно-Алтайск, 1985.
 ТТ, ЭЧ — Т. Торбоков. Эрјинеле чөрчөктөр. Горно-Алтайск, 2006.
 ТШ, ЈЧТ — Т. Шинжин. Јаскы чечектердив тавдагы. Горно-Алтайск, 1990.
 ЧЧ, БТ — Ч. Чунижеков. Бичигенинив талдамазы. Горно-Алтайск, 1959.
 ЧЧ, М — Ч. Чунижеков. Мундузак. Горно-Алтайск, 1962.
 ЭӨАП — Эмдиги Өйдив алтай повестьтери. Горно-Алтайск, 1989.
 ЭП, А — Э. Палкин. Алан. Горно-Алтайск, 1978.
 ЭТ, К — Э. Тоюшев. Кечелер. Горно-Алтайск, 1978.
 ЭТ, СТ — Э. Тоюшев. Сымылтыныв толкулары. Горно-Алтайск, 1971.

БЕЙНЕЛІЛІК МӘСЕЛЕСІНІҢ ЛИНГВИСТИКАДА ЗЕРТТЕЛУІ

С.Н. НАУРЫЗБЕКОВА,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты

Ғылыми жетекшісі: М.К.Ахметова, филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

Астана қаласы

Аннотация

В данной статье рассмотрено понятие "образность" и использование его в разных сферах, а так же проблема образности в языкознание. Рассмотрено проблема образности не только в литературных произведениях, но и в разных культурных сферах.

Abstract

This article discusses the concept of "imagery" and its use in various fields, as well as the problem of style in linguistics. We consider the problem of imagery not only in literature, but also in different cultural spheres.

Бейнелілік – ұғымның әртүрлі түсіндірілуіне байланысты стилистика, лингвистика, әдебиеттану, психология, философия, мәдениеттану, фольклористика салаларына ортақ күрделі категория. "Бейнелілік" немесе "бейнелі" сөздері "поэтикалық", "шығармашылық", "көркемдік" секілді сөздермен қатар қолданылған жағдайда, жан-жақты, терең түсіндіруді талап етеді. А.Ф.Лосевтың түсіндіруі бойынша бұндай жағдайда "бейнелілік семантикалық реңктердің күрделі жолмен қалыптасқан салмағына ие болады". [1, 175].

Кең мағынасында алып қарағанда, бейнелілік – бұл жандылық, көркемдік, өнердің кез келген түрінің ажырамас бөлігі болып табылатын бейненің мәнерлілігі, айналадағы бізді қоршаған шындықты әлдебір эстетикалық идеалдың позициясы арқылы ұғынудың формасы.

Стилистика сөз бейнелілігін көркем әдебиет тілінде толық көрініске ие болған стильдік ерекшелік ретінде қарастырады. Ирина Голубтың анықтамасына сәйкес "көркем контекске енген сөз шығарманың күрделі бейнелі жүйесіне еніп, өзгеріссіз эстетикалық функцияны орындайды" [2, 271]. Ал егер сөз бейнелілігін тар мағынасында қарасақ, ол сөздердің семантикасы өзгерген ауыспалы мағынасында қолданумен ғана шектеледі. Сонымен қатар, бейнелілік мәнге ие болған сөз көркем шығармада белгілі бір дәрежеде өзінің номинатив қызметін жоғалтып, мәнерлі, экспрессиялық мәнге ие болады. Сөз бейнелілігінің мағынасын зерттеу бағытында сөзге эстетикалық-көркемдік мән беретін лексикалық амалдардың қолданылуы негізгі нысанға алынады. Д.Б.Ольховиковтың тұжырымы бойынша қиындық тудыратын бір нәрсе: "бейнелілік термині осы терминге мағыналас болып келетін "айқындық", "экспрессивтілік", "метафоралылық" (кең мағынасында), кейбір авторлардың еңбектерінде "символдылық", "поэтикалық" деп берілетін семантика-стилистикалық категориялардың мағыналарымен астасып, жымдасып жатуы" [3,341]. Бейнеліліктің берілу жолдарын қарастыра келе, металолия (көркем шығармада сөздерді ауыспалы мағынады, бейнелі түрде қолдану) ұғымымен қатар қолданылатын троптық бейнелілік пен автология (көркем шығармада сөздерді тура мағынасында қолдану) ұғымымен қатар қолданылатын троптық емес бейнелілікті бөліп қарастыруға болады [2, 280]. Әдетте, бейнелілік мәселесі тіл біліміне қарағанда әдебиеттану саласында зерттелетіндігі белгілі. Әдебиеттану троптарды әдеби шығарманың әлемін жасаушы негізгі құралдардың бірі ретінде қарастырып, сөз бейнелілігін шығарманың ішкі бейнесімен шектейді.

Алайда, егер әдебиеттануда "бейне", "бейнелілік" ұғымдарын түсіндірген кезде "троп" терминін негізге алатын болсақ, стилистикада "ішкі бейнелілік" терминіне, сөздер мен сөз тіркестеріне сүйенеміз. Тіл білімінде "сөздің ішкі формасы", "сөздің лексикалық мағынасы", "сөздің ауыспалы мағынасы" сияқты ұғымдарды қарастырамыз. Сөздің ішкі формасы – сөздерді құрайтын морфемалардың семантикалық және құрылымдық бірлігі. Ішкі форма нақты мағына не себепті дәл осы дыбыстардың бірлігі арқылы жүзеге асқандығын көрсетеді.

Сонымен бірге сөздің ішкі формасы сөздің лексикалық мағынасын құрудағы номинациялық негізге тірек болатын басты белгі ретінде де қарастырылады. Бұған әр түрлі тілде бірдей құбылыстардың әртүрлі белгілеріне байланысты өзгеше аталатындығын дәлелге келтіре аламыз. Сөздің ішкі формасы туралы алғашқы зерттеулер В. Фон Гумбольд пен А.А.Потебняның есімдерімен байланысты. А.А.Потебняның пікірі бойынша "сөздің ішкі формасы – ой мазмұнының санаға қатысы, ол адамға өзінің ойы қалай қабылданатындығын көрсетеді". [4, 98]. В. фон Гумбольдт сөздің ішкі

формасын тілдің сыртқы формасы арқылы бекітілген, белгілі бір тіл қолданушысының дүниетанымдық ерекшеліктерін анықтайтын ұғымдардың жүйесі деп түсіндіреді. Номинация теориясында маңызды мәселелердің бірі сөздің лексикалық мағынасы мен сөздің ішкі формасының ара қатынасы болып табылады. Лексикалық мағына – заттың немесе құбылыстың бастапқы мағынасы. Сөздің лексикалық мағынасында ол затқа немесе құбылысқа тән барлық ерекшеліктер мен оның белгілері қамтылмауы мүмкін, тек ең маңыздылары ғана есепке алынады. Лексикалық мағынаның басты қызметі – затты немесе құбылысты басқа нәрселерден ажырату. Сол себепті барлық сөздер бір ғана лексикалық мағынаға ие болмауы мүмкін, көп мағыналы сөздің әрбірі контексте ашылады. Сөздің негізгі лексикалық мағынасынан туындайтын, оған метонимиялық, метафоралық немесе кеңістік, уақыттық, басқа да мағына үстейтін мағына ауыспалы мағына деп аталады. Ауыспалы мағына кейде негізгі, кейде қосымша мағына ретінде жұмсалады. Сөздің семантикалық құрылымындағы мұндай өзгерістер эмоционалды-бағалауыш, ассоциациялық немесе әсер етудің басқа факторларына негізделеді. Біз сөздің ауыспалы мағыналарында ғана бейнелілікті анықтап, оның сөздің ішкі формасымен арақатынасын белгілейміз. Бұл – лингвистикада сөз бейнелілігін зерттеудің негізгі аспектісі.

Сонымен бірге, бейнелілік пен бейне ұғымы жаңа ғылыми бағыттар – когнитивті лингвистика мен когнитивті психология салаларында да қарастырылады. Когнитивизм психологиялық ғылымның жаңа бағыты ретінде ХХ ғасырдың ортасында пайда болды. Когнитивизмнің басты нысаны – адамның ішкі ойлау процестерінің ұйымдастырылуы. Когнитивті психологияда, Р.Солсоның анықтамасы бойынша, "бейне – болмыста жоқ объектінің немесе құбылыстың мидағы репрезентациясы (көрінісі)" [5, 252]. Ал бейненің негізгі міндеті шын өмірде орын алған құбылыстарды "бастағы сурет" немесе "шындық әлемнен алынған сценалардың жобасы" ретінде есте сақтау. Бейне туралы мұндай пікірлер құрылымдық парадигма кезеңінде де орын алған. Бұл кезеңде "бейне" көрген құбылыстарды есте сақтау тәжірибесі ретінде ғана сөз болған. Алайда когнитивті психологияда "бейне" көрген нәрсенің көшірмесін ғана жасамайды, ол болған оқиғаларды сұрыптап, шындық өмірде мүмкін емес жағдайларды елестету арқылы оларды есте сақтайды. Ақпараттарды өңдеу процестерінің когнитивті жүйесінде бейнелілік категориясы "ойдағы бейне" және "бейнелерді тану" контекстінде жан-жақты ашылады. Ойдағы бейнелердің негізгі белгісі индивидтің "когнитивті карта" бейнесін қалыптастыра білу қабілеті болып табылады.

Когнитивті лингвистика – когнитивті психологияға қарағанда жаңа ғылым саласы. Когнитивті лингвистикада бейне ұғымы "әлемнің тілдік бейнесі" ұғымымен тікелей байланысты. "Әлем бейнесі" ұғымы адамзаттық болмысты анықтайтын іргелі ұғымдардың біріне жатады. Дүниені танудың қанша амалы болса, әлемнің сонша бейнесі бар. Әлемнің тілдік бейнесі арнайы суреттердің, бейнелердің қатарынан тұрмайды, себебі тілді білмей әлемді тану мүмкін емес. Осылайша әлемнің тілдік бейнесі адамзат санасында оны қоршаған дүние туралы көріністерінен қалыптасады. Адам әлемді тану арқылы қоршаған орта туралы өз көрінісін қалыптастырады, яғни оның санасында белгілі бір "әлем моделі", соның ішінде "әлемнің тілдік моделі" туындайды. Егер әлем – адам мен оны қоршаған ортаның өзара ара қатынасы болса, онда әлемнің бейнесі – адам мен оны қоршаған орта туралы ақпараттардың нәтижесі. Сыртқы әлемнің барлық заттары мен құбылыстары адам санасында ішкі бейнелер формасында көрініс табады. Бұл кейде "ұғымдық өріс", "мағыналар жүйесі" деп те аталады, яғни әлемнің бейнесі – тілде көрініс табатын бейнелердің жүйесі. Бейнелілік категориясын когнитивті лингвистиканың категориясы ретінде алдыңғы қатарға шығару бейнелілік мәселесін әдебиеттанудың шеңберінен шығып, лингвистикалық зерттеулерде қарастыруға мүмкіндік береді.

Көркем бейне ұғымының негізгі дүниеге келетін орны – көркем әдеби шығарма, бұл жерде тіл өнердің негізгі нысаны және басты құралы болып табылады. Көркем сөздің маңыздылығы оның тек форма болғандығы ғана емес, ол формаға айналған белгілі бір мағынаны беретіндігі. Бұдан біз "идея – бейне – сөз" үштігін аңғарамыз, яғни жалпы алғанда бейне – мазмұндық форма.

Бейнелі сөздер тек көркем әдебиетте ғана емес, басқа ғылым салаларында да кездеседі. Мысалы термин-метафоралар: *таудың етегі, тау жотасы, компьютердің миы, т.б.* Мұндай бейнелі сөздер сөздің ауыспалы мағынасында қолданылғанымен, онда эстетикалық сипат жоқ, олар табиғатынан көркем әдеби сөздер емес, ол жерде тек "басқа" нәрсенің сыртқы бейнесінің сипаты ауыспалы мағынасында сөз болып тұр. Ал көркем бейнелі сөз болу үшін сөздің ауыспалы мағынада қолданылуы жеткіліксіз болады, оған автордың қиялынан оқырман көңіліне дейін жететін суреттеу керек. Осы тұрасында С.Жиенбаев өлеңдерінен мысал келтірсек, *"Ақ тозаң, алай-дүлей ала шаңыт, кеткендей аспан асты аласарып", "Жалғыз өзін кетсе де алып жыраққа, долы дауыл жұта алмапты бірақта", "Асырардай осы ауылды азықпен, аш бөрінің ауызынан тартып ап", "Жоламайды оған түздің тағысы, бөгемейді асау өзен ағысы", "Жапанда жатқан ақ айдын,*

сырласып жылғыз құспенен" ("*Жапанда жалғыз ағаш*"). Бұл өлең жолдарында қолданылған бейнелеуіш сөздер оқырманға түсінікті, дәлірек айтқанда бұл сөздер сипатталып отырған заттың сыртқы бейнесін, түр-түсін тереңірек жеткізген. Оқырманның көз алдына барлық суретті беру үшін ақын келесі сөздерді пайдаланған: *ақ тозаң, алай-дүлей ала шаңыт, долы дауыл, аш бөрі, түздің тағысы, асау өзен, ақ айдын, жылғыз құс*. Ал "*Жеттім міне, маңдайыммен қар сүзіп, Ойықшиидің сыртындағы қыратқа*", "*Кеудемді бір қуатты өзен аралап, көмейіме құйылғандай сөз келіп*", "*Күндер жылжып, өтіп жатыр айларым, Қидым саған жас өмірім қаймағын*", "*Ілнді-ау ел де көктемге, жабуды бастан лақтырып*" ("*Жапанда жалғыз ағаш*") деген өлең жолдарын түсіну үшін сөздің ауыспалы мағынасын түсіну аздық етеді. Автор өз ойын жай сөздер арқылы емес, бейнелі сөздерді орынды қолдану арқылы береді. Мұнда автордың жеке сөз қолданыстары көрініс табады: *маңдайыммен жер сүзу— әрең жету, кеудені қуатты өзен аралау – күш кернеу, жас өмірдің қаймағы— жастықтың ең жақсы уақыты, көктемге іліну – көктемге жету, жабуды бастан лақтыру – қиын күндерді артта қалдыру*. Бұл - автор ерекшелігінің бір қыры.

Сөз зергері әр сөздің толық мағынасын ұғынғаннан кейін бір затты немесе құбылысты бейнелеу үшін екінші затты қолдана бастайды. Сөз зерлерінің бірі еліктеуіш сөздерден жасалған бейнелеуіш сөздерді көп қолданса, екіншісі өз шығармаларында бейнелеуіш сөздерді тірек етеді, ал үшіншісі бір нәрсені сезіну үшін екінші нәрсеге теңеуі әбден мүмкін. Осылайша бейнеліліктің сан қырлы әлемі дүниеге келеді. Мысалы С.Жиенбаев өз өлеңдерінде көбіне теңеу сөздер қолданған: "*Даусынан жер-дүние үріккендей, азуынан ақ бұршақты бүріккендей*", "*Айнала жасыл жел жүріп, жасыл бір толқын аққандай, Сусылдап-сусып, жел қуып, айдынга құйып жатқандай*", "*Шалғымен қоса, шалғынды сәулелер қиып түскендей*", "*Сағымдай толқып, самалға бетін сүйгізіп, Сол күні тұңғыш бәйгеге қосты қайран Ел*", "*Көкірегінен қуғандай бұлтты бір дауыл, Осынау қызық жуғандай бір сәт мұңды ауыр*" ("*Жапанда жалғыз ағаш*"). Теңеулер: *үріккендей, бүріккендей, аққандай, құйып жатқандай, қиып түскендей, сағымдай, қуғандай, жуғандай*. Бұл да сөзді бейнелі жеткізудегі автордың өз ерекшелігі. Дүниеге деген әртүрлі көзқарас әртүрлі бейненің жүйесін дүниеге алып келеді, сол бейне кейін автордың қалыптасқан стиліне айналады. Жеке бейнелілік белгілі бір сезімнің, түстің, дыбыстың, көріністің әсерінен дүниеге келеді.

Кейде бейнелілік ешқандай көркемдік сипаты жоқ сөздерден де жасалуы мүмкін. Бұл – бір авторды басқа авторлардан ерекшелейтін стилистикалық сыртқы деталь. Мысалы С.Жиенбаев өз өлеңдерінде "байғұс" сөзін жиі қолданады: *боз көде байғұс боздады-ау; мені бұл байғұс шақырады ма екен бағына; байғұсым жалғыз жан күткен; күрсінді байғұс (жауынгер); сезбедім кейде мен байғұс; жаздыгүні байғұстың түрі мынау; жалынғандай қыңсылайды байғұсым; айрылғандай қазір байғұс еркінен; тұрмайды байғұс көздеуге, қанаты, қолы қысқа қаз; кемпір байғұс көп ауырмай кенеттен, кетті бір күн о дүниеге аттанып; әлгі байғұс мойнын созып ілгері; баянсыз байғұс кезбе бұлт; қорғалап байғұс бір торғай, т.б.* Алайда өлеңдерде жиі қолданылған "байғұс" сөзі өзінің негізгі лексикалық мағынасын жоғалтып, бейнелі сөзге айналып кеткен. Ол – шарасыздықтың, бейкүнәліктің, амалсыздықтың бейнесі.

Жалпы бейнеліліктің жасалу жолдарын, яғни даму баспалдақтарын шартты түрде үш сатыда қарастыруға болады: бейне-индикатор (сөздің тура мағынасы); бейне-троп (сөздің ауыспалы мағынасы); бейне-символ (ауыспалы сөздердің жалпы мағынасы). Егер жоғарыда аталған "байғұс" сөзін осы үш сатыда қарастыратын болсақ:

Бейне-индикатор – *жаздыгүні байғұстың түрі мынау;*

Бейне-троп – *баянсыз байғұс кезбе бұлт;*

Бейне-символ – *шарасыздықтың символы.*

Сонымен бірге "бейне-индикатор – бейне-троп – бейне-символ" үштігін теориялық түрде бекітуге болады. Атап айтқанда, сөздің тура мағынасы – фактологиялық ақпарат, ауыспалы мағынасы – концептуалды ақпарат, ал терең мағыналы сөз – мәтіннің астарлы мағынасында берілетін ақпарат.

Сонымен, бейнеліліктің жоғарғы сатысы – символ. Символдық мағынаның дүниеге келуі – күрделі процесс. Ол белгілі бір шығарманың аясында дүниеге келіп, кейде бұл шығармадан шығып, басқа шығармаларда көрініс табуы мүмкін. Сол кезде символ жан-жақты ашылып, таныла түседі. Астарлы мағынамен берілген символды тұтас шығармадан түсіну үшін оқырман автор шығармашылығынан бөлек сол тілдің, сол ұлттың дүниетанымын білуі керек.

Әдебиет пен тіл білімінің ортақ нысаны болған бейнелілік мәселесі күрделі мәселе ғана емес, сонымен бірге оның ішкі құпиясы да бар. Өйткені әр адамның дүниеге деген көзқарасы әртүрлі болғандықтан, дүниені бейнелеуде әртүрліліктің орын алатындығы заңды. Д.С.Лихачевтың сөзімен айтсақ: "Егер көркем шығармада барлығы анық, түсінікті болса, ол көркемдігін жояды. Көркем шығармада бір нәрсе құпия болуы керек". Бұл "құпия бірдеңе" көркем бейнелілікпен тікелей

байланысты. Негізінен метафора (сөздің ауыспалы мағынада қолданылуы) тек көркем әдебиетке ғана тән емес, бірақ ол көркем әдебиетте ғана окказионалды (жеке) түрде көрініс табады. Жеке авторлық метафора шығармашылықпен дүниеге келеді, сондықтан да оны алдын ала білу мүмкін емес және көркем шығарманың құпиялығының бір себебі осы. Оқырманның бұл құпияны түсінуі де шығармашылық процесс. Шығармада кездескен метафоралардың бірінің мазмұны түсінікті болса, бірінің мағынасы терең болуы мүмкін. Кейде оқырман автордың ойын түсініп, кейде тіпті автордан да терең ойға қалуы мүмкін. Бұл – әр адамның кез келген нәрсені әрқалай қабылдайтындығының, түсінетіндігінің дәлелі.

Көркем әдебиеттен басқа мәтіндерде бейнелілік сөздің ауыспалы мағынасынан әрі аспайды. Ол түсіндірме қызметін (ғылыми, әсіресе ғылыми әдебиет) немесе бағалауыш қызметін (газет мәтіндерін) атқарады. Осы аталған екі қызметте де бейнелі сөздердің ешқандай "құпиясы" болмайды.

Қорытын келгенде, лингвистикадағы бейнелілік абстрактілі ұғымға ие болып, ол тілде көрініс табады. Лингвистикалық бейнеліліктің материалдық негізін әр түрлі деңгейлердегі тілдік бірліктер қалыптастырады. Бейнелілікті беретін ең кіші бірлік "сөз" болып есептеледі. Сөзден кіші бірлік ешқашан бейнелілікті жасауға қатыса алмайды, себебі бейнелілікті жасауда барлық процестердің семантикалық сипаты болуы керек. Алайда сөз бейнелілін зерттеу кезінде сөздің лексикалық мағынасымен шектеліп қалуға болмайды, оны сөздің деңгейінде емес, сөз тіркесінің, сөйлемнің, фразадан үстем тұтастықтың шеңберінде қараған жөн.

"Сөз бейнелілігі", "бейнелілік" ұғымдарының лингвистика, когнитивтік лингвистика, стилистика саланасында қарастырыла бастауы әдебиеттану мен тіл білімінің қарқынды дамып, жан-жақты зерттеле бастағандығының көрінісі. Осы орайда бейнелілікті лингвистикалық категория ретінде қарастыруға толық негіз бар.

Әдебиеттер тізімі:

1. Лосев А. Ф. Проблемы художественного стиля / А. Ф. Лосев. – Киев: Перун, 1994. – 275 с.
2. Голуб И. Б. Стилистическое использование в речи многозначных слов и омонимов / Стилистика русского языка: Учеб. Пособие / И. Б. Голуб. – Москва: Рольф; Айрис-пресс, 1997. – 448 с.
3. Ольховиков Д. Б. "Образность" как категория филологического описания текста / Д. Б. Ольховиков // Res Linguistica. – М.: Знание, 1999. – с. 341.
4. Потебня А. А. Слово и миф / А. А. Потебня. – М: Наука, 1989. – 203 с.
5. Солсо Р. Когнитивная психология / Р. Солсо. – СПб.: Питер, 2002. – 592 с.

Көркем әдебиеттер:

1. Жиенбаев С. Бақ құсы. – Алматы: «Раритет», 2002. – 232 б.
2. Жиенбаев С. Жарық жұлдыздар. – Алматы: Жалын, 1983. – 344 б.

КӨНЕ ТҮРКІ ТҮБІРЛЕРІНІҢ СӨЗЖАСАМДЫҚ ҰЯ ҚҰРУ ҚАБІЛЕТІ

Д. Ж. ОСПАНОВА,

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл
білімі кафедрасының магистранты*

Ғылыми жетекшісі: Б.Әбдуәлиұлы,

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры,
филология ғылымдарының докторы.*

Астана қаласы

Аннотация

Историческая основа, характер и словообразование корней казахского языка является одним из самых актуальных проблем в современном науке казахского языкознания. В данной статьи история корней в казахском языке рассматриваются в общем контексте системы тюркских языков. Выявлены состояния исторических корней и его словообразовательная способность в древнетюркских языках.

Abstract

Historical basis of roots in the Kazakh Language, their characteristics and word-formation are one of the most important issues in the Kazakh linguistics. The aim of this article is to study Kazakh language history together with the field of word-formation and compare the roots in the Kazakh language with the

related Turkic languages, to define potential of common roots in the given languages and word-building ability of these roots in the ancient Turkic monuments.

Түйін сөздер: Түбір, негіз түбір, туынды түбір, сөзжасамдық ұя, көне түркі тілі, т.б.

Ғылымдағы түбір мәселесінің күн тәртібінен түспей отыруы алғашқы дыбыстық тілдің сұлбасы байқала бастаған кезден бастау алатын түркі түбірінің бірнеше сатылы даму жолы мен қайшылыққа толы қат-қабат күрделі табиғатына байланысты екені анық. Кез келген тілдің лексикалық жүйесінің даму жолын, басқа тілдермен туыстық деңгейін анықтау ең алдымен түбір құрылымын айқындап алуға негізделетіндіктен түркі түбірлері жайлы алғашқы пікірлер де түбір құрылымын анықтауға бағытталып, моносиллабтық, дисиллабтық бағыттар қалыптасты. Түркі тілдеріндегі дисиллабтар мен полисиллабтар құрамындағы алғашқы буынды бастапқы тұлға ретінде қарауға теориялық негіз бар [1, 11]. Әрбір тілдік тұлға өз қолданылым аясында лексикалық қордың баюы үдерісінде маңызды орын алады, себебі, тіл қорына жаңа сөздер, туынды сөздер енеді. Қазіргі тіл жүйесіндегі туынды сөздердің пайда болу немесе қолданысқа ену тарихын, ерекшелігін, тәсілін, өзгерісін анықтау ісін әдеби тіліміздің арнасы болып табылатын көне жазулармен байланыстырсақ негізді жол табарымыз анық. Сол себепті мақаланың мақсатын да көне жазулардағы түбірлердің сөзжасамдық ұя құрау қабілетін анықтау етіп алдық.

Түркі тілдерінің ең көне жазба ескерткіштерінің тілі сөзжасам жүйесінің тарихтан тамыр алар мәселе екендігіне толық куә бола алады. Көне жазба ескерткіштер тілінде негізгі түбір сөздермен қатар туынды сөздер болғаны белгілі. Олар: туынды түбір, күрделі сөз, бір сөздің бірнеше мағынада қолданылуы түрінде кездеседі. Басқаша айтқанда, көне жазба ескерткіштер тілінде жаңа сөз жұрнақтар арқылы (тір-іг, біл-іг, ур-іш), сөздердің тіркесуі арқылы жасалды (Қара құм, йеті йуз), сол сияқты бір сөздің бірнеше мағынада қолданылуы да сөзжасам жүйесіне жатады: қабат, қатар. Бұлар көне түркі тілінде сөзжасамның синтетикалық, аналитикалық, семантикалық тәсілдері болғандығын анық көрсетіп тұр. Қосымшалардың мағына жағынан дамуы өте ерте басталған. Мысалы: -ғы, -қы қосымшасы ең көне жазба ескерткіш- орхон жазбаларында да әрі заттық мағына, әрі сындық мағына берген. Ал, -ығ, -іг жұрнағы көне жазба ескерткіштердің өзінде көпмағыналы қосымша болған.

Бірсыпыра жұрнақтарымыздың қолданыстан шығып қалғаны да белгілі. Оларға орхон-енисей жазбаларындағы –меч жұрнағы жатады. Мысалы, енисей жазба ескерткіштеріндегі ег түбірінен меч жұрнағы арқылы жасалған егмеч (тәте) сөзін келтіруге болады [2].

Өте сирек жағдайда туынды түбір құрамында тілде жеке қолданылмайтын негіз сөздер де кездеседі. Мұндайда негіз сөздің лексикалық мағынасы анық байқалмайды. Мысалы: ұял, ұят, жұбан, жұбат дегендегі ұя мен жұба сөздері қазірде жеке қолданылмай ол сөздер қолданыстан шығып кеткен. Бірақ осы туынды сөздер жасалған кезде олардың лексикалық мағынасы болған. А.Т.Қайдаровтың монографиясында [3] мұндай өлі түбірлердің 1352 берілген.

Туынды сөздің жасалуы мен қалыптасуына жоғарыда аталған сөзжасамның теориялық бірліктері белгілі дәрежеде атсалысады. Мәселен, сөзжасамның негізгі бірліктерінің бірі – **сөзжасамдық ұя** бір түбірден тараған туынды түбірлердің жиынтығын атап көрсетеді. Әр бір сөзжасамдық ұяда бір ғана негізгі түбір болады да, қалғандары түбірлес туынды сөздерге жатады, олар негізгі түбір мағынасын сақтайды. Мысалы, бөл – бөлу, бөлшек, бөлік, бөлім, бөлек, бөлектену, бөлісу, бөлме т.б. Осындағы «бөл» деген сөзжасамдық ұядан, сөздің даму нәтижесінде *бөлу, бөлшек, бөлік т.б.* деген туынды сөздер қалыптасқан [4].

Сөзжасамдық жұп ұяда сөзжасамдық тізбек құрамына кіреді. «Сөзжасамдық тізбек бір сөзжасамдық ұядан немесе негіз сөзден тараған туынды сөздер тізбегі» [5,18]. Яғни, бір түбірден тараған туынды сөздердің бірінен-бірі тікелей туындайтыны, біріне-бірі негіз болатын негізді сөздердің тобы. Әр тізбек негіз сөзден басталып, негізді сөзбен аяқталады. Мысалы, *ас – аспаз – аспазшы – аспазшылық.*

Түркі тілдерінде сөз ішіндегі дыбыстық өзгерістер болмаса, сөзжасамдық жұрнақтар қатарымен қоса алғандағы туынды сөздер мағынасы да қазіргі тіліміздің арнасынан алыстай қоймайтынын байқаймыз, оның себебі қазіргі қолданыстағы сөздерде ескі мағынаның жылдар бойы сақталуы. Қазіргі қазақ тілінде қолданыссыз қалған немесе мағынасы көмескіленген кейбір түбірлердің уақыт ерешелігіне орай, көне түркі тілінде актив қабатта болуы таң қаларлық жайт емес, айталық, Күлтегін, Тоныкөк, Білге қаған жырының мазмұнына сәйкес, ұрыс соғысқа қатысты лексика басым. Соған орай кейбір сөздердің де сөзжасамдық ұясы да қолданысқа қарай кеңейіп отыратынын дәлелдеп көрейік:

Sülä (a*e) (соғысу)
Sü (әскер) sülüg (әскери)

Süñü *Süñüg (найза, сүңгі)

Süñülä (сүңгісін қадау, соғу)

Süñüş

sü «войско» КТҮ. 12, 28, 32; МЧ. I, 6; КЧ. 10, 20; БҚ. 25, 26: *birgerü tabyač tapa uluγ su eki jegirmi süñüşdim* «Бергері Табғашқа қарсы үлкен әскермен он екі (рет) соғыстым. КТҮ. 28 [9, 177]. Орхон жазбаларында *sü* моносиллабы арқылы жасалған *süle* «соғысу, шайқасу», *süñüş* «соғыс» сөздері де кездеседі. Ғ.Айдаров *süñüş* лексемасын қазақ тіліндегі *cüñgi* сөзімен байланыстыра отырып «сүңгілес» деп аударады [9, 218].

Туынды сөздер қай сөз табынан жасалып, қандай қызмет атқарғанына қарамастан, туынды сөз мағынасы түбір білдіретін мағынадан алшақтап кетпеген.

Сөзжасамдық синтагматика мен парадигматика да сөзжасамдық ұялардың құрылымдық компоненттері болып, түбірлес сөздердің арақатынасын анықтайды. Тіл білімінде сөзжасамдық тізбек құрамындағы бір түбірден тараған туынды сөздердің бір-бірімен жүйелі көлбеу /→/ бағыттағы байланысын синтагмалық қатынас деп, ал бір ұядағы туынды сөздердің бір-біріне валенттілігі мен байланысу жағынан тәуелсіз, мағыналары бір-біріне жақын тұлғалардың тік /↓/ бағыттағы байланысын парадигмалық қатынас деп аталып жүргендігі белгілі. Мысалы, синтагматикалық қатынасқа *өгіз – өгізше* деген көлбеу бағыттағы сөзжасамдық тізбек жатады. Ал парадигмалық қатынасқа тік бағыттағы сөздердің жұптары жатады. Мысалы,

Sü *Sülä*
 sülüg
 Süñü

Бұл мысалда “*sü*” түбірі арқылы жасалған туынды сөздер ұяның бірінші сатысында сөзжасамдық тарамдар жасайды. Олар «*sü-sülä, sü-sülüg, sü-süñü*» деген сөзжасамдық жұптар жасайды. Бір лексикалық тұлғадан бір сатыда тараған барлық туынды сөздер бір тарамға бірігеді. Сонымен, жұптар сөзжасамдық тарамдардың құрамдық бөлшектері болса, сонымен қатар әр ұядағы сөзжасамдық тарам сөзжасамдық жұп жиынтығы да бола алады.

Сөзжасамдық ұялар құрылымында туынды сөздердің орналасуында сөзжасамдық сатылардың атқаратын қызметі ерекше. Өйткені қазақ тілі жалғамалы тілдер тобына жататындықтан, түбір сөзге жұрнақтар бірінен соң бірі жалғанып туынды сөздер жасауға қатысады. Н.Оралбаева сөзжасамдық сатылардың туынды сөздердің бірінен-бірі жасалуының шегін білдіретіндігін және олардың сөзжасамдық ұя құрылымына кіретіндігін айтқан болатын [6, 3-6]. Бұдан сөзжасамдық ұяны сөзжасамдық сатылардың жиынтығы ретінде қарастыруға болады. Өйткені бір ұя құрамындағы негіз сөзден тараған туынды сөздердің жүйелі орналасуына сөзжасамдық сатылардың тікелей қатысы бар. Мысалы,

		білімді	білімділік
		білімсіз	білімсіздік
білім		білімпаз	білімпаздық
		білімқұмар	білімқұмарлық
Біл	білік	білікті	біліктілік
	білгір	білгірлік	

Осында *біл* негізгі сөзден тікелей алғанған *білім, білгір, білік* туынды сөздері 1-сатының туынды сөздері, 1-сатының үш туынды сөздерінің біреуі – *білім* туынды сөзі *білімді, білімсіз, білімпаз, білімқұмар* туынды сөздерін жасаған, екіншісі – *білік* туынды сөзі *білікті, үшіншісі – білгір* туындысы *білгірлік* туынды сөзін жасаған, бұл алты туынды сөз 2-сатының туынды сөздері болып табылады, ал 2-сатыдағы бес туынды сөздерден тараған *білімділік, білімсіздік, білімпаздық, білімқұмарлық* және *біліктілік* 3-сатының туынды сөздері болып табылады.

«Біл» түбірінің көне түркі тіліндегі мәтіндердегі көрінісін ашар болсақ, көне тілде көп болмаса да, кейбір түбірлердің айтарлықтай дәрежеде ұя құру қабілетін көре аламыз:

Bilig (білім, ақыл) *Biliglüg* (мудрый): *biliglig er öldi atı ölmedi*
 Biligsiz
 biligsizlig

Bildürgü (хабар) *Bildürgüçi* (вестник)
 Bildürgülük (жолдау, білдірме)

Biliş (таныс, біліс)
Billüg (танымал)

Bil

Bilge (biliga: дана, акылды) Bilgalan (акылды болу)
 bilgalüg (білімді): *bilgalüh janılmaz*
 bilgat (ақылына келу): *oğlan bilgatti* [7, 434].
 bilgüçi (білгіш)

bilin (танысу, түсіну) bilinçak (жоғалғаннан кейін танылған нәрсе)
 [8, 102-104].
Edgü bilge kisig, edgü alp kisig joritmiz ermis [11, 23]
Biligsiz qağan olurmıs erinç [11, 23]

Көне түркі ескерткіштерінде жоғарыда берілген негіз түбірдің сөзжасамдық ұядан тыс, сөз түрлендіруші жұрнақтар арқылы да қолданысын көре аламыз: *bildüz, bildür, bilgimsin* [7, 533], *biligse* (*білгісі келу*), *bilsik, bilür, biltüz, m.б.*

Берілген мысалдардағы сөзжасамдық ұяға қатысты сөзжасамдық жұрнақтардың көне ескерткіштер тілінде де бірдей функцияны атқарқандығын көреміз. Өнімді жұрнақтарының біріне тоқталар болсақ, **көне түркі ескерткіштері тілінде** -лы-ның орнына көбінесе -лығ формасы қолданылған. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілін зерттеген Ғ.Айдаров бір зат пен екінші заттың қатысын, байланысын білдіру үшін түркі жазба ескерткіштерінде де (теңрілі, беклі), көне ұйғыр жазба ескерткіштерінде де (йарлы, йеклі, беклі, хатунлы) -лы, -лі аффикстерінің қолданылғанын көрсеткен [9, 146].

Келесі түбірлердің сөзжасамдық ұясынан да ұя құру процесіндегі актив қызмет көрсетіп, қолданыс аясының кеңдігін көрсеткен жұрнақтарды кездестіре аламыз.

elçi
 elig (ел басқарушысы)
El ella (ел құру) *türk bodun elladük elin içğünü idmiş* ellaş
 ellig (еллі, елі бар)
 elsıra: *elsıramış qağansıramış bodun* [11].

Көне түркі сөздігінде бұл туынды сөздерден басқа *el başı, el tut, el törü, el bol* тіркестерімен қатар, *elteber* атақ аты кездеседі.

Yüzçi (екіжүзді)
 Yüzlan (Бұрылу, жүзін көрсету): *ol meña yüzlandı* [7, 110].
Yüz yüzlüg (жүзі таныс, танымал, әйгілі)
 yüzüz (бетсіз) yüzüzlüg (бетсіздік)

Көне түркі жазба ескерткіштер тілінің барлығынан дерлік кездестіруге болатын, заттық ұғымдағы сөздерден болымсыздық мән тудыратын өнімді қосымша - «-сыз,-сіз» **аффиксі**. «-сыз» жұрнағының шығу тарихын ғалымдар чуваш тіліндегі сылу (сыру) мағынасын беретін "сыр" етістігімен байланыстырады (Гарипов 1959:126). Ал екінші бір ғалымдар оны құранды (-сы-з) аффикс деп қараған (Баскаков 1953:10). М.Томановтың көрсетуінше, -сыз өзінің шығу тегі жағынан -сар аффиксімен ұялас. Көне түркі ескерткіштерінде кездесетін -сыра (қаған сыра - қансыра - қансыз қалу) қосымшасы осы ұядан тараған (1988.183-184) [10]. М.Томанов бұл жерде М.Қашқари еңбегіне сүйенеді. М.Қашқари -сы аффиксі туралы былай деп жазған "Егер -са қосымшасындағы а әрпін ы әрпімен алмастырса, оның мағынасы өзгереді (бұл жерде -са - шартты рай формасы туралы айтып отыр). Яғни қосымша қосылған түбірдің өзгеріске түсетіні байқалады. Мысалы: сүчік сусыды - шарап су сияқты болды, үзүм ачықсыды - жүзім ащы болып кетті. Бұны бір нәрсенің екінші бір сапаға айналуы туралы қолдануға болады" [7, 103]. М.Қашқари көрсеткен мән қазақ тіліндегі -сы аффиксінің алғашқы мағынасы болса, -з аффиксі - болымсыздықты білдіретін қосымша.

Жалпытүркілік тектілден (протоязык) дамып, сан ғасырлық дербес даму жолынан өтсе де жалпытүркілік табиғатын сақтап келе жатқан қазіргі түркі тілдерінің қалыптасу ерекшеліктерін, өзара туыстық деңгейін анықтауға арқау болып отырған құнды тілдік дерек – VIII-IX ғасырлардан жеткен көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі.

Сөзжасамдық ұя мәселесінің ғылымда пайда болуына синтетикалық сөзжасамның жұрнақтардың зерттелуі, сөз таптарының сөзжасамның зерттелуі, түбірлес туынды сөздердің зерттелуі әсер еткені сөзсіз. Ғылымның бірте – бірте дамуында алдыңғы зерттеулер кейінгі зерттеулерге негіз болатыны байқалады. Орхон, Енисей, Талас жазбаларында 350-дей ғана бір буынды түбірлер мен түбір-негіздер қолданылған. Аз ғана бір буынды модельдер бабалар тілінің лексикалық қорына негіз болған түбірлер жүйесін толық көрсете алмасы да анық. Көне мұралар тіліндегі моносиллабтар көлемінің қазіргі түркі тілдеріндегі моносиллабтарға қарағанда ықшам болуы, біріншіден жекелеген авторлар мен бедізшілердің сөз қолданысына, тіл байлығына, дара

стиліне байланысты болса, екіншіден арада өткен 1300 жылдық тіл дамуының табиғи заңдылығы да ықпал етпей қоймайды. Көне жазбалар тілінде сақталған моносиллабтар сандық көрсеткіші шағын болса да, көне тілдің басты ерекшеліктерін, түбір сөздер мен түбір-негіздер жиынтығының сұлбасын анықтауға мүмкіндік береді әрі қазіргі түркі тілдеріндегі түбір табиғатын саралауда деректік құндылығы аса жоғары. Сондықтан қазіргі қазақ тіліндегі түбірді, оның түрлерін, замандар бойынша одан өрбіген туынды түбірлер, туынды сөздер табиғатын ашуда қазақ тілінде сала ретінде кейінірек дамыған сала сөзжасамның берер үлесі ерекше.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ескеева М. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негізі: монография; жауап. ред. Ә.Т. Қайдар; ҚР білім және ғылым министрлігі, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты.- Алматы: Арыс, 2007.- 355 б.
 2. Жаманбаева Ә.С., Молдабаева А.А. Сөзжасам жүйесінің тарихы // http://www.rusnauka.com/15_NPN_2013/Philologia/4_139236.doc.htm
 3. Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алма-Ата, 1986.
 4. Рысбай Б. Сөзжасамдық бірліктердің тілдегі қызметі // http://www.rusnauka.com/14_ENXXI_2013/Philologia/3_137970.doc.htm
 5. Салқынбай А. Тарихи сөзжасам (семантикалық аспект). Монография. А., 2003.
 6. Оралбаева Н. Сөзжасамдық саты. //Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері. А., 1998.
 7. Древнетюркский словарь. – Ленинград: «Наука», 1969. – 677 с. (ДТС)
 8. Қашқари М. Түрік сөздігі. Үш томдық. Т. 1. 2-кітап / М. Қашқари; қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А. Егеубай.- Алматы: Сөздік-Словарь, 2007.- 448б.
 9. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. А.,1986.
 10. Отарбекова Ж.К. Түркі тілдеріндегі сөзжасам қосымшаларының көпмағыналылық және көпқызметтік сипатының тарихи-тілдік негіздері жайында // <http://group-global.org/ru/search/node/Otarbekova>
- Көркем әдебиет:**
11. «АСЫЛ МҰРА» түркі антологиясы. – Астана: Сарыарқа, 2012. – 568 б.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ ТІЛІНІҢ ДИСКУРСТЫҚ СИПАТЫ

Ж.А. ӨТКЕЛБАЕВА,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты,

Ғылыми жетекшісі: М.К.Ахметова, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, филология ғылымдарының кандидаты, доценті.

Астана қаласы

Түрлі ғылыми парадигмалар аясында интернет тек ақпараттық, коммуникативтік, әлеуметтік жағынан ғана емес, лингвомәдениеттік және әлеуметтік маңызды құндылықтарды электронды коммуникацияның ауызша-жазбаша формалары арқылы репрезентация жасайтын ерекше дискурстық алаң ретінде де қарастырылады.

Адамдармен қарым-қатынаста бірегей құрал ретінде тілдің маңызын мойындаймыз. Ал интернеттегі коммуникацияның тірек аймағы электронды мәтіндер деп есептейміз. Ол – әлеуметтік желі кеңістігінде ең көп таралған және ең қолжетімді ақпарат тасымалдаушы болып саналады. Тек электронды мәтіндердің тілі арқылы ғана сипаты жағынан интернет-коммуникацияның мазмұны, ерекшелігі толық таныла алады.

«Электронды мәтін, біріншіден – мәтін ретінде, екіншіден – қарым-қатынастың басқа аясындағы мәтіндерден (ғылыми, көрке, ауызекі және т.б.) бөлек мәтіннің бірегей саласы ретінде, үшіншіден – интернеттегі бұқаралық қарым-қатынас, жарнамалар мен PR мәтіні, біртұтас өнімі ретінде қарастырылуы мүмкін. Әрбірінің ерекше сипаттамалары бар екендігін ескеру қажет. Біз зерттеу жұмысында электронды мәтінді осы үшінші аспекті аясында талдайтын боламыз.

Электронды мәтінді тудырушы адам (жазады, сурет салады, таспаға түсіреді, айтады) – интернет-дискурс мәнінің иесі де бола алады. Әсіресе әлеуметтік желі арқылы таралатын электронды мәтін дискурсы интернетті адам факторы мәселесімен біртұтас зерттеуге мүмкіндік береді [1, 22]».

Интернеттегі қарым-қатынас түрі ауызша және жазбаша тілдің формалары ерекшеліктерін камтиды. Сонымен қатар өзіне ғана тән қасиетке ие. Сол себепті коммуникацияның осы түрін жаңа бағыт ретінде қарастыру керек. Д.Кристал коммуникацияның бұл түрін формула арқылы нақты сипаттап берді: ауызша сөйлеу тілі + жазбаша сөйлеу тілі + компьютердің жанама белгілері [2, 153]. Қарым-қатынас жасаудың онлайн түрі жазу мен ауызша сөйлесудің бірігуі ғана емес, ол басқа мәтіндерге мүлдем ұқсамайды. Электронды мәтіндер тұрақсыздыққа, синхрондылыққа жақын келеді, өйткені олар бір уақытта барлық компьютер арқылы қолжетімді болып саналады. Осы ерекшеліктер мен сипаттамалар интернет тілін қарым-қатынас жасаудың үшінші тәсілі ретінде бөлек зерттеп, қарастыруды алға тартады. Қазіргі онлайн қарым-қатынас жасауда желілік этикет, стиль қалыптасып үлгерді. Мысалы бір мәтінде латын қаріпі мен кириллицаны бірге қолдану, тек желі қолданушылары түсінуге жеңіл қысқарған сөздердің көптігі, транслитерацияны пайдалану жоғарыда айтылған ойдың дәлелі.

Әлеуметтік желі жанры қолданушыларға қарым-қатынас жасаудың екі тәсілін ұсынады: бұқаралық (кейбір әлеуметтік желілерде «парақша» немесе «хроника») және жеке (өзге тіркелген қолданушылармен жеке жазбалар жазысу).

Әлеуметтік желілердің пайда болуы мәтіннің мән-мағынасын кеңейте түсті. Себебі интернет-қауымдастықта «адам бейнесі» чаттағы мәтін арқылы көрінеді. Чаттың көмегімен адамдар шығармашылық өз ой-пікірін білдіреді. Чат қолданушылары толығымен көмекші құралдардан айырылады. Олар: сойлеу тембрі, айтылымның кейбір бөлігіне басты назар аудару, эмоционалды бояу, дауыс тембрі, дикциясы, мимика. Сөйлеу қарым-қатынасының сенімділік деңгейі төмен екенін білдіреді. Ал вербалды емес коммуникациялық актіде, психологтардың айтуынша, 55%-ға дейін нақты нәтижені анықтауға болады. Онлайн сөйлесудің осы «эмоционалды тапшылығы» виртуалды дискурса эмоционалды реакциялар – смайликтердің кеңінен таралуына негіз болды. Чаттағы жеке сөйлесулерден басқа, әлеуметтік желілерде өз парақшасы немесе арнайы құрылған қауымдастықтарда пікірін білдіруге болады. Пост жазу жасауы мүмкін. Парақшада жарияланған жазбаның дискурстық сипатын жан-жақты аша отырып, жеке қолданушының ой-пікірін анықтауға болады.

Тікелей қарым-қатынас негізінен жазба сұрау мәнде жарияланған кезде орнайды. Аудиториядан бір нәрсе жайлы білу, анықтау мақсатында жазылады. Сұрау мақсатында жазылған жазбалардың міндетті түрде пікір білдірушілері болады. Пікір комментарийлер арқылы жүзеге асады, екі жақты баланыс орнайды.

Коммуникативтік жанрлар жүйесінде тұлғаның өзін-өзі анықтауы мен көрсетуі үшін интернет-кеңістікте әлеуметтік желілер жанры маңызды рөл атқарады. «Әлеуметтік желі – көп функционалды гипермәтіндік веб-парақша. Әлеуметтік желі – виртуалды кеңістікте тұлғааралық қарым-қатынастың гипермәтіндік формасы болып саналатын интернет-дискурстың күрделі жанры [3, 125]». Мұндағы адресант – әлеуметтік желіге тіркелген тілдік тұлға. Адресат – әлеуметтік желіге тіркелген, фотосурет, аудио, видео файлдарды көруге мүмкіндігі бар желідегі достардың қатарындағы тілдік тұлға.

Әлеуметтік желі жазбаларында кездесетін сөздердің мағынасы көпшілікке таныс емес болуы мүмкін. Әлеуметтік желіде көбірек қолданылатын лексиканы жүйелесек, барлық терминдерді шартты түрде 2-ге бөлуге болады:

1. Жалпы желілік лексика: админ, модератор, аккаунт, аватар, лайк т.б
2. Тек бір әлеуметтік желі қолданушылары пайдаланатын арнайы лексика: фейсбук-лентасы, фоллевер, твиттеу, т.б.

Терминдерді жүйелеу барысында көптеген желі сөздерінің қазақша сөйлеу тіліне негізделіп, қазақ тілінің жұрнақ-жалғауларын қабылдау арқылы жасалғанын байқаймыз: гугл – гуглдету, твит – твиттеу, пост – постау, админ-админдер, фоллевер – фоллеверлер, френд – френдтер, коммент – комменттеу, спам – спамдау, блог-блогтік-блогерлік, селфи – селфилету, бан – банға жіберу, т.б. Көпшілік бөлігі қазақ тілінің сөзжасам заңдарына бағынып жасалады.

«Әртүрлі елдің ғалымдары Интернет қолданушылары қарым-қатынасқа түсетін ұлттық тілдегі ұқсас үдерістерді байқаған. Мысалы, интернет-терминдері тек төл тілінен жасалған, өзге тілден еңбеген Англияның өзінде «Веблиш» (Web+English) жаңа функционалды стилі қалыптасқан [4, 86]». Ал Қазнеттегі тілдің өзіндік стиліне ағылшын тілінің, өзге халықаралық терминдердің ықпалын көруге болады.

Мысалы кез-келген жазбаға коментарий жазу кезінде немесе өз ойын блог түрінде жеткізген қолданушылардың жазба тілінен ағылшын тіліндегі терминдерді жиі қолданатынын анық байқаймыз. Коментарий жазбаларында кездескен қазақ-ағылшын тілінде жазылған сөйлемдер:

Иә, сөздікте неше түрлі *перлдар* бар
Бұл нәрсені керісінше *advantage* санау керек
Мен *big* проблема деп ойламаймын.
Басқаша айтуға *креативім* жетпей жатыр.

Сондай-ақ пост немесе жеке қолданушының сурет жүктегенде жазылатын коментарийлері де жалпы желі терминдерімен беріліп отырады. Мысалы, айнаға қарап өзін суретке түсірген фотоға айналук – айна – қазақ сөзі, look – ағылшын тілінен аударғанда қарау, көрініс деген мағынаны білдіреді. Лифтлук – лифтте түсірілген фото. Лол – lots of laughs ағылшын сөз тіркесінің қысқарған формасы. Қазақша әбден күлдім мағынасында беруге болады. Желіде күлу эмоциясын жазбаша формада беру үшін қолданылады.

Теоретиктердің бір бөлігі интернет кеңістігіндегі «жасырындылық», «манипулятивтілік» мәселесінің «әлеуметтік шекарасы» уақыт өте келе өзгеретінін айтады. Мысалы: көпшілікке арналған дүние жекеге, локальды – жаһандық болып, бөтен сөз өзіндікі, ал жеке нәрсе – қоғамдық және сансыз адамдарға қолжетімді болып өзгеруі ықтимал. Интернет арқылы белсенді түрде мәтіннің интертекстуалдылығы дами бастады. Интернеттегі тұлға санасының өзгеруі, жаңа, желілік өмір салтының және жаңаша ойлаудың қалыптасуы тілдік жағдаятқа әсер етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Иванова Т.С. Речевое поведение интернет-общения // Вестник Адыгейского государственного университета. Серия 2: Филология и искусствоведение. 2011. № 3. С. 20-24.
2. Crystal, D. Language and the Internet / Cambridge University Press. – 2001. – 153 p.
3. Boyd, Ellison. /Social network sites: definition, history and scholarship –2007, 125 p.
4. Сидорова И.Г. Коммуникативно-прагматические характеристики жанров персонального интернет-дискурса. Дис. канд. филол. наук. – Волгоград, 2014, 86 с.

СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ ТЕРМИНООБРАЗОВАНИЯ В АЗЕРБАЙДЖАНСКОМ ЯЗЫКЕ

С.А. САДЫГОВА,⁵

*Доктор филологических наук, профессор.
Институт языкознания имени Насими НАНА
/ Азербайджан*

Abstract

In the article the process of term formation in modern Azerbaijani language is analyzed on the basis of rich factual material. The author concluded that in the Azerbaijani language, the process of term formation formed both through internal resources of language, and by borrowing from other languages. There are some methods of the term formation by internal resources in Azerbaijan language at present; such as giving new means to words of common use, using dialects and dialect words, adding suffixes to national and loan words, combining two or more words. At the same time, loan terms contain important part of terminology lexicon in Azerbaijan language. Fundamental changes occurred in the source of loan terms after gaining independence of the republic. In the Soviet period, loan terms entered to the languages from Russian language, however now this process is weakened, preference was given to the European languages. The main part of these terms possesses English origin. As a result of the research it becomes obvious that loan-terms with English origin are used within adapting of the grammar rules of Azerbaijan language.

Keywords: dialect, integration, foreign language, term, terminology, word formation, dictionary, language, means, calque.

Введение

Изменения, происходящие в научно-технической, общественно-политической и культурной жизни общества, отчетливо проявляются в языке. Это влияние явно прослеживается в постоянно обновляющейся и обогащающейся терминологии, способной выразить все понятия науки. Традиция образования новых терминов за счет использования внутренних возможностей языка, уходящая

⁵Садыгова Саялы Аллавердикызы д.ф.н., проф. ИЯ им. Насими НАНА / Азербайджан sayalisadigiva@yahoo.com

корнями в ее историю, актуальна для современного языка. И сегодня этот путь продолжает оставаться одним из основных в терминологическом образовании. В обогащении терминологического слоя азербайджанского языка, прошедшего долгий исторический путь развития, большая роль отводится внутренним языковым возможностям – лексическому, морфологическому и синтаксическому способам образования терминов. Научно-технический процесс, интеграция в Европу, общественно-политическое обновление способствуют возникновению большого количества понятий. Ускоренное развитие в последнее время ряда областей науки дало толчок и развитию терминологии.

Образование национальных терминов должно опираться на национальный язык. Процесс терминологического образования позитивно влияет на легкое осмысление, произношение, запоминание терминов. Общепонятный язык должен стать благодатной почвой для терминологического образования. Терминологическую лексику, как составную часть современного азербайджанского литературного языка, ученые делят на две группы:

1. *Употребляемые и как общеупотребительные слова, и как термины.* Эти термины образуются не на основе единиц, появившихся как новые слова, а за счет слов, ранее имевшихся в языке, сохранивших свое первое значение и развивших новое специализированное значение. При этом они выражают сугубо научное понятие.

2. *Употребляемые лишь как термины.* Употребление единиц, лишь в качестве терминов, связано с определенной наукой и техникой, что не позволяет им выйти за пределы конкретных понятий.

Значимая часть терминов образуется на основе общеупотребительных слов, т.е. это становится возможно в результате изменения значения общеупотребительных слов и приобретением ими нового значения. Использование общеупотребительных слов в терминологической функции наблюдается во всех сферах науки, оно служит конкретному выражению научного понятия. Известно, что выражение научной мысли требует точности и конкретности, а, следовательно, таким же должен быть и сам термин. Для интеграции наук, развития научных знаний, свободного распространения информации предпочтение следует отдавать терминам, четко выражающим понятие. Чтобы имеющееся в словарном составе языка слово с общеупотребительным значением стало лексемой терминологического содержания, оно должно выйти за пределы общеупотребительности, точно, конкретно и однозначно выразить определенное научное понятие. В последнее время в связи с переходом на рыночную экономику большое количество понятий политико-экономической терминологии образовалось за счет общеупотребительных языковых единиц. Например: такие лексические единицы как *bazar* «базар», *özəl* «частный», *özəlləşdirmə* «приватизация», превратившись в экономические термины, стали в последнее время весьма частотными в употреблении. Исторически слово *bazar* «базар» обозначало место, отведенное для купли-продажи. В последнее время в новом значении часто употребляются такие понятия как *iqtisadi bazar* «экономический рынок», *bazar münasibətləri* «рыночные отношения», *bazar qiyməti* «рыночная цена». Подобное происходит и с терминами *özəl* «частный» *isahibkar* «хозяин, владелец». Эти термины вышли из границ своих тесных исторических значений и стали обозначать более широкое понятие.

В процессе терминологизации общеупотребительных слов проявляются два свойства:

1. Общеупотребительное слово, не подвергаясь никаким изменениям, употребляется в терминологической лексике как термин. На основе общеупотребительной лексики образуется значительная часть терминов экономики, техники, кино, телевидения и других сфер. Они сохраняют прежнее значение и превращаются в выражение сугубо научного понятия. Следующие слова, приобрели особую функцию и стали терминами, например: *yaqım* «трансляция», *şərhcı* «обозреватель, комментатор» *bağlantı* «контакт, связь», *açıqlamaq* «внести ясность, раскрыть» [Kino, televiziya, radio terminlərinin izahlı lüğəti. 2002:86];

2. Приобретение нового терминологического значения достигается прибавлением суффикса к общеупотребительному слову, например: *tezlik* «частота», *ötürücü* «проводник», *tənzimləyici* «регулятор», *nizamlama* «унификация», *asılılıq* «зависимость» и т.п. [İnformatika terminləri lüğəti. 2003:76];

А.А.Реформатский пишет: «Чтобы правильно понять значение терминов, в первую очередь, следует обратиться к слову с общим понятием. Слово – лексическая категория. Термину, как слову, характерна номинативность, он выражает разные понятия вещей, событий. Термин, как и слово, – категория историческая. Он образуется в определенный период развития языка, имеет определенное значение. Однако термины не являются специальными словами, они – слова, являющиеся носителями специального значения» [А.А.Реформатский 1961:11]. Очевидно, что общеупотребительные слова,

становятся терминами, неся специальную функцию. Поскольку научная мысль требует точности и конкретности, термин также должен обладать этими качествами. Поэтому лексема, называющая любое общепотребительное понятие, выйдя за его рамки, должна выражать определенное точное, конкретное и однозначное научное понятие. Термины, образованные за счет внутренних возможностей современного азербайджанского языка, составляют основную часть терминологической базы. В настоящее время ряд терминов, образованных за счет внутренних возможностей языка, образуются развитием общепотребительным словом дополнительного значения. Другими путями образования новых терминов являются: употребление устаревших и диалектных слов, присоединение к национальным и заимствованным словам аффиксов; сочетанием двух и более слов. В современном азербайджанском языке наблюдается усиление тенденция терминообразования за счет внутренних возможностей языка. Например: *böyük* «рота», *atəşkəs* «прекращение огня», *qırıcı* «истребитель», *qazma* «бурение», *qoşqu* «лафет» (воен.), *qaynaq* «сварка» и т.п.

Образование национальных терминов обосновано литературным языком. Этот термин положительно влияет на процесс терминообразования. А. Демирчизаде пишет: «Слова из собственного словарного состава языка становятся терминами и в подходящий момент употребляются в этом же языке. Однако заимствованных слов в языке относительно много и потому к использованию собственных слов в качестве терминов следует относиться с осторожностью. Употребляя их, важно учитывать все тонкости слова» [Мəmmədov N., Axundov A. 1980:80].

Таким образом, общенациональный язык является благодатной почвой для терминообразования. В современном литературном языке термины, составляющие терминологическую лексику, можно разделить на две группы: употребляющиеся и как общенародное слово, и как термин; употребляющиеся лишь как термин. Выражение слов, употребляющихся только как термин, связано с определенной наукой и ремеслом, оно не может выйти за пределы конкретного понятия. Тот факт, что общепотребительные слова несут терминологическую функцию можно наблюдать во всех сферах науки, а это, в свою очередь, позволяет конкретнее выразить то или иное научное понятие. Язык обогащается терминами не за счет новых слов, а за счет изменения значения и приобретения нового значения уже имеющимися словами. Т.е. терминологический слой, составляющий основную часть лексического состава любого языка, обогащается не за счет заимствованных слов, а за счет образования национальных терминов. Для этого азербайджанский язык имеет широкие функциональные возможности.

В современном азербайджанском языке широко представлено образование новых терминов морфологическим путем. В последнее время некоторые модели словообразования теряют в терминологии свою продуктивность. В терминологии широко представлено образование понятий с помощью прибавления к глаголам суффиксов *-ma*, *-mə*. Например: *qaynaqlama* «сварка», *qloballaşma* «глобализация», *aşkarlanma* «прояснение», *maliyyələşmə* «финансирование», *presləşmə* «прессирование», *özəlləşdirmə* «приватизация» и др.

Словообразующие суффиксы *-lıq⁴*, *-ici⁴*, *-sız⁴*, *-çi⁴*, *-li⁴*, *-ma²*, *-ik⁴* в терминообразовании считаются продуктивными. Определенную часть употребляемых в научной сфере терминов составляют словосочетания. Термины, образованные синтаксическим способом, можно разделить на две группы: лексико-семантические и морфолого-синтаксические. Термины, образованные лексико-семантическим способом, не пользуются никакими морфологическими средствами, например: *yekdil* «единогласно», *soyqırım* «геноцид», *atəşkəs* «прекращение огня» и др.

Термины, образованные морфолого-синтаксическим способом, преобладают над терминами, образованными лексико-семантическим способом. В результате семантического развития подобные сочетания изменили свое значение, некоторые из них, расширив свое значение, стали выражать новые понятия. Например: *keçiddövrü* «переходный период», *dayaq məntəqəsi* «пункт опоры», *siyasi hava* «политический климат», *nüfuz dairəsi* «сфера влияния», *iqtisadi bazar* «экономический рынок», *iqtisadi marağ* «экономический интерес» и др. Та или иная часть этих словосочетаний претерпела изменение значения. Подобно другим языкам, в развитии и обогащении азербайджанского языка и его терминологии наиболее приемлемым путем является образование терминов и терминосочетаний за счет внутренних средств языка. Такие терминологические словосочетания образуются примыканием двух и более слов – терминов. Бесспорно, что какие-либо два термина, примыкающие друг к другу, не связанные друг с другом по смыслу, не могут образовать терминологическое словосочетание. Потому что не только в терминологических словосочетаниях, но и в целом в словосочетаниях логическая связанность и грамматическое средство являются одним из основных условий. Об этом В.Н.Ярцева пишет: "Словосочетания должны принадлежать смысловому центру, говоря

другими словами, одно из слов словосочетания грамматически должно быть подчинительным" [Ярцева В.Н.1955:450].

Следовательно, компоненты, составляющие терминологические словосочетания, образованные синтаксическим способом и грамматически и семантически связываются друг с другом. Эти термины по грамматической и семантической связанности можно разбить, примерно, на три вида:

1. Среди терминов виде словосочетаний не участвует ни один из морфологических признаков, образующих синтаксическую связь. Иными словами, первый из терминов не меняя своей формы, то есть, не принимая ни один из словоизменительных аффиксов, примыкает ко второму термину, и с той или иной стороны определяя термин, к которому примыкает, находится в зависимости от его положения. Одновременно первая сторона, не подвергаясь структурно никаким изменениям, примыкает ко второй части и образует терминологическое словосочетание. Например, *maye oksigen* "жидкий кислород", *buynuz qişa* "роговая оболочка", *quru yargan* "сухая лощина", *sərbəst vektor* "независимый вектор", *baş vətər* "главная хорда", *kvadrat kök* "квадратный корень", *kvadrat tənlik* "квадратное уравнение", *tək ədəd* "единственное число" и в других подобных сочетаниях для связи одного термина с другим не использованы никакие морфологические признаки, два термина, не зависимые по значению, а также состоящие только из простых корней, по требованию значения в соответствующем виде вступили в синтаксическую связь и образовали терминологическое словосочетание.

Как видно, во всех вышеприведенных примерах первые части выражены простыми словами, то есть в терминах, названных нами первой стороной, не участвовали никакие словообразовательные аффиксы.

Как указывалось в начале, в сочетаниях этого вида первая часть должна употребляться без аффикса. Однако, говоря о морфологическом признаке в образовании терминологических словосочетаний семантическим и грамматическим путем, подразумевают не словообразовательный, а словоизменительный аффикс. Первая часть вышеприведенных примеров же составлена посредством словообразовательных аффиксов.

2. Терминологические словосочетания второго типа отличаются от сочетаний первого типа и по структуре и по выражению частями речи. Так, в терминологических словосочетаниях второго типа с одной стороны участвуют аффиксы, выражающие категорию принадлежности, а с другой стороны, если первая часть терминологических словосочетаний первого типа выражается существительными, прилагательными, числительными, то первая часть сочетаний этого типа в основном выражается существительным. Например, *səs dalğası* "звуковая волна", *atmosfer təzyiqi* "атмосферное давление", *elektrik sahəsi* "электрическое поле", *hava təzyiqi* "воздушное давление", *qida mərkəzi* "источник питания".

Один из терминов, образующих терминологическое словосочетание второго типа, с различных сторон определяет другой термин. Поэтому подобные терминологические словосочетания по смыслу можно разделить на следующие виды:

а) Первая часть выражает характерные признаки второй части. Это означает, что первая часть определяет конкретный тип второй части, выражающей целый предмет. Например, в сочетаниях *böyüək xəçəngi* "рак печени", *sinir lifləri* "нервные волокна", *dil hadisəsi* "языковое явление", *indikator lampası* "индикаторная лампа", *günəş radiasiyası* "солнечная радиация", вторые части выражают отдельные предметы, а первые части – конкретный вид этих предметов.

б) Первая часть выражает национальную принадлежность второй части. Например, *amerika irtiçacıları* "американские реакционеры", *alman faşistləri* "германские фашисты", *alman demokratları* "немецкие демократы", *ingilis çervonu* "английский червонец". В этих сочетаниях первые части непосредственно выражают национальную принадлежность вторых частей.

в) Первая часть выражает функцию второй части: *maarif naziri* "министр просвещения", *maliyyə naziri* "министр финансов", *idarə rəisi* "начальник управления", *maarif müfəttişi* "инспектор просвещения", *ştab rəisi* "начальник штаба", *alay komandanı* "командующий полка", *ordu komandiri* "командир полка", *polk komissarı* "комиссар полка". В этих сочетаниях в целом речь идет о должности. Например, в сочетании *"idarə rəisi"* не подразумевается ни определенное управление, ни определенная личность. В сочетании вообще подразумеваются личности, занимающие должность начальника управления. Эти сочетания, выражая определенность, не могли бы сохранить свой первоначальный вид. Они непременно должны были бы использоваться в виде терминологических словосочетаний третьего типа.

ç) Первая часть выражает конкретный вид второй части: *onurğa siniği* "перелом позвоночника", *sümük maddəsi* "костное вещество", *nəfəs borusu* "дыхательный канал", *damaq saiti* "небный гласный", *səs dalğaları* "звуковые волны", *səs əlaqələri* "голосовая связка". Первая часть этих терминологических словосочетаний никакую определенность не показывают и выражают конкретный вид вторых частей. Например, в медицине для различения переломов, им даются различные названия в соответствии с их особенностями. Эти названия определяют вид переломов. Значит, первая часть здесь в конкретной форме определяет вторую часть. Например, *bel siniği* "спинной перелом", *onurğa siniği* "перелом позвоночника", *qol siniği* "перелом руки".

d) Первая часть показывает собственное имя второй части. В этом варианте первая часть сочетаний выражается собственным существительным, а вторая часть - нарицательным существительным. Существительные в первой части сочетания и в самом сочетании, и за его пределами остаются как собственные существительные. Например, *Poten aparatı* "аппарат Потена", *Qarayev sıxıcısı* "пресс Гараева", *Bazedov xəstəliyi* "Базедова болезнь", "реакция Пастера", *Şenği qanunu* "закон Генри", *Pavlov kiçik mədəsiyi* "желудочек Павлова", *Kurlov düsturu* "формула Курлова".

Терминологические словосочетания второго типа также образуются посредством примыкания. По примыкательной связи первая часть терминологических словосочетаний *yer səthi* "поверхность земли", *bel kələfi* "спинная пряжа", *alın sümüyü* "лобная кость", *damar şişi* "венозная опухоль", *bel sümüyü* "спинная кость", *süd turşusu* "кислотность молока", *cümlə üzvü* "член предложения" примыкает ко второй части. Если по требованию подчинительного термина подчиненный термин будет употребляться в родительном или другом падеже, тогда между ними оказывается не примыкание, а управление. Например, в сочетании типа *cümlənin üzvü* "члена предложения" первая часть управляется посредством второй части. Здесь -нын является суффиксом родительного падежа, указывающего на управляемость первого термина.

А в первой части терминологического словосочетания "*cümlə üzvü*" такой суффикс отсутствует, значит, здесь признака связи управления нет, с другой стороны между компонентами этих терминологических словосочетаний, образующихся примыканием, невозможно вставить какой-либо термин. А среди терминов, образованных связью управления термин вставить можно например, *cümlənin ikinci dərəcəli üzvü* "второстепенный член предложения". Значит, со всех этих сочетаниях первые части, выражая определенность, отличаются от терминологических словосочетаний третьего типа.

Таким образом, способ номинации специальных понятий средствами синтаксического словообразования относится к числу традиционных и в то же время сохраняющих свою высокую продуктивность и в современном языке науки.

3. Терминологические словосочетания третьего типа также образуются семантическим и грамматическим примыканием двух и более терминов. Однако сочетания этого типа и по нормальному признаку, и по типу сочетания отличаются от терминологических словосочетаний первого и второго типов.

Терминологические словосочетания этого типа, в основном, образуются связью управления. По требованию подчинительного термина в терминологических словосочетаниях, находящихся в связи управления, подчиненный термин приобретает тот или иной падеж существительного. В зависимости от особенности этой связи, подчиненная часть сочетания всегда состоит из терминов, могущих склоняться. Несклоняемые термины никогда не могут выступать как подчиненная часть сочетаний, образовавшихся этим путем.

Эти терминологические словосочетания, образованные управлением, в основном, образуются посредством существительных. Потому что все части речи не в одинаковой степени участвуют в управлении. Одновременно эти терминологические словосочетания, образованные синтаксическим способом, выражают сложные научно-технические понятия. Поэтому в терминологических словосочетаниях этого типа могут терминизироваться только существительные. Именно на основе этого среди терминологических словосочетаний управление по своим характерным особенностям отличается от обычных сочетаний. Так, вторая часть обычных словосочетаний, образовавшихся управлением, - подчинительная часть в основном и главным состоит из глаголов. А это вытекает из особенности самого глагола. Ведь глагол связан с действием, а состояние и движение - с объектом или же с пространством. С другой стороны глагол имеет категорию переходности. Эта особенность дает возможность глаголу группировать вокруг себя в рамках предложения различные слова, образуя тем самым глагольные сочетания. В таких глагольных сочетаниях сам глагол является основным носителем, а сгруппировавшиеся вокруг него слова, поясняют глагол с той или иной стороны. Большинство собранных вокруг глагола слов связаны с ним управлением. А в терминологических

словосочетаниях третьего типа с управлением не участвует ни глагол, ни другие части речи (кроме существительного).

Терминологические словосочетания третьего типа состоят только из существительных. Например, *saitlərin ahəngi* "гармония гласных", *səslərin məxrəci* "артикуляции звуков", *samitlərin ahəngi* "гармония согласных", *sözlərin tərkibi* "состав слов", *dalğanın uzunluğu* "длина волны".

К первой части терминологических словосочетаний третьего типа прибавляются аффиксы родительного или порой исходного падежей, а к второй части - аффиксы принадлежности по всем лицам. Например, *özündən amputasiya* "самоампутация", *tərədən budaqlanma* "ответвление от вершины", *yandan qovuşma* "слияние с боку", *tərədən böyümə* "рост от вершины", *süddən ayırma* "отделение от молока", *dillərin qarışdırılması* "скрещивание языков".

Поэтому в процессе образования терминов, служащих для обозначения новых понятий в различных отраслях науки и техники следует, прежде всего, обратиться к словарному составу родного языка, и целесообразно использовать его внутренние возможности.

Из истории терминологии следует, что на начальной стадии своего развития терминосочетания состояли из двух, трех слов. В настоящее время наблюдается рост количества сторон терминосочетаний, служащих для выражения научных понятий. Например: *texnoloji problemin avtomatlaşdırılmış idarə sistemi* «автоматизированная система управления технологическими процессами», *daxili sekresiya vəzilərinin fəaliyyətini azalması* «ослабление активности функции желез внутренней секреции», *daxili üzvlərin anadangəlmə yerini dəyişməsi* «врожденное изменение местоположения внутренних органов» и др.

Такие сочетания, состоящие из четырех-, пяти-, шести- и, даже, семи слов утяжеляют язык. Поэтому следует придерживаться принципов краткости, компактности терминов, носящих номинативную функцию. Термины, образованные синтаксическим путем, чаще соответствуют следующим моделям: *существительное + существительное*, *прилагательное + существительное*, *числительное + существительное*.

Преобладание в терминологии терминов, образованных методом калькирования, свидетельствует о развитии наук, их интеграции, а также о расширении свободных, политических, экономических связей независимого азербайджанского государства с другими странами. Термины, образованные указанным методом, обогащают словарный состав языка. Н.Мамедов, А.Ахундов пишут: «Часть слов, образованных калькой, создана синтаксическим путем. Независимо от того, образованы ли новые слова морфологическим или синтаксическим способами, возникшее новое слово и термин служат выражению новых понятий» [Мəmmədov N., Axundov A. 1980:43].

Терминов, созданных калькированием, суммарно больше терминов, образованных и морфологическим, и синтаксическим путями. Например: «эффективность» – *səmərəlilik*, «закономерность» – *qanunilik*, «продуктивность, рациональность, производительность» – *səməraçilik* и др.

Изменения, произошедшие в обществе в 90-ые годы XX столетия, не миновали и язык. В связи с ростом экономических, политических, культурных связей с другими странами, ускорен процесс вхождения в словарный состав азербайджанского языка терминов, связанных с этими сферами. Новые понятия, связанные с изменениями, являющимися результатом обновлений в обществе, невозможно выразить лишь при помощи внутренних возможностей языка. Если оказывается невозможным назвать то или иное понятие внутренними возможностями языка, то становится необходимым выразить его, употребив заимствование в готовом виде. Заимствование терминов оправдано в том случае, если в словарном составе национального языка не оказывается соответствующего понятия, способного выразить этот термин. Разумеется, взаимные связи между языками являются естественным процессом, и этот процесс продолжается долгие годы. На современном этапе формирования и обогащения терминологической системы азербайджанского языка наряду с заимствованиями из русского языка, значимое место занимают заимствования из европейских языков.

В последнее время количество таких заимствований растет, расширяется как сфера их фиксации в отдельных словарях, так и сфера употребления в публицистике. В этот период, знаменуемый общественно-политическими изменениями и характеризуемый научно-техническими революциями, велико влияние европейских языков. В мире нет языка, который бы состоял лишь из собственных внутренних средств. В основе этого фактора в мировых языках стоит понятие «традиция языковых контактов», что свойственно всем мировым языкам. Историко-культурные связи и межгосударственные отношения, научно-технический процесс, а также развитие сферы научных

знаний способствуют тому, что увеличивается удельный вес заимствованных терминов в лексике азербайджанского языка, что является проявлением расширения межъязыковых контактов.

В Азербайджане последнее десятилетие XX века ознаменовалось обретением независимости, общественно-политическими изменениями и научно-техническими революциями. В этот период наблюдалось обогащение терминологической системы и особое формирование источников заимствований. Так, терминологическое обновление, развитие словарного состава, научно-технический прогресс, общественно-политическое и экономическое обновление напрямую связаны с межгосударственными отношениями. Глобализация, мировая интеграция, общественно-политическое обновление обуславливают возникновение и ряда понятий, и называющих их терминов. Поэтому одной из главных проблем терминологии является образование слов и терминов, отражающих общественно-политическую жизнь, те или иные ситуации, одним словом, все происходящие внутри страны процессы.

С течением времени в терминологии термины русского происхождения стали подвергаться семантическим изменениям. Это происходило вследствие смены самой общественной среды. Некогда употребительные термины перешли в пассивный словарный фонд языка, например: *sosializm* «социализм», *sosialist* «социалист», *kommunist* «коммунист», *partkom* «партком», *komsomol* «комсомол», *pioner* «пионер», *manqa* «звено» и др. Действительно, термины русского происхождения, исторически входящие в терминологический пласт азербайджанского языка, употребляются и сегодня. Сегодня архаизировалась и не используется та часть терминов русского происхождения, которая связана с общественно-политической жизнью. При этом их значительная часть продолжает оставаться употребительной. Наряду с ослаблением влияния русского языка на обогащение и формирование терминологической системы азербайджанского языка, с конца XX века стало расти число заимствований из европейских языков. Если в прежние годы в процессе заимствования терминов основным источником был русский язык, то его место заняли европейские языки, а в особенности, английский язык. Интеграция в европейское содружество преградила поток заимствований из русского и посредством русского языка. Значит, в современном азербайджанском языке источники заимствования терминов стали больше различаться от предыдущего периода развития, что непосредственно сказалось на происходящих в обществе процессах. Т.е. в советские времена для азербайджанского языка так же, как и для языков народов других союзных республик, не было важно, из какого языка в их лексику входили заимствованные термины. Главное, что это происходило посредством русского языка (это было общественно-политическим фактом). В годы независимости в соответствии с состоянием развития современного общества усилились тенденции отдаления от русского языка, и в процессе обмена терминами стали отдавать предпочтение европейским странам, с которыми начали налаживаться многочисленные контакты разного характера.

Известно, что заимствованные термины поступают в азербайджанский язык, сохраняя свои грамматические закономерности, морфемные и фонетические особенности. Заимствованные термины поступают в азербайджанский язык с нарушением закона гармонии, употреблением префиксов, невозможностью самостоятельного употребления корня в производных словах. При этом заимствованные термины подчиняются фонетическим, грамматическим законам заимствующего языка, термины типа теле- «теле-», *avto-* «авто-», *video-* «видео-» составляют его особый пласт. А.Гурбанов пишет: «К числу внешних факторов, играющих особую роль в развитии языка, относятся языковые связи, контакты. Этот фактор проявляется на основе экономических, политических, культурных и других связей между народами» [Qurbanov A.M. 2004:449].

При этом во время заимствования термина важно знать, есть ли в национальном языке термин, выражающий это понятие. При невозможности обозначить то или иное понятие внутренними возможностями азербайджанского языка, термин заимствуется в другом языке и употребляется в языке-реципиенте в исконном виде.

Процессы, изменения, протекающие в последние годы в экономической и политической жизни, в общественной мысли азербайджанского общества, приводят и к изменениям в словарном составе азербайджанского языка. Изменения, происходящие на различных этапах развития общества, отличаются спецификой своих свойств. Одной из главных проблем является создание слов и терминов, способных отразить процессы, ситуации, происходящие в общественно-политической жизни общества. Создание таких терминологических единиц диктуется требованием времени. Невозможно выразить новые понятия, связанные происходящими в обществе изменениями, обновлением, только за счет внутренних возможностей языка. Есть и такие заимствования, которые используются в языке-реципиенте также как и в языке-доноре. Например: *internet* «интернет», *sayt*

«сайт», *disk* «диск», *disket* «дискета», *koalisiya* «коалиция» и др.

Однако есть и такие заимствования, у которых после поступления язык-реципиент появляется соответствие, функционирующее параллельно с заимствованием. Например: *kvorum-yetərsay* «кворум-большинство», *auksion- hərrac* «аукцион», *interval- məsafə* «интервал-расстояние», *çertyoj- layihə* «чертеж-проект», *informasiya-məlumat* «информация-сообщение», *dinamika- inkişaf* «динамика-развитие» и др. Часть заимствованных и интернациональных терминов подвергаются нормам литературного азербайджанского языка. Сегодня прослеживается тенденция использования тюркских языков в качестве источника терминообразования. Известно, что в составе союзного советского государства тюркские республики, исторически образовавшиеся из общего древнетюркского корня, были разрознены. Этот факт стал причиной наличия в них больших расхождений. В настоящее время расширились общественные, политические и экономические связи с Турцией. И, как следствие, стали появляться термины, связанные с экономикой и культурой, которые образовались из общего корня и обладают общими морфологическими свойствами. В язык входят термины, являющиеся понятиями научно-технического прогресса (новых аппаратов, станков, технических процессов, открытий и др.). Р. Джафаров пишет: «Употребление терминов, заимствованных из западноевропейских языков, – это неизбежная необходимость, трактуемая трудностью обозначения в азербайджанском языке технических процессов, инструментов, аппаратов, станков» [Сəfərov R. 1990:23].

В настоящее время процесс поступления заимствованных терминов в азербайджанскую терминологию продолжается. Общеупотребительными стали термины *sayt* «сайт», *fayl* «файл», *disk* «диск», *elektrofaks* «электрофакс», *teletayp* «телетайп» и др., что связано с вхождением использованием в наш быт информационных технологий.

Во все времена терминологическое обновление, развитие словарного состава было связано с обновлениями в политике, экономике, науке. Поэтому некоторые ранее частотные термины типа *sosialist* «социалист», *kommunist* «коммунист», *partkom* «партком», *komsomol* «комсомол» и др. перешли в пассивный словарный фонд. Новую систему терминологического типа стали формировать понятия нового общественно-политического периода.

С течением времени, а также в связи с изменением общественной обстановки заимствованные из русского языка общественно-политические термины подверглись дифференциации. Вместе с тем в новой идеологической обстановке стала образовываться новая терминология. В языке стали использовать и новые общественно-политические термины. Например: *piket* «пикет», *fuksioner* «функционер», *xaotik* «хаотичный», *brifinq* «брифинг», *media* «меди», *respondent* «респондент», *spiker* «спикер», *totalitar* «тоталитарный», *investisiya* «инвестиция», *unitar* «унитарный», *legitim* «легитимный» и др.

Каждая историческая обстановка влияет на словарный состав языка, на его формирование, и, особенно, на его терминологическую систему. Выше было сказано, что интеграция в европейское содружество преградило поток заимствований из русского и посредством русского языка. И действительно, термины русского происхождения, исторически составляющие особый терминологический пласт азербайджанской терминологии, и сегодня продолжают употребляться в языке. Наряду с ними употребляются и термины, заимствованные в эти годы из английского, французского, турецкого и других языков.

Есть такие заимствованные термины, которые употребляются параллельно с собственными лексическими единицами, например: *kserokopiya- üzçixarma* «ксерокопия», *auksion- hərrac* «аукцион–торги», - *ikinci nüsxə* «дубликат–второй экземпляр», *embarqo- qadağa* «эмбарго–запрет», *konsensus-yekdillik* «консенсус–единогласие». В процессе развития терминосистемы азербайджанского языка мы отчетливо наблюдаем тенденцию, когда собственная языковая лексема постепенно вытесняет заимствованный эквивалент.

Терминологический словарный состав языка как отражение мировой цивилизации, общественной жизни объединяет и отдельные сферы науки, и фонетические, лексические, грамматические особенности отдельных языков. Поэтому поток заимствованных и интернациональных терминов обнаруживает ряд таких актуальных проблем как урегулирование заимствований, а также требование соответствия нормам заимствующего языка.

Наличие в терминологии заимствований не является показателем бедности языка, напротив, является фактором, указывающим на его обогащение за счет процесса языкового контактирования. Увеличение количества терминологических единиц в лексике азербайджанского языка, как проявление расширения межъязыковых контактов, объясняется историческими и культурными связями, межгосударственными отношениями, научно-техническим прогрессом и наличием разных областей научного знания.

Подобное взаимовлияние языков выходит за ограниченные национальные рамки, усиливает языковые контакты между народами. В процессе глобального научно-технического процесса, когда возникают системы программирования и языки, прикладные программы и электронно-вычислительные машины, формируются соответствующие терминологические системы.

50-ые годы XX века характеризовались стремительным развитием кибернетики и информационных технологий. Этот процесс завершился созданием компьютеров и корпоративных сетей, и особенно, глобальной информационной сети – интернета. Все это способствовало стремительному росту числа терминов, относящихся к данной отрасли. При невозможности образования терминологии конкретной сферы лексическими средствами национального языка стали обращаться к заимствованиям.

Важным путем усовершенствования терминологии является создание профильных терминологических словарей. Для решения ряда терминологических проблем в сфере информатики и других технических наук следует указать на ряд важных вопросов. Терминология должна идти в ногу с образованием и развитием новых отраслей науки и техники. Научно-технический прогресс, развитие общественно-политической жизни оказывает влияние на непрерывное изменение и развитие терминологических систем. Важно проследить эти изменения и грамотно направлять развитие терминологии. Для интеграции наук, развития научных знаний, легкого распространения информации следует отдавать предпочтение терминам, которые бы точно выражали научное понятие. Поэтому при составлении новых терминологических словарей следует придерживаться следующих основных принципов:

- При выборе эквивалентов следует предпочесть те термины, которые употребляются в национальном и интернациональном масштабах. Например: *akselerator* «акселератор», *drayver* «драйвер», *piksel* «пиксель», *kompiuter* «компьютер», *принтер* «принтер», *servis* «сервис», *skaner* «сканер», *server* «сервер», *selektor* «селектор», *relyasiya* «реляция» и др.

- При образовании термина важно учитывать то значение, носителем которого он является, а не его буквальное значение. Например: выделенный файл – *nişanlanmış fayl*, перебор данных – *verilənlərin axtarışı* и др.

- Следует определить место омонимов, выражающих разные значения в различных отраслях техники. Например, русское «продукция», образованное из латинского *productio* в азербайджанском языке имеет эквивалент *məhsul* «урожай»; в информатике же оно несет иной смысл, например *proqram məhsulu* «продукт программы», а иногда используется и в значении «продукция» (в экспертных системах). В информатике термин «подпрограмма» определен в азербайджанском языке как *altproqram* полностью соответствует значению русского термина. Азербайджанский эквивалент термина «обработка» (информации) в ряде сфер техники определяется не как *kişləmə*, а как *emal*, *emal etmə* «мал эммя, емал»

- Из нескольких вариантов слов в азербайджанском языке для нового термина следует выбрать то слово, которое было бы лаконичным и в большей степени соответствовало бы значению, например: «программа-оболочка» – *örtük proqram*, «струйный принтер» – *şırnaqlı printer*, «прокрутка изображения» – *təsvirin burulması* и др.

- Без изменений следует оставить названия рабочих систем, пакетов прикладных программ, редакторов и др., например: IBM, PC, AT, MS-DOS, Windows, Word, Excel и др.

Таким образом, невозможно выразить любое новое понятие внутренними средствами языка. Поэтому значимую часть терминологического слоя языка составляют термины. Однако для азербайджанского языка традиция образования новых терминов за счет внутренних ресурсов всегда была одной из приоритетных и важных направлений, ибо терминологический слой, составляющий основную часть любого (и в том числе азербайджанского) языка, обогащается не за счет заимствованных слов, а за счет образования национальных терминов.

Список литературы:

1. Ağamusa Axundov. Dil və mədəniyyət. Bakı, “Yazıcı”, 1992.
2. Qurbanov A.M. Ümumi dilçilik II cild. Bakı, 2004.
3. Dəmirçizadə Ə. Azərbaycan dilinin üslubiyatı. Bakı, “Azər nəşr”, 1962.
4. Kino, televiziya, radio terminlərinin izahlı lüğəti. Bakı, 2002
5. İnformatika terminləri lüğəti. Bakı, 2003
6. Məmmədov N., Axundov A. Dilçiliyə giriş. Bakı, “Maarif”, 1980.
7. Реформатский А.А. Что такое термин и терминология? «Вопросы терминологии», «Изд.-во», АН СССР, М., 1961.

8. Cəfərov R. Azərbaycan dilinin texniki terminologiyasında qərbi Avropa alınmaları. Terminologiya məsələləri. B., "Elm", 1990.
9. Sadiqova S.A. Azərbaycan dili terminologiyasının nəzəri problemləri. Bakı, "Elm", 2002.
10. Ярцева В.Н. Предложение и словосочетание. Сб.: Вопросы грамматического строя. Москва.1955,482 с.

ВОКАЛЬНЫЕ СИСТЕМЫ В ТЮРКСКИХ ЯЗЫКАХ ЮЖНОЙ СИБИРИ: ТРАДИЦИИ И ИННОВАЦИИ

И.СЕЛЮТИНА,⁶

*Доктор филологических наук, профессор,
Институт филологии СО РАН, Новосибирск /
Российская Федерация*

Резюме

Цель настоящей статьи – показать общие и специфические языковые характеристики в принципах структурной организации и субстанциональные характеристики фонетических единиц в алтайских диалектах и суб-диалектах, с одной стороны, и во взаимном контакте тюркских языков, с другой стороны, посредством сравнительного анализа качественных и количественных характеристик их репрезентаций гласных фонем. Этот анализ включает как результаты, полученные через надлежащие лингвистические исследования, так и инструментальные данные.

Подводя итоги результатов наших исследований по параметрам гласной артикуляции, мы можем заявить, что в южно-сибирских тюркских языках характеристики гласных стремятся быть деполаризованными согласно их ряду артикуляции. Как правило, функционально гласные заднего ряда не совмещаются с задними рядами артикуляций, но с гласными центрально-заднего ряда продвигаются к передней части. В подсистеме функционально передних гласных есть обратное движение в гласных артикуляциях: мы наблюдаем активную замену гласных переднего ряда центрально-задними или, в редких случаях, центральными. Как следствие этого движения гласных, особенно движения гласных переднего ряда, низкая производительность гласных переднего и заднего рядов подтверждается для тюркских языков региона Южной Сибири. В противоположность этому, гласные центрально-заднего ряда очень часто функционально представляются и как гласные переднего ряда, и как гласные заднего ряда.

Ключевые слова: тюркские языки, Южная Сибирь, вокальные системы, инструментальная фонетика, параметры артикуляторные

Введение

В статье излагаются результаты сопоставительного анализа качественно-количественных характеристик реализаций гласных фонем в говорах и диалектах Алтая, а также в близкородственных контактных тюркских языках Южной Сибири. При этом термин «язык» используется в значении «язык как средство общения» без указания на его иерархический статус (язык–диалект–говор). Цель исследования – выявить общность и специфику в принципах структурной организации и субстантных характеристиках фонетических единиц рассматриваемых систем, сформировавшихся в результате одновременных и разнохарактерных языковых контактов на территории Сибири.

К сопоставлению привлекались как результаты собственно лингвистических исследований, так и данные, полученные с применением объективных инструментальных методов – соматических (статическое рентгено-, денто- и фотографирование настроек гласных) и акустических (с использованием компьютерных программ создания и обработки звуковых файлов CoolEdit, CoolPro, AudioCon, WinCecil, SpeechAnalyzer). С 2009 г. исследования проводятся с использованием инновационных методик МР-томографирования и цифрового рентгенографирования. Все работы выполнены по единой методике (Наделяев 1980: 3-91), что обеспечивает сопоставимость данных.

⁶Д.филол.н., профессор, Институт филологии СО РАН, Новосибирск / Российская Федерация, siya_irina@mail.ru

Комплексное исследование вокальных фонико-фонологических систем, позволившее выявить инвентари фонем, основные конститутивно-дифференциальные признаки (КДП), структурирующие системы, доминантные параметры артикуляционно-акустических баз (ААБ) этнических групп – носителей исследуемых тюркских языков южно-сибирского ареала, выполнены на материале алтайского языка (Чумакаева 1984а: 22-27; 1984б: 162-167; 1988: 29-35), онгудайского говора диалекта алтай-кижи – опорного говора базового диалекта алтайского литературного языка (Шалданова 2000: 195-198; 2003а: 94-95; 2003б; 2007), теленгитского (Машталир 1983: 121-127; 1984: 74-78), бачатско-телеутского (Гаврилин 1984: 67-73; 1985: 59-68), чалканского (Кокорин 1979: 53-56; 1984: 27-28), кумандинского (Селютина 1988), тубинского (Сарбашева 2002) диалектов алтайского языка, а также сагайского и качинского диалектов хакасского языка (Кыштымова 2001) и каа-хемского говора тувинского языка (Дамбыра 2003).

Сопоставляемые языки, диалекты и говоры в наиболее распространенной среди лингвистов генеалогической классификации тюркских языков Н.А. Баскакова отнесены к разным группам: южные диалекты алтайского языка (алтай-кижи, теленгитский, телеутский) вместе с киргизским языком – к киргизско-кыпчакской группе восточной ветви, северные диалекта Алтая (чалканский, кумандинский, тубинский) вместе с хакасским языком – к хакасской подгруппе, а тувинский и тофский языки – к уйгуро-тукнойской подгруппе уйгуро-огузской группы восточнотуркестанской ветви тюркских языков (Баскаков 1969).

Основные характеристики звуковых систем тюркских языков Южной Сибири


Сопоставительный анализ *инвентарей* гласных фонем в диалектах Алтая свидетельствует о значительном их сходстве. Все рассматриваемые системы характеризуются тенденцией к идеальной тюркской симметричной модели вокализма, включающей 8 кратких и 8 долгих фонологических единиц. Тем не менее, полностью заполнены все клетки системы только в алтайском литературном языке, а также в одном из северных диалектов – тубинском (Сарбашева 2002: 7) и в тувинском. В остальных диалектах отмечается «недоукомплектованность» подсистем долгого узкого неогубленного вокализма.

Проведенное исследование квалитативно-квантитативных параметров гласных в южно-сибирских тюркских языках свидетельствует об общности принципов организации *вокальных фонологических систем*: все они структурируются оппозициями единиц *по артикуляторному ряду, степени подъема, огубленности-неогубленности, краткости-долготе*.

Исключение составляют тувинский и тофский (тофаларский) (Рассадин 1971) языки, а также алтайский туба-диалект, в которых в число конститутивно-дифференциальных признаков гласных фонем входит характеристика по наличию-отсутствию *фарингализованной* окраски: в тувинском вокализме это один из основных КДП, в туба-диалекте – дифференциальный признак, сопутствующий долготе.

Таким образом, южносибирские тюркские языки можно разделить *на две группы* (схема 1): 1) языки, вокальные фонематические системы которых структурируются с учетом характеристик гласных по глоттализированности / неглоттализированности (тувинский, тофский, туба-диалект алтайского) и 2) языки, в которых работа фаринкса не является фонематическим признаком (алтайский литературный язык, онгудайский говор диалекта алтай-кижи, теленгитский, бачатско-телеутский, кумандинский, чалканский диалекты алтайского языка, сагайский и качинский диалекты хакасского языка). При этом функциональная значимость фарингализации в тувинском языке значительно выше, чем в тофском языке и алтайском туба-диалекте.

Схема 1



Классификация южносибирских тюркских систем гласных по артикуляторному ряду. При общих принципах построения систем гласных фонем, в их субстантных характеристиках обнаруживаются как сходства, так и существенные различия, обусловленные спецификой ААБ.

В соответствии с классификационной таблицей гласных, разработанной В.М. Наделяевым (Наделяев 1980: 41-43), в языках мира следует различать пять артикуляторных рядов гласных: передний, центральный, центрально-задний, задний и смешанный (табл. 1). При этом каждый ряд может быть представлен выдвинутыми (слабовыдвинутыми, умеренновыдвинутыми и

сильновыдвинутыми) или отодвинутыми (слабоотодвинутыми, умеренноотодвинутыми, сильноотодвинутыми) артикуляциями.

Следует различать *артикуляторные* ряды гласных и *функциональные сингармонические* ряды. С точки зрения гармонии гласных функционально твёрдорядные гласные – это те звуки, которые определяют употребление твёрдорядных гласных в последующих слогах; функционально мягкорядные гласные – это те, которые определяют употребление мягкорядных гласных в последующих слогах. При этом функционально твёрдый ряд гласных в различных сибирских тюркских языках может быть представлен задним, центрально-задним, центральным или смешанным артикуляторными рядами гласных (см. табл. 1). Функционально мягкий ряд гласных может быть представлен передним, центральным, центрально-задним или смешанным артикуляторными рядами.

Таблица 1
Основные типы гласных

Ряды Ступени	переднерядные индекс-7		смешаннорядные индекс-59		центральнорядные индекс-89		центральнорядные индекс-9		заднерядные индекс-90	
	1	i	y	Ы	Ц	ÿ	ÿ	ÿ	ÿ	Ш
2	ɪ	ʏ	Ь	У	ÿ̇	ÿ̇	ÿ̇	ÿ̇	Ъ	У
3	e	ø	Э	О	ÿ̈	ÿ̈	ÿ̈	ÿ̈	Ъ	У
4	ɛ	œ	З	Э	ÿ̉	ÿ̉	ÿ̉	ÿ̉	Ъ	У
5	æ	ǽ	Э	Э	ÿ̊	ÿ̊	ÿ̊	ÿ̊	Ъ	У
6	а	ǻ	В	В	ÿ̋	ÿ̋	ÿ̋	ÿ̋	Ъ	У

Анализ гласных по параметрам *артикуляторной рядности* свидетельствует о том, что в большинстве звуковых систем функционально твёрдорядные единицы квалифицируются как *центральнозадние*. При этом наиболее задние твёрдорядные настройки отмечаются в качинском и каа-хемском (кроме каа-хемского о); по настройкам а к этой группе языков примыкает онгудайский говор, по параметрам звука о – туба-диалект алтайского языка.

Самый широкий диапазон артикуляторной рядности твердорядных реализаций в регионе рассматриваемых языков – у гласного а: от переднерядного до заднерядного; у гласного ы – несколько уже: ограничивается сзади комбинированной центральнозаднерядной / заднерядной настройкой, заднерядные артикуляции ы не отмечаются (схема 2). Спектр настроек гласных о и у ограничен спереди – гласные реализуются как центральнорядные, центральнозаднерядные и заднерядные; переднерядные настройки не зафиксированы (схема 3).

Схема 2
Твёрдорядный неогубленный вокализм





Схема 3


Твёрдорядный огубленный вокализм



Звуковые системы, в которых функционально *мягкорядные* гласные реализуются как *переднерядные*, составляют большинство, хотя и незначительное. Мягкорядный вокализм туба-диалекта, качинского диалекта и каа-хемского говора реализуется как *центральнотзадний* (схема 4).

Схема 4

Мягкорядный вокализм



саг.

В ряде сопоставляемых языков выявлена тенденция к манифестации гласных в *смешаннорядных* настройках. Такие артикуляции отмечены в онгудайском говоре алтайского языка для *мягкорядных огубленных* гласных *ö* (сöс«sЦ>□→Цs» ‘слово’, диктор 3; тöö ‘верблюд’: диктор 3 «tÖ>;:→Ö:», диктор 4 «tЦ□;:→Ц:») и *ü* (күю «eÖ□:» ‘мелодия’, диктор 4)⁷.

Аналогичное явление зафиксировано в кумандинском диалекте алтайского языка при продуцировании *широких* звуков *a, e, o, ö* (Селютина 1998: 90), а также в сагайском диалекте хакасского языка для звуков *ü* и *i* и звуков *aa, a, ыы, oo, ee*; слабо выраженная тенденция гласного *aa* к смешаннорядному [E] отмечается и в качинском диалекте хакасского языка (Кыштымова 2001: 49, 55).

При произнесении почти всех гласных – и твердорядных, и мягкорядных – *самые передние настройки* отмечаются, как правило, в алтайском литературном языке, бачатско-телеутском и теленгитском диалектах алтайского, причем наиболее отчетливо это проявляется в подсистеме огубленных (особенно – мягкорядных) гласных.

Вокализм качинского диалекта хакасского языка и каа-хемского говора тувинского (кроме каа-хем. *o*) оказывается, как правило, на другом конце шкалы – для этих языков характерны *самые задние настройки* по сравнению с остальными сопоставляемыми системами. К этой же группе звуковых систем с более задним вокализмом примыкает туба-диалект – но лишь в отношении мягкорядных гласных и твердорядного огубленного *o*; по артикуляторным характеристикам остальных твердорядных гласных (*a, ы, y*) туба-диалект находится в начале или середине шкалы артикуляторной рядности.

В отличие от названных языков, системы гласных кумандинского и чалканского диалектов алтайского языка и сагайского диалекта хакасского характеризуются относительно *средней* локализацией отграничивающего сужения в резонаторной полости, которое и обуславливает характеристику гласных по артикуляторной рядности.

Вокализм онгудайского говора диалекта алтай-кижи алтайского языка по особенностям реализации *мягкорядных* единиц (центральнотзадние сверхсильновыдвинутые) примыкает к группе языков с более задними настройками (качинский, каа-хемский, туба-диалект); исключение составляет гласный *iii* (переднерядная основная настройка), занимающий крайне переднее положение на шкале артикуляторной рядности. С другой стороны, *твердорядные* гласные локализуются, как правило, в середине шкалы (примыкая к кумандинскому, чалканскому, сагайскому); исключение составляет гласный *aa* (заднерядный слабовыдвинутый), занимающий крайне заднее положение на шкале сопоставляемых звуковых систем.

Таким образом, потенциально общие возможности артикуляционно-акустических баз алтайского литературного языка и онгудайского говора имеют свою специфику преломления. Общая настройка речевого аппарата *онгудайцев* при продуцировании гласных является *более задней*, чем у носителей литературного языка: если в онгудайском говоре выделяются три фонематических артикуляторных ряда – передний, центральнотзадний и задний с превалированием центральнотзадних настроек, то в алтайском литературном языке функционируют передний, центральный и

⁷Символ V; означает «умеренно выдвинутая гласная артикуляция», символ V□ – «сильновыдвинутая». Знак □ над буквой свидетельствует о назализованном произношении звука.

центральнозадний ряды при доминировании в языке переднерядных и центральнорядных гласных фонем.

Распределение систем гласных в исследуемых южносибирских тюркских языках в соответствии с характеристиками их по артикуляторной рядности представлено графически на рисунке 1.




Рис. 1. Шкала артикуляторной рядности настроек гласных

Классификация южносибирских тюркских систем гласных по параметрам подъема.

Анализ настроек гласных по параметрам *открытости / закрытости* свидетельствует о том, что *самые узкие* реализации гласных функционируют в сагайском диалекте хакасского языка и туба-диалекте алтайского, но если в сагайском диалекте все рассматриваемые гласные являются самыми узкими в ряду сопоставляемых языков, то в туба-диалекте исключения составляют узкие гласные *и, у*.

Самый широкий вокализм зафиксирован в кумандинском диалекте алтайского (кроме *е, ы*) и в качинском диалекте хакасского языка (кроме *а, ь, ү*).

Каа-хемский говор тувинского языка по характеристикам *широких* гласных (кроме *ө*) входит в группу языков с относительно *узким* вокализмом (сагайский, туба), а по параметрам подъема *узких* гласных (кроме *у*) примыкает к языкам с *широким* вокализмом (кумандинский, качинский). Следовательно, в каа-хемском говоре дифференциация гласных по степени подъема – наименее выраженная по сравнению с остальными рассматриваемыми языками.

Вокальные системы алтайского литературного языка, онгудайского говора, теленгитского, бачатско-телеутского и чалканского занимают *серединное* положение на шкале открытости-закрытости артикуляторных настроек.

Графически положение на шкале степени подъема настроек гласных в рассматриваемых южносибирских тюркских языках представлено на рис. 2:




Рис. 2. Шкала открытости / закрытости настроек гласных

Вокализм онгудайского говора и алтайского литературного языка в целом совпадают по параметрам *открытости-закрытости*: гласные *о, ө, ы, и, ү* реализуются в сопоставляемых системах в звуках одной ступени отстояния; для звуков *а, е, у* наблюдаются незначительные различия.

Обсуждение полученных результатов. Обобщение результатов исследования артикуляторных параметров гласных свидетельствует о том, что в ареале функционирования рассматриваемых в данной работе южносибирских тюркских языков констатируется тенденция к *деполяризации характеристик гласных* по параметрам артикуляторного ряда. Функционально твердорядные гласные реализуются, как правило, не в заднерядных, а в более передних – *центральнозадних* настройках. Вместе с тем, в подсистемах мягкорядного вокализма происходит обратный процесс передвижения гласных назад – процесс активного *вытеснения переднерядных гласных центральнозаднерядными* (реже – центральнорядными) настройками.

Вследствие *передвижения гласных* – прежде всего, мягкорядных – для ареала распространения тюркских языков Южной Сибири характерна низкая продуктивность переднерядных и заднерядных гласных при очень высокой частотности центральнозадних настроек – как мягкорядных с точки зрения сингармонизма, так и твердорядных.

Вокальные настройки как бы сдвинуты к центру резонаторной полости – в зону реализации *центральнозадних* артикуляций, нет контрастности в дифференциации гласных по ряду, отмечаемой

в тюркских языках уйгуро-огузского типа, вокализм которых четко структурирован в соответствии с одной из основных его функций обслуживания потребностей сингармонизма по ряду (передний – задний), подъему (узкий – широкий), огублению (неогубленный – огубленный). Более всего эта тенденция проявилась в туба-диалекте алтайского языка: по особенностям реализации мягкорядных гласных он оказывается в группе языков с более задними настройками, твердорядный же тубинский вокализм (кроме *oo*, *уу*), напротив, находится, как правило, в начале шкалы артикуляторной рядности.

Наши данные по тюркским языкам Южной Сибири убедительно показывают лингвистическую значимость дифференциации настроек в классе центральнозаднерядных гласных по степени выдвинутости вперед: кажущаяся незначительной разница в артикуляторных настройках коррелирующих мягкорядных и твердорядных гласных фонем является необходимой и достаточной для осуществления ими основной лингвистической функции – смыслоразличительной; это различие фонем абсолютно адекватно воспринимается носителями онгудайского говора, но обуславливает трудности восприятия для собеседников, являющихся представителями иной языковой традиции с перцептивной базой, ориентированной на более поляризованный вокализм.

На противопоставлении центральнозаднерядных фонем по степени продвинутости базируется – в значительной мере – функционирование палатальной гармонии гласных, закономерностям которой строго подчиняются словоформы в потоке речи. С другой стороны, сингармонический облик словоформы, фонетический контекст функционирования фонем, специфика коартикуляционных участков и, возможно, тональные характеристики являются факторами, способствующими адекватному восприятию речи и нивелирующими необходимость в более значительном разведении гласных фонем по артикуляторным параметрам (в частности, по ряду), свойственном несингармоническим языкам.

Кроме тотального процесса деполяризации гласных по ряду, можно отметить параллельный процесс стирания различий гласных по степени подъема, зафиксированный в каа-хемском говоре тувинского языка, в котором широкие гласные характеризуются на фоне других южносибирских тюркских языков как относительно узкие, а узкие гласные – как относительно широкие.

По-видимому, констатируемое на данном этапе состояние вокальных систем обусловлено конфликтом между ААБ языков-субстратов дотюркского периода и навязанной им системой функций, выполняемых вокализмом в тюркском языке-суперстрате. Попытка языка-основы приспособить вокализм к чуждой для него сингармонической системе детерминировала тенденцию к нивелировке релевантных в рамках этой системы признаков фонем и к усилению роли других лингвистических средств в различении семантики (Селютина 2000).

Таким образом, при относительной близости структурной организации вокальных систем в южносибирских тюркских языках, функциональные и – особенно – субстантные характеристики составляющих их единиц различны по языкам.

Сопоставительный анализ свидетельствует о четкой *дифференциации* южносибирских тюркских гласных по *квантитативным параметрам*: долгий гласный длительнее краткого коррелирует в среднем в 1,5–2,0 раза; при этом наибольший разрыв между длительностью краткого и долгого гласного – в 2,2 раза – отмечается в качинском диалекте хакасского языка; наименьшее соотношение $\bar{V}:V=1,4$ – в туба-диалекте алтайского языка, где длительность не является единственным маркером долгих гласных, она поддерживается фарингализацией (Сарбашева 2002: 11).

В ряде южносибирских тюркских языков (в хакасском, шорском языках, кумандинском и тубинском диалектах алтайского языка, в каа-хемском говоре тувинского) реализуется *позиционная долгота гласных*, характерная для кыпчакских или сильно кыпчакизированных языков: широкие гласные открытого слога перед слогом с узким гласным удлиняются до длительности стяженных долгих гласных.

По особенностям реализации рассматриваемой закономерности шорский язык (Шавлова 1981: 137-148), кумандинский (Селютина 1985: 42-58) и тубинский (Сарбашева 2002: 10-11; 2004) диалекты алтайского, каа-хемский говор тувинского языка (Дамбыра 2001: 98-99; 2005) отличаются от хакасского, где широкие гласные удлиняются до долгих только перед узкими *ы* и *і* и только в 1-м слоге. В кумандинском, туба-диалекте, шорском, каа-хемском широкие гласные удлиняются и в непервых слогах, причем не только перед *ь* и *і*, но и перед значительно менее частотными *у* и *ү*. На этом фоне алтайский онгудайский говор обнаруживает определенную специфику: тенденция к удлинению широких гласных непоследовательна и непродуктивна.

Структурные и функциональные характеристики систем гласных фонем позволяют соотнести рассматриваемые тюркские языки Южной Сибири с разными ветвями *циркумбайкальского*

языкового союза (Наделяев 1986: 3-4): *алтае-саянской* – вокальные системы не включают в набор КДП фарингализацию настроек, и *байкало-саянской* – с оппозицией гласных по фарингализованности / нефарингализованности (схема 5).

Схема 5



Алтае-саянская ветвь подразделяется на две подгруппы – *североалтайскую* с характерным для нее процессом «перелома гласных» и фонологизацией позиционной длительности – сюда входят *кумандинский, чалканский диалекты алтайского языка, сагайский и качинский диалекты хакасского языка*; и *южноалтайскую* подгруппу с относительно более передним вокализмом – сюда входят *алтайский литературный язык, онгудайский говор, бачатско-телеутский и теленгитский диалекты алтайского языка*.

Каа-хемский говор тувинского языка с относительно более задним вокализмом и с нечеткой дифференциацией настроек по степени раствора рта входит в *уйгуро-урянхайскую* подгруппу **саяно-байкальской ветви** языков с характерной для них фарингализацией гласных.

Туба-диалект находится **на стыке двух ветвей** – **алтае-саянской ветви** с системной организацией консонантизма по квантитету и утратой древнетюркского \uparrow по южно-алтайскому типу (Широбокова 2000; 2005) и **саяно-байкальской ветви** с фарингализацией гласных (Сарбашева 2002: 19; 2004: 219).

Сокращённые названия языков

алт. – алтайский язык

бач.-тел. – бачатско-телеутский диалект алтайского языка

каа-хем. – каа-хемский говор тувинского языка

кач. – качинский диалект хакасского языка

кум. – кумандинский диалект алтайского языка

онгуд. – онгудайский говор диалекта алтай-кижи алтайского языка

саг. – сагайский диалект хакасского языка

теленг. – теленгитский диалект алтайского языка

хак. – хакасский язык

чалк. – чалканский диалект алтайского языка

Список литературы:

1. Баскаков, Н.А.(1969). Введение в изучение тюркских языков. – М.
2. Гаврилин, Н.В.(1984). Реестр гласных фонем в языке бачатских телеутов // Фонетика языков Сибири. – Новосибирск. – С. 67–73.
3. Гаврилин, Н.В.(1985). Рентгенограммы гласных в бачатско-телеутском языке // Фонетика сибирских языков. – Новосибирск. – С. 59–68.
4. Дамбыра, И.Д.(2001). Позиционная длительность тувинских гласных // Материалы XXXIX Международной научной студенческой конференции «Студент и научно-технический прогресс». Языкознание. – Новосибирск. – С. 98–99.
5. Дамбыра, И.Д.(2003). Вокализм Каа-Хемского говора в сопоставлении с другими говорами и диалектами тувинского языка: Автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Новосибирск.
6. Дамбыра, И.Д. (2005). Вокализм Каа-Хемского говора в сопоставлении с другими говорами и диалектами тувинского языка. – Новосибирск.
7. Кокорин, В.Н.(1979). Артикуляторные настройки гласных твердого ряда в языке чалканцев (по данным статического рентгенографирования // Информация и языковой знак. – Тюмень. – С. 53–56.

8. Кокорин, В.Н.(1984). Артикуляторные настройки гласных мягкого ряда в языке чалканцев (по данным статического рентгенографирования) // Исследования звуковых систем языков Сибири. – Новосибирск. – С. 27–28.
9. Кыштымова, Г.В.(2001). Состав и системы гласных фонем сагайского и качинского диалектов хакасского языка. Экспериментально-фонетическое исследование. – Новосибирск.
10. Машталир, С.И.(1983). Артикуляционные настройки гласных теленгитского диалекта алтайского языка по данным статического рентгенографирования // Сибирский фонетический сборник. – Новосибирск. – С. 121–127.
11. Машталир, С.И.(1984). Состав гласных фонем в теленгитском диалекте алтайского языка // Фонетика языков Сибири. – Новосибирск. – С. 74–78.
12. Надеяев, В.М.(1980). Артикуляционная классификация гласных // Фонетические исследования по сибирским языкам. – Новосибирск. – С. 3–91.
13. Надеяев, В.М.(1984). Палатографирование. Методические заметки // Фонетика языков Сибири. – Новосибирск. – С. 3–38.
14. Надеяев, В.М.(1986). Циркумбайкальский языковой союз // Исследования по фонетике языков и диалектов Сибири. – Новосибирск. – С. 3–4.
15. Рассадин, В.И.(1971). Фонетика и лексика тофаларского языка. – Улан-Удэ.
16. Сарбашева, С.Б.(2002). Вокализм и консонантизм туба-диалекта алтайского языка: Автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Казань.
17. Сарбашева, С.Б. (2004). Фонологическая система туба-диалекта алтайского языка (в сопоставительном аспекте). – Новосибирск.
18. Селютина, И.Я.(1985). Длительность кумандинских гласных в полисиллабах // Фонетика сибирских языков. – Новосибирск. – С. 42–58.
19. Селютина, И.Я.(1998). Кумандинский вокализм. Экспериментально-фонетическое исследование. – Новосибирск.
20. Селютина, И.Я.(2000). Фонетика языка кумандинцев как историко-лингвистический источник (экспериментально-фонетическое исследование): Автореф. дис. ... доктора филол. наук. – Якутск.
21. Чумакаева, М.Ч.(1984а). Артикуляторные настройки гласных твердого ряда в алтайском языке (по данным статического рентгенографирования) // Исследования звуковых систем языков Сибири. – Новосибирск. – С. 22–27.
22. Чумакаева, М.Ч.(1984б). Реализация алтайской долгой фонемы [a:]// Алтайский язык на современном этапе его развития. – Горно-Алтайск. – С. 162–167.
23. Чумакаева, М.Ч.(1988). Артикуляторные настройки мягкорядных гласных алтайского языка (по данным статического рентгенографирования) // Вопросы алтайского языкознания. – Горно-Алтайск. – С. 29–35.
24. Шавлова, Н.В.(1981). Тональность в словесном ударении шорского языка // Экспериментально-фонетические исследования сибирских языков. – Новосибирск. – С. 137–148.
25. Шалданова, А.А.(2000). Состав гласных фонем в алтайском литературном языке // Вторая зимняя типологическая школа. Материалы международной школы-семинара молодых ученых по лингвистической типологии и антропологии. Москва, 31 января – 6 февраля 2000 г. – Москва. – С. 195–198.
26. Шалданова, А.А.(2003а). Артикуляторные характеристики твердоядных гласных алтайского языка // Материалы XLI Международной научной студенческой конференции «Студент и научно-технический прогресс». Языкознание. – Новосибирск. – С. 94–95.
27. Шалданова, А.А.(2003б). Вокализм диалекта алтай-кижи алтайского языка (в сопоставительном аспекте): Автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Новосибирск.
28. Шалданова, А.А. (2007). Вокализм диалекта алтай-кижи в сопоставительном аспекте. – Новосибирск.
29. Широбокова, Н.Н.(2000). Отношение якутского языка к тюркским языкам Сибири: Автореф. дис. ... доктора филол. наук. Якутск.
30. Широбокова, Н.Н. (2005). Отношение якутского языка к тюркским языкам Южной Сибири. – Новосибирск.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ: ОДАҒАЙДЫҢ ТІЛДІК ТАБИҒАТЫ ТУРАЛЫ

Г.О.СЫЗДЫҚОВА,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы. Астана қаласы

Қазақ тіл біліміндегі сөз таптарының ішінде одағайдың тілдік табиғатына тән ерекшеліктер оның сөз табы ретінде қалыптасу тарихы мен мағыналық сипатына қатысты ғылыми тұжырымдардан айқын көрініс тапқан. Бұл орайда қазақ тіл біліміндегі лингвистикалық терминдер жүйесін қалыптастырып қана қоймай, әр терминнің тіл деңгейіндегі орнын нақтылап анықтаушы ғалым А.Байтұрсынұлының одағайдың мағыналық сипаты туралы пікірлерінің де ғылыми маңызы зор. Сондықтан мақаламызда ғалымның одағайға берген анықтамасы мен оның мағыналық жіктелімі жөніндегі тұжырымдары сараланады.

Кез келген сөздің тілдік болмысы, алдымен, оған берілген анықтама арқылы танылады. А.Байтұрсынұлы «одағайланып оңаша айтылатын сөздерді» одағай деп атап, «барша шапшаң болған істі көрсету үшін айтылатын, барша шабыттау үшін айтылатын. Барша жекіру, ақыру, тыйу, қайыру, тоқтату, басу, жұбату үшін айтылатын, барша қуаныш, реніш, кейістік, уайым, қайғы, күйінгенде, сүйінгенде, қорыққанда, шошығанда, таңданғанда, тамсанғанда, жан иә тән күйзелгенде, қиналғанда, иә рахаттанғанда айтылатын сөздер хәм дыбыстарды» одағайларға жатқызады [1, 150]. Бұл тұжырымның ішіндегі «барша шапшаң болған істі көрсету үшін айтылатын» деген анықтамадан басқасы одағайлардың тілдік болмысын толық сипаттайды. Ал «барша шапшаң болған істі көрсету» – бұл одағайдан гөрі еліктеу сөздерге тән белгі. Ғалымның одағай туралы мұндай тұжырым жасауының басты себебін еліктеу сөздердің бастапқыда (*20-ғасырдың 40-жылдарының соңына дейін*. Г.С.) өз алдына жеке сөз табы ретінде алынбай, одағайдың мағыналық тобында қарастырылуымен түсіндіруге болады.

А.Байтұрсынұлы сөздерді атауыш және шылау сөздер деп 2 топқа бөліп, одағай сөздерді шылау сөздердің қатарында қарастырады. Ғалымның бұл тұжырымын Қ.Жұбанұлы одан әрі дамытып, «таптасқан сөздер заттың өзін, сипатын, ісін айырып атау үшін қажет, таптаспаған сөздер заттың өзін, ісін, сипатын, түйдегін жазбай атау үшін қажет» деп, одағай сөздерді «таптаспаған сөздер» ретінде көрсетеді [2, 527]. Мысалы: *Сорап-сорап – су иш* дегендегі *сорап-сорап* таптаспаған, *су иш* таптасқан сөздер болып саналады. Мұндағы *сорап-сорап* одағайы заттың қимылын жазбай, бір сөзбен ғана сипаттап тұр.

Одағайлардың мағыналық жағынан топтастырылуы жөніндегі ғылыми пікірлерге сүйенсек, онда, біріншіден, сан жағынан, екіншіден, аталуы, үшіншіден, ішкі сипаты жағынан өзіндік ерекшеліктер, алшақтықтар байқалады. Мәселен, Қ.Жұбанов, Ш.Сарыбаев, А.Ысқақов, Ә.Төлеуов, Н.Оралбай т.б. ғалымдар одағайларды сан жағынан бірдей, яғни 3 топқа бөлсе, Н.Сауранбаев 4 түрін бөліп көрсетеді.

Одағайлардың мағыналық жағынан түрліше топтастырылуы оның кейбір топтарының түрліше аталуымен немесе кейбір одағайлардың бірде бір топ ішінде, енді бірде өз алдына жеке топ ретінде қарастырылуымен де байланысты. Мұндай көзқарас А.Байтұрсынұлының одағай сөздердің тілдік сипаты туралы пікірлерінде де кездеседі. Ғалым одағайды, ең алдымен, негізгі үш топқа бөліп қарастырады. Атап айтқанда, 1) Ілездік одағай, 2) Еліктеу одағай, 3) Шақырыс одағай [1, 150]. Мұндағы ілездік одағай (*лап, шап, жұлт, жалт, зып, сып, дік, күмп, дүрс, кілт* т.б.) мен еліктеу одағайы (*шыр-шыр, быр-быр, сықыр-сықыр, сылдыр-сылдыр, күлдір-күлдір, былдыр-былдыр* т.б.) қатарындағы сөздер қазіргі кезде одағайдан бөлініп, өз алдына дербес еліктеу сөздер ретінде қарастырылып жүргендігі белгілі. Ал шақырыс одағайын зерттеуші «адамды шақырғанда, малды шақырғанда, жекіргенде, мейіріммен иә жұмсақ раймен айтқанда» қолданылу сипатына қарай топтастырып, барлық одағайды бір ғана топта, яғни **шақырыс одағайының** ішінде қарастырады.

А.Байтұрсынұлының одағайдың мағыналық сипатына қатысты тұжырымдарын кейінгі зерттеушілердің пікірлерімен салыстыратын болсақ, ғалым Н.Сауранбаев шақырыс одағайын «императивтік (шақыру) одағайлары» деп атап, оларды іштей малға байланысты және жекіру, қарғыс одағайлары тәрізді түрлерге бөліп қарастырады. Ал А.Байтұрсынұлының шақырыс одағайлары қатарындағы тұрмыс-салт одағайларын Қ.Жұбанов қатынас одағайы деп алып, өз алдына жеке топ ретінде көрсетеді. Сондықтан А.Байтұрсынұлы бір ғана топта (шақырыс одағай) одағайдың барлық мағыналық түрлерін қамтыған. Ғалымның жіктеліміндегі одағайдың таза тілдік табиғатына сай келетін сөздер – шақырыс одағайлары.

Бұл бағытта ғалым шақырыс одағайларын адамға және малға қатысты деп бөліп, «адамды шақырғанда әй! «аттан» һәм ұран сөздер. Малды шақырғанда түйеге «күс-күс!», жылқыға «құру-құру!», сиырға «ау-қау!», қойға «пышайт-пышайт!», ешкіге «шөре-шөре-ау!», итті шақырғанда «ка-ка!», «көйт-көйт!», құсты шақырғанда «қайт-кел!», мысықты шақырғанда «міш-міш!» сөздерінің қолданылатындығын атап көрсетеді. Ғалым көңіл күй және тұрмыс-салт одағайларын дербес топ ретінде бөліп көрсетпегенімен, шақырыс одағайларын мағыналық жағынан саралауда одағайдың бұл топтарына да баса назар аударады. Ал ғалым Қ.Жұбанұлы адамға қатысты одағайлар мен малға қатысты одағайларды дербес алып, алғашқы топты **көңіл одағайлары**, екіншісін **шаруашылық одағайлары** деп аталатын түрлерге бөліп қарастырады [2, 527].

А.Байтұрсынұлы одағайдың тілдік болмысын сипаттауда оларды адамның көңіл күйімен байланыстырып, аталған сөз табындағы бірнеше мағынада қолданылатын тілдік бірліктерді анықтайды. Соның негізінде шақырыс одағайларының ішінен көңіл күйге қатысты **жекіру, мейіріммен иә жұмсақ раймен, күйзелу, қуану, рахаттану, кейу, жақтырмау, күйіну, сыйыну, қорқу, таңырқау, өкіну, қайғыру, опық жсеу, кіжсіну, ұнату, қостау, сүйіну** тәрізді топтарды бөліп көрсетеді. Оның ішінде жекіру және мейіріммен иә жұмсақ раймен айтқанда қолданылатын одағайлардан адамға және малға қатысты сөздерді дербес қарастырады. Зерттеуші жекіру одағайларын «**адамға тек! тәйт! қой!; түйеге шөк; жылқыға құрр! құрр!; сиырға өк! өк!; қойға шәйт! шәйт!; итке кет!; мысыққа бырс!**» деп нақтыласа, одан әрі мейіріммен иә жұмсақ раймен айтқан сөздерді іштей адамға және мал турасында айтылатын сөздер деп топтастырып, бұл қатардағы одағайларды да **«адамға: қарағым! өкпем! сәулем! жаным! жүрегім! қалқам! қарашығым! айналайын! садағаң кетейін! құрбандығың болайын!; мал турасында түйеге: шөк, жануар, шөк!; жылқыға: құр, жануар, құр!; сиырға: әукім! әукім!; қойға: қош, жануар!; итке: күшім! күшім!; мысыққа: мышым! мышым!»** деп жүйелейді [1, 151].

Көңіл күй одағайларының ішінде бірнеше мағынада қолданылатын одағайлар да кездеседі. Мәселен, адамға қатысты **«жаным»** сөзін ғалым **мейіріммен иә жұмсақ раймен (жаным), күйзелгенде (жаным-ай), жақтырмағанда (жаным-ау)** айтылатын; **апырым-ай** одағайын **жақтырмағанда (апырым-ау), күйінгенде (апырым-ай), таңырқағанда (апырым-ай)** айтылатын одағай сөздер тобында қарастырады [1, 151].

Одағай сөздердің тілдік табиғатындағы көпмағыналылықты айқындауда мағына, интонация құбылысымен қатар тұлғалық өзгерістерге де баса назар аударылады. Мысалы, **әттең** одағайын алып қарастыратын болсақ, бұл сөз **опық жегенде әттегене-ай, кіжінгенде әттең! әттең гана!** тұлғаларында қолданылады. Бұдан мынадай тұжырым жасауға болады: одағайлардың тілдік болмысындағы көпмағыналылық ол топтағы сөздердің тұлғалық өзгерісі мен сол өзгерістерге қарай айтылу сипатымен байланысты болып келеді.

Қазақ тіліндегі одағай сөздердің өз алдына дербес қаралатын тобы – тұрмыс-салт одағайлар. Одағайдың бұл түрі де А.Байтұрсынұлының еңбегінде жеке топ ретінде қарастырылмайды. Бірақ ғалымның жіктеліміндегі одағай сөздер қатарындағы **алғыс бергенде: көп жаса! жасың ұзақ болсын!; әйел сәлем еткенде: көп жаса! ұл тап!; қарғағанда: құдай ұрсын! аруақ атсын! ант соқсын!; бала тербеткенде: алди! алди!** айтылатын сөздер тұрмыс-салт одағайларының негізін құрайды. Сонымен қатар **үйде кім-ау! сөйлеселік-ау!; бұ қайсың-ай!; ал! қанекей!** тәрізді қолданыстарды да ғалым одағай қатарына жатқызып, оларды **сөйлес қылғанда, көрмей сұрағанда және жетелегенде** айтылатын сөздер ретінде сипаттайды. А.Байтұрсынұлының бұл тұжырымын Қ.Жұбанұлы зерттеулерінде одан әрі дамытып, мұндай қолданыстар туралы мынадай пікір айтады: «Жөн сұрағанда: **танымадық, жол болсын!** дейтін қаратпалар жай сөз ретінде түсінікті болғанымен, бұлар әншейіндегі беретін өз мағыналарынан артық мағынаға ие, тіпті, басқа мағынаға да ие болған.... **Бұлар сөйлемге тән жалпы заңдылық бойынша құралмаса да, сөйлем болып табылады. Сондықтан одағай қатарына қосылады»** [2, 530]. Ғалымның бұл пікірін негізге алсақ, А.Байтұрсынұлының еңбегіндегі **үйде кім-ау! сөйлеселік-ау!; бұ қайсың-ай!; ал! қанекей!** тәрізді қолданыстарды мағыналық құрылымындағы өзгерістері негізінде одағай қатарында қарастыруға болады. Сөздерді сөз таптарына бөлуде олардың лексика-грамматикалық сипаты мен тұрақты белгілері негіз болады. Ал одағайлардың сөз табы ретіндегі ерекшелігі, біріншіден, нақты ұғымдық мәнінің болмауы, сол себепті өз алдына жеке лексикалық мағынасы болмайды, екіншіден, сөйлемде басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспегенімен, жалпы ойға қатысты субъектінің түрлі көңіл-күйін, сезімін білдіруімен ерекшеленеді. Бұл ерекшеліктер одағайлардың өзіне тән бірнеше белгілерімен, атап айтқанда, адамның ішкі дүниесімен байланысты ишараттарды білдіруі; грамматикалық тұлғаларының болмауы, соның әсерінен сөйлемде басқа сөздермен грамматикалық қарым-қатынасқа түспеуі; сөйлеммен жанама, жарыспа түрде қабаттаса қолданыла тұра, өз алдына

жеке сөйлем мүшесі болмауы, тек заттанған жағдайда түрлі қосымшалар қабылдап, сөйлемнің қалыпты мүшесі болуымен анықталады.

Жалпы көпмағыналылық немесе полисемия құбылысы басқа да сөз таптарына тән. Бірақ одағайлардың көпмағыналылық сипаты сөйлеу жағдаяты мен контексте анықталады. Ғалым А.Байтұрсынұлы одағайлардың тілдік табиғатын олардың мағыналық-тұлғалық жағымен байланысты қарастырып, соның негізінде одағай сөздердің көпмағыналылығына баса назар аударады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2013.
2. Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2013.

ТҮРІК ТІЛІНДЕ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Д.СЫЛАНОВА,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты.

Астана қаласы

Түрік тіліндегі термин мәселесінің тамыры тереңде жатыр. Сонау Осман мемлекеті кезінде, әсіресе Танзимат және Конституциялық басқару кезеңдерінде тіл және тарих зерттеулері жүргізіле бастады. Ең алғаш таза түрік тілі мәселесі де И. Шинасидің газет беттеріне жарияланған мақалаларымен бастау алды. Газет беттерінен бастау алған тіл мәселелері, кейіннен арнайы грамматикалық кітаптар ретінде жарық көрді [4, 107-130].

Кейіннен XIX ғасырдың бас кезінде түрік тілі лексикасының мәселелері бойынша жаңа зерттеушілер, яғни Шемседдин Сами, Зия Гөкалп, Өмер Сейфедин сынды зерттеушілердің еңбектері жарық көре бастады.

Ал нақты түрік тіліндегі терминдер мәселесі бойынша алғашқы жұмыстар Мехмет Фуат және Ахмет Джевдет пашалардың «Метхал-и Кавайтд» (1851), «Каваид-и Османйе» (1865), «Каваид-и Түркия» (1875), «Тертиб-и Джидид», «Каваид-и Османйе» (1875) атты зерттеулері нәтижесінде термин жасаудың үлгісін қалыптасты. Бұдан кейін басылып шыққан Сүлейман Пашаның «Илми Сарф-и Түрки» (1874), Әли Назиманың «Лисан-ы Османи» (1880), Мехмет Рифадтың екі томдық «Хадже-и Лисан-ы Османи» (1894-1895), Ұлттық Білім беру комиссиясының атынан Шейх Васфының орта мектептер үшін дайындаған «Муфассал иени сарф-ы Османи» (1901) атты еңбектері түрік тілінің османлы дәуіріндегі грамматика саласындағы соңғы кітаптар болып саналады.

Осы кезеңде жазылған тіл және термин мәселелері бойынша жарық көрген еңбектерді зерттеуші Агах Сырры Евент «Түрік тілінің жасалуын назарға алмай, араб, парсы, француз тілінің әдістерін негізге ала жазылған кітаптар» деп сынға алды [6, 354].

Жалпы осы Танзимат және Конституциялық басқару кезеңдерінде басталған пікірталастар түрік (османлы) тіліндегі жаңарулар мен өзгерістердің негізі болды. Алғашқы тіл зерттеушілердің жазған грамматика кітаптарында дәстүрлі терминдерді қолдана отырып, түрікшенің жазылуы және таратылуы сияқты жұмыстардың жүргізілмегені аңғарылады. Бірақ Батыспен жүздесу, өзін жаңадан анықтау, ұлт болу санасының қалыптасуы, одан да басқа маңызды мәселелер түрік тілін зерттеушілердің өз-өздерін және туыстарын тануына, термин жасау ісінде ұлтшылдық ұстанымының пайда болуына алып келді.

Танзимат кезеңінде басталған арабша сөздерден термин жасау дәстүрі ақырындап қолданыстан шығарыла бастады және терминдер туралы Конституциялық басқару кезеңінде қалыптасқан үш бағыттағы мәселе күн тәртібінен түспеді. Бұл мәселелерге тоқталып кету қажет:

1. Түрік тілінің қолданысынан шет тілдерінің ережелері бойынша қолданылатын шетел сөздерін, онымен бірге сол ережелерді шығару. Бұл пікірді ұсынған зерттеушілердің өкілі Фуат Көсе Ариф және т.б. Бұлар пуристер деп танылды.

2. Шет тілі сөздері мен терминдерін, соған сәйкес ережелерін ешқалай өзгертпей, өз формасын сақтай отырып қабылдауды қолдаған ғалымдар бағыты. Бұл бағыттағы пікірлердің өкілі Сүлейман Назиф және т.б. Бұлар ескі тәсілдерді ұстанушылар болып есептеледі.

3. Тілден шетел ережелерін шығаруды, бірақ қалыптасқан сөздерге тиісуді қаламағандар. Бұлар «Жаңа Тілшілер». Бұл топтағылар соңғы уақыттарда ережелермен бірге шетелдік белгілі болған сөздерді де шығаруды қалайды. Бұлар аралық орта жолды ұстанушылар деп есептеледі.

Алайда Османлы кезеңіндегі зерттеушілердің мақсат еткен өзгерісі мәдениетті түбірімен өзгерту емес, ғылым атаулары арқылы өркениет ұғымдарын жаңарту еді [11, 151-158]. Осы үдеріс барысында Османлы зиялылары терминдерінің атауларын, жасалу жолдарын, қалыптастыру әдістерін жаңартуды мақсат етті. Осының нәтижесінде ұғымдардың, терминдердің жаңарған мағынадағы нұсқалары пайда болды. Төмендегі мысалда берілгендей, грамматика терминдерінің осы уақыт ішінде қаншалықты өзгергенін көруге болады:

Әріп	Османлыша	Түрікше	Қазақша
A	adiyet eki	iyelik eki	тәуелдік жалғауы
B	basit cümle	yalın tümce	бағыныңқы сөйлем
C	cemi lahikaları	çoğul ekleri	көптік жалғауы
D	durub-emsal	Atasözü	мақал-мәтел
E	edat	Ilgeç	шылау
F	fer'i fiil	Ortaç	есімше
H	hal	şimdiki zaman kipi	осы шақ
I	istilâh	Terim	термин
K	kelam	Sözcük	сөз
L	lahika	ek	жалғау
M	meçhul bina	edilgen çatı	ырықсыз етіс
N	nekre	belirtisiz nesne	пысықтауыш
P	perde	Titrem	артикуляция
R	rabit sıygası	zaman ulacı	мезгіл үстеулері
S	sait	Ünlü	дауысты
Ş	şuhudi mazi	belirli geçmiş zaman	жедел өткен шақ
T	tayinli izafet	belirtili tamlama	белгілі сөз тіркесі
U	unvan	San	лақап ат
Y	ya-yı nisbet	iyelik eki	тәуелдік жалғауы
Z	zaman zarfi	zaman belirteci	мезгіл үстеулері

Ататүрік тарапынан 1932 жылы құрылған Түрік Тілі Қауымдастығы жалпы түрік тілі, әдебиеті бойынша жаңа бір кезеңнің басталуы болды десек артық айтқандық емес. Қауымдастықтың I Құрылтайынан кейін жаңа сайланған Орталық Кеңес мүшелері терминдерді түрікшелендіру жұмыстарын үйлестіру үшін жеті тараудан тұратын бағдарлама дайындады. Бұл бағдарламаның 2 және 4 тараулары тіл мәселелерімен бірге терминдерге де арналған. «2-тарау. Түрікшенің тарихи дамуы, зерттелуі керек, салыстырыла отырып грамматика кітаптарының жазылуы керек; 4-тарау. Түрікшенің тарихи грамматикасы жазылуы керек. Сонымен бірге 3-тарауда: Басқа түркі тілдеріндегі ортақ сөздерді жинап, түркі тілдерінің ортақ сөздігін, кейін түрік сөздігін, терминдер сөздігін, түрік грамматикасын жазу керек. Сонымен бірге ескі жазбаларды зерттеп, қосымшалардың тіліміздің барлық қажеттіліктеріне сәйкес барлық формада қолданылуына мән беру керек» деп көрсетіледі [10, 1-18].

Қауымдастық тарапынан жарияланған алғашқы еңбектердің бірі де 1942 жылы жарық көрген грамматика терминдерінің сөздігі болып табылады. Осы еңбектен кейін тіл мәселелеріне қатысты көптеген еңбектер жарық көрді. Атап айтқанда, Мехмет Али Агакайдың «Түрікше философия терминдерінің тілге қатысты түсіндірілуі арқылы кейбір сөздерді жасау жолдары» (1943), Бесим Алатайдың «Түрікшеде сөз жасау жолдары» (1946), Ахмет Джеват Емренің «Түрік диалектілерінің салыстырмалы грамматикасы» (1949), Агах Сырры Левенттің «Түрік тілінде даму және қарапайымдану кезеңдері» (1949), Тіл қауымдастығы дайындаған «Лингвистика терминдерінің сөздігі» (1949) сияқты еңбектерді атауға болады.

Зерттеуші Агах Сырры Левент 1949 жылы жарияланған еңбегінің алғы сөзінде: «Мысалы, философия терминдерінің табиғаты өте күрделі, олардың арасынан дұрыс терминдер жасау да оңай емес. Онымен салыстырғанда жаратылыстану саласы терминдерін түрікше жасау жеңілрек болып келеді. Бұл сала терминдері үйлесімді жасалып жатады. Сондықтан түрікше сөздерден терминдер жасау керек, табылмаса грекше және латынша түбірлерден түрікше терминдер жасалу керек», - дейді [6, 457-458].

Қамуымдастықтың Х құрылтайында алынған шешімдер бойынша грамматика терминдері бойынша жұмыстар жүргізілді және дайындалған терминдерге османша, французша, ағылшынша, немісше баламалары беріле отырып, сөздік ретінде басылды. Сонымен бірге Веджихе Хатипоглуның «Грамматикатерминдері» кітабы басылды [9].

Жоғарыда көрсетіп кеткеніміздей, Конституциялық басқару кезеңінде қалыптасқан үш бағыттағы пікір ағымдары кішігірім өзгерістермен республика дәуірінде өз жалғасын тапты. Қазір бұл топтар мынандай формада жіктеледі:

1. Барлық шетелдік сөздерді және терминдерді тілден шығару;
2. Тілге мүлде тиіспеу;
3. Шетелдік ережелермен бірге шетел сөздерін және терминдерін шығару, бірақ халық арасында өмір сүрген сөздерге тиісуді қаламайтындар.

Топтастырудан көріп отырғанымыздай, Танзимат және Конституциялық басқару кезеңдерінде қалыптасқан бастапқы түсіністіктердің көп өзгермегендігі аңғарылады. Бірақ барлық тіл тартыстарының астарында бұл үш бағыттағы пікірлердің өмір сүруі ғалымдар мен мамандардың бөлінуіне әкелген себептер ретінде бағаланды.

Соның нәтижесінде пікір ағымдары тарапынан ұсынған грамматика терминдерінің қалыптастыру және қолдану ерекшеліктері өзара ершеленеді:

1. Лингвистика терминдерін Батыс және түрік тілдеріндегі терминдердің ескі формасын сақтай отырып бір уақытта қолдануды қалағандар;

Кіріме сөз	Түрікше	Османлыша	Қазақша
Genitiflik	ilgilurumu	изафет	іліксептігі
fonetik	sesbilimi	асватымелхузе	фонетика
semantik	anlambilim	илмимеани	мағынабілім
leksikoloji	sözlükbilimi	илмилүгат	лексикология
dialekt	lehçe/ağız	лехче	диалект
rabita	bağlaç	рабита	шылау

2. Лингвистика терминдерін түрікше түбірлерден жана терминдер жасауды толығымен қалағандар;

Түрікше	Османлыша	Қазақша
Köken bilimi	Илмииштикака	этимология
argo	Лисаныхелезе	жаргон
anlambilim	Илмимеани	семантика
Soru eki	Едатыистифхам	сұраулық шылау
anlam	Манна	мағына
dilbilimi	Лисаниект	тілбілімі

3. Ескі Лингвистика терминдерін қорғай отырып, қажет болған жағдайда жаңа термин жасауды қалағандар: ескі мен жаңаны бірлестіру арқылы жасағандар:

Түрік тілінде	Османлы тілінде	Қазақ тілінде
birleşikcümle	Мүреккепджүмле	біріккенсөйлем
özne	Фаил	бастауыш
fîil	Фиил	етістік
bulunmadurumu	Мефулунфих	жатыс септік
yönelmedurumu	Мефулунилейх	барыс септік

4. Түрік тілін білім және термин тілі деп санамай, батыс тілдерінің терминдерін кем дегенде негізгі жерлерде қолданатындар:

Түрік тілінде	Османлы тілінде	Қазақ тілінде
gramer	сарф-нахив	грамматика
linguistik	илми лисаният	лингвистика
leksikoloji	Лүгат	лексикология
sentaks	илми мағына	синтаксис

morfoloji	илми лүгатиє	морфология
-----------	--------------	------------

Танзимат және конституциялық басқару кезеңдерінде басталған пікірталастар тілде жаңару және өзгеру үдерісінің негізі болғандығы алдағы бөлімдерде айтылды. Басында Осман тілінің зерттеушілері жазған грамматика кітаптарында дәстүрлі терминдерді қолдана отырып, оларды түрікше жазу және басу сияқты жұмыстардың қолға алынбағандығын көруге болады. Бірақ елдің батыспен тығыз араласуы, өзін мемлекет ретінде жаңадан анықтауы, ұлттық сананың дамуы, өз тілдері мен терминдерінің және туыстарының тілдерінің табиғатын тануы түрік халқының тіл және термин мәселесінде ұлтшыл болуына себеп болды.

Тахсин Бангуоглуның «Түрікшенің грамматикасы» атты кітабындағы терминдер кейінгі кезеңдерде жазылған грамматика кітаптарына негіз болды, жаңа терминдер осы кітапқа қарай икемделді. Сонымен қатар ғалым бұл кезеңде жасалынған кейбір тіл және термин жұмыстарының тілін өз ережелеріне сәйкестендірмей жасалғаны туралы сын айта келе, өз еңбегінің кіріспесінде грамматика терминдерінің дамуын былай көрсетті:

– Тіліміздің жандануы, тілдің грамматикалық құрылымы тілдің өз ішкі жүйесі бойынша жасалды;

– Түрік грамматикасын жасауда әлем тілдеріне ортақ жаңа көзқарастар пайдаланылды;

– Түркі тілдері аясындағы отандық және шетелдік зерттеушілердің жұмыстарындағы жаңалықтар басшылыққа алынды [1, 6-7].

Еңбектің соңында берілген ұғымдардың французша баламаларын түрікшеден француз тіліне жасалған аудармалар ретінде қабылдау керек деген. Сонымен бірге ғалым бұл терминдерді жалпы тілдердің грамматикасына қосу қажеттігін көрсетеді [1, 587-615].

Ғалым Мухаррем Ергин өзінің «Түрік тілі» атты кітабында *датель, локатив, аулатив, генитив, парцевтив, герундиум, актив, пассив, хайтус* сияқты көп грамматика терминдерін өзінен бұрынғы жазылған грамматика зерттеулеріндегі түрікше терминдердің орнына қолданып, осы Батыс тілдерінен жасалған терминдерді пайдаланды [5].

М.Ергиннің әрі батыс тілдерінен терминдерді қолдануы, әрі арабша ескі грамматика терминдеріне орын беруі аса көңіл аударарлық мәселе. Зерттеушінің кітабында тіл біліміне көп мән берілгенімен, сөйлем бөлімі кіріспе түрінде ғана жазылған, ол кейін де толықтырылмады. Өзінен кейін жазылған грамматика кітабын зерттеушілерге қайнар көз болуды ойлағанымен, бұл еңбек терминдерді қалыптастыруға қатысты кері кеткен еңбек ретінде бағаланды. Бірақ кейбір жаңа жазылған кітаптарға ұқсас мысалдар берілсе де, бұл пікір бойынша грамматика жазу қолдау таппады.

Кая Билгегил «Түрік грамматикасы» атты еңбегінде сөйлем біліміне көп мән берді, бірақ қолданған терминдерінің көпшілігі араб тіліндегі қайнар көздерден алынған османдық терминдер. Мұны жаңа ұрпақ түсіну үшін сөздіктің көмегісіз қолдана алмайды [2].

Әсіресе сөйлем білімін толығымен қолға алған Лейла Қараханның «Түрікше сөйлем мүшелерінің тізбесі» атты кітабы бұл бағыттағы сұрақтарға жауап беретін сапалы кітап болып табылады [8].

Мехмет Хенгирменнің жазған кітабына назар аударсақ, өзіне дейін жазылған барлық грамматикадағы жаңалықтарды пайдаланған, бірақ еңбек грамматиканы, оның терминдерін реттеуші (норматив) қызметін атқара алды. Оның мазмұнының сапасы да сонысымен маңызды. Сондай-ақ, «Түрікше грамматика» кітабының кіріспесінде жалпы грамматика кітаптарындағы терминдердің, олардың анықтамасы туралы мәліметтердің және бірізді тәсілдің болмауын айта отырып, түрікшеден еңбектердегі жүйесіздіктің орын алғанын айтып өтеді. Өз кітабын жазуда барлық кітаптарға ортақ жүйені қолданғандығын айтып, оларды былай топтап көрсетеді:

1. Терминдердің түрік тілінде баламасы болса, шет тіліндегі түбір сөздерден болған терминдер қолданылмайды, ең дұрысы, кең тараған терминдер қолданылады;

2. Терминдердің түрік тіліндегі және шет тіліндегі баламалары кітаптың соңында сөздік ретінде берілді.

Бұл кітапта түрік тілінен қалыптасқан сөздердің қолданылуына жағдай жасалып, шет тілдерінен енген грамматика терминдерінің орнына түрікше баламаларының берілгенін байқаймыз [7, 15].

Зейнеп Коркмаздың «Грамматика терминдері» сөздігінде сөйлем жүйесіне тән терминдер аз қамтылған.

Термин Комиссияның тарапынан термин жұмысына бағыт – бағдар беру үшін Хамза Зұлфикардың жазған «Термин мәселелері және термин жасау жолдары» атты еңбегінде (1991) термин жасаудың 4 негізгі ережесін атап көрсетеді.

Терминдер тілдің басқа да сөздері сияқты бағалануы қажет. Құрылым бойыша сөз болып саналатын терминдер – қызметі жағынан мағыналары шектелінген сөздер. Қазіргі таңда Түрік тілі қоғамының 87 білім және өнер саласына арналған 164000 сөзден құралған үлкен бір терминдер сөздігі бар. Қоғамымыздың қажеттілігі болып табылатын терминдер жасау, оларды тарату, сондай -ақ терминдердің дамуына үлес қосу заман талабы.

Әдебиеттер тізімі:

1. Banguoğlu, Tahisn. Türk Grameri. Ankara, 1959.
2. Bilgegil, M. Kaya. Türk Dilbilgisi. İstanbul: Dergah yayınları, 1982.
3. Bozkurt, Fuat. Türklerin Dili. Ankara: Kültür Bakanlığı yayınları, 2002.
4. Duman, Musa. “Yenileşme Döneminde Türk Dili. Türkler Ansiklopedisi, 15.cilt. Ankara: Yeni Türkiye yay., 2002.
5. Ergin, Muharrem. Üniversiteliler İçin Türk Dili. İstanbul: Bayrak Basın Yayın Tanıtım yayını, 1990.
6. Event, Agah Sırrı. Türk Dilinin Gelişme ve Saeleşme Evreleri. 3.baskı. Ankara: TDK yay., 1972.
7. Hengirmen, Mehmet. Türkçe Dilbilgisi. Ankara: Engin yayınevi, 2002.
8. Karahan, Leyla. Türkçe Sözdizimi. Ankara: Akçağ baim yay., 1995.
9. Sakaoglu, Saim. “Türk Dili Tetkik Cemiyetinin Kuruluşu ve Atatürk”. Türk Dili dergisi, sayı.468. 1990. S.345-356.
10. Tan, Nail. Kuruluşunun 70. Yıl dönümünde Türk Dil Kurumu. Ankara: TDK yay., 2001.
11. Tanpınar, Ahmet Hamdi. 19. Asır Türk Edebiyatı Tarihi, 5.baskı. İstanbul: Çağlayan Kitabevi, 1982.
12. Zülfikar, Hamza. Terim Sorunları ve Terim Yapma Yolları. Ankara: TDK yay., 1991.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОҒЫЗ ТОБЫ ТІЛДЕРІНДЕГІ ҮСТЕУЛЕРДІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СИПАТТАМАСЫ

М.Е. ТӨЛЕГЕНОВА,

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты.

Ғылыми жетекшісі: Сағидолда Г.С., филология ғылымдарының докторы, қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры.

Астана қаласы

Түркі әлемінің білім көгіндегі құлабыздарының бірі Махмұт Қашқари өзінің «Диуани лұғат ат түрік» еңбегінде былай дейді: «Мен Тәңірінің дәулет ұясын түріктер бұржысында (жұлдызында) жаратқандығын және ғарышты солардың заманы үстінде айналдырғанын көрдім. Тәңірі оларды «Түрік» деп атады және оларды мемлекетке еге қылды; заманымыздың хақандарын түріктерден шығарып, дәуір, халықтың ақыл-ерік тізгінін солардың қолдарына ұстатты; оларды адамдарға бас қылды; хақ істерде соларды қолдады; олармен бірге күрескендерді әзіз қылды әрі түріктер ішінен оларды барша тілектеріне жеткізіп, жамандардан, зұлымдардан қорғады» [1, 28-б.]. Тәңірінің өзі мейір-шапағатын осыншама аямай төккен жалпы түркі тілдес халықтардың бүгінгі таңдағы бірлігінің, туыстастығының, достығының көрсеткіші – олардың тілдік сабақтастығы болып табылмақ. Осы сабақтастық негізінде жасалған тілдік зерттеулердің өзі лингвистикалық тұрғыда қызықты фактілерге жетелейді. Туыстас тілдердің тілдік сабақтастығы мәселесі әр тарапты, тіл білімінің әр қатпарынан көрінуі мүмкін. Бүгінгі біздің мақаламыздың негізе арқау болмақ тақырып – оғыз тілдерінің қазақ тілінің сөз таптарымен, соның ішінде үстеулермен салыстырмалы сипаттамасы.

Сөз таптары – сөздердің құрылымдық-семантикалық немесе лексика-грамматикалық топтары. Сөз таптары бір-бірінен білдіретін мағыналары, морфологиялық белгілері, сөзжасамдық және сөзөзгерімдік қасиеттері, сөйлемдегі синтаксистік қасиеті жағынан ажыратылады. Тілдегі осындай сөз таптарының бірі – үстеулер. Аталмыш сөз табы түркі тілдерінде салыстырмалы түрде кешеуіл қалыптасқан. Дербес сөз табы ретінде өзге грамматикалық категориялардан кейін пайда болған.

Үстеудің сөз табы ретіндегі алатын орны мен атқаратын қызметі, лексика-грамматикалық ерекшелігі белгілі бір жүйеге түсті. Десек те, туыстас түркі тілдеріндегі үстеулердің пайда болуы,

калыптасуы мен даму факторы, тарихи құрамы мен мағыналық құрылымы, өзге сөз таптары единицаларының үстеулер қатарына ауысуы назардан тыс қалып келеді. Мақаланың мақсаты – сол назардан тыс қалған дүниенің орнын толтыруға қадам.

Морфологиялық құрылымы жағынан үстеулер қазақ тілінде *түбір немесе негізгі* үстеулер және *туынды* үстеулер болып бөлінеді. Негізгі үстеулерге морфемалық құрамы жағынан бөлшектенбейтін, біртұтас бірлік болып қалыптасқан сөздер жатады. Мысалы: **қазақ тілінде** *ерек, енді, қазір, ерте, кеш, үнемі, жылдам, ақырын, жаңа, ылғи, тым, аса, өте, әрі, бері, төмен* т.б болса, олардың оғыз тобы тілдеріндегі көрінісі былай болып келеді. **Түрік тілінде:** *artık* «енді, ендігәрі», *bazen* «кейде», *çabuk* «тез», *esasen* «негізінде», *geri* «кері», *gene* «қайта, қайтадан», *hala* «әлі», *hemen* «тез», *hiç* «еш», *önce* «алдымен», *şimdi* «енді», *yalnız* «тек» т.б. **Әзірбайжан тілінде:** *javaş* «тыныш, жай», *çald* «тез», *durust* «дұрыс», *sərbəst* «еркін», *dərkal* «дереу», *tələsik* «асығыс», *sakit* «тыныш», *indi* «енді», *həmişə* «әрдайым», *bəjəz* «жақында», *sonra* «соңыра», *kəç* «кеш», *tez* «тез», *sabah* «ертең», *dünən* «кеше», *səhər* «таңертең» т.б. Ал **гагауз тілінде:** *çok* «көп», *az* «аз», *taa/daa* «тағы», *nek* «өте», *dun* «кеше», *xani* «кәні, қайда», *salт/cat* «тек (қана), жалғыз».

Туынды үстеулер арнайы қосымшалар арқылы жасалады. Туынды үстеулер қатарында септік жалғауларының көнеленуі нәтижесінде үстеуге ауысқан сөздер де кездеседі. Есімге жалғанған септік жалғауларының түбірге кірігіп, «көнеленуі» арқылы жасалған туынды үстеулер қазақ тілінде де, оғыз тілдерінде де орын алады. Мысалы: **қазақ тілінде** *артқа, бірге, кешке, алда, жаңада, лезде, түнде, күнде, баяғыда, әуелден, кенеттен, шетінен, шынымен, кезекпен, ретімен* т.б. үстеулер құрамында кездеседі. Ал **түрік тілінде** септіктердің көнеленуі арқылы жасалған *boşa* «босқа», *boşuna* «бостан-босқа», *öylesine* «жай әншейін», *inadına* «қасақана», *arada* «арада», *ikide bir* «екіде бір, қайта қайта», *birde* «бірде», *birden* «бірден», *eskiden* «бұрыннан», *erkenden* «ертеректен», *çoktan* «көптен», *birazdan* «біраздан», *vaktiyle* «уақытымен», *hızla* «жылдам», *zamanla* «уақытымен» тәрізді туынды үстеулер құрамында кездеседі. **Әзірбайжан тілінде** *təklidə* «оңашада», *uikiidə* «екеуден», *uçadan* «қатты», *bərkdən* «мықты», *astadan* «абайлап», *javaşçadan* «тынышымен», *birdən* «бірден». Гагауз тілінде *boşuna* «босқа», *dikina* «тігінен», *birda, birdan* «бірден», *bitkida* «соңында», *urektan* «(шын) жүректен». Мұның сыртында оғыз тілдерінде көптік жалғау мен III жақ тәуелдік жалғауының жалғануы арқылы да үстеуге айналған сөздер баршылық: түрік тілінде *sabahları* «таңертігісін», *göceleri* «түнгісін», *pazarları* «жексенбі күндері», *yazları* «жазғытұрым», *kışları* «қыс күндері» болса, әзірбайжан тілінде *janakı* «жанымен», *çəpəki* «қисық», *janası* «қасында», *axşamlar* «кешкісін», *kəçələr* «түнгісін».

Жалпы түркі тілдеріндегі үстеу жасаушы ең өнімді жұрнақ – «ша» жұрнағы саналады. Бұл жұрнақтың туынды үстеу тудыру әлеуетінің мықтылығы сонша ол түркі тілдерінің бәрінде дерлік, бірақ аздаған фонетикалық айырмашылықпен кездеседі. Мысалы, қазақ тілінде -ша, -ше (адамша, оларша, биылғыша, қысқаша), ал түрік тілінде -са/-се, -ча/-че (*doğusa* «тікелей, турасынан», *beraberce* «бірге», *aşıkça* «айқын, ашық түрде», *günlerce* «көп күндер бойы») болса, әзірбайжан тілінде *astaca* «ақырын», *jaeşçə* «жайша», *kizliçə* «құпия», *ahəstəçə* «абайлап», *gəhrəmaçə-sinə* «қаһарманша», гагауз тілінде – *жа/жэ, -ча/чэ* (бөйлежа «осылайша», аякча «жаяу, аяғымен», бунжа «мұнша»). Ерекшелігі *с/ш* тектес сәйкестігінде ғана.

Бұл жұрнақ үстеу сөздермен грамматикалық қатынасқа түскенде оған *салыстырмалы-ұқсату, мезгілдік, шектік мағыналарын* жамайды. Сол арқылы бір ғана үстеу сөз табының 3 бірдей мағыналық тобын жасайды: қимыл сын, мезгіл және мөлшер үстеулері. Оның сөзжасамдық қуаты көне түркі тілдерінен бастау алады. Мысалы: **-Йағым анча ерттім** «Менің жауым сонша көп болған». **-Бунча бодун келіпен сығтамыш йугламыш** «Сонша адам келіп тұрып жылап, сықтады». Бунча йерке тегі йорытдым «Мұнша жерге дейін жорыттым» [2].

Р.Досжан XI-XII ғасыр ескерткіштері тіліне морфологиялық талдау жасай отырып, -ша, -ше (-ча, -че) арқылы қалыптасқан мөлшер үстеулерін келтіреді: анча, мунча, неча, тилакча «тілегеніңше», көңүлча «қалағаныңша, тілегеніңше», унарча «шама жеткенше, бар қабілеті келгенше». Және де «-ча, -че жұрнағы мөлшер үстеулерін жасауда да кеңінен қолданылған. Шығу тегі жағынан –ча, -че өте көне тұлға. Көне түркі тілінен бері қолданыста болып, бүгінгі түркі тілдеріне дейін жетіп, үстеу қалыптастырушы өнімді тұлға ретінде қарастырылады» - деп өз пікірін білдіреді [3, 249-б.].

Бұл жұрнақтың күллі түркі тілдеріндегі үстеулерді тудыра алуы, оның әмбебап сипатын айқындай түседі. Сондықтан да, тарихи грамматика тұрғысынан бұл жұрнақтың этимологиясы туралы ізденіп, түп-төркінін анықтау өте маңызды. Түркі тілдеріне қатысты «ша» жұрнағының даму заңдылығын, шығу тегін ойға қонымды гипотезалармен жеткізе білген қарашай-балқар тілін зерттеуші С.А. Гочияева өз пікірін былайша тұжырымдайды: «Аффикс -ча, по мнению многих тюркологов, исторически произошел от слова чакъ, которое означало «время, эпоха». Впервые это

предположение, по свидетельству А. Дж. Шукюрова, высказал Бётлингк. В современных тюркских языках слово чакъ употребляется как самостоятельное слово со значением «время, период». В карачаево-балкарском языке оно стало архаичным и малоупотребительным. Следы слова чакъ сохранились в слове къачан, которое имеет общетюркское распространение. По мнению многих ученых, къачан «когда» — наречие времени, которое образовано от древнего къай «который, какой» + чакъ в форме древнего творительного падежа. Кроме того, в карачаево-балкарском языке корень чакъ сохранился в слове чакълы—последлоге, который в сочетании с именами выражает значения меры, степени» [4, 65-б.]. Ал қазақ тілінің тарихи лексикасын зерттеуші ірі ғалым Б.Сағындықұлы С.А.Гочияеваның «ша» жұрнағын мезгіл мәнді *шақ* сөзінен өрбіген деген пікірін толықтай қолдай отырып, әрі қарай дамытады: «Біз *шақ* зат есімін «*шаңқай түс*» фразеологизміндегі шаң формасымен салыстырып, басқа мағынада түсінеміз. Өйткені бұл мезгіл – күннің ең биікке көтерілген тұсы. Әр сөзіне жеке-жеке тоқталалық. Көне «*шаң*» сөзіменен «күн» сөзі тең. Сөйлеу тілінде түс киіз – түс киіз деп айта береді. Яғни, түс~түс сингармониялық варианттар; -к (немесе -ақ) жұрнағы көтерілу мағынасын береді; -ай жұрнағы «молшылықты» білдіреді. Осының негізінде «шаңқай түс» фразеологизмінің таза этимологиялық мазмұны: күн шақырайған түс немесе күн биікке көтерілген түс дер едік. *Кан шан* тіркесі «қай күн» болып аударылады» [5, 180-б.]. Ары қарай ғалым *шан* сөзінің «күн» мағынасын бергендігін бүкіл дүние жүзі тілдері (араб тілі «ша+м+с+ун», парсы тілінде «ша+н+ба», санскрит тілінде «ша+м+аш», ағылшын тілі «sun/сан», қытай тілі «жи») фактілерімен қуаттап шығады.

Біз –ша, –ше формасының үстеу жасауда екі мағынаны ұстанатынын жоғарыда айтқан болатынбыз: 1) *салыстырмалы-ұқсату мағыналарын* және 2) *мезгілдік, шектік мағыналарын* жамайды. Мезгіл мәні мен ұқсату мәні бір-біріне үш қайнаса сорпасы қосылмайтын дүниелер.

М.Томанов «бұл аффикстің арғы тегі шақ (мезгіл мәнді) сөзі дейтін пікір түркологияда ертеден айтылып келе жатыр. Егер осы пікірді түгел қабылдасақ, онша көзінше, барғанша сөздерінің арасында үзілмей жатқан мағыналық желі барлығын, ал балаша, ауызша сөздерінің құрамындағы –ша мен оның арғы генезисі арасындағы мағыналық байланыс көмескіленгендігін айту керек болады»- дейді [6, 28-б].

Ы.Маманов «Шал өгізше өкірді» сөйлеміндегі екпінсіз айтылатын өзгізше сөзіне сияқты, шақты сөздерінің мағынасын үстеп тұр. Сондықтан мұны сияқты, шақты, шамалы сөздерімен төркіндес деп тұжырымдауға болатынын айтады [7, 9-б].

Тарихи морфология тұрғысынан тек туынды үстеу жасаушы жұрнақтар ғана емес, көне немесе қазіргі туынды түбірлердің өзгеру, даму заңдылықтарын да айқындау маңызды. Себебі ол заңдылықтар тек үстеу сөз табының емес, күллі лексикамыздағы барлық сөз табы лексемаларының жасалуына өз кезінде түлі дәрежеде ықпал еткені сөзсіз. Көптеген түрколог ғалымдар мен қазақ тілінің тарихи грамматикасымен шұғылданушы ғалымдар бұл тарапта аз еңбек еткен жоқ. Сонда да ол пікірлерді жинақтап ұсыну, біріздендіру қажеттілігі туындайтыны сөзсіз. Ол пікірлер көнеленген септік жалғаулары бар үстеулерге ғана емес, басқа да семантикалық топ үстеулеріне қатысты болып келеді. Мысалы, қазіргі қазақ тілінде мөлшер үстеуі саналатын талай сөзінің этимологиясы жайлы осыған дейін қазақ ғалымдары тарапынан ғылыми тұжырымдар кездестірмесек те, туыстас тіл материалдарынан осы сөзге байланысты пікірді кездестірдік. Қарашай-балқар тілінің үстеу сөз табын зерттеген С.А.Гочияева «талай» сөзінің этимологиясын былайша өрбітеді: ««Талай» үстеуінің этимологиясы бір қарағанда айдан анық. Оның құрамдас бөлігі –лай сөзжасамдық жұрнағы, ал –та жинақтау мағынасындағы есімнің бір қалдығы болуы мүмкін. Бірақ «Көне түркі сөздігінде» бұл үстеуге мынадай сөздік мақала арнаған: Талай (монг. далай) «океан, море, большая река». Біз бұл үстеудің алғашқы мағынасы үлкендік немес көптік мөлшерді білдіретін, яғни «мұхит, өзен» мағынасындағы талай болуы мүмкін деп топшылаймыз» [4]. Қазақ тіліндегі талай үстеуінің өзінің түп төркініне (молшылық, көптік мағынасындағы «өзен, теңіз» сөздеріне) сілтейтін мағыналық қолданысын қазіргі түрік тілінің лексикасынан көруге болады. Мысалы, *Dalyan*: теңіз, көл, озен жағалауларында құрылған үлкен ау, *dalyan gibi* ұзын бойлы, тұлғалы.

Қазақ лексикасының даму тарихын зерттеген Б.Сағындықұлы өз монографиясында лексемалардың бүгінгі күнгі қалыптарына жеткенге дейін өткен процестерін түрлі факторлармен түсіпдіреді. Солардың бірі *үнемдеу заңы*. Ғалым үнемдеу құбылысын тілдің тек бір саласына қатысты (фонетикада – элизия, гапология, синтаксисте – эллипсис, морфологияда – кіріккен сөздер және т.б.) қарастырмай оны солардың жиынтығынан тұратын жалпы грамматикалық құбылыс ретінде тұжырымдайды. Тілімізде қимыл сын үстеуі болып табылатын *ақырын* сөзінің де қалыптасуына осы үнемдеу заңы әсер еткен көрінеді.

Сөз соңында **н** мен **ң** ең көп түсіріліп айтылатын дыбыстардың қатарына жатады. Мысалдар келтірелік **ақрун~ақру** (тихо, осторожно, спокойно, немного); **инчин~инч** (спокойно, спокойный); **илкин~илк** (прежде, вначале, сначала); **теркин~терк** (быстро, поспешно, скоро); **утрун~утру** (напротив, навстречу); **йумғын~йумғы** (все, вместе) т.б.

Кейбір сөздер сыртқы пішінін өзгеркенімен, ішкі мағыналық тұтастығын сақтап қалған. Сондықтан олардың алғашқы дыбыстық құрылымын анықтау – салыстырмалы түрде айтқанда, біршама жеңіл. Әрі семантикасы, әрі мағынасы бұрынғы күйінен ауытқыған тілдік элементтер де бар. Көп ретте оларды қалпына келтіру мүмкін емес, реконструкцияланған жағдайда шәк, күмән туғызып жатады. Мысалы:

ақру – «тихо, осторожно» [8, 49-б.];

ақрун – «ақырын, жай»

ақырын – «жай, аспай-саспай, баяу»;

сақ – «қырағы, абай, көреген»;

сақ= – «думать, считать, принимать за что-л.» [8, 480-б.];

сағ – «ум, сообразительность» [8, 480-б.];

урун – «напрягаться» [8, 615-б.];

ұр= – «бой ұрды, еліктеді, ден қойды»

«*Жай, аспай-саспай, баяу*» ұғымын беретін «**ақырын**» сөзі тарихи тұрғыдан үш морфемаған бөлінеді: **ақ+ур+ун**. Мұндағы =ун көне жұрнағы етістіктен үстеу жасайды: оқиғаның қалай, қайтіп болғанын, іс-қимылдың қандай жолмен іске асқанын білдіреді. *Алтун йышығ йолсузын ашдым* (я без дороги перевалил через Алтунскую чернь) (8, 272-б.). Қазақшаға «Алтун қойнауынан жолсызбен астым» болып аударылады. Ал =ын (немесе =ун) жұрнағы жүргіншінің жолсыз жермен жүргенін баса көрсетіп тұр. Сол сияқты «ақырын» сөзінің құрамындағы =ын (=ун) жұрнағының «ден қойды» мағынасын беретін «ур=» етістігіне грамматикалық үстеме реңк қосып тұрғаны айқын. Бірақ «ақ» түбірінің мағынасы жойылған. Жеке қолданылмайды. «Машинасын ағызып өте шықты» деген сөйлемдегі «ақ» етістігінің түсінігі «ақырын» ұғымына қарама-қарсы – «тез, жылдам жүру, зулау,». Басқаша айтқанда, маңайласпайды. Түсіріліп айтылған **с** дыбысын орнына қойсақ, – *сақ'+ур+ун*: «ойланып, сақтанып, абайлап жүру, сақтық» мағынасында түсіндіріледі. Сақтанған адамның баяу қимылдайтыны белгілі. Демек, тарихи тұрғыдан '*сақурун* архетипінде екі сема өмір сүрген: 1) сана-сезімнің бір нәрседен сақтану мақсатында бір нүктеге шоғырлануы; 2) өте баяу, жай қозғалу. *Сақурун* сөзінің алғашқы семасы [лексика бірте-бірте дамып, оның міндетін жаңадан пайда болған өзге сөздер атқара бастаған кезде] жойылған. Бірінші буынға екпін түспегендіктен, әрі фонологиялық жүк арқаламағандықтан, **с** дыбысы түсіріліп айтылған. Ал «өте баяу, жай қозғалу» мағынасын жеткізу үшін қалған бөлегі де жеткілікті болғанға ұқсайды. Ақыл-сана іс-қимылын кейінгі ұрпақ жай дене қимылы ретінде танығанда бұрынғы түбірге фонетикалық та, семантикалық та өзгеріс енген. Қорыта келгенде, **с** дыбысының түсу заңдылығы «ақырын» сөзіне де ортақ деген тұжырым жасауға болады. Осылайша дыбыстардың түсіріліп айтылуы нәтижесінде көптеген сөздер көне түркі жазба ескерткіштерінде архаизмге айналып, мағына солғындаған [5, 124-б.]. Қазіргі қазақ тіліндегі *ақырын* үстеуінің арғы тегі көне *сақурун* сөзіне барып тірелгені Б.Сағындықұлының ғылыми дәлелдері арқылы анықталды. Ал осы жерден біз қазақ-оғыз байланысына куә боламыз. Себебі, қазіргі түрік тілінде дәл осындай сын-қимыл мағынасында қолданылатын *sakin* үстеуі бар. *sakin* үстеуінің жоғарыда айтылғандай 1) сана сезімнің бір нүктеге шоғырланып тоқтау, 2) өте баяу, жаяу қозғалу мағыналы семалары оны қазіргі күнде субстантивтену процесіне дейін жеткізгенін көреміз. Сөйтіп, бұл лексеманың мынадай мағыналары қалыптасқан: 1. Тыныш, қимыл-қозғалыссыз. 2. Тыныш, шусыз, ың-жыңсыз. 3. Сабырлы, байсалды; момақан, жуас. 4. Тыныш, алаңсыз. *Hasta şimdi sakin, uyuyor.* Ауру қазір тыныш, ұйықтап жатыр. 5. Тұрғын, мекендеуші. *Mahalle sakinleri.* Мөлтекаудан тұрғындары.

Қазақ тіліндегі уақыт, мезгіл өлшемдерін білдіретін тұрақты тіркестерді саралап қарасақ, көп мәліметтер назарды аударады. Бұрындары ата-бабаларымыз уақытты сағатпен өлшемей-ақ, секунд, минут, сағат өлшемдерін шамалап, дәл болжай білген. Мысалы, секунд – демнің арасында, қас қаққанша, ауыз жиып алғанша, қас пен көздің арасында, қалт еткенде деген сияқты образды тіркестермен берілген. Ал ұзақтау мезгіл аралықтары шай қайнатым, бір бие сауым, ертеден қара кешке дейін, таң аласында, алты ай қыс бойы, таң атар-атпаста сынды тіркестермен берілген. Дәл осындай мезгіл мәнді үстеулердің фразеологиялық топтамасында кездесетін мағынасы күңгірт тартқан үстеу сөздерді оғыз тобы тілдерінен де кездестіреміз.

Шаңқай түс, тал түс, тана тал түс деген де мезгілдік мағынаны беретін үстеу фразеологиздерді біз жиі қолданамыз. Осылардағы *түс* сөзінің мағынасы түсінікті болса да *тан/тал*

сөздерінің мағыналары едәуір көмескі. Жалпы түркі тілдеріндегі мақал мәтелдер мен фразеологизмдер түрлі тілдік деректерді қалпына келтіріп, анығына жетуге жауап бере алады. Өйткені бұлар халықтың өзімен бірге жасасып келе жатқан тілдік материалдар. Көне формаларды көп сақтаған. Ендеше *тап/тал* сөздерінің де мағынасын ашуға болады деген сөз. Түркі тілдеріндегі бір буынды түбірлердің міндетті түрде жуан-жіңішке сингармониялық варианттары болған. Одан *тап/тал < дөп/дәл* параллельдері шығады. *Дәлме-дәл өзі, талма тал түс* деген сөз тіркестері осыны нақтылай түседі. Яғни «тал» мен «дәл»-дің бір негіздес екендігіне күмән жоқтығын көрсетеді. Қазақ тілінде *дәл* үстеуі сияқты *дөп* үстеуі де қолданылады. Екеуі де қимыл сын үстеуі қатарына жатып, «дәл, нақ, тура» мағыналарын береді. Енді осы дәл, дөп үстеулерінің көне формасы тілімізде тап/тал болып, оның фразеологизмдер құрамында сақталғанына көзімізді жеткізгесін оғыз тілдерінен мысал алып бекіткеніміз дұрыс болады. Мысалы қазіргі түрік тілінде «дәл (точно)» үстеуі *dal* түрінде беріледі. Ол түрік тілінде уақытты білдіретін сөздердің алдында тіркесіп келіп, мағынаны күшейтетін сөз қызметін атқарады.

Б.Сағындықұлы: «Ежелгі түркі дәуірінде қазіргі тілдерде жіңішке айтылатын сөздердің мүлде болмағандығын, олардың жуан варианты ғана қолданылғандығын біздің заманымызға келіп жеткен тарихи жазба ескерткіштер қалтқысыз дәлелдейді» - дей келіп, «Әсіре қызыл тез оңар» фразеологизміндегі «өте, аса, тым» ұғымын беретін «әсіре» - «асру» болып ескерткіштер тілінде жуан варианты ғана кездеседі дейді [5, 146-б.]. Шынымен де, салыстырмалы тұрғыдан қарасақ, түрік тілінде «шамадан тыс, шектен тыс, тым, аса, артық» мағынасын беруде *aşırı* лексемасы үстеу ретінде қолданылады. Ал қыпшақ-половец тілдер тобының қарайым, қырымшақ тілдерінде «өте» мағынасын беретін *астры* күшейткіш үстеуі қолданыста екен. Ал бізде күшейткіш үстеулерге *ең, өте, аса, бек* сөздерін жатқызамыз да, *әсіре, асыра* формаларын бұл мағыналық топтан көрмейміз. «Әсірелеп айту», «асыра сілтеу» тіркестерінің тұрақты компоненті ретінде ғана сақталған.

Тіл-тілдің аралық байланысының ортақ тұстарын бойында жинақтайтын тілдік туындылардың бір түрі халық ауыз әдебиеті. Сондықтан да осындай туындыларда кездескен түрлі мағынасы түсініксіз сөздердің шығу төркінін ақындап берген ғалым Р.Сыздықтың еңбектерінен жалпы түркі тілдерінде қолданыста жүрген үстеу сөздерді де көреміз. Мысалы, «Қыз жібек» жырында:

Айдың өткен нешесі,

Ай қараңғы кешесі, деген жолдар бар. Мұндағы *кешесі* сөзі «бұдан бір күн бұрын өткен күн, яғни кеше» деген мағынадағы сөз емес. Көне түркі жазулары мен орта ғасырлардағы түркі ескерткіштерінде *кечә/кече* сөзі «түн» мағынасын білдірген. Орта ғасыр жазба үлгілерінде *кече күндіз* тіркесі қазақша осы күнгі күні-түні дегеннің баламасы. Сонда *ай қараңғы кешесі* деген тіркес «айсыз қараңғы түнде» дегеннің көне варианты болып табылады. Бұл сөздің қазақ жырында кездесуі, сірә, ортағасырлық түркі жазба әдеби тілдерінің әсері болуы да мүмкін немесе қазақ халқын құраған ру-тайпалардың тілінен сақталған жұқана (реликт) болуы да ықтимал» деп көрсетеді ғалым [9]. Қазіргі оғыз тілдерінде, соның ішінде әзірбайжан тілі материалдарында: *gесә* 1) түн; 2) түнгі, *gесәnіз* хеугә *qalsın* «түніңіз қайырлы болсын», *gесә-gündüz* «күні-түні», *gеселәмәк* «түнеу», сынды үстеу, үстеулі тіркестер мен одан туындаған туынды сөздер кездеседі. Ал түрікмен тіліндегі көрінісі мынадай: *гижеки* «түнгі», *гиже* «түн»; *гижәнин* бір вагты «түннің бір уағы»; *гижәниз* хайырлы болсун! «қайырлы түн болсын» болып келеді. Қазіргі түрік тілінде *gесе* 1. түн; қараңғы түскен уақыт, кеш, кешкі мезгіл. 2. қараңғылық, қараңғы түскен уақыт. 3. түнделетіп, түн қатып, түнде. *Gесе uumalı, gündüz çalışmalı* «Түнде ұйықтап, күндіз жұмыс істеу керек». 4. сауық кеші. *Şiir gесesі* «жыр кеші», *Gесе gündüz dememek* «күн-түн демей, уақытпен санаспау». *gесеуі gündüze katmak* «тоқтамастан күндіз-түні жұмыс істеу, күннің батқанына, таңның атқанына қарамай жұмыс істеу». Көріп отырғанымыздай бір кездері түркі тілдерінде қолданылған *кеш/кеше* лексемасы тарихи даму барысында қазақ тіліндегі лексикалық мағынасын түннің бір бөлігін білдіретін дәрежеге дейін тарылтып сақтаған. Ал оғыз тілдерінде сол бастапқы қалпындағы мағынасында қалғанына салыстырмалы зерттеу айғақталып отыр.

«Тілдің басы артық дүниені көтермейтіні мәлім» деп Рабиға Сыздық айтқандай, көне дәуірден келе жатқан, сан ғасырларға желі тартып жатқан заманалардың тезінен сұрыпталып осы күнгі халықтың таным-түсінігін танытатын тілдік құралдарға айналған жекелеген сөздердің әрбір даму арнасы өз заңдылығымен болып жатса керек. Себебі, ол сөздердің тұла бойында еш шашау шығарлықтай ретсіз өзгеріс жоқ, өзгеріс бола қалса, ол – заман талабының, қоғам тарихының сұрақтарына сай икемделген заңдылықтардың себебінен орын алып отыратыны сөзсіз. Оның жарқын дәлелдерін біз тарихи салыстырмалы грамматиканың қатпарларынан көреміз, көз жеткіземіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әдеби жәдігерлер. 2-т.Махмұт Қашқари.Түрік сөздігі. Алматы: Таймас. 2007. – 592 б.
2. «АСЫЛ МҰРА» түркі антологиясы. – Астана: Сарыарқа, 2012. – 568 б.
3. Досжан. Р. XI-XII ғ. жазба ескерткіштері тілінің морфологиялық құрылымы (монография). – Астана: «Астана полиграфия», 2012. – 328 б
4. С.А. Гочияева. Наречие в карачаево-балкарском языке. Карачаево-черкесское отделение ставропольского книжного издательства черкесск – 1973 г. -123 стр.
5. Сағындықұлы Б.Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 262 б.
6. Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. - Алматы: Қазақ университеті, 1992.- 190 б.
7. Маманов Ы.Е. Қазақ тілі. –Алматы, 1973. 90-б.
8. Древнетюркский словарь. Редакторы В.М.Наделяев, Д.М.Насилов, Э.Р.Тенишев, А.М.Щербак. Л.: «Наука», Ленинградское отделение. 1969. 677 стр.
9. Рабиға Сыздықова. Сөздер сөйлейді. – Алматы, «Санат», 1994, -272 б.
10. Русско-туркменский словарь. Государственное издательство иностранных и национальных словарей. Москва, 1956.
11. Азербайджанско-русский, русско-азербайджанскийсовременныйсловарь, "КМ" Kitab mətbəəsi 2009, 776 səh.
12. Русско-турецкий словарь. Москва: Издательство «Советская энциклопедия», - 1972, - 682 стр.

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚАЗАҚ ЭПОСТЫҚ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ

ХАЛМАНОВА Б.Б.

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты.
Астана қаласы*

Аннотация

В этой статье рассматривается роль эпических произведений в казахском фольклоре как объект исследования этнолингвистики. Приводится несколько примеров фразеологизмов использующихся в казахских эпических произведениях, рассматривается их семантический и этимологический разбор.

Abstract

In this article, the role of epic poetry of Kazakh folklore was discussed as research object in the area of ethno-linguistics. Examples of phraseological units, which meet in Kazakh epic poetry were provide and have been analyzed from semantically and etymologically.

Бүгінгі күн еліміз егемен болып, ұлттық тіліміздің өз мәртебесіне ие болуы – халқымыздың ерік-жігері мен ерен еңбегінің арқасы. Әлемдік деңгейде қазақ ұлтын таныту үшін оның ұлттық болмысын көрсететін рухани дүниелерін, бай мұраларын таныту керек. Этнолингвистика саласының зерттеушісі Ә.Т.Қайдар: «Егер халық пен тілді біртұтас құбылыс деп қарасақ, тіл халық өмірінің материалдық және рухани байлықтарын бойына жинаған, соның наным-сенімдерін, дәстүрін көрсететін, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын баға жетпес байлық» дейді [1,9].

Қазақ халқының жыр байлығын: тұрмыс-салт жырлары, тарихи жырлар, эпикалық жырлар, лирикалық жырлар деп бөледі. Бұл мақаламызда зерттеу объектісі болатын эпостық жырдың (батырлар жыры) қазақ фольклорында алатын орны ерекше. Өйткені, біріншіден, халықтың рухани өмірінде, әсіресе, сөз өнерінде эпос басты рөл атқарады; екіншіден, эпоста фольклорға тән ерекшеліктер толығырақ және айқынырақ көрінеді. Дәл осы жанрда қазақ жұртының эстетикалық та, этикалық та түсінік-пайымы, дүниетанымы да, арман аңсары да мол болып табылады. Соңғы жылдары қазақ тіл білімінде фольклорлық шығармалардың тілдік ерекшеліктері арнайы қарастырылып, зерттеу жұмыстары қолға алынып, фольклорлық лингвистика саласының дамуына алғашқы қадамдар жасалуда.

Біз өз зерттеу объектіміз ретінде қазақ эпостық жырларында кездесетін фразеологизмдерден мысал келтіріп, оларды мағыналық және тарихи тұрғыдан жүйелеп қарастыруға тырыстық.

Фразеологизмдер – халық тілі байлығының ауқымды бөлігін құрайтын тұрақты тіркестер. Фразеологизмдер әдебиетшілер тарапынан ауыз әдебиетінің кіші жанры ретінде қарастырылып келеді. Семантикалық тұрақты байланыста болатын сөйлем немесе сөз тіркестерін әдеби шығарма мәтіндерінде көріктеуші бейнелі тәсіл, сезімге әсер етуші құрал ретінде қолданады. Табиғатынан фразеологизмдер бір-бірінен ажырамас тұтас бірлік болғанымен, эпостық жыр мәтіндерінде жалпы халықтық тілдің тұрақты тіркес құрамы жыр ырғағына қарай түрлендіріліп пайдаланылады.

Фразеология саласын дара пән ретінде қалыптастыруда, оның тілдегі орнын, зерттеу әдістерін анықтауда, теориялық тұжырымдар жасауда отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері көп. Алдыңғы қатарда І.Кеңесбаев, М.Копыленко, Ә.Қайдар, Н.Уәлиұлы, Г.Смағұлова, С.Сәтенова, Р.Авакова, З.Ахметжанова, М.Әбілғалиева, Г.Сағидолла, М.Сәбитова, т.б. ғалымдардың жалпы және салыстырмалы-салғастырмалы фразеология мәселесіне арнап жазылған құнды еңбектерін айтамыз.

Қазіргі кезде ауыз әдебиетінің әр алуан нұсқалары 100 томдық кітап болып баспадан шығып, көпшіліктің қолына тиді. Солардың ішінде эпос үлгісіндегі «Алпамыс», «Қобыланды», «Қамбар батыр», «Едіге батыр» т.б. жырларының әр түрлі нұсқалары жарық көрді. Әйткенмен, лингвистикалық поэтика тұрғысынан сөз шеберлігін, ақындық өнердің сырларын, халықтың рухани қазынасы саналатын фольклор шығармаларын талдағанда, әсіресе, көп вариантты жырларды зерттегенде бір сюжетке құрылған бірнеше нұсқаны қатар ала отырып, әр қайсысына тән тілдік ерекшеліктерге де тоқталуға, әр алуан лексикалық-стильдік өзгешеліктер мен грамматикалық айырым белгілерді де ескеру керекпіз.

Қазіргі қазақ тіл білімінде 1966 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі», Р.Сыздықованың 2004 жылы 3-басылған «Сөздер сөйлейді» еңбегі мен Ә.Нұрмағанбетовтың «Бес жүз бес сөз» еңбектерінде негізінен сөздердің этимологияларына талдау жасалып, кейбір фраземалар құрамындағы қолданыстан шыққан сөздердің төркініне салыстырмалы-тарихи тұрғыдан анализ жасалып, тұрақты тіркестердің кезінде еркін тіркестерде пайда болған конструкциялар екеніне ғылыми дәйектемелер арқылы көз жеткізді.

Эпос тілінде лексикалық архаизмдермен қатар, грамматикалық тұлғалардың ерекше қолданыстары да мол болады. Мұның әртүрлі себебі бар. Біріншіден, тұрақты поэзиялық тіркестерде өте әріден сақталып келе жатқан грамматикалық тұлғалар біздің заманымызға да өзгеріссіз жетеді. Екіншіден, тексттің табиғаты өңдеп, жөндеуді қажет ететін болғандықтан кейбір осы күнгі актив тұлғалардың өздері де эпос дәстүрлерінің айрықша тәсілдерімен қолданылуына байланысты ауызекі поэзияның заңдылықтарымен сәйкесіп, ерекшеленіп тұрады [2,57]. Осы тұрғыдан алғанда көне дәуірдің куәгері саналатын ауыз әдебиетін зерттеу барысында лингвостилистиканың көптеген мәселелерін қамту қажеттігі туады.

Қазіргі қазақ тілінің фразеологиялық қорында тек фразема құрамында ғана қолданылып мағынаға ие болатын, жалпыхалықтық тілде жеке қолданылмайтын сөздер кездеседі. Фразема құрамындағы мұндай сөздерді лексикалық архаизмдер деп атаймыз. Тіркес құрамындағы сөздердің мағынасын (кеңірек этимологиясын) тек олардың шығу төркініне этимологиялық талдау жасағанда ғана ашуға мүмкіндік туады.

«Алпамыс батыр» жырының 1939 жылы С.Мұқанов құрастырған «Батырлар жыры» кітабында жарияланған нұсқасында

«...*Кебін киген* жоқ еді,

Кебенек киген ер еді.

Өлмесе балам келеді,

Ертең қозым келеді.

Ертең қозым келгенде,

Серкем қайда дегенде,

Мен сияқты қу бас шал

Не деп жауап береді?! » деген үзіндіде мұндағы «кебін киген» тіркесі фраземалық мәнге ие болып тұр. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде «кебін» – өлген адамның денесін орайтын ақ кездеме (мата). Сонда «кебін киген» тіркесі – өлген, қайтыс болған адам мағынасында жұмсалады. Бұл тіркестің екінші бір мағыналық белгісі бар. І.Кеңесбаевтың фразеологиялық сөздігінде «кебін (керін) киді» «аяғын құшты» яғни, біреудің басындағы мін, қылық, ұнамсыз әрекетке еліктеген, ерген екінші біреуге тап болса айтылатын тілдік қолданыс [5,312]. Ал, «кебенек киген» тіркесінің мағынасына келсек «кебенек» - көбіне жауын-шашыннан қорғаныш үшін, құрым киізден жасалған киім; жылқышы, түйеші киген. «Кебенек кигеннен безбе, кебін кигеннен без; кебенек киген келер, кебін

киген келмес», «ерді кебенек ішінен таны» деген накыл сөздер осыдан шыққан. Түйіндей айтсақ, «кебенек тиген (киген)» фразеологиялық тіркесі басқа түскен ауыртпалық шет жайлатқан, я ұзаққа сапар шектірген азамат ерге айтылады да, тірі жүрген, бұл дүниеде бар адам мағынасында қолданылады.

Тілдің сөздік құрамының толығы өзінiң iшкi мүмкiншiлiктерi арқылы ғана емес, өзге тілдерден сөздердің кірігуі арқылы да жүзеге асады. Бұндай құбылыс – қазақ тілінің фразеологиялық қорына да тән. Халық басынан кешірген тарихи даму барысында көптеген елдермен араласып, түрлі қарым-қатынастар жасаған. Сондықтан да қазақ тілі фразеологиялық құрамында араб, парсы, монғол тілдері элементтері кездеседі. Мысалы, «Қамбар батыр» жырынан: Шынтақтап сен мамықты

Айылыңды жимайсың

Аяғыңды көсіліп, - деген жыр жолдарын оқимыз. Қазақ тілінде тек болымсыз мәнде айтылатын *айылын жимады* деген тіркес бар. Сырт қарағанда мұндағы *айыл* сөзі ер-тұрман әбзелінің бірінің аты сияқты. Ал шындығында *айыл* – монғол тілінде «қорқыныш, үрей» деген мәндегі сөз екен. І.Кеңесбаевтың фразеологиялық сөздігінде де «Айылын жимады - сескенбеді, жасқанбады, қымсынбады» деген мағынаны береді[5,29].

Монғол тілдері мен түркі тілдеріндегі ұқсастықтарды салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеген ғалым Б.Базылханның пікіріне сүйенсек, «Монғолша-қазақша сөздікке» енген 40000 сөздің 24000 сөзі 1500 түбірден тараған, яғни 60% екі халыққа ортақ туынды сөздер болып табылады. Бұл жақындықтар тілдердің жалғамалылық қасиетінен болса, екінші жағынан, біздің заманымыздан көп бұрын болған Алтай заманының бірлестігі болуы ықтимал [3,117].

Фразеологизмдер мен олардың ішкі формасының арасындағы тығыз байланыс уәждерін ашуға жасалынған талдаулардан қазақ тіліндегі фраземалардың уәждену көздері адамның анатомиялық атаулары мен қимыл қозғалыстары байланысынан туған фраземалар, жануарларға байланысты пайда болған зооморфтық фраземалар, сандық мөлшерлердің нәтижесінде туындаған символдық фраземалар, түстік және сындық мағынада пайда болған символдық фраземалар, алғыс және қарғыс мәнді фраземалар, діни және мифологиялық фраземалар, есімдері халыққа белгілі кісі аттарымен жасалған антропологиялық фраземалар деп саралауға болатындығын айта өту қажет.

Уәждену сипатына адамның анатомиялық атауы негіз болған жалпы түркі тілдерінде «көз» сөзінің қатысымен жасалған фразеологизмдер басымдылығы байқалады. Бұл атау түркі тілдерінде өте көне замандардан қолданылады. Мысалы: көз салу, көзінің ағы мен қарасы, көзін шел басты, көз жұмып қарады, көз алдау, қарасынан үзбеді т.б. осы секілді фразеологиялық тіркестердің қатарын ұзын сонар жалғастыра беруге болады. Осындай тұрақты тіркесті «Қамбар батыр» жырының мына бір жолдарынан кездестіре аламыз:

«...Тоқтамады кідіріп,
Өте шықты қарғытып,
Сөйлесе алмай Қамбарға
Тағы да қалды арманда,
Отырған сұлу **көз тұтып...**»

Мұндағы «*көз тұтып отыр*» фразеологиялық тіркесі І.Кеңесбаевтың фразеологиялық сөздігіне зер салатын болсақ «*аңдып, бағып отырды*» мағынасында жұмсалынған.

Дәл осы жырда: Бет-аузыма қарашы,

Мендай **көзің ағарсын,**

Жолдасыңды сабайсың,

Жақсылық қайдан табарсың. («Қамбар батыр») –деген жыр жолдарындағы «көзі ағарды (ақты)» - ботадай боздап, зар жылады; еңірегінде етегі толды деген мағынаны береді [5,332].

«Көз» сөзінің қатысымен «Қобыланды батыр» жырында:

Жылап жатып Қобыланды

Ортасы түннің болғанда

Көз ілікті ұйқыға...- деген жолдардан көруге болады. Мұндағы *көз ілінді (ілікті)* тіркесі *ұйқыға кетті, ұйықтап кетті* деген мағынада түсінуіміз қажет.

Сондай-ақ, тіліміздегі«қарасын көрсетпеді» тұрақты тіркесіндегі «қара» түбірінің мағынасы көздің қарасы емес, адамның сырт тұлғасы мәнінде жасалғанын айтып өту керек. Бұл сөзімізге мысал ретінде «Қобыланды батыр» жырынан үзінді келтіре кетейік:

Сенің анаң мен едім

Менің балам сен едің.

Бір *көрсетпей қараңды,*

Ғайыптың құсы сен болып,

Қай тарапқа жөнелді? («Қобыланды батыр»)

Мұндағы «қарасын көрсетпеді» фраземасы – зым-зия жоқ болды, көрінбей қойды мағынасында қолданылып тұр[5,424].

Дәл осы жырда уәждену сипатына адамның анатомиялық атауы негіз болған «Астыңғы ерні жер тіреп, үстіңгі ерні көк тіреп» күрделі фразеологиялық тіркесін кездестіруге болады. Эпостық жырда мұндай жолдар ауыз әдебиетінде кездесетін әсірелеудің бір түрі – гиперболаның қолданылуымен сипатталады. Тілдік тұрғыда талдау барысында келтірілген мысал фразеологиялық мәнге ие.

«Алпамыс батыр» жырынан сындық мағынада пайда болған «...Буырқанды бұрсанды,

Мұздай темір құрсанды...»[4,87] фразеологиялық тіркесінің мағынасы – барлық қаруын түгел асынды дегенге келіп саяды.

Қорытындылай келе, осы келтірілген мысалдан көріп отырғанымыздай көненің көзі болып табылатын қазақ эпостық жырларының сөздік қорын байытып, әсерлілігін арттыруға өзіндік үлесін қосатын фраземаларды көптеп кездестіруге болады. Байқағанымыздай құрылысы күрделі фразеологиялық тіркестер жыр жолдарынан кездесе қоймайды. Эпостық жырлар ауыздан ауызға тарап, халық аузынан жазылып алынғандықтан мұнда қолданылған фразеологиялық сөз тіркестері жалпыға түсінікті. Өйткені олар жай ғана бейнеге, ашық ішкі формаға ие, сонымен қатар нақты ойға қарсы емес, себебі адамның бақылауы мен бірнеше фактілермен түсіндіріледі.

Тілдік таңбаның ерекше түрі болып табылатын фразеологиялық бірліктерде ұлттың мәдени жемістері, халық ауыз әдебиетінің таусылмас арналар, діни философиясы, дүниетаным көздерінің іздері жатқанын аңғаруға болады. Кез-келген фраземаның пайда болу мотивінің бар екені, ол мотивтің көздері кейде белгілі болса, кейде уақыт кеңістігіне орай оларды дөп басып ашу оңайға түспейді. Сондықтан фразеологиялық тіркестердің мағыналық тұтастығының сақталып, келер ұрпаққа түсінікті болуы тіл білімі ғылымының жас саласы фольклорлық лингвистиканың өзекті мәселелерінің бірі болуы қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Қайдар Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, - 1998. -304 б.
2. Қазақ әдеби тілінің тарихи көздері. – Алматы: Ғылым, 1989. 256 б.
3. Авакова Р.Ә. Фразеосемантика. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 246 б.
4. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2006. Т.: Батырлар жыры. – 2006. – 448 б.
5. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Арыс, 2007. – 797 б.

ИЗГЕЛӘР «СВЯТЫЕ» В МИФОЛОГИИ БАШКИР

Ф.Г. ХИСАМИТДИНОВА,⁸

Институт истории, языка и литературы.

Уфимский научный центр РАН

г. Уфа

Резюме

В статье на лингвистическом, фольклорном и этнографическом материале раскрываются мифологические представления башкир, связанные с культом святых. С точки зрения происхождения автором выделены четыре группы святых: доисламские мифологические покровители, духи; мифические и мифологизированные покровители родов и племен башкир; общемусульманские и региональные реальные исторические лица, квалифицированные башкирами как святые. Более подробно в работе описаны домусульманские, региональные и общемусульманские святые. Рассмотрены основные особенности, функции святых.

Ключевые слова: башкирская мифология, святые, покровители, мифологизированные персонажи, магическая сила, верования.

⁸Хисамитдинова Фирдаус Гильмитдиновна, Институт истории, языка и литературы Уфимский научный центр РАН, hisamitdinova@list.ru

Введение

В башкирской народной культуре выделяется особая категория мифических и мифологизированных персонажей – изгеләр «святые». Кроме слова изгеләр, для обозначения святых употребляются лексемы әулиә (әулиәләр), ана (аналар), баба /бабай (бабалар), ата/атай (аталар), инә/инәй (инәләр), өләсәй (өләсәйзәр), хужа (хужалар), а также әбей, әсә, ғәзиз, хәзрәт, хәлфә, мулла, суфый, диуанаи др (Академический словарь 2013: 5). Ср.: Дауыт бабай (*говоры иргизских башкир*) «хозяин, покровитель железа», Котдос хужа (*говоры самарских башкир*) «хозяин, покровитель земли»; Пәшә ана (*гайнинский говор башкирского языка*) «дух, хозяин, покровитель леса»; Селлә бабай/Селлә олатай (*демский говор*) «хозяин погоды»; Мәрийәм ана (*говоры саратовских башкир*) «покровительница женщин»; Ғәмбәр инәй/Ғәмбәр әбей (*юго-восточные говоры*) «покровительница рожениц»; Таңһыу әбей (*среднеуральский говор башкирского языка, гайнинский говор башкирского языка*) «хозяйка утренней зари, покровительница утренней зари», Таңбикә (*среднеуральский говор башкирского языка*) «хозяйка утренней зари»; Таңһыубикә (*гайнинский говор башкирского языка*), «покровительница утренней зари», Хөппи бабай/Хөппи хужа (*таныпский говор башкирского языка*) «дух, хозяин дома, имя домового», Мал бабалары (*говоры иргизских башкир*) «духи, хозяева, покровители животных»; Мөжәүер хәзрәт «хазрет Мужавир», Зәйнулла ишан/ Зәйнулла әулиә «Зәйнулла ишан/аулия», Шәмифол хәлфә «учитель Шамигул», Габдулла хәзрәт «хазрет Габдулла», Айса мулла «Айса мулла» и др. (Хисамитдинова 2010: 455).

С точки зрения происхождения святых изгеләр башкирской мифологии можно сгруппировать в следующие группы:

- доисламские мифические покровители, духи отдельных природных объектов, явлений;
- мифические и мифологизированные прародители, предводители, покровители тех или иных родов и племен башкир;
- региональные и обще мусульманские святые «изгеләр»;
- реальные исторические личности, внесшие свой вклад в историю и духовную культуру башкир, погибшие за свободу и справедливость. Сюда же можно отнести героев 1812 г. и других войн России, в которых принимали самое непосредственное участие башкиры.

В силу обширности материала в данной статье мы рассмотрим в основном первые три группы.

В первую группу святых относятся, как уже говорилось выше, доисламские мифические покровители, духи отдельных объектов, явлений.

К таковым можно отнести хозяина, покровителя лета Йәй атаһы, Йәй хужаһы, (досл. отец/хозяин лета); духа покровительницу солнца Көн инәһе Көмөшбикә, (досл. мать солнца Кумушбика); покровительницу утренней зари Танбикә/Таңһыу әбей, досл. «Старушка Таңбикә/Таңһыу», духа, покровителя огня Ут анаһы/Ут хужаһы, (досл. мать огня/ хозяин огня); духа покровителя дороги Юл анаһы, (досл. мать дороги) и др. (Хисамитдинова 2010:456). Перечисленные и другие персонажи данной группы являются объектом поклонения, почитания, жертвоприношения. К ним, как и другим святым, обращаются с теми или иными просьбами. Так, например, к хозяйке утренней зари обращаются башкирские «знающие люди» (знахари, предсказатели, гадатели) с просьбой дать воду утренней зари для лечения от различных болезней и изгнания злых духов. Ср.: Таңбикә әбей, таң һыуынды бир әле, Абдулла кызы Айбикәгә кәрәк. - Бабушка Таңбикә, дай, воду утренней зари, вода зари нужна Айбике, дочери Абдуллы. В другом заговоре при обращении к покровительнице утренней зари указывается конкретно для каких целей нужна вода. Ср.:

Таң һыуы бир, Таңһыубикә. Күз төшкәнгә, күз тейгәнгә, таң һыуын бир.

Дай мне воду утренней зари, Танһыубикә. От завистливого взгляда, от сглаза дай воду утренней зари.

Катаясь по утренней росе, у духа, хозяйки, покровительницы утренней зари сами больные, ущербные просили здоровья, а бездетные женщины – ребенка (Хисамитдинова 2010: 282-283). Таким образом у святых, покровителей, духов тех или иных природных явлений, объектов, стихий просили о здоровье, потомстве, избавлении от тех или иных несчастий, бед и других невзгод. Появление почитания, поклонения духам, хозяевам тех или иных объектов, очевидно, было связано с персонификацией явлений природы, объектов окружающего мира в образе соответствующего духа, святого еще в глубокой древности.

Вторую группу святых составляют мифические или мифологизированные прародители, предводители, покровители тех или иных родов и племен башкир, которые почитаются представителями только соответствующих родоплеменных групп. Так, например, башкиры племени кыпчак почитают как святого своего предводителя Кыпчак бия и шамана Баба Тукляса. Ежегодно на

родовых йыйынах (съездах), праздниках родословных Шежере-байрамы почти все кыпчакские родоплеменные группы проводят аяты в честь Кыпчак бия и Баба Тукляса (Полевые материалы 1987). Почитание Баба Тукляса, кроме башкир, встречается у казахов, ногайцев каракалпаков и др. народов, имеющих в своем составе кыпчакский компонент (Хөсәйенов 2003: 259).

Башкирами-кыргызами, табынцами, айлинцами почитается как мифический предок кобызист, изобретатель музыкального инструмента, шаман Коркот ата или Коркот әүлиә, досл. «отец Коркуд или Коркудаулия». Он, как показывают материалы, попал в родословные башкир – кыргызов и табынцев, по-видимому, от племен огузского происхождения, т.к. этот образ распространен в основном у огузов, хотя Коркуд-ата отмечается в мифологии казахов, ногайцев, каракалпаков и др. (Хөсәйенов 2003:259; Кондыбай 2008: 252).

В шежере башкир-кыргызов есть подробное описание не только потомков Коркуд-ата, основателя рода кыргызов, но и есть указание на то, откуда появился он на Урале. Ср.:

Кыргыз ырыуы башкорттарының тәү бабаһы Коркот атлы булған. Уны борон-борон тәңреләй күрерзәр, уға бағыныр булғандар, ти. Үзәндә бағымсылык көзрәте лә көсләнән икән. Ул борон Бохара тарафында бер зур даръя буйында йәшәгән имеш. Шул Коркот атанан шәжәрәләребеззә улы Әхмәт бей, уның улы Мөхәммәт бей, уның улы Янбай бей, унан Кушык бей таралып, тармакланып киткән. Кушык бей Ағизел буйында Татыш күл янында гүмер һөргәндә Ак батишаға барып баиһалған(Хөсәйенов 2003:59).

«Первопредком башкир рода кыргыз был человек по имени Коркуд. Говорят, его в древности почитали, ему поклонялись как тенгри. У него были способности и баксы. Говорят, он в древности жил в Бухарской стороне, на берегу большой реки. От этого Коркуд-ата и начинается наша родословная – шежере. От Коркуд-ата пошел Ахмет-бей, его сын Мухаммет-бей, его сын Янбай-бей, от него Кушик-бей и его потомки пошли. Кушик-бей, когда жил на озере Татыш, около реки Агидель пошел к Белому царю и покорился».

Аналогичные мотивы встречаются и в шежере башкир-табынцев. По шежере, табынцев с Алтая их на Урал привел предок Коркуд-ата, который затем ушел на Сырдарью, где он и умер. В древности по рассказам стариков, многие табынцы ходили поклоняться на его могилу, на Сырдарью (Полевые материалы 1989).

Опираясь на родословные – шежере башкир-кыргызов и табынцев, Р.Г. Кузеев время контактов указанных башкирских племен с огузами возводит к VIII-X вв., когда те кочевали на Арале и Сырдарье вместе с кыпчаками (Кузеев 1974: 361-362). Оттуда эти племена принесли на Урал как имя, так и легенды о святом, предке, покровители Коркуд-ата. Образ Коркуд-ата, как святого, покровителя, прародителя, вошел почти во все жанры башкирского фольклора. Известны сказки, кубаиры-эпосы, заговоры, где упоминается, наряду с другими святыми, покровителями, Коркуд-ата. Ср.:

Әй һин, котом, һин котом,	Душа моя, ты приди,
Сақығанда кил, котом.	Возвращайся, поспеши.
Хәстә төштә башыма,	Болит моя головушка,
Әйәһен табып бир, котом.	Приходи, когда зовут,
Котом әмере буйынса,	По приказу моегокут,
Коркот әмере буйынса	По приказу отца Коркута.
Карымкырт атай, котон бир,	Кармкут-бабай, душу дай!
Тулкә атай, котон бир,	Где душа, там и я,
Котом кайза -мин шунда	Без души нет меня.

Кроме известных во всем тюркском мире святых, как Коркуд-ата, Баба-Тукляс, почитаются башкирами легендарные и мифологизированные предки конкретных племен и родов башкир. Так, например, судя по шежере, башкиры-юрматинцы почитают мифического Юрматы-бия и документально известного Татигас-бия, который вместе с другими предводителями башкирских племен заключил договор с русской администрацией в середине XVI века.

Святыми, покровителями башкир племени Тамьян является мифический Тамьян-бей и Шагали Шакман-бей, который был предводителем, беєм башкир-тамьянцев в XVI в. и принимал активное участие в заключении договора с русской администрацией.

Мифические и мифологизированные покровители зафиксированы у башкир-усерганцев – Усерган-бий и Бикбау-бей, бурзянцев – Буржан-ата и Искибей, кыпчаков –Кыпчак-бей и князь Мешевли Кара Кузяк, табынцев – Табын-бей и Майки-бей, известная личность XIII в. и др.(Башкирские шежере 1960: 304). В целом, подводя итоги можно сказать, что почитание

родоплеменных вождей, шаманов и др. известных представителей того или иного рода, было характерно всем родоплеменным группам башкир.

Третью группу святых представляют региональные и общемусульманские святые, встречающиеся в башкирской мифологии. Среди них следует выделить персонажей мусульманской мифологии, типа Әулиә (Аулия), Хызыр-Ильяс, реальных и мифологизированных проповедников ислама, а также реально живших в Урало-Поволжском регионе крупных представителей мусульманской религии, квалифицированных как святые с поклонением их мазарам, могилам, связанных с ними водоемам, горам, камням, деревьям и другим предметам и объектам.

В данную группу в первую очередь следует отнести святых, прорицателей Әулиә (Аулия). В башкирской мифологии Әулия (Аулия) обычно он встречается людям в облике старца в белом или зеленом одеянии. На голове Аулия, по представлениям башкир, бывает белая чалма, а в руках – длинный зеленый посох. Например, в эпосе «Кузыйкурпес» о святом старце Аулия говорится следующее:

«... улар янына бер карт килеп туктай. «Ул өстөнә йәшел сапан кейгән, башына зур ак сәллә урабан, кулына үзенән озон таяк тоткан...». (Башкорт халык ижады 1995: 63)

К ним подошел один старик. Он был в зеленом чапане; на голове у него была большая белая чалма, а в руках он держал длинный, выше себя, посох.

По рассказам башкир, святые Аулия могут предотвращать беды, лечить болезни, предсказывать будущее, творить чудеса, перемещаться в пространстве переноситься в отдаленные области, читать мысли человека и т. д. Кроме этого, святые Аулия, по представлениям башкир, являются посредниками между людьми и пророком Мухаммедом, между людьми и Аллахом. Вот как говорится об этом в версии Т. Беляева эпоса «Куз-Курпяч»: «Карабай! Усердное твоё моление ходатайством Магомета, покровителя нашего закона, достигло Всевышнего. Я прислан от пророка возвестить тебя, что родится тебе сын от жены твоей Алтыши». По сих словах старец исчез из глаз Карабая! (Башкирское народное творчество 1987: 268).

В башкирской мифологии святые Аулия характеризуются добрыми, помогающими человеку в его делах персонажами. Например, в том же эпосе Аулия помогает батырам Карабаю и его сыну Куз-Курпячу одолеть страшного злого духа Дью-пяри. Вот как говорится об этом в эпосе:

Но Магомет меня к вам посылает,

Чтобы от люта врага сохранить,

Имя пророче во веки прославить,

Дью-пяри злого навеки погубить.

Трудно вам будет его одолети:

Луки слабеют, и стрелы не ранят,

Копья не колят, а сабли не рубят.

Все же возможно его умертвить:

Есть под пятой его правой ноги

Место смертельное — тут порази! (Башкирское народное творчество 1987: 278)

Батыры, поблагодарив Аулию за совет, убили дью-пяри, обнажив его правую ногу и открыв уязвимое место. В поверьях башкир помогает человеку не только сам Аулия, но и горы, родники, урочища, где похоронены святые, поэтому они являются местом паломничества. Могилы Аулии, земля с этой могилы помогали бездетным иметь ребенка, потерявшим здоровье – вернуть его. Ср.:

Озак балаһы булмай интеккән катынды Әулиә кәберенә алап барыу йолаһы булған. Катын кәбер тирәләй йөрөп, бала һорап, бер ус тупрак алып кайткан. (Башкорттарзың им-том китабы 2006: 4).

Был обычай человека, у которого долго не было детей, приводит на могилу Аулии. Женщина должна была ходить вокруг могилы, молить о ребенке и взять домой горсть земли.

Интересно отметить, что могилы Аулии в Башкортостане зафиксированы почти у каждого населенного пункта. По рассказам местных башкир, в них захоронены миссионеры, распространители ислама (әүлиәләр, изгеләр), которые пришли со стороны Бухары, и их было 365 человек. Интересно отметить, что сведения о количестве Аулия в источниках разнятся. Есть данные о том, что у башкир было более 180 Аулия, в некоторых материалах называется число 7777 (Ғаисина ХХХ: 146). Если судить по могилам «Әүлиә зыяраты», родникам «Әүлиә шишмәһе», камням и горам «Әүлиә тауы», которых зафиксировано почти у каждого населенного пункта, то количество Аулия у башкир было значительно, т. к. населенных пунктов в Башкортостане, по данным 2010 г., насчитывается более 4 тыс.

Имен Аулия – предводителей, распространителей ислама сегодня мало кто знает. Однако, повсеместно их почитают и ходят к их могилам молиться, особенно в засуху. Ср.:

Ямғыр яумай королок торһа, ауылдың әбейзәре Әүлиә кәберенә барып көрһән укып йола сәйе әсеп кайта торғайнылар. Шунан ямғыр яуа ине(Башкорт халык ижады 1995: 43).

Если долго не было дождя и стояла засуха, старушки деревни отправлялись на могилу Аулии. Там, прочитав суры из Корана, выпив ритуальный чай, возвращались домой. После этого шел дождь.

К некоторым могилам Аулии ходят башкиры не только близлежащих деревень. К ним приезжают, по рассказам местных жителей, даже со стороны Ташкента и Сибири. Это свидетельствует о том, что в данной могиле был похоронен один из известных и сильных Аулия. Интересно отметить, что почитаемыми являются не только могилы давно захороненных Аулия. Например, в последние два-три десятилетия являются местом паломничества и почитания могилы известных религиозных деятелей Зайнуллы-ишана, Мужавира-хазрата, Габдуллы-ишана Саиди и др., называемых народом также святыми Аулия.

К данной группе относятся и святые типа Хызыр-Ильяс. В башкирской мифологии *Хызыр-Ильяс* – пророк. По представлениям башкир, Хызыр-Ильяс постоянно в пути. Он помогает путникам. Поэтому башкиры человеку, собиравшемуся в дорогу, путешествие, дальний путь, произносят следующее благопожелание: *Хызыр-Ильяс юлдаш булһын!* (Пусть Хызыр-Ильяс будет спутником). Перед дорогой и сам путник читает особую молитву и просит Хызыр-Ильяса о помощи. Когда провожают на войну, в армию, также обращаются к пророку Хызыр-Ильясу.

Ниже проводится несколько благопожеланий, адресованных путнику и воину, отправляющему на войну. Ср.:

Хызыр -Ильяс булһын Хызыр-Ильяс пусть будет тебе спутником,
юлдашың –

Мең дошманга торор бер башың! Тогда голова твоя будет стоять больше
тысячи врагов!

Хәйерле сәфәр, Счастливого пути,
Изге ниәт булһын, Пусть сбудутся благие намерения,
Хызыр -Ильяс юлдаш булһын, Пусть Хызыр-Ильяс будет тебе
спутником.
Әйүп пәйгамбәр сабырлык бирһен. Пусть пророк Аюп даст тебе терпения.

Хызыр-Ильяс, Хөбби хужа Хызыр-Ильяс, Хубби хужа –
ярзамсың, твои помощники,
Хызыр-Ильяс булһын Пусть Хызыр-Ильяс будет тебе
изге юлдашың. спутником.

Юлың уң булһын, Пусть дорога твоя будет удачной,
Пусть все двенадцать частей
Ун ике мөсәләң һау булһын. твоего тела будут здоровы.

Йә Ханнан, йә Маннан, О Ханнан, о Маннан,
Әй Хозайым, үзең һакла, О Худай, сам помоги,
Дошмандың күзен капла, Закрой глаза врагу,
Ауызын бәйлә, телен сис! Завяжи ему рот, развяжи ему
язык!

(Башкорт халык ижады 1995: 560)

По верованиям башкир, вышеприведенные и аналогичные благопожелания спасают путника от разбойников, хищников, тонущего – от водяного; попавшего в пожар – от огня.

Таким образом, в верованиях башкир Хызыр-Ильяс – святой, пророк, выполняющий обережную функцию. Он помощник, ангел-хранитель путника. Обычно его представляют благообразным старичком в чалме или лохмотьях.

Вот что говорится в материале, записанном в деревне Сыртланово Мелеузовского района. Ср.:

Хызыр-Ильяс иген үстәрә, емештәр үстәрә. Ул кешегә насар кейенеп, һөймәгән кешеһе булып та күренә, ти. (Башкорт халык ижады 1995: 123).

Хызыр-Ильяс растит хлеба, фрукты. Говорят, он, облачившись в лохмотья, может показаться и человеком, которого ты терпеть не можешь.

Из наиболее известных персонажей мусульманского мира в башкирской мифологии представлена Гәйша-Фатима. Однако, несмотря на общемусульманское происхождение персонажа, башкиры почитают ее как свою местную святую. Она считается покровительницей детей, женщин, больных.

В диалектах встречаются варианты *Гәйшә-Батима*, *Әйшә-Батман*. В башкирскую мифологию эти слова пришли с исламом. *Гәйшә* (Гайша) – имя жены пророка Мухаммеда, а *Фатима* – имя его дочери.

В башкирских магических обрядах, заговорах, благопожеланиях *Гәйшә-Фатима* встречаются и следующих словосочетаниях: *Гәйшә-Фатима кулы* (досл. рука Гайши-Фатимы), *Гәйшә-Фатима име* (досл. лечебное средство Гайши-Фатимы), *Гәйшә-Фатима теле* (заговор Гайши-Фатимы, досл. язык Гайши-Фатимы). Эти два имени употребляются всегда вместе и, по представлениям башкир, обладают большой магической силой. Например, башкиры в обряде Первая баня младенца с целью наделения младенца счастьем, здоровьем, долголетием, а также защиты его от нечистых сил, произносили заговор, в котором упоминаются имена святых женщин – Гайши-Фатимы.

<i>Һап-һап-һап!</i>	Хоп-хоп-хоп!
<i>Мунса ташы, бүрәнә башы,</i>	Каменка, конец бревна,
<i>Әбейзе әбей тип әйт,</i>	Старуху называй бабушкой,
<i>Бабайзы бабай тип әйт!</i>	Старика называй дедушкой!
<i>Айыу балаһы,</i>	Медвежонок,
<i>Бүре балаһы,</i>	Волчонок,
<i>Татлы таба бул,</i>	Будь сладкой сковородкой,
<i>Алабуга бул,</i>	Будь окунем,
<i>Һыузан таза бул,</i>	Будь чище воды,
<i>Һөлөктәй бала бул,</i>	Будь статным, как пиявка,
<i>Минең кулым түгел,</i>	Не моя рука,
<i>Гәйшә, Фатима кулы,</i>	Рука Гайши-Фатимы,
<i>Һап-һап-һап!</i>	Хоп-хоп-хоп!

В заговоре духа болезни *Сарпыу* также упоминается Гайша-Фатима. Ср.:

<i>– Нимә тейгән?</i>	– Что коснулось?
<i>– Сарпыу тейгән.</i>	– Сарпыу коснулся.
<i>– Нимә имдәйең?</i>	– Что заговариваешь?
<i>– Сарпыу имдәйем.</i>	– Сарпыу заговариваю.
<i>1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9.</i>	<i>1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9.</i>
<i>Бер – бөтһөн,</i>	Один – пусть исчезнет,
<i>Ике, өс – ошон, китһен,</i>	Два, три – пусть улетает, уходит,
<i>Дүрт, биш – бизһен, китһен,</i>	Четыре, пять – пусть охладает, уйдет,
<i>Алты, ете – елгә, кузга,</i>	Шесть, семь – на ветер, на горящие угли,
<i>Һигез, тугыз – тупракка,</i>	Восемь девять – в землю,
<i>Имдәп, кайтмаһаң,</i>	Если после заговаривая не уйдешь домой,
<i>Миңә оят,</i>	Стыдно мне,
<i>Тфү, тфү,</i>	Тьфу, тьфу,
<i>Минең телем түгел,</i>	Не мой язык,
<i>Гәйшә-Батима теле</i>	Это язык Гайши-Фатимы.
<i>Тфү, тфү!</i>	Тьфу, тьфу,
<i>Име-томо шу буһын!</i>	Пусть это будет лечением!

(Башкорттарзың им-том китабы 2006:4)

Имя Гайша-Фатима встречается и в заговоре от лишая. Ср.: *Тимерәү имләгәндә қазан йәки сөгән қоромон қырып һөртәләр зә ошондай әпсен әйтәләр:*

Бисмиллаһһи-р – рахмани-р – рәһим,

*Бында сыкма, тышка сык!
Имең-томоң шул булһын!
Минең имем түгел,
Ғәйшә-Фатималар име.*

Когда заговаривают лишай, мажут болячки сажей, соскаблив с казана или чугунок, и произносят такой заговор.

Бисмиллахи-р – рахмани-р – рахим,
Здесь не появляйся, появишься снаружи!
Пусть это будет целебным средством!
Это не мое лечение,
Это лечение Гайши-Фатимы!

Как показывает материал, в башкирских верованиях имена Гайши и Фатимы обладают огромной магической силой. К ним обращались знахари, предсказатели, ясновидящие. В качестве оберега и средства лечения применяется у башкир талисман под названием Ус һүрәте (слепок ладони), который по-другому называется «Рука Фатимы». Имя Гайши-Фатимы упоминается в заговорах от сердечных болезней, при угрозе выкидыша и т. д. Исходя из этого, можно сказать, что персонаж Гайша-Фатима глубоко вошел в народную культуру башкир.

Интересно отметить, что в отдельных случаях функции Гайши-Фатимы сближаются с функциями древнетюркской богини Умай-ана.

Как известно, у древних тюрков было женское божество, покровительствующее, охраняющее и защищающее женщин и детей – Умай-ана. Безусловно, к ней обращались древние шаманы, ясновидящие, колдуны, знахари. С приходом ислама Умай начинает забываться. И ее имя переходит в разряд редко употребляемых имен. Возможно, в этот период и появляется персонаж Гайша-Фатима, которая позже объединила функции как древней богини, так и мусульманских святых женщин.

В башкирском языке, его диалектах употребляются словосочетания Ғәйшә-Фатима кулы (рука *Гайши-Фатимы*), Ғәйшә-Фатима име (лечение Гайши-Фатимы), Ғәйшә-Фатима теле (язык Гайши-Фатимы), Ғәйшә-Фатима һулышы (дыхание *Гайши-Фатимы*), Ғәйшә-Батималар кулы (рука Гайши-Фатимы), Ғәйшә-Фатималар име (лечение Гайши-Фатимы).

Ряд мусульманских святых в башкирской мифологии представлены как покровители рода, семьи, населенного пункта; их хозяйственной, семейной общественной жизни. Так, например, Багаутдин хужа или Багаутдин бабай у южных башкир является покровителем дороги, наряду с духом, хозяином дороги – Юл эйәһе. Поэтому перед дорогой южные башкиры обычно подают хаир «подавание», упоминая имя Багаутдина хужи. Ср.: «Риза бул, Багаутдин хужа, юлым уң булһын». «Будь доволен, Багаутдин хужа. Пусть моя дорога будет удачной».

Среднеуральские башкиры перед дальней дорогой обращаются к святому Гозер Илйасу с просьбой защитить от разных опасностей. Имя данного святого, покровителя дороги, по-видимому, является фонетическим вариантом имени мусульманского святого Хызыр Ильяса. В отдельных населенных пунктах Среднего Урала зафиксировано почитание в качестве покровителя дороги святого Жалила Жалпара.

Наряду с региональными святыми, покровителями дороги у всех групп башкир, как уже говорилось выше, отмечается почитание общемусульманского святого Хызыр-Ильяса, покровителя путников.

По-видимому, с одним из известных в Средней Азии святым Занги-Баба или Занги-Ата связан святой, дух, покровитель скотного двора, хлева, скота башкир Зэнге-бабай/Зэнке бабай/Зенгер-карт/Зэнке эбей. Интересно отметить, что сибирские татары во время отела коровы также обращались к святому Санги-баба. Известно, что Занги-баба является покровителем крупного рогатого скота в мифологии многих тюркоязычных народов (Селезнев, Селезнева и Белич 2009:216).

В башкирской мифологии, кроме мифических персонажей, мифологизированы и квалифицированы как святые ряд реальных мусульманских лидеров башкир. Во-первых, это Зайнулла-ишан Расулев, Габдулла-ишан Саиди, Шамигул-хальфа, Мужаур-хазрет и др., о которых существует множество легенд и преданий, чьи могилы являются местом попомничества больных и страждущих (Килдин, Ярмуллин и Ғайсина 2012:334).

Четвертую группу святых – изгеләр в башкирской мифологии представляют собой реальные исторические личности, внесшие свой вклад в историю и духовную культуру башкирского народа. Данная группа квалифицирована святыми как современниками, так и потомками. В качестве примера можно привести руководителей национального движения башкир, таких как Салават Юлаев, Батырша, Карасакал, Кинзя Арсланов, С. Мурзабулатов, З. Валиди, М. Муртазин, Ш. Бабич и др.

Перечисленные и другие лидеры башкирских восстаний мифологизированы, почитаются, их могилы (если известны), становятся местом почитания. Мифологизируются также отдельные участники тех или иных войн, в которых принимали башкиры. В качестве примера можно привести одного из офицеров-башкир, принимавших участие в войне 1812 г., – Кахым-Турю Мырзашева, отравленного завистником и умершего на чужбине. Он почитается не только башкирами-юрматинцами, но и судя по протяжной песне «Кахым-Туря», всем башкирским народом. О нем сложены легенды, песни; ему воздвигнута стелла.

Заключение

С функциональной точки зрения святые – изгеләр в народном сознании выполняют несколько функций. Во-первых, как уже говорилось выше они выполняют функцию покровителей отдельных родов, племен, родовых подразделений (ара, аймак, түбә и т. д.), населенных пунктов, семей, людей, во-вторых, святые выполняют функцию посредника между человеком и Аллахом. В третьих, святые принимают участие в исцелении кого-либо от болезней, порчи, сглаза и др. В-четвертых, в функциональные обязанности всех святых входит обеспечение потомством людей и животных, избавление людей от невзгод и несчастий, обеспечение удачей, счастьем всех просящих. Кроме того, башкиры к святым обращаются для получения хорошего урожая, здорового приплода скота, благополучия в доме, здоровья и т. д.

Обычно башкиры для получения тех благ, о которых говорилось выше, посещают могилы того или иного святого, привязывают к связанным с тем или иным святым деревьям ленточки, нитки, браслеты; совершают моления и т. д.

В целом, подводя итоги, можно сказать, что в мифологии башкир святые – изгеләр представлены самыми различными образами. Среди них представлены как мифические, так и мифологизированные персонажи, при этом отдельные персонажи имеют чисто локальный статус, другие – являются общетюркскими, третьи общеисламскими.

Список литературы:

1. Академический словарь башкирского языка (2011). Под ред. Ф.Г. Хисамитдинова. Уфа: Китап, Т. I, 431 с. и II, 567 с.
2. Академический словарь башкирского языка (2012). Под ред. Ф.Г. Хисамитдинова. Уфа: Китап, Т. III, 863 с. и IV, 943 с.
3. Академический словарь башкирского языка (2013). Под ред. Ф.Г. Хисамитдинова. Уфа: Китап, Т. V, 887 с.
4. Академический словарь башкирского языка (2014). Под ред. Ф.Г. Хисамитдинова. Уфа: Китап, Т. VI, 943 с.
5. Башкирские шежере (1960). Под ред. Кузеев Р.Г.. Уфа: Китап, 304 с.
6. Башкирское народное творчество (1987). Уфа: Китап, 268 с.
7. Башкирско-русский словарь (1996). Под ред. З.Г. Ураксина. Москва: Русский язык.
8. Башкорт халык ижады (1995). Йола фольклоры. 36 томда. Өфө: Китап, I т., 557 б.
9. Башкорттарзың им-том китабы (2006). Под ред. Ф.Г. Хисамитдинова. Өфө: ИИЯЛ УНЦ РАН, 2006, 179 с.
10. Ғайсина, Ф. (2013). Башкорттарзың дини һәм мистик легенда, риуәйәттәре. Өфө: ИИЯЛ УНЦ РАН, 144 б.
11. Килдин, С.Ә., Ярмуллин, С.Ш., Ғайсина, Ф.Ф. (2012). Башкортостан – әүлиәләр иле. Өфө: Китап, 334 б.
12. Кондыбай, С. (2008). Мифология предказахов. Кн. IV. Алматы, 252 с.
13. Кузеев, Р.Г. (1974). Происхождение башкирского народа. Москва: Наука.
14. Полевые материалы из деревень Кугарчинского района Республики Башкортостан 1987 г. Тетрадь № 1, 4.
15. Полевые материалы из Учалинского района 1989 г. Тетрадь № 3.
16. Селезнев, А.Г., Селезнева, И.А., Белич, И.В. (2009). Культ святых в сибирском исламе: специфика универсального. Москва, 216 с.
17. Хисамитдинова, Ф.Г. (2010). Мифологический словарь башкирского языка. Москва, 455 с.
18. Хөсәйенов, Ф.Б. (2003). Башкорт халкының рухи донъяһы. Өфө: Китап, 480 б.
19. Хөсәйенов, Ф.Б. (2003). Күрһәтелгән хезмәт. Өфө: Китап, 259 б.

TҮRIK DҮNIYESINDE MODERNIZM JANE AHMET BAYTURSIN

Prof. Dr. Mustafa Öner

Modernlik ugımı algaş ret XIV. gasırda körinetin *modern* söziniñ keyingi gasırlarda kogamdık damuvdını jane jañanıñ bir kultka evirilüvi men kumarlı (affektif) bir magına jüktenüvi men payda bolgan (Bilgin 2003: 245). Batis Evropa'dan taralgan modernizm terminin Tүrik Dүniyesinde XIX. gasırdağı okuv-agartuv (Rus. просвещение) üşin jalpı bir bastık tesilinde koldanuv мүmkin.

Evropada Gumanizm, Renesans, Reformatsiya kozgalıstarı men bastagan jane үlken geografiyalık aşuvdar, kapitalizmdin payda boluvı, industriya revolutsiyası, XVII. gasır gılımıy revolutsiyası, ortalık devletlerdin damuvı, agartuv, Үlken Frantsuz Revolutsiyası (1789) sıyaktı sayası jane ruhaniy tönkerister, şıgıs imperiyaları bolgan Russiya'ga da Osman İmperiyasına da savlesin tüsirgen. Uşı kıyıırı jok territoriyalardı bilep kelgen bu iki imperiya üşindevetliniñ jane erekşe armiyanıñ jañartılıp turaktılıgın kamtamasız etüv praktikalık jane ömirlik bir kajettilik edi. Eskeri injenerlik jane armiyadağı reformdar bir bastaptılık (prioritet) tesilinde payda boldı. Batis Evropa'dağıday modern armiyalar kuruv jane uyımdastıruv üşin nemese bar bolgan rejimdi reformga bagındıruv üşin de küşti bir karjı, akımşılık jane zañdı bir sistem kuruv da negizgi oy boladı. Birak devletliniñ eskeri jane ekimşilik salasında alıp bargan bu reformdarın sayasatka, okıtuv kurılımina, medeniyetke jane kündelikti ömirge şağılmay kaluvın oylap bolmaydı (Arslan 2002: 326). Söytip esirese XIX. gasırın ikinşi jartısı, kogamdın bütünine eser etken bir eskilik-jañalık sogısına jol bergen reformlar deviri boladı. Bu gasırın keremet bir edebiyat tarihin jaza algan Ahmet Hamdi Tanpınar'dın sözi men bu şarasız sogıs ol kezeñdin eñ үlken jazmısı (fatalitesi) boldı (Tanpınar 1982: 136).

Ratsionaldık, liberalizm jane bizdinşe үlken mañızı bolgan modern ulttılık ugımınıñ damuvı Tүrik Dүniyesinde XIX. gasırğa sıygan jane endigi gasırda da tipti kazirgi devirdi de anıktagan boladı (krş. Bilgin 2003: 245).

XIX. gasır Tүrik Dүniyesinin үlken böligi Russiya jane Osman imperiyası içinde kalganı jane biz aytkan modernizm teması astında eske algan janartuv jane agartuv barıstarıñnı bastan ötkeni anık. Bu barıstıñ XX. gasırın jıyırmasınşı jıldarında demokratik jane satsyalist republikalar tesilinde formaga kelüvi söz jok dal sonday-ok modernizm natıyjesi.

Tүrik Dүniyesinde cumhuriyet pikiri patşa nemese sultan üstemdigine karsı halıktın öz özine jetekşilik etüv pikirinin taraluvı boladı. Yagni bir jaktan eskilik-janalık sogısı turmıstın bütünin kogamdın barşa mekemelerin janartkanda baska bir jaktan da sayası modernizm monarhiyanın orının respublika aluv jöninde dayındalgan bolgan. Evrazya'da XIX. gasırın songı şireginde dүniyege kelgen nesildin basıları bolgan ziyalılar, ari Şıgıs-Batis stressin bastan ötkizgen ari patşa ekimşiligine karsı küresken, aktivtikleri tıyılğan, tilleri, jazuları tsenzuralangan jane türmege jabılğandar. Türkiye'de Jön Tүrikter (Jas Tүrikter) Kırım'da, İdil-Ural'da Usul-i Ceditçiler Türkistan ortasında, dalada agartuvşılar, köp gana ortak jönderi bolgan Tүrik Dүniyesi modernizminin aktivistleri bolıp tarihta orın aldılar.

İbrahim Şınası [1826-1871]: Tүrik edebiyat tilin kaytadan tuvdırgan, negiz salgan Tercüman-ı Ahval gazetesi men Tүrik publisistikasını kurgan, destürler dүniyesinden akıl jane jarık közkaras dүniyesine avgan (Tanpınar 1982: 189-215);

Namık Kemal [1840-1888]: Eskilikke en avır tesilde sın aytkan, otañıldık jane erkindik ugımdarın Tүrik halkına üyretip sıy etken (Tanpınar 1982: 419-422);

İsmail Gaspralı [1851-1914]: Tүrik Dүniyesinde ortak bir til idealın otız bes jıl boyınşa jarıyalagan Tercüman gazetesimen taratkan; kurgan usul-i cedit mektepterimen Tatar renesansın bastatkan, jalpı Tүrikşi idealdın eñ popalyar adamı;

Ayaz İshaki [1878-1954]: Patşaga karsı erkindik küresi bastatıp zındanda jer avdaruda ömir sürgen; Sovyet revolutsiyasından keyin ulttı azattık küresin, İdil-Ural devleti idealın Evropada jane Türkiyede жүrgizgen aktivist, Tatar romanının akesi;

Abdullah Tukay [1886-1913] Tatar halkınıñ candı söylev tilin, ulttı tilin jogarı bir edebiyat tiline evirgen, jaña Tatar poeziyasınıñ en körkem misaldarın birgen ataktı akın;

Galimcan İbrahim [1887-1938] modern bir okıtuv uyasınıñ jaksı misalı bolatın Ufadağı Aliya Medresesiniñ ataktı okıtuvşısı, Tatarlarda til jane edebiyat biliminiñ negiz saluvşısı jane ökinişke oray repressiyanın da ataktı kurbanı...

Jane erine Kazak halkının ataktı agartuv kösemi; Kazak ultlık küres tarihinde basta orın alğan Alaş kozgalısınıñ başlılarından Ahmet Baytursınulı...

Bir mın togız jüz besinşi jıldı jasırın kurılğan Alaş partiyasınıñ Aykap jane Kazak gazetı men pikirleriniñ Sovyet kezeñiniñ birinşi on jılında da eser etkenin bilemiz (Oraltay 1973: 24-30). 1917 revolyutsiyasınıñ keyin damıgan kogamdık kozgalıstar şeñberinde alvan türlü baspa jariyalanganda, ultlık ziyalı tabı payda bolğan osı kezde Alihan Bökeyhan, Ahmet Baytursın, Mirjakıp Dulat, Magjan Jumabay, Cahaña Dosmuhamed, M. Tınışbay, Mustafa Çokay sıyaktı kösem adamdar Kazak ultlık uğımnın negizderin salğan (Jurtbayev 1997: 136-137).

Bir mın togız jüz jıyırmasınşı jılga deyin devam etken Alaş Orda ükimeți, kelisim boyınşa kösemderge, esker jane ofitserlerge ziyan keltirmeske degen kelisimmen Sovyetlerge kosılğanda, Stalin'diñ biyiligin nıgaytқан şaktan bastap birinşi tutkındalğan jane jok kılınğannar da alar boldı (Öner 2006: 178).

Bir mın sekiz jüz jetpis üşinşi jıldı tuvgan Ahmet Baytursın, osında eske alğan esimder kiretin nesildiñ işinde boladı. Osı nesildin agartuvşılardı A. Şınası, N. Kemal, İ. Gaspıralı gibi A. Baytursın jane joldastarı da özderi kurgan gazet jane jurnaldarmen kalın kavımğa jetip bargandar. Sondıktan Tercüman sıyaktı Aykap, Kazak gazetteri de bir agartuv mektebi, bir pikir ortalığı bolıp evirilgen.

Osı agartuv avızşa emes jazba medeniyetke tayangan üşin bu reformator bastavşılardı okıtuv üyretüvdi öz jumıstarınıñ negizi dep körgender. Mine Osman kezeñinde Türükşeniñ modern bir gramatikasınıñ kajet etken Cevdet Paşa (1852); Tatarşanıñ avkımdı sözdigin jazğan Kayyum Nâsırî (1895); jane birinşi Kazak elipbiyin, gramatikasınıñ jazğan Ahmet Baytursın...

Publisist jane til bilimşi A. Baytursın Kazak halkınıñ okıtuvşısı da bolğan: 1891-95 jıldarda Orınbordagı Orıs-Kazak Mügalimder Mektebinde okığan edi. 1895-1901 jıldar boyınşa Aktöbe, Kostanay, Karkaralıda mügalim boldı. 1909-10 jıldarda sekiz ay Semey türmesinde kamaldı. Sovyet kezeninde de 1917-19 jıldarda Alaşorda Halık Kenesi janında okuvlıktar jazuv komıyası müşesi boldı.

1921-26 jıldar boyınşa Halık Komissariyatı janında Akademiyalık Oratlıktıñ töragası jane Orınbordagı Kazak halık agartuv institutında Kazak tili men edebiyatı okıtuvşısı; Taşkent kalasında Kazak pedagogikalık institutında dotsent (1926 -1928); Almatıda Kazak memlekettik Üniversitetinde Professor (1928 Eylül-1929 Mayıs).

On jıldar boyı Kazak halkının agartuvşısı ustazı bolatın A. Baytursınulı, 2 Mavsım 1929 küni Kızılorda'da tutkındaldı jane Arhangelskka jer avdaruvğa jiberildi. Otız altı jasında paşa türmesin tanığan Ahmet Baytursındıñ 55 jasında da Sovyet repressiyası bastaldı, ömiriniñ songı jıldarında kudalavda kalğan jane 8 Jeltoksan 1937 küni atuv jazasına buyırıldı.

Türük Dünyesine, öz halıklarının körkem bolaşına sengen osı ziyalılar, turmıstarının songı jıldarın jer avdaruvda, türmede ötkizgen jane jalğan sottardıñ karardarı men atıp ötirilgen.

Men Kazak halkınıñ agartuvşısı kösemi Ahmet Baytursın meñgi esteligi aldında bas iygende;

Türük Dünyesine songı jüz elü jıl boyınşa modern elippini, gramatikasını, sözdikti, ultlık terbiyeni, ultlık teatrdı, gazetı, ultlık edebiyatı alıp kelgen osı bütün ziyalılardı da kurmet men eske alamın.

Namık Kemal, İbrahim Şınası, İsmail Gaspıralı, Ayaz İshaki, Abdullah Tukay, Alimcan İbrahim, Cemal Velidi, Abdurauuf Fıtrat, Abdülhamit Çolpan, Alihan Bökeyhan, Ahmet Baytursın, Mirjakıp Dulat, Magjan Jumabay, Cahaña Dosmuhamed, Mustafa Çokay markumdardıñ esimderi, Türük Dünyesi modernizmi jolında, ultlık tarihta jeke bir eskertkiş... Bas iyemin!..

Kaynaklar

Arslan A. (2002) *Felsefe* (Yayın Yönetmeni: T. Bümin) İstanbul: "TÜSİAD Yay."

Baytursınulı A. (1996), "Kazakların Başşairi" (Aktaran: M. Öner) *TDK Türk Dünyası Dil ve Edebiyat Dergisi*, 2, 378-385.

Bilgin N. (2003) *Sosyal Psikoloji Sözlüğü, Kavramlar, Yaklaşımlar*. İstanbul: "Bağlam"

Jurtbayev T. (1997) *Muhtar Omarhanov Avezov (1897-1961)*, Muhtar Avezov Hakkında Makaleler, Haz. Zeyneş İsmail, Ahmet Güngör, Ankara: "Bilgi yay."

Kokyassova G. (2009) *Ahmet Baytursınov* (Hayatı, Dilciliği ve Edebiyat Araştırmacılığı) İzmir: "Ege Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Türk Dünyası Araştırmaları Anabilim Dalı Türk Dili ve Lehçeleri Bilim Dalı Doktora Tezi".

Oraltay H. (1973) *Alaş – Türkistan Türklerinin Milli İstiklal Parolası*, İstanbul.

Öner M. (1998) "Muhtar Avezov'un Jetim Hikayesinde Dil –Söz Dökümü Üzerine Yorumlar", *EÜ Türk Dili ve Edebiyatı Araştırmaları Dergisi* IX. Cilt, İzmir, 1998, 27-80.

Öner M. (2006) "XX. yüzyıl Türkistan Edebiyatının Anıtı: Muhtar Avezov (1897-1961)" *Bilgi*, Türk Dünyası Sosyal Bilimler Dergisi, Sayı 37, Bahar 2006, 175-188.

Tanpınar A. H. (1982) *19'uncu Asır Türk Edebiyatı Tarihi*, İstanbul: "Çağlayan"

Ж. ШАШТАЙҰЛЫНЫҢ «ЖАҢҒЫРЫҚ» РОМАНЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІС ЖӘНЕ ШЕШІМ

*А.А. АҚБОЛАТОВ,
Абай атындағы ҚазҰПУ
докторанты.
Алматы қаласы.*

Резюме.

В статье анализируется развитие казахского литературного жанра XXI века. Также исследуется авторское художественное исследование и решение в романе "Эхо" Ж.Шаштайұлы. Идет речь о новой литературной традиции в романе автора и инновации с точки зрения нового опыта в мире литературы и развития инновационных исследований, исторического развития искусства в контексте собственного стиля автора, художественное авторское право в тексте речи, произнесенной в положение типов человека. Анализируется лейтмотивы одной творческой исторической трагедии как психотрагизм, взаимосвязь манкурства в поколении.

Ключевые слова: литературный процесс, литературные условия, инновационное исследование, лиризм в прозе, проблема манкурства

Annotation

In this article analyzed the development of the Kazakh literary genre of the XXI century. Also investigated the author's artistic investigation and decision in the novel "Echo" Zh.Shashtayuly. Also talked about a new literary tradition in the novel and the author of innovations in terms of new experiences in the world of literature and the development of innovative research, the historical development of art in the context of the author's own style and artistic copyright in the text of a speech delivered in the position of human types. Then analyzed the creative keynotes one historical tragedy as the psichotragizm.

Key words: literary process, literary conditionals, innovative research, lyricism in prose, problem of people who forget his nationality, language, traditions and motherland.

XXI ғасыр әдеби сынында аталған шығармалардың бірі Ж. Шаштайұлының «Жаңғырық» романы. Роман тақырыбы сонау 50-60-70 жылдардағы кезеңді суреттесе де, бүгінгі күнмен өзектесіп отырған арна – ұлтсыздану, ұрпақтар сабақтастығындағы мәнгүрттік мәселесі екені анық. Роман негізгі үш сюжеттік арнада өрбиді. Бірінші, Заңғарбек Сардарбекұлының ішкі ой толғаныстары, диалогтары, басынан өткізген оқиғалары, заман туралы, сол кезеңнің адамдары, психологиясы, уақытқа сай өзгерген сана-сезімі, ұлттық тәрбие, діл мен дінге қатысты көзқарастар шынайы суреттеледі. Екінші сюжеттік желі студент Бегімбет арқылы өрбиді. Қоғам туралы, шет жақта жырақта жүрген қандастардың психологиясы, анасы, әпкесі үшеуінің арасындағы отбасылық проблема, әпкесінің өз ұлтынан жерінуі, менсінбеушілік, анасының ұлы мен қызының бақытын ойлаған, бірақ заман саясатына сай іштей тынғаны кешегі уақыттағы көптің басынан өткерген шындық. Мысалы, автор кешегі кеңестік кезеңдегі дінге, ата-бабалар аруағына сенуден қалған ұрпақтың келбетін Бегімбет пен анасының диалогі арқылы жеткізеді.

« - Балам, -деген шешесінің даусынан басын көтерді. Қан-сөлсіз бозаң жүзіне бояу лыпып жүгіріп өтеді. «Бұл кісінің неге сонша мазасы жоқ» деп ойланғанша:

- Қазір шайымызды ішіп алайық та Райымбек атаның басына барып қайтайық.

- Апа-ау, біреу-міреу көріп қойып жүрсе қайтемін. Бетіме күйе жағып, есекке теріс мінгізіп, Алматы көшелерін аралатудан тайынбас. – Заржақтана жауап қатқанына ішінен өзі таңырқады. Сұрлана жалт қараған шешесінің көзі өңменін түйреп өтті.

- Әруақ та, әулие де керек болмай күн көремін деп ойлайсың ба сонда! – Бірер мезет томсарып қалған шешесі күйзеле тіл қатты. – Құдайдан жатсам тұрсам сұрайтыным – ана қу қардың мінезі саған жұқпаса екен...

Жалбарынған пішінде әлденелерді күбірлеп айтқан шешесі де тізерлеп кеп отырды. Сен де сөйт дегенді қабағымен жасқап білдірді. «Бұл бейіттің сонда не күдіреті бар? Былай қараса, қазақтың көп моласынан еш айырмасы жоқ, жермен-жексен боп топырағы бітісіп бара жатқан кішкене төмпешік қана», - деп ойлады»[1,110-111 бб]. Аталған үзіндіден кешегі құдайсыз қоғамның келбеті, дінінен, ділінен, тілінен ажырауға бет алған аға ұрпақ өкілдерінің шынайы бейнесі жасалғанын

көреміз. Қазіргі қазақ романдарындағы мазмұндық тұрғыдан діни таным, имандылық мәселесінің де ашық сөз болуы, әрине, тәуелсіздігіміздің арқасы екені ақиқат.

«Жаңғырық» романының үшінші сюжеттік арнасы ескінің сарқыты, Ұлы Отан соғысына қатысып от кешкен, бірақ кейінгі бейбіт кезеңде ата кәсіптің тұтқасын ұстап, отбасын асырап күнін көрген қарапайым еңбек адамы қойшы Сансызбайдың кеңестік идеологияның көзбояушылық саясатының салдарынан басының дауға қалған оқиғасына құрылған. Кешегі кеңестік кезеңде біздің ата кәсібіміздің түп-төркін табиғатынан гөрі, эканомикалық табыс көзі ретінде қарап, асыра сілтеген саясатты ұстанғаны мәлім. Романдағы қойдың суға батып өлгенін жасырып, пойызға басылғанын қойшының мойнына ілуі көзбояушылық болса, екінші жағынан пойызға басылып қырылған қойды суреттеудің символикалық мәні бар тәрізді. Ата кәсіптің бейнетін даланың қазағы кешсе, ал оның зейнетін қанды қасапшыдай қызыл империяның «атасы бөлек», «ұрқы басқа» (авторлық қолданыс) халқы көргені де шындық болатын.

Романның композициялық құрылымы осы үш кейіпкердің айналасына құрылып, замана шындығын беруге тырысады. Аталған романдағы Заңғарбек Сардарбекұлының да, Бегімбеттің де ата-бабасы халық жауы деп аталып, қудалау көрген, оның көзін көрген көне көздер бірлі-жарымы болмаса (Сансызбай), кейінгілері ұрпақтарына ашық айта алмайды. Өздері де заман ығына орай бейімделген, өте сақ, құлықсыз. Романдағы бұл мәселе туралы ғалым Г. Пралиева: «Қаламгер бұл романында бұрындары ашық айтыла бермейтін, айтсақ та астарлай жеткізетін тоталитарлық жүйенің зардабын жете зерделеуге, оның ұрпақтар санасына салған зіл-заласын, жетпіс жыл бойы жүрекке салған салмағын тәуелсіздікті ту ете отырып, саликалы түрде айтуға тырысып баққан. Жазушы ХХ ғасырдың бел ортасынан асқанша да қазақ халқының басына үйірілген бұлттан арыла алмай, бұқпантайлауын, сөзді сыбырға айналдырып, қырағылық сақтауын символдап, өмірлік фактіні нақты тарихи тұлғалардың тағдырымен байланыстыра жазады. Мұнда Мұхтар Әуезовтің, Сәбит Мұқановтың, Қажым Жұмалиевтің, тіпті кешегі ел басшысы Дінмұхамед Қонаев есімдерінің аталуы мен бейнелерінің еміс-еміс елес беруі де сол ақиқатты ашық айтудың бірден-бір амалы болса керекті. Бас кейіпкер Бегімбеттің әкесінің кім екендігі, ол туралы жарытымды мәліметтің айтылмау себебі де сол қорғаншақтықтың, біздің тапталып тасталған ерлігіміз бен өшуге айналған өрлігіміздің ездiгiнен болар. Сталиндiк репрессияның қияметiн көрген ел, ең болмаса, өзiнiң туған жалғыз ұлына да, өмiрiнiң жалғасы болған, ұрпағына да әкесiнiң, тегiнiң кiм екендiгiн айта алмай арманда өтуiнiң өзi тексiздiктiң, ұлтсызданудың ең бiр зиянды ұрығы екендiгiн ескертедi автор», -[2] деп тұжырымдайды. Жоғарыда атап өткенiмiздей, ұлттық құндылықтарды, ұлттық болмысты жою, сол арқылы көптеген ұлттардың табиғи дамуына балта шабу саясатының зардаптары мен залалдарынан арылу болашақтың еншiсiнде. Әрине, батпандап кiрген кеселден аздаған жылдарда арылу мүмкiн емес. Сансызбай сынды бiрдi-екiлi адамдардың басы ноктаға сыймайды. Автор ата кәсiптiң ауыр тауқыметiн тартса да, сол кездегi көзбояушылық пен жалғандыққа мойымай, ар-намысын тапталпаған, қазақи мiнез, рухтың мықтылығын осы Сансызбай образы арқылы бейнеленедi. Романдағы суға қатып өлген және пойызға басылып өлген қойдың мәселесiн тергеуге келген тергеушi мен Сансызбай қойшы арасындағы диалогтан кейiн берiлген қойшының iшкi монологы арқылы оның образы ерекше ашылады. Қаламгер Сансызбай образын ашуда соғыс уақытындағы жағдайлармен сол кезеңдегi адамдар арасындағы адамгершiлiк, әсiресе, қазақтың бiр ұлттың өз ұлтына жан ашырлығын паралельдi суреттей отырып түйiндейдi. Алмағайып соғыс уақытындағы тiлеулестiк, қарға тамырлы қазақ баласының бүгiнгi болмысынан табылмағанына өкiнiш бiлдiредi. «Жаңбырша жауған оқтан, гүрс-гүрс жарылған снарядтан бүктүсе жата қап, сәл толас тапқан уақытта жанұшырып еңбектей жөнеледi. Әрбiр шұңқыр-шұқанаққа жансауғалай бой жасырып, қайтадан ұмтыла бергенде шалажансар ыңырысқан дауысты естiдi. Жалма-жан солай қарай бұрылды. Бiр жамбастап жылжыған жаралы қазақ екенi. Сонадайға дейiн iшегi шұбатылып жатыр. Жетiп келе бетiне үңiлгенде кiрпiгi болымсыз қыбырлап, өлiмсiреген көзiн әрең ашты. Ытқып шыққан моншақ-моншақ жас екi самайынан төмен қарай саулай жөнелдi. «Қарға тамырлы қазақтың баласы едiк, елге аман баруды жазсын саған», - дедi үзiп-жұлып. Бұл сөздi сонда қаперiне да қыстырмапты. Ендi осы қазiр естiгендей төбе құйқасы шымырлап, көзiне жас үйiрiлдi.

Ұсқыны жаман жаңағы кәпiр де қарға тамырлы қазақтың баласы. Ағаш құрлы бағаң жоқ дегенi емей не. Күтпеген жерден көңiлi орныққан Сансызбай: «Қорыққанда не қылмақпын, өзi берген жанын құдай өзi алады да», - дедi»[1, 75]. Сансызбай қойшының принципiн ұстанған, адалдықты, ар-намыс тазалығын ту еткен жандардың да болғанын автор шынайы суреттей бiлген. Романда идеальды,геройлық образ жоқ. Автор жаңа заман әдебиетiнiң өкiлi ретiнде, кешегi кеңестiк реализм шеңберiндегi мiнсiз, кемшiлiксiз немесе тек адамгершiлiк кейiпкерлердi, өз заманының жетекшiсi, асқақ сезiм мен биiк мұраттарға ұмтылушы образдар, жасанды жүйеден мүлдем аулақ, яғни автордың

субъективті, эмоциональды санасы тұрғысынан туатын жан әлемі күрделі, қырық қатпар қайшылықты кейіпкер, нақты айтсақ, антигерой – қарсы қаһарман жасауға тырысқан[3,181]. Бұны автордың Заңғарбек Сардарбекұлы, Бегімбет, Сансызбай сынды образдарынан анық көреміз. Мәселен, Сансызбай қойшының пенделік характерлерін автор орайы келгенде суреттеп отырады. Нұрғайша есімді жесір келіншекпен көңіл жарастыруы, кейін көңілін суытуы, бірақ соның бәрі Сансызбай образын сан-қырынан даралап көрсете түседі. Сансызбай сынды трагедиялық образдар заман, партиялық принциптердің құрбаны болғаны анық сезіледі. Сансызбай образы арқылы көп әйел алып шалқып жүрген жанды емес, соғыстан кейінгі сан-мыңдаған жесірлер тағдырына ортақ мәселені, әке-шешесіз қалған ұрпақтардың шындығын авторлық шеберлікпен баяндайды.

Авторлық мақсат көркем туындасында адамның ішкі иірімдеріне, психологиясына үңіле отырып, пенделік қасиеттерін ашуды көздегені анық. Аталған образдар бәрі де жердегі екі аяқты пенде, билік құмар, қызғанады, өкінеді, ғашық болады, аяушылық сезім білдіреді, бірақ ішкі келбетін, яғни жандүниесінің қатпарлы тереңін білдірмейді. Мысалы, журналист Заңғарбек Сардарбекұлы өз ісінің шебері, шенқұмарлықтан да, көре алмаушылық қызғаншақ қасиеттерден құр емес және заманына сай өте сақ қимылдау, әр қадамын аңдап басу сынды әрекеттері, бәрі-бәрі замана салған қорқыныш үрей мен бірге пенделік қасиеттері екенін де кейіпкер образынан анық көрінеді.

«Он жерден Орталық Комитет қызметкері болса да мұны бәрі-бір ішінен місе тұта қоймайды. «Мені керек десең бүкіл Қазақстан қадірлеп, алақанына салып аялайтын болады әлі». Айнала төңірек сұрапыл жылдамдықта тоқтаусыз заулап бара жатқандай. Жаңағы қойшы бетпе-бет кеп сөйлескен кісісі емес. Сөйтсе де өңі сондай таныс көрінгені несі? Мына біреудің көзінше әкесінің молда болғанын айтып қоя ма деп қатты қуыстанды. Әкесінің осы молдалығы тіс жарып айта алмайтын үлкен кілттипан құпиясы»[1,83 б.]. Міне, бірінші жақтан баяндалған Сардарбек образынан көркемдік уақыт пен кеңістікке сай, сол замандағы өмір кешкен адамдар психологиясын жасауға тырысады. Үзіндіден байқайтынымыз, сол заманғы әлеуметтік мәселелерге ерекше ден қоюы, яғни әкесінің халық жауы екенін жасыруы 37-жылдың қорқыныш үрейі десек, екінші жақтан шенқұмарлық өсу жолында алдынан шығатын заманға сай кедергілердің болуынан үрейленген Заңғарбек образын нанымды жеткізеді.

Автор романдарында кейіпкерлерінің сыртқы портреттерін де, сондай-ақ, диалог, ішкі толқынысы, детальды штрихтар арқылы суреттеп, олардың ішкі жандүниесін, образын да ашып көрсетеді. Романда кейіпкерлердің ішкі ойында кеңестік кезеңдегі орыс саясаты, соның ішінде қазақтарға деген көзқарастар, дін мәселесі де ашық жазылады. Тәуелсіздік биігінен жазылған роман болғандықтан, сол кездегі саясаттың шынайы келбетін жаза отырып, бүгінгі күнгі зардаптарын, жаңа заманмен уақыт пен кеңістік тұрғысынан тоғыстырады.

Романдағы үш сюжеттік желі бір-бірімен тура байланыссыз өрбігендей көрінгенімен, үшеуін біріктіріп тұрған негізгі арна уақыт пен кеңістік категориясы. Бұл мәселе турасында ғалым М. Хамзин: «Қазақ романдарындағы қоғам мен проблема мәселесін сөз еткенде, назарда ұстайтын философиялық ұғымдар: уақыт пен кеңістік»[4],- деп тұжырымдайды. Романдағы уақиға кешегі кеңестік кезеңнің 50-60-70 жылдар аралығын қамтиды. Оған себеп, романның өн бойынан кезігіп отыратын тарихи тұлғалар Әуезов, Сталин өлімі, оның өлімінен кейін қуғындалғандардың елге оралуы, Қонаев сынды есімдердің кездесуі дер едік. Бірақ автор романы тарихи тұлғалардың есімін авторлық тұрғыдан өзі суреттеп отырған тарихи кезеңнің нақты межесін анықтау үшін қолданғаны ақиқат. Бірақ шығарма таза тарихи роман емес, тарихи кезеңнің шындығын көркем шығармашылық тұрғыда бейнелеген тарихи панорамалық баян дейміз. Сол арқылы бүгінгі қоғамның келбетін де бағдарлап өтеді. Романдағы «дала-қала-қазақ даласынан шет орыс өркениеті» кеңістігіндегі азғантай ғана қазақ баласының бір-бірін жатсыну құбылысының астарындағы сол кездегі империялық саясаттың табы болғаны анық суреттеледі.

«Жаңғырық» романы мәңгүрттік, жалтақ мінез, бүгінгі тілмен айтқанда, құлдық психологияның қамытын киюдің тамыры тереңде, саяси астары зілді де, қасіретке толы болғанын аңғартады.

Кешегі кеңестік кезеңдегі уақиғаларды тәуелсіздік биігінен қарап, ұлттық мұрат-мүдде тұрғысынан бағалап, құлдық психологиядан арылып, өткен тарихты қайта жазуды қолға алып жатқанымыз ақиқат. Бұл бағытта тарихшылармен қатар тарихи тақырыпқа қалам тербеп жүрген қаламгерлер де тарихи танымды өзіндік авторлық суреткерлік талғамынан өткізіп, көркемдік шешім қабылдауларына, яғни тарихи уақыт пен кеңістіктің, тарихи тұлғаның, сол тарихты жасаушы халықтың жиынтық көркем жүйесін, образын беруде еркін толғанып, кең құлашты роман жанры арқылы жеткізулеріне мол мүмкіндік алды. Осы тұрғыдан келгенде, Ж. Шаштайұлы «Жаңғырық» романында 37-зобалаңы, Ұлы Отан соғысынан кейінгі тың және тыңайған жерлерді игеру сынды

тарихи кезеңді қамти отырып, солардың зардаптары халық санасында қорқыныш үрей туғызғаны, қазақ даласына ағылған жат жұрттықтар, өзінің ұлтына жиіркенішпен қараған ұрпақ өкілдері, тағы басқа мәселелерді сол кезеңнің тарихи оқиғаларымен тығыз байланысты көркем тілмен өрнектейді. Роман жанрын зерттеуші ғалым М. Хамзиннің: «Тереңірек үңілсек, өткеннің бәріне қолды бірақ сілтеп, лағнет айтуға болмайды, кез-келген қоғамда тіпті адам болмысында да жақсылық деген ұғымда жамандықтың, жамандық деген ұғымда жақсылықтың элементтері араласып жүретіні сияқты өткен өмірге да салиқалы да салмақты пайымдау тұрғысынан келегіміз абзал»[4],- деген тұжырымына орай қарасақ, автор сол кезең шындығын бір жақты бағаламай өзі сомдаған әдеби образдардың ішкі психологиялық иірімдеріне автор-мәтін-оқырман деңгейіне еруге тырысады. Романдағы кейіпкерлер образындағы ішкі психологизмді беруі тәсілінен автор суреттеп отырған қаһармандардың адам ретіндегі ішкі қалтырыстары толық ашыла түскен. Романдағы Бегімбет әпкесінің өлімінің символикалық мәні бар болуы да мүмкін. Бұл авторлық шығармашылық зертханасының ішкі мәселесі, біз романның мазмұндық желісін зер салып оқи отырып байқағанымыз, өзінің қанынан, өзінің төл ұлттық тіні мен болмысынан ажыраған кешегі ұрпақтың сорлы қасіреті бүгінгі дүбәра, мәңгірттердің пайда болуын меңзесе керек.

Қорытындылай келсек, «әдебиет – адамның тірі тарихы, жаны, сезімі, құмарлығы, ұмтылысы, үміті, түңілісі, өмірінің трагедиясы мен комедиясы, адамзаттың рухани тәжірибесінің жылнамасы» деген тұжырымға сүйенсек, автор романы өткен күннің тарихи парақтарына үңіле отырып, бүгінгі қоғамдағы тіл, ұлттық болмыс, рух сынды мәселелердің көтерілуі тегін еместігін терең толғанып сезінгені кәміл.

Әдебиеттер тізімі:

1. Шаштайұлы Ж. Жаңғырық: Роман. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2004.-256 бет. 110-111 бб
2. Г. Пралиева. Жанр және жауапкершілік. Қазақ әдебиеті №40(2940), 07.10.2005
3. Оразбек М. Автор және шығармашылық процесс: Монография. – Алматы: Атамұра, 2003. – 488 бет.
4. Хамзин М. 60-80-інші жылдардағы қазақ романының стилі мен типологиясы. Фгд диссертациясы. Алматы, 1997.

ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АНАЛИЗ НЕГІЗІНДЕГІ ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ ПОЭТИКА ТҮСІНІГІ

М.Г.АШИМОВА,

*Абай атындағы ҚазҰПУ докторанты,
педагогика ғылымдарының магистрі.
Талдықорған қ.,*

Аннотация

В данной статье всесторонне рассматривается понятие поэтики в литературоведении на основе историко-философского анализа .

Abstract

In this article the concept of poetics of literary criticism on the basis of the historical and philosophical analysis comprehensively is considered.

Тәуелсіздік жылдарындағы проза қазіргі әдебиеттің дамуында елеулі орын алады. Қай кезеңде де әртүрлі эстетикалық жүйелер өзара әрекет етеді. Өзгеріп отыратын шындықты танудың бір құралы болып табылатын сөз зергерлерінің қарқынды шығармашылық ізденістері үнемі қозғалыс үстінде болады. Жалпы қазіргі проза – бұл қазіргі заман туралы әңгіме емес, ол өмірдің басты мәселелері жайында замандастар арасындағы талқылау. Ол тек өз заманының ғана энергиясы секілді пайда болады. «Темірді ыстық кезінде соқ» демекші, әр нәрсені пісіп тұрған кезінде істемесең, сол қалпы қалып қояды екен. Жаңа проза бұл – өнер-білім, рухани тәжірибе. Жаңа сана-сезім. Жаңа рухани күй. Бүгін де әдебиет «ғасырлар шекарасының» заңымен жүреді, жүз жыл бұрында солай жүргенді. ХХ ғасыр соңында қазақ әдебиетінде реалистік шығармашылық дәстүрінің көркем бейнеліліктің жаңа көкжиектері мен поэтикалық мәнерлілікке ауысуына қатысты өзгеріс пайда болған. ХХ-XXI ғасырлар шекарасындағы қазіргі әдеби үдеріс мына себептерге байланысты ерекше назар аудартуда:

біріншіден, ғасыр соңындағы әдебиет көркемдік және эстетикалық ізденістер тұрғысынан; екіншіден, жаңа әдебиет біздің ақиқатымыздың барлық күрделілігі мен қарама-қайшылығын түсінуге көмектеседі; үшіншіден, өз эксперименттерімен және оның көркем жаңалықтарымен ХХІ ғасыр әдебиетінің келешектегі дамуын белгілейді.

ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басындағы еліміздің тәуелсіздік алған уақытындағы қазақ әдебиетінің дамуын мәдени аралық кезең деп сипаттауға болады. Аталмыш уақытта бұған дейін болған және жаңадан енген түрлі эстетикалық жүйелер іске асырылды. Бұл жүйелердің әрқайсылары поэтиканың жеке ұстанымдарын дайындады. Сол себепті қазіргі әдебиеттануда жаңа концептілердің, жаңа поэтиканың формасымен жасалу тәсілдеріне ерекше көңіл бөлінеді.

Қазіргі шағын прозаның поэтикасын бағалауда көзқарас екі факторға байланысты ажыраған. Біріншіден, бұл оқырманның көз алдындағы тірідей жүріп отыратын процесс сондықтан да бір мәнді болып келеді, сәйкесінше толық бағаланбай жатуыда содан. Екіншіден, қазіргі әдебиеттанудың тұжырымдамалары өтпелі кезеңде орнықсыздық танытуда.

Қазіргі шағын прозада қазақ әңгімешілерінің бұған дейін қалдырған үздік дәстүрлері сақталып қана қоймай жалғасын табуда, көркемділікпен поэтиканың жаңа белестері бағындырылуда. Тәуелсіздік әдебиеті ХХ ғасыр соңында көркемділіктің жаңа формасын іздестіруге кірісті. Егемендік алғаннан кейінгі қоғамның мәдени бағдарын өзгерткен әлеуметтік-саяси реформа қазақ көркем сөз өнерінің ұлттық көркем дәстүрлерге жалғасуына әкеліп соқты. Рухани мәдениеттің архаикалық қабаттарына, мифопоэтикалық архетиптерге яғни, өміршең байлықтарға қызығушылық танытылды.

«Поэтика – (гр. Poietike techne – творческоискусство) это наука о системе средств выражения в литературных произведениях, одна из старейших дисциплин литературоведения.» – деп А.С.Ысмақова [1;14] қысқа қайырғандай, әдебиет теориясының әдеби шығарманың өзіне тән құрылымын, поэтикалық пішінін, поэтикалық өнердің техникалық тәсілдерімен әдістерінің сұрақтарын белгілі ғылыми – методологиялық алғышарттар негізінде түсіндіретін бөлімі. Мысалы, кейде «поэтика» термінің өзі «Пушкиндік поэтика», «Шекспирдің поэтикасы» т.с.с. зерттеу объектісі бола алады. Өзінің даму тарихында поэтика ғылым ретінде ұзақ жолдан өтті, бірде өз пәнінің қырларын айтарлықтай қырлап, міндеттерінің мінін түзеп, поэтикалық ережелерге сәйкес тарылса, әдебиет тарихы мен эстетиканың ұқсас тарауларына сай өз ауқымын кеңейтіп отырған.

Поэтиканың барлық бағыттарының ортақ қасиеті – олардың көркем әдебиеттің ерекшеліктері тұрғысынан қаралуы. Поэтикалық өнердің теориясы ғылыми дәлелденген эстетикалық нормалар, поэтикалық құрылымды эмпирикалық талдау және әдеби формаларды даму тарихының құрылысы арқылы беруге тырысады. Поэтиканың негізін қалаған Аристотель. Ол жалпы өнер теориясы саласында көптеген құнды еңбектер қалдырды. Ғалым аталмыш сала бойынша өзіне дейінгі айтылған пікірлерді қорытып, бір жүйеге әкеліп, өзінің эстетикалық көзқарастарын «Поэтика» трактатында (белгілі бір мәселені талқылайтын ғылыми шығармаға сәйкес келетін әдеби форманың бір түрі) келтіреді. Аристотельдің бізге эстетикалық ұстанымдары мен трагедия теориясын мазмұндайтын трактаттың тек бірінші бөлімі ғана жеткен. Комедияның теориясы баяндалған екінші бөлімі сақталмаған. «Поэтика» трактатында Аристотель сұлулықтың мәні туралы мәселе көтереді, ол бұл тұста өзіне дейінгі Платон мен Сократтың сұлулық түсінігі жақсылық ұғымымен пара-пар деген тұжырымдарынан ілгері асып қадам жасайды. Гректерде бұл әдеби-эстетикалық ұстаным, тіпті ерекше «калокагатия» терминімен аталады. Аристотель «Поэтиканы» өнерді эстетикалық түсіну десе, «... красота заключается в величине и в порядке...» [2;156] деп әдемілікті заттардың формасы мен олардың орналасуынан көреді. Сонымен қатар Аристотель Платонның өнердің мәні жайлы пікірімен келіспейді. Платон өнерді әлем идеясының әлсіз, нашар көшірмесі ретінде есептеп, оның танымдық функциясына мән бермеді, ал Аристотель өнерді табиғатқа, болмысқа шығармашылық тұрғыдан еліктеу (грек тілінде – мимесис) деп білді, өнер адамға өмірді тануға көмектесетінін айтты. Демек, Аристотель эстетикалық рахаттың танымдық құндылығын таныды. «Как кажется, поэтическое искусство породили вообще две и притом естественные причины. Во-первых, подражание присуще людям с детства, и они тем отличаются от прочих животных, что наиболее способны к подражанию, благодаря которому приобретает и первые знания; а во-вторых, продукты подражания всем доставляют удовольствие.» – дей келе еліктеу адамзатқа табиғаттан берілетін қасиет екенін айтады. Мысалы, көруге жағымсыз нәрселерге құлшына қарап мән береміз, дегенмен адамның оны есінде сақтауы аз уақытқа ғана созылады. Ал әдемі суреттерге адам ерекше қызығушылықпен қарап, көңілдерінен шықса ол жайлы талқылап, әдемі әсер алады, оның әр деталі адам есінде қалып, еліктеу тудыруға себепші болатынын жазады [2;151]. Аристотельдің «Поэтикасы» сөз өнерінің қоғамдық маңызы жайында ең алғаш жазылған философиялық-эстетикалық трактат. Аристотельдің

принциптерінің бірі: өнердің мақсаты – ақиқатты айқындау, ал ақиқатты тану – адамның мінезі мен ісін суреттеу деген даналық қағидасы.

Поэтика тарихында өз есімдерін осы саламен тікелей байланыстырған – Аристотель, Буало, М.В.Ломоносов болса, олардың ізбасарларының бірі атақты филолог Р.Якобсон «поэтика өзінің тар мағынасында «әдебилік» дегенді білдіреді» деп орыс және совет классикалық материалдар негізінде жазған фольклор мен көркем әдебиет поэтикасы мәселелерін қарастыратын еңбегінде «превращение речи в поэтическое произведение и систему приемов, благодаря которым это превращение совершается»[3;81] дейді. Сонымен қатар Р.Якобсон поэтика шығармаларды қарастыруда доминантты функция атқаратынын айтады [3;81]. Поэтикалық мәтіндерді талқылауда психологиялық, психоаналитикалық, әлеуметтік тұрғыдан зерттеу кезінде шығарманың барлық функциясы доминантты функцияға бағынышты екендігін ұмытпаған жөн. Сол себепті әр зерттеуші өз алдына поэтиканы әр қилы анықтайды. Мысалы Ю.Манн өзінің «Поэтика Гоголя» атты еңбегін В.В.Виноградовтың бір анықтамасы негізінде талдап шығады.«Поэтика – бұл форма, түр, көркем шығарманы жазудағы амал-тәсілдерді, әдеби шығарманың құрылымдық типі мен жанрын зерттейтін ғылым. Ол поэтикалық ерекшеліктерді ғана емес сонымен қатар әдеби шығарма мен халық ауыз әдебиетінің түрлі қырларын қарастырады,- деп В.В.Виноградов поэтиканың бірқатар мәселелерін атайды: мотив пен сюжет, сюжеттің принциптері мен тәсілдері, көркемдік уақыт, функционалды-стилистикалық, идеялық-тақырыптық негіз жүйесіндегі композиция, жанрлық ерекшелік, кейіпкерлердің сюжеттік-динамикалық мінездемесі» [4;3-4].

Жалпы әдебиеттану – әдебиет туралы ғылым. Нақтырақ айтқанда әдебиеттану – адамтану, себебі әдебиеттанудың пәні – адам, яғни, өнер туындысында бейнеленген адам. Әдебиеттану көркем мәтін арқылы адам мен әлемді танытады. Бұл ғылым ретінде ХІХ ғасырдың басында пайда болды. Антика дәуірінде де әдеби шығармалар болды. Аристотель өз еңбегінде соларды жүйелеуде, жанр теориясын (түр, тек, жанр) және әдеби текті (эпос, драма, лирика) ұсынған алғашқы зерттеуші болды. ХVІІ ғасырда Н.Буало Гораційдің ертеректегі туындыларына сүйене отырып, ол кезде әлі ғылым ретінде қалыптасып үлгермеген әдебиет жайында өзінің «Поэтикалық өнер» атты трактатын дүниеге әкеледі. ХІХ ғасырдың басында философия, өнер, идеологияда романтизм дәуірі басталады. Осы уақытта ағайынды Гримм өз теориясын құрды. Әдебиет өнер түрі ретінде эстетикалық құндылықтарды құрайтындықтан, әр түрлі ғылым тұрғысынан қарастырылады. Әдебиеттану көптеген әлем халықтарының көркем әдебиетін зерттеу арқылы өзінің ерекшеліктері мен заңдылықтарын, мән-мазмұнын, формаларын түсіне алады.

Поэтикаға ұлы ойшыл Әбу Насыр Әл-Фараби «Ғылымдардың жіктелуі туралы трактатында» логика ғылымына сегізінші бөлімін арнаған. «Поэтикалық пайымдаулар – бұл өзі қайсыбір талқыланып отырған мәселеде әлдебір жағдай бар деп, немесе неғұрлым бәр лайқатты, немесе пәс, онды, немесе оңбаған, ұлы, немесе болмашы және тағы сол сияқты бірдене бар деп ұйғарылатын нәрселерден құралатын пікір» [5; 146] деп анықтама береді. Бұл жерде Фараби “поэтика – поэзия туралы ғылым” деген анықтамадан гөрі қазіргі әдебиеттануымызда қолданылатын көркем туындының болмыс-бітімін тұтас қарастыратын, жалпы алғанда “әдебиет теориясы” ұғымымен мазмұндас, жекелей алғанда әдебиеттану ғылымының бір саласы болып табылатын “поэтика” ұғымымен үйлесетінін көреміз. «... поэтика ... логика қарастыратын нәрселердің жәрдемімен, көркемделіп, гүл жайнап, айқындалып, тамаша сәулеттеніп, жарқырап көрінеді» [5;147] – дейді, яғни, байқағанымыздай ғалым өз еңбегінде поэтиканы логикадан таратады.“Поэтика” ұғымына катысты Фарабидің жоғарыда келтірілген тұжырымдамасы ғалымның осы салаға арналған трактаттарында жан-жақты қырынан ашылады

В.В.Тимохин «Ортағасырдағы батырлар эпосындағы поэтика: қайталау, антитеза, троптар» атты ғылыми зерттеуінде «Поэтика шығарманың мағынасы көркемдік формамен байланысты болғандықтан тереңірек түсінуге ғана көмектесіп қоймай, меншікті мәнге де ие бола алады» дейді [6;3]. Он бес томдық Қазақ әдеби тілінің сөздігінде: «Поэтика (грек.roietike) зат.әдеб. 1.Поэзиялық шығарманың құрылысын суреттеу, бейнелеу тәсілдерін зерттейтін әдебиет теориясының бір саласы. Әдебиет теориясының саласы ұғымындағы поэтика – әдеби тек пен түрдің, ағымдар мен бағыттардың, стильдер мен әдістердің ерекшеліктерін зерделейді, сондай-ақ көркемдік тұтастықтың әртүрлі деңгейінің ішкі байланыс заңдылықтарын және олардың арақатынасын зерттейді. (Әдебиеттану терминдер сөздігі) 2.Ақынның, жазушының немесе әдеби мектептің көркем ұстанымдары мен ерекшеліктерінің жүйесі» деген анықтама беріледі [7;390]. Әдебиеттану терминдер сөздігінде: «Поэтика (грекше. poitik fehne – шығармашылық өнер) – көркем шығармадағы құндылықты бар болмысымен айқындар жүйе туралы әдебиеттанудың ең көне ғылым саласы. Кең мағынасында поэтика әдебиет теориясымен үндесер ұғымды білдірсе, ал нақтылы (тар мағынада) сол

теориялық поэтиканың бір саласы ретінде қабылданады.» дейді [8;275]. Қай пікірді алып қарамасақ та қорыта келе әдебиеттанудың ең ежелгі пәндерінің бірі, әдеби шығармаларды жеткізу құралдарының жүйесі туралы ғылым – поэтика – көркем шығармадағы құндылықты бар болмысымен айқындайтын жүйе болып табылады.

Жалпы мәселе қандай аспект қарастыруға ұсынылатынына байланысты, мысалы, романтизм поэтикасы, романның поэтикасы, белгілі бір жазушы шығармашылығының поэтикасы немесе бір ғана шығарма аясында зерттелуі мүмкін. Әдебиетті жеткізудегі барлық құралдар нәтижесінде тілге әкеліп соғатындықтан, поэтиканы тілдік құралдарды көркем қолдану туралы ғылым деп анықтауымызға болады. Шығарманың мәтіні оның мазмұнының жалғыз материалдық формасы болып табылады. Сол бойынша оқырман мен зерттеуші саналы түрде шығарманы қарастырып, өз заманындағы мәдениеттен орнын алдыртуға тырысады немесе ауыспалы дәуір мәдениетіне енгізеді. Дегенмен, әдістің қай-қайсысын алсақ та, поэтика көркем мәтінге келіп тіреледі. Осы арадан әдебиеттану салалары жүйесіндегі поэтиканың маңыздылығы шығады.

«Поэтиканың мақсаты – шығармадан эстетикалық әсер қалыптастыруға қатысатын мәтін элементтерін жүйелеу және бөлу. Бұған көркем сөздің барлық элементтері қатысады, алайда әр түрлі дәрежеде. Егер зерттеуші зерттелетін шығарма мәдениетіне жататын болса, ол бұл поэтикалық өзгерістерді жақсы сезеді. Басқа мәдениетті зерттеуші, керісінше, алдымен тәсілдердің жалпы жүйесін сезеді, содан кейін барып кемшіліктерін байқайды.

Негізінде поэтика, жалпы (теориялық немесе жүйелік – «макропоэтика»), жеке баяндау түрінде («микропоэтика») және тарихи болып үшке бөлінеді. Жалпы поэтика өзінің зерттейтін салалары текстіңдыбыстық, сөздік және образдық құрылымына байланысты үшке бөлінеді. Жалпы поэтиканың мақсаты үш саланы да толық қамтитын, әдістердің толық жүйелі репертуарын (эстетикалық ықпалды элементтер) жасау болып табылады. Шығарманың дыбыстық жағын (ырғақ, бунақ, ұйқас, өлең өлшемі, дыбыс толқыны т.б. зерттегенде) негізінен нақты өлеңтану (тар шеңберде) ғылымы қарастырады. Сөз табиғатына үңілгенде, шығарманың лексикасы, морфологиясы мен синтаксисі зерттеледі де, бұл сала стилистика деп аталады (бұл лингвистикалық стилистикадан өзгеше болады)...Образдық салада шығармадағы образдар (персонаж бен дүние), мотивтер (оқиға мен іс), сюжеттер (оқиғаның байланыстығы жиынтығы) зерттеледі де, поэтиканың бір бағыты болып табылады» [8, 276-277].

Шығарманың дыбыстық құрамын фоника мен ритмика, ал өлеңге қатыстысын метрика мен строфика саласы зерттейді. Зерттеу үшін көбінесе өлеңмен жазылған мәтіндер берілетіндіктен, бұл сала өлеңтану деп аталады. Сөздік қатарда шығарманың лексика, морфология, синтаксистік ерекшелігі зерттелінсе ол стилистика деп аталады (әдеби және лингвистикалық пән ретіндегі стилистиканың қаншалықты ұқсастығы жайында пікір жоқ). Лексика (сөз саптау) мен синтаксистің (сөз байланыстыру) ерекшелігін ежелден поэтика мен риторика зерттеген; олар стилистикалық фигуралар мен троптар ретінде ғана ескерілген болатын. Морфологиялық (грамматика поэзиясы) ерекшеліктер поэтикада тек соңғы уақыттары қарастырыла бастады. Шығармадағы бейнелер (кейіпкерлер), мотивтер (іс-әрекеттер), сюжеттер (іс-әрекеттердің қисынды байланысуы) қарастырылады, бұл саланы дәстүрлі түрде топика немесе қысқаша поэтика деп атаймыз. Стилистика мен өлеңтану ерте заманнан зерттелсе, топика, аз уақыт қарастырылған себебі, шығарманың көркемдік әлемі ақиқат дүниеден ерекшеленбейтіндей болып көрінген. Сондықтан да мұнда тіпті көпшілік мақұлдаған материалдарды жіктеу реті де жасалмаған.

Жеке поэтика жоғарыда аталған аспектілер бойынша шығарманы сипаттайды, бұл шығарманың эстетикалық қасиеттерінің индивидуалды жүйесінің үлгісін құруға көмектеседі. Жеке поэтиканың басты мәселесі – композиция, яғни шығарманың барлық эстетикалық мәнді элементтерінің өзара салыстырмалы байланысы, олардың көркемдік бүтінмен функционалдық өзара қатынасы. Бұл жерде шағын және көлемді әдеби форма арасында үлкен айырмашылық жатыр. Шағын формада мысалы, мақал-мәтелде элементтердің арасындағы байланыс көп болса да, жүйедегі әрқайсысының рөлі жан-жақты көрсетілуі мүмкін. Көлемді формаларда бұл мүмкін емес, демек ішкі байланыстардың біраз бөлігі эстетикалық тұрғыдан сезілмей, есептелмей қалады (фоника мен сюжет байланысы секілді). Бұл ретте ескеретін жәйт, кейде бір байланыс алғаш мәтінді оқығаннан-ақ көкейкесті екендігі байқалып тұрады, кейде қайталап оқығанда білінеді, басқалары – керісінше болуы мүмкін. Жеке поэтиканың негізі жеке туындыны сипаттау болғанымен, кей реттерде шығармалар тобын жинақтай сипаттайтын тұстары да кездеседі. Әдетте мұндай шығармалар тобын бір циклдің, бір қаламгердің, бір жанрдың, бір бағыттың, бір дәуірдің шығармалары құрайды.

Талдау кезіндегі маңызды құралдардың қатарында «әлемдік бейне» (негізгі сипаттамалары, көркемдік уақыт және көркемдік кеңістік) және «автор бейнесі» бар. Аталған ұғымдардың өзара

байланысы шығарманың құрылымының басты сипаттамаларын анықтайды. Бұл ұғымдар поэтикада XII-XX ғасырлар әдебиетін зерттеу нәтижесінде ұсынылды. Бұл уақытқа дейін еуропа поэтикасы үш әдеби түрмен шектелген: драма (әлем бейнесін беретін), лирика (автор бейнесін беретін) және эпос. Жеке поэтиканың негізін (микропоэтика) бөлек бір шығарманың сипаттамасы құрайды, алайда бірнеше шығармалардың жалпылама сипаттамасы (бір цикл, бір автор, жанр, әдеби бағыт, тарихи дәуір) болуы да мүмкін.

Тарихи поэтика толық қалыптасып бітпеген ғылымдар қатарынан табылады. А.Н.Веселовский тарихи поэтиканың ғылыми негізін қалаған. Бұған қатысты ғалымдардың поэтика проблемасы турасында түрлі деңгейдегі пікірлері жеткілікті. Осындай ой-пікірлерді бір арнаға тоғыстырып поэтиканың пәнін нақтылау – әдебиеттанудың басты проблемасы болмақ. Көркем түрдегі дамудың сырын, түрлі кезеңдегі бағытын анықтайтын, жанрлардың тарихын қарап, дамуын талдайтын теорияны түсінуге ықпалы зор. Бұл пәнді студенттерге оқытудағы қолданатын басты оқу құралы А.Н.Веселовскийдің «Тарихи поэтика» еңбегі. «... новую теорию литературы стали называть “поэтикой”, часто с поясняющим ее определением — “историческая”. Стало быть, “историческая поэтика” есть не что иное, как название теории литературы, выработанной на путях сравнительно-исторического направления литературных исследований» [9;12], - деп тарихи поэтика салыстырмалы-тарихи әдебиеттану арқылы жеке поэтикалық тәсілдердің эволюциясы мен жүйесін зерттейтінін айтады. Генетикалық яғни, жалпы шығу тегіне немесе типологиялық яғни, адам санасының әмбебап заңдылықтарын анықтай отырып әр түрлі мәдениеттің поэтикалық жүйелерінің ортақ қасиеттерін анықтайды. Сөз өнерінің түп тамыры тарихи поэтиканың негізгі материалы болып табылатын ауыз әдебиетінен бастау алады. Тарихи поэтиканың басты мәселесі өзінің кең мағынасындағы жанр, яғни көркем сөзден бастап оның әр түрлерін қамтиды. Мысалы, «еуропалық махаббат элегиясы», «классицистикалық трагедия», «зайырлы повесть», «психологиялық роман» яғни, тарихи қалыптасқан өмір сүру нәтижесінде бір-бірімен байланысқан әр түрлі поэтикалық элементтердің жиынтығы. Әдебиеттің, жанрдың өзара айырмашылықтары, поэтикалық жүйелердің, форманың уақыт ағымына байланысты өзгеруін осы тарихи поэтика зерттейді. Әдебиеттануда бастапқыда поэтикаға берілген ереже болмаған, әдебиеттану ғылымында поэтиканың дербес тарихы қалыптасқан жеке білім екендігіне күмән келтірілген, ал қазіргі кезде поэтиканың теориялық та, практикалық та тұрғыдан маңызы зор екендігі мойындалды.

Поэтика бұрынғы кезден сөз етіліп, алға басып келеді. Ертеректе грек әдебиетін зерттеген Аристотель де поэтика турасында алғаш рет тұшымды пікір қалдырған. Ұлы ойшылдың әдебиет жайлы зерттеуі тек грек әдебиеті аясында болғанымен, көтерген проблемалары жалпы қоғамның тарихындағы қазіргі күнге дейінгі өзекті мәселелердің бірі болып қалуда. Аристотельдің бұл еңбегі IX-Хғасырларда араб, сирия тіліне аударылған, XIIIғасырда Италияда латын тіліне, XVI-XVII ғасырларда Францияда басылып шығуы оның сол кезеңдері өте қажетті болғандығын білдіреді. Поэтиканы зерттеуді Аристотельден кейін Гораций жалғастырды. Ұлы ойшылдың пікірлерімен келісе отырып Гораций өз қағидаларын алға тартты. Оның «Поэзия ғылымы» атты зерттеуі Буалоның «Поэтикалық өнер» еңбегінің жазылуына себепші болды. 1674жылы ол өлең түрінде жазылған трактатын тамамдайды. Әдебиет теориясы саласында жалпыны мойындата білген Буалоның аталмыш еңбегі Горацийдің «Поэзия ғылымының» негізінде ойластырылған еді [10;12]. Ол көркем шығарманың ережесін жасауды мақсат еткен, алайда халық шығармашылығын төмендетіп қана қоймай, жанрлар байланысын да теріске шығарып, оларды жоғары және төменгі деп бөлген. Сөйте тұра Буалоның еңбегі XVII-XVIII- ғасырларда батыс елдерінің де, Ресейдің де әдебиетіне еткісі болды.

Кез-келген ұлттық әдебиет (фольклор) тәжірибе жинау нәтижесінде ежелгі дәуір және ортағасырларда өзінің поэтикасын жасады – поэзиядағы қағидалардың дәстүрлі жиынтығы, сүйікті бейнелердің каталогы, метафоралар, жанрлар, поэтикалық формалар, жасырын тақырып тәсілдері. Мұндай поэтика (көркемдік тәжірибе жетістігі, ұрпаққа қалған үлгі, ұлттық әдебиеттің өзіндік көрсеткіші) оқырманды көп ғасырлық дәстүрге қанық тұрақты поэтикалық нормаларға бағыттады. Еуропадағы поэзияның теориялық түсінігі б.з.д. V-IV ғасырларда әдебиет тектері алғаш негізделген Аристотель мен Платонның эстетикасында, софистердің еңбектерінде жасалған. Ал антикалық поэтика александриялық уақыт кезеңінде б.з.д. III-I ғасырларда пайда болған. Поэтика бұл шындыққа еліктеу өнері болып, риторикадан айқын түрде сенімді өнер ретінде бөлініп шықты. «Неге еліктеу» және «қалай еліктеу» деген сұрақтар мазмұн мен форманы ажыратуға әкелді. Мазмұнына қарай тарих (тарихи поэмалардағыдай шынайы оқиғалар туралы әңгіме), миф (эпос пен трагедиядағыдай дәстүрлі аңыздар материалы) және мысал (оригинал сюжеттер). Таза – еліктеуіш түр мен жанрға трагедия мен комедияны жатқызады; араласқан түрге – эпос пен лирика, элегия, ямб

және ән, кеш пайда болған сатира жатса; таза – баяндауға дидактикалық эпостар жатады деп есептеді. Поэтика XVIII ғасырға дейін негізінде өлеңге яғни поэзияға қатысты болды. Прозалық жанрлардан салтанатты түрдегі айтылған сөз, шешендік сөздер қарастырылатын, себебі, оларды бай материалдық қоры бар риторика зерттейтін. Ол әдеби тілдің оқиғаларын сипаттауға, классификациялауға арналғанмен, нормативтік-догматикалық мінезге ие болған. Көркем-прозалық жанрлардың табиғатына теориялық талдау жасауда алғашында арнайы таза поэтикадан тыс анализ болатын. Тек Э.Лессинг, Д.Дидро секілді ағартышулардың көмегі арқылы классицизммен күрес жүргізу барысында ескі поэтиканың көрсеткіштері қайта жанданады.

Тарихи ойларымен поэтикаға тағы бір айрықша үлес қосқан есімдер қатарында Батыстағы Дж.Вико мен И.Гердер болды. Олар тілдің, фольклор мен әдебиеттің даму заңдылықтарының өзара байланысын бекітті, адамзат қоғамының дамуы нәтижесінде тарихи өзгерісті байқады, материалдық және рухани мәдениеттің эволюциясын көрсетті. И.Гердер мен И.В.Гёте және т.б. романтиктер поэтика саласы фольклор мен прозалық жанрларды зерттеуі керек деп шешіп, философиялық оқу ретіндегі поэтикалық түсінікке кең бастау салды.

Ресейде ғылыми поэтиканың дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдар қатарынан М.В.Ломоносов и В.К.Тредиаковский, ал XIX ғасырдың басында А.Х.Востоков табылды. Поэтика жайында А.С.Пушкин, Н.В.Гоголь, И.С.Тургенев, Ф.М.Достоевский, Л.Н.Толстой, А.П.Чехов құнды пікірлер қалдырса, Н.И.Надеждин, В.Г.Белинскийдің, Н.А.Добролюбованың теориялық идеялары ұтымды болды. Олар Ресейде XIX ғасырдың екінші жартысында поэтиканың ерекше ғылыми пән ретінде қалыптасуына, А.А.Потебня мен тарихи поэтиканың атасы саналатын А.Н.Веселовскийдің еңбектері арқылы негіз салды.

Салыстырмалы-тарихи поэтиканың негізгі және ірі өкілі А.Н.Веселовский 1870 жылы өзінің зерттеуінің жаңа бағдарламасын алғаш Санкт-Петербург университетіндегі дәрісінің кіріспесінде «Ғылым ретіндегі тарихи әдебиеттің міндеттері мен тәсілдері» атпен ұсынған болатын [9;12]. Ол тарихи әдіс пен тарихи поэтиканың бағдарламасын жасады. Сонымен қатар ғалым мазмұны мен поэтикалық стильді салыстырғандағы поэтика үшін өте маңызды үйреншікті тілге қатысты формулалардан кем түспейтін ереже негіздеді. А.Н.Веселовский әдеби формалардың өзгеруін объективті, нақты санаға сәйкес келмейтін деректердің дамуы деп қарайды.

Ресейдегі психологиялық мектептің негізін салушы А.А.Потебняның теориясының тууына В.Гумбольдттың тілдің қызметі туралы идеясы себепкер болды. А.А. Потебня проза мен поэзияны салыстыру арқылы принципті түрде бұл әдістердің поэтиканың қазіргі теориясына үлкен әсер еткенін дәлелдеді.Зерттеушінің лингвистикалық поэтиканың басында сөздің ішкі формасының түсінігі, ол әдеби туындының және поэтикалық тілдің бейнелілігінің бастау көзі болып табылатындығын айтты. А.А.Потебняның пікірі бойынша көркем мәтінді ғылыми зерттеудегі мақсат, мазмұнына түсініктеме беру емес (бұнымен әдеби сын айналысады), көркем образға, тұтастығына, шығарманың тұрақтылығына талдау жасау. А.Потебня мәтіннің өзінің құрылымдық элементтерін зерттеуге ұмтылған. Ғалымның ізін жалғастырушылар (Г.Горнфельд, В.И.Харчиев тағы басқалар) бұл бағыт бойынша жүрмеді, олар алдымен ақынның «ішкі жан дүниесіне», «психологиялық диагнозына» мән беріп, потебняның териясын кеңейтуге ат салысты.

1920-шы жылдары орыс ғалымдары Б.М.Эйхенбаум, В.В.Виноградова, М.М.Бахтин еңбектері поэтика теориясының наррациясымен тікелей байланысты болып келді. Соңғы жылдардың поэтикасының дамуы тұрасында ежелгі орыс әдебиетінің поэтикасына арналған Д.С. Лихачевтің, Ю.М.Лотманның еңбектері болатын.

Қазіргіәдебиеттану–көркем әдебиетті, оның қалай пайда болғанын, әлеуметтік байланысын, бейнелі түрде ойлау өзгешеліктерін, көркем шығармашылықтың болмысымен қызметін, әдеби үрдіске қатысты заңдылықтарды түрлі қырынан қарастыратын ғылым.Соңғы жылдары поэтика саласы ерекше қарқын алып дамуда. Бұл ізденістер әдебиеттің үнемі өзгерісте жүретін тарихи және әлеуметтік жағдайларға белсенді араласатын күрделі жүйе екендігін танытты. Шығарманың ішкі құрылымындағы әр бөлшекті, олардың мағынасы мен қызметтерін талдау үрдісі күшейді. Қала берді әдебиеттанудың математикалық қырларына да көңіл бөленіп отыр. Сонымен қатар әдебиетті өнердің басқа да салаларымен, идеологиямен, ғылыммен тұтас зерттеудің нышандары да пайда болуда.Көркем әдебиет неғұрлым күрделі құбылыс болса, оны зерттеуге бағытталған ғылым да соғұрлым күрделеніп жатқанын байқаймыз.

Әдебиеттің бейнелеу құралдары тілмен тікелей байланысты болғандықтан, поэтика тілдік құралдарды көркемдік тұрғысынан пайдалану жайын зерттейтін ғылым болып табылады. Оқырман немесе зерттеуші санасында шығарманың мазмұны сөз арқылы көрінеді. Жазушының ойы да сөз арқылы танылады, яғни поэтиканың зерттеу нысаны болып табылатын сөздік мәтін екендігі

анық.Поэтиканың мақсаты – көркем туындының эстетикалық әсерін қалыптастыруға үлес қосатын мәтін бөлшектерін саралап, бір жүйеге түсіру. Сөз өнерінің ең көне түрі болып табылатын ауыз әдебиеті тарихи поэтика үшін негізгі материал болып табылады. Себебі – ауыз әдебиетіне тереңдей бойлау арқылы жекелеген образдардың, стилистикалық айшықтаулар мен өлең өлшемдерінің даму барысын ерте замандардан бастап жете зерделеуге болады.

Поэтикалық құралдардың қызметіне анализ жасау арқылы, кейіпкердің дәстүр бойынша қабылданған тұтас бейнесінің сипаттамасын сақтай отырып, поэтикалық бейнелілікпен (мысалы, символ, кеннинг) берілген нышандар арқылы, басымдылықты ұстанады. Бұл өз кезегінде идеал мен кейіпкерлер әрекеті арасындағы байланысты анықтайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Исмакова А.С. Поэтика казахской художественной прозы начала XX века (тематика, жанр, стиль). Диссертация на ученую степень доктора филологических наук – Алматы, 1998. – 308 с.
2. Аристотель. Риторика. Поэтика. – Москва, Лабиринт, 2000, – 224с.
3. Якобсон Р. Работы по поэтике: Переводы/Сост. И общ. Ред. М.Л. Гаспарова.-М.: Прогресс, 1987. 464с.
4. Манн Ю.В. Поэтика Гоголя. 2-е изд., доп.-М.: Худож. лит., 1988.-413с.
5. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы. Алматы, 1973 – 446б.
6. Тимохин В.В. Поэтика средневекового героического эпоса : Повтор, антитеза, тропы. Диссертация д.ф.н. 10.01.01, 10.01.05, 10.01.09, М., 2000. 440с.
7. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық .XII том. /Құраст.: А. Үдербаев, О. Нақысбеков, Ж. Қоңыратбаева және т.б.–Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2010. 12-том-О-С.-752 бет.
8. Әдебиеттану терминдер сөздігі. Алматы, «Ана тілі» 1998. – 383б.
9. А.Н. Веселовский. Историческая поэтика. Москва, Высшая школа, 1989. 404с.
10. Буало. Поэтическое искусство. Перевод Э.Л. Линецкой. Гос. изд. худ. лит. Москва 1957.-234с.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ: ҚАЙРАТКЕРЛІК ҒҰМЫРНАМА АЙШЫҚТАРЫ

А.А. ӘБСАДЫҚОВ,

*А. Байтұрсынов атындағы Қостанай
мемлекеттік университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы.
Қостанай қаласы*

XX ғасырдың бас кезінде қазақ қоғамы Еуропа және Ресей империясының аумағында орын алған саяси өзгерістер мен ірі оқиғалар әсерінен болған үлкен өзгерістерге түбегейлі бет бұрды. Ресей арқылы енген батыстық капиталистік қарым-қатынас қоғамның саяси жүйесіне, экономикалық қарым-қатысына, әлеуметтік құрылымына жаңа тірлік нышанын ала келді. Көшпелі тіршілік тұрмысын күнкөрісіне жалдап отырған қазақ ұлтына жаңа дәуір жаңа талаптарды - өзгеріп жатқан өмірге лайық істер атқару, ой пікірді байыту, дамыту және оны өзгеше өрнекпен өру, ұлттық мәдениетке жаңа сарын қосу т.б. ала келді. Сол тұста өмір кешкен қазақ зиялыларының үркердей аз тобы бұл өзгерістерді дәл аңғара білді. Бұл үркердей аз топ – Алаш зиялылары еді.

Алаш зиялыларының алдында қазақты «өз алдына тең ұлт» есебінде сақтап қалудың ауыр да жауапты да міндеті тұрды. Атап айтқанда, қазақ жерінің тұтастығын сақтап қалу, ұлттың негізгі нышаны болып саналатын тіл, әдебиет, мәдениетін жаңа кезеңнің талабына сай өрістетуге, оған тірек болатын оқу-білім, ғылымды дамыту жұмыстары тұрды. Ол міндеттер көптің күшін қажет етті. Себебі «өзге жұрттан оңаша жүріп, қазақ басқа халықтармен бәсекелесіп, жарысқа түскен жоқ. Сондықтан жұрт жұмысы, ұлт намысы деген сөз қазақтың көбіне түсініксіз нәрсе» [1, 257 б.] болғандықтан, алдымен ұлттың бірлігін нығайтатын істерді жолға қою керек болды. Бұл істе тізе қосып, серіктестіктің, достықтың үлгісін көрсеткен тұлғалар – Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлы.

А. Байтұрсынұлы Әлиханды «көсем» деп үлгі тұтса, өз кезегінде Ә. Бөкейхан да Ахмет Байтұрсынұлын ерекше сыйлаған. Алаш көсемінің Ахмет Байтұрсынұлына жазған хаттарында

«Бауырым Ахмет» деген ыстық ықыласқа толы сөз орын алған. Халқымыздың сөз қолданысында «бауырым» деген ықыластың орны ерекше екені әрбір қазаққа белгілі.

Қос тұлғаның қайраткерлік тағдыры да өте ұқсас. Екеуі де патша заманын да, одан кейінгі кеңес заманында билік тарапынан қудалауға ұшырап, ақыры 30-жылдардағы сталиндік репрессияның құрбаны болған. Әлихан Бөкейхан Мәскеудегі Бутырка түрмесінде атылып, мәйіті өртеліп күлі Ресей астанасындағы Донской қабіріне жерленсе, А.Байтұрсынұлы Алматыда атылып, денесі қай жерге берілгені бүгінгі күнге дейін дәл белгісіз.

Қос қайраткер алғашқы мақалаларын халық рухани мұрасына қатысты зерттеулерден бастаған. А. Байтұрсынұлы 1895 жылы «Тургайская газетаның» 24 қыркүйектегі №39 санында «Қазақтың ырымдары мен мақал-мәтелдері» атты мақаласын жарияласа, 1899 жыл «Түркістан уалаяты» газетінде Ә.Бөкейханның «Қобыланды батыр» жырындағы әйелдер» деген зерттеуін жарық көреді.

Бөкейхан мен Байтұрсынұлы қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың шығармашылығы туралы алғаш пікір айтқан зерттеушілер. Екінші сөзбен айтсақ, Абайтанудың негізін салушылар.

Ә.Бөкейхан 1905 жылы «Семипалатинский листок» газетінде Абайдың қайтқанына 1 жыл толуына орай ол қазанама сипаттағы мақала жазады. Абайдың ата- тегі, өмірбаянымен таныстыруды бастау етіп алған мақала ақынның сан қырлы талантына тоқталады, өлеңдеріне талдау жасайды. Абайтанушы Әлихан ақынды жиырма жасқа толар толмастан- ақ қазақ аңыздарын, мақал – мәтелдерін, қанатты сөздерін, әдет- ғұрпын, атақты дау- дамайлардың қалай шешілгенін жатқа білетін шешен кісі ретінде танылғанын, Шығыс поэзиясы мен орыс ақындарының шығармашылығы Абайды ақындық жолға түсуіне игі әсер еткенін баяндай келе: «Поэтикалық қуаты шексіз күшке ие Абай өлеңдері – қазақ халқының мақтанышы. Халықтың рухани шығармашылығын Абайдай биікке көтерген қазақ ақыны жоқ. Абайдың жылдың төрт мезгіліне (көктем, жаз, күз, қыс) шығарған ғажайып өлеңдері оны Еуропаның атақты ақындарының қатарына қоса алады» [2, 308 с.], - деп әділ баға берді.

А.Байтұрсынұлы 1913 жыл «Қазақ» газетінде Абай шығармашылығына арналған «Қазақтың бас ақыны» деген мақала жазады. Абай поэзиясының көркемдік ерекшелігіне, бірнеше өлеңдеріне талдау жасаған Ахаң түйінді сөзін мынадай оймен қорытындылайды: «Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек. Абайдың сөздері 1909-шы жылы кітап болып басылып шықты. Бірақ жұртқа тарамай жатыр. Басылған кітап Ақмолада, Семей болысынан басқа облыстарға таралмай жатқаны кісі таң қаларлық іс. Абайдың сөзін Семей ләпкесіне қамап, жасырып қоймай, кілі қазақ баласы бар уалаяттардағы кітап сатушылардың бәрінің де магазиндерінде жүргізу керек еді. Абайды қолымыздан келгенше жұртқа таныту үшін мұнан былай кейбір өнегелі, өрнекті сөздерін газетаға басып, көпке көрсетпекшіміз» [1, 222 б.] .

Бұл жерде мына мәселені айта кету керек. Абайдың 1909 жылы Петерборда шыққан тұңғыш жинағын жариялауға Ә.Бөкейхан өлшеусіз еңбек сіңіреді.

Патша үкіметінің қазақ жеріндегі озбыр саясатына қарсы саяси күрестің бастау арнасында да екі тұлға қатар тұра білді. Бұл – 1905 жылы Қоянды жәрменкесінде жазылған Қарқаралы петициясы еді. 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру сияқты өзеті мәселелер көтерілді. Сонымен қатар онда қазақ даласына орыс шаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын.

Аталмыш петициядан кейін Ә.Бөкейхан да, А.Байтұрсынұлы да ерекше бақылауға алынып, түрмеге жабылып, ақыры Ә.Бөкейхан Самараға, А.Байтұрсынұлы Орынборға жер аударылады.

Қазақ даласының орыс қалаларымен шектесетін өлкелерінде айдауда жүрген Бөкейхан мен Байтұрсынұлы қазақ халқына сан ғасырлар арман болған шын мәніндегі азаттыққа саяси күрес арқылы қол жеткізуді мұрат-мақсат етеді. Бұл жолда жеңіске жетудің ең тиімді әдісі – халықтың білімін көтеріп, ұлтың рухын, санасын ояту, дамыту деп ұғынды. Ол үшін қазақтың рухани байлығының басты арналары, қайнар көзі – тіл, әдебиет ісін насихаттау, баспасөзді дамыту керектігін олар терең түсіне білді.

Қазақтың ұлттық бірлігінің басты нышаны болып саналатын Алаш ұраны Ә. Бөкейханның кең білімі мен терең танымы арқылы қазақ халқының басына түскен жаңа жағдайындағы саяси-экономикалық, әлеуметтік, рухани күресінің басты ұранына, рухына айналды. Аталмыш ұранды саяси күрестің рәмізіне айналмай тұрған кезде–ақ Ә.Бөкейхан былай деп жазған болатын: “...Бұл рулардың ешқайсысы кез-келген қазақты жәбір көрген қандастарына қол ұшын беруге ұмтылдыратын жалпыхалықтық “Алаш” ұранынан (әр рудың жеке рулық ұранының жөні басқа)

ешқашан бас тартқан емес, тіпті бұл тұста олар өзара жауластық пен өшпенділікті ұмытып, жеке өміріне жауының тым күштілігінен туатын қатерге қарамастан “Алаш” ұранының соңына еретін болған”, - деп жазады.

Алаш ұранды қазақтың бірлігіне сүйене отырып отаршыл Ресей патшалығы тудырып отырған саясатқа қарсы көтеру мақсатында «Қазақ» газетін, кейін “Алаш” партиясын құрады. «Қазақ» газетін шығару идеясына Ә.Бөкейхан жетекші болып, А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатұлы ол идеяны жүзеге асыруға ерекше еңбек етті. Ә.Бөкейханның “Қазақ” газетіне жетекші болғанын Алаш азаматы Х.Досмұхамедұлы 1931 жылы ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында былай деп баяндаған: “1913 жылы А.Байтұрсынов пен М.Дулатов ұлттық-демократиялық бағыттағы “Қазақ” газетін шығара бастады. Олар өздерінің төңірегіне мұғалімдердің айтарлықтай бөлігін, Орынбор мен Уфа қалаларының медреселерінде оқытып шәкірттерді топтастыра білді. Орта және жоғары білімді қазақ зиялыларының басым көпшілігі “Қазаққа” ерді. Ә.Бөкейханов “Қазақтың” басты жетекшісі болды. Оның платформасын анықтауға атсалысты” [3, 6 б.].

Қазақ жұртының арасындағы бірлік мәселесі Алаш көсемдерінің ең басты назар аударған мәселелері болды. А.Байтұрсынұлы қазақтың әлеумет ісіндегі көп кемшілігін бірліктің, әлеуметшіліктің жоқтығынан деп түсінді. Оның Крыловтан аударған «Аққу, шортан һәм шаян» атты мысал өлеңі де бірлік мәселесіне бағытталған болатын. Мысал өлеңнің соңғы шумағы Ахан тарапынан мынадай жолдармен өрнектеледі:

Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,
Әуелі бірлік керек, болсаң жолдас.
Бірінің айтқаныңа бірің көнбей,
Істеген ынтымақсыз ісің оңбас.

Ә.Бөкейхан бұл мәселеде тіптен терең кетті. Бірліктің баяндылығын базына еткен Бөкейхан өткен замандағы надан билеушілерді сын тезіне алады. Ол: “Пәлен хан-ай, Түген би-ай!” – деп үйде отырып өкінесіңдер. Бұрынғы хандарың да, бұрынғы билерің де осы күнгі атқа міндім деп жүрген өздеріндей еді! Қазақтың бұрынғы басшыларында әділдік, береке болса, бұл күнде қазақ бұл күйде болар ма еді?! Жұрттың берекесі кетуге түптен себеп болған нәрсе-қазақта бірліктің жоқтығы. Бірлік жоқтан қызықтың һәр қайсысын һәр жерде дұшпаны обайлатқан. Бұрынғы билер болсын, әділдіктен жырақ болған, дәл осы күнгі атқа мінген өздеріңдей”[4, 121 б.], - деп ашына сынаиды.

Жұрт алдында басшылық (көсемдік) борышын дұрыс атқара алмаған ел басшыларының (соның ішінде қазақ хандары да бар) қатесін жөндеуге ұмтылып, қалың бұқарасының ортақ жұмысы үшін өз басының ақсүйектің текті қанын (генін) әлеуметтік әділдік жолына құрбан етіп, Аханша айтсақ, «хан басын қарашаға теңеріп», ақсүйек тұқымның қара халық алдында жіберген қателіктерін өтуді мойына борыш етеді. Хан тұқымы Әлихан: «Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын»[4, 213 б.], -, - деп серт беріп, сол сертке адал болып дүниеден өтті.

Қос көсем халықтың рухы оның өнері мен әдебиетінде екенін жақсы терең ұғынды. Ол рухтың қайнар бастауы халық ауыз әдебиетінде жатқанын жан-тәнімен сезінген. Сондықтан өздері бастамашы болып халық ауыз әдебиеті туындыларының зерттеумен қатар сол мұраның баспа бетінен жариялануына нағыз жанашыр бола білді. Ә.Бөкейхан В.В.Радловтан алынған “Ер Тарғын”, “Қозы-Көрпеш – Баян сұлу” жырларының үлгісін баспа бетінен жарияласа, А.Байтұрсынұлы “Жиырма үш жоқтау” жинағы, “Ер Сайын” батырлық жыры баспадан шығарады.

Ә.Бөкейхан өз қолымен өңдеп, баспа бетінен шығарған түркі халықтарына ортақ “Қозы-Көрпеш – Баян сұлу” жырының маңызы туралы ол былайша тебіренеді: “Қозы-Көрпеш – Баян сұлудың” жайылмаған жері жоқ десе болады. Қозы Көрпеш – Баян сұлу Ертіс Тобыл татарларында, Күншығыс Түркістаны тараншыда, Түркістанда, Сарыарқада, Алтайда, Ұранқайда, Оралда, Кавказда, Шешенде, Осиятінде бар. Қозы Көрпеш – Баян сұлу біздің түрік баласының сүйген ертегісі Норманға Фауст қандай болса, түрік баласына Қозы Көрпеш – Баян сұлу сондай. Қозы Көрпеш – Баян сұлу көп мағыналы, түрік жұртын сипаттайтын әдебиет қорының таңдамасы” [2, 339 б.].

Ә. Бөкейхан– қазаққа еңбегі сіңген кісіні ұлтына, нәсіліне, дініне қарамай ардақ тұту, құрметтеуді қазақ зиялыларына өнеге етеді. Бұл тұрғыда ол Ш.Уәлихановтың досы болған, фольклоршы-этнограф Г.Н Потанин (1837-1918) туралы «Қазақ» газетінің бетінде мақала жариялайды. Мақалада оқымыстының өмірбаяны, Шоқанмен дос болғандығы баяндалады. Мақаланың соңы Потанинді не себептен құрметтейтінін білдіретін бір ауыз сөйлеммен аяқталады: «Қазақты туғанындай жақсы көреді. Бишарасың деп қазаққа қорған болады. Өз ғұмырында қылған жұмысы, жүріп тұрған мінезі анық әулиенің ісіндей» [4, 257 б.].

Г.Н Потанин туралы пікірін Ә.Бөкейхан 1923 жылы А.Байтұрсынұлы өңдеп бастырып шығарған «Ер Сайын» жырларының алғы сөзінде жалғастырады. Марқұм болып кеткен Г.Н Потаниннің өмірбаянына, саяси қызметіне кең шолу жасап, терең баға береді, оның адамгершілік мінездерінен өзі көрген оқиғаларды еске алады. Шоқанның еңбегін баспа бетінен жариялау үшін 40 жыл қалмай жүріп іздегенін (Ә.Бөкейхан Ш.Уәлихановтың 1904 жылы Н.И Веселовскийдің редакторлығымен басылып шыққан тұңғыш шығармалар жинағын мезгеп тұр – А.Ә), «күншығыс елін білем деп талпынған жастар Потанин жазғанын» (Бөкейханов (1992),278) оқу керек екенін еске сала келе, Алаш азаматтарының Потанинді «Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі көш басын алып жүре алмайды. Олай болса көп ұлттан құралған Россияны бір орыстың билеймін дегенінде мағына жоқ. Россия өзге тілі, тұрмысы, қаны басқа жұртқа автономия беруі керек» [4, 276 б.] – деген әділ пікірі мен саяси көзқарасы, пікірі үшін жақын тартатынын, құрметтейтінін жазады.

Алаш көсемі Г.Потаниннің қазақ халқының болашағы туралы :«Қазақты автономия қылсақ, Қараөткел (бүгінгі Астана қаласы – А.Ә) Алаштың ортасы, сонда университет салып қазақ ұлын, қызын оқытсақ, «Қозы – Көрпеш – Баянды» шығарған, Шоқан, Абай, Міржақыпты тапқан қазақтың кім екенін Европа сонда білер – ау» [4, 278 б.]- деген жылы лебізін ыстық ықыласпен еске алады.

Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі тірлігі, Қараөткелде Астана қаласының бой түзеуі – Г.Потанин армандаған қиялдың жүзеге асқанын көрсетіп отыр.

Негізгі мамандығы ауыл шаруашылығы экономисі болса да Ә.Бөкейхан қазақ әдебиеті тарихының ең білімді оқымыстысының бірі болды. Алаш азаматтарының оны 1924 жылы Орынборда өткен Қазақ Білімпаздарының I сиезінде өткен “Халық әдебиетінің хәлі һәм оны қалай жию жолын қарастыру” мәжілісіне төраға етіп бір ауыздан сайлауы көп нәрсені аңғартса керек.

Оның қазақ халқының рухани дүниесіне қатысты мәселерге қосқан ой-пікірі мен тұжырымдары сол тұсты былай қойғанда, бүгінгі күнге дейін оқымыстылар мен оқырмандардың еріксіз таңдайын қақтырады. Бүгінгі оқырман демекші, Ә.Бөкейханның әдеби қызметіне кешегі кеңес үкіметі тұсында лайықты, әділ баға бергендер шетел ғалымдары – оқымысты Европа елдерінің зерттеушілері болды. Ә.Бөкейханның қазақ әдебиеті мен баспасөз ісін дамытуда үлкен қызмет атқарғанын Англияның Оксфорд университетінің ғалымдары: “Ол қазақ әдебиеті мен баспа сөзін дамытуда жетекші роль атқарды” деп бағалады. Ал озық білімді Европадағы ең жетекші оқу орындарының бірі Сорбона университетінің зерттеушілері Ә.Бөкейханды қазақ фольклорын ғылыми зерттеген алғашқы ғалым деп танып, оның әдеби қызметін адам таңданарлық құбылысқа балайды: «Его литературная деятельность была удивительной: экономист, историк, фольклорист, он сотрудничал с многочисленными русскими, татарскими и казахскими периодическими изданиями. Он был первым ученым, который с научной точки зрения проанализировал казахский эпос и фольклор. Его замечательные труды по казахскому эпосу, подписанные псевдонимом “Қыр баласы”, во многом способствовали развитию чувства его соотечественников»[2, 35 с.].

Түйіндей келгенде, Алаштың саяси жетекшісі Әлихан Бөкейхан – қазақтың рухани қазынасы туралы ғылыми негіздегі терең пікірлері мен ерен еңбегі арқылы өз замандастарына өнегелі үлгі көрсеткен тұлға. Оның ғылыми ағартушылық ой-тұжырымдары мен ұстанған бағыты Алаш азаматтарына рухани тағылымы мол мектеп болды. Ал Ә.Бөкейхан тағылымын сол заманда, дәл уақытында жүзеге асыруға. Орындауға ерекше үлес қосқан А.Байтұрсынұлы еді. Сондықтан екеуі де XX ғасырбасындағы қазақ оқығандарының арасында үлкен беделге, құрметке ие болды.

Алашорданың әнұранын жазған атақты ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың Алашорда үкіметі орнаған Семей қаласына келген Ә.Бөкейханға көрсетілген құрметке орай шығарған мына арнауындағы:

Елі үшін құрбандыққа жанын берген,
Бит, бүрге, қанадалаға қанын берген,
Ұрыдай сасық ауа, темірлі үйде
Алаш үшін зарығып бейнет көрген,
Заманда бастан аяқ кейін кеткен,
Жасымай Алашына қызмет еткен,
Болса да қалың тұман, қараңғы түн,
Туатын бақ жұлдызына көзі жеткен;
Түймеге жарқылдаған алданбаған,
Басқадай бір басы үшін жалданбаған,
Қайткенде Алаш көркейер деген ойдан

Басқа ойды өміріне малданбаған, - деген жылы лебіздер жоғарыда біз келтірген Ахаңның өлеңімен үндес жатыр, әрі Алаш көсемінің саяси һәм рухани қызметіне сол кезде көрсетілген үлкен құрметтің жыр кестесіндегі жаңғырығы.

Дәл осындай ыстық лебізді құрмет А.Байтұрсынұлына да көрсетілген. Мысалы, 1922 жылы «Ақ жол» газеті А.Байтұрсынұлының ел үшін атқарған қызметін қазақ оқығандарының ары мен ұятына үлгі ететін іс деп бағалады: «Орысқа жақындасып, Европа тәрбиесін алған қазақ оқығандары өз халқына қарамай, жан бағуды дегенді жеңіл көріп, шен қуып, кеңсеге кіріп, хукіметке жағынып, жақсы адам атанып жүргенде, оқудан шығысымен қырдағы қалың қазақтың ішіне барып, бар білгенін қазақ балаларына үйретуге ынта қылып, қазақтың қара тіліне шыр кіргізбей сақтап, қайта түзей беруге қам қылған Ақаң еді» [1, 15 б.], - деп түйіндейді. Бұған қоса «Ақ жол» А.Байтұрсынұлының қазақ тарихында алар орнын былайша белгілеген:

1. Қазақтың әдеби тіліне негіз салушы. Қазақты «аб» деп бастап оқытып, надандықпен күрескен бірінші ұстазымыз;

2. Оқу ісіне, жазуға жаңалық кіргізген данамыз (реформатырымыз);

3. Патша хукіметінің зұлым саясатымен күресіп, қарсы пікірін таратқан қаһарманымыз (революционеріміз);

4. Қазақ халқының атақты ақыны Ахмет ағай – «екінің бірі», қай жағынан да болса қазақ халқының көсемі» [5, 104 б.].

1923 жылы А.Байтұрсынұлының 50 жылдық мерейтойы Орынборда үлкен қошеметпен аталып өтеді. Баспасөз бетінде Ахаң туралы Е.Омарұлы, М.Дулатұлы, М.Әуезов, С.Сейфуллиндер арнайы мақалалар жариялайды.

А.Байтұрсынұлы мен Ә.Бөкейхан саяси серіктестіктің де, адами достықтың да үлкен үлгісін көрсете білген тұлғалар. Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан 1925 жылы Мәскеуден А.Байтұрсынұлына арнайы хат жазады. «Бауырым Ахмет» деп басталатын хат қазақ жұртының қамы үшін жүргізілетін қам-қарекеттер туралы мазмұнға толы. Хаттың бір тұсында Алаш көсемі Ахаңа Ыбырай Алтынсарин туралы мақала жазуды өтіне келіп: «Егер ол (Ыбырай) қазір өмір сүрсе, сендей болар еді, ал сен ертерек дүниеге келгенінде, оның ісін жасарың хақ» [5, 25 б.], – деп жазады.

«Дала қоңырауы» атанған Ыбырай Алтынсариннің оқу-ағарту ісінде атқарған қызметін құрметтейтін қазақ баласы үшін бұдан артық баға жоқ болса керек. Ахаң осындай баға берген Алаш көсемі – Әлихан Бөкейхан.

Өз кезегінде А.Байтұрсынұлы Ә.Бөкейханның қазақ халқы үшін жасаған еңбегін:

Қырағы, қия жазбас, сұңқарым-ай!

Қажымас қашық жолға, тұлпарым-ай!

Үйірілген өлексені өрге сүйреп,

Шығармақ қыр басына, іңкәрім-ай!- деген өлең жолына сыйдыра білді.

Әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынов А. «Ақ жол» Алматы, 1991ж.
2. Бөкейхан Ә. Таңдамалы (избранное). А., 1995
3. «Қазақ» газеті. А., 1995ж
4. Бөкейханов Ә. Шығармалар. А., 1994
5. Қамзабекұлы Д. Руханият (Мақалалар мен зерттеулер) А., 1997

«ҚАРА ТАУДЫҢ БАСЫНАН КӨШ КЕЛЕДІ» АТТЫ ӘН-ӨЛЕҢНІҢ ТАРИХИ ТӘЛІМІ

Н. ДӘУЛЕТКЕЛДІҰЛЫ,

Іле педагогикалық институты филология факультеті (институты) қазақ тіл-әдебиет кафедрасының аға оқытшысы.

ҚХР Құлжа қаласы

Аңдатпа. «Қара таудың басынан көш келеді» атты тарихи өлеңнің таралу кезеңі, айтылу себебі және руани ықпалы, әнге айналу барысы, жанрлық сипаты, көркемдік қуаты, поэтикалық бояуы, тарихи оқиғалармен қатысы, тарихи болмысты бейнелеудегі өткірлігі, өміршеңдік қуаты, мұң мен қайғыны шебер жеткізген шынайылығы зерделенеді. Тарихи өлеңнің бүгінгі дәуірдегі айтылу

стилі сараланады. Саналы ұрпаққа сәуле құйған патриоттық сарыны насихатталады. Ұлы күйзелісте қазақ көшкен ен дала, өскен жер жайлы дерек көздерге ғылыми түсініктеме беріледі.

Түйін сөз: «Қара таудың басынан көш келеді», «Елім-ай», тарихи өлең, ән-өлең, дәуірлік сипат, тарихи құн, поэтикалық қуат;

Бабалар сөзі – тарихтың көзі. Тарихтың өзі-бабалар ғұмыры, аталар аманаты, бір ұлттың бастан кешкен оқиғалары мен шежіресі. Қазақ санатындағы саналы ұрпақ сан тараулы тарихтың тарам-тарам естеліктері мен тарихи өлеңін жаттап, біліп өсетін, ерлігін өшірмейтін өршіл топтың ардақты өкілдері. Бүгінгі ұрпақ бабалар тарихына үңіліп, қалай өмір сүргенін білмесе, баһадүр балалардың қахармандық іс-іздерін сезбесе, ондай жастардан аса биік үміт ұшқынын байқауы мүмкін емес. Сонау алмағайып заманнан сыр шертетін тәрбиелік мәнге ие тарихи өлеңді барша қазақ ұландарының жатқа білуі өте қажетті. Сонда ғана ұлттық болмысын, ұлттық жігерін сап таза қалпында сақтай алады. Сол өлеңнен нәр алып ұлттық намысын жани алады. Өнге айналдырып, ел арасына таратады. Сана-сезімін оятады. Өне сондай «Елім-ай» сынды тамаша әнге айналған тарихи өлең мәтіні – «Қара таудың басынан көш келеді».

Аталған өлеңнің тарихи астары. Әрқандай ауызша айтылған туындылардың тарихи шындығы, дәуірлік түсі, реал негізі болады. Қара таудың басынан көш келеді деген өлеңнің тарихи шындығы қазақтардың жоңғарлармен қоян қолтық, қиян-кескі соғыс өртінен дерек береді. Қазақтар мен қалмақтар арасында ежелден жер таласы, бақ таласы, билік таласы өнемі туылып, қақтығыс өмір сүріп отырғаны шындық. Екі ұлыс арасында (1530-1771) екі жүз жылдан астам уақыт шайқас толассыз туылып отырады. Жоңғар кезеңінде күрес тіпті де шиленісті кезеңге өтеді. Сол шын тарихи күресті көркемдік өрлікке көтерген туынды – «қара таудың басынан көш келеді» немесе «Елім-ай!» өлеңі. Бұл өлең бұрынғы қалмақтар арасындағы тайпалық қақтығысты көтеру емес, 18-ғасырдағы жоңғарларға қарсы күрестің бір кезеңдік барысын бейнелеп береді. «Жоңғар» атауы моңғол тіліндегі «Зүүн гар» сөзінен келген. Қазақ тілінде «Сол қанат» деген мағына береді. Бұл елдің, мемлекеттің тарихи есімі емес, әскери стратегиялық маңызға ие қорғаныс шебінің атауы. Дәлірек айтқанда, батыс жақты, яғни сол қанатты қорғап тұрған әскери шеп дегенді білдіреді. 1635-жылы Батыс Моңғолияны мекендейтін ойраттар одағына кіретін тайпалар бірігіп, Жоңғар (Сол қанат) хандығын құрып, қазақ жерін жаулап алуға әскери әзірлік құра бастайды. Жалпы, Жоңғария хандығының Қазақ мемлекетіне қарсы шеп түзеп, шабуыл жасауы XVI ғасырдың 30-жылдарынан бастау алады. Ақназар хан тұсында қазақ әскері ойраттарға қарсы бірнеше рет тойтарыс беріп, үлкен жеңістерге жетті. Тәуекел хан тұсында да қазақ жасақтары әлденеше қайта жоңғар әскеріне күйрете соққы берді. Ал «қалмақ» деп жүргеніміз ойраттың іргелі бір тайпасы торғауыттардың атауы. Осы торғауыттар 1628 жылы қазақ даласы арқылы батысқа қарай үдере көшіп, Тобыл мен Жайықтың жоғарғы сағасын басып өтіп, Еділ бойына барып табан тіреді. Олар содан бастап «халимаг», қазақша айтқанда «үдере көшушілер», яғни Еділ қалмақтары деген атқа ие болды. Қалмақ хандығын Ресей патшалығы өзінің оңтүстік шекарасын қорғайтын қолшоқпар ретінде өте тиімді пайдалана білді. 1640 жылы Батыр Қоңтайжы жоңғардың ұлы жиынын ашып, қазақтар өкіл шақырып, алдаусыратады. Өзі ішкі жақта соғысқа дайындық кеңесін құрады. 1643 жылы Орбұлақ шайқасы өтіп қазақ ханы Жәңгірдің қолы жеңіске жетеді. Сол күресте көсем «Салқам Жәңгір» дүние салады. 1653 жылы қайтыс болған Батур қоңтайшының орнына таққа таласқандар арасынан жеңіске жеткен Қалдан Бошқоты жасақ дайындап, қазақтарға қарсы жаңа соғыс майданын ашады. Ол 1680 жылы Жаркент қаласын басып алып, батысқа үдіре тартты. Алайда 1681 және 1683 жылдары оның әскерлері Сайрам қаласын жанталасып қорғаған қожалар мен дулаттың Сиқым, Ботбай тәрізді аталарынан жасақталған сарбаздардан оңбай жеңілді. 1685 жылы Қалдан Бошқотының қолбасшысы Сеуан Рабдан Сайрам қаласына үшінші рет жорық жасап, қаланы басып алып, халқын аяусыз қырды. Бірақ Түркістан қаласына бата алмады. Жоңғарларға қоңтайшы болып сайланған Сеуан Рабдан қазақ жеріне 1711-1712, 1714, 1717-1718 жылдары бірнеше дүркін ауыр жорық жасады. 1717 жылы Тәуке қайтыс болған соң, қазақтың төбе билері оның ұлы Болатты таққа отырғызды. Сол кезеңдерде ойраттар да көп соғыстың кесірінен күші әлсірей бастаған. Арада үш жыл ойрат жерінде жұт болып мал шығыны да аз болмады. Қазақ билігі алмасып, ел ішін реттей бастағанда ойраттар қайта бас көтерді. Қазақ ханы Болат билікте босандық байқатты. Алғаш жоңғарлар Қаратау бағытында Ұлы жүз рулары мекендейтін аймақтарға ұрыс салды. Осы өңірлерде қазақтың Үш жүзінің хандарының (Әбілқайырдың, Жолбарыстың, Болаттың) аралары жақын орналасқан болатын. Қазақтар осындағы өзендер бойында қорған қамалдар салып, жоңғар әскерлерін осындай бекіністер маңында күтіп алды. Бұл шайқастарда қазақ батырлары ерекше ерлік көрсетті. Әбілқайыр басқарған қазақ қолдары 1718 жылы Аягөз шайқасында жеңіліп қалды [4, 9]. 1722 жылы шығыстағы Цинь империясының боғдыханы Ханцийдің қайтыс болып, ойраттарға қаратқан соғысын доғарып, бітімге келді. Бұл саяси

өзгерістен соң Жоңғар билігі күшейіп, қазақ хандығын жаулап алуға аласұра кірісті. Қоңтайшы Сеуан Рабданның жинаған 30 мың адамнан тұратын әскери қосынын бел баласы Шоно Лоузан бастап, 1723 жылы ерте көктемде Шу мен Талас өңіріне басып кірді. Жау Дулат руларын және оларды қолдаған Ысты, Ошақты тайпаларын жаппай қырғынға ұшыратты. Ысты, Ошақты тайпалары Ташкентке қарай шегінуге мәжбүр болды. 1724 жылы Әбілқайыр мен Сәмеке хандар басқарған батырлар қасиетті Түркістанды жау қолына бермеу үшін жанталаса күресті. Алайда зеңбірекпен атқылаған жоңғарлар қала қорғанын тас-талқан етіп қиратты. Қазақ рулары сондарына түскен қалмақ жасақтарынан бас сауғалап, Ташкенттің айналасына да тұрақтай алмай, Ходжент маңына және Шығыс Бұқарадағы Нұратаға дейін көшіп барды. Бұл қасірет «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама», «Сайран айналған» деген атпен халық жадында сандаған ғасырлар бойы сақталып қалды. Түркістан жерінен ұлы жүз бен орта жүз қазақтары Сарарқа, Жетісу жеріне бас сауғаласа, кіші жүз қазақтары Сауран айналып Сібір жеріне ағылды. Ұлы жүз бен Орта жүздің қазақтары Самарқанд пен Ходжентке қарай шұбырды. Кіші жүз қазағы Хиуа мен Бұхараға ағылды. Босқындардың біразы Сырдың сол жағындағы Алқакөл маңына топтасты. Ұлы күйзелістегі қасіретті өлең «Қара таудың басынан көш келеді» осындай тарихи қайғы-қасыретті заманда барлыққа келді.

Тарихи өлеңнің жиналуы, зерделенуі. «Қара таудың басынан көш келеді» атты өлеңнің тарихи барысы бір ғана 1723 жылдар аралығындағы қазақ жасақтарының жеңілісін, күйзелісін бейнелеумен шектелмейді. Бір кезеңдегі сан мәрте соғыстарды қамтып жырлаған өміршең, ғасырлық өлең мәтіні. Қазақ қосындарының жеңісі мен жеңілісін бірге суреттеген көркем өлең естелігі. Бір бөлім еңбектерде «Елім-ай» өлеңі 1723-1725-жылдарға тәуелденеді. Анығы олай емес, аталған тарихи өлең жоңғар қолдарының қазақ жерін басып алған соғыс зардабынан нақ майданда туса да көп соғыстың шежіресі іспетті. «Қара таудың басынан көш келеді» атты тарихи өлең – бір тұтас қазақ даласына жоңғар шапқыншылы лаң салған, ұлы күйзелісті жылдардағы халықтың қайғы-қасіретін, мұң-наласын, ауыр азапты тұрмыс күйін толғаған азаматтық ой көтерген, лирикалық тебіреніске толы халық өлеңі. «Ақтабан шұбырынды» дәуірінің өзегі делінген «Қаратаудың басынан көш келеді» өлеңін алғаш хатқа түсіріп, орыс тіліне аударған Т.А.Сейдалиев, С.А.Жантөрин және П.Н.Распоповтар екен. Қазақ поэзиясын зерттеудегі өзіндік үлесі бар Н.С.Смирнова «Қаратаудың басынан көш келеді» өлеңінің 14 нұсқасы бар екенін атайды[3, 8]. Сол нұсқалардың көбі халық өлеңі екенін растайды. Тарихи өлеңнің нұсқаларындағы болмашы өзгешеліктер тармақтардың басқаша жырлануы, жаңа шумақтардың қосылуы, жер аттарының ауысып қолданылуы жақтарынан көрінеді. Басты тақырып елге, жерге деген сағыныш, қимастық сол күйінде алынады. Аталған тарихи өлеңнің нұсқалары жоңғар соғысы кезінде бірден жиналып алынбаған. Бір талай уақыт алмасу арқылы ел аузынан жатталып бүгінгі заманға жетіп отыр. Қазақ елінде бұл тарихи өлеңнің авторы ретінде бірде Қожаберген жырау Толыбайұлы, енді бірде арғын Топыш ақын аталып қалып жүреді. Асылы «Қара таудың басынан көш келеді» атты тарихи өлеңнің авторы мәлім емес. Бертінгі зерттеулерде Қожаберген жыраудың сол заманда өмір сүрмегені туралы пікір басым. Топыш ақын түптеп келгенде бұл өлең мәтінін жаттап алып кейінгі дәуірде таратып кеткен өнерпаз тұлға қатарында бағаланады. Сол үшін аталған өлеңді авторы ұмыт болған нағыз халықтық лирикалық сарынға жатқызып бағамдау тиімді. «Қара таудың басынан көш келеді» өлеңі басында тарихи өлең сипатында туған болса, уақыт пен заман алмасуына сай ән-өлеңге айналғаны мәлім. Мақамы да халықтық әуеннің тамаша үлгісі.

«Қара таудың басынан көш келеді» өлеңінің алғышқы нұсқасын бертінгі жылдары Қазақ елінде Мұхаметжан Тынышбаев баспа сөзде жариялады. Сосын тарихи өлең нұсқалары Ахмет Байтұрсынұлы, Ж.Досқараев, Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағауин, М.Оразаев қатарлы әдеби қайраткерлердің қолымен жарық көрді. Тарихи өлеңнің нұсқалары табылған соң фольклористер, қаламгерлер, оқымыстылар жағынан ғылыми зерттеулер жүргізілді. Тарихи өлеңнің нұсқалары жөнінде Ысқақ Дүйсенбаев, Сәкен Сайфуллин, Қажым Жұмалиев, Н.С.Смирнова, Б.Уахатов, Г.Тұрсыновалар ғылыми зерттеу жасап, мақалалар жазды.

Аталаған өлеңнің танымдық тәрбиесі. «Қара таудың басынан көш келеді» атты тарихи өлең бірдің басындағы ой мен оқиғаны емес, барша қауымның қайғысын, мұң-зарын, ерлік жігерін, жауға қаратқан өшпенділігін оятып, намыс-жігерін жаныған, өксігін баса білетін әрі егілте білетін отты өлең. Жалпыхалықтық мәселені көтерген, алаш бірлігін, тыныш тірлікті аңсаған, ұлт мұратын көксеген қауымдық өлең. Қазақ басына қара бұлт үйірілгенде ел мен жер тағдырын шешуге бастайтын, езілген жүректі уатып, ел сенімін еске түсірген лирикалық құбылыс. Эпикалық папос ұйқас құрылымына кірігіп кеткен көлемді өлең тіркестерінің тобы. Бұл тарихи өлеңнің басты тақырыбы (темесі) ел мен жердің азаттық алуын аңсау, ұлттық ұлы арманы мен мұратын насихаттау, соры қалың бодандық өмірден босап, еркін ғұмыр кешуге ұмтылу идеяларын көтереді. Тұтас қазақ

қауымының басына төнген қара бұлтты сейілтуге сенім сырын шертеді. Халықтың мұң-зары, кеудені кернеген кегі алапат соғыс өрті мен аласапыран оқиға өзегі арқылы әсерлі суретеледі. Академик М.О.Әуезов: «Ел ескілігінің бір алуаны тарихи өлеңдер», – дей отырып, «Тарих өлеңдері ең алдымен ел тіршілігінде анық болып өткен тарихи оқиғадан туады», – деп ғылыми түсініктеме берген болатын [1, 140]. «Қара таудың басынан көш келеді» өлеңі дәл сол «Ақтабан шұбырынды, Алқа көл сұлама», «Сауран айналған» деген тарихи оқиғаның өзінен нақ майдан ортасында туған шыншыл, тарихи таңбасы айқын өлеңдердің бірі. Аталған өлең сол алмағайып заманның өзінде босып, тозып келе жатқан елдің аузынан жырланып, жатталып кетеді. Өлең мазмұны бір заманның емес, сан қилы зар заманның қал жайын ортақ қамтып жатады. Қазақ тарихында жағалысып, жан берісіп өткен көрестер өте мол. Тарих көздеріне назар аударсақ қазақ халқының жеке ел болуы, дербес хандық құрған кезеңінің өзінен-ақ ел басына қауіп төнген тосын шабуыл, сұрапыл шапқыншылық түрлі қақтығыстар саны 300-ден асып кетеді екен [5, 200]. Жоңғар шабуылына келгенде тіпті көбейді. Сол алапат жан алғыш соғыстардың кек ұшқыны «Елім-ай» әнімен көкіректен атылып шықты. Сосын ақ жоңқа жұт немесе табиғат апаты, қазақ басынан кешкен үш үлкен ашаршылық, ақ селеу болған шешек ауруы кезінде «Елім-ай» әні есті жүрекке нұр құя білді. Төменде «Қара таудың басынан көш келеді» атты өлеңнің тарихи тағылымдық, халықтық эстетикелік, дәстүрлі тәрбиелік мазмұндарын таратып көрелік:

(1) «Қара таудың басынан көш келеді» атты өлең мәтінінде тарихи оқиғаның ізі мен дерегі, елдің заманның салған қатал тағдырына деген көзқарастары бейнеленіп жатады. Қара таудың бөктерінен босқан көштің көрінісі ұлы жүз бен орта жүз қазақтарының мекенін тастап, Түркістан мен Ташкенттен соғыс кесірінен ауып келе жатқан ауыр қалын көз алдыға әкеледі. Түркістанды жаулап алу дәл Суан Рабданның шауылы арқылы іске асты. Жоңғар жасағы бір мезгіл қазақ ханын ығыстырып, қазақ жеріне атой салды. Аталған өлеңде бұл ауыр кезең былай зарлы үнмен кестеленеді.

Мына заман, қай заман, қысқан заман,
Басымыздан бақ құсы ұшқан заман.
Шұбырғанда ізіңнен шаң борайды,
Қаңтардағы қақаған қыстан жаман[2, 250].

Көктем шыға қазақ жеріне басып кірген жаудан жан сауғалап жүрген жандардың аянышты тірлігі, соғыс теперіші осы бір шумақтан-ақ айқын аңғарылады. Жалаңаяқ, жалаң бас басы ауған жаққа жылыстап келе жатқан қара көз қарындастырдың зары бұл. Аштық пен шөлден кезерген ерін, нұры өшкен жанарлар, әл-дәрмені жеткенше, соңғы демі шыққанша еңтігіп жеткен, тілін тістеп, тірнек іздеп шұбырған қазақ арманы. Бір тілім нан, бір жұтым су үміт сыйлаған соғыс зардабы бір шумақ өлеңге сиып жатады. Торыққан ел бұл тағдырды қаңтардағы қыстан ауыр санайды. Жалпы өлең құрылымынан қазақ жеріне жасалған жоңғар жорығы салып кеткен орны толмас өкініштер мен күйініштер ашылып жатады.

(2) Қара таудың басынан көш келеді өлеңінің тіркесі арқылы ескі қазақ жерінің талан таражыға түсуі, өлкетанудың тамыры терең түпкілікті қасиеті шебер де өткір тілмен жеткізіледі. Жер танудың, елтанудың өзектілігі басқа түскен ауыр қасыретті күндерде көрінетінін ұлт санасына құяды. Қазақ ежелден Қаратауда ержетіп, Қаратауға қосын тіккен халық. Соғыс кесірінен осынау қасиетті жерден айрылды. Ағайын-туыс, іні-қарындаспен тірі қоштасты. Сол шақтарда ұлттық болмысқа тән елге деген, жерге деген сағыныш күйігі өзекті өртеді. Қаратаудың басынан көш келеді деп зарланды:

Қара таудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір таулақ бос келеді.
Қарындастан айрылған жаман екен,
Қара көзден мөлдіреп жас келеді.

Мына заман қай заман бағы заман,
Баяғыдай болар ма тағы заман?!
Қарындас пен қара орын қалғаннан соң,
Көздің жасын көл қылып ағызамын[2, 250].

Орталық Қазақстандағы Қаратау қаншама жандарға жайлы қоныс, жаннат мекен болмады дерсіз. Нұқтың кемесі қайрандаған Қазығұрт жері де Қаратау бөктерінде. Адамзаттың жаңа түлеуі де осы қасиетті орыннан бастау алады. Жоңғар жорығында Қазақ қауымы бір мезгіл қадырлы мекеннен, қасиетті ортадан айырылып қапыда қалды. Қара орын, қара бала, аяулы қарындастан көз жазды. Бұл күйзеліс ұлт басындағы, ұлттық болмысқа әсер ететін ұлы күйзеліс. Ұлт тағдырын таразыға салған қасырет. Осы күндерді арғы қазақ бастан кешті. Өлең өрнектері арқылы мыңның мұңын бір адамның

басынан беріп, бар қазақты жылатады. Туған жердің бір шымшым топырағы, туған елдің бір тұяғы аса бағалы екенін кекті ұнмен жеткізеді.

(3) «Қара таудың басынан көш келеді» өлеңі атадан балаға жалғасқан ұлт ұраны. Алаш қауымының еңсе көтеруге бастаған азаматтық сарыны, айбынды патриоттық үні. Баста тарихи оқиғадан туған тарихи өлең болса, кейін бар қазақтың санасында «Елім-ай» деген ұлт ұлағатынан туған мақамды әнге ұласты. Оны алаш қауымы ұлттық оянудың тірегі, ақ жарма тілегі санады. Өткенді ұмытып, болашаққа деген ұмтылыстың ұранына балады. «Алаш қазақ, ұмытпа ұраныңды, Ойыңнан үзбе, халқым құраныңды. Өлгендердің артына өсиет қыл, Қара тауда халық боп құралуды», – деп толғанады алаш жұрты [2, 250]. Бұл шумақта аталған өлеңді ұранға балап, құранға тоқтауды насихаттайды. Кей-кейде қадірлі тұлғаларды аттандырып салуда айтылатын азалау өлеңі ретінде орындалып та кетеді. Өлең темесі (тақырыбы) қайырма мәтінде қайталанатын «Елім-ай» деген атаумен ел құлағына сіңіп кетті. Осы өлеңнен кейін сандаған патриоттық ән-өлеңдер туды. Солардың санаулысы жүректен жүрекке жол тартты. Н.Тілендиевтің «Менің елім», Ө.Еспаевтың «Туған ел», Е.Хасанғалиевтің «Атамекен», Е.Құдайбергеновтің «Қазақтың жігіттері», Е.Зейіпханның «Көк тудың желбірегені» іспетті тыңдарманды тың далаға қимастықпен, туған елге сыластықпен қарайтын сәулелі сана соқпағына бастады.

(4) «Қара таудың басынан көш келеді» өлеңі этика өлшемі, ұлттық мұралдың (моральдың) мұрағаты. Дәстүрлі тәрбиенің оқулығы. «Елім-айлап!» өскен ұрпақ есіне осы өлеңді түсіріп, ерлік пен бірліктің ұлағатын түйсінеді. Тыныш, бейбіт ортаның қай заманда, қай қашанда керек екініне көз жеткізеді. Соғыс зардабы қара халықтың жанын да, тәнін де жаралайтынын ұғындырады. Келмес күнге қош айтып, келешекке үмітпен қарайды. «Қош аман бол кең жайлау өскен жерім, Қайтқан қаздай қалың ел көшкен жерім. Есіл қазақ есейіп ел бола алмай, Ит пен құсқа таланып өшкен жерім», – деп кіндік қаны тамып, кірін жуған қасиетті жерімен бақұлдасады [2, 250]. Бұл шумақтар арқылы жетелі ұрпақ жеңіліс соңынан кейінгі күйзеліске ашынады. Әрбір санада күреске деген кек тұтанады. Өзін адал, мейірбан, жанкешті жан етіп тәрбилеуде аталған өлеңнің эстетикалық әсері аса жоғары рөл атқарады. Ел сүйгіштік, ұлтсүйгіштік рухқа баулиды. Азап пен мазаққа төтеп беретін қайсар идеяларды қабылдауға жетелейді.

(5) «Қара таудың басынан көш келеді» өлеңі әдет-салт өлеңінің тамаша үлгісі. Өлең өлшемі қара өлең ұйқасы арқылы жасалып, қара өлеңнің тармақтарын қайталайды. Ежелгі қара өлеңде шаттық пен шалқыған көңіл бейнеленіп жатса, аталған өлеңде қайғылы зар, ащы кек сипатталады. Бұрынғы қара өлеңдердің бірінші тармағы «Басында Қаратаудың қары бар ма?», «Басында Қара таудың қақ тұрмайды», «Басында қара таудың қар борайды», «Басынан Қаратаудың қарсақ жүрер», «Басынан Қаратаудың асып келдім» деген тармақтарға сәйкес аталған өлеңнің бірінші тармағы «Қаратаудың басынан көш келеді» деп алынады. Анығы бұл өлең дәстүрлі халықтық өлең үлгілерімен толық үндесіп келеді. Өлең мазмұнына шаттықты да, мұңды да, кекті өршіл үнді де, сазды толғауды да қабыстыра біледі. Әнге айналған мәтіні де мұңлы мақаммен халықтық әуендерге құрылады.

(6) «Қара таудың басынан көш келеді» өлеңі психологиялық толғаныс пен көңіл-күй тербелісіне сай келетін жоқтау мен арыздасу сынды өлең үлгісіне жуық келеді. Жан дүние тебіренісін дәстүрлі «мендік» поэзия бітіміне құрады. Авторлық баяндаумен емес, бірінші жақтың сюжетке араласуы арқылы жүзеге асады. Мәселен, «Биік көкте қалықтар қара құмай, Қара таудан көш келер ұбай-шұбай. Ата қоныс жайлауға жүк түсіріп, күліп-ойнар күн қайда баяғыдай», – деп жырлайды өлең мәтіні. Бұл тіркісте меннің ішкі жан әлемі өткенді аңсаумен сабақтасады. Бұрынғы тыныш, баябан тірлікті, шалқыған жайлау сәнін, өмірдің еркін өскен мәнін сағына еске алып толғанады. Өлеңнің әр сөзі толқу, тебірену, күңірену бәрі қалыпты ырғаққа бағынады.

(7) «Қара таудың басынан көш келеді» өлеңі тарихи трагедиялық тірлікті, комедиялық көріністі әсерлі жеткізеді. Жоңғар жорығы қазақ даласына ауыр трагедия тудырды. Қазақ баласына ұлы күйзеліс арқалатты. Ол дәстүрлі драмалық сипатпен «Елім-ай» әні арқылы әр құлаққа жетіп жатты.

Түйін: «Қара таудың басынан көш келеді» өлеңі дәуір бөлгіштік жаугершілік заманның ғұмырлық айнасы. Алаш қауымы алға қойған азаматтық жарлығы. Тарихи тағдырлы күндерді көрсетіп кеткен ерлік пен өрлікке құрылған қайғылы өлең. Ән болып көкіректе жатталған, өзекті өртеген көркем мақамы бар әдеби жәдігер. Ол уақыт ұзарып, заман алмасса да ұлт санасында өшпейтін күйзелісті естеме (естелік). Аталған өлең тарихи тақырыпта айтылған қысқа фольклорлық туындылардың ең тартымдысы, ең өміршеңі. Алаш жұрты ұрпақтан ұрпаққа айта жүреді деп бағамдауға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мұхтар Әуезов. Әдебиет тарихы. ҚР Алматы: Ана тілі, 1991 жыл. –140 бетте.
2. Екі мың жылдық дала жыры. Қазақ энциклопедиясы бас редакциясы. ҚР Алматы. Ғылым. 2000 жыл. 250-б.
3. Жанар Балтабекқызы Ахметжанова. Қазақ фольклорындағы тарихи өлеңдер. Авторефераты. ҚР Алматы. 2007 жыл. 8-б.
4. Талас Омарбеков. Қазақ халқының қилы кезеңі. ҚР Алматы. Ана тілі гәзеті. 2001 жыл. 24-қараша. 9-б.
5. Қазақ тарихи жырларының мәселелері. ҚР Алматы. Ғылым, 1979 жыл. 20-б.

ҒҰМАР ҚАРАШ ЖӘНЕ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ

С.Б. ЖҰМАҒҰЛ,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы. Астана қаласы

«Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың аруақты атын» иемденген «Қазақ» газеті «ұлт үшін деген істің ұлғаюына күшін қосып, көмектесіп, қызмет ету қазақ баласына міндет» және де «қияметке шейін қазақ қазақ болып жасамақ, осы ғасырдың ғылым жарығында қазақ көзін ашып, өзінің қазақшылығын жоғалтпас және өзіміздің әдет-ғұрыпқа сай «қазақ мәдениетін» (казахская культура) құрып, біржағынан «қазақ әдебиетін» (казахская литература) тұрғызып, қазақшылығын сақтамақшы» (1) деп осы жолда ерен істер атқарды. Қазақ мемлекеттігін қалпына келтіруде тарихи қызмет атқарған Алаш зиялылары сол биік мұрат-мақсат биігінен табылудың тар жол, тайғақ кешулі жолында қаны мен жанын жанпида етті. Бұл ретте ұлтқа қызмет етудің мәңгілік үлгі-өнегесін қалдырған Алаш зиялыларының елдік рухтағы кемел істерінде қоғам қайраткері, ақын және көсемсөзші Ғұмар Қараштың тұғыры асқақ.

1913 жылы Ресейдің Орынбор қаласында «Қазақ» газеті ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы редакторлығымен тұсауын кескенде, «Жарық жолға бастаушыға ереміз бе, Ақ жүректі шын ерлерге сенеміз бе? Таза қанды, кірсіз жанды қазақ жұрты Өз алдына ел болғанын көреміз бе?«Алаш» атты орда құрып шалқығанын, Бақ дәулеті туып өсіп балқығанын, Әрбір істе қазақ ісі аңқығанын, Тірілікте көзімізбен көреміз бе?! (2, 128) деп ұлт тәуелсіздігін жырлаған Ғұмар Қараш елдіктің кемел бағытын ұстанған газетке «Сүйінші» өлеңін арнады.

Ақын басылымның әлеуметтік, қоғамдық өмірде алар орынын ерекше бағалап, қазақтың мұңын, мұқтажын өтейтіндігін терең білгірлікпен байыптады.

Киіз үйлі қазаққа -	Тарыққанда тапқаның
«Қазақ» атты ұл туды	Зарыққанда татқаның.
Сүйінші, қазақ, сүйінші	Аспандағы айқын нұр
Ием тілек беріп тұр.	Алабыңа еніп тұр.
Ұран салып, үй тігіп	«Алатау» мен «Ыстықкөл»
Бас қосуға шақырып,	«Сарыарқа» мынау жазық шөл.
Болашақ неше болғанға	«Еділ», «Жайық» арасы
Құлағын салып түріп тұр.	Аралап хабар беріп тұр.
Өмір-бауын берік етіп-	«Қазақ» атты ұл туды
Ел -ұлтына көрік етіп -	Түндік ашты, күн туды -
Мұрады «намыс», «ерік» етіп -	Сүйінші, қазақ, сүйінші !!
Берер кезі келіп тұр.	Міне, көзі көріп тұр.

Татардың «Тәржіман», «Шора», «Фикер», «Уақыт» және қазақтың «Айқап», «Қазақ», «Қазақстан», «Дұрыстық жолы», «Абай» газет - журналдарында жарық көрген мақалаларында өз дәуірінің ең өзекті де ділгір мәселелерін көтерген Ғұмар Қараш «Қазақ» газетінің бірден бір рухани қолдаушысы болды.

1914 жылы «Қазақ» газетінде басқарма атынан берілген «Оренбург, 9 январь» атты мақалада басылым ісіне ерекше еңбек сіңірген қазақтың елшіл азаматтары қатарында Ғұмар Қараш есімі үлкен құрметпен аталады. «Қазақ» газетасы көздеген мақсұдына жету үшін шыққаннан бері күш-қуатын

жұмсады һәм жұмсамақшы. Бір жылдың ішінде «Қазақта» қаламымен қызмет еткен һәм мұнан былай да пайдалы қызметтері үміт етіліп алашқа аты білінген білімді азаматтар: Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, доктор Әбубәкір Алдияров, доктор Арғынғазы Поштаев, доктор Халел Досмұхаметов, доктор Дулатша Күсебғалиев, доктор Бенкевич, присажный поверенный Райымжан Мәрсеков, инженер Мұхамеджан Тынышбаев, қазақшыл Хасанғали, студент Есенғали Қасаболатов, шежіре Шәкәрім Құдайбердин, Ғабдулғазиз Мосы, Ғұмар Қарашев, Жұмағали Тілеулин, һәм басқалар» (1, 82) деген ілтипат өсер ел азаматтарының ортақ істегі жұмыла атқарған береке - бірлігін көрсетеді.

«Қазақ» газетінде Алаш қайраткері Ғұмар Қараштың «Сүйінші» (1913, № 14), «Екі бауырға» (1916, №171) өлеңдері, «Білім жарысы қақында» (1913, №31), «Заң мәселесі» (Шарғи мәселе) (1914, № 50), «Шарғи мәселе қақында» (1914, №53), «Юсіп Субан баласына ашық хат» (1914, № 75), «Варшавада қазақ студенттер» (1915, № 101), «Астархан жері» (1916, №189), «Қазақтың мүфтілікке қосылуы туралы» (1917, № 245), «Мекеме шаригиеде қазақ бөлімі» (1917, № 251), «Ішкі Орда имамдарына» (1918, №265) т.б. мақалалары басылды. Сонымен қатар Ғұмар Қараштың «Бала тұлпар», «Өрнек», «Тұрмыш» кітаптары туралы хабарлар, деректер берілді (1913, №16; 1915, №105).

«Халықты ояту үшін не керек?» атты мақаласында «Егер ұйқымыздан бас көтермей бұрынғыша жата берсек шексіз тез заманнан дүниежүзінен көшпекпіз. Сол себепті, дүниежүзінде қалғымыз келсе, адам баласын ғәйри жан иесінен бір адамды бір адамнан артық еткен ғылым, өнер үйреніп, өзімізден ілгері кеткен халықтармен қатарласуға талап ету тиіс» (2, 211-212) деп тығырықтан шығар жол нұсқаған Алаш қайраткері Ғұмар Қараш «Қазақ» газетінің қолдаушысы және мұраттасы бола отырып, жер, муфтилік, дін, оқу мәселесіне арналған өзекті тақырыптардағы мақалаларымен қазақ жоғын түгендеуде халық санасына қозғау салып отырды.

«Заң мәселесі» (Шарғи мәселе) мақаласында орыс тілінде оқитын оқушыларға қаражат қалай жиналатыны баяндалып, Хамидолла Наубетовтың осы мәселеге байланысты білдірген түсінбеушілігін тарата жазып, шарифат заңын бұрмаламай, құрбандық шалуға орынсыз шығынданбай ұлт игілі және ел ертеңі иманды жастарды оқытуға қаржылай көмектен аянбау керектігін ислам діні құндылықтары негізінде дәлелдейді. «... Аллаға шалынған малдың еті, қаны жетпейді, бәлки ақ ниет, адал жүрек жетеді, яғни малды шалып қанын ағызу яки табақтан етін тарту мақсұд емес, бәлки адам малын - мүлкін қиын жақсы күндерде алла жолына шығаруы мақсұд деген. Бірдің емес, көптің, жалпы жұрттың, ұлттың пайдасына жараған орынды. Алланың өзі һеш нәрсеге мұқтаж емес. Енді осы заман халін, ұлтымыздың жайын ойлап қарасақ, әлгі аяттың көрсеткен жолымен жүрсек, сол құрметті ізгі үш күнде нендей орын тиісті, ұлтымызға пайдалы болып, сол орнымызға малымызды сарф ету жарайды, нағаз сауапты құрбан болып мойнымыздан түседі» (2, 217).

Мұсылман дінінің имандылық пен ғылым - білім игерудегі пәрменді күшін «Осы күнде пайғамбарымыз тіріліп, қайтадан арамызға келіп халымызды көрсе, ең әуелі бастап өз құрбандығын сатып біздің ғылымды-өнерлі болуымыз, басқа елдерге қатарласуымыз жолына жұмсар еді. Ғалымдар пайғамбарлардың жолын қуушылар деген сөз бар. Тек айт, жұмада мінбеге шығып тыңдаушылар түсінбейтін бір тілменен хатбе оқудан пайғамбарға ілтипат табылмайды. Бәлки осындай орындарды халыққа түсіндіріп ілгері басуына себепші болу - әне сол пайғамбарға қарыздық болады» (2, 217-218) деп ұғындырады. Қайырымдылық қоғамдар ашып солар арқылы зекет, құрбандықтарымыздың қаржысына мектеп-медресе ашу, мұқтаж шәкірттерді оқыту, білікті мұғалімдер алдыру, пайдалы кітаптар бастырып тарату бірінші парыз екенін терең екшейді. Мұндай тың пікір сол тұстағы оянған ұлттық сананың Ғұмар дүниетанымында қаншалықты биікке көтерілгенін жаңа бір қырынан айғақтайды деуге болады.

«Варшавада қазақ студенттер» мақаласында Польшада білім алып жүрген қазақ жастары туралы оқырмандарды хабардар етеді. Автор Семей облысынан Әшірбек Шалымбеков, Әбілмәжін Күшіков, Жетісу облысынан Қырғыз Сұлтанов өз күштерімен білім алып жүргені, ал Торғай облысынан Ахмет Тунғаншин стипендия алатынын айтқанда елден жырақта жүрген қыр перзенттерінің білім алудағы игілікті қадамдарының өзгелерге өнегелі де ғибратты болар жағын ескергенін байқаймыз.

Газетте басылған «Екі бауырға» (1916) өлеңінде татар мен қазақтың достық қарым-қатынасын жырлаған ақын туысқан халықтардың арасында түсінбестіктен туындаған келеңсіздіктен арылып, қай істе болмасын ортақ мақсатта бірлікте болуын көздейді.

Ат айтқан жаттық емес «қазақ, татар»,

Баласы бар ананың өскен қатар.

Біріксе жөней бара айқын жолда,

Жарық таң алдарынан жайнап атар.
Бір жүріп, қол ұстасып, сапар шексе,
Бауырлас жақындықтың дәмін татар.
Жақынды жаттай көріп шетке қақса,
«Үйімді» тілек еткен жанға батар (2, 145).

Мұнда гуманист Ғұмардың мұрат - мақсаты ортақ түбі бір туысқан әрі бауырлас елдерді татулық пен тұтастыққа шақырған парасат пайымы, азаматтық келбеті танылады.

Ғұмар Қараш ұлт баспасөзінің қоғамдық қозғаушы күш ретіндегі әлеуметтік маңызын ерекше бағалай отырып, оның қандай да болмасын түйінді мәселелеріне қатысты сергек үн қатып отырды. Ұлт игілігі үшін атқарылар маңызды істердің ұраншысы, ұйытқысы болуды азаматтық парызы деп білді. Атап айтқанда алғашқы қазақ басылымдарының бірі «Қазақстан» газетін шығарудағы ұлт зиялыларының ерен істері Ғұмардың «Баку» очеркінде кеңінен қамтылған. Аталған очерктен «Қазақстан» газетін шығаруда Шәңгерей Бөкеев, Ғұмар Қараш, Елеусін Бұйрин сынды Алаш зиялыларының қайтпас қайсарлық танытқан сом тұлғаларын танимыз. «Ала ту Абылайдың ала аттансаң, Аламан артындағы біреуі мен» деп жырлаған ақын Шәңгерей газетке қаржылай көмек берді, демеушілік жасады. Бүгінгі ұғымға жанастыра айтсақ ел игілігі үшін қазақ топырағында Есенқұл қажы Маманов, Ахмет ишан Оразаев қатарында меценанттықтың негізін қалады.

Қаржы мәселесі тіптен тығырыққа тірелген кезде түбі бір, тілегі бір әзірбайжан халқының ұлтжанды азаматы генерал, қажы Зейнел-Ғабиден Тағиевке Шәңгерей Бөкеев Ғұмар Қараш пен Елеусін Бұйринді жіберіп, көмек қолын ұсынуды өтініп хат жолдайды. Міне, Ғұмардың аталған «Баку» очеркінде осы сапар туралы жазылған. Бұл мәселені кеңінен қарастырған Мақсат Тәжімұратов «Шәңгерей. Жасампаздық өмірі» атты іргелі зерттеуінде «Жолаушылар қажы шарапатындағы орыс - мұсылман қыздар училищесінде болады, училище жанындағы мешіт, жатақхана, театр үйін аралап көреді. Сонсоң қажы қабылдауына кіреді. Бұл ретте, жай - күйді түсіндіруге әзірбайжан түркілерінің белгілі қоғам қайраткері, «Мұсылман - иттифағын» бастап құрушы, Думаның неше қабат ағзасы, Тағиев шәкірті, «Каспий», «Хаят» газеттерінің шығарушысы Ғалимардан бек Топшыбасовтың көмегі тиген. Нәтижеде генерал «Қазақстанға» жәрдем ретінде мың сом береді (Нұғыман Манайұлы «1300 сом болса керек» дейді, бірақ бұл өсіңкіреп айтатын ел ішінің әңгімесі сияқты). «Хажы ...аталық сифатынан ағып шыққан сөздерін айтты, - дейді Ғұмар. - Барлық қазақ атағына...құран шариф ғадие қылды. Амандасып айрылысар жерде «Қазақ баласына менен сәлем - дәулет менікі емес, милләттікі» деген сөзін айтып көзіне жас алды ...» Әне, ол заманға милләт, ұлт желімі сондай болған!» (3, 271) деп жазады.

Ұлт басылымдарының қолдаушысы Ғұмар Қараш 1919 жылы Ордада жарық көрген қазақтың тұңғыш ғылыми-педагогикалық «Мұғалім» журналын шығарушылар алқасын басқарды. Ал, осы жылы «Дұрыстық жолы» газетінің жандануына үлес қосты, өзекті тақырыптарды қамтыған «Екеуі екі басқа», «Ұлт хәм туған тіл» атты мақалаларымен көрінді.

«Екеуі екі басқа» мақаласы Ғұмардың саяси-әлеуметтік тақырыптағы ой өрісінің кеңдігін, азаматтық болмыс-бітімінің ел мүддесімен қашанда тоғысып жатқанын әрі өз ұстанымынан танбаған көзқарасын танытады.

Ақын төңкерістен кейінгі аласапыран кезең қайшылығына көз жүгіртіп, саяси билік жолындағы түрлі топтар арасындағы қанды текетірестерде адасқан қазақтың әлеуметтік өмір шындығын қарастырады. Қарапайым халыққа төңкеріс мақсатын, одан өрістеген қым қиғаш таластарды түсіндіруді мақсат етеді. Әсіресе, қазақ даласына ылаңын салған талай бассыздықтың, жүгенсіздіктің тамырын дөп баса көрсетеді. «Ақ малтасын езіп ішіп, алаңсыз отырған біздің қазақ жұртын революция тасқыны келіп, басқа еш нәрсеге әзірленбеген, қартаң тарихтың қалай аяқ салатынын болжамаған сорлы қалай етерін, қайда кетерін білмей сасқалақтап қалулы. Саяси топтардың күресі граждан соғысына айналғанда, көбі қосақ арасында бос кетіп, құр далаға құрбан болулы.

Ескі патшалық режимнен бізге жиіркеніш мирас болып қалған бұзықтар, белгілі кейіпсіз пысықтар атқа мініп қалған әдеттері бойынша: «Құдай жаңа берді, шалу жоқ, қағу жоқ, момынның не бәрі менікі!» деген бағытқа түсулі» (2, 220) деген толғанысының астары мол. Сол арқылы имансыз саясаттан зардап шеккен елдің ендігі тығырықтан шығар жолын теңдік және бостандық ұранын көтерген большевиктермен байланыстырады. Олардың ұлттық және әлеуметтік теңдік орнатудағы бағытына сенім артады.

«Қызыл ту ерлер қолға алған жолы» (1919) өлеңі де ақынның халқының теңдікке жетудегі үмітіне, сеніміне құралған.

Қызыл ту ерлер қолға алған жолы.

Сондан жарып тіке салған жолы,
Жер бітіп, су аққалы адам ұлы,
Жете алмай қарап көзі талған жолы.
Төр-талқан, есік қирап мұның үшін,
Қымбатты құрбан талай шалған жолы.
Екі иіні көкке жетіп қалған жолы.
Желпініп бейнетқорлар ерік алып,
Шам-шырақ бастарына жанған жолы.
Басында біздің қазақ үрпесе де,
Осы күн анығына қанған жолы.
(«Қызыл ту ерлер қолға алған жолы»)

Алайда жаңа билікке сенім артқан гуманист ақын үміті ақталмады. Кеңестер ұстанған саясат «Жұртым саған не болды?», «Неден қорқам?», «Күн туды» (1918) өлеңдерінде жырланғандай болып шықты. Қоғам қайраткері Смағұл Садуақасов терең білгірлікпен анықтағандай, кеңестік тоталитарлық жүйе «қызыл коланизаторлықпен» саяси зобалаң толқындарын жүргізу арқылы орыстандыру және ұлтсыздандыру саясатын асқан қаталдықпен жүзеге асырды. Мысалы, «Күн туды» өлеңінде «Екі талай іс болып, Елге қиын күн туды. Аспанда ай тұтылып, Жер - жиһанды қан жуды» деп жырласа, «Үрім-бұтақ ұрпағыңды құл етер, Әлпештеген аруынды күң етер, Жарық сәуле бостандыққа мұң етер, Ойламастай, жұртым, саған не болды?» деген толғанысымен ұлт тағдырына егілді. «Мезгілсіз ерте туған таңнан қорқам, Жауынсыз, құр желдеткен шаңнан қорқам, Таң туды, мезгіл жетті жеп адасып, Құрылған қараңғыда заңнан қорқам...Теңгеріп жарлы - байды құрып ұрмақ, Теп-тегіс жұртқа жеткен тойдан қорқам» деп Қазан төңкерісінің алапат зардаптарынан сақтандырды.

Қорыта айтқанда, қазақ баспасөзінің өсіп-өркендеуіне ерекше үлес қосқан Ғұмар Қараштың «Қазақ» басылымында жарияланған көсемсөздерінде қамтылған ділгір тақырыптар елдік мәселелерді тереңнен қозғауымен құнды. Ол ұлт керегі дегеннен бас кетсе де тартынуды білмеген Ғұмар Қараштың ХХ ғасыр басындағы отаншыл рухтағы Алаш көсемсөзінің айтулы өкілі болған тау тұлғасын жаңа бір қырынан танытады. «Аспандағы айқын нұр» деп ақын бағалаған «Қазақ» газеті елдік мәселелеріміздің намысын қайраған байрағы тұрғысынан ұлт ұраншысы болатын басылымдарға үлгі-өнеге болып қалады.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақ» газеті. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. - 560 б.
2. Ғұмар Қараш. Замана. - Алматы: Ғылым, 1994. - 240 б.
3. Тәжімұратов М. Шәңгерей. Жасампаздық өмірі. - Алматы: «Өлке» баспасы, 2002. - 336 б.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ БАТЫРЛАР ЖЫРЫНЫҢ ТАРИХИЛЫҒЫ

Н.К. КАРИМОВА,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының магистранты.

Ғылыми жетекшісі: Ж.Е. Балтоғазева, филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы Атырау қаласы

Аннотация

Все героические эпосы народа напрямую связаны со многими историческими событиями. Эти эпосы были взяты за основу истории страны, истории земли, переселение казахских степей на протяжении многих веков, чтобы быть в курсе духовного мира страны и земли.

В эпосах можно увидеть судьбу казахского народа, что позволяет мыслить исторический и художественно, но также можно заметить на духовно-интеллектуальном уровне.

В статье пишется не только героические эпосы литературного наследия, но и жизнь казахского народа в прошлом, экономика, социальная история, которые могут предоставить ценные материалы.

А также рассматривали некоторые вопросы истории нашего народа, пытаюсь доказать, что исторические данные, - это историческая правда.

Abstract

All the heroic epics of the people directly associated with many historical events. These epics were taken as a basis for the country's history, the history of the land, the resettlement of Kazakh steppes during many centuries, to be aware of the spiritual world of the country and land.

You can see the fate of the Kazakh people in the epics, which allows to think historically and artistically, but also can be noted on the spiritual and intellectual level.

The article contains not only heroic epics of the literary heritage, but also the life of the Kazakh people in the past, the economy, social history, which can provide valuable material.

Also considered some questions of our nation's history, trying to prove that the historical data - is the historical truth.

Қазақ халқының көне эпостық жырларына батырлар жыры жатады. Батырлық эпос халықтың сан ғасырлар бастан кешкен тарихын, елін, жерін қорғауды дәріптейді. Бұл жырлар белгілі тарихи оқиғалардың дәлме-дәл көшірмесі болмағанымен, сол заманның тыныс-тіршілігін, жалпы тарихи болмысын аңғартады. Белгілі бір соғыстың немесе тартыстың ауқымында қалу, соны тарихи дәлдікпен суреттеу эпосқа тән емес. Эпос өмірде болған оқиғалардың санын да, ретін де қуаламайды.

Эпостық жырлардан біз қазақ халқының тағдыр - талайын, тарихи және көркем ойлау ерекшеліктерін, сонымен қатар рухани - интеллектуалдық деңгейін де байқаймыз. Эпос – мәдениқұбылыс. Бірақ оның арқауында нақты бір ру, тайпалардың этникалық тарихы жатады. Осы белгісі мәдениеттің де белгілі дәрежеде этникалық қызмет атқаратынын байқатады.

Қазақ эпостану ғылымында батырлық жырлардың табиғатына байланысты зерттеулер, ғылыми-ізденістер аз болған жоқ. Эпостық мұрамыздың жиналып, жарияланып зерттелуі Ш. Уәлиханов, Ә. Диваев, Г. Потанин, В. Радлов, Ә. Бөкейханов, М. Әуезов еңбектерінен бастау алып, одан бергі кезеңде түрлі танымдық белестерге көтеріліп келеді. Эпостық жырлардың тарихилығын зерттеу, оларды тарихи дереккөз ретінде бағалау Т.А. Гуриев, В.Я. Евсеев, А.М. Линевский, И.Б.Молдобаев, Ж.Ш.Хошаниязов еңбектерінен анық байқалады. [1,107]. Эпостың тарихилығын сөз еткен ғалымдар тұсында Н.И.Кравцов пікірлеріне де елеулі орын беріледі. Эпосты поэтикалық өңдеуден өткен туынды емес, тарихи айғақтың ел санасында сақталып дамуының айрықша жолы ретінде бағалаған ғалым: «В сербском эпосе упоминаются сотни городов, сел, областей, чем он отличается от эпосов других народов» [2,107] - деп, мәселенің түйіні әр халықтың эпостық жырлардың табиғатына барып тірелетінін анықтаған. Соңғы ондаған жылдар көлемінде сонау бір жылдары ғылыми оралымнан шығарылып тасталған бұл бағыт қазақ эпостану ғылымынан да орын алып, күн тәртібіне қойыла бастады. Соның бірі - эпостың тарихилығы қаһармандық жырлардың өмірде болған оқиғаларға қатысы және эпосты тарихи дереккөз ретінде пайдалану мәселесі де осы ғылыми арнамен сабақтасып жатады. Осындай шығармалар қатарына қазақ халқының ертеден келе жатқан мұралары Қара Қыпшақ Қобыланды батыр, Алпамыс батыр, Ер Тарғын, Едіге, Қамбар батыр «Ер Көкше», «Ер Қосай», «Ер Сайын» жырларын жатқызамыз.

Елін, жерін қорғауға, халықты басқа жұрттың езгісінен азат етуге жұмсалған батырлық қана ерекше ілтипатқа бөленіп, ел жадында қалады. Қобыланды - қыпшақ елінің, Алпамыс - қоңырат жұртының, Ер Тарғын - бүкіл ноғайлы елінің намысын қорғаған батырлар. Бір кезде бүгінгі қазақ, ноғай, қарақалпақ ноғайлы елі деген жалпы атпен белгілі болған. Батырлық жырларындағы қазақтың негізгі жаулары - қызылбастар, қалмақтар. Қызылбастар - түркі жұрттары сонау ерте заманнан қақтығысып келген Орталық Азияның оңтүстік-батысындағы иран тектес халықтар да, қалмақтар-жоңғар-моңғол тектес халық. Мұрын жыраудан жазылып алынған жырларда ғана бір ындыс деп аталатын жұрт тарихта нақты белгісіз, индус болуы мүмкін. Өйткені Қушан, Моғолстан заманында түркілер үнділермен де қақтығысқан болуы мүмкін. Бірнеше жырдан тұратын «Қырымның қырық батыры» деген үлкен көлемді эпопеяның өзі-ақ қазақ халқының қаһармандық жырға қаншалықты мән бергенін көрсетеді. Осы шығармаларды негізге ала отырып, олардың тарихи негіздерін айқындау, жырлардағы қазақ тарихының кейбір мәселелерін қарастырып ашу бүгінде кезек күттірмес мәселелердің бірі болып табылады. Бұл шығармалар қазақ әдебиеті саласында көркемдік ерекшеліктерімен қандай құнды болса, тарих үшін де айрықша мәнді.

Қазақ эпосының тарихилығын сөз еткенде, бір ғана ру, тайпа, халық шеңберінде қалмай, сюжеттерді бүкіл Орта Азия, Алтай, тіпті Шығыс әлемі деңгейінде салыстыра зерттеу керек. Ертедегі космологиялық нанымдар, әлеуметтік құрылыс көп елдердің басынан өткен болса, эпосты от басы, ошақ қасында зерттеу пайдасыз болмақ. Жадағай әдеби мінездеме - сыңаржақ методология.

Қазақ эпостарының қай-қайсысын алсақ та, қыпшақ, ноғайлы қазақтары қызылбастарға, қалмақтарға қарсы күреседі. Бұл жырлардың көпшілігінде ноғайлының жерін қалмақтың жаулап

алмақшы болуына байланысты үлкен оқиғалар көрініс тапқан. «Жыр» мәтіндері бастан-аяқ өзінің «Ноғайлы» деген елдің бір кездегі тарихына, өткеніне арнап шығарылғанын аңғартып тұрады. Эпос айтушының алдына қойған басты мақсаты «Ноғайлының тұтас тарихын» оның кейінгі ұрпақтарының тарихи жадынан шығармау, ұмыттырмау екені сезілетін. Шындығында, осынау сауал ХҮІІІ – ХІХ ғасырларда туып, ХХ ғасырдың басында жаңғырған болатын. Әсіресе «Ноғайлы жырларының» ел арасынан жазылып алынған түрлі нұсқалары ғылымда белгілі болғаннан-ақ жырлардың «иесі» (Кавказ, Қырымдағы ноғай әлде қазақ) даулы болды. Алтын Орда ыдырағаннан кейін орнында пайда болған көшпелі мемлекеттің бірі Ноғай Ордасы туралы, оның басындағы үш қара түнек кезеңдер [3.90-107] ішкі қырқыстар, Ресей саясаты, кейінгі бөліну, Кіші жүз құрамындағы Ноғайлы тайпалары жазба деректемелермен қатар, отандық және шетелдік тарих ғылымының жетістіктері арқылы нақтыланып, ашылды. Жырда осы кезеңнің көрінісі тарихи шындықтан (ел билеушілер есімдері, халық жауы, осы тарихи сананы жаңғыртқан «қалмақ билігі», ноғай билеушілерінің таусылмайтын алауыздықтары т.б.) ауытқымаған. Жырларда қазақ тарихының дерек көзі деп бірден таныған, ол туралы алғашқы зерттеулерінің иесі С.Сейфуллин жазатын: «...Орыстың кейбір тарихшылары: «Қазақтың ертеден қалған өзінің әңгіме - жырлары жоқ. Ертедегі батырлар жырлары деп өзінікі қылып жүргендері Ноғайдікі...дейді» [4.298] деген кезеңдер болған.

«Едіге» жырындағы негізгі оқиғалар өрістейтін мекен - Алтын Орда мемлекетінің шегі. Негізгі кейіпкерлер өмірде жасаған, өз кезінде кеңінен танылған нақты адамдар, бұлардың жырға өзек болған іс-әрекеті араласқан оқиғалары - тарихи шындық ауқымында.

«Едіге» батыр жыры туралы кең де кемел пікір айтушылардың бірі күрескер ақын, әрі қоғам қайраткері С.Сейфуллин болатын. Алдымен жырдың қандай тарихи дәуір туындысы екеніне жауап айтылған: «Қоспа ертектен жапсырма «кереметтерін» былай тастағанда қазақтың ескі ел әдебиетіндегі бұл Едіге батыр әңгімесінің Алтын Орда іріп-шіріп бастаған кездегі заманның оқиғаларына бірсыпыра меңзейтін жәйттері көрінеді», - дейді [5.185] ол.

С.Сейфуллин Тоқтамыс пен Едігенің дау-таласында елдің Едігенің тілеулісі болуының себебін де тарихи оқиғалармен дәлелдейді. Зерттеушінің пайымдауынша, ноғайлардың бір бөлігі хандар зорлығының салдарынан Қырымнан жер ауып, Еділ мен Жайыққа босқаны, сол үшін үстем билеушілерге кекті болуы себепті олар Едігенің күресін барынша қолдаған. Едіге тұлғасы халықтың жадында «Едіге деген ер еді, елдің қамын жер еді» деген ұғыммен қалыптасып қалған. Жыр мәтініндегі басқа антропонимдер Нұраддин, Мұса, Орақ, Мамай, Смағұл, Ормамбет, Қарасай, Қазы, Шора, Алшағыр, Көкше т.б. нақты өмірде болған жандар екені, олардың Ноғай Ордасының билері мен мырзалары атанып, жүргізген іс-әрекеттері В.М.Жирмунский, В.В.Трепавлов еңбектерінде зерттелді. Эпоста бәрі дерлік дербес жырдың тақырыбына айналған. [6.752] Ал, «Қобыланды батыр» жырындағы оқиғалар қыпшақтар мен қызылбастар, қалмақтар арасында болды. Келтірілген эпостағы жер аттары, қыпшақ елі, бәрі де тарихи деректер. Демек, бұл жағынан жыр мен тарих арасында еш қайшылық жоқ. Бұл жырда аталған кез, ондағы оқиғалар шындыққа сәйкес келеді.

Олай деуімізге бірнеше дәлел келтірейік: «Қобыланды батыр» жырының Марабай, Мергенбай, Біржан, Досжан жырлаған нұсқалары қыпшақтар мен қызылбастардың арасында көп заманға созылған қарым-қатынастарды, алыс-тартыстарды көрсетеді. Қыпшақтардың Қобыланды бастаған батырларының шетелдік жау қызылбастарға қарсы жүргізген ерлік күресі суреттеледі. Сонда қыпшақ еліне бірінші болып ұрынатын қызылбастың Қазан ханы болады. Мысалы, жырдың Мергенбай айтуындағы нұсқасында: «Қызылбасты елінен, Қазан деген ер шықты. Жан білмеген жер шықты. Ноғайлының көп елін,

Ол жайпап, шауып жаншыпты. Бағынбаған адамын Қырып-жойып таусыпты...» [7.185] - делінеді. Бұл келтірілген үзіндіде аталған Қазан қызылбастардың ханы Қазан болуы мүмкін. Жырдағы Қазан ұрыншақ, көрші елдерге шабуыл жасап, оларды өзіне бағындырып алу үшін күреседі. Оның бұл әрекеттері көрші елдердің жерін, малын олжалап алуы және олардың «бағынбаған» адамын қырып-жойып жіберуін тарихи факті деуге болады. Бұған қарап жырдағы Қазан қызылбастарының жаулық әрекетін көрсетуге болады. Қазан хан ноғайлы қазақтың Қырлы қала, Сырлы қала дейтін екі шаһарын оп-оңай басып алды. Бұл хабар елден-елге тарап кетті. Қазанның қарақшылығын естігенде қырық мың қияттың батыры Сейілұлы Қараман өзінің қарауындағы қырық мың әскер қол жинап, күндік жердей айналысы ат шаптырым айтақырға шатырын тікті. Сол кекті қайтармақшы болып Қараман, Аққозы, Қарақазы, Қосдәулет аттанды. [8.177] Қаланың бекіністерінің қандай екенін біліп, Қараман, Қарлыға, Қобыланды, Орақ төрт батыр бас қосып, шабуыл салады, елді жаудан босатып, Қараспан тауына қайта қондырады. «Қобыланды батыр» жырына арналған сын мақаласында Ә. Бөкейханов оны Тоқтамыстың тоғыз батырының бірі ретінде атап, ХІV ғасырда өмір сүрген деп мөлшерлеген. Эпостық жырдың арқауында ежелгі ру -

тайпалар тарихы жатады деген ойды М. Әуезов еңбектерінен де аңғарамыз. Эпос ноғайлы, қыпшақ, қырғыздар бір ел болып жүрген кездері туған деген ғалым халықтық топонимияға сүйеніп, Қобыландыны тарихта болған адам деп біледі. Жалпы қазақ эпосындағы батырлар тұлғасына келгенде М.Әуезов олардың бәрі «Ертеде туғандары да, кейінірек шығарылғандары да - анық тарихи оқиғаларға негізделген, ал басты-басты кейіпкерлері тарихта болған адамдар». [9.426] Қазақ халқының эпикалық шығармаларының ішіндегі жақсы үлгілерінің бірі келесі жыр - Алпамыс туралы жыр қазақ, өзбек, қарақалпақ, татар, башқұрт, алтай халықтарында бар. [9.253]

«Алпамыс» жырының қазақша нұсқаларында ХҮІ-ХҮІІІ ғасырлардағы азаттық идеясы - қалмақ хандарымен күресу, олардың шабуылынан қорғану идеясы пайда болады. ХҮІІІ ғасырда, әсіресе ХІХ-ХХ ғасырларда жыр бірқатар жаңа идеялармен толыға түседі. Бұл кезеңде шыққан жырды ру басының өз жерлестеріне, туған халқына зорлық-зомбылық жасауына, олардың бейбіт елді жаулап алуына қарсылық күшейе түседі. Сондықтан да «Алпамыс» жырында Қоңырат руының билігін қолына алған Ұлтан мен Алпамыс арасындағы тартыс тақырыбы терең суреттеледі. Бұл дәуірде ислам дінінің халық санасына ықпалын тигізу нәтижесінде «Алпамыс» жырында діншілдік идеялар көріне бастайды.

«Алпамыс» жырының ерекшелігі - ондағы тайпалар ірі этникалық бірлестікке де бірікпейді, кіші субэтностық тармақтарға да жіктелмейді. Бұл белгі қоңырат елінің эпикалық жауы - қалмақтарға да қатысты.

Қазақ эпосының тарихилығына қатысты ой «Қамбар батыр» жыры тұсындағы Н.С. Смирнова пікірлерінен де кездеседі. Ғалымның жырдың тарихи арқауы ноғайлы, өзбек ұлысына енген тайпалар ортасынан іздеуі соны байқатады. [11.253] Жырдың барлық нұсқасында да қалмақ ханы Назымды алам деп ноғайлы еліне шабуыл жасап, оларды бүліншілікке ұшыратып отырады. Ал, Қамбар ноғайлы жұртын қорғайды. Қалмақ ханының әскерімен соғысып, оларды жеңеді. Жырда жағымды образдардан: Қамбар, Назым, Алшыораз, жағымсыз кейіпкерлердің қалмақтың ханы Мақтым жырланады. [11. 186] Басқа жырларға қарағанда, «Ер Тарғын» жырының нұсқалары көп емес. Ел аузында айтылып жүрген «Тарғын» жырының оқиғасы жағынан ең толығы да, мазмұны, көркемдігі жағынан ең құндысы да Н.И.Ильминский бастырған нұсқа. Қазақ эпосымен оның тарихи негізіне қатысты ой - ұшқындары Қ. Досмұхамбетовтың «Қазақ халық әдебиеті» атты еңбегінде кездесіп отырады. Ол Ер Тарғынды Алтын Орда мен Қазақ хандығы тұсында өмір сүрген, бір-ақ келе - келе есімі аңызға айналған тұлға деп біледі.

Ер Тарғын - халқымыздың қанатты қиялынан туған ертегі қаһарманы емес, қазақтың қара құласын қақ жарып шыққан төл тумасы. Ел тарихының төрінен өз орнын алған, өмірде шынайы болған тұғыры биік тұлға. Көңілге бір кірбің түсіретін жәйт - осы «Ер Тарғын» жырының «Қазақ халық әдебиеті» деген ұласпамен (серия) Қазақстан Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы институты 1987 жылы бастырып шығарған «Батырлар жырының» алтыншы томында Тарғынның қырғыз боп жүргені. Бұл жырды 1859 жылы Марабай жыраудың айтуынан Н. И. Ильминский жазып алып, 1862 жылы Қазан университетінің баспасынан шығарған. Ол орыстардың қазақты қырғыз атайтын кезі ғой. Тарғын өмір сүрген тұста қазақ даласында, тіпті Алатауда да қырғыздар жалпы болмаған. Онда олар Енесай бойында көшіп-қонып жүрген. Және қырғызда хандық болмай, ру тайпаларды жеке манаптар билеп келген. Оның үстіне қырғызда Тарғын деген батыр болыпты дегенді де естіген емеспіз. Демек, жырдың келесі басылуында осы жаңсақтықты түзеп, қырғыз жұрты емес қазақ жұртынан шыққан батыр деп жазған абзал болар [12.186].

Тарихи әділдіктің өзі де соны талап етеді ғой. Енді Ер Тарғын өмірде болған шын мәніндегі тарихи тұлға екеніне тоқталайық.

Қазақтың қаһармандық дастанының бас кейіпкері Ер Тарғын энциклопедиялық басылымдарда күні бүгінге дейін ХҮ ғасырда өмір сүрген деп жазылып жүр. Еліміздің тарихын тұңғыш рет жан-жақты зерттеген ірі ғалым, көрнекті алаш қайраткері М. Тынышбаев 1925 жылы жарық көрген «Қырғыз-қазақ халқының тарихы» кітабында аты аңызға айналған бұл тарихи тұлғаны «Естекұлы Ер Тарғын» деп жазады. Оның топшылауынша, Батыс Қазақстан өңірінде Естек Дінахметовтың ұлы Тарғын батырдың атында Тарғын деген өзен бар. Ал оның жазғанымен келісер болсақ, Ер Тарғын он бесінші ғасырдан недәуір кейін өмір сүрген болып шығады.

М. Тынышбаевтың бұл болжамы құмық тарихшыларының аталмыш тарихи тұлғаға беретін бағасымен астасып жатады. Құмықтардың негізінен Дағыстанда тұратын түркі тектес тілі қазақшаға тым жақын кавказ халқы екені белгілі. Құмық зерттеушілері Ер Тарғын туралы өз түсініктерін қазақы дерек көздерімен ұдайы байланыстырып отырады. Мысал үшін «Құмық әлемі» басылымының жазғанына назар салсақ та жетіп жатыр. «ЕрТарғы - Тарқы құмықтарының ауыз әдебиетінде аталатын қаһарман батыр. Бір қызығы ол қазақтың «Ер Тарғын» қаһармандық эпосымен өте ұқсас. Жырға бағар болсақ, қазақ батырыныңкі атамекені - Кубань даласы. Батырдың әкесі Естекерек Қазылық тау

жоталарынан терістікке қарай шөбі шүйгін" суы мол Қиян жазығын жайлаған Тарғынның өзі Қазылық тауларына таман «Темір-қақпа» деген жерде көшіп-қонып жүрген», - деп жазады басылым. Құмық зерттеушілері қазақ жырындағы жер атауларын өзінше топшылап, батырдың атамекенін Үлкен Кавказ жоталарынан терістікке қарай көсіліп жатқан Кубань өзенінің жазығы еді дейді, батыр одан Дербент өңіріне көшкен сыңайлы. [12.186] Егер қазақ халқының қаһармандық жырларынан көрініс тапқан этникалық үрдісті қоғамдық-әлеуметтік ой, этникалық сана көріністерімен тығыз байланыста алып, эпосты этникалық дереккөздің бірі ретінде бағаласақ, қазақ тарихының жаңа беттері ашылып, олар соны мәліметтермен толығырақ түсері анық.

Қазақ эпосында өмір шындығының елесі-тарихи есімдер, жазба деректерге түспеген мәліметтер, сан-алуан ономастикалық деректер, ел естелігі мен эпос арасындағы байланыс, тарихи құбылыстардың халықтық бағасы, тайпа атаулары мен этникалық үрдіс көріністері сақталған. Оның бәрі қазақ тарихына қатысты мәліметтер.

Сонымен, қорытындылай келе батырлар жыры тек әдебиеттік мұра емес, қазақ халқының өткендегі тұрмысынан, экономикасынан, қоғамдық-тарихтық болмысынан бағалы деректер бере алатын құнды материал. Әрине, тарихимәліметтерге ел – қиялы қосқан қоспажайларда араласады. Шындық өмір елесімен қатар ертегілік әсерлеу де басым болады. Соған қарамастан, қазақ тарихының кейбір мәселелері жайлы құнды деректер алуға болады. Бүгінгі күннің талабы халқымыздың осы мол мұрасын өткен тарихымызды зерттеуде дерек ретінде пайдалануға бола ма, болса қалай пайдаланамыз деген мәселелерді алдымызға қоюда. Бұған біз дерекретінде пайдалануға толық болады деп айтар едік. Бұл деректердің артықшылығы бар: оларды халықтың өзі қалдырғандығында. Бұл реттен белгілі эпостанушы Ш.Ыбраевтың: «Эпостың негізі – тарихи шындық. Әсіресе, эпосты тудырған ортаға, халықтың жер – су атауларына тікелей қатысы бар» - деген пікірінің маңызы зор. Қазақ эпостары – қазақ тарихының келелі кезеңдері оқиғаларынан хабар, дерек бере алатын рухани казына.

Сондықтан бұл мақалада қазақ эпостарындағы қазақ тарихының кейбір мәселелерін қарастырып, оны тарихи дерек, тарихи шындық екенін дәлелдеуге тырыстық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Гуриев Т.А. Исторические основы некоторых антропонимов в осетинском нартовском эпосе // Фольклор и историческая этнография. Москва. 1983.107 с.
2. Хошнязов Ж.Ш. Историко-фольклорная характеристика каракалпакской версии эпоса «Алпамыш» Т. 1978.
3. Кравцов Н.И. Сербский эпос и история // Советская этнография. 1948, №3. С. 90-107.
4. Маргулан А. О характере и исторической обусловленности Казахского эпоса. Изв. АН Каз.ССР. Сер. историч./1946. № 2, с. 75-81.)
5. Сейфуллин С. Шығармалары. Қазақ әдебиеті. Алматы: Қазақ кәркем әдебиет баспасы, 1964. Т.6. 456 б.
- 6.Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. М. Восточная литература РАН, 2002. 752 с.
7. Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. Алматы. 1932. 185 бет.
8. Қобыланды батыр. Казахский героический эпос. Москва: Наука, 1975. 78 с. 9. Аманжол Кузембайұлы. История дореволюционного Казахстана. Алматы. 1992. 177
10. М.Әуезов. Әдебиет және уақыт. Алматы. 1962. 426 б.
- 11.Смирнова М.С. Основные версии «Камбара». Алматы. 1959. 253 б.
12. Батырлар жыры «Қамбар батыр» . Алматы. 1986. 186 б

ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ ЖӘНЕ АБАЙТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Г. Ә. МҰРАТОВА,

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры,
филология ғылымдарының докторы.
Астана қаласы*

Ақын, философ-ойшыл Абайдыңшығармашылық мәнмәтіні – Қарасөздері – лингвотанымдық мәні тұрғысынан одан әрі талдану қажеттігі, яғни тілдік ерекшелігі, жанрлық мәртебесі, когнитивтік мәні әр қырынан қарастырылуы керектігі әлі де көкейкесті.Тілдік тұлғаның рухани-танымдық

құндылығының антропоцентристік ұстаным бағытында жаңаша байыпталуы да бұл мәселенің танымдық теориялық тұрғыдан өзектілігіне дәлел бола алады.

Абай Қарасөздері – заман шындығы болып табылады. Қарасөздер – қоршаған ортаның, Абай айналасының рухани-әлеуметтік, психологиялық жағдайының метафорасы. Немесе көркем шығармаға қойылар шарттылықты елемегенде, Абай Сөзі мен шығарма мәтіндегі ой бір бүтін дүниенің көрінісі: ақынның «жан әлемі мен өмір сүрген ортасының шындығы» болып кіріге бірігіп, егіз өрімдей ұласқан және өмірлік шындықтан алынған. Қарасөздер – көп стильдердің қабаттаса, араласуымен келсе де, тұтаса байланысқан, жүйелі ой-толғаммен сабақтасқан, мазмұн тереңдігімен өлшенетін рухани құндылық. Қарасөздердің формасы – стильдік көп қырлы болумен ерекшеленеді. Оның жанрын анықтаудың бір қиындығын даосы мәселелермен байланыстырамыз.

Қарасөзді әдеби туынды ретінде жанрлық тұрғыда анықтай түсу қажет және соған сәйкес терминдік бірліктің мәселесі де нақтылануы тиіс. 1) Қарасөздің семантикалық құрылымы (мазмұны) мен стильдік баяндау тәсілінде (формасында) бірнеше жанрлар тоғысуы, 2) Абай шығармашылығындағы «бұрынғы жаңалықтарының үстіне қосылған бір жаңалық» (М.Әуезов) – әдеби үдеріске жанр жағынан жаңалық әкелуі (яғни Қарасөз жанрын қалыптастыруы). Ол «жаңа жанрды» қалай атау мәселесі де көкейкесті.

Шексіз мұраның бір бөлігі – осы бағалы қазынаны – ой жауһарын – ғылым тілінде қалай атасақ оның табиғатына үйлеседі. Пікірлер әртүрлі. Соның бір парасын А.Байтұрсынұлының зерделеуінен табамыз.

Абай қарасөздері – Ахмет Байтұрсынұлы танымында. Ғалымның «Әдебиет танытқыш» атты еңбегі – ұлттық әдеби теориялық ой пікірді ғылыми жүйеге түсіріп, әдебиеттің тегі мен түріне ұлттық сипат дарытқан ірі туынды. Ұлттық әдебиеттану ғылымының негізін қалаған Лингвист-ғалым «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінің «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі» деген екінші бөлімінде Абай шығармашылығының осы бір тұсына ғылыми бағдар жасайды. Сол теориялық-әдістемелік құнды дүниенің бір парасы «Қарасөз» деп аталып, 1) Әуезе, 2) Әліптеме, 3) Байымдама деген салаларға ажыратылады. Ғалым Әуезені іштей бірнеше түрлерге жіктей отырып, (Шежіре. Өмірбаян. Мінездеме. Тарих. Тарихи әңгіме. Заманхат.) әрқайсысына ғылыми сипаттама береді [1, 211-214]. Заманхат болатын түріне Абайдың Қарасөздерін жатқызады. «Әуезенің» бір түрі деп алған «Заманхатқа» берген анықтама Абай Қарасөздерінің сипаты мен мінездемесіне толықтай сәйкесіп, Заманхаттың өзіндік ерекшеліктері эссе жанрының табиғатына үйлесетін, ортақ тұстар мольнан кездеседі. Соның біріне мысал: «Заманхатта уақиға уақыт *сарынымен жазылмайды*, іс сарынымен жазылады» – деген сипаттама эссе жанрына тән, яғни эсседе көтерілген мәселелердің де *белгілі бір уақытқа тәуелді болмайтыны белгілі*. Немесе «заман хатта... уақиғаны болған күйінше жазбай, жазушы өз көңілінің күйіне бояп, реңкін өзгертуге ықтимал», – деп белгілейді. Бұл эсседегі ой еркіндігі мен баяндау формасының қатаң «*тәртіпке бағынбайтындығын*» танытады. Қарасөздер бойынан да осы белгілерді таба аламыз.

Немесе «Заманхат шынға жақын болу үшін жазушы өз көңілінің күйіне түспейтін яғни *достыққа да, қастыққа да қарамайтын адам боларғатиіс*», – деген байламы да бүгінгі әдеби жанр – эссе жанрының өзіндік ой-пікірге құрылу мүмкіндігіне сілтеме жасалғандай қабылданады.

...«Заманхат жазушы *жазуына керек жемді уақиғаның болып жатқан үстінен алып жазады, яки ... есіне алып жазады*». ...Заман хат айтушының есіне алынып жазылғанда *жәт дерек* деп айтылады» – деген анықтама очерк жанрына тән деректік белгіні де білдіреді. А.Байтұрсынұлының Заманхатқа (бізше эссеге) берген анықтамасында екі жанрдың да элементтерінің ұшырасып қалуының бір себебі эссе табиғатының күрделілігінен болса керек.

«Әдебиет танытқыштағы» тағы бір сипаттама эссе жанрына берілетін айқындаманы еске салады. Ол – эссе *авторының білім-білігі мен таным көкжиегіне* қатысты мәселе (2,300). Эссе авторының білімі терең де биік болатындығы – жанрдың басты қасиеті, өйткені өмірдің әр саласынан сыр шерткен, қалтарыс-құбылыстарын көкірек көзімен зерделеген жазушының жан дүниесі тұнған байлық болуы – заңды қажеттілік. Ал *Қарасөз* авторы Абай ойшылдың ой әлемі, рухани дүниесі де ұлағат арқалаған парасат-пайымға, терең білімге толы екені белгілі. Ендеше, бұл сипатты да Қарасөздер жанрын *эссе* деп тануға уәж болатын тағы бір белгі деп есептейміз.

Абайдың «билердің білігін, шешендердің сөзін», көсемдердің үлгілі істерін көп білгендігін айта отырып, лингвист-ғалым оның рухани кемелдігі жайлы мынадай ой түйеді: ...«Заман бұрынғыдай болса, Абай алаштың атақты билерінің бірі болуы шүбәсіз. Біліммен би болып, жұрт билейтін заман өтіп, таспен би болатын заманға қарсы туған. Білімі көптер жұрт билемей, малы көптер жұрт билейтін заманға қарсы туған. Абай жұрт алдында білімін салғанда, басқалар малын салған»... [1,300].

Шындығында, А.Байтұрсынұлы ерекше екіпін түсіре нұсқаған *Абай білімінің тереңдігі* ел билеу үстінде танылған білігі мен түйінді сөздерінен ғана байқалмайды, оның өлеңі мен Қарасөздеріндегі ой қуатынан, сөздер сырынан да ұғынылады. Бұл – оның тілдік тұлғасы қалыптасуының бір уәжін айқындайтыны ақиқат.

Абай шығармашылығы бұл күнде әр қырынан зерттеліп келеді. Мысалы, кейінгі зерттеулерде айтылып жүрген ойды «Әдебиет танытқыш» авторы бұдан көп бұрын қысқа ғана қайырып, тұжырымдай түйіндеген: «Көп нәрсені Абай сөз қылған, сол сөздердің бәрінде де Абайдың әр нәрсенің асылын танығаны, білгені көрінеді. ...Хақиқатты тануға, тереңнен сөйлеуге бойына біткен зеректігінің үстіне Абай әр түрлі Европа білім иелерінің кітаптарын оқыған» [1,303].

Бұл пікірде А.Байтұрсынұлы Абайдың *суреткерлік шеберлігі* («әр нәрсенің асылын сөз қылу»); *таным тереңдігі* («асылды, хақиқатты тану»); *білім көкжиегі* («тереңнен сөйлеуі, зеректігі»); *жаңашыл ізденімпаздығы* («Европа кітаптарын оқуы») жақша ішіндегі толықтырулар А.Байтұрсынұлының – Г.М.) сияқты қырларына баса назар аударған. Міне, бұл көрсетілген стильдік ерекшеліктер де эссе жанрындағы тілдік тұлғаға қойылар талаптар қатарынан орын алады. Олай болса, А.Байтұрсынұлы Абай Қарасөздерінің жанрын «эссе» деген терминмен белгілемесе де (ол міндет те емес), эсеге тән сипаттың біраз белгілерін көрсеткен екен. Ғылыми көкірек көзімен (интуиция) дәл тани білгеніне тәнті боласыз.

Осылайша, Абайдың Қарасөздері жанрын айқындау тұңғыш лингвист-ғалым А.Байтұрсынұлы зерттеулерінен бастау алып, ұлы Әуезов танымымен толығып, бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді.

«Жалпы алғанда, Абайдың осы қарасөз дейтін мұралары *көркем прозаның өзіне бөлек*, бір алуаны боп қалыптанады. Бұлар *сюжетті* шығармалар емес. Бұрынғы жазушылар қолданған естегі, мемуар да емес. Стиль, мазмұн жағынан алғанда, осы шығармалар – Абайдың *өзі тапқан*, бір алуан көркем сөздің түрі. Кейде бұлар *сыншылдық, ойшылдық* және көбінше *адамгершілік, мораль мәселелеріне* арналған өсиет, *толғау* тәрізді [2,218]. Бұл анықтамада абайтанушы ғалым М.Әуезов *эссе жанрына тән үш белгіні* дәл тауып, дөп басқан: 1) көркем проза жанрына жататындығы; 2) «өзіне бөлек, өзі тапқаны» дегенде стиль ерекшелігі, баяндау мәнерінің (стилінің) өзгешелігі; 3) сюжеті болмайтындығы. Бұлардың бәрі – эссені айқындайтын сипаттар, ол осы сипаттар Абай «жаңалығы» Қарасөздеріне де тән екені дау туғызбайды.

Абайтанушы М.Мырзахметов Қарасөздерді: «бүкіл қазақ әдебиетінің тарихында бұрын-соңды болып көрмеген, жанрлық стильдік ерекшелігімен айрықша дараланатын туынды»,– деп ерекше бөліп көрсетеді де, оның өзіндік сипатының түп тамырын шығыс әдебиетінде өріс алған «намелер» дәстүрімен сабақтасып жатқан құбылыс деп таниды [3,141]. Сонымен қатар, ғалым Қарасөздердің жанрлық түрін анықтауға талай пікірлер айтылғанын, әйтсе де, зерттеушілер пікірі бір арнаға тоғыспағанын да ескертіп өтеді. Әрине, оның себебі қазақ әдебиетіндегі жаңа құбылыстың ерекшелігіне, бір шығармада бірнеше жанр элементі араласа жүргеніне байланысты екені белгілі.

Абай Қарасөздерінің эссе жанрымен ара қатынасы мәселесін анықтауды өз зерттеуіміздің бір мақсаты етіп белгіледік. Қарасөздер жанрын «эссе» деп айқындау үшін: сол эссенің өзіне тән белгілері қандай, ол Қарасөздерде қаншалықты байқалады? деген сұрақтарға жауап беру қажет. Ол үшін алдымен «эссе» термині мен эссе жанрына қатысты кейбір мәселелерді қарастырғанды жөн көрдік. Атап айтқанда:

1) эссе жанрына байланысты әр түрлі зерттеу бағыттарына шолу жасап, өз бағдарымызды анықтау; 2) эссенің мазмұндық-құрылымдық сипатын айқындау; 3) эссе жанрының өзіндік ерекшеліктерін анықтау; 4) эссе мәтінінің коммуникативтік-прагматикалық қызметін көрсету; 5) эссе жанрының функционалдық стильдермен арақатысын анықтау; 6) эссенің теориялық мәселелерін нақтылау қажет.

Пайда болғанына төрт жүз жылдан аса уақыт өтсе де, (сонау Монтень заманынан бері), бұл жанр әлем әдебиетінде, сөз өнерінің ішіндегі теориялық тұрғыда аз зерттелген сала болып келеді. Эссе жанрының күрделі табиғатын, ғылыми теориялық мәселелерін анықтауға байланысты зерттеулер әлі де тереңдетуді қажет етеді. Ой ауқымы кең, философиялық, тарихи, өмірбаяндық, діни, публицистикалық, сыни, әдеби, моральдық, ғылыми-көпшілік мазмұндағы жанр – *эссе* деп анықталғанымен, теориялық түйіндеуде қолмен қойып, «көзбен көргендегідей» бірізділік байқала бермейді.

Эссенің теориясы мен стильдік сипаты жайлы ғылыми топшылауларды жинақтай келе, былайша жіктеме жасадық:

1. Әдетте, *бірінші жақтан жазылады*. Эссе – жазушының жеке өзіндік, индивидуалды шығармашылық келбеті, ойы, күмән-күдігі, арман-қиялы. Эсседегі жеке тұлға қоғамдық ой иесі ретінде де қабылдануы әбден мүмкін. Эсседе автордың өзі, оның ой-сезімі, қоғамға қадалған жанары,

әлемге тастаған назары анық байқалады. Алдыңғы орынға *автор тұлғасы* өзіндік үнімен, өз толғанысымен шығады. Ол өз Сөзімен елең еткізеді, ой тастайды, соған назар аудартады, яғни бірінші жақтан сөз алады.

2. Эсседе автордың өзін *толғандырған мәселе* туралы ой-толғауы ең басты рөл атқарады. Ал автордың ой толғамы және ондағы *ой қазығы* (мысль) – эссенің құндылығы болып табылады.

Абай өзінің ендігі сөзі қоғамды, халықты түзейтін үлкен күш деп түсінеді... «Абайдың үгіттейтіні зор адамгершілік пен халықшыл тазалық жолдар, өз заманындағы барлық мінді, сорақылықты сол тура жолдағы жақсы өлең-өсиетпен түгел жойып, жоғалтуға болады деп иланады»[2,131]. Біздіңше, ұлы Әуезов нұсқаған осы бағдар Абай эссесінің негізгі мазмұнын құрайды, сондықтан Абайдың *ой-толғамын* эссе көздейтін құндылыққа балап, өзіндік сипатын айқындаушы факторлар қатарына қоса аламыз.

3. Эссесінің *композициялық байланысы еркін* болады. «Қатаң заңға», тәртіпке бағынбайтындықтан да эсседегі ой тасқыны белгілі бір жүйеде келе бермейді. Ондағы ой динамикалы. Ойдың берілу (реті) жүйесі толқымалы: сол төңіректе бір ой қылаң беріп, екіншісі тереңдеп барып, басқа арнаға ауысып, ол өз кезегінде тағы бір ой тізбегін тудыруы ықтимал. Ендеше, эссе – сол ойдың көрінісі, толқып-шалқып, кейде тұңғығына тартып, қайта арнасынан асып жататын ой арпалысы болуы әбден мүмкін.

Осы аталған ерекшелік эссенің сюжетсіз шығарма болғандығына тікелей байланысы деп санауға болады. «Бұлар сюжетті шығармалар емес»– деген кесімді пікірді кезінде М.Әуезов берген болатын [2,218].

4. Бұл айтылғандармен сабақтасатын тағы бір тұсы – эссенің «ұжымдылығы», «икемділігі», үйлесімге, іштей өзара сенімге құрылып, бірлесе *ой бөлісуге* шақыруы. Біздің *ой* семантикасына екпін түсіре айту себебіміз: эссенің сипаты – *ойтолғақ*, мақсаты – *ойласу*, міндеті – *ойландыру*. Автордың тікелей өзін толғандыратын мәселелер *ой қазығына* айналады. Әр өнер туындысы (оның ішінде әдебиет) адам мен қоғам рухының тамыршысы екені белгілі. Сол турасында автор оқырманмен, тыңдаушысымен ой бөліседі, ақылдасады. Абай дана да өз пікірлестерін сөзге тартып, өз сырын ашып, бірде мұңын шағып, олардың да наза-наласын тыңдауға әзір екендігін білдіреді.

5. Эссесінің стильдік бір ерекшелігі: бейнелілік, көркемдікпен қоса, афоризмдік байыптама сипатының басымдығы. Эссе сарынында жазылған шығарма құрылымында афоризмдер өте мол ұшырасады, сондықтан да оған «афоризмдік мәні басым» деген баға беріліп жатады [4,58-60]. Дәл осы талапқа да Абай Қарасөздері толық жауап береді. Эссе жанрының құрамдас элементі ретінде афоризмдік айшықтардың доминанта ретінде болуы – Абай Сөздерінің де басты көрсеткіші. Бұл мәселелер «Абайафоризмдерінің сипаты» деген тарауда арнайы сөз етіледі. Эссе көлемі, негізінен шағын болғанымен, бірнеше кітаптан тұратындай кең ауқымға ұласуы әбден мүмкін.

Абай эссесінің көлемі әр түрлі. Он алтыншы, Он сегізінші, Он тоғызыншы, Жиырмасыншы, Жиырма төртінші, Отыз бірінші, Қырық бесінші Сөздері қысқа, шағын болып келсе, көлемі мен мазмұны жағынан ең үлкені «Ғақлият – тасдиқат» деген атпен Отыз сегізінші Сөзі белгіленген. Бұл – Абай мұрасын зерделеп жүргендерге белгілі жайт. Эссе жанрының негізін қалаған Монтень шығармашылығы үш кітапқа арқау болған. Ал Л.Толстой «Круг чтение» еңбегінде өзіне дейінгі ойшылдардың даналық әлемін (ойын) бір жүйеге түсіріп, бірнеше кітап етіп ұсынғаны белгілі.

6. Эссе жанры шығармашылық еркіндікті, әралуандықты қолдайды. Оның ерекшелігі сонда, ол кез келген тақырыпқа, *кез келген стильде жазыла береді*, немесе жаның қалаған тақырыпта, өзін таңдаған стильде ойынды айтып бере аласың, өйткені эссе – өзін көрген, естіген, байқаған мәселе туралы сенің ойың. Жазушының (автордың) жанын жадыратып, әлде жабырқатқан жағдайлар жасырынбай сыртқа төгіліп, сыр болып ақтарылып жатады. Осыған байланысты эссе жанрының құрылымында өзге стиль элементтері араласа жүруі– оған тән негізгі сипаттардың бірі.

Эссе жанрының функционалдық стильдермен ортақ тұсын былайша бағамдауға болады. Соның біріне мысал:

Қарасөз – эссенің ауызекі сөйлеу стилімен арақатынасы.

Эссесінің сөйлем құрылысы, сөйлеу интонациясы мен лексикалық қабаты *ауызекі сөйлеу стилімен* сәйкес келуі– өзіне тән басты бір белгісі.

Қарасөздің лингвостильдік табиғатынан да осы сипат анық байқалады.

Абайтанушы ғалым Р.Сыздықованың ғылыми сараптамасында көрсетілгеніндей, «сөйлеу тілі стилін автор өзі әдейі таңдаған, бұған «Қарасөздерінің» жазылу себептері мен сөз арнаған адресаттары мәжбүр еткен»[5,531].

Адресант өз пікірлесімен (адресатпен) емен-жарқын, ашық әңгіме құрып отырғандықтан (сол стильді таңдаған автордың өзі), өзінің «қарсы алдындағы» әңгімелесуші адаммен тікелей пікірлесудің

өзіне тән тәсілін қолданады, яғни ауызекі сөйлеу тілінің мынадай тілдік белгілерін ескеріп отырады: а) сөйлеу еркін, «автоматты» жүзеге асырылады; ә) диалог-сұхбат түрінде жүреді; б) автор тілдік құралдарды іріктеп, бағындырып жатпай, бірден қолданады, яғни ойдың ықпалына қарай, сөз формасының өзі сұрыпталып шығады.

1) Сол ерекшелікті біз эссе жанрының табиғатымен сабақтастыра қарастырдық. Мысал ретінде, Абайдың Бірінші Сөзінде интонацияға құрылып, ауызша айтуға, тыңдау арқылы қабылдануға лайықталған коммуникативті-прагматикалық қызметтегі мына синтаксемаларды (нақты сөйлеу жағдаятынан туындайтын референция мен номациялар қатынасын) келтірейік. *«Ал енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? ... Ел бағу? Жоқ, елге бағым жоқ. ...Софьылық қылып, дін бағу?»...* Мәнмәтіндегі сұраулық шылау немесе сұраулық есімдік қатыстырылмай, сұрау мәнін тек дауыс ырғағымен қабылдауға болатын, интонацияға құрылған, мүшеленбеген сөйлемдер, сөз жоқ, ауызекі сөйлеу нормасына «бағынған».

Ауызекі стильдің ерекшелігі сақталғанына бұдан басқа да мысалдар бар: 2) *Түрлі моральдық реңктерді* (таңдану, күйіну, өкіну т.б.) *дауыс ырғағы* арқылы жеткізу тәсілін Қарасөз диалогына түскен субъектілер ұтымды пайдаланған. 3) Құрмалас сөйлем компоненттерінің арасындағы жалғаулық шылауларды түсіріп айту – ауыз екі сөйлеу нормасына сыйымды тәсіл екендігі де зерттеуші Р.Сыздықова назарында болған [5,535].

Бүгінгі синтаксистің талабына сай жалғаулықтармен келетін сөйлем құрылымдары ауызекі сөйлеу стилін басшылыққа алған мәтінде өзгеше құрылған, яғни жалғаулық шылау қолданылмай, оның орнына интонация (дауыс ырғағы, дауыс тоны-реңкі) «көмегі» пайдаланылған. Мысалы, *Бағар едім, (бірақ) қалайша бағудың мәнісін де білмеймін; Жас бала қызыл ошақтан қорқушы еді, (ал) бұлар тозақтан да қорықпайды т.б.* Стильдік тәсіл ретіндегі дауыс ырғағының өзі әртүрлі прагматикалық-стилистикалық семантикамен астасқан: *(бірақ) білмеймін* – шарасыздық танытуды білдірсе, *(ал) бұлар қорықпайды* – күйінуді білдіріп, түрлі модальдық мән иеленген.

4) Ауызша қарым-қатынаста, ауызекі сөйлеу стилінде тек жалғаулық шылау ғана емес, тұрлаулы не тұрлаусыз мүшелер де түсіріліп айтылады. Абай прозасындағы бұл құбылыстар жөнінде Р.Сыздықова мына уәжді келтіреді: «Абай тілдік бірліктерді» әдейі түсіруді көздеген жоқ, автордың бұл жерде өз ойын ұсынудың жалпы стилі (мәнері) осы тәртіпке әкеліп тұр. ...Ал табиғи түрде сөйлеу (әңгімелесу) барысында «үнемдеу» деп аталатын тілдік заң әрдайым күшінде болады»[5,535], осы заңдылықты шебер жазушы ұтымды пайдалана алған.

5) Бұлардан басқа ой екпініне басымдық беру мақсатында *сөйлем мүшелерінің орны ауысып келетін инверсия тәсіліне* де иек артады. Мысалы, *«Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын деп; Әрбір байқаған адам білсе кереккүлкі өзі бір мастық екенін»* ... т.б.

Бұл тәрізді ауызша сөйлеу тәртібінің жазба әдеби тіл талабына сай келмейтін тұстарын «көркемдігі кемдеу» деп кей зерттеушілер дұрыс қабылдамаған немесе «Абайдың проза жанрын алып жүре алмағандығы» – деп терісбағалаған...

Эссе жанры мен оның бір үлгісі болып табылатын Қарасөзде осындай «ауытқу» болуы – стильдік тұрғыда қалыпты жағдай, «нормаға сай» көрсеткіш деп есептейміз. Біздіңше, сөз өнерін жетік меңгерген Абайдай сөз зергері екінші себепті басшылыққа алған, яғни ауызша сөйлеу мәнерінде бола беретін «тәртіпсіздікті» мақсатты түрде таңдаған. Әйтпесе, өлеңнен «сұлу сарай соққан», небір шығармашылық жаңалық енгізген, «қиыннан қиыстырған» «сөз данасына» қарасөзді сауатты түзудің, еш қиындығы болмасы аян.

Шешендік шеберлікті меңгерген Абайдың поэзиясында (тілдік тұлғасында) төгілген сөздердің прозалық баяндауға келгенде «кібіртіктеп» қалуы екіталай. Өйткені Қарасөздерді жазуда Абай іздене білген, іздене отырып жалпақ жұртқа арнаған Сөзінің тез әсер ететін тәсілін де қарастырған деп есептейміз. Соның бірі – ауызекі сөйлеу тәсілі.

Дәл осы тұста да Қарасөздер сипаты эссе жанры табиғатымен толық үйлеседі, өйткені, олардың екеуінің де басты сипатының бірі – ауызша сөйлеудегі еркіндік. Сондықтан, Сөз құрылымындағы «нормаланбаған еркіндік» – стиль ерекшелігі, «эсселик» тәсіл деп бағалану керек. Оған негіз бар екенін жоғарыда көрсеттік.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер. Публ.мақалалар және әдеби зерттеулер. – Алматы: Жалын, 1994. - 464 б.
2. Әуезов М. Абайтану мәселелері. -20 т. -Алматы: Жазушы, 1985. -496 б.
3. Мырзахметов М. Абайтану тарихы. Алматы: Ана тілі, 1994. – 192 б.
4. Федоренко Н.Т., Сокольская Л.И. Афористика. –москва: Наука, 1990. -419 с.
5. Сыздықова Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. –Алматы: Арыс, 2004. – 616 б.

ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚ АЙТЫС ӨНЕРІНІҢ АУҚЫМЫ

Ә. ОРНЫҚБАЙҰЛЫ,

ҚХР Іле педагогикалық институты.

Құлжа қаласы

Айтыс өнері сонау байырғы замандардағы халықтық мәдениеттен бастау алған, бірте-бірте кемелденген, дәуір ауқымына тез сәйкесе кететін ауыз әдбиетінің бөгенайы бөлек өміршең жанры. Айтыс туралы зерттеу еңбектері 1855-1856 жылдары Шохан Уалиханов(1835-1865)жазған «Қазақ поэзиясының түрлері» деген мақаласындағы айтыстың қарапайым қағидалары туралы ой-пікірінен басталып, Әбубәкір Дюбәиев (1856-1932), Махмұр Жүсіп Көпеев (1858-1931), Жүсіпбекқожа Шайқысылам(1857-1937) қатарлы халық мұраларын жинаушы, насихаттаушы даналардың еңбегімен толықтанған екен. Сонан соң айтыс тану кеңестік Қазақстан дәуірінде де жүйелі қолға алынып, 1940-1988 жылдары аралығында бірнеше дүркін айтыс өлең жинақтары баспадан шыққан. Бұл дәуірлерде академик, әйгілі жазушы М. Әуезовтан бастап, Қ. Жұмәлиев, М. Ғабдуллин, С.Мұханов, Е.Сымайылов, Ә.Қоңыратбайев, Р. Бердібаев, М.Жармұқаметов, С.Исаев т.б қатарлы ғалым, жазушы, зерттермендердің қатысты еңбектерінде жүйелі байымдалған.

Қытай қазақтарының әдбиет, мәдениет тарихына көз жібергенде, азаттықтан кейін(1949-жылдан кейін) дәуірлік, халықтық бөгенайы айқын айтыс поэзиясы боғанымен, оны жинақтау, реттеу, зерттеу, баспадан шығару жұмыстары бірталайға дейін іске аса қоймаған. Тек 1980 жылдардан кейін ғана бұл жұмыстар мықтап қолға алынып, облыс, аймақ, аудан, дәрежелі көптеген дабыралы айтыстар өтіп, айтыс жинақтары баспадан шығып, жүйелі зерттеулер жүргізіле бастады. әсіре айтыстың жақында Қытайда мемлекеттік дәрежеде қорғалатын бейзаттық мұралар қатарына енуі- бұл өнердің даму, зерттеулер көкжиегін кеңейтіп, тіпті де үлкен ғылыми еңбектердің жазуылуына түрткі болып отыр.

Сонымен бірге ақындар айтысының гүлденуінде тыңдарман жұртшылықтың да рөлін жоғары бағалаған жөн. Ауыз әдебиетін көкіргенде жаттап, сақтаушы және таратушы халықтың айтыс өлеңіне деген ынтасының, қолдауының аса жоғары болғандығын өз кезінде танып білгендігі үшін, Шохан да «ақын сөзін қарапайым жұртшылық тәуліктер бойында тыңдауға жалықпайтынын атап өткен»(1) екен. Бұл жерде айтыс өнері өміршең өнер болғандығы үшін, әр дәуірде атқарған рөлі, мазмұндық мәнері, көркемдік деңгейі жақтан өз мүмкіндігінше гүлденіп-көргейген екен, ендеше, бұдан кейін де айтыс ақындарының қатарының көбеюімен заманның жаңалығына сай айтыс өнерінің мазмұны байып, тыңдаушысының көңілінен шығып, жаңа қырларынан көрініп және зерттеле беретін халықтық сипаты күшті өнер ретінде арналы дамуға бетала бермек.

«Айтыс» деген сөз кең мағындан алғанда, «айтысу, тартысу, дауласу, сынасу» қатарлы синонимдік түс алғанымен, оның алдына «ақын» деген анықтауыш сөздің тіркелуі «өлеңмен айтысу» деген ұғым төңірегіне жинақтап береді. Сондықтан ақындар айтысы-сөз сайысы, сөз сайысы болғанда, өлеңмен көркем өрілген сөз сайысы болмақ.

Айтыстың төркіні, Сонау байырғы айтыстар саналған «жар-жар айтысы», «бәдік айтысы» қатарлы салт айтыстарының өзінде белгілі жүйе қуып айтушылықтың бар екенін көреміз. Ал ақындар айтысы арнаулы өнер йелерінің айтысы болғандықтан, онда дрмалық қақтығыс, көркемдік өре, көп түрлі мазмұн, күрделі құрылым қатарлылар да толық қамтылған болады.

Байырғы айтыс ақындарың туу, таралу ауқымынан қарағанда, ертедегі айтыс ақындары көбінде ас, той-жиылыстарда басы қосылатын, кейде осындай ортада әдейі ақындар айтысы ұйыстырылатын болған. Ал кейде аты шыққан айтыс ақындары әдейі сынасу үшін, бірін-бірі шалғайдан іздеп келіп айтысатын да болған. Мұндайда екі ақынның басы қосылып айтысқан жерге ауылдағы ел-жұрт жиылып тыңдарман болған. Осындай ескі ақындар айтыс өлеңін өз тұсында қолма-қол қағазға жазып алу мүмкін болмағандықтан, айтыс өлеңі сол айтысушылар және көрермен ортасындағы «құйма құлақтар» жағынан тамам жұртқа талалалатын болған. Айтыс өлеңін айтып тарқатушыөзінің ақындық қабілеті болған жағдайда бұл айтыс қай орында, қалай өткенін толықтап қиыстырыпқыстыруы барысында, алдыңғы нұсқалардың қайталай ауызша реттелуі барысында да кей байырғы айтыс нұсқалары өңделіп, уариянттанып отырған. Ал кей байырғы айтыс нұсқаларын айтушы айтыс авторының бірі өзі қайталап өңдеп халық арасына таратқан. «қазақ ақындарының бір жақсы әдеті ұлы айтыстарда өздерінің кімді, қалай жеңгенін дүмпітіп айтуды намыс есептеген. Айтыс текстерін жеңілген ақындар жеңген ақынның ақындық өнеріне сүйіну тұрғысынан өздері айтып таратқан, ал айтыс текстін жеңген ақындар айтып таратса, оларда көбнесе әріптесінің ақындық өресін жоғары бағалап, әріптесінің өзін қалай қағытқанын дәріптейді, әріптесінің қарымжы өлең

жолдарын неғұрлым толық, дәл жырлауға тырысады» (2) дейді Бексұлтан Кәсейұлы, Әсет, Таңжарық айтыстарының бір бөлім үлгілері осындай жолмен бізге жеткен.

Байырғы айтыстардың қазіргі айтыстарға жеткен нәріжәне ортақтығы ретінде ақындық өнер салыстыру, ел мен жерді, заман келбетін жырлау, өз дәуірінің қоғамдық болмысын бейнелеу қатарлы ерекшеліктерін атауға болады. Әсіресе бертінгі заманның ақындары айтыс өнерінің дәуірге бейімделгіштігін, халық өмірінде атқаратын рөлін, өміршеңдік құнын дәл танып, заманға сай құлпыртып жетілдіріп қолдана білді. Қытайдағы осы заман қазақ айтыс ақындарының бұл жақтағы жеткен биігін сондай бір ерекшелітерінен анық таунаға болады.

Қытай қазақтарының таяу және осы заман әдебиет тарихының, оның ішінде ауыз әдебиет тарихының даму жағдайынан алып қарағанда, әсіресе айтыс өнерінің өзіндік арнамен даму, толысу мүмкіндігі жоғары болғанын көруге болады.

Бірінші, өз тұсындағы мәдени ауқымның, қоғамдық, тарихи өзгерістердің айтыстың гүлденуіне игі әсері болды.

20 ғасырдың 30-40-жылдарында қатарға қосылып, айтыстың тақырып жақтан кеңейіп, мазмұндық жақтан баюына, ой өзегін кеңейтуіне сол дәуірдің кейбір тиімді тарихи шарт-жағдайлары да жарыққа шықты. Алып айтсақ, Сол тұстағы шегералық барыс-келіс жасу мүмкіндігіне сай, Кеңестік Қазақстан қазақтары мен Қытай қазақтары арасында жиі барыс-келіс жалғасып, Қазақстан жақтың түрлі басылымдары мен мәдени жетістіктері де Қытай қазақтары ортасына дәл уағында келіп тұрды. Әнші, күйші, ақын-жыршылардың ұдайы барып-келіп, ел аралап өнер тарқатуы, әсіресе, сол тұстағы кеңестік Қазақстанна келген бір бөлім жаңа ортадан, жаңаша білім алған зиялы қауым мен ақындардың бұл жақтағы қарапайым халықтың сауаттануы мен ақындардың тәрбиеленуіне белгілі ықпалы болған. «жүйеден айтыс өнері жағындағы тоғысуына тікелей жол ашқан ғұлама өнер йелерерінен Жүсіпбекқожа Шайқысыламұлы, Әсет Найманбайұлы, Кәрібай Таңатарұлы, Әріпжан Жанұзақұлы, Таңжарық жолдыұлы, қатарлы ақындар ілегерінді-кейінді екі елдің арасында ат сабылтып, бір жағынан таңдаулы айтыстар жасаса, енді бір жағынан байырғы классикалық айтыстар мен Абай өлеңдерін еліміз Қазақтары арсына таратты». (3)

Екінші, Шинжияндағы оқу-ағарту, мәденет жағындағы жаңалықтар мен ілгерлеушіліктер ақындар айтысының дамуына белгілі жақтардан белсенді рөл атқарды. 1920-жылдардан бастап жер-жерде жаңаша мектептер ашыла бастаса, 1930-жылдардан бастап қазақ тілінде «Шинжяң газеті», «Ерікті Алтай», «Тарбағатай» қатарлы жерлік гезеттер жарықа шығып, сол тұстың қоғамдық ауқымын, түрлі жаңалықтарды халық арасына жария еткен деуге болады. Таңжарық қатарлы ақындар жаңаша оқу орындарынан білім алу орайына йе болса, Осы тұстағы Асылқан, Кәрібай, Кәсімбай, Аппақ және бір бөлім өмір баяны толық жетпеген айтыс ақындары жерлік молдалардан, меддерселерден, сауатты адамдардан хат үйреніп, сол тұстың мәдениетінің үлкен жаршысы болған газет-жорналдар мен түрлі басылымдардан өздігінен білім қабылдай алды деуге болады. Ендеше, сол тұстағы өнер-білімге, ғылымға шөліккеп жатқан сол тұстың зялы қауымы ғана емес, айтыс ақындары үшін сол бір орта мен өмірдің өзі үлкен мектеп болғандығы айқын. Мұны бір бөлім ақындар айтыстарындағы өнер үйренуді, сауаттылықты, отырықты болуды дәріптеген мазмұндардан да айқын сезінуге болады.

Үшінші, осы дәуірдегі айтыс ақындарының нағыз үлкен тәрбие көрген ортасы халықтың сол тұстағы қаймағы бұзылмаған рухани мәдениет қазынасы болған деуге болады. Айтыс ақындары сол кездегі халықтың рухани қажетіне және ортаның ауқымына қарай ауыз әдебиеті жанрларының барлық үлгілерінің дамуына зор үлес қосты. Әсіресе, хисагерлік, жыршылық дәстүрі, ақындар айтысы көркем әдебиетке қарағанда көрнекті дамыды. Шинжияндағы қазақ халқы жиі қоныстанған өңірлердегі түрлі ірі астар мен тойлардың жиі өткізілуіне байланысты мұндай қимылдардың бәрі мереке-думансыз болмаған. Кейбір ірі байлар мен ру басылары, мансаптылар өздерінің ат-атағын шығару үшін, салтанатын асыру үшін, әйгілі айтыс ақындарын, әнші-күйшілерді шақырып, тамам жұртпен бірге олардың өнерін тамашалады. Енді кейде бір ауылға сол ақындардың бірі ат басын бұра қалғанда, ондағы жалпы жұрт жиылып, сай-саладан құйылып, ақынды қонақ етіп, өз ауылдарының ақындарымен айтыстырып, таңды-таңға жалғап өлең-өнер кештерін өткізетін болған.

Бұдан басқа, ақындардың да өнер салыстыру үшін бірін-бірі іздеп барып айтысатын кездері де көп болған. Міне осындай орта айтыс өнерінің және дәтүрлі ән мен күйдің өсіп-өркендейтін құнарлы ортасы болған. әрі ақындар ел аралап жүріп, халықтың жағдайын түсінмен бірге, халықтың мол ауыз әдебиетінен сусындау, өнерін ұштай түсу орайына йе болған.

Бұл дәуірдегі айтыстардың жалпы ағымдық, стилдік ерекшелігінен қарасақ, біріншіден ақындар айтысының дәстүрлі сипатын толық сақтаған болды. Байырғы айтыстар ел мен рудың атынан сөйлеп, алдымен бас мінесіп, онан соң ел мінесіп, жалғасты бірін-бірі жеңе алмағанда

басқада білімдік өлеңдер немесе жұмбақ айтысына қарай шарықтай беретін тұстары да болған. Мұнда бас мінескенде өзін көтере мақтап, қарсы жағының орнын төмендетіп түсіруге қарай ұмтылады. Бірақ көңіл бөлуге тиісті бір түйін «бұл жерде өзін мақтау оғаш, өрескел нәрсе деп қаралмайды. Керісінше, қиыстырып, әсемдеп, мәнерлеп шебер тілмен айта білу ақындық шешендіктің, тапқырлықтың белгісі саналады. Бұл әр ақынның айтыста өзін-өзі жан-жақтылы, барынша толық сипаттап айтуына, сөз өрнектерін молынан қолдануына мүмкіндік береді»(4). Ал мінесіп айтысуда сол қалайда қарсыласын ретін тауып, ықтырып, жаңылдырып жеңудің айласы болса тағы бір жағынан алғанда «халықтық айтыс өнерінің жай естетикалық өресінен асып, әлеуметтік байланысқа, ру-тайпалық қарым қатынасына, ел-жұрттың ар-намысына, тіпті ақындардың тағдырына елеулі ықпал жасайтынын аңдатады».(5)

Екіншіден, реалистік сипаты күшті болды. Ақындар айтысының өміршеңігі өз дәуірінің болмысына сәйкесе білуінде десек, оның бұл жақтағы ерекшелігі сол дәуірдегі қазақ айтыстарынан да айқын көрінеді. Кездескен екі ақын бір-бірінің жағдайын толық білгендіктен, өздері өмір сүріп отырған орта, бастарынан кешкен келеңсіз істері, айналасындағы жарыққа шығып жатқан құбылыстар, ақындардың оған болған позитсиясы т.б лар қалайда айтыс барысынан көрініс табады. Бұл айтыс өлеңінің реалдық бояуын қою болуының негізі де саналады. Алып айтсақ, «Асылқан мен Тәнидің айтысында» ел ішіндегі қайшылық, әсіресе момын ел-жұтты обалды еткен ұрлық мәселесі көбірек сөз болса, «мағауя мен тақырдың айтысында» дәстүрлі жолмен басталған айтыстың жалғасы екі ақынның елдеріндегі жақсы-жайсаңдардың жай кемшіліктерінен тартып, елді құтын қашырған жеменгерлігіне дейін, тіпті сол тұстың ең көкейтесті тақырбы болған әйелдер теңдігі, неке еркіндігі мәселесіне дейін көтеріп, айтыс мазмұнын байыта түскен. демек, айтыс өлеңінің өз дәуірінің айнасы болғаны-өз дәуірінің шындығын қаз-қалпында жеткізіп бере алған құдіретімен байланысты деуге болады.

Үшіншіден, бұл дәуірдегі айтыс халықтың бірден бір тартымды рухани азығы болды. Үнемі төрт түліктің бабына бола көшіп-қонып тынымсыз күйбең, аумалы-төкпелі қоғамдық жағдай мен сол тұстағы түрлі түсті алман салықтан әбден жауыр болып қажыған ел үшін бірер той мерекенің өтуі халық өміріндегі үлкен қуаныш болған. Сондықтан ондай бір дабыралы қимылға тау асып, тас басып болсада барып қатынасып қайтатын, ондағы көрген қызығы бір талайға дейін аузынан тастамай айтатын әңгімесі болған. Сондықтан айтыс халықтың көңілін көтеретін, рухани азық болатын бірден бір тятрлік рол ойнады деуге болады. «театр өнері аулан өнердің басы қосылған тоғыспалы өнердің түрі. Оның басты қасиеті сахналық қақтығыс, өзегі диалог десек, айтыс өнерінде осы екеуінің элементі бар. Айтыс –сөз қақтығысы, ой сайысы, жақсылық пен жамандықтың, шын мен жалғанның, махаббат пен қарғыстың теке тіресі десек, осынау идеялар қақтығысын тартыс деп, оны бастан-аяқ екі ақынның өлең диалогы арқылы өрбиді» (6). Міне, сонан барып, бірте-бірте күрделіленіп, қақтығыс күшейіп, соңында бір жақтың жеңілуімен шешім тауып аяқтайтынын білеміз.

Ендеше, халықтың көңілінде жүрген көп түйіншектің өзі айтысқа арқау болса, онда айтыс көптің қолдауымен тіпті де думанды болады. Сондықтан айтыс ақындары ортаға қарай, ең қызықты тақырыптарды көтеріп айтысуға өз мүмкіндігінше тырысады. Ал керемет айтыстар халық ішінде аңыз болып тарап, тіпті уарианттанып түкпір-түкпірдегі халыққа жететін болған.

Бексұлтан Кәсейұлының «Айтыс-сөз барымтасы» атты еңбегінде «өлең перісі дарынан» деп ел алқаған Аппақ туралы мынадай бір қызықты дерек бар: 20 неше жастағы Аппақ ақын шамамен 1931-жылы жайлау үстінде аты шулы ақын жігіт Рахымжан Мешпетұлымен айтысады. Таң атқанша айтысқан ақындар бірін-бірі жеңе алмайды, айтысқа қызығып ентелеген тыңдармандар киіз үйді басып кетеді, ақыры үй жығылады. Айтыс кейінге қалтырылады. Айтыстың жалғасы келесі жазда Аппақ ақынның немере ағасы Шораның тойында жалғасады. Айтыс қатты қызады. Айтыстың тыңдарманы барған сайын көбейіп, сеңдей соғылысады. Екі ұдай болып екі ақында көтермелеген жұрт ақыры тағы да киіз үйді іші-сыртынан кернеп жығады, үшінші жылы жазда Рахымжан ақынның әкесі Мешпеттің немере бауырлары Жетебайдың қыз ұзату тойында әріптес ақындар жалғасты айтысады. Бұл жолы далада жасыл жайсаңда өткізіледі. Айтыс ұзақ жалғасады. Қыза келе ақындар өзара сыр ақтарысады, шаршы топ, елі-жұрты, туыс-туғандары алдында өлеңмен өздерінің көңіл қосқанын әшкере айтып қолдай көріндер деп өтініш етеді. Сөйтіп қос саңлақ ақын өлеңмен танысып, өлеңмен табысады...» (7). Міне бұл деректен біз Қазақ айтысының жүйе қуыса келе кейде тіпті көлемденіп кететіні, түрлі той-төркін, бас қосуларда өтетіні, тақырып, мазмұн жағынан үлкен шектеу болмайтыны сынды арналы ерекшеліктерін де көреміз.

Осы дәуірдегі айтыс ақындарының басым көбі Қытай қазақтарының жазба әдебиетінің көркейіп-гүлденуіне де үлкен үлестер қосты. Қытай таяу, қазіргі заманғы әдбеиетінің көш басылары болған Ақыт, Әсет, Таңжарық қатарлы ақындардың бәрі де фолклорлық жасампаздықпен

шұғылданумен бірге жазба көркем поэзияға қатар қалам теребеген. Осы тұстағы әдебиетте негізнен поэзия жанры үстем орында екені, және ұлттық бояуының аса күшті екені сол тұстағы ақындарымыздың басым көбінің тәрбие көрген ортасымен тығыз байланысты деуге болады. Оларды ең алдымен сусындағаны халық ауыз әдебиетіндегі эпос жырлар, хисалар, ерегілер, тұрмыс салт жырлары болды. Жерлік медресе, молдалардан сауат ашқан ақындардың өзі сол тұстағы алған біліміне сай және сол тұстың оқырманының қажетіне сай келетін поэзия жазуға бет бұрды.

Демек, ақындар ел аралалап жүріп, көркеп айтыстар туғызу барысында өзінің талантын ұштай түссе және бір жағынан кейбір көркем айтыстарын өздері толық барысымен қайталай өңдеп жазып таратты, басқада дастан-хисалар, қысқа жырлар жазды. мұндағы айтысқа төселеген адуын ақындар үшін, оның айтыс өнеріндегі таланты көркем әдебиетке келуіне де үлкен негіз қалап берді деуге болады.

Міне бұл айтыс өнерінің көркем поэзияға да өзіндік игі ықпал көрсеткені десек, айтыстың сол тұстағы халықтың рухани қажетін қандырумен бірге аса бағалы тәрбиелік маңызы да бар болды. Мысалы, «Таңжарық пен Қойдымның айтысында» халқымыздың бойындағы бір талай кемшіліктер мен міндері қазбаланып, тарихи жағдайлар сөз болса, Мағауя, Аппақ ақындардың айтысында әйелдер теңдігі мәселесі айтылады, ал «Әлекен мен Тұрдының айтысында» білімді, мәдениетті және сауда мен өнерді өзекті мазмұн етіп, соны тақырып етіп өрістеген. әсіресе, осы тұстағы айтыстардағы өнер білімді насихаттау, неке еркіндігі, сауда-саттық, отырықты ел болу секілді сол тұстың ең керекті тақырыптары айтыс өлеңдерде бір қырынан жырланды. Демек, айтыс өнерінің өз кезіндегі Қытай Қазақтарының санасын ояту, тәбилеу жағындағы ролына да ерекше мән беруге татиды.

Азаттықтан кейінгі яғни 1949 жылдан кейінгі айтыс өнерінің даму ауқымы жалпы Қытай әдебиет-көркемөнерінің даму жағдайымен негізінен қарайлас болды. Сондықтан бұл тұстағы айтыстың мазмұн мәнері мен тақырыбында үлкен бұрлыс болды. Қытайдың сол кездегі әдебиет-көркемөнер саясатының ықпалымен байырғы көркемөнер туындыларына бүкілдей реформа жасалып, оны тек халық үшін, социализм үшін қызмет еттіру бағыты жолға қойылғандықтан осы заманғы ақындар айтысын өзіне тән бөгенайы, дәуірлік таңбасы, айқын, белгілі жақтардан заманына сай келетін жаналық көтерген айтыс болды деуге болады. Алып айтсақ дәстүрлі айтыстардағы бас мінесу, ел мен жер, ру мінсу мазмұндары ығыстырылды да, ел арасына қайшылық тудыратын тақырыптар аласталды. Оның орнына сол дәуірдегі үлкен жаңалықтар, «социализмнің абзалдығы», «жер реформасы», «алғашқы мойын серк гүрппасы», «коммуна», «зор секіріп ілгерлеу» қатарлы мазмұндар қосылды да, сол бір ерекше қоғамдық, саяси жағдайдың жалпы ауқымы өте көрнектіленді.

Ал 60 жылдардың ішінде өткен айтыстарда азат заманның жеңісі, есе теңдікке жеткен қарапайым халық өмірі, егінші-малшының көркейген тірлігі, осы күнге жеткізген Компартия мен Мау Зыдонның дәншіпан басшылығы қатарлы мазмұндар төңірегінде өрбіді. Үлкен жақтан алғанда, бұл тұстағы айтыс өнерінде мазмұндық, тақырыптық жаңалықтар көп болғанмен бұрынғыдай әр тақырыпты шолып, еркін көсіліп айту мүмкіндігі болмады, ол әдебиет-көркемөнердің басқа түрлері секілді, саяси үшін қызмет ететін үгіт құралына айналып қалғандықтан, айтыс өнерінің өзіне тән маңызды биіктерін көрсете алған жоқ.

Дегенмен ақындық мәдениеттің және қайнардың негізі күшті болғандығы себепті ақындар тақырып тарлығына қарап тоқырап қалмай, өздері айтға тиісті мазмұнды көркемдеп айтуға құлшынды, дәстүрлі айтыс ақындарында болатын суырып салмалық талант, ұстасып айтысу сипаты және де көрнекті болды. Осы тұстарда аға ақындардың ізін басып, Досбер Саурықұлы, Сымағұл Қалиұлы, Боздақ Дүзбенбетұлы, Әділбек Жорықбайұлы, Сұлтан Мәжитұлы, Ахымет Шарапи, Алматай Шалтықұлы, Буырылқан Жүнісұлы, Баратпай Рахымжанұлы, Шайқы Халықұлы, Айт Қапсалаңұлы, Мұратжан Нұрұлы, Мәдіхан Жақсыбайқызы т.б ақындар айтыс сахнасына көтеріліп, өз дәуірінің жаналығын қоғамдық-саяси жағдайдың жол берген мүмкіндігі негізінде жырлай білді.

1971 жылдың соңынан бастап «мәдениет төңкерісінің» беті аздап қайтақандай болды. Неше жыл бойы сүйікті домбырасынан, асыл жыр қазынасынан айырылып, шерменде болып жатқан боз тарлан айтыс ақындарымыз орнынан тұрды және олардың ізін басып іркес-тіркес сапқа қосылған Изет, Баңдаулетқызы, Мұқажан, Мұрат Ингеншеұлы, Тілеуғазы Әбілғазыұлы, Әбілқайыр Ақбайұлы, Бүбімари Жақыпбайқызы, Әлқыдыр, Жұмабек, Күлшан, Бердіқан Абайұлы, Жұмағали Құйқабайев, Құрманбек Зейтінқазыұлы, Жамалқан Қарабатырқызы, Күлан Қуанбекқызы, Мейрамқан Мешелқызы, Қасымқан Уатқанұлы, Мұсылымбек Сарқытбайқызы, Мәметқан Шөкеманов, Дәулетбек Қаңбақов қатарлы тың күштер айтыс майданына қосылып, өз тұсындағы айтыс өнерінің дамуына еңбектерін сіңірді. Жалпы 1949-жылдан 1978-жылға дейінгі Қытайдағы қазақ айтысы өнерінің ауқымынан алып қарағанда қоғамдық, саяси ортаның үлкен ықпалын сезінуге болады.

Солайда, бұл дәуірлерде айтыс өнері өзінің өміршеңдік қуатын әйгілеп, қиын-қыстау жағдайларда да ешқашан арнасы үзіліп қалған жоқ. Қайта саяси науқандарға тығыз сәйкесіп, сол дәуірдің жалпы болмысын, ауқымын, көрінісін толық кескіндей, суреттей алған поэзия болды. тақырып тарлығы, көркемдік өресі, естетикалық қуаты төмендеу болса да, дәстүрлі айтыс өнерінің кей бір құнды ерекшеліктерін сақтай білді. Кейінгі айтыс ақындарының жетіліп, өрелі көркем айтыстардың тууына негіз болды. Сонымен бірге жоғардағы аты аталған ақындардың басым көбі жүйелі сауат ашу, білім алу, шығармаларын басылымдарда жариялау мүмкіндігі болған себепті жазба поэзиямен де қатар шұғылданып, бұл күндері алды бірнеше өлең-дастан жинақтарын шығарды. Жалпы сол тұстағы айтыс өнерінің белгілі дәрежеде жалғасын табуына халықтың айтыс өнеріне деген ықыласы және жергілікті пария, үкімет орындарының қолдауының да жақсы болғандығын да айтпай болмайды.

1976 жылы қоғамдық былықпалық аяқтаған соң, бұл бұрылыс дәуірі әдебиет-көркемөнер шебінің тың серпінмен шұғыл жандауына жол ашылды. Ұзақ жыл Сымағұл, Боздақ, Рахымжан қатарлы қарт ақындар жаңа дәуірдің жаңа беталысына, гүл көктемінде қуа болды, орта жас айтыс ақындар тобына бір топ жас ақындар тобы қосылып, тоқырамасада, толастап қалған айтыс өнеріне қанат бітірді. Әсіресе көркем жазба әдебиет пен бірге жаңбырдан кейінгі майсадай дүр еткен ақындар айтысы өнерге сусаған халықтың шөлін бір басқандай болды. Облыс, аймақ, аудан, тіпті ауыл дәрежелі ақындар айтысы жыл сайын арт-артына өткізіліп, екінші-малшылардың тұманданған көңілін бір серпілтіп тастады.

Жаңа дәуірдегі яғни саясат оңалған 1980-жылдардан кейін айтыс өнерінің көкжиегінің кеңейгені соншалық, ол бұрынғы өткен дәуірлерден де әлде қайда асып түсті деуге болады.

Бірінші, ақындардың қатары молығып, жыл сайын жаңа күш келіп қосылатын ұлы өнер көшіне айналды. әр реткі, әр дәрежелі ақындар айтысы өтудің алдында арнаулы курсы ұйымдастырылып, ақындар жүйелі тәрбие алатын болды. Іле педагогика институты секілді жоғары оқу орындары да арнаулы айтыс мамандығы бойынша оқушы қабылдап, ақын тәрбиелей бастады. «студент ақындар айтысы», «өспірім ақындар айтысы» секілді үлгілерімен айтыстар өткізіліп, айтыс өнеріне жаңа толқынның қосылуына мол мүмкіндіктер жасалды. міне осы негіздерге байланысты ақындар назарияық жақтан да, амалияттық жақтан да пысып жетіліп, айтыс сахналарында өрелі айтыс жасай алуына, бір-бірінен өнеге қабылдауына жағдай жасалды. Әсіресе, көрші қазақстан ақындар айтысының ел арасына таралуы, жас айтыскер ақындардың көркемдік сарын, мазмұндық мәнер жағынан өсуіне де белгілі ықпал көрсетті.

Екінші, бұл тұстағы айтыс поэзиясының көркемдік өресі биік болып, тақырып, мазмұн жақтан да жан-жақтылы жетістіктерге ие болды. Тақырып көлеміне байырғы тарихтағы ірі оқиғалар, халықтың дәстүрлі мәдениет, салт-санасы, әйгілі адамдардан тартып, бүгінгі күндегі халықтың бақытты тұрмысы, пария мен үкіметтің абзал саясаты, сан-салалы өзгерістерге дейін қамтып айтыла беретін болды. Жамалқан Қарабатырқызы, Құрманбек Зейтінқазыұлы секілді әйгілі айтыс ақындарының айтыс өлеңдерінде айтыстың қысқа әзіл айтыстар, хат айтыстар, салттық айтыстар, сахналық айтыстар қатарлы айтыс түрлерінің бәрі де толық қамтылып жатты. Бұндай ерекшелік әсіресе, Құрманбек, Бердіхан өлеңдерінен де айқын көрінеді.

Үшінші, бақытты заман жаңалығын жыр етумен бірге қоғамдағы, осындағы жергілікті қазақ халқының кейбір келеңсіз жайлары сынға алынып, тәрбиелік маңызы күшейді. Жалпы осы тұстағы айтыс ақындарына тән үлкен ортақтық - жүйе қуысып айтуда, көбінде әзіл-оспаққа қарай бейімделуіне келсек, бұл тыңдарман жұртты қызыққа батырып, көңілін көтеру үшін болса және бір жақтан заманның ақынға да, халыққа да силаған үлкен бақыты деуге болады. Сонымен бірге айтыс ақындары бір бөлім жұрттың ілгері басуына тұсау болып отырған, қалың мал, арақкештік секілді зиянды ауқымы болсын, әріптестерінің бойындағы мін болсын, адамгершілікке жат қылықтар болсын, заң-түзімге, береке-ынтымаққа қайшы әрекеттер болсын, жастар арасындағы моралсыздық, мұратсыздық болсын, бәрі-бәрін сөз реті келгенде өлеңдеріне қосып сындап отырды. Мұндай сыншылдық байырғы айтыстарға тән дәстүрі сипат болғанымен, бұл күнгі айтыста өз заманына ғана тәуелді көкейтесті мәселелер көтерілді. Айтыстардымыздағы мұндай ерекшеліктер Бүбімари, Мүсілімбек т.б ақындардың айтыс өлеңдерінен айқын байқалады.

Қазірге дейін Қытайдағы қазақ айтыс ақындарының қатары молайып, айтыс өнерінің қанаты қатайды, тақырып, мазмұн жақтан аулан арнаға ойысып, сахарадан биік саханаларға дейін көтеріліп, көгідір экраннан түспейтін, радиодан халық сүйіне тыңдайтын ұлы өнерге айналды. Үздік айтыстар газет-журналдардың арнаулы беттерінде жариянды. Бүгінгі дәуірдің ең үлкен жетістігі болған интернет арқылы Қытайдағы қазақ тілді сайттар арқылы жарық көрген нұсқаларына жастар қауымы түрлі жақтардан көзқарас білдіріп, көптің аңысын көп қырынан жеткізіп отырды.

Міне бұл ақындардың заманға сай тәрбие көруінің, өзіне жұрт бағасын тікелей сезіне алуының, өз артықшылықғын арттырып, кем тұстарын толықтауына зор мүмкіндіктер беріп келеді. Қортындалып келгенде, Қытай мемлекеттік бейзаттық мұралар тізімдігіне енген. Қазақ айтысы бұдан былайғы дәуірлерде де тіпті де өркен жайып, өміршеңдігімен өлмес өнер ретінде тұлғалана беретін болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақ фольклоритикасының тарихы», Қазақ ССР-інің «ҒЫЛЫМ» баспасы, Алматы, 1988-жыл, 75-бет
2. Бексұлтан Кәсейұлы: «Қазақ әдбиет тарихы», Шінжяң халық баспасы, Үрімжі, 1996-жыл, 682-бет
3. «Қазақ айтысының тарихы», Шінжяң халық баспасы, Үрімжі, 2009 жыл, 215-бет
4. З. Ахметов, «Өлең сөздің теориясы», Іле халық баспасы, Күйтұн, 1991-жыл, 83-бет.
5. 7. Бексұлтан Кәсейұлы: «айтыс-сөз барымтасы», Ұлттар баспасы, Бижиң, 2005-жыл, 91-102-беттер.
6. «Қазақ айтысының тарихы», Шінжяң халық баспасы, Үрімжі, 2009 жыл, 58-бет.

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ АХМЕТА БАЙТҰРСЫНОВА В ОМСКЕ В 1902-1904 ГОДЫ

К.Б.АЛИБЕКОВ,

Магистрант КГУ им.Ш.Уалиханова

*Научный руководитель Абуев К.К.,
доктор исторических наук.*

г. Кокшетау

Abstract.

This article «Ahmet Baitursynov in Omsk city» is devoted about Ahmet Baitursynov jobs in department of peoples school of 1902-1904 years and how intellectual people of Omsk city have effected to his political life.

Түйіндеме

«Ахмет Байтұрсыновтың Омбы қаласындағы қызметі» мақаласы Далалық генерал-губернаторлық халық училищилері дирекциясындағы оның қызметінің бір кезеңін зерттеуге арналған. Омбыға көшуінің себептері және жергілікті зиялардың А Байтұрсыновқа әсері қарастырылады.

Имя Ахмета Байтұрсынова (1872-1938 гг) стало широко известно в казахской степи после обнаружения обращения к царским властям, известного как «Каркаралинская петиция», с требованиями политических свобод казахскому народу. Этот документ был разработан в июне 1905 года на Кояндинско-Ботовской ярмарке. Составителями петиции считаются А.Бокейханов, А.Байтұрсынов, Ж.Ақбаев и другие лидеры национального движения. Какие пути привели Ахмета Байтұрсынова в Каркаралинск и какое влияние оказала на него общественность Степного края мы рассмотрим в этой статье.

Ахмет Байтұрсынов в 1895 году окончил Оренбургскую учительскую семинарию и был направлен учителем в Тургайскую область. Надо отметить, что Тургайская область положительно отмечалась в отчете «О состоянии учебных заведений Тургайской области в 1894 году» А.Е.Алекторова, где указывалось: «занимая bestшее сравнительное положение среди 7 областей (территория Казахстана тогда была поделена между 3 губерниями - прим. Автора), Тургайская область все-таки не обеспечена учебными заведениями в достаточной степени... к 46 школам Тургайской области должны прибавиться до 18-ти новых учебных заведений, что увеличит их количество почти на 39%». [1] Причем в отчеты инспекторов не включались мусульманские школы.

Ряд источников указывает, что по окончании учительской семинарии с 1895 года Ахмет Байтұрсынов работал в Аулиекольской волостной школе, другие исследователи указывают, что он переехал в другую область. Так исследователь Д.Сулейменов, ссылаясь на статью писателя Мухтара Ауэзова, написанную в 1923 году к 50-летию юбилею Ахмета Байтұрсынова, пишет: «В 1896 году, предварительно связавшись с руководителем школ Акмолинской и Семипалатинской областей Алекторовым, Ахмет Байтұрсынов переезжает в Омск». [2] Возникает вопрос: где в течении десяти лет в период с 1895 по 1905 годы работал Ахмет Байтұрсынов?

Исследователь В.Галиев предоставил весьма интересные факты. Он пишет: «Десять лет жизни и деятельности выдающегося казахского ученого и деятеля остается безызвестными. Но по этому вопросу нашлись данные которые помогают уяснить начало деятельности А. Байтұрсынова в начальный период. За годы учебы в Тургайском русско-казахском училище и Казахской учительской школы в Оренбурге Байтұрсынов усвоил не только русскую устную речь, но и приобрел хорошие навыки письменности на русском языке. Он начал сотрудничать в «Тургайской газете» выходившей в Оренбурге. 21 февраля 1896 года в «Тургайской газете» появилась корреспонденция А. Байтұрсынова «Бестамакская волость Актюбинского уезда». В ней рассказывается об открытии медицинского пункта при волостном правлении. Сам факт такого события автор приветствует и осуждает деятельность знахарей. Отмечает, что интерес к знахарям падает. Легко понять, что автор жил в Бестамакской волости. Все правильно в Актюбинском уезде, во втором ауле Актюбинской волости 13 февраля 1894 была открыта аульная школа и учителем с лета 1895 года в ней работал

Байтурсынов, но сама школа в то лето была перенесена в Бетатакскую волость. А в самом конце 1895—1896 учебного года А. Байтурсынов перевелся в Карабутацкое 2 классное русско-казахское училище. 29 мая 1896 года в «Тургайской иллюстрированной газете» появилась его новая корреспонденция «Карабутац». Значит 1896—1897 учебный год. А. Байтурсынов работал в Карабутаке... Именно на страницах «Тургайской газеты» появились первые опыты научной и публицистической работы А. Байтурсынова. Среди них опубликованные на русском языке «Киргизские приметы и пословицы», «Бестамакская волость Актюбинского уезда».

Какое-то время А. Байтурсынов работал и в Аулиекольской аульной школе. А уже с 1897 по 1904 год работал в Кустанайском педагогическом классе». [3]

Таким образом, исследователь В. Галиев считает, что до перевода в Каркаралинск (1904 год) Ахмет Байтурсынов работал в Кустанае. Однако мы располагаем иными архивными документами, дополняющими исследование В. Галиева, а именно деятельность Ахмета в период с 1902 по 1904 годы.

В ходе исследовательской работы нами были исследованы хранилища государственного архива Томской области. Фонд 126 данного архива содержит сведения о состоянии народного в Западно-Сибирском учебном округе. Особенно интересны документы, связанные с дирекцией народных школ Акмолинской и Семипалатинской областей, входивших в состав Западно-Сибирского учебного округа.

К началу XX века учебные заведения Акмолинской и Семипалатинской областей не имели собственной дирекции школ и подчинялись Западно-Сибирскому учебному округу, а текущее руководство учебными заведениями указанных областей было возложено на директора Омской гимназии [4], который исполнял обязанности инспектора. Директор гимназии указывал, что в результате переселенческой политики резко изменилась численность населения и состав: «Край прежде исключительно инородческий (казахский – К.А.), имеет в одной Акмолинской области 270 поселений, переселенцы прибывают десятками тысяч... власти выясняли, где строить училища, когда их надо было строить, часто выбранные места для учебных заведений менялись, а то и строились не там, где надо было. Кредиты выделенные для строительства школ, часто не использовались», - сообщал он попечителю Западно-Сибирского учебного округа в ходатайстве от 3 марта 1901 года и указывал на необходимость введения отдельной должности директора школ области. [5]

Попечитель учебного округа обратился с ходатайством в Министерство народного просвещения, Степному генерал-губернатору по вопросу учреждения должности директора и инспектора народных училищ Акмолинской и Семипалатинской областей. В результате годовой переписки, 7 января 1902 года было получено уведомление из Министерства народного просвещения об учреждении с 1 января 1902 года должности директора с предложением кандидатуры на эту должность в лице «инспектора народных училищ Тургайской области, Статского Советника Алекторова, много лет руководившего начальным образованием инородцев (казахов - К.А.) Внутренней Букеевской орды и Тургайской области». [6]

Краткая справка об А.Е.Алекторове. Александр Ефимович Алекторов (1861-1918 гг) выпускник Пензенской духовной семинарии. Начал свою педагогическую деятельность в Казахстане в 1883 году учителем в Оренбургском округе. Затем сработал инспектором народных училищ в Букеевской орде, Астраханской губернии, а с 1894 года в Тургайской области. [7]

Таким образом, дирекция народных училищ и должность директора были учреждены в январе 1902 года, но сам А.Е.Алекторов до конца марта 1902 года находился в Тургае, Так согласно архивных данных 20 марта 1902 года состоялось заседание Общества попечения о начальном образовании в Кустанайском и Актюбинском уездах, председателем которого он состоял семь лет с 1894 по 1902 год. На собрании были члены-сослуживцы постановили выразить ему благодарность за работу и преподнесли икону с дарственной надписью. [8]

Надо отметить, что знакомство Ахмета Байтурсынова с А.Е.Алекторовым произошло ранее, еще в период работы в Тургайской области, где он начал свою педагогическую деятельность под его руководством. Сам А.Е.Алекторов подтверждает данный факт в работе «Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о казахах» (Казань, 1900 год), указывая, что А. Байтурсынов состоит учителем в Аулиекольской волостной школе. [9]

В конце марта 1902 года А.Е.Алекторов прибыл в Омск и приступил к исполнению обязанностей директора школ Степного края и занялся подбором административного персонала дирекции. Были приняты инспектора народных училищ для каждой области. С июля 1902 года согласно переписки директора с подведомственными учреждениями Ахмет Байтурсынов указывается как делопроизводитель дирекции народных училищ Акмолинской и Семипалатинской областей. [10]

Таким образом, мы установили, что с июля 1902 года Ахмет Байтурсынов работал в Омске, а не в Кустанае.

Период деятельности Ахмета Байтурсынова в Омске с 1902 по 1904 годы в дирекции народных училищ Акмолинской и Семипалатинской областей слабо изучен, также как и причины переезда в Омск.

Исследователь Д.Сулейменов указывает, что на перевод Ахмета Байтурсынова в Омск непосредственное влияние оказал А.Е.Алекторов: «О совместной работе Алекторова с Байтурсыновым, которая длилась более десяти лет, нам сегодня мало известно...можно утверждать, что в основе их сотрудничества – желание служения простому народу в деле его образования». [11] Сам А.Байтурсынов в автобиографии указывает, что с 1901 года занимался самообразованием.

Вместе с тем, есть основания полагать, что на его переезд в Омск повлияли иные обстоятельства. В том числе желание быть в центре общественной жизни Степного края и возможность общения с представителями омской интеллигенции. В этот период как в центре так и на окраинах в Российской империи шло активное формирование политических партий, оказавших существенное влияние на события февраля 1917 года. Манифест от 17 октября 1905 года предоставил политическую свободу и в Москве, Петрограде появились новые партии, создававшие свои отделы, филиалы по всей России, включая и Омск. Одним из первых в Омске сформировался отдел «Союза 17 октября», но наиболее крупной и влиятельной либеральной партией были кадеты – конституционно-демократическая партия, которая сформировалась в октябре 1905 года. В 1905-1907 гг. В России насчитывалось более 360 организаций кадетов. На ноябрьском совещании Центрального комитета кадетской партии присутствовали представители либеральной оппозиции Омска А.Н.Букейханов и В.И. Пищиков.[12]

Нет необходимости напоминать, что Алихан Букейханов, будущий лидер партии «Алаш» по окончании Петербургского лесотехнического института с 1894 года преподавал в Омском лесном училище. В связи с переводом училища в Кокшетау, он в 1895 году перешел на государственную службу в местное переселенческое управление, что не мешало активно участвовать в научных экспедициях Западно-Сибирского отдела Русского географического общества (далее – РГО). Результаты его исследовательской деятельности в составе экспедиции профессора Ф.А.Щербины с 1896 по 1903 годы вошли в 18-ый том издания «Россия. Полное географическое описание нашего Отечества». Сам А.Букейханов, еще со студенческих пор был вовлечен в общественно-политическую жизнь и не раз был замечен в подпольных политических кружках и сообществах.[13]

Филиал партии омских кадетов составили авторитетные личности омской интеллигенции: В.И.Пищиков, А.Д.Квак, Я.С. Севостьянов, П.Б. Ящеров, которые состояли в руководстве Западно-Сибирского отдела РГО. Другая часть участников партии была связана с развитием образования в городе, так А.С.Кабалкин, В.И. Пищиков, И.А. Поваренных, А.И. Хлебников – руководили Обществом попечения о начальном образовании в Омске.[14] Дирекция народных училищ обычно тесно сотрудничала с такими обществами. Причем присяжный поверенный А.Поваренных был известен как защитник прав казахов, а А.Д.Квак работал учителем в Омской гимназии и был одним из инициаторов ученического бунта в Омской мужской гимназии в 1905-1906 годах. [15]

Таким образом, жизнь в Омске куда переехал Ахмет Байтурсынов с семьей в этот период была насыщенной и активной. По нашему мнению, именно с этого периода началась формироваться активная общественная позиция Ахмета Байтурсынова. Именно в Омске его путь пересекся с прогрессивно и демократически настроенной интеллигенцией, что оказало влияние на дальнейшие политические взгляды А.Байтурсынова.

Непосредственная работа в дирекции народных училищ была связана с делопроизводством: ведением деловой переписки с вышестоящими учреждениями и подчиненными учебными заведениями. Однако Ахмет Байтурсынов помогал директору и в разработке методических пособий, так в августе 1902 года А.Алекторовым было направлено методическое письмо «Учебники и способы преподавания в аульных школах Акмолинской и Семипалатинской областей», подписанное им и А.Байтурсыновым.[16] В этот период предполагалось открыть 10 школ в Акмолинской и 20 в Семипалатинской областях. Но их открытие шло с большими трудностями. Во-первых, отсутствие помещений для школ и учителей; во-вторых, настороженное, порой враждебное отношение казахов к правительственным школам. Так, при открытии Кызыл-агашской школы Кокшетауского уезда казахи открыто выступили против, отказав в предоставлении дома под школу, считая, что это приведет к изъятию земли.[17]

Директор школ А.Е.Алекторов указывал, что открываемые аульные школы в целом не решали вопроса распространения русского образования среди казахов, необходимо было создавать двухклассные русско-казахские училища и волостные школы, которые готовили бы учителей. В этой связи в 1904 году в Каркаралинске было открыто двухклассное русско-казахское училище. Газета «Семипалатинский листок» сообщила, что в училище были приняты 104 ученика мужского пола, казахи и русские, а занятия начались с 1-го ноября 1904 года. [18] Первым заведующим училищем был назначен Ахмет Байтурсынов. В приказе по Западно-Сибирскому учебному округу от 9 сентября 1904 года за №124 указано: «отчисляется делопроизводитель при директоре народных училищ Акмолинской и Семипалатинской областей, не имеющий чина Ахмет Байтурсынов, от означенной должности, за назначением его заведующим Каркаралинским двухклассным русско-киргизским училищем, с 1 сентября сего года». [19]

С этого периода начинается новая веха его жизнедеятельности. Дальнейшая судьба Ахмета была непосредственно связана с открытой борьбой за политические права казахского народа, за создание политической партии «Алаш» и казахской государственности.

Источники:

1. ЦГАРК. Ф. 25., о.1., д. 1598, с. 163 (л.15-17)
2. Сулейменов Д. Научно-педагогическая деятельность А.Е.Алекторова в Казахстане (1882-1918). – Семей, 1997. – с. 100
3. Галиев В. Годы учебы Мыржакыпа Дулатова // Тұған өлке (Родной край)/ tugan-olke.kz
4. ГАТО, Ф.126, Оп.4, Д.168, Л.1.
5. Там же.- л. 2
6. Там же. – л. 9
7. Алибеков К.Б. Исследователь истории и культуры Казахстана// Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 125-летию Омского регионального отделения ИРГО.- Омск, 2002. – с.46
8. ЦГАРК, Ф. 27, Оп.1, Д. 16, с.1 (л.3)
9. Сулейменов Д. Указ.соч.- с.100
10. ГАОО, Ф. 8, Оп.4, д. 168
11. Сулейменов Д. Указ. соч. – с.100
12. Буктугутова Р.С. Либеральное движение в Степном крае в начале XX века//Вестник КарГУ. – 2007
13. Сактаганова З.С. Попов Ю.Г. Некоторые фрагменты научных, общественно-политических связей А.Н.Букейханова и населения Каркаралинского уезда на рубеже 1900-х годов// Вестник КарГУ. – 2007
14. Буктугутова Р.С. Там же.
15. Тажибаев Т.Т. Педагогическая мысль в Казахстане во второй половине XIX века. – А, 1965. – с. 164
16. ОмГА. – Ф. 8, Оп. 1, Д.1, Л.1
17. Сулейменов Д. Указ.соч. – с. 71-72
18. Попов Ю. Каркаралинское время Ахмета Байтурсынова // Индустриальная Караганда. – 23.06.2014
19. Циркуляр по Западно-Сибирскому учебному округу, №9, 1904 г., с. 483

ТЕОРЕТИКО-МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ В ИЗУЧЕНИИ ЛИДЕРСТВА В ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА

А.М.АУАНАСОВА,

*доктор исторических наук,
профессор, главный научный
сотрудник ИИГ КН МОН РК.
г. Астана*

Западные концепции лидерства обосновывались в значительной мере фактами европейской истории и современности. Они излагались в трактатах и публикациях, оформленных в форме научных и пропагандистских трудов. Теоретический материал, в том числе и современный, базировался на фактах европейской культуры.

Между тем, проблемы лидерства весьма активно освещались в азиатской части мира, в частности, в Казахстане. Но здесь, наряду с письменной формой анализа проблем политического лидерства, широко использовались возможности устного народного творчества казахов – шежире, айтысы и поэзия.

Исторически концепции лидерства в Казахстане возникали из попытки описать лидеров древнего мира и последующих эпох – каганов - верховных владык, ханов, правителей, военачальников с позиций их роли в руководстве внутри- и внешнеполитическими делами государства и обогащались благодаря этому теоретическими знаниями. Одними из первых исторических памятников лидерству по праву можно отнести памятники в честь Бильге-кагана и его соправителя Кюль-тегина (732-735 гг.), а также Тонью-кука, (примерно 716 г.) и Кули-чору.

Значимость историко-культурных памятников определяется сюжетной линией в описании политической истории Тюркского каганата и славных деяний Бильге-кагана, Кюль-тегина и Тонью-кука.

К примеру, Йоллыг-тегин на камне запечатлел основы морально-правовых отношений каганов с тюркским обществом. Содержание обеих надписей идентично друг другу. С первых строк идет описание стародавних времен: «Над сынами человеческими воссели мои предки!.. Выступая в поход с войском, народы четырех углов света все они покорили...Они правили..., устанавливая порядок среди голубых тюрков, не имевших до того господина. Они были мудрые каганы, они были мужественные каганы; и их приказные были, надо думать, мудрыми, были, надо думать, мужественными, и их дети и народ были единокорны. Поэтому-то, надо думать, они правили столь долго государством. ... После них стали каганами их младшие братья, а потом стали каганами их сыновья» [1].

В тексте раскрывается деятельность легендарных личностей, которые мобилизовали и воодушевляли массы на становление тюркской государственности. Личности стали прототипом будущих поколений лидеров.

В исторических источниках приводятся имена правителей саков – Томирис, Зарина, Спаргапис, Скунха. Известен ряд ключевых военно-политических событий притекавший с их участием. Например, Геродот рассказывает о войне царя Кира и массагетов под руководством Томирис, о военных акциях против Мидии сакской правительницы Зарины, о столкновениях царя Дария с вождем саков-тиграхауда Скунхой, о правителе саков Омарге.

В дальнейшем подвиги и славные дела каганов и правителей нашли свое отражение в исследованиях первых форм правления (община, племенное объединение, город, государство) и проводимой ими политики.

Одним из главных источников жизнеописания трудов и деяний лидеров Казахского ханства – ханов, султанов, биев стали казахские шежире. Сюжет шежире опирается на персонификацию личности в исторических событиях средневекового Казахстана. На первое место выдвигается лидер и его деяния. Через генеалогизированную систему исторического знания удастся рассмотреть жизненные этапы, вехи правления, подвиги и неудачи исторической личности. Жырау Казтуган, Асана-кайгы, Доспамбет, Шалкииз, Ақтамберды, Бухар, Шал-акын, и др. своим творчеством смогли отобразить эпоху и правление ханов. Например, жырау представляют исторические циклы о таких популярных личностях как Аз-Тауке, Абылай, Бухар-жырау, Казыбек-би, Толе-би, Абулмамбет-хан, Абулхайр-хан, Богенбай-батыр, Карасай-батыр, Кабанбай-батыр, Кенесары-хан, Наурызбай-султан, Едыге, Шон, Торайгыр, Жарылгап-би и др.

В стихах Асана-кайгы, жившего при дворе хана Жанибека были определены ценности и нравственно-этические понятия, которыми должен быть наделен лидер. Он впервые раскрыл содержание таких нравственно-этических категорий как справедливость, мудрость, трусость, зло, глупость, невежество. Обращаясь своими стихами – назиданиями к хану, он говорил:

Справедливости приметы –
Не возвесть на правду тень;
Мудрого ума примета –
Не искать вчерашний день;
Труса подлого примета –
Против вражских сил не встать;
Злого, хищного примета –
Скот у немощных отнять;
Глупых и невежд примета –
Слову умному не внять [2].

Мыслители XVII-XVIII веков, пошли дальше в описании вех правления ханов своего времени. Единство общества и согласие казахских жузов XVIII веке являлось центральной темой лидеров того времени. Когда над Казахстаном нависла угроза джунгарского нашествия, Бухар-жырау обращался к хану Абылаю с такими словами:

Хан будет хорош, когда сведет,
В семью единую свой народ.
Тогда будут все уважать его,
Достойного пояса своего.

Абылай хан – признавался политической фигурой (силой), которая смогла в сложный период истории Казахстана объединить народ и дать импульс развитию последующему историческому периоду. Вместе с ним, авторитет и влияние соратников Абылай хана биев – Толе-би, Казыбек-би, Айтеке-би во многом повлиял на процесс объединения казахского народа против джунгарского нашествия.

В историографии многочисленные примеры используемых шежире позволяют определить степень влияния ханов на исторический процесс средневековья. Труды П.И. Рычкова, А.И. Левшина, В.В. Радлова, Г.Н. Потанина, Ч.Ч. Валиханова, А.Н. Харузина, А.Н. Аристова, А. Диваева, Н.А. Вельяминова-Зернова, А.Е. Алекторова активно ссылаются на шежире в жизнеописании ханов, исторической эпохи, общественного строя. В целом эти работы отражают взаимозависимость личности и государства, позволяя последующим исследователям углубить историческое знание в области политического лидерства.

Например, А.И. Левшин, опираясь на казахские шежире, дал следующую характеристику великому Тауке-хану (1680-1715): «При имени сем сердце всякого Киргиз Казака, несколько возвышающегося духом над толпами буйных соотечественников своих, наполняется благоговением и признательностью. Это Ликург, это Дракон Орд Казачьих» [3].

В исследованиях М.Х. Дулати, К. Жалаири, Ч. Валиханова, А.И. Левшина, И. Алтынсарина, М. Бабаджанова и др. накоплен ценный материал по истории казахского народа. Они освещают значительную часть исторических проблем социального, экономического, этнического и политического плана, которые в контексте рассмотрения лидерских качеств ханов показывают зависимость государственной политики от лидера.

Эпоха Абылай-хана высоко была оценена Чоканом Валихановым, он пишет: «В преданиях казахов Абылай носит какой-то поэтический ореол, век Абылая является веком казахского рыцарства». Такая оценка в точности воспроизводит историческую эпоху, сохранившуюся в сознании народа. Система шежире закрепила образ хана Абылая в форме поэтико-эпических сказаний – эпосах о батырах, толгау и т.д.

В «Казахском шежире» Машхура-Жусупа Копеева встречается такая характеристика лидерства: «После благородного Жангира ханом стал Тауке. Это был умный, упорный и образованный человек. В народе про него говорят, что народом он правит хорошо». В стихотворной форме автор на материалах исторических преданий и героического эпоса указывает основные мотивы действий Тауке-хана на конкретных исторических фактах и событиях [4].

Эту же проблематику можно встретить и у Шакарима Кудайбердиева в «Родословной тюрков, киргизов, казахов и ханских династий». Автор излагает генеалогию Тауке-хана и его сыновей с исторической точностью и достоверностью.

Исследование М. Тынышпаева дополняют ранние сведения о генеалогии Тауке-хана и его потомков. На основе историко-этнографических сведений стариков из рода шымыр Аулие-Атинского уезда, автору удалось обогатить историческое знание о Тауке-хане и его потомках.

Шежире повлияли на формирование историко-политической, философской мысли последующих поколений казахских просветителей, лидеров Алашского движения. Например, тема гуманистических ценностей являлась центральной в трудах Абай Кунанбаева, И. Алтынсарина, вопросы колониализма и автономии поднимаются в работах А. Букейханова, М. Дулатова, А. Байтурсынова и др.

Здесь мы не можем не сослаться на работу известного казахстанского исследователя Е.Б. Бекмаханова «Казахстан в 20-40-е годы XIX века» (1947). На основе архивных источников, автор раскрыл причины, этапы, ход, уроки восстания казахов под предводительством Кенесары Касымова. Характеризуя хана Кенесары как крупного политика, государственного деятеля, дипломата, полководца, Е.Б. Бекмаханов смог раскрыть главную причину потери ханского лидерства в Степи. Вывод работы позволяет говорить о постепенном ослаблении ханской власти в Казахстане в период усиления российского колониализма.

В республиканском масштабе независимого Казахстана начали торжественно отмечаться национально-освободительные движения XIX-XX веков за независимость. Летом 1990 года прошла республиканская научно-теоретическая конференция, посвященная 280-летию хана Абылая. Она положила начало серии конференций, посвященных 300-летию Бухар-жырау, Богенбай-батыру, Кабанбай-батыру, Шакшак Жаныбек Тархану, трем великим биям казахского народа – Толе-би, Казыбек-би, Айтеке-би. В 1992-1998 годах отмечались в общенациональном масштабе юбилеи хана Кенесары, Исатая и Махамбета, Агыбай-батыра, Жауке-батыра, Карасай-батыра и др.

В современный период работы исследователей М.Козыбаева, К.Нурпеиса и др. внесли свой вклад в изучение проблемы лидерства казахской интеллигенции начала XX века [5].

Одной из крупных работ на основе казахского источника – шежира стала монография И.В. Ерофеевой «Родословные казахских ханов и кожа (история, историография, источники)» [6]. Работа посвящена исследованию генеалогий казахских ханов XVIII-XIX веков. Автор привел детальный источниковедческий анализ 30 родословных 32 династий казахских правителей внесших вклад в историю государственности.

Особое значение для накопления знаний, по данной проблематике стали работы, вышедшие многотомным изданием в рамках Государственной программы «Мәдени мұра». Благодаря собранным сведениям о правителях казахского ханства XV-XIX веков удалось углубить и расширить рамки теории лидерства в Казахстане.

Таким образом, несмотря на обилие теорий, концепций, парадигм, подходов к описанию лидерства, единого подхода в определении роли личности в истории нет. Исходя из этого, можно утверждать, что отсутствие единой теории лидерства является областью компилятивной и междисциплинарной [7].

Но, тем не менее, эти и другие теории и концепции как отраженные в данном кратком обзоре, так и оставшиеся за его пределами вне зависимости от солидарного или критического к ним отношения, составляют солидную теоретическую базу для исследования роли лидера в становлении и укреплении казахстанской государственности.

Исходя из вышеизложенного под определениями «политический лидер» и «политическое лидерство» следует понимать следующее:

политический лидер – индивид, оказывающий постоянное и решающее влияние на социальную общность, являющийся субъектом политического властвования и интегратором групповых интересов, которому эта социальная общность делегирует часть своих властных полномочий, признавая за ним тем самым право на принятие решений от ее имени;

политическое лидерство — это механизм осуществления власти, в основе которого лежат отношения взаимовлияния между лидером, выражающим интересы и потребности социальной общности, и последователями, делегирующими ему свои полномочия для осуществления представительства и реализации их интересов; в ходе этого процесса посредством легитимных механизмов власти и влияния осуществляется процесс интеграции социальной общности [8].

Такие исходные позиции позволяют расширить рамки теоретико-методологических подходов в изучении роли лидера в историческом процессе в целом, в условиях становления и укрепления казахстанской государственности в частности.

Список литературы:

1. Жолдасбеков М. Камни говорили. – Алматы, 1995; См.: История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Т. 1. – Алматы: «Атамұра», 2010. – С. 391.
2. Ассамблея народа Казахстана: история двух десятилетий.- Алматы: КАЗ акпарат, 2015. – С. 13-14.
3. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В 5 томах. Т. 3. – Алматы: Атамұра, 2010. – С. 65.
4. Копеев М.Ж.Таңдамалы. – А., 1992.
5. Козыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. – А., 1994; Его же. Еще раз о проблемах истории национально-освободительного движения – революции 1916 года в Казахстане / Национально-освободительное движение в Казахстане и Средней Азии в 1916 году: характер, движущие силы, уроки. - А., 1996; Нурпеисов К. Алаш һам Алаш-Орда. - А., 1995; Аманжолова Д. Казахский автономизм и Россия. – М., 1994; Койгелдиев М. Алаш козғалысы. – А., 1995 и др.
6. Ерофеева И.В. Родословные казахских ханов и кожа (история, историография, источники). – Алматы: ТОО «Print-S», 2003. – 178 с.

7. Идиатуллина К.С. Политическое лидерство как фактор регионального развития (на материалах национальных республик Российской Федерации). – Казань: Изд-во Казан. ун-та, 2003. – С. 15-37. URL.: <http://www.twirpx.com/file/1348455/>. См.: Шестопал Е.Б. Указ. соч. - С.215; Пугачев В.П. Субъекты политики: личности, элиты, лидерство. - М., 1991, Пищулин Н., Сокол С. Указ. соч. – М., 1992 и др.

8. Шпуга Е.С. Политическое лидерство как механизм интеграции общества. Дисс. на соискание ученой степени канд. полит. наук. Москва: МГУ им. М.В. Ломоносова, 2014. – С. 17-24.

«ӘЛІПШЕ» ОҚУЛЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ЖҮЙЕЛІГІ

Т.М.ӘБДІКӘРІМ,

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ
тіл білімі кафедрасы, педагогика
ғылымдарының докторы, профессор.
Астана қаласы.*

Әліппенің алғашқы кезеңін оқыту барысы дискурстық бағытта жүреді. Бұл мәселені анықтау үшін «Әліппе» салаларын оқытуды анықтап кетуге тура келеді. Әліппенің оқытылуы мына бөліктерге бөлінеді:

- а) алғашқы кезең (дискурстық)
- ә) негізгі кезең (сауат ашу, хат таныту)
- б) соңғы кезең (ой дамыту, сөйлеу, әңгімелеу)

Бұл үш кезеңнің алғашқысында тек суреттермен жұмыс жүреді. Сабақ барысының мазмұны жоспарлы түрде оқулықтың өзінде берілген жүйелілікпен өтіледі. Ол ауызша түрде сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру әдістері арқылы жүреді. Бүгінгі таңда бұл бөлімді ойлана отырып өте қызықты бағытта жүргізуге болады. Жүргізіп те жатыр. Өте қызықты өтілуге тиісті де. Ол үшін бастауыш мұғалімдер әр суреттің мазмұнын ойынға айналдырып белсенділікпен өткізуге жан-жақты ізденісте жүреді. Сол кезеңнің өзінде сабақты ойын әдісімен жүргізу негізгі нысанда болатын еді. Ойын түрде өткізуге мұғалімдер тырысып та жататын. Ал бүгін де бұл мәселе тіптен дамып ерекше қызығушылықпен шығармашылық түрде өткізілуде.

Бұл мәселені толық болмаса да қысқа түрде сөйлесу мен әңгімелесу мәселесінің теориялық жағына тоқтала кеткен де артықтық етпейді. Яғни адамның қарым-қатынас әрекеті екі түрде болады: ауызша (дискурс) және жазбаша (мәтін) болады. Тілді қолдануда осы формалардың аясында көптеген ұқсастықтар болғанымен, олар бір және сол тіл жүйесіне жатқандықтан, олардың арасында қомақты айырмашылықтар бар. Бұл мәселе әліппе кезеңіндегі жүргізілген жұмыстардың барлық жағдайларында яғни оқушылармен қарым-қатынастағы оқыту мақсаттарында анықталып отырылады.

Дискурс пен мәтін арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар дедік. Оның қорытындысы лайықты спецификаға икемделуі керек. Өйткені таным объектісі әдісті детерминдейді (анықтайды), ал әдіс тіл материалдарының жұмысы үшін нақты қолданымдарды анықтайды.

Сонымен әліппенің бірінші кезеңінде тек суреттермен ауызша жұмыс жүргізілетіні белгіленеді. Енді осы әліппе сөз болғандықтан әліппелердің қалыптасуына Кеңес өкіметіне дейінгі оқу жүйесі өз алдына бір тарихы бар кезең деуге болады. Ол өз алдына қарастырылатын ғылыми сала болса, ал Кеңес өкіметі кезеңінен бастап (1917 ж), оқу-білім мазмұнында талай өзгерістер болған. Соның бірі, 6 жасарларды оқыту қолға алынып, эксперимент жүргізілді. Ол үшін арнайы орындар тағайындалды. Оған сабақ оқитын сынып, ойын ойнайтын сынып, бір мезгіл балаларды ұйықтатып алатын орын да дайындалды. Оқыту мерзімі 35 минуттан аспауы, жүргізу барысы жеңілденген сабақ үлгісімен (поурочный план) ойын түрде өткізілуі талап етілді, сабақ сол бағытта жүргізілді де, оқулық жасаушы авторлар және эксперименттік сыныптың мұғалімдеріне министрліктің қаулысымен арнайы заңдастырылған құжаттар бекітілгеннен кейін оқулықтар мен бағдарламалар жазуға рұқсат етілді. Рұқсат етілгеннен кейін барып авторлар жұмысқа кірісті. Ол кезде оқыту жүйесінде белгілі бір жүйе болды, білім дұрыс берілді.

Жұмысты бастау барысында бірінші кімнің неге жауап беретіндігін ескертіп, әр ғылыммен шұғылданатын қызметкерлерге нақты жұмыс бағыты бөлініп берілді. Бұл тұста 6 жасармен бірге 7 жасар баланың да зейіндері қатар салыстырыла жүргізілді.

Бірінші, бастауыштың стандарты, бағдарламасы мен оқулықтары толықтырылып, өңделіп қайыра жасалынды.

Бұдан барып төрт жылдықтың бастауыш пәндерінің тұтасқан: Ана тілі және тіл дамыту, грамматика және тіл дамыту, сауат ашу және тіл дамыту сияқты бастауыштың басқа да пәндері кірген үлкен бағдарлама шығарылды. Біз бұл жерде жоғарыдағы көрсетілген үш пәннің оқулығы жайында ғана әңгіме етпекшіміз. Соның ең біріншісі, «Сауат ашу және тіл дамыту мәселесі бірінші кезектегісіне қарай», «Әліппе» пәні бойынша оқулықтар мен кешендер жасау қажеттігі туды.

Сонымен соңғы 3 жылдықтың төрт жылдыққа ауысу кезеңіндегі өзгеріс жаңалықтарды қарастыратын мүмкіндіктер жасала басталды. Әзірге қолда барымен жұмыс жүргізіле беру дұрыс деп саналды да, сол оқулықпен оқыту жалғаса берді.

Міне, өткен кезеңдердің қайсысын алсаңыз да, оқу жүйесінде өзгеріс пен толықтыру, жаңарту мәселелері туып тұратыны белгілі де, заңды да. Соған орай оқулықтар мен бағдарламаларды міндетті түрде қайыра жасаудың міндеттері нақты қойылды. Сол міндеттің ең үлкен бөлігі: бастауыш оқулықтарын қайта жасау болды. Оқулық жасауларда ең бірінші сауат ашу кезеңі қолға алынды. Яғни, Әліппе оқулығының бағдарламасы және «Әліппе» оқулығы жасалынатын болды.

Бұрынғы білім алу саласында қанша әліппелер жасалынса, сол әліппелердің қолда бары төмендегілер болды:

1. Байтұрсынұлы Ахмет. Әліп-бйі. Жаңа құрал, Қазақстан Білім ордасы, мектепке қолдануға ұйғарған. 3-ші рет басылуы, Алматы «Рауан» 1998 ж. Казизат. Арабшасы Қызыл-Орда 1928 жылы басылған.

Араб жазуынан көшіріп, түсініктемесін жазып, редакциясын басқарған Ұлықман Асылұлы.

2. Келесі оқулықтар:

1) З.Әйтенова, М.Төрежанов, М.Жұбанова. Әліппе. А., «Мектеп», 1977, 9-басылымы.

2) З.Әйтенова, М.Төрежанов, М.Жұбанова. Әліппе. А., «Мектеп», 1983 (Қазақ ССР Оқу министрлігі бекіткен. Өңделіп он бесінші басылымы).

3) Ш.Әуелбаев, М.Жұбанова, М.Төрежанов, З.Әйтенова. Әліппе (төрт жылдық бастауыш мектептің I класына арналған оқулық). А., «Мектеп», 1986.

4) М.Жұбанова. Әліппе. А., «Рауан», 1992 (конкурсқа түскен әліппелерден жеңіп шыққан әліппе болды)

5) Ш.Әуелбаев, Ә.Наурызбаева, Р.Ізғұттынова, А.Құлажанов. Әліппе (жалпы білім беретін мектептің I сыныбына арналған оқулық). Қазақстан Республикасы, Білім және Мәдениет министрлігі ұсынған. А., «Атамұра», 1997, 98, 99, 2002. Бұл әліппенің ең алғашқы шығуында ескертулер болып, үшінші басылымында өңделіп қайта шығарылды.

З.Әйтенова, М.Төрежанов, М.Жұбанова. Әліппе оқулығы, 9-басылымы, «Мектеп» баспасы, 1977 ж. Үш жылдық мектепке арналған бұл оқулықтың мазмұны мына бағытта болып келеді: 1977 мен 1983 жылдар аралығындағы Әліппелердің мазмұны бірдей болды, ерекшеленген өзгерістер болған жоқ.

Әліппе оқулығының құрылымы үш кезеңнен тұрады:

1. Әліппеге дейінгі кезең (бұл кезеңде тек суреттер берілген. Әліппе суреттері жүйелі түрде құрылған. Бұл Әліппеден А.Байтұрсыновтың әліппесімен сабақтастық бары да байқалады).

2. Әліппе кезеңі (әріп пен дыбыстарды таныстыру, яғни сауат ашу кезеңі осы тұста оқытылады).

3. Әліппеден кейінгі кезең (еліміздің рәміздері, Отан туралы мысал, әңгіме, ертегі т.б. туралы мәтіндер берілген).

Әліппе суреттерінің мазмұны, яғни әліппеге дейінгі кезеңі бойынша әліппенің үш кезеңге бөлінгеніне қарап, әр бөліктегі мазмұнын толықтыру керектігі анықталады.

Әліппеге дейінгі кезеңдегі берілген суреттер тақырыптық жүйеге келтіріліп жасалынған, бұл суреттер мына жүйеден тұрады:

Білім күніне арналған суреттер берілген. Одан әрі тақта. Тақтаға АПА деп жазып тұрған екі бала; келесі бетінде мектепке баласын жетектеп алып келе жатқан ана; 3-бетте мектеп және мектептің ішкі көрінісі мен мұғалімнің өзі оқытатын балалар тобын сыныпқа кіргізіп келе жатқан көрінісі берілген. Бұл жерде мұғалім де, жаңа ғана мектеп есігін ашуға келген балалар да өте ұқыпты, бірыңғай формада, әдемі жинақтылықпен жарасымды көрініс. Әліппенің ең алғашқы бетіне мектеппен бірге мұғалімді ерекшелеп көрсетуі де өте орынды демекпіз. Себебі ештеңе білмей келген балаға бірінші сауаттылықты үйретіп, түрлі-түрлі қиындықтардан өтіп, сәбилерді өмірге жайнатып, хат танытып шығаратын да мұғалім. Өмір жолына бастау сол мұғаліммен тарайды. Білімнің қыр-

сырларын танытатын да – мұғалім. Мұғалімнің беделі ата-анадан да жоғары. Себебі: мұғалім – таза, пәк, тек тазалықты сүйеді;

мұғалім – білімді көп оқиды;

мұғалім – еңбекқор, көп ізденеді, білімін толықтырудан ерінбейді;

мұғалім – патриот, балаларды жерін, халқын сүюге тәрбиелейді, адам бойына бүкіл адами қасиеттерді жинауға жалықпайды, тіпті жауын да, жаудың баласын да тәрбиелеуді өзіне міндеттеп, ол міндетін орындауға, одан нәтиже шығаруға ешқашан жалықпайды.

мұғалім – ана, өз баласын да, халқының баласын да, яғни жалпы адамзат баласын сүйеді, жақсы көреді, жақсы көргендіктен ешқашан да ерінбейді, шаршамайды. Міне, сондықтан мұғалімді 1-орынға қойып, мұғалімге деген құрметтілікті көрсеткен орынды. Біздің ойымыз осылай жасағанын құптап, оқулықтың алғашқы бетіне мұғалімнің суретінің берілгені дұрыс деп түсіндік.

Әліппенің келесі жүйесіндегі күн тәртібінде: бала орнынан тұрып, төсегін жинауда, екінші – серпілу жаттығуын жасауда, үшінші – жуынуда, төртінші – тамақтануда, бесінші – мектепке келе жатыр, алтыншы – партада отырып, сабаққа кірісу керектігіне бағыттады. Бұл да өте орынды, бала күн тәртібін дұрыс қолдануға үйренеді және дұрыс тәрбиеленеді.

Білім беру кезеңінің қай уақытта болатыны ағаш жапырақтарының сарғайып, желмен ұшып, жерге қалықтап түсіп бара жатқан көріністерден байқалады. Бұдан білім берудің бастамасы күз мезгілінен басталатындығы көрінеді. Бұл бөлімде артық ештеңе жоқ, бала жасына сай, жап-жақсы жабдықталған. Сап-сары жапырақтарды ұшырып, жерге түсіп жатқан кезеңді беруі өте орынды, бұдан балалар зейінін табиғат өзгерісіне бағдарлап, танымдық қасиетін арттыруға бағыттағаны байқалады. Осы кезеңнің жалғасы ретінде бала мектептен шыққанда не істеуі керек? – деген тақырыпша араласқан. Алдында нендей мақсат барын тағы балаға ескертеді. Мысалға, келесі кезең үй жинап, шаң сору, далаға шығып, доп теуіп, футбол ойнау, одан үйге келіп, аяғын жуып, салқындап, кешкі сабаққа дайындалу, сабақ жасау кезеңінен көрініс, жатар алдында сыныптан тыс кітап оқу, оның жатар алдында не істеу керек екенін білу үшін баланың оқу столына шамшырақ қойылған. Бала соның жарығымен кітап оқу үстінде. Ең соңында төсегін салып, оң жағымен жатып, ұйқыға кеткендігі байқалады.

Бұл жүйе де өте орынды, сәби балалардың іс-әрекет, міндеттері оқулық арқылы беріліп, балалар өздерінің нақты түрде не істеу керектігін үнемі көріп, жаттыға берудің бағыты көрсетілген. Артық ештеңе жоқ, бала жасына лайықты іс-әрекеттер. Бұл суреттің рет-ретімен берілген көріністерінен оқушының берілген күн тәртібі суреттен көрінеді. Осы көріністен баланың тәртібі байқалады. Жай берілген емес, ойланып, ретімен берілген.

Әліппе суретінің келесі жүйесі – «Үй жануарлары» деген тақырыпта болып отыр. Олар: сиыр бұзауымен, бие құлынымен, түйе ботасымен, ешкі лағымен, қой қошақанымен берілген. Сол сияқты үй құстары – әтеш, тауық, қаз балапандарымен және қораз, күрке тауық жүр.

Жас балаға қолда жүрген, өзі тамақтандыратын үй жануарларының қасиеттерін үйрету үшін бұл мәселені таныту да орынды саналады. Баланың үйде жүрген табиғаттың бір көріністерін қолмен ұстап, оның қасиетін білгені дұрыс деп есептелінеді.

Суреттің келесі жүйесі мен бағыты:

Егістікте өсетіндер – бидай, тары, жүгері, бұршақ түрлері т.б. Соның жалғасы көкөністер: қияр, қызанақ (помидор), сәбіз, қауын, қарбыз, асқабақ т.б. суреттер.

Келесі жүйеде қоғамдағы жанарып, толығып жатқан техника жағы да қалыс қалмаған. Өз кезеңіндегі техника мәселесі ерекше көрінуде, соған орай техниканың да болуы орынды. Бірақ бұнда жаңа техника түрлерімен толықтыра түскен дұрыс болар еді.

Оқулықтың келесі көрінісінде теңізде кеме, теміржолда поезд, аспанда ұшақ, жерде автобус т.б. бейнеленген.

Әліппе суреттерінің ең соңында «Демалыс кезеңі» деген тақырыпты қамтыған мазмұнды суреттер берілген. Бұл тұсты жазғы демалыста каникулда болатын көріністерден деп түсінуге болады. Бала бұл кезеңде дем алуға тиіс. Олардың қолдарында қармақ, өзенге қарай беттеп барады. Енді бір-екі бала ұшақ макетін жасап отыр. Келесі бөлімде суреттер жүйемен, шағын түрде дұрыс идеямен орналастырылған. Ал оны оқыту барысында, әліппедегі суреттерді пайдаланып, оларға сұрақтар қойып, дұрыс, толық жауап алып, олардың ойын жүйелеп бір түйінге келтіріп, әр бөлікке жоспар жасап, сол бойынша әңгіме құрып, балаға оны оқып беріп, оның мазмұнын ұқтырып, талдатып, сөйлету мұғалімнің шеберлігі мен еңбегіне байланысты болады демекпіз.

Енді бір ескерілетін мәселе басынан аяғына дейін жүйеленген суреттердің әр бөліктеріне мұғалім үйде мәтін құрап келуі керек. Құраған мәтінді балаларға оқып, түсіндіруі керек және өз шеберлігімен құрған мәтінін ойын түрге келтіріп те сабақ өткізуге болады немесе бірден ойын қылып

өткізіп, одан әрі мәтін шығаруға болады. Осындай бағытта жүрсе, баланың ой-өрісі кеңейіп, жүйелі сөйлеуге үйренеді.

Әліппеге дейінгі кезеңге суреттердің ең керектісі, Ісынып баласының жас ерекшелігіне психологиялық ұғынудағы білім деңгейіне лайықтысы жүйеленіп, рет-ретімен берілгендігі көрінді. Оқулыққа қажетті деген мәселелерді бала білуі, тануы керек дегендердің бәрі қарастырылғандығы байқалды. Суреттердің мазмұны, орналасу жүйесі дұрыс болғанмен, олардың анықтылығы мен эстетикалық жағы қатты әсер бермейді. Ол мүмкін қағаздың сапалы еместігінен немесе суретшілердің ізденбегендіктерінен де болар деген ой туады.

Бір айтар мәселе, 1920-30 жылдар кезеңінде, жоғарыдағы айтылғандай, суреттер жүйе-жүйелі түрде әліппеге берілмесе де, А.Байтұрсынов сөз жүйесін рет-ретімен өте жақсы берген. Ол жылдары суретті әңгімелеу артық. Себебі сурет салу, әліппеге суреттер беру дамымаған кезең деп ойымызды түйіндеуге де болады. Бірақ қалай десек те, кейінгі әліппелер А.Байтұрсынов әліппесін жалғастыруда. Оны ғылыми түрге негіздеуге де болады.

Әліппенің келесі бағыты сауат ашу, хат танытудан басталады. Бұл кезең кейінгі мақалада ажыратылады да, өз алдына әңгімеленетін болады.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ЕКІНШІ ТІЛ РЕТІНДЕ ОҚЫТУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕР

А.М.ӘДІЛБЕК,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ практикалық қазақ тілі кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты.

Г.МАСАҚОВА,

*Гумбольдт атындағы Берлин университеті, PhD докторы.
Берлин қаласы*

Аннотация

В статье анализируются инновационные методы овладения казахского языка в качестве второго языка. На сегодняшний день инновационные методы изучения казахского языка в русскоязычных аудиториях доказывают доступность, эффективность, развивают межкультурную компетентность и интерес студентов дает много возможности в творческом развитии учащихся.

Annotation

This article analyzes the modern innovative and techniques for mastering the Kazakh language as a second language. Nowadays amongst Russian speaking people methods of innovation technologies are developing accessibility, students are more interested in Kazakh language and culture.

Қазіргі уақытта үздіксіз білім беру жүйесінде білім беруді дамыту, дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында елімізде білім берудің жаңа жүйесі құрылып жатыр. Білім беруді дамыту негізінде оқытушыларға жаңа талап, міндеттер жүктеліп отыр. Ұлы әдіскер-педагог А.Байтұрсынұлы: «Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек. Бала оқытуын жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші, баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Оны білуге баланы туғаннан бастап, өсіп жеткенше тәнімен қатар ақылы қалай кіретіні білерге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап, ішкі халынан хабар аларлық болуы керек», - деген пікірінде оқытушының білімді, білікті болуы керектігін айтқан. [1,433].

Білім алушыларға теориялық білім негіздерін меңгертумен ғана шектелмей, олардың шығармашылық әлеуетін дамыту, бәсекеге қабілетін арттыру, ақпаратты өзі іздеп, өзі тауып, тәжірибесінде қолдана білуге үйрету өмір талабы болып отыр. Бұл мәселелер оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру арқылы шешімін таппақ. Сол себепті оқытудың әртүрлі технологиялары жасалып, білім беру орындарының тәжірибесіне енгізілуде. Жан-жақты ізденістің нәтижесінде білім беру саласына келген жаңа технологиялардың бірі – интерактивті оқыту әдістері. Ғылыми әдебиеттер мен энциклопедияларда «интерактивтік» деген сөз – «бірлесіп әрекет ету» деген түсінікті білдіреді.

Осы тұрғыдан қарасақ, бұл тек жаңа технологиялық құралдар ғана емес, оқытудың жаңа түрі мен әдістері, оқытуға жаңаша көзқарас дегенді білдіреді. Өзге тілді дәрісханаларда қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту барысында жаңа технологияларды пайдалану бұл білімгерлерге қазақ тілін

оқытудың сапасын арттыру үшін қолданылатын технологиялар, олардың қатысымдық күзiретiлiгiн қалыптастыру мен дамытуға, оларға ғылым мен бiлiмдi үйретуге, ынтымақтастықта еңбектенуге тәрбиелеуге, қазақ тiлiн қатысымдық тұрғыдан меңгертуге арналған технологияларды қолдану болып табылады.

Бүгiнде әлемдiк әдiстеметануда тiл үйретудiң iс-әрекетке негiзделген әдiсi жүйелi түрде қолданыс табуда. Бұл – бiлiмгерлердiң iс-әрекетi арқылы ойлау, сөйлеу дағдыларын, оқу - танымдық iс-әрекетiн белсендi дамыта отырып, белгiленген мақсатты жүзеге асыруға қол жеткiзу. Тiл үйрену барысында бiлiм алушылардың iс-әрекетi топтық, жұптық жұмыстар түрiнде орындалады. Олар күнделiктi өмiрде пайдалана алатын, өздерiне қажеттi, маңызды, өмiрмен байланысты тапсырмаларды орындай отырып, қоғам мүшесi ретiнде қарым қатынас жасап, мәселелердi шешуге талпынады, жан- жақты iзденедi, «автоматтандырылған» тапсырмалардан – нақты iске көшедi.

Топтық, жұптық жұмыстар тiлдiк тұлғаның шығармашылық белсендiлiгiн тудыруға және топ мүшелерiнiң өзара ынтымақтастықта жұмыс iстеуiне мүмкiндiк бередi, проблемалық тақырыптың мазмұнын ашу, пiкiрталасқа түсу, өзiндiк ойларын дәлелдеуде тиiмдiлiгi мол.

Оқытушының мiндетi – әртүрлi өмiрлiк проблемаларды тiл үйренушiлердiң өз бетiнше талдап, оларды шешудiң жолдарын жаңаша iздеуге түрткi болатын жағдаяттар туындату арқылы қатысымдық күзiретi мен шығармашылықпен iзденудi жетiлдiру, сөйлеу дағдылары және шығармашылықпен ойлауға бейiмдейтiн мақсат пен мiндеттердi дұрыс қою.

Оқыту барысындағы iс-әрекеттер:

- белсендi ойлау;
- тақырыпты ауқымды түрде меңгеру және талқылау;
- ақпараттар және идеялармен бөлiсу;
- басқалардың пiкiрiн тыңдай бiлу, құрметпен қарау;
- өзара сұрақ-жауап алмасулар (жұптық, топтық);
- өзiндiк ой-пiкiрiн жүйелеу және сыни тұрғыдан қорытындылау.

Тiлдi меңгертуде iс-әрекетке бағытталған мынадай тиiмдi әдiс-тәсiлдердi пайдалануға болады:

• «Жүгiрiп оқу диктанты» әдiсi. Белгiлi тақырыпқа сәйкес мәтiн жазылған парақша дәрiсхананың әр жерiнде жапсырылды. Бiлiмгерлер берiлген уақыт iшiнде сол мәтiндi әр жерден оқи жүрiп жазып шығады. Жазып болған соң бiр-бiрiмен парақтарын алмасып оқиды, не жайында жазғандарын айтады. Бұл әдiс тiл үйренушiлердiң есте сақтау қабiлетiн, жазылым, айтылым дағдысын дамытады.

- «Екi қошемет, бiр тiлек» әдiсi.

1. Сабақ жұптық жұмыс түрiнде жүргiзiледi. Екi адам бiр-бiрiнiң арқасына жапсырылған қағазға жұбына тән екi жақсы қасиетпен бiр тiлек жазады. Топтағы адамдар әрқайсының арқасына жазылған қошемет пен тiлектi жеке және топпен оқып шығады. Бұл әдiс әр адамның өзiне деген сенiмiн арттырып, өз бойындағы жақсы қасиеттердi көре бiлуге көмектеседi.

Бұл әдiстiң екiншi түрi тiл үйренушiлер шеңбер iшiнде бiр-бiрiне қарама-қарсы жұптасып тұрып, бiр-бiрiне кезектесiп қошамет сөздер айтады. Оқытушы уақыттың аяқталғанын хабарлағанда екiншiсi, үшiншi адамға жылжып қошамет сөздер айтуды жалғастыра бередi. Бұл әдiс бiлiм алушылар арасында жағымды ахуал туғызады, тосыннан сөйлеуге, жылдам жауап беруге, пiкiрiн айтуға, ой ұшқырлығын дамытуға машықтандырады.

- «Танысу» әдiсi.

1. Үстелге түрлi заттар (гүл, тәгiлер, жаңа жыл бейнеленген открыткалар, кiлт, флешка, кiтап, қалам, т.б) қойылады. Бiлiм алушылар үстелде жатқан түрлi заттарды таңдап ала отырып, сол заттарды не үшiн таңдап алғанын және өздерiнiң аты-жөнi, қайдан келгенi және қайда оқитындығы жайында айтады. Мәселен, «Менiң аты-жөнiм ..., мен Қарағанды қаласынан келдiм. Еуразия ұлттық университетiнiң ақпараттық жүйелер мамандығының 1 курсына оқимын. Мен мына кiлттi таңдап алдым, себебi дүниенiң кiлтi –бiлiмде, бiлiм менiң болашақ өмiрiмнiң кепiлi». Тапсырма бiлiмгерлердiң сөздiк қорын молайтуға, айтылым дағдысын жетiлдiруге, бiлiмгердiң өзiне деген сенiмiн арттыруға көмектеседi.

2. Бiлiмгер өзiн таныстыру кезiнде өмiрiндегi маңызды оқиға немесе жағдайларға байланысты 5-6 сөз жазады. Басқа бiлiм алушылар 3-4 топқа бөлiнiп осы сөздердiң бұл адамның өмiрiнде қандай маңызы барын болжамдап айтып бередi. Егер бұл болжамы дұрыс болса топ мүшелерi одан әрi әңгiмелерiн жалғастырады, дұрыс болмаған жағдайда келесi топ әңгiмелейдi. Бұл әдiстiң мақсаты бiлiмгерлердiң ойлау қабiлетiн ұштау, туындаған мәселенi шешу үшiн аз уақыт iшiнде жеткiлiктi ұсыныстар жинау, айтылым дағдысын, креативтi ойлауын дамыту.

- Сурет бойынша ассоциограмма құру.

1. Білімгерлер үш топқа бөлінді, әр топқа бірдей суреттер (5-7 сурет) топтамасы таратылып, топтағы білімгерлер бірге отырып әр суретті қалай түсінетініне ассоциация жазады. Берілген суреттер әр ұлттың, мемлекеттің салт-дәстүрі, мәдениеті, тарихы туралы болуы мүмкін. Тапсырманың мақсатына сәйкес әр топ сурет бойынша өз ойларын айтып шығады. Бұл тапсырма түрі білім алушылардың танымдық білімін, айтылым дағдысын дамытуға, мәдениетаралық құзіреттілікті қалыптастыруға көмектеседі.

2. Білім алушылар түрлі тақырыптар бейнеленген (табиғат апаты, көрікті жерлер, соғыс, бақытты балалық, т.б.) суреттерді таңдап алып, сол бойынша өз сезімін, ойларын қысқаша айтып шығады. Ойларын айтып болғаннан соң екі топқа бөлініп осы суреттегі көріністер өз елінде, қоғамда кездесе ме, бұл суреттің жағымды, жағымсыз тұстары неде? деген сұрақтарды талқылап, ойларын топтық көрініс түрінде көрсетуіне болады. Осы жеке, топтық жұмыс түрі арқылы білім алушылардың өз пікірін білдіре отырып, айтылым дағдысын дамытуға, шығармашылыққа, сыни ойлауға машықтанады.

- ABC (шиеленіс) ойыны. Әріптерден алынған сөздер. Білім алушылар топқа бөлінеді. Оларға белгілі бір тақырыпқа байланысты сөздер беріледі. Мысалы, «Отбасы» сөзінің әрбір әрпіне сөз ойлап жазу керек,

- О-отан
- Т-табиғат
- Б-береке
- А-адам
- С-салауатты

Ы-ынтымақ және осы сөздерді қатыстырып мәтін құрастырып жазады. Бұл тіл үйренушілерді жазылым дағдысын, ойлау қабілетін жетілдіруге, шығармашылыққа баулиды.

Тіл үйренушінің тілді шет тілі немесе екінші тіл ретінде үйреніп, шынайы тілдесуі тілдік құзыреттілікпен шектелмейді. Тілдерді оқытудағы құзіреттілік моделінің бірі – мәдениетаралық құзыреттілік. Ғалым В.Г.Костомаровтың пікірінше: «Мәдениетаралық құзыреттілік тіл үйренушінің өзге мәдениет дәйектерін шыдаммен қабылдауға қабілетін қалыптастырады, шынниетпен өзге мәдениетті түсінуге, сол тілде сөйлейтін адамдардың жүріс-тұрысын, көзқарастарын үйрету болып табылады. Осы арқылы бүкіл әлемдік мәдениетті қабылдауға, олардың ұлттық тұрмысын біле отырып, өз мәдениетін, тілін байытады» [2,80]. Мәдениетаралық құзіреттілікті қалыптастыру тіл үйренумен қатар жүреді. Тіл үйренуші сол елдің мәдениетін үйренеді, оны өз бойынан өткізеді, сол елдің мәдениеті туралы білімі қалыптасып, өз елінің мәдениетімен салыстырады. Бұл тіл мен мәдениеттің тығыз байланыста екендігін көрсетеді. «Көптілділікке бағытталған сабақ түрі үйренушілердің өмірбаяны, олардың шет тілін үйренудегі және қарым-қатынасқа түсудегі тәжірибелеріне негізделеді. Әдетте неміс тілін үйренушілер басқа тілдерді үйренгендердің қатарына жатады. Олардың тәжірибелері, мысалы үйреніп жатқан тілдің құрылымын тез айырып, сөздердің мағыналарын тезірек түсінуге жол ашады. Басқа тілдерді үйренудегі тәжірибиелер ең алдыменен үйренушінің тілді қалай үйренетіндігін, осы үрдісті ой елегінен өткізуі мен түсіну үрдісі машықтанатындығы мен неміс тілін үйренуде өз көмегін тигізетіндігі сөзсіз»[3,80].

Мәдениетаралық құзіреттілікке оқытудағы тиімді әдістердің бірі – сабақ барысында аутенттік бейнефильмдерді көрсету. Білім алушылардың қызығушылығын ескере отырып таңдалған фильмдер, көркем фильмдерден үзінділер мазмұнды, айтылым дағдысына сәйкес пікірлесу, ойын жеткізу, сөйлеу дағдысын дамытуға үйрететін болуы керек. Сонымен қатар фильмнің сценарийі сабақ барысындағы тақырыпқа сәйкес жағдаяттар туғызуға және күнделікті өмірдегі жағдайлармен байланысты болғаны жөн. Фильмнің сюжеті аяқталған және ұзақтығы 10-15 минуттан артық болмағаны жөн.

Алдымен фильм көрсетіледі, содан кейін сол фильмнің сюжеті бойынша мәтін беріліп, білімгерлер оқиды, талдайды. Содан кейін топтық жұмыс жүргізіледі. Бірінші топқа сөздер таратылады, екінші топқа сол сөздердің анықтамасы беріледі немесе бірінші топқа сөздер таратылып, екінші топ қолдарындағы сөздердің ішінен бірінші топ атаған сөздердің синонимдерін табуы керек. Мынандай тапсырма түрлерін де орындатуға болады: фильм фрагменттерін айту, кейіпкерлерді сипаттау, диалогтар құру, т.б. Фильм мазмұны бойынша кесте толтыру:

Факті	кейіпкерлер	Сұрақтар	Іс-әрекет жоспары	идеясы
-------	-------------	----------	-------------------	--------

Білімгер бойында мәдениетаралық қарым-қатынас біліктілігін дамытудың тиімді жолдарының бірі – ойын технологиясы. Мәселен, жұптық, топтық ойын түрлерін қолдану берілген елтанымдық материалды жеңіл қабылдауына, сөздерді есте сақтауына, танымдық дағдыларын дамытуға көмектеседі.

• «Сыныпта серуендеу» ойыны. Тақтаға белгілі тақырыпқа қатысты сұрақтар жазылады. Музыка ойнап тұрады, білімгерлердің қолында елдің ерекшелігіне, мәдениетіне байланысты зат(қамшы, қымыз, шұбат құйылған тостаған, т.б.) болады және олар сынып ішінде қозғала жүріп, музыка тоқтағанда жұппен тақтадағы сұрақтарды талқылайды. Музыка қосылғанда қайтадан сыныпта қозғалыс жасай жүріп, музыка тоқтағанда келесі адаммен жұптасып келесі сұрақты талқылайды. Әрқайсысы тақтада жазылған барлық сұрақтарды бір-бірімен талқылайды. Ойын білімгерлерді белгілі тақырыпта сұхбаттаса отырып, тиісті ақпарат пен жағдаятты талдау негізінде күрделі мәселелерді шешуге, салыстыруға, сыни ойлауға, еркін қатысым жасауға үйретеді.

Тіл үйренушілер жоғарыда келтірілген интерактивті әдістердің элементтері арқылы жұптық, топтық әрекетте қатысым жасай отырып, тілдік әрекеттің барлық түріне жаттығады. Білім, ақпарат алып қана қоймайды, практикалық сөйлеуге дағдыланады, өз ойын түсінікті жеткізуге, қарсы сөйлеушінің сұрағын, пікірін бірден түсініп, жылдам жауап беруге үйренеді, сондай-ақ тіл үйренуші ұжымда бірлесіп жұмыс істеуге қалыптасады, мұнда ақпарат беруші де, алушы да білім алады. Қорыта келгенде, қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту барысында сабақтың нәтижеге бағытталуы – кез келген жаңа технологияны ұтымды пайдалануда.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі, 1992. - 448 б.
2. Костомаров В.Г. «Человеческое измерения» как перспективное направление в развитии лингвострановедения // Русский язык как иностранный: Лингвистические проблемы. - 1997
3. Funk, Hermann; Kuhn, Christina; Skiba, Dirk; Spaniel-Weise, Dorothea; Wicke, Rainer E. (Hg.) (2014): Aufgaben, Übungen, Interaktion. 1. Aufl. München: Klett-Langenscheidt (Deutsch LehrenLernen, 4).

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОРЫС ТІЛДІ МЕКТЕПТЕРДЕ ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ

ӘДІЛБЕК А.М.,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ практикалық қазақ тілі кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты.

МАҒЗҰМБЕКОВА Ә.Қ.,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ практикалық қазақ тілі кафедрасының оқытушысы. Астана қаласы

Резюме

В статье рассматриваются лингвистические основы технологии интерактивного обучения казахского языка в русской школе. В ней авторы разносторонне останавливаются на лингвистическом обучении казахского языка, как второго.

Ключевые слова: интерактивные обучения, лингвистические основы, принципы, методы, задания, развитие речи, лингвистические знания, коммуникативные методы.

abstrakt

The article deals with the linguistic bases of technology of interactive learning of the Kazakh language in Russian school. Authors diversify stop at the linguistic training of the Kazakh language as the second.

Keywords and phrases: interactive learning, linguistic bases, principles, methods, tasks, development of speech, language skills, communication techniques.

Тіл – адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауының құралы, сондықтан адамдар бір-бірімен қарым-қатынас жасау үшін алдымен сөзді, сонан соң сөздерді қалай қолдануды білуі керек.

Міне, сондықтан да тілді үйретуде оқушының сөздік қорын байыту мен сөздердің қалай қолданылатынын үйрететін грамматиканы оқыту қатар жүріп отырады. Екінші тілді оқытуда оқушының сөзді білуі, сөздік қорының мол болуы оның тілді меңгеру дәрежесінің негізгі көрсеткішінің бірі болып табылады. Оқушының сөздік қоры неғұрлым бай болса, соғұрлым оқушының ойын толық, дәл, анық жеткізуге мүмкіндігі мол болады. Бұлардың әрқайсысы өте өзекті мәселелер, олар қазақ тілін орыс мектептерінде оқыту әдістемесінің негізгі объектісі. Оқушыларға қазақ тілін үйрету барысында қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктерін үйретудің маңызы үлкен. Оқушы дыбыстарды дұрыс айта білу арқылы түсінікті сөйлеуге үйренеді. Зерттеушілер бұл туралы: «Қазақ тіліндегі дыбыстардың айтылуы мен жасалуын үйрету мұғалімнің шеберлігін ғана емес, бірнеше тәсілді қатар меңгерген әдісқойлығын да қажет етеді. Өйткені сабақта мұғалім тек дыбыстардың айтылуымен ғана шектелсе, сөйледі үйрету мақсатына жетпейді. Сондықтан ұстаз дыбыстардың ерекшелігін сөз ішінде, буын құрамында, сөйлем арасында меңгерте отырып, жалпы тілдік қатынастың қағидаларын естен шығармайды және тілді үйретудің жинақтық әдісін пайдаланады».[2,95]. Демек, оқушы дыбыстардың дұрыс айтылуын, жазылуын меңгере отырып оны тұрақты дағдыға айналдыруы тиіс. Сондай-ақ мұғалім оқушылардың фонетикалық дағдыларын тұрақты дамытып отыруы қажет.

Оқушының сөйлеу әрекетін дамыту, біріншіден тілдің лексикалық, грамматикалық білім нормаларын меңгертуге байланысты болса, екіншіден, сөйлеу дағдылары сөйлеу әрекетінің оқылым, тыңдалым, айтылым жазылым түрлерімен байланысты болады. Қазақ тілінің сөздік құрамын меңгеру, лексикалық қор арқылы тілді үйреніп, еркін сөйлеу мектепте лексика курсына оқыту барысында жүзге асырылады. Тіл үйренуші оқушыға жаңа сөздерді меңгертудің жолдары көп десек, профессор З.С.Күзеева оларды былай топтастырады:

1. сөздерді көрнекі құралдар арқылы меңгерту;
2. жаңа сөздерді контекст арқылы түсіндіру;
3. синонимдер арқылы түсіндіру;
4. антонимдер арқылы түсіндіру;
5. туынды сөздердің жасалуын талдау арқылы түсіндіру;
6. сөздерді олардың мағынасына сипаттама беру арқылы түсіндіру;
7. жаңа сөзді санақ (перечисление) арқылы түсіндіру;
8. сөзді ана тіліне аудару арқылы түсіндіру [3,75].

Осы айтылған әдістерді оқушыға меңгертудегі интерактивті әдістердің бірі кластер, диаграмма, мақсатты оқылым, сурет, сызба, қозғалыстағы көріністар және басқалар. Кластер тәсілін қолдану оқушының танымдық түсінігін кеңейтіп, ойлау мен есте сақтау қабілетін дамытады. Мұғалім тақтаға белгілі бір тақырыпты (кілт сөзді) жазады. Оқушылардың да дәптерлеріне осылай жазып, осы сөздің төңірегінде ойланып, сөйлемдер жазуын сұрайды. Одан әрі оқушылар топтық жұмыс арқылы бір-бірімен пікір алысып, берілген тақырыпты талқылап, тақырыптың мазмұнын ашады. Оқушы сөздерді түсіну арқылы тілдің орфографиялық, орфоэпиялық нормаларын түсінеді, сөздерді орнымен қолдана білуге дағдыланады. Интерактивті тапсырмалар түрі өте көп, оның барлығы мұғалімнің шығармашылық қабілетіне байланысты қолданылады. Әдіскерлер дидактикалық ойындардың да балалардың қазақша сөйлеп, сауатты жазу дағдыларын қалыптастыруға жәрдемдесетінін айтады: «Дидактикалық ойындар барысында оқушылар диалог және монолог арқылы бір-бірімен қарым-қатынас жасайды. Қазақ тілін дидактикалық ойындар арқылы қатысымдық тұрғыдан меңгертудің негізгі мақсаты – сөйлесім әрекетінің түрлері арқылы әдеби нормада өз ойын түсінікті, сауатты, дұрыс жеткізуге үйрету. Сөйлесім әрекетінің түрлері арқылы оқушыны, біріншіден қазақ тілінен игерген білімдері мен біліктерін тәжірибеде қолдана алуға, екіншіден, өзіндік пікірі, көзқарасы бар жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, үшіншіден, тілдік қарым-қатынаста сөйлеу мәдениетін жетілдіріп, сөйлеу нормаларын сақтауға дағдыландыруға болады». [1,8]. Демек, бұл тәсілдер арқылы оқушыларды диалогты және монологты сөйлеуге үйрете отырып олардың тілдік қатынаста өзінің дауыс ырғағына, сөйлеу мәнеріне көңіл бөліп, жұптағы серіктесінің сөйлеген сөзіне мән беріп, сөйлеу тілін жетілдіруіне көмектеседі. Лексикалық материалдарды меңгеру оқушылардан оларды бірнеше рет қайталауды талап етеді. Ал бұл бір сарындылықтан оқушылар жалығып кетеді. Әдіскер-ғалымдардың пікірінше: «Применение игрового метода обучения способствует выполнению важных задач по обучению иноязычной лексики: 1) Создание психологической готовности учащихся к речевому общению. 2) Обеспечение естественной необходимости многократного повторения ими лексического материала 3) Тренировку учащихся в выборе нужного речевого варианта, что является подготовкой к спонтанной речи» [4,25]. Оқушылардың лексикалық дағдыларын қалыптастырудың бір жолы қиындығы шектеулі жаттығуларды пайдалану болып табылады. Бұл жаттығулар

оқушылардың тіл үйренудегі қызығушылығын туғызу мақсатында ойын жаттығулары түрінде немесе жағдаяттық тапсырмалар түрінде болуы мүмкін. Оқушылар тапсырмалардың барлығын топпен немесе ұжымдық жұмыс түрінде іске асырады. «Тіл үйренудің ұжымдық формасы дегеніміз – үйренушінің бүкіл топтағы адамдардың әрқайсысымен жеке сұхбаттасу арқылы олардың екеу ара бірін-бірі үйретуі, оқытуы, адамдардың бірінен екіншісінің үйренуі, пікір алысуы және әр жұп сыңарларының ауысып отыруы нәтижесінде бүкіл ұжым мүшелерінің түгел қамтылып әрі жұптық, әрі топтық тілдік қатынастың жүзеге асуы»[5,33]. Мысалы: 1) «Жарыс» ойыны. Сипаттамасы: екі кезеңнен тұрады. Оқушылар екі-екіден жұппен ойнайды. Бірінші кезеңде оқушылар берілген тақырып бойынша қаншалықты жаза алғанынша сөздер жазады. Екінші кезеңде осы берілген сөздермен диалог құрастырады. Мұғалім оқушылардың лексикалық қорын дамыту мақсатындағы жүргізетін жаттығулар түрін шығармашылық тұрғыдан, топтың деңгейіне қарап қарастырғаны жөн. Бұл әдіс мәтінді меңгертуге маңызды. Интерактивті оқытудың тиімді әдістерінің бірі – қатысым. Профессор Ф.Ш. Оразбаеваның пікірінше: «сөз жеке сөздікте тұрғанда – тілдік тұлға да, сөйлем құрамында, тексте қолданылғанда – қатысымдық тұлға болып табылады». [6,29]. Егер оқушы берілген сөздерді, грамматикалық тұлғаларды жатқа біліп, оны сөйлеуде пайдалана алмаса, онда сабақтың мақсаты орындалмағаны. Бүгінгі таңда қазақ тілін оқытудың жаңа технологиясы осы тілдің қатысымдық қызметін ескере отырып іске асырылады. Қазақ тілін орыс мектептерінде қатысымдық әдіс арқылы оқыту жүйесінде әдіскер-ғалым Ф.Ш.Оразбаеваның мынандай ұстанымын келтіруді жөн санадық:

Тіке байланыс ұстанымы сабақ үстінде ғана емес, өмірде де жүріп жатады. Тіке байланыс ұстанымының ерекшелігі – кез келген жағдайды, ортаны дұрыс пайдаланып, барлық уақытта ойға оралған пікірді сыртқа шығарып айта білу және оған қатысты жауап алу. Сөйтіп сөйлесу мен түсінісуге жол табу.

Адамның жеке қабілетін ескеру жөніндегі ұстаным тіке байланыс ұстанымына негізделеді. Бұл қағида оқыту әдісінде тіл үйренушінің жеке басына тән барлық қасиеттерді психологиялық, педагогикалық тұрғыдан зерттеуге және онымен үнемі санасып отыруға негізделеді. Барлық оқыту жүйесі оқушының зердесіне, ынтасына, қабілетіне қарай бейімделеді. Мысалы тілге бейім оқушыға қосымша қызықты тапсырмалар беру, өз бетінше белгілі бір тақырыпты меңгерудің бағыттарын ұсыну, мәтіндерді жаңа сөздермен толықтырып, ізденіс арқылы жаңарту т.б. осы сияқты жұмыстарды орындатуға болады.

Сатылап даму ұстанымы бойынша адам мен адамның тіке байланысы да, оқушының жеке қабілетін ескеру де, сөйлеуге үйрету де жүргізілетін жұмыстың түрлері де бірте-бірте жеңілден қиынға, қарапайымнан күрделіге, аздан көпке т.б. сатылап өсу үстінде болу керек. Мысалы мұғалім мәтінді оқи отырып, алдымен оқушыларға түсінікті сөздерді бөліп алып оларға жаңа сөз тіркестерін ойлап табуды тапсырады. Оқушылар мәтіндегі өздеріне таныс сөздермен өз сөз байлықтары арқылы, яғни өздері білетін сөздер арқылы тіркестер құрастырады. Енді айтылған тіркестермен сөйлем құрау іс жүзіне асырылады.

Өзектілік ұстанымы барлық тіл үйрету мен оқыту жүйесінің ең басты мақсатқа – тілдік қарым-қатынасқа бағынуын талап ете келіп, сабақ беру жолдарының әрқайсысы ортақ бір өзек болатын қағидаға сүйенуін қажет етеді. Әр сабақ үстінде өтілетін тақырыптар, істелетін жұмыстар, сөйлесу жаттығулары мен тапсырмалар т.б. – бәрі сөйлесімді жүзеге асыратын шешімге келіп тірелуі керек [2,65-69].

Әдіскер-ғалымдардың пікірінше, қазақ тілін оқытуды жандандыру үшін тілдік және қатысымдық қатынастарды қатар қалыптастыру қажет. «Мұндай жағдайда оқушылар теориялық материалды алдын ала жаттамайды. Олар оны алдында тұрған ассоциативтік интерпретатормен жұмыс жасау барысында түсініп, оған анықтама сөздерді шығарады. Мұндай ассоциативтік интерпретаторларға тірек схемалар жатады. Тірек схема дегеніміз – қазақ тілін меңгерту барысында оқушылар мен мұғалімнің уақытын үнемдеуге, оқушылардың танымдық, логикалық қабілетін дамытуға аз күш жұмсай отырып, терең де көп білім меңгеруге жағдай жасайтын белгілер» [5,25]. Демек, тірек схемаларды қолдану оқушылардың ойлау қабілетін ұштап, лексика-грамматикалық материалдарды тез, өнімді игертуге мүмкіндік береді. Қатысым оқушының топтық немесе жұптық әрекеті негізінде жүзеге асады. Ынтымақтаса оқыту әдістерінің бірі оқушының «Бірге оқимыз» ұраны бойынша жұмыс істеуі. Сыныптағы оқушылар 2-3 жұпқа бөлініп, бір жаңа тақырыптың бөлігі болатын тапсырмалармен жұмыс істейді. Осы интерактивті тәсілдің негізінде оқушылар біріге отырып тақырыптың мазмұнын толық ашады. Бұл әдісті сөйлеу әрекетінің барлық түрі бойынша қолдануға болады. Бұл әдіс оқушыларды тілдік әрекет түрлерінің қалыптасып, дамуына, түрлі

танымдық, шығармашылық мақсатқа жетуіне, сөйлеу мәдениетінің дамуына машақтандырады. Сондай-ақ ұжымдық әдіс арқылы оқушының жеке мүмкіндігі ескеріліп, белсенділігі өседі.

Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың даму кезеңінде оқушыларды білімді, жаңа технологияларды меңгерген азамат етіп тәрбиелеу мұғалімнің басты міндеті. Білім ошақтарын заманауи ақпараттық технологиялармен жабдықтау, интерактивті тақталармен, аудио-видео құралдарымен, мультимедиалық кабинеттермен, арнайы пәндерден электрондық оқулықтармен қамтамасыз ету бүгінгі күннің басты мәселесі. Мұғалім интерактивті тақтаны пайдаланудың арқасында шәкірттердің қызығушылығын туғыза отырып, сабағының қызықты, мазмұнды өтуіне ықпал етеді. Бұл оқушының сабақ тақырыптарына байланысты өз бетінше ізденуіне, шығармашылық жұмыспен айналысуына септігін тигізеді. Бүгінде тіл үйренудің қатысымдық дағдысын дамыту үшін оқытудың экрандық, аудио, визуальдық құралдары маңызды орын алады. Интерактивті тақталарды пайдалану – интерактивті оқыту әдістерінің ең маңыздысы. Тіл үйрету барысында интерактивті тақталарды сабақтың әр кезеңінде пайдалануға болады. Интерактивті тақталардың тіл білімінің лексика, фонетика, грамматика салаларын меңгерту мақсатындағы жаттығу жұмыстарын, грамматикалық материалдарды жандандыру, оқушының басқа тілді тыңдау арқылы қабылдауы мен сауатты жазуын қалыптастыруда, елтанымдық материалдарды игеруде пайдасы зор. Мысалы орыс мектептерінің 7 сыныпқа арналған оқулығында «Астана» дегентақырып бар. Осы тақырыпты өту барысында алдын ала дайындалған суреттер, қозғалыстағы көріністер, түрлі жаттығуларды интерактивті тақта арқылы өтуге болады. Оқушы осы тақырып бойынша өз бетінше ізденіп, түрлі слайдтар, елорда туралы қысқаша ақпарат дайындайды. Тілді оқытып, үйрету сабақтарының басты мақсаты – біліктілік пен шеберлікті дамыту. Бұл сабақтың мақсаты оқушының өз қаласы, еліміздің басқа қалалары туралы түсінік-танымын кеңейтіп, сол лексикалық тақырып көлеміндегі сөздік қорын дамыта отырып, өз бетінше жұмыс істеуді дамыту болып табылады. Мұғалім берілген тақырыпқа тыңдалым бойынша тапсырма түрлерін беріп, сабақты түрлендіріп, сабақты мазмұнды өткізуге болады. Тест тапсырмаларын компьютер арқылы беріп, білімдерін тексеру де маңызды. Осындай жұмыстар арқылы оқушылардың сабаққа деген ынтасы, белсенділігі артып, тіл үйренуге деген қызығушылығы дамып, өз бетінше іздену, топпен жұмыс істеу, жауапкершілік қасиеті, шығармашылық қабілеттері дамиды. Интерактивті тақтамен жұмыс сабақ материалының толық, келісімді, сабақтастықта берілуін және оқушылардың білімі мен дағдыларының қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Қазақ тілін оқытуда тіл туралы білім берумен бірге оқушыны тілдік қарым-қатынасқа даярлау міндеті қойылады. Ол баланың тілін дамыта оқыту, сөздік қорын молайту, сөз, сөйлем, мәтіннің мағынасы мен ұғымы, ойы және мазмұны арқылы оқушылардың ойында ұлттық танымды қалыптастыру. Интерактивті оқыту әдісінің өзі мұғалім мен оқушының арасындағы өзара байланыс дейтін болсақ, ол әрекеттер пікір алмасу, талқылау, сұрақ-жауап әрекеті және тіл үйренушілердің сөйлеуіне көмектесетін тапсырмалар мен жаттығулар арқылы іске асады. Мұғалім бұл тапсырмалар түрін өзінің шығармашылық қабілетіне сәйкес түрлендіріп қолдануына болады.

Сонымен, қазақ тілі сабағында оқыту, жазу, оқу грамматикасы, тіл дамыту, сөздік қорын молайту сияқты мәселелер бір-бірімен байланыста жүргізіледі. Оқушының танымын, ойын, тілін дамытып қатысымдық әрекетін жүйелі де нәтижелі жүргізу үшін алдымен сөз бен ойдың мағынасын меңгерту және сөздерді бір-бірімен байланыстырып сөйлем құрастыруға төселдіру қажет. Соның негізінде оқушының ауызша және жазбаша сөйлеу әрекеті, икемділіктері мен дағдылары қалыптасып, нәтижесінде сөздік қоры дамып, өз ойын белгілі жағдайда жеткізуіне мүмкіндік туады. Қорыта келгенде, оқушылардың қатысымдық әрекет арқылы қазақша сөздік қорын молайтып, сөйлеуге, сауатты жазуға дағдыландыру лингвистикалық білім негізінде жүргізіледі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Нарқұлова Б.А. Қазақ тілі сабағында дидактикалық ойындарды қолдану әдістемесі (5 сынып материалдары бойынша) дисс. авторефераты. –Алматы, 2006.
2. Оразбаева Ф.Ш. Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Оқу құралы. –Алматы: Print-S, 2005.
3. Күзекова З.С. Екінші тіл ретінде қазақ тілі оқулығы теориясының лингвистикалық негіздері. – Алматы. ТОО»Издательство LEM». –2005.
4. Гальскова Н.Д. Современная методика обучения иностранным языкам: Пособие для учителя. – 3-е изд., перераб. и доп. – М.: АРКТИ, 2004. с.175 – 181.
5. Досмурзаева А.С. Қазақ тілін орыс бөлімдеріндетірек сызбалар арқылы оқыту әдістемесі. Дисс. Алматы. –2002.
6. Оразбаева Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. –Алматы: РБК, 2000.

*Г.А. БӨСТЕКОВА,
№ 48 мектеп-лицейі тарих
пәнінің мұғалімі.
Астана қаласы*

Кемеңгер қоғам қайраткері, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың өмірі өте ерекше болды.. Тұтас буынның төлбасы, кешегі Абай, Ыбырай, Шоқан салған ағартушылық, демократтық бағытты ілгері жалғастырушы Ахмет Байтұрсынов атамыз қазіргі Қостанай облысына қарасты Жангелдин ауданының Сартүбек деген жерінде мешін жылы туылады. Ахмет Байтұрсынұлы- қыры мен сыры мейлінше мол адам. Біріншіден, ол қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы, жаңашыл ағартушы.

А.Байтұрсынов өмірі мен қызметінің тағы бір салмақты саласы- оның ақындық еңбегі. Ол бала кезінен қазақ ішінде көркем сөз құдіреті жоғары саналатынын көріп, естіп, сезініп, ойланып өскенге ұқсайды.

Қалай да халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын ұлы Абай тапқан соқпақ орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне мойынсұнады.

Ірі қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың артында аса мол тарихи, ғылыми еңбектер қалды. Ол өз заманында әрі ақын, әрі аудармашы, әрі ғалым ретінде танылды. Ахмет Байтұрсынов — қазақ ғалымдарының ішінен шыққан тұңғыш әдебиет теоретигі. Оның жазған кітаптар, ол туралы жазған кітаптар қазірде қолданыста жүр.

«...Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмәш болып, кейбірі арын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды... халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті.»- дейді Сәкен Сейфуллин. Ал Мұхтар Әуезов Ахмет Байтұрсынұлы жайлы : «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны – «Қырық мысал», «Маса» ; «Қазақ» газетінің қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын.

Бірақ зорлықпен, күшпен дегенін болдырып үйренген большевиктер бұл ақиқатты теріске шығарып, оның есімін де, еңбегін де тарихтан өшіруге тырысып бақты. Оны бар ғұмырын адал қызмет етуге арнаған туған халқына жау етіп көрсетіп, «халық жауы» деген жалалы жамылғыны жауып, атқызды, атын атағандарды қуғынға салды. Бәрібір олар мақсатына жете алмады. Жала – бұлт, шындық – күн екен, заманы қайта туып, шындықтың шұғыласы өз нұрын төкті. Ұлтын сүйген ұлтжанды Ахаң, Ахмет Байтұрсынұлы өз халқымен қайта табысты.» дейді. Халқымыздың көз алдына ол ерекше, қайсар болып елестейді. Алайда Ахмет атамыз расымен қазақ елі үшін, қазақ жері үшін маңдай терін төгеді. Бірақ енді тек әдебиеттанушы болып қана қоймай ол Қазақстанның тарихында да өз ізін қалдырып кетті.

Ахмет Байтұрсынұлы қандай қиын-қыстау жағдайға тап болса да, ұлт мүддесін, серіктестерін ешқашан сатпағанын, адамгершілік-азаматтық бағытынан ауытқымағанын, Қазақ өлкесі Әскери-революциялық кеңесінің қазақ халқын біріктіру және оны Кеңес өкіметі жағына тарту туралы мәселені қараған 1919 жылғы 27 қазанда өткен мәжілісінде сөйлеген сөзі арқылы тағы да дәлелдеді.

Тәуелсіз қазақ елінің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбіш- ұлы Назарбаев Ахмет Байтұрсынұлының 1998 жылғы 125 жылдық мерейтойындағы баяндамасында Ұлт ұстазына осындай жоғары баға берген еді. Шындығында, А.Байтұрсынұлы- ның ғылыми, көсемсөздік, ақындық мұрасы уақыт озған сайын ел игілігіне қызмет етіп келеді және қызмет ете беретіні анық.

Қазіргі жастар Ахмет Байтұрсынұлы салған мектепті бітіріп, оның қолданысқа енгізген « Қазақ » газетін оқып, оның егемендікке деп бастаған жолын жалғастыруда. Ахмет Байтұрсынұлы бастаған бұл іс- қазақтың тарихымен жалғасып кететін қызмет. Істеген ісімен өзіне-өзі орнатқан ескерткіш.

Жалынды да ойлы көсемсөз шебері, баспагер әрі ұйымдастырушы Ахмет Байтұрсынұлы өзі құрған «Қазақ» газетін осы тұрғыдан пайдалуды ұсынып, бұл басылымның алдына қойған мақсатын «халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деп тап басып көрсетті. Бас редактор ретінде ол кездегі білімді, зерделі азаматтардың басын қосып, оқу-ағарту, ұлт- жер мәселелерін батыл көтерді.

Алғаш рет қазақ газеті 1913-1918 жылдар аралығында болды. Келесі кезеңі 2006 жылдан қазірге дейін жалғасып келе жатыр. Негізі осы газеттің қазіргі таңда басылып шығарылып жатқаны-өте дұрыс. Себебі біз тек шет елдердің жаңалықтарын оқимыз да, өз еліміздің жаңалығына көз шалмаймыз! Жарайды, бұл басқа тақырып болар, ал қазір мен Ахмет Байтұрсынұлының қазақ газетін қалай шығарғаны туралы айтқым келеді.

Тарихи деректерге қарағанда, «Қазақ» деген атаумен ұлт газетін шығаруға ресми рұқсат Ахмет Байтұрсынұлыға 1905 жылғы желтоқсанның 9-да берілген екен. Ал апталық «Қазақ» газетінің алғашқы саны 1913 жылғы ақпанның 2-де жарық көрді де, 1915 жылдан бастап аптасына екі рет шығатын болды. 1913-1918 жылдар ішінде «Қазақ» газетінің құрылтайшылары Әлихан Бөкейхановтың өзі мен оның сенімді үзеңгілестері Ахмет Байтұрсынұлы және Міржақып Дулатовтың қажырлы еңбектерінің арқасында газеттің 1-265 сандары жарық көрді.

Газет қолдан қолға, ауылдан ауылға өтіп, тозығы жетіп жыртылғанша оқылды. Оны қазақ елінің түкпір-түкпіріндегі жұрт жаздырып алды. «Қазақ» газетін метрополияның Киевтен Қазанға, Санкт-Петербургтен Томскіге дейінгі университеттерінде білім қуып жүрген қазақ студенттері де жаздырып оқығаны туралы деректер кездеседі. Осылайша аз уақыт ішінде «Қазақ» сол кездегі 5 миллионға жуық көшпенді халықтың көпшілігі білетін беделді басылымға айналды. Қазақ газеті шыққан күнінен бастап қазақ елінің саяси өміріне бес жылдан астам уақыт қызмет етті. Әр ай сайын шығып жатқан бұл атақты газет қазақ елінің сеніміне кіріп, соңғы жаңалықтарды сипаттап беріп отырған. Тіпті ешкімнің, яғни ешқандай газеттің сапасы да, саны да, мазмұны да осы Қазақ газетімен тең келе алмады. Алайда бақыт ұзаққа созылмады. отаршыл империя заманынан аман шыға білген «ҚАЗАҚ» газеті Кеңес өкіметінің Қазақстанға билік орнатуға тырысқан алғашқы күндерінде-ақ – 1918 жылдың наурызында біржола жабылды. Көп ұзамай оның құрылтайшылары мен авторларының басым көпшілігі саяси қуғын-сүргін кезінде атылып кетті.

1923 жылы «Шолпан» журналында Мұхтар Әуезов: «ҚАЗАҚ» газеті – ел дертінің себебін ұғып, емін біліп, енді қазақты оятып, күшін бір жерге жинап, патша саясатына қарсылық ойлап, құрғақ уайымнан да, бос сөзден іске қарай аяқ басамыз деп талап қыла бастаған уақытқа келді. Бұл тұтынған жолында «ҚАЗАҚ» газеті өз міндетін дөп атқарды», – деп әділ бағасын берген «ҚАЗАҚ» газеті араға 88 жыл салып 2006-жылдың 22-наурызында бұрынғы басылымның заңды жалғасы ретінде жазушы Қоғабай Сәрсекеевтің ұйытқы болуымен №266 санынан қайта жарық көрді.

«Қазақ» газеті қазақ өміріндегі кез келген мәселені көтеруге тырысқан. Тіпті «Қазақ» басқармасындағы сатылым кітаптарының тізбесі: авторлары, еңбектері, бағасы жарияланып отырды.

1913-1918 жылдар аралығында алғаш рет шыққан қазақ атты газетке маңдай терін төккен адамдардың арасына Мағжан Жұмабаев, Халел Досмұхамедов, Жаһанша Досмұхамедов, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Жүсіпбек Аймауытов секілді алаш азаматтары да кірген болатын. Және 2006 жылы қайта ашылған бұл газетті ұйымдастырушылардың арасына да беделді, оқымысты адамдар кірген болатын.

Ұлт басылымы «Қазақ» газетінің тұңғыш санында А.Байтұрсынұлы: «...Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениет-ке, оқуға, ұмтылу керек. Ол үшін ең алдымен әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға, өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз. Бұл мәселеде біздің халіміз оңды емес. Осы күні орыс школы мен татар мектептерінде оқып шыққандар қазақ тілінен алыстап барады. Бұл, әрине, жаман әдет. Егер тілге осы көзбен қарасақ, табиғат заңына бағынбай, біздің ата-бабаларымыз мың жасамаса, ол уақытта тілмен де, сол тілге ие болған қазақ ұлтымен де мәңгі қоштасқанымыз деп білу керек. Егер оны істегіміз келмесе, осы бастан тіл, әдебиет жұмысын қолға алып, өркендететін уақытымыз жетті» деген екен.

Ахмет Байтұрсынұлының жалпы қазақ халқына енгізген әсері –керемет. Ол әдебиеттанушы болған, ол ағартушы, оның бірнеше өлеңдері бар. Сонда Ахмет Байтұрсынұлын біз тек әдебиеттанушы ретінде емес сонымен қоса оның өткен арқылы болашақты өзгерткенін білеміз. Қазақстан тарихында Ахмет Байтұрсынұлының арқасында елімізде қазір қазақ атты газет шығуда. Артынан қалдарған ізі іспетті. Оның Қазақстанның тарихына енгізген өзгерістері ерекше. Ең алдымен мен қазақ газеті туралы айтқым келеді. Батылдықпен, ерлікпен, қайсарлықпен қазақтарды өнерге, білімге шақырған. Елін көркейткісі келді. Әрине енді ол кезде большевиктер деген болды ғой. Алайда, Ахмет атамызды Семейде қамаса да, өз елінде өмір сүруге қатаң тыйым салса да өз дегенінен қайтпады. Қазір бұл біз үшін үлкен ерлік секілді көрінеді, бірақ Ахмет Байтұрсынұлы мұны мақтану үшін емес, «мен» деп кеудесін керу үшін емес, қазақтарды аман алып қалу үшін, қазақтарға жаны ашыған соң, өз елін сүйгені үшін істеді. Мұны біз енді ешқашан ұмытпауымыз ләзім!

Ахмет Байтұрсынұлы өз қоғамында абыройлы да беделді кісі болғаны айдан анық. Ол туралы әр деректерде әр түрлі, дегенмен жақсы ойлар қабаттасып жатыр. Қазақ газетін ашқаны үшін ел оны

мақтап, абыройын асқақтатады. Сол кездегі басқа да газеттерге қарағанда дәл қазақ газеті ең беделдісі болады.

Бүгінгі ой мен кешегі ойдың екеуі екі басқа. Екеуінің айтары да – басқа. Міндеттері де- бөлек. Сондықтан өткен мен бүгінді салыстырудың қажеті шамалы ғана. Өткен жайлы тек өкіну ғана қалады. Алайда өкінудің де қажеті жоқ. Себебі, басқа төнетін қауіп те, бақыт та бәрібір өз дегенін істейді емеспе!

ОСНОВНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКА, ОБРАЗОВАНИЯ, РЕЛИГИИ И СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ЖИЗНИ КАЗАХОВ В НАЧАЛЕ XX ВЕКА

З. КАБУЛЬДИНОВ,

*Доктор исторических наук,
профессор, Ученый секретарь
Национального конгресса историков.
г. Астана*

В начале XX века в казахском обществе заметно обострились проблемы языка, культуры, религии, а также различных сторон социально-экономической жизни. Безусловно, они не могли быть отражены в первых петициях, обращенных к местным и центральным властям.

Наиболее грамотная часть общества от имени всего народа пыталась решить через них свои самые насущные проблемы, которые формировались за годы нахождения степняков в составе Российской империи. В петициях содержались различные требования: земельные, религиозные и образовательные [1, с.271].

Известно, что первые петиции были составлены и отправлены в вышестоящие инстанции в **1902-1903** годах. В них содержались требования остановить политику христианизации казахского населения, создать условия для развития мусульманских учебных заведений и деятельности мулл. Инициаторами создания первых обращений были религиозные деятели, но со временем ситуация стало кардинально меняться. В годы первой русской революции инициатива по составлению петиции стала переходить к образованнейшей части казахского общества: во главе народа оказались А. Бокейхан, Ж. Акпаев, А. Байтурсынулы, Т. Нурекен и другие.

Эти документы были адресованы уездным начальникам, военным губернаторам, генерал-губернаторам, Министру внутренних дел и даже российскому императору Николаю II. Они отправлялись из Казани (манифест), Уральска, Лепсы, Каркаралинска и других местностей.

Пожалуй, одним из крупных и содержательных петиций, поданных в адрес колониальных властей, была *Каркаралинская петиция*. В июле 1905 года на Кояндинской (Ботовской) ярмарке (вблизи г. Каркаралинска) состоялся съезд представителей казахской знати. Здесь была выработана петиция к царю. Ею подписали 42 влиятельных казахов Каркаралинского уезда Семипалатинской области. Позднее к ней присоединились казахи других уездов Семипалатинской и Акмолинской областей.

Обращение было оформлено в виде телеграммы. Была составлена в Омске и послана в г. Каркаралинск по почте, откуда 22 июля 1905 года, за подписью 42, именовавшими себя доверенными от казахов Каркаралинского уезда Семипалатинской области, была отправлена на имя царя через местную почтово – телеграфную контору. В составлении и отправке петиции в Санкт-Петербург активную работу провели А. Букейхан, А. Байтурсынулы, Ж. Акпайулы, Т. Нурекен и другие.

Основное ее содержание состояло в том, что чтобы допустить казахов к работе в Государственной Думе. В частности, здесь содержались следующие строки: **«Его Императорскому величеству Государю Императору. В Омске совещание Чиновников различных ведомств во главе с генералом Сухотиным высказались против допущения представителей от киргизов в земском собрании в духе проекта Министра А.Г. Булыгина; подобное недалновидное решение объяснимо лишь незнакомством с характером развития и стремлением главной массы населения степного края, на которое это устранение произвело удручающее впечатление..... Какие же могут быть серьезными основания, не греша против элементарной справедливости и истины, выделять шестимиллионных киргизов в особую бесправную группу. Правда - мы занимаемся скотоводством и интересы скотоводческого хозяйства заставляют нас кочевать, а не бродить, как думают, летом 3-4 месяца, но следует ли из этого лишать такого важного драгоценного политического права участвовать в земском собрании. Почему занятия**

скотоводческой культурой должно лишать киргиза избирательного права, когда такового права не лишает занятия торговлей, земледелием, рыболовством и другими промыслами? ...Не доказано, чтобы киргизы общественные и государственные задачи понимали хуже русских крестьян, не говоря уже о других оседлых инородцах... Кто будет защищать интересы киргизов? Кто может правильно выяснить назревшие их нужды и способы их удовлетворения, если не будут участвовать в земском соборе избранные нашим народом на общепринятых теперь основаниях представители?...Нас не желают знать, считают чем-то низшим, бюрократия смотрит на нас с высока и пренебрежительно... Во всяком случае мы не повинны в том, что нас не знают те, кому сие подлежит знать...Подписана 42 доверенными от Каркаралинского уезда, 22 июля 1905 года» [2].

Государственные чиновники к составлению подобного рода документов относились крайне отрицательно. Об этом свидетельствует письмо военного губернатора Семипалатинской области Степному генерал – губернатору от 19 июля 1905 года: **«составление киргизскими обществами подобных выше приведенному приговором петиции ни в каком случае не может быть допускаемо».**

Существовали различные варианты текста Каркаралинской петиции, адресованные не только на имя российского царя. Копии петиции были посланы в редакции центральных российских газет «Сын отечества» и «Русские ведомости» для публикации.

Так, 22 июля 1905года один из вариантов такой петиции в переводе на русский язык *Темиргалия Нурекена* был адресован и в адрес министра внутренних дел, состоявший из 47 пунктов. Содержание петиции наиболее полно отражало накопившиеся проблемы в жизни казахского общества начала XX века: вопросы организации выборов, решения земельного вопроса, урегулирования проблем в области религий, образования и так далее.

В обращении предлагалось на должности волостных управителей, аульных старшин и писарей назначать исключительно грамотных казахов. При вступлении на свои должности они должны были давать присягу во избежание злоупотреблений. Вместо крестьянских начальников предлагалось введение должностей мировых посредников. По мнению авторов петиции на эту работу должны были быть назначены казахи с достаточным уровнем образования.

С целью искоренения борьбы различных группировок при выборах на должности местной администрации также предлагались некоторые меры. *Во-первых*, предлагалось заменить выборных, которые отличались чрезмерной необъективностью и заинтересованностью в выборе того или иного кандидата. *Во-вторых*, вместо выбывших выборных следовало заменить таковыми из других волостей уезда. *В-третьих*, было выдвинуто предложение о недопуске ранее отстраненных выборных. Предлагалось и участие представителей от казахов в высшем законодательном органе страны.

В своем обращении казахи просили Министра внутренних дел подчинить казахов Оренбургскому Духовному собранию как это было до введения административных реформ 1868 года, разрешить им сооружать мечети и медресе, свободно открывать типографии для издания газет и книг, в том числе и религиозных. Содержалось и требование свободного совершения хаджа в Мекку, запрета посещения казахских аулов православными миссионерами, наложения запрета перехода казахам, не достигшим совершеннолетия, в другую религию. В то же время считалось логичным беспрепятственный обратный переход в лоно ислама из других конфессий. В медресе просили разрешить преподавание арабского, персидского и турецкого языков, осуществлять ремонт обветшавших или постройку новых мечетей и медресе в степи. Предлагалось в каждой волости назначить специальных сборщиков, которые должны собирать религиозные налоги (закят, фытыр и т. д.), собранные суммы которых использовать для стипендий ученикам из бедных семей. В петиции предлагалось обязательное преподавание в школах азов мусульманства, а только затем обучение «русской грамоте», но с запретом обучения христианству.

Казахские представители добивались, чтобы **«начальники над киргизским народом знали бы киргизского языка».** Одним из прогрессивных пунктов петиции можно отметить предложение о введении делопроизводства на казахском языке, когда, к примеру, следствие осуществлялось без переводчика и все писаря, рассыльные и стражники должны были быть из числа казахов.

Жители степи выражали открытый протест по вопросу административной высылки степняков без суда и следствия. Как известно, генерал-губернатор Степного края получил возможность ссылать казахов по одному только подозрению. Бракоразводные дела просили изъять из ведения военных губернаторов и уездных начальников. При убийстве наряду с законным наказанием оставить выплату куна согласно прежних казахских обычаев. При окружном суде обязательно должны быть

присяжные заседатели, а обвиняемые получают право иметь защитников. Составители петиции считали нужным суд биев подчинить Министерству юстиции, а не местным колониальным властям как это стало во время проведения административных реформ 60-90-х годов XIX века.

К началу XX века заметно обострился и земельный вопрос. Поэтому в петиции этой проблеме было уделено особое внимание. *Во-первых*, авторы петиции требовали возвращение 10-верстного пространства, а также кабинетных (горнозаводских) земель. Отобранные в течение последних 20 лет у казахов земли должны были быть возвращены прежним ее хозяевам. А свободные земли в районе казахских кочевий исключительно предлагалось передавать мусульманам-переселенцам из Кавказа и России, а зимние и летние стоянки оставлять во введении самих законных хозяев.

В петиции содержались и требования, связанные с допуском казахов к пользованию лесом, передачи в пользование казахов соленых и рыбных озер, находящихся в районе их кочевий. Предусматривалась и сдача этих озер в аренду через доверенных и уполномоченных от местного населения, а вырученные от аренды деньги предполагалось аккумулировать в депозитах, которые можно было использовать для заготовки запасов продовольствия.

В промышленном деле казахи просили разрешения самим заниматься горным делом, также как и открытием собственных заводов, а в случае нежелания ими самим заняться горнорудным делом – разрешить сдачу своих земель, где находились полезные ископаемые, в аренду.

Казахские доверенные просили уравнивать казахов в правах приобретения недвижимости в любом регионе Российской империи с остальными жителями края и была выражена надежда и на свободное занятие государственной службы без каких-либо ограничений.

Составители петиции продемонстрировали высокую степень решительности и организованности. Но царизм на выполнение этих требований не пошел, так как они не отвечали колониальной политике Российской империи. В то же время она сыграла свою положительную роль при допуске казахов в состав I и II Государственных Дум России. Во главе народных масс, в том числе и в вопросе организованной подачи в адрес властей письменных обращений, встала наиболее грамотная и передовая часть казахской национальной интеллигенции во главе с общенациональным лидером А. Бокейханом. В частности, лидер алашского движения АлиханБукейхан весьма жестко отзывался об обрусительной политике царизма и истинном лике царских чиновников, не знающих языка, религии, традиции и обычаев местного населения: **«Как и в других окраинах России, и в киргизской степи искони ведется обрусительная политика. Русские чиновники здесь не блещут ни образовательным цензом, ни знанием местных условий. Обычные спутники обрусительной политики – грубость, произвол, бесцеремонное третирование всего того, что составляет святыню населения, усугубляются в степных областях тем, что правители не знают языка народа и сносятся через переводчиков, также лишенных всякого образовательного ценза. Наиболее ловкие переводчики захватывают в свои руки всю неограниченную власть уездного или крестьянского начальника и являются настоящими диктаторами своего уезда или участка. Не только бывшие армейские офицеры, променявшие службу на должность уездного или крестьянского начальника, или разного рода неудачники, не окончившие даже средней школы, попавшие случайно в правители киргиз, но даже следователь и судья нередко становятся игрушкой в руках своих переводчиков. Штатные должности переводчиков киргизского языка занимали (до 17 октября 1905 г.) в учреждениях, ведающих киргизские дела, русские, не знающие ни киргизского языка, ни киргизской грамоты. Это делалось нарочно, как говорил пишущему эти строки старший делопроизводитель канцелярии степного генерал-губернатора: «сами киргизы должны возвыситься до нас; мы же не обязаны учиться их языку!».** Еще при Плеве крестьянские начальники не принимали прошений на киргизском языке, и лишь дни свободы положили этому конец. В степных областях вся переписка и делопроизводство, даже в канцелярии волостного управления, ведутся на русском языке. Вся волость и сам управитель в руках малограмотного писаря-дельца...Как видно из приведенных народных поговорок, киргизы отождествляют с чиновниками-волками (волк как главный враг скотовода) не только русское правительство, но и всех вообще русских... С другой стороны, все возрастающее переселение русских в степь, борьба за землю между киргизом и переселенцем и грубые формы, в которых эта борьба протекает, немало углубляют и обостряют установившийся и без того на почве беззакония национальный антагонизм»[4].

Таким образом, подача петиции, в том числе и Каркаралинской, стала одним из важных моментов в политической жизни Казахстана начала XX века. В них в концентрированной форме были выражены наиболее насущные проблемы казахского общества: язык, религия, образование, вопросы переселения крестьян, делопроизводство и т.д. подача подобных обращений в адрес вышестоящих

государственных органов демонстрировало заметный рост политической зрелости казахской нации. Оно же свидетельствовало о решимости народа защитить свои ущемленные права в ходе колониальной акции царского самодержавия.

Список литературы:

1. Асфендияров С. История Казахстана (с древнейших времен).- Второе издание. –Алма-Ата, 1993.- 304 с.
2. ЦГА РК (Центральный государственный архив Республики Казахстан), Ф.537, Оп.1 Д.2, ЛЛ.14-14 об.
3. Озганбай О. Государственная Дума России и Казахстан (1905-1917)- Алматы, 2000.- 284 с.
4. Бөкейханов Ә.Н.Қазақтар: тарихи-этнографиялық еңбектер (Қазақ этнографиясының кітапханасы, 14-ші том). – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2006, - 304 б.-стр 19-22

«АЛАШТАНУ» БАҒДАРЛАМАСЫ

ҚАМЗАБЕКҰЛЫ Д.,

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің проректоры, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі.
Астана қаласы*

Бұл – жоба. Орта мектептің жоғары сыныбына арналған нұсқа. Бірақ мұның өзіндік тарихи алғышарты бар. Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы қарсаңында халық, әсіресе мектеп мұғалімдері ұлт рухы мен мемлекетшілдікті оқушылар мен жасөспірімдер бойына терең сіңіру үшін, түсінік-талғамын табиғи дамыту үшін жоғары сыныптарда «Абайтану» мен «Алаштану» қосымша курстарының қажеттігін айтып, дабыл қаға бастады. Бұл мәселе ел парламентінде де көтерілді. Сол елшілдік үдеріс барысында осы жобаны хатқа түсіріп, жауапты орындарға ұсынған едік.

Түсінік

Алаш – Қазақ елі тарихының жарқын бір беті, отандық ғылым мен білімнің, мәдениет пен руханияттың елеулі белесі. Сондықтан жаңа замандағы білім беру үдерісінде ХХ ғасырдың бас ширегіндегі Алаш қозғалысына байланысты құбылыстар, оқиғалар, тұлғалар, еңбектер туралы оқушылардың түсінігін қалыптастыру, байыпталу, зерделету, талдау дағдысын қалыптастыру – ел тәуелсіздігі талаптарымен орайласып жатқан көкейкесті міндет.

Оқушылар Алаш тұлғаларының мемлекеттік және ғылыми-шығармашылық қызметін білу арқылы отаншылдық қабілет-қарымын арттыра түседі.

Мектепте Алаштану сапасының өлшемі ақпаратты игеру және оны баяндаумен шектелмей, саралау, жинақтау және тарихи оқиғаларды бағалау дағдыларымен де толыға түседі.

Оқу пәнінің мақсаты:

1. ХХ ғасырдың бас ширегіндегі Алаш қозғалысы мен оған қатысқан қайраткер, шығармашыл тұлғалар туралы білімді қалыптастыру;
2. Оқушыларды ұлт зиялыларының мұрасы мен еңбегі негізінде отаншылдыққа, елшілдікке баулу.

Оқу пәнінің міндеті:

3. ХХ ғасырдың басындағы Қазақ мемлекеттілігінің тәжірибесі санатындағы Алаш қозғалысы, Алаш Орда, Алаш автономиясы, Түркістан автономиясы сынды тарихи құбылыстар туралы оқушылар санасында жүйелі білімді орнықтыру;
4. Алаш тұлғаларының отандық ғылым мен білімнің бастауындағы мұраларын зерделету;
5. оқушының Алаштану бойынша білімін қорытындылап, себеп-салдарлық байланыс орнатып, дербес талдай білу білігін дамыту, тарихи фактілер, құбылыстар мен тұлғаларға дербес көзқарас білдіру бейімін шыңдау;
6. оқушы бойында Алаштануға қатысты деректермен жұмыс істей білу және осы саладағы білімін шығармашылықпен дамыту дағдысын арттыру;
7. отаншылдық қабілетін жетілдіру, тұлғалық әлеуметтену үдерісіне ықпал ету;
8. мемлекетшілдік ізденістерге, қайраткерлік еңбекке құрметпен қарайтын және елдік дәстүр құндылықтарын жете түсінетін қабілетті дамыту;

9. Алаш тәжірибесіндегі әлем мәдениетіне, зайырлылық пен өркениетке құрметпен қарау дағдысын оқушылар бойында жетілдіру.

Оқушы мына мәселелерді шеше білуі қажет:

- күнделікті мәселелерді жекелеген ереже көмегі арқылы шеше білуі тиіс;
- жеке деректік ақпараттарды таңдауда, аксиологиялық (құнды) түйінді мәселелерді дербес нақты анықтамалар көмегімен жағдайға қарай бағалай алуы керек;
- оқушы мәселелердің барлық түрін эвристикалық (тәжірибе) және зерттеу тәсілдері арқылы шешуге қабілетті болғаны жөн.

Құзыреттілік

Жалпы мәдени құзыреттілік:

- Алаш қозғалысы мен тұлғаларының әлемдік өркениет дамуы жолындағы рөлі мен орнын түйсіну;

- Алаш пен адамзат рухани-құндылықтарының сабақтастығын сезіну;
- жеке тұлғалық, әлеуметтік, қоғамдық құбылыстар мен дәстүрлердің мәдениеттанымдық негізін меңгеру;
- қоғам өміріндегі білім мен ғылым, қайраткерлік пен бастамашылдықтың рөлін байыптау.

Білім құзыреттілігі:

- оқу-танымдық әрекетінің өзін-өзі бағалау, талдау және жоспарлау тәсілдерін меңгеру;
- шығармашылық әрекеттің білім алу, деректермен және анықтамалық материалдармен жұмыс, күнделікті оқиғалардан мәлімет ала білу сияқты дағдыларын меңгеру;
- курс бойынша алған білімді қолдана білу.

Коммуникативтік құзыреттілік:

- жұппен, топпен жұмыс істей білу;
- Алаш тарихына қатысты алған білімге сүйене отырып, пікірталас, әңгіме жүргізе алу;
- қатынастың түрлі амалдарын қолдана білу;
- өзгелерді тыңдай білу және жеке пікір мен ұстанымды дәйекті дәлелдей алу;
- қарым-қатынас мәдениетін меңгеру.

Қоғамдық-саяси құзыреттілік:

- азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру;
- қазіргі қоғам сұранымына қажет әлеуметтік белсенділікті меңгеру.

Ақпараттық құзыреттілік:

- қазіргі жаңа технологиялар негізінде ақпаратты жүйелеу, өңдей білу, сақтау және тарата білу;
- түрлі деректерден жан-жақты ақпарат жинап, оны тиімді қолдану.

Пәнаралық байланыс

Алаштану бірқатар әлеуметтік-гуманитарлық және жаратылыстану пәндерімен тығыз байланыста оқытылуы тиіс.

«Дүние жүзі тарихы», «Қазақстан тарихы»:

- Қазақстан тарихы – дүние жүзі тарихының құрамдас бөлігі;
- көршілес мемлекеттердің тарихымен байланысты қарастырылатын ортақ мәселелердің болуы (Ресей империясы тұсындағы отаршылдыққа қарсы күрес, демократиялық ізденістер, түрік бірлігі, жәдитшілдік, газет-журнал, кітап шығару, 1917 жылғы төңкеріске байланысты мүдделестік, эмиграция, ортақ мәдени кеңістік т.б.);
- XX ғасырдың басы мен 20-30 жылдардағы Қазақстан тарихының күрделі, «тар жол, тайғақ кешу» беттері.

«География», «Экономикалық география»:

- Қазақ КСР мен Қазақстан Республикасы территориясы мен шекарасының анықталу кезеңі;
- Қазақстан территориясында әлеуметтік-экономикалық реформалардың жүргізілу мерзімдері;
- Ресей мемлекеттік Думасында, кеңес өкіметінің бастапқы жылдары билік мінберінен айтылған Алаш қайраткерлерінің жартылай көшпелі қазақ шаруашылығын дамытуға байланысты ұстанымдары, тұжырымдамалары.

«Қазақ әдебиеті», «Қазақ тілі»:

- XX ғасырдың бас ширегіндегі тарихи оқиғаларды бейнелеген ақын-жазушылардың шығармалары;
- аталған уақытта жүйеленген әліпби, емле, жазу реформалары;

- білім мен ғылым тілінің қалыптасуы, қазақ тіліндегі алғашқы оқу құралдары.

Педагогикалық қағида

12 жылдық жалпы білім берудің негізгі сатысында Алаштануды оқыту кезінде **оқытушы келесі жалпы педагогикалық қағидаларды ұстануы тиіс:**

- қоғамтану мен тарих пәнін жете меңгеріп, басқа да гуманитарлық пәндерден (әдебиет, тіл, өнер, география т.б. пәнаралық байланыс) қабілетті болу;
- оқушымен дербес жұмыс істеу үшін оқушылардың қызығушылығын арттыратын, «мамандандыратын» (мемлекет және қоғам қайраткерлері, мемлекетшілдік ізденіс тарихы, шығармашылық, мәдениет және т.б.) оқу материалына қосымша элементтерді қосу;
- оқушыларды нәтижелі және белсенді жұмыс түрлеріне тартатын ізденіс форматтарын (семинар, тренинг, дөңгелек үстел, баспасөз конференциясы, рөлдік ойындар, пікірсайыс т.б.) тірек ету;
- деректерді, оқиғаларды, құбылыстарды, тұлғаларды тарихи пайымдау мен бағалауды қалыптастыратын өзіндік жұмыс түрлерін ұйымдастыру.

Алаштануды оқытуда педагогикалық технологиялар оқушылардың жас ерекшелігін ескеру мен оқу нәтижелерін жоспарлау негізінде таңдалып алынады.

Тақырыптық қағидат

Бағдарлама тақырыптық қағидатқа негізделген **4 бөлімнен** тұрады.

«Алаш қозғалысы және мемлекетшілдік мұрат» деп аталатын **бірінші бөлімде** XX ғасырдың басындағы әлемдік қоғамдық-саяси үдерістер бедерінде Алаш қозғалысының негізі, қалыптасуы мен дамуы, мемлекеттілікті қалпына келтіру жолындағы күресі, Ұлт кеңесі – Алаш Орданың, Алаш партиясының құрылу, саяси шыңдалу, кеңес өкіметімен текетірес тарихы, ұлт-азаттық көтеріліс оқиғалары қарастырылады. «Алаш тұжырымдамасы және ұлт зиялылары» деп аталатын **екінші бөлім** Алаш қозғалысы көшбасшыларының қайраткерлігіне, күрес тәсілдері мен амалдарына, жауапты кезеңдегі еңбектеріне, елдің дамуына байланысты тұжырымдамаларына арналады. **Үшінші бөлім** «Алаш құндылықтары және Түркістан автономиясы» деп аталады. Мұнда Алаш құндылықтарының мән-маңызы мен орнығуы, жәдитшілдік пен Түркістан бірлігі, Түркістан автономиясының құрылу және күшпен жойылу тарихы, қарсы қозғалыстар мен эмиграциядағы күрес мәселесі байыпталды. «Алаш тұсындағы білім мен мәдениет» деп аталатын **төртінші бөлімде** ұлт азаттығы жолындағы қозғалыстың айнасы іспетті әдебиет пен өнердің басқа түрлеріндегі шығармашыл тұлғалардың еңбектері, оқу-ағарту ісіндегі ізденістер, мәдени ұйымдардың жұмыстары талданады.

Бағдарлама мазмұны

I. Алаш қозғалысы және мемлекетшілдік мұрат – 9 с.

Алаш қозғалысы - ұлт-азаттық күрестің айрықша белесі – 2 с.

XX ғасыр басындағы Қазақ елінің қоғамдық-саяси жағдайы. Отаршылдыққа қарсы күрестің жаңа бағыттары. Ресей мемлекеттік Думасы және қазақтар. Алаш ұғымының жаңғыру мен жандануы. Негізгі ағартушылық және саяси күрес. Қазақ діндарларының сотталуы. Ана тіліндегі газет-журнал, кітап, мектеп үшін күрес. Қарқаралы құзырхаты (петициясы). «Оян, қазақ!» тұжырымдамасы. 1905-1907 жылдардағы өзгерістер, текетірестер.

Мемлекеттілікті қайта жаңғырту бастамалары және Алаш қайраткерлігі – 1 с.

Ресей империясының күрделі ахуалы. Шет аймақтардағы теңсіздік. Саяси жүйе мен отаршылдыққа сын. Алаш көшбасшысы Әлихан Бөкейханның бастамашыл істері. Автономия туралы ойлар. 1916 жылғы патшаның маусым жарлығынан кейінгі оқиғаға Алаштың көқарасы.

Төңкеріс және Алаш басымдықтары – 1 с.

1917 жылғы ақпан төңкерісі. Монархияның құлдырауы мен құлауы. Уақытша үкімет және большевизм. Қазақ комитеттері мен съездері. Алаш басымдықтары. Ұлт қайраткерлерінің көпвекторлы саясаты. Алаш партиясы және ел мүддесі. Қазақ ұлттық-либералдық партия жобасы. Тұжырымдамасы. Бағдарламалық құжаттағы мемлекетшілдік мұрат. Жастардың ұйымдары мен саяси-қоғамдық іс-әрекеттері.

Ұлт кеңесі – Алаш Орданың құрылуы және ұлт-азаттық қозғалыстың жаңа міндеттері – 1 с.

Мемлекеттік бастамалар. Елдік құрылым негіздері. Бүкілресейлік Құрылтайға даярлық және федерация туралы ойлар. Ұлттың құқықтық-демократиялық дамуы бағытындағы іс-шаралар кешені.

1917-1920 жылдардағы Алаш үкіметі және ұлт зиялыларының күрес амалдары – 1 с.

Алаш Орда және кеңес өкіметі. Келіссөздер. Азамат соғысы жылдарындағы Алаш ұстанымы. Алаш Орданы тарату және жою туралы кеңестік бастамалар. Эмиграция және большевизмге қарсы көтеріліс. Алаштың Орталық Азия толқуларына (басмашылық) қатысы.

Большевиктік өкімет тұсындағы Алаш қозғалысының инерциясы (1920–1930 жылдар) – 1 с.

А.Байтұрсынұлы – Халық ағарту комиссары (1920-1921). «Оңшыл», «ұлтшыл-уклонист» деп айыпталған кеңес қайраткерлері. С.Садуақасұлы құбылысы. Кремль функционерлерінің қазақ қайраткерлерін жіктеуі мен бөлуі. Орталық пен кеңестік республика арасындағы текетірес: Алаш мүддесінің жаңғыруы. Ұлт қайраткерлерін қуғындау, репрессиялау науқаны.

Кеңес өкіметі жылдарындағы Алаш туралы таным-түсінік эволюциясы – 1 с.

1940-1991 жылдар аралығында Алаш жөніндегі пікірлердің әрқилылығы. Эмиграция мен тұтқындағы қайраткерлердің мемлекетшілдік мұраты. Кеңестік жылымықтан кейінгі Алаш тарихына көзқарас. «ЕСЕП» партиясы мен «Жас тұлпар» ізденісі. 1986 жылғы көтерілісті басу науқанында «Алаш әсерінің» сыналуы. 1988 жылы Алаштың 5 тұлғасының «ақталу» үдерісі.

Қайталау сабағы – 1 с.

II. Алаш тұжырымдамасы және ұлт зиялылары – 9 с.

XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ ұлттық элитасы және идеялық-саяси ағымдар – 2 с.

Ресей отаршылдығы және жержүзілік антиимпериалистік күрес аясындағы қазақ оппозициясы. Мемлекеттік Дума мүшелері. Саяси партиялардың жұмысына қатысу. Алашорда үкіметінің қайраткерлері. Түркістан автономиясының көшбасшылары.

Дербестік және тәуелсіздік идеялары. Қазақ оқығандары арасындағы пікір алуандығы (отырықшылық және көшпелі тұрмыс, мүфтият, әліпби, т.б. туралы). Ұлттық мұраттар. Діни-ағартушылық тұғырнамалар. Коммунистік идеология: интернационализм және пролетарлық тапшылдық.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан – ұлт қозғалысының көсемі – 2 с.

Ә.Бөкейханның қайраткер ретінде қалыптасуының қайнаркөздері: шыққан тегі, ірі саяси орталықтарда білім алуы, Кеңесары көтерілісінің тағылымдары, Ресей және Еуропа азат ойларының ықпалы.

Ф.Щербинаның экспедициясына қатысуы. Мерзімдік баспасөз қызметіне араласа бастауы. Қарқаралы петициясын ұйымдастырудағы рөлі. Қазақстанда кадеттер партиясын құрудағы әрекеті. Мемлекеттік Думаға мүшелігі. Абақтыға қамалуы. Абай өлеңдерін жарыққа шығарудағы және қазақ фольклоры үлгілерін жариялаудағы еңбегі. Бірінші дүниежүзілік соғыс тұсындағы қайраткерлігі. Жалпыұлттық пікірсайыстар және Ә.Бөкейханның «Қазақ» газетіндегі публицистикалық мақалалары.

Уақытша үкіметтің құрамындағы қызметі. Ұлт автономиясы және мемлекеттік құрылым туралы тұжырымдамалары. 1917 жылғы желтоқсандағы жалпықызық сиезі және Ұлт кеңесіне төрағалыққа сайлануы.

Ә.Бөкейханның кеңес билігі кезеңіндегі қайраткерлігі мен шығармашылығы.

Алаш зиялыларының санаткерлік ізденістері және амбебаптық қасиеттері – 2 с.

Ахмет Байтұрсынұлының және Міржақып Дулатұлының саяси қайраткерлік, әдеби-көсемсөздік, ғылыми және ағартушылық қызметтерінің бірлігі мен тұтастығы.

Инженер Мұхамеджан Тынышпаевтың тарихи зерттеулері.

Дәрігерлер Халел Досмұхамедұлы мен Санжар Аспандиярұлының әдеби және тарихи еңбектері.

Қайраткер-қаламгер тұлғасы. Смағұл Сәдуақасұлының, Сұлтанбек Қожанұлының, Нәзір Төрешұлұлының, т.б. әдеби шығармалары.

Қазақ зиялыларының саяси қуғын-сүргінге ұшырауы – 2 сағ.

Кеңес билігінің Алаш қозғалысына қатысушыларға қатысты көзқарасы мен шешімдері.

Эмиграция қайраткерлері (М.Шоқаев, Р.Мәрсеков, И.Жайнақов). «Ұлтшыл-уклонистер» (С.Садуақасұлы, С.Қожанұлы, Ж.Мыңбайұлы, Н.Нұрмақұлы, Ы.Мұстамбайұлы, т.б.).

Жаңа формация кадрлары (О.Исаев, І.Құрамысов, Е.Ерназаров, т.б.).

30-жылдардағы саяси «тазалау» науқанының алғашқы кезеңі.

1937 жылғы зұлмат және оның тарихи сабақтары.

Қайталау сабағы – 1 с.

III. Алаш құндылықтары және Түркістан автономиясы – 8 с.

Алаш құндылықтары – демократия және қоғамдық серпіліс бастауы – 1 с.

Алаш құндылықтары мен әлемдік саяси демократиялық қозғалыстар арасындағы ұқсастық пен айырмашылық. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Шоқай, М.Дулатұлы, М.Тынышбайұлы, Х.Досмұхамедұлы т.б. қайраткерлердің әлемдік үйлесімділік, ұлт бостандығы, зиялылық, білім мен ғылым хақындағы пікір-пайымдары. Алаш Орда және Түркістан. Ұлт зиялылары түркі бірлігі туралы.

Қазақ жәдитшілдігі және Түркістан автономиясы – 2 с.

Қазақ жәдитшілдігінің бастаулары. И.Гаспринский құбылысы. Түрік-мұсылман мектептеріндегі реформалар. «Тәржіман» тағылымы. Түркістан өлкесінің оянуы. Түркістан мұхтарияты (автономиясы). Аталған мемлекеттік құрылымның большевиктік әскери күшпен жойылуы. Түркістанның дамуына байланысты М.Шоқай, Т.Рысқұлұлы, С.Қожанұлы пікірлері.

Алаш зиялыларының Түркістан кезеңі – 2 с.

XX ғасырдың 20-жылдарындағы Түркістан. Халық ағарту мен баспасөз саласындағы зиялылардың қайраткерлігі. «Талап» ұйымының қызметіндегі ортақ мәдени бірлік пен ықпалдастық. З.У. Тоған Түркістан тұлғалары туралы. Х.Досмұхамедұлының ұйымдастырушылық қызметі.

Түрікшілдік және Алаш: сенім мен үміт бағдарлары – 1 с.

Түркі дүниесіндегі саяси серпілістерге қатысты Түркия мен Орталық Азия зиялыларының пікірі. Фитрат, Чулпон, Қасым Тыныстан, Ишанғали Арабай, Мағжан т.б. түркі азаттығы туралы. Алаш арманы мен түркі азаттығы жөніндегі ойлардың үйлесімділігі. «Шағатай бәсі» ұйымы. Қазақ білімпаздары тұңғыш съезі (1924) қарарларының түркі дүниесіндегі салалануы. 1926 жылы Бакуде өткен түркітанушылар съезінің тағылымы.

Эмиграциядағы Түркістан қайраткерлері мен азаттық қозғалысы – 1 с.

Мұстафа Шоқай, Зәки Уәлиди Тоған, Әбдіқадыр Инан, Мұхамедәмин Расулзаде т.б. түркі дүниесі тұлғаларының кеңес билігіндегі Түркістан туралы айтқан пікірлері. Түркістан Ұлттық федерациясының (ТҰФ) құрылу тарихы мен эмиграциядағы тағдыры. «Жас Түркістан» журналы (1929-1939) Қазақ елі мен оқығандарының ауыр халі туралы.

Қайталау сабағы – 1 с.

ІҮ. Алаш тұсындағы білім мен мәдениет – 8 с.

Алаш қайраткерлерінің ағартушылық саласындағы қызметі – 2 с.

Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» еңбегі.

Алаш қайраткерлерінің мектепке арналған пән оқулықтарын жазудағы қызметі.

Қазақ білімпаздарының 1924 жылғы сиезі. Әліпби, терминология, аты-жөн, оқу бағдарламасы, ауыз әдебиеті, т.б. мәселелер төңірегіндегі пікірталастар.

Алаш зиялыларының мәдени ұйымдары және олардың маңызы – 1 с.

«Бірлік» - қазақ қоғамының мұраты мен мақсаттарына сәйкес Омбы қаласында құрылған тұңғыш ұлттық жастар ұйымы.

Қазақстанда 1917 жылы ашылған мәдени-ағарту ұйымдары: «Еркін дала» (Орынбор), «Жанар» (Семей), «Қамқор» (Торғай), «Жас қазақ» (Орал), «Үміт» (Троицк), «Оқығандар» (Көкшетау), «Ынтымақ» (Атбасар), «Қызмет» (Кереку), «Жас тілек» (Ақтөбе), т.б. Олардың өнер, білім, ғылым саласын дамытудағы миссиясы.

«Талап» қауымы және оның қызметі (Ташкент).

Алаш баспасөзі және қазақ қоғамы – 2 с.

«Қазақ» газеті (1913-1918) – XX ғасырдың екінші онжылдығындағы қазақ өмірінің энциклопедиясы. Басылымның ұстанымы мен тақырыптық бағыттары.

Алаш бағытындағы «Бірлік туы», «Сарыарқа», «Жас азамат», «Ұран» газеттері мен «Абай» журналы, олардың жарық көру тарихы және авторлары.

«Ақ жол» газеті (1920-1926) және Алаш қайраткерлерінің публицистік қызметі. Сталиннің Қазөлкекомға бұл басылым туралы хаты. «Ескі» интеллигенцияға көзқарас.

Алаш қозғалысы кезеңіндегі қазақ әдебиеті және ұлт азаттығының сарындары – 2 с.

Шәкәрім Құдайбердіұлының, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының, Нарманбет Орманбетұлының, Ғұмар Қараштың, т.б. көркемсөз өкілдерінің шығармашылығы және ұлттық ояну көріністері.

М.Дулатұлының «Оян, қазақ», А.Байтұрсынұлының «Маса» жинақтары – азаттық қозғалысының манифестері.

М.Жұмабаев символизміндегі ұлттық және түрікшілдік сарындар.

«Алаш» ұранды өлең-жырлар.

«Ақ жол» және «Еңбекші қазақ» газеттерінің беттеріндегі әдеби пікірталастар (А.Байтұрсынұлының, С.Сейфуллиннің, С.Мұқановтың, Н.Төрөкұлұлының, Ғ.Тоғжанұлының, т.б. мақалалары).

Ұлт әдебиетшілерінің «Алқа» тұжырымдамасы және ҚазАПП.

Қайталау – 1 сағ.

Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

Сынып соңында оқушылар:

- XX ғасырдың бас ширегіндегі Алаш қозғалысының тарихын, мемлекеттілікті жаңғырту бойынша қазақ қайраткерлерінің батыл тәжірибесін;
- әлемдік демократия дамуы тарихындағы Алаш және Түркістан автономияларының орны мен ролін;
- Алаш зиялыларының саясат пен экономикадағы, білім-ғылым мен мәдениеттегі пікір-пайымын, тұжырымдамасын;
- мемлекет пен ұлт дамуы туралы Алаш құндылықтарын;
- әлемдік үйлесімділік пен түркі бірлігі туралы ой-аңсарларды;
- әкімшіл-әміршіл жүйенің қуғын-сүргініне және эмиграциядағы қиын жағдайларға қарамай ұлт қайраткерлерінің Отанына және елдік мұратқа адалдығын;
- кеңестік қатаң жүйеде жүріп тәуелсіздік үшін күрескен Алаш зиялылары ізбасарларының тағдырын, атқарған қызметін;
- Алаш зиялыларының шығармашылық мұрасын, ағартушылық еңбегін талдап, зерделейбілуі тиіс.

Сонымен қатар олар:

- XX ғасырдың бас ширегіндегі тарихи оқиғалардың даму заңдылықтары мен себеп-салдарын;
- түрлі деректерден тарихи ақпарат алу жүйесін;
- тарихи фактілерді талдап қорытуды;
- жеке пікірін тұжырымдауды;
- қатарластарының жауабын талдауды;
- Отан тарихында орны бар тарихи тұлғалардың қызметін;
- тарихи карталармен, хронологиялық кестелермен жұмыс істеу тәртібін байыптап, меңгеруі тиіс.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ҰҒЫМДАР

ҚУАНДЫҚОВА С.,

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты.

Жетекші: Құрманбаева Ш.Қ., педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

Астана қаласы

Уақыт өтіп, заман өзгерген сайын қоғам талабы да, рухани-материалдық құндылықтар да өзгеріп, жаңарып отырады. Бұл табиғи құбылыс. Техниканың дамып, рухани құлдырау белең алып келе жатқан уақытта құндылықтар жүйесін дәл анықтап, белгілі бір амалдар қарастыра отырып, адамгершілік, имандылық, отансүйгіштік, парасаттылық, ар-ұяттылық сынды құндылықтарды алға тарту үлкен маңызға ие болып отыр. Тіл білімінің антропоэзектік парадигмасындағы құндылықтар тарихын зерделеуге, бүгінгі қоғамдағы құндылықтарды анықтауға, стратегиясын жүзеге асыруға бағытталған аксиологиялық саласында зерттеулер қажет.

Аксиологиялық лингвистика «Тіл-Таным-Мәдениет» кешенін нысанға алады. Оның мәні - құндылықтар жүйесінің тілдегі көрінісі [1].

Аксиологиялық бағыт адамды қоғамның ең жоғарғы құндылығы, қоғамдық дамудың басты мақсаты ретінде қарастырады. Ізгілік, адамгершілік құндылық ретінде адамның сезіміне, қызығушылығы мен проблемаларына көңіл аударуды тәрбиелеуді негізге алады, адамға әлемдегі ең жоғары құндылық ретінде қарауды қалыптастырады. Құндылық дегеніміз – адамның өмірлік, тәжірибелік түпкі мақсатын қалыптастыру әрекетінің бағдары.

Әлеуметке бағытталған қазіргі тіл білімінде құндылықтар дамуының заңдылықтары мен ерекшеліктерін зерттеу мәселесі туындап отыр. Құндылық бағдарлы ұғымдарды саралап, талдау

арқылы біз ХХ ғасырдың басындағы алаш зиялыларының еңбектеріндегі ұлттығымызға, елдігімізге негіз болған басты құндылықтарды айқындаймыз.

Соған байланысты осы шағын мақаламыз ғалымның «Тіл – құрал», «Әдебиет танытқыш», «Оқу құралы», «Тіл жұмсар» еңбектеріндегі, «Оқу жайы», «Орысша оқушылар», «Қазақша оқу жайынан», «Бастауыш мектеп», «Мектеп керектері» мақалаларының өзегі болған құндылық бағдарлы ұғымдарды саралауға бағытталады.

1. *Тіл* – қай заманда болмасын маңыздылығын, қажеттілігін жоғалтпаған аса мәртебелі құндылық. Тілдің адамзат баласының басты құндылығы екендігіне А.Байтұрсынұлының сөздері бірден-бір дәлел. «...Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Біздің заманымыз – жазу заманы, жазу мен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман» деген ғалымның тіл саласындағы әрбір ғылыми еңбегінің тарихилығы, маңызы тілтанушы ғалымдардың зерттеулерінің өзегі болып келеді. Ғалым тіл тазалығы мәселесін көтере келіп; «Тіл тазалығы дейтініміз — ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау. Басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жұртқа сіңіп құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу», - деп атап көрсетеді [2, 44 б.].

2. *Мәдениет* – Ахмет Байтұрсынұлы пайымдаулары бойынша қоғамдағы ең басты фундамент. Халқын мәдениетті елдер қатарына қосуды армандаған ғалым: «Мәдениет алға басуы тірнек ісі шеберленуімен, сана-саңылау күшейуімен болады. Тірнек ісінен шыққан шеберлікті өнер дейміз, сана-саңылау күшінен шыққан білімді ғылым дейміз. Бұл екеуі де іштен адаммен бірге туатын нәрсе емес, үйренумен табылатын нәрсе. Үйрену дегеніміз – оқу. Сөйтіп, мәдениет жүзінде халықтың алға басуы, алдағы жұрт пен арттағы жұрт арасындағы мәдениет жігі жоғалуы оқуға келіп тіреледі», - деген болатын [2].

А.Байтұрсынұлы бірінші бүкілодақтық тюркологиялық съездегі баяндамасында: «То, что в наше время лучшим фундаментом в жизни является культурный фундамент, и что, поэтому, вся жизнь современных передовых государств строится на фундаменте культуры, я думаю, это бесспорно. В самом деле, кто же может отрицать то, что там, где культура слаба, земля приносит меньше урожая, машины работают хуже, промышленность и торговля мало развиты, борьба с болезнью и смертью малоуспешна, природа подчиняется мало или совсем не подчиняется и стихийные ее силы для людей разрушительны и разорительны. В наше время культура есть глубокая жизненная потребность» [3, 44 б.], - деген пікір білдірген. «Қалам қайраткерлерінің жайынан» мақаласында: «Мәдениеті жоғары халық – мәдениеті төмен халықты аз-көбіне қарамай жем қылатыны айдан анық, күндей жарық ақиқат» [4, 279 б.], - деп, бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда әлі де көкейкесті тұжырымды бір ғасыр бұрын басып айтқан болатын.

3. *Ғылым* жайында А. Байтұрсынұлы: «Ғылымның жаңа жолын табуды іздемек түгіл, тапқан ғылымға қолымызды жеткізерлік бізде ешнәрсе жоқ. Жұртқа ғылым үйретумен, көрумен, білумен жайылады. Білімнің бас құралы – кітап. Қазақ арасына білім жайылуына, әуелі, оқу үйрететін орындар сайлы болу керек, екінші, білім тарататын кітаптар жақсы боларға керек һәм халық арасына көп жайыларға керек» - дейді [5]. Міне, осы «керектердің» жолында бірінші болып, тағы өзі өзгелерге үлгі-өнеге бола білді. Осылайша тіл саласында оның алғашқы кітабы «Оқу құралы» қазақша алибфасы 1912- жылы Орынборда жарық көрді [6]. Ғалым өзінің өлмес-өшпес еңбектерімен ұлттық ғылымның іргетасын қалап берді.

4. *Өнер* - Табиғат ісінен шыққан жаратынды нәрселердің бәрі табиғат дүниесі болады; адам ісінен шыққан жасалынды нәрселердің бәрі өнер дүниесі болады; өйткені жасалынды нәрселердің істеліп шығуына адам ақылы, әдіс-амалы, шеберлігі, өнер күші кіріскен. Көрнек өнері бес тарау болады, - деп келіп, сәулет өнері, сымбат өнері, кескін өнері, әуез өнері және сөз өнерін атап көрсетеді.

«Өнердің ең алды — сөз өнері деп саналады», - деп келіп: Көркем сөздің өзін «көңіл тілі», ал жалаң сөзді «зейін тілі», - деп бөледі. «Өнер алды — қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйтеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан.

5. *Оқу-білім* – «Оқу жайы» мақаласында: «Осы замандағы жан таңырқарлық нәрсенің бәрі ғылыммен табылған», - дейді. Осы мақаласында: «Қай жұрт болса да оқумен ілгері басып тұрғанындығын, кейін қалудың себебі оқудың кемдігінен екенін көріп тұрамыз. Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші» [3, 51 б.].

«Оқу құралында» берілген: «Қарындасым мен екеуміз оқу үйреніп жүрміз», «Менің Әбіш деген құрдасым бар еді. Әкесі оны оқуға берді. Бір күні ойнайын деп бардым. Әбіш кітап оқып отыр екен. Тындасам кітабында жұмбақ, мақал, өлең, басқа да жақсы сөздер көп екен. Оқу үйренсем мен де сондай оқыр едім деп ойға қалдым» [7, 474 б.] сияқты мәтіндер арқылы жаттықтыру жұмыстарын

ғана жүзеге асырып қоймай, оқушы санасына әрбір мысалы, мәтіні арқылы құндылық бағдарын нұсқап отырғандығын анық аңғаруға болады. Демек, аксиологиялық стратегияны оқу құралдарын жазуда қолдануды маңызды шарт ретінде алған болса керек.

6. Білім беру, оқыту – А.Байтұрсынұлының барлық мақаласында, еңбектерінде кездесетін ең бір өзекті құндылық болып табылады. Ол білім беруді барынша жан-жақты талдап, кемшіл тұстарын көрсетіп, оларды түзету үшін не істеу керек екендігін саралауға бар саналы ғұмырын арнаған қазақтың данышпаны. «Оқу жайы», «Орысша оқушылар», «Қазақшы оқу жайынан», «Бастауыш мектеп», «Мектеп керектері» мақалаларында, «Баяншы», «Тіл жұмсар», «Оқу құралы» еңбектерінің барлығы дерлік білім беруді жүйелеуге бағытталған құнды дүниелер. «Қазақша оқу жайынан» мақаласында: «Біз болысымыз, басқа жұрттың болысындай, елді баға алмайтын мінін айтып жатырмыз, билерімізде содиядай әділдік жоқ, мінін айтып жатырмыз, дәрігерлеріміз, бақсыларымыз доқтырдай ауруды емдей алмайтын мінін айтып жатырмыз, халқымыздың басқа жұрттай білімді емес, надандық мінін де айтып жатырмыз. Бұлардың мінін айтқанда бала оқытуымызда қандай мін барын да айтып, әуелі біз елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халық та – оқумен түзеледі» [7, 604-605 б.], - деп білім беруді оңтайландыру, ізгілендіру мәселесінің маңыздылығын тұжырымдайды. «Тіл жұмсарда» берілген мәтінде «Мұғалімнің әңгімесін» береді: «... Балалар түсінбегендерін сұрайды. Дәмеш түсіндіріп береді» сынды мысалдар келтірген [7, 502 б.].

7. *Тәлім-тәрбие* – ата-ананың ғана емес, бүкіл қоғам, халықтың парызы деп біледі А.Байтұрсынұлы. «Орысша оқушылар» мақаласында: «Балам деген жұрт болмаса, жұртым деген бала қайдан шықсын» [3, 55 б.] дей келе, халқына қызмет ететін, адал азамат тәрбиелеу - бүкіл халықтың, ұлттың борышы екендігін айтқан. «Тіл жұмсарда» берілген «Күзем» мәтіні: «...Балалардың ересектері көгенде қой жинап жүр. Кішкентайлары жүн жинап жүр. Мен де келіп жүн жинастым. Қап толған соң қолдасып көтеріп үйге апарып төгеміз» [7, 531 б.] мәтіні тек тапсырма үшін ғана беріліп қоймай, тәрбиелік мәнде де қолданып отырғандында күман жоқ.

8. *Шет тілді меңгеру* – Кеңес Одағымен бір жүйеде өмір сүруге байланысты туындаған қажеттілік А.Байтұрсынұлының ойынша сол кезеңнің өзінде құндылыққа ие болды. Оны «Қазақша оқу жайынан» мақаласындағы: «Орысша оқу орыс қолтығында тұрған жұртқа керек, керек болғанда қазақша оқығанның үстіне керек. Қазақша оқи, жаза білген соң, шама келсе орысша да білу қажет. Ескі жолдың оқуын сөз қылып қозғамаймын. Бүгін бар, ертең жоқ болатын нәрсе» [7, 605 б.], - деген ойынан байқауға болады.

Қажеттіліктерді қанағаттандыру тәсілі және қызметке итермелейтін мотивацияларлардың (түрткілердің) мазмұны адамның «құндылық бағдарын» анықтайтын фактор [8, 8 б.]. А. Байтұрсынұлының ғылыми еңбектерінде біз саралап өткен тіл, мәдениет, ғылым, білім, оқыту, тәрбие құндылықтары қазақ халқының бүгінгі күнге дейін өзекті болып отырған құндылық бағдарын көрсетеді. Ұлттығымызға, елдігімізге негіз болған бұл құндылық мәнді ұғымдардың А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі мәнін талдау болашақ даму бағдарымызды айқындауға септігін тигізері сөзсіз

Әдебиеттер тізімі

1. Электронды ресурсы: <http://scicenter.online/obschee-yazyikoznanie/aksiologicheskaya-lingvistika-101238.html>
2. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш: Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 206 б.
3. Алаштың тілдік мұрасы: Мақалалар жинағы. – Алматы: «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы», 2009. – 364 б.
4. Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. – Алматы: «Сардар», 2009. – 348 б.
5. Байтұрсынұлы А. Кітаптар жайынан (Қол қойған: Маса) // Айқап №1, 1911. -12-13 б.
6. Байтұрсынұлы А. Оқу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген. Қазақша әліфба. 1-кітап. Орынбор, 1912. - 40 б.
7. Байтұрсын А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – 640 б.
8. Аксиология и лингвистика: этносемиотрия ценностных слов. Коллективная монография. – Москва, 2011. – 352 с.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ БҮГІНГІ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ

Ш.Қ. ҚҰРМАНБАЕВА,

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, педагогика
ғылымдарының докторы, профессор.
Астана қаласы.*

Білімнің, оқытудың жаңа бағыттары мен бағдарлары күн санап молдап пайда болуда. Оқытушы шеберлігі мен тіл үйренушілердің білім алу тиімділігінің тек жоғары сапаны қажет етуі – бүгінгі әлемдік білім кеңістігіне ену кезеңінің орынды қойып отырған талабы. Заманауи білім беру үдерісі жеке тұлғаға бағытталып, тіл үйренушінің іскерлігін, біліктілігі мен құзыреттілігін дамыту міндеттерімен ұштасып жатқандықтан, тіл үйретудің білім мазмұнын құрудың бағыт-бағдарларын дұрыс таңдап алу қажеттілігі туындайды. Тіл үйретудегі бағдар оқу үдерісінің құрылымы мен нақты жағдайларын логикалық тұрғыдан талдау, өнімді қатысымдық әрекет арқылы нәтижелі білім алудың тәсілдерін айқындау және қоғам алдындағы нақты мәселелерді шешуге негізделеді. Соған байланысты оқытушыға бүгінгі әдістеме ілімінің жетістіктерімен қаруланып, интерактивті оқыту әдістерін қолдана отырып тіл үйретуде оқытудың тұлғалық, кәсіби, қатысымдық, функционалдық, прагматикалық, танымдық, құндылық бағдарлы парадигмалары байқалады.

Үшінші мыңжылдықтың әлеуметтік ортасының технократтық қоғамнан айырмашылығы – жеке тұлғаға, адамның ішкі мәнін дамытуға бағытталады. Соған байланысты тіл үйренуші тұлғаның рөлін жоғары көтеру бүгінгі қазақ тілін үйрету ісінің басты бағдарына айналып отыр. Тіл үйренушінің өзін-өзі дамытуы, өз білімін жетілдіруі тиімді жүзеге асырылған кезде оқу сапасының артуына әсер етеді, ал тіл үйренушінің тұлғалық дербестігіне баса көңіл бөлу, өзін дамытуы мен жетілдіруіне мүмкіндік жасау **жеке тұлғаға бағдарланған оқыту парадигмасы** арқылы жүзеге асады. Тіл үйрету үдерісінің басты тұлғаларының әрекетінің өзара субъект-субъектілік қарым-қатынасқа құрылуы, оқу мен тәрбиенің тілдік тұлға қалыптастыруға бағытталуы оқуды белсендіру арқылы қатысымдық құзыреттілік қалыптастыруға негіз болады.

Тіл үйренуші тұлға оқыту объектісі ғана емес, ол – оқытушымен қарым-қатынасқа түсе алатын білім берудің толық құқылы субъектісі. “Жеке тұлғаға бағытталған оқыту – топтағы әрбір жеке адамның білігі, қабілеті ескеріле отырып, тілді меңгеруіне, лингвоелтанымдық өрісінің кеңеюіне қолайлы, оңтайлы жағдайларды қамтамасыз ететін әдістердің, ұйымдастыру формаларының, технологиялардың жиынтығын оқытуда пайдалану дегенді білдіреді, яғни топта қанша адам болса да, олардың әрқайсысының тұлғалық ерекшелігіне қарай сабақтың барысын, әдістемелік тәсілдерді бейімдеу керек болады” [1, 6 б.].

Тұлғалық қарым-қатынастың үйретуші қарым-қатынастан басты айырмашылығы – онда тіл үйренушінің өміріне, қызметіне қатысты оқудан басқа да тұлғалық маңызды ақпараттар алмасу жүргізіледі. Тұлғалық қарым-қатынас талқыланып жатқан мәселелерге қызығушылық туғызатындай жеке тұлғамен терең байланыс деңгейінде болады. Оқытушы ең басынан бастап тұлғалық қарым-қатынастың моделін тудырып, үйренушілерді сол қарым-қатынас деңгейіне көтеруге тырысады. Оқудың ең алғашқы күндерінен бастап тіл үйренуші мен оқытушы арасында бір-біріне ашық сенім білдіру, тірек болу, қайырымдылық, көмек көрсету, басқа адамның пікіріне сыйластық пен шыдамдылық таныту берік орын алуы тиіс. Тұлғалық қарым-қатынастың алғашқы сатысында-ақ оған қатысушы барлық жеке тұлғалар арасында тең дәрежелі байланыс қалыптасып, олар бір-бірін тұлға ретінде қабылдауға, өзімен тең санауға тырысулары қажет.

Бүгінгі күнде тіл үйренуші тұлғаға қойылатын біліктілік талаптарының бастысы – іс қағаздарын жүргізе алу құзыреттілігі. Егемен еліміздің әрбір азаматының мемлекеттік тілде өз мамандығына қатысты іс қағаздарын жүргізе алу мүмкіндігіне ие болуы олардың қазақ тілін жоғары деңгейде меңгеруінің көрсеткіші бола алады. Соған байланысты қазақ тілін үйрету **кәсіптік бағдарлы парадигмаға сәйкес** жүзеге асырылуда. Еліміздегі әлеуметтік-лингвистикалық талаптарға сәйкес тіл үйренушілердің басты сұранысы – мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу мүмкіндігіне ие болу. Қатысымдық құзыреттілікке ие тілдік тұлғаның қазақ тілінің ресми іс қағаздары стилін жетік меңгеруі оның жоғары деңгейде атқарылатын жазылым әрекетінен көрінеді. Қазақ тілінде қатысымдық құзыреттілікке ие тілдік тұлға өзіне қажетті кез келген салада іс қағаздарын жүргізе алуға дайын деп есептеледі, одан ары қарай кәсіптік терминдермен жұмыс істеу, әр мамандықтың өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес іс қағаздарын жүргізуді меңгеру әрбір жеке тұлғаның өз құзырындағы танымдық, ізденімдік іс-әрекетке тәуелді болады.

Тіл үйретуді кәсіптік бағдарлы жүргізу типтік іс қағаздары үлгілерінде жиі қолданылатын синтаксистік құрылымдар мен сөз орамдарын меңгертуге арналған тапсырмалар түрлерін жетілдіруді талап етеді. Іс қағаздары үлгілерін дұрыс жүргізу үшін кәсіби бағытталған лексиканы, салалық терминдерді меңгертуге басты назар аудару қажет. «Тіл үйренушілерге болашақ қызметінде жиі кездесетін терминдерді меңгерту олардың кәсіби тілін қалыптастыруға негіз болады» [2, 28 б.].

Шет тілді меңгертудегі негізгі әрекет - қарым-қатынас үдерісі, сөйлеу қатынасы екендігі бүгінгі күнде бұлтартпас ақиқат. Соған байланысты қазақ тілін үйретуде дүние жүзінің әдістеме ғылымында үлкен жетістіктерге қол жеткізіп жүрген **қатысымдық бағдарлыпарадигма** ортаға шығады. Тіл үйретудің қатысымдық бағдары оқу үдерісінің алдына қойған мақсаттарын айқындауға септігін тигізеді. «Коммуникативтікке бағытталған ұстаным - тіл үйренушінің ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынас жасай алуы үшін қажетті коммуникативтік мүмкіндіктерін тудыруға бағытталған оқыту» [3, 42 б.]. «Қатысымдық әдіс дегеніміз – оқушы мен оқытушының тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын; белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен әдістемелік категорияларына тән басты белгілер мен қағидалардың жүйесінен тұратын; тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзіне асыратын әдістің түрі» [4, 127 б.].

Дәстүрлі аударма-грамматикалық әдісте лингвистикалық негіз бірінші кезекке шығып, тіл үйрету тілді жүйелі және құрылымдық негізіне сүйене отырып оқыту арқылы жүзеге асырылатын болса, қатысымдық бағытта оқыту тіл бірліктері функционалды негізде белгілі бір сөйлеу мақсатында қолданылуына қарай іріктеледі. Тілді қарым-қатынас арқылы оқыту сөйлеуге бағыттап оқытудың **функционалды бағдарлы парадигмасымен** айқындалады. Сабақта тіл жайында айтпау керек, сол тілдің өзін қолданысқа түсіру қажет. Яғни, алдымен грамматиканы оқытып, содан сөйлеуге көшу ең үлкен адасушылықтың белгісі. Ал біздің қазіргі дәстүрлі білім беру саласында осы қателік жіберіледі. Шет тілде сөйлеуге тек қана сөйлеу арқылы, тыңдауға тыңдай отырып, оқуға оқи отырып үйренуге болады. Бәрінен бұрын жаттығулар шынайы қарым-қатынас тудыруға бағытталуы тиіс. Нағыз қарым-қатынас сипаттау, мазмұндау, бір жақты монолог түріндегі айтылымда емес, топ мүшелері түгелдей қатысқан интерактивті полилогқа құрылған тілдесім кезінде жүзеге асады.

Ғалымдар осы мәселеге қатысты: «Қазақ тілінің өзгертiлдi аудиторияда оқытыла бастауы тiл теориясының ашылмай жатқан, академиялық грамматика мен оқулықтарда қамтылмаған жаңа мәселелерiн ашты. Ол, ең бiрiншi, тiлдiк форманың қолданыстағы қызметi, оны қалыптастыратын заңдылықтар жүйесiнiң анықталуымен, яғни функционалды тiл бiлiмiмен байланысты мәселелер болып отыр. Қазақ тiлi оқулықтары құрылымдық грамматиканың дәстүрлi ұғымдарын берумен ғана шектелiп, ал сөйлеу тiлi синтаксисiнiң ұлттық сипаттағы құрылымдары, аспектуалдiлiктiң берiлуi және функционалды категориялардың көрiнуi жүйелi әрi толық қамтылмай отыр», - деп атап көрсеттi [5, 4 б.].

Тұтас жүйені құрайтын жеке элементтер, яғни тіл бірліктері жүйеден тыс бола алмайды. Тіл деңгейлері (фонетика, лексика, морфология, синтаксис) қарым-қатынас үстінде өзара байланысқа түседі, белгілі бір мазмұн түрін беруге қызмет етеді. Әртүрлі тілдік бірліктердің өзара ұйымдасып, құрылымдық-семантикалық жағынан тұтаса жымдасып келіп, сөйлесім әрекетінде жұмсалуды арқылы тілдің коммуникативтік қызметі жүзеге асып, сөйлесім актісі орындалады. Кез келген тіл бірлігінің жұмсалымы белгілі бір мақсатқа бағытталған жұмсалымдық ортада жүзеге асады.

Функционалды лингвистикағылымы тілдің коммуникативтік, яғни, қарым-қатынас құралы ретіндегі қызметін талдай келе, сөйлеудің грамматикалық аспектілерін қарастырады. Соған сәйкес грамматиканы коммуникативті-тақырыптық, коммуникативті-функционалдық аспектіде қайта қарап, сөйлеу тілінде жиі қолданылатын құрылым түрлерін мақсатты түрде меңгертуге үлкен көмек болады, сөйлеушінің сөйлеу кезінде белгілі бір мақсатты көздеп, ойды білдіру үшін тіл жүйесіндегі бірліктерді тандап жұмсауын қадағалайды.

Қазақ тілін оқытудың **прагмалингвистикалық бағдарлы парадигмасы** тіл үйренушінің тіл арқылы ұлт мәдениетімен, халықпен тікелей байланысқа түсу барысында басқа мәдениет өкілінің мінез-құлқын, астарлы ойын түсіне алу мүмкіндіктерін саралайды. Бұл жайында З.Ерназарова: «Прагматикалық бағыт – тіл біліміндегі функционалды бағыттың құрамдас бөлігі. Тілдік таңбаны жұмсалым барысында бірнеше прагматикалық ұстанымдар бойынша қарастыру сөйлеу мақсаты, тіл бірліктерінің мәні мен мазмұнының арақатынастарын анықтауға жол ашады», - деп жазады [6, 23 б.]. Прагматикалық лингвистика мәтіннің пайда болуы мен интерпретация мәселелерін шешуге бағытталып, тіл үйретуде мәтіннің қатысымдық рөлін, танымдық мәнін меңгертуді мақсат етеді. Тілдік қатынастың жүзеге асуы барысында тіл үйренушілердің өзара түсінісу мақсатына жетуі үшін сұхбаттың қатысымдық мәнділік сипатын анықтайтын түсініктілік, дәлелдеу, аяқталғандық, әсерлілік

т.б. бірнеше басты қасиеттерін айқындау маңызды. Прагмалингвистика коммуникацияның табысты болуының басты шарттарының бірі болып табылатын адресат пен адресанттың өзара дәл және анық түсінісуіне әсер ететін мақсатты қолданыстарды, тіл үйренушінің тілдік құралдарды өз сөйлеу мақсатына орай әсер ететіндей етіп, түрлендіріп қолдануын қарастырады, сөйлеу тілінің түрлі өмірлік жағдаяттарда қолданылу формасын көрсететін дискурстың мақсатқа бағытталған тілдік қатынас әрекетінде жұмсалудың, әңгімелесуші адамға ритмикалық, референттік, семантикалық, эмоционалды-бағалаушылық тұрғыда әсер етуін көрсетеді.

Қазақ тілін оқытудың бір мақсаты – оқушының таным үдерісінің дұрыс бағыт алуына мән беру, көркемдік танымын дамытуға көңіл бөлу. Бұл ретте тілдік тұлғаның таным мәдениетін қалыптастыру өзекті мәселенің бірі болмақ. Білімді адам парадигмасы тұсындағы оқу-тәрбие үдерісінде сезімдік және рационалдық жақтардың бірлігі сақталмады. Қазіргі заман адамының ғылыми, рационалдық танымы басым рөл атқарып, көркемдік танымының әлсірегендігі байқалады. Әлемді тану тек білімге негізделіп, сезімдік компоненті әлсіз болса, таным процесі сыңаржақ, ал таным әдістері шектеулі болады. **Танымдық бағдарлы оқыту парадигмасына** негізделген оқыту тілдік тұлғаның әлемнің тұтас бейнесін қабылдау мүмкіндігін арттыра түсуге ықпал жасайды. «Қазақ тілін танымдық тұрғыдан оқытудың мақсаты – тіл біліміндегі танымдық теорияның ғылыми негіздерін меңгерту арқылы теория мен практиканы ұштастыра отырып оқыту» [7, 10 б.]. Танымдық лингвистиканың басты мақсаты - үйретіліп отырған тілді қолданушы ұлттың әлемді тілдік бейнелеуінің сырларын зерттеу, тіл мен таным процестерінің ара қатынастарын көрсету. Тіл үйренуші тіл арқылы ұлттың ой-арман, сана-сезім, мақсат-мүддесін, басты құндылықтарын танып, біледі. Себебі, «Тіл мен ойлаудың, тіл мен танымның ара қатысы адам баласының интеллектуалды өмірінде құндылықтар қаншалықты роль атқаратынын белгілеп береді» [8, 3 б.].

Елтанымдық бағдарлы оқыту парадигмасы – шет тілді ұлттық-мәдени мағыналы тілдік бірліктер арқылы оқыту және сол бірліктер арқылы елдің мәдениетімен, тұрмысымен, географиясымен т.б. таныстыру. Қазақ тілін елтанымдық бағдарлы жүргізе отырып, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру және уәждемелерін тұрақтандыру мәселесі бүгінгі күнде өзекті болып табылады. Елтаным бағдарын ұстанған кезде әсіресе мәдени құрылымды құрайтын баламасы жоқ сөздер мен аялық лексикаға ерекше назар аударылады. Елтанымдық бағдарлы оқыту – ұлттық-мәдени мағыналы тілдік бірліктерді оқыту арқылы елдің мәдениетімен, тұрмысымен, географиясымен т.б. таныстыру. Бүгінгі күнде қазақ тілін елтанымдық бағдарлы жүргізу арқылы тіл үйренушілердің танымдық белсенділігін арттыруға және уәждемелерін тұрақтандыруға болатындығы айқындалып отыр.

Қазақ тілі сабағын **құндылық бағдарлы парадигмаға негіздей** ұйымдастырудың маңызы бүгінгі ғаламдастыру заманында ерекше өзекті мәселелердің бірінен саналады. Қазақ тілінің әрбір сабағы қазақ халқының ұлттық құндылықтарын дәріптеуге бағытталуы тиіс. «Елдіктің, ұлттықтың мұрат-мүдделері тұрғысынан оқыту - әрбір мұғалімнің терең кәсіби жауапкершілігі мен жоғары адамгершілік, азаматтық парызы» [9]. Қазақ тілін оқытудың аксиолингвистикалық ұстанымы – қазақстандықтілдік тұлғаның құндылық бағдарын қалыптастыру, қазақ тілі арқылы меңгерілетін ұлттық құндылықтарымызды менталитет өзегіне айналдыру. Қазақ тілін үйрету ісінде оқушылардың бойына ұлттық рухани құндылықтарды дарыту мақсаты елтанымдық, ұлттанымдық бағытқа негіздеп оқыту арқылы жүзеге асырылады.

Адамның тезаурусы арқылы түзілетін ішкі құндылықтары әлемі дара тұлға тұжырымдамасымен шешіледі. Білім берудегі ізгілендіру, дамыту ұстанымдары дара тұлғаның құндылық бағдарын қалыптастыруға қызмет етеді. Қазақ тілінің бойында сақталған құнды қазынасы тіл үйренуші санасында елтанымдық бағытта ұсынылған тілдік деректер негізінде қалыптасады. Сондықан қазақ тілін оқытудың аксиологиялық мәселелерін елтанымдық, ұлттанымдық бағытқа негіздеп оқыту арқылы шешуге болады. Осыдан келіп, лингвомәдениеттану аспектісінен қарай отырып, елтанымдық деректердің кумулятивтік қызметін қазақ тілін оқыту барысында кеңінен қолдану қажеттілігі туындайды. Тіл үйретудің аксиологиялық бағдары оқушыға үйреніп жатқан тілдің сақтаушысы ұлттың өзіндік ерекше қасиетін, салт-санасын, тарихы мен мәдениетін, сол ұлттың рухани құндылықтарын таныстыру, таныту, соның негізінде тіл үйренушінің жан-дүниесін жаңа біліммен ғана емес, жаңа таным жолдарымен де дамыту, жеке тұлғаның ішкі құндылықтары қатарын ғаламзаттық құндылықтармен байытуды көздейді. Сол арқылы үйреніп отырған тілдің тасушысы - қазақ халқына деген сыйластықты арттыру, қазақ ұлтының рухани қазынасын игеру арқылы оны дамытуға өз үлесін қосуға деген құлшынысын тәрбиелеу, қалыптастыру негізгі міндет болып табылады.

Тіл, мәдениет және этнос өзара тығыз байланыста келіп, тұлғаның негізін жасайды – оның физикалық, рухани және әлеуметтік «Менінің» түйіндесу орнын айқындайды. Құндылықтарға бейімделу, мойындау, әрбір адамзатқа көңілінен орын алатын мәдениетті қарым-қатынас жасау жүйесі жеке тұлғаның өмірлік мәні, ой-санасы, бет-бейнесі болып табылады. Адам бір объектінің құндылығын бағалауы үшін оның бойында осы қасиеттердің бар екендігін сезінуі қажет екені белгілі. Олай болса, қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту нәтижесінде оқушы тілдің құдіретті күші арқылы қазақ халқының рухани, мәдени құндылықтарын сезіне түседі, сол арқылы тілге, ұлтқа деген құрмет сезімі де арта түседі, тіл арқылы баға жетпес байлықты меңгеретінін саналы түрде түсінеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Алдашева А. Мемлекеттік тілді оқыту: тәжірибе және бағыт-бағдарлар // Қазақ тілі және әдістеме. - №1-2002 (1).
2. Әбдісүлейменова Р: Қазақ тілін техникалық жоғары оқу орындарында оқыту әдістемесі. – А.: Сөздік-Словарь, 2007.
3. Рогова Г.В., Рабинович Ф.М., Сахарова Т.Е. Методика обучения иностранным языкам в средней школе. – М.: Просвещение, 1991.
4. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: Теориясы және әдістемесі. – А.:Б.Алтынсарин ат.ҚБАРБК, 2000.
5. Ахметжанова З.Қ., Ерназарова З.Ш. Функционалды грамматика мәліметтерін қазақ тілі сабағында қолдану // Қазақ тілі: әдістеме. - №3 (5). – 2006.
6. Ерназарова З. Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері: филол.ғыл.док...дисс.- А., 2001.
7. Оразбаева Ф. Қазақ тілін танымдық тұрғыдан оқыту // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2007. - №1.
8. Жаманбаева Қ.Ә. Тіл қолданысының негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – А.: Ғылым, 1998.
9. Шаяхметұлы Қ. Қазақ тілінде оқыту мен тәрбиелеу ісінің қоғамдық және ғылыми-әдістемелік кейбір мәселелері // «Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың өзекті мәселелері» атты Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Семей, 2005.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИСКУРС МӘСЕЛЕСІ

Ш.Қ. ҚҰРМАНБАЕВА,

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

Қ. ОРАЛБЕКОВА,

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты.

Астана қаласы

Қазіргі заман лингвистикасында адам танымы мен ой-өрісі құрылымын тіл арқылы танытуға және бағытталған зерттеулер көрінісін табуда. Бүгінгі таңдағы ақпараттың молдығы, лингвистикадағы сұранысқа сай ашылған жаңалықтар, жаңа ақпараттар, адам факторы мен оның тілі арасындағы кешенді байланыстың жаңа сатыға көтерілуі септігін тигізуде. Осы бағыттағы лингвистиканың негізгі зерттеу нысаны ретінде танылған жоғары сатыдағы бірлігі – мәтіннің өткен ғасыр ғылымындағы динамикалық сипаттарын ерекшеленуіне аса назар аударылуында болып отыр. Осымен байланысты “дискурс” аталатын динамикалық мәтінді жаңа түрде танып-білу мақсатында мәтін лингвистикасы мен дискурс теориясы деп аталатын бағыттың, бірақ бір-бірімен өте тығыз байланысы анықталуда. Қазіргі ғылымда біз дискурстың көптеген анықтамасын кездестіреміз [1, 12-17 б.]. “Дискурс” термині тіл білімінің тарихында 70-80 жылдарынан бастап қолданыла бастады. Бұл күндері дискурс “мәтін”, “сөйлесім”, “функционалдық стиль” сияқты терминдермен бір қолданылып жүргенін білеміз.

Е.Ф. Киров: “Дискурс – бұл тарихынан бастап сол және басқа мәдениеттің қабырғасындағы, сол және басқа тілде айтылған және жазылғанның барлығы. Оның мәні тереңде, тілмен тілдік форма коммуникациясы дамып, зерттеліп жатыр және болашақта да солай жалғасады”, - деп көрсетеді[2].

Бүгінде дискурске мынадай анықтамалар берілуде: дискурс (фр. discours) — тілдік коммуникация түрі. Кең шеңберде, дискурс дегеніміз уақыттың мәдени тілдік контексті. Оған рухани-идеологиялық мұра, көзқарас, дүниетаным кіреді. Тар мағынада, дискурс деп қандай да болмасын мағыналы, құнды іс-әрекеттің (актінің) нақты тілдік шындығын айтады. Дискурс — сөйлесу арқылы берілетін ойдың әлеуметтік астарына талдау беретін ұғым. Структуралистер ғылыми айналымға қосқан бұл ұғым философияда, әлеуметтануда, семиотикада мәдениеттануда, когнитивтік талдауларда қолданылады. Дискурс ұғымы арқылы қандай да бір тікелей оқырманға не тыңдаушыға бағытталған концепция (ғылыми, философиялық) белгіленеді. Дискурс адамдардың сөйлеу арқылы жасаған қарым-қатынасынан кейін ғана мағынасы болады, яғни мағынасы мен белгісін, сөз бен ойдың бірлігін айқындайды [6, 44 б.].

А.Байтұрсынұлының: «Әркім сөзді өз қалауынша алып, өзі оңтайлы көруінше тұтынады. Әркім өз қалауынша алып, өз оңтайынша алып тұтынған сөз сол адамның тілі болады», - деген пікірінде кездесетін «тұтынған сөз», «адамның тілі» деген ұғымдар дискурстың мәнін аша түседі [4, 18 б.].

«Айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. Оның үшін айтушы сөйлейтін тілін жақсы қолдана білуі тиіс. Яғни әр сөздің мағынасын жақсы біліп, дұрыстап сөйлемді тізе білу тиіс», - деген тұжырымдарында А.Байтұрсынұлы бүгінгі дискурс теориясында айтылып жүрген коммуникация актісіне қатысушылар: айтушы мен қабылдаушының (адресаттың) қатынасын ашып береді.

Г.Г. Гиздатов зерттеуінде дискурс жағдайлық аспектідегі мәтін немесе мақсатты түрде бағытталған әлеуметтік әрекетті көрсететін сөйлеу / сөз ретінде танылады. Ғалым дискурс деп прагматикалық жағдайға бағытталған әрбір аяқталған фразаны таниды [5]. Прагматиканың міндеті – тікелей адресатқа ықпал етуге бағытталған тілдік қатынас коммуникациясын қолданудың заңдылықтарын реттеу екені белгілі. А.Байтұрсынұлының келесі тұжырымдарынан жалаң және көркем сөйлеушінің адресатқа мақсатты түрде бағытталған әлеуметтік әрекетіне берген бағасын көреміз: «Сөзді жалаң түрінде айтқанда, күш көбінесе зейін жағына салынып, пайым терең, мағына күшті, пікір дәлелді болып айтылған сөз адамның ақылына қонуы көбірек көзделеді. Сөзді көркем түрінде айтқанда, күш көбінесе қиял мен қиыс (түйіс) жағына салынып, сүгіреті толық, меңзеуі мерген, қисыны қызық болып, сөз әсерінің күшімен көңілге ұнауы көбірек көзделеді» [4, 105 б.]. А. Байтұрсынұлы жалаң және көркем сөйлеушінің коммуникативтік мақсаттары - адамның ақылына қонуы және сөз әсерінің күшімен көңілге ұнау екендігін анықтап береді.

«Тілді қолдана білу деп — айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді және сол сөздерді сөйлем ішіне орын-орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз. Қазақ тілі қазақ ортасындағы бәріне бірдей ортақ мүлік болғанмен, бәрі бірдей пайдаланбайды. Әркім әр сөзді өзінше қолданады, өзінше тұтынады. Бүтін пікірін айтып шығатын әңгіме ішінде түгіл, жалғыз ауыз амандасу жүзінде де әркім әр түрлі сөз қолданады: мәселен, біреу «Амансыз ба?» деп, біреу «Есенсіз бе?» деп, біреу «Сәлемет жүрсіз бе?» деп, біреу «Күйлі, қуатты барсыз ба?» деп амандасады. Бәрінің ой мақсаты бір. Бәрінің де амандық білу, амандық сұрау, бірақ әркім әр түрлі сөз қолданып, өзінше сұрайды», - деген тұжырымдары да прагматикалық жағдайға бағытталған дискурстың табиғатын терең аша түседі [4, 18 б.].

Ғалымның тілдің күнделікті қолданысындағы, қызметіндегі ерекшеліктерін байқаудан туындаған сөз, сөйлеу жайлы ой-пікірлері біз бүгінгі күнде мәтін / дискурс деген терминдермен атап отырған ұғымдарымыздың мәнін аша түсетініне көзіміз жетті.

Ахмет Байтұрсынұлы шығарманың (мәтіннің) тақырыптан, ал шығарма (мәтін) мазмұнының үш мүшеден, яғни: аңдату, мазмұндау, қорытудан тұратынын және айтушы ойының өзге үшін бағытталатынын, сондықтан ойды өзгелер қиналмай түсінетіндей қылып жеткізу керектігін сөз етеді [6, 244 б.]. Ғалым «Әдебиет танытқышта» шығарманың басқа да компоненттері қатарында мазмұнның берілу жолдары туралы былай дейді: «Шығарманың мазмұнында байқалатын негіздік түрлері үшеу: 1) әуезе; 2) әліптеу, 3) пайымдау. Дүниадағы нәрсенің қайсысы туралы сөз етсек, тек бір жағынан ғана емес, әр жағынан алып сөз қылуға болады. Мәселен, бір адамды сөз қылуға алсақ, не ол адамның істеген ісін, айтқан сөзін әуезе қылып сөйлейміз, я болмаса ол адамның істеген істерінің, өзінің жақсы, жаман болғанының мәнісін, себебін тексере, пайымдап сөйлейміз. Осыған қарай сөйлеген сөзіміздің түрі не әуезе, не әліптеме, не пайымдама болып шығады... Көбінесе-ақ, әуезе, әліптеме, пайымдама шығарма ішінде аралас келіп отырады...» [7, 147 б.]. Жоғарыдағы әуезе, әліптеме, пайымдама деп ғалымның сипаттама бергендері – осы күнгі әңгімелеу (повествование), суреттеу (описание), пайымдама, «ойталқы» (рассуждение, дискурс) деп аталып жүрген баяндау түрлері болып табылады.

Педагогикалық дискурс институционалды дискурстың бір түрі бола отырып, статустық-рөлдік қатынастар шегіндегі тілдесуді білдіреді. Педагогикалық дискурсты жүйе ретінде танытатын белгілері – мақсаты, қатысушылары, құндылықтары, стратегиялары мен жанрлары. Педагогикалық дискурстың құндылықтары әлеуметтік дәстүрлерді қабылдап, дәріптеуден құралады. Бұл дискурстың стратегияларының басты мақсаты – адамның әлеуметтенуі, коммуникациялық интенциялар арқылы көрініс табады. Педагогикалық дискурс – педагогикалық қарым-қатынас жағдайында көрінетін сөйлесім.

Педагогикалық дискурсты (ойталқы) ғалымның әдістеме мәселелеріне байланысты еңбектерінен байқай аламыз. Білім беру, оқыту – А. Байтұрсынұлының барлық мақаласында, еңбектерінде кездесетін ең бір өзекті мәселе болып табылады. Ұлы ғалымның өз қаламынан 15-16 кітап (үш бөлімнен тұратын бір оқулықтың үш кітап болып шыққанын есептегенде) жарық көрген болса, солардың 11-12-сі тіл мен методикаға қатыстылары екен. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін оқыту методикасы мен қазақ тілінде дыбыс негізінде сауаттандыру әдісінің негізгі іргетасын қалаушы. Ғалым бұл салада 1910 жылдардан бастап 1927-1928 жылдарға дейін бірнеше материалдар жариялаған.

Жазу таңбаларын (әріптерді) түсіндіретін «Баяншы» атты кітапшасы 1912 жылдан бастап жарық көрген. Бұл методикалық құрал тұңғыш әліппемен («Оқу құралымен») қатар дүниеге келгендігін автордың өзі білдіреді. Мұны дәлелдейтін және бір факт – осы «Баяншының» 1920 жылы Қазанда шыққан басылымында автор бұл құралды 14 жыл бойы бала оқытқан тәжірибесінен шығарып жазғандығын айтады, ал оның бала оқытқан кезі – 1895-1909 жылдар болатын. Демек, «Баяншының» ол 1910-1912 жылдары ұсынған. Бұл – көлемі жағынан өте шағын (небары 15 беттік кітапша), нағыз методикалық құрал. Бұл – мұғалімдерге арналған көмекші құрал, яғни, бала оқыту, тәжірибе арқылы дәрісті меңгертуге арналған әдістемелік еңбек. Ғалым өз еңбектерінде білім беруді барынша жан-жақты талдап, кемшіл тұстарын көрсетіп, оларды түзету үшін не істеу керек екендігін саралауға бар саналы ғұмырын арнаған қазақтың данышпаны. «Оқу жайы», «Орысша оқушылар», «Қазақшы оқу жайынан», «Бастауыш мектеп», «Мектеп керектері» мақалаларында, «Баяншы», «Тіл жұмсар», «Оқу құралы» еңбектерінің барлығы дерлік білім беруді жүйелеуге бағытталған құнды дүниелер.

«Қазақша оқу жайынан» мақаласында: «Біз болысымыз, басқа жұрттың болысындай, елді баға алмайтын мінін айтып жатырмыз, билерімізде содиядай әділдік жоқ, мінін айтып жатырмыз, дәрігерлеріміз, бақсыларымыз доқтырдай ауруды емдей алмайтын мінін айтып жатырмыз, халқымыздың басқа жұрттай білімді емес, надандық мінін де айтып жатырмыз. Бұлардың мінін айтқанда бала оқытуымызда қандай мін барын да айтып, әуелі біз елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халық та – оқумен түзеледі» - деп білім беруді оңтайландыру, ізгілендіру мәселесінің маңыздылығын тұжырымдайды [5, 604-605 б.].

Мұғалімнің сабақтағы сөйлеу әрекетін педагогикалық дискурс тұрғысынан қарастырған Н.А. Антонова сөйлеу әрекетінің императивті, ақпараттық және коммуникативтік-бағыттаушы стратегиялары мен түрткі жасаушы, сұраушы, анықтамалық, түсіндіруші типтерін айқындайды. [9, 11, 16 б.]. А. Байтұрсынұлының «Тіл жұмсарда» берілген келесі мәтінінен педагогикалық дискурстың осы белгілерін көреміз. «Мұғалімнің әңгімесін» бере отырып: «Балалар түсінбегендерін сұрайды. Дәмеш түсіндіріп береді» сынды мысал келтірген. Яғни, оқытушы оқушының түсінбегенін оқуға ынталастырып, оқыған сайын қызықты болатындай етіп, түсінікті тілмен, шабыттандыра отырып меңгертуі қажет. Осы тұста екеуара педагогикалық дискурс іске асады.

Сонымен, А. Байтұрсынұлының сөз өнері, әдебиетті танытып, тілді құрал ретінде тұтыну жолдарын үйреткен өлмес-өшпес еңбектерінен дискурс ұғымының теориялық негіздерін көреміз. Ал ғалымның әдістемелік мұрасында кездесетін педагогикалық дискурстары болашақта тереңдей зерттеуді қажет ететін тың сала деуге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Садырова К.Қ. Қазақ тіліндегі көп пропозиция дискурстың құрылымдық негіздері. – Ақтөбе, 2008. 12-17.
2. Электронды ресурс: [http // www.krugosvet.ru.discourse](http://www.krugosvet.ru/discourse).
6. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. — 344 бет.
- Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш: Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 206 б.
- Гиздатов Г.Г. Когнитивные модели в речевой деятельности. – Алматы: Ғылым, 1997. – 176 стр.

3. Байтұрсынов А. Шығармалары (Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер). – Алматы, 1989. – 297 б.

4. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 463 б.

5. Байтұрсын А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. 604-605 бб.

Антонова Н.А. Педагогический дискурс: речевое поведение учителя на уроке. -АКД. – Саратов, 2007. – 25 стр.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ МҰРАЛАРЫХАҚЫНДА

Д. МАХАТ,

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ тарих ғылымдарының докторы, профессор.

Астана қаласы

Кеңестік әміршіл-әкімшіл жүйе ХХ ғасырдың басында азаттық, еркіндік, ұлт руханиятын ілгері жылжыту жолында аянбай еңбек еткен ұлт ұстазы –Ахмет Байтұрсынұлыныңесімін халық жадынан өшіруді мақсат етіп, оның жеке тұлғасына, қызметіне, шығармашылығына қатысты деректі жасырын, аса «құпия» сақтады. Ахмет Байтұрсынұлының өнегелі өмір жолы мен қызметін, шығармашылығын ғылыми тұрғыдан зерттеу, еңбектерін оқырманға ұсыну өткен ғасырдың сексенші жылдарының екінші жартысынан бергі кезеңде ғана жүзеге аса бастады.

Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы 5 қыркүйекте Қостанай округі, Торғай ауданы, Тосын болысының Сарытүбек өңіріндегі 5 ауылда дүниеге келген. 1882-1884 жылдары отбасындағы сауатты адамдардан, ауылдық мектептен қазақша сауат ашқан. 1886-1891 жылдары Торғай қаласындағы екі сыныптық орыс-қырғыз (қазақ) училищесін оқып бітіргеннен кейін, 1891-1895 жылдары Орынбор қазақ мұғалімдер мектебінде оқып білімін жетілдірді. Бұл мектепті бітіргендер 6 жыл мұғалім болып қызмет істеуі міндетті болатын, сондықтан 1895 жылдың 1 маусымынан ауылдық, болыстық, екі сыныптық оқу мекемесі сияқты әр түрлі мектептерде оқытушы болды. 1901 жылдан бастап өз білімін толықтырып, әдебиетпен шұғылдана бастады.

1909 жылы Қарқаралы қаласында, екі сыныптық училищенің меңгерушісі болып қызмет етіп жүрген кезінде, Семей губернаторы Тройницкийдің үкімімен тұтқындалып, 1909 жылдың 1 шілдесінен 1910 жылдың 21 ақпанына дейін Семей түрмесінде отырады. Семей түрмесінде отырып жазған «Анама хат» деп аталатын өлеңінде:

Қарағым, дұғағөйім, қамқор анам! Арнап хат жазайын деп, алдым қалам. Сені онда, мені мұнда аман сақтап, Көруге жазғай еді Хақ тағалам!

Бара алмай, өтірікші болып әбден, Семейдің түрмесінде отыр балаң. Мал ұрлап, кісі өлтірген айыбы жоқ, Өкімет – өр зорлыққа не бар шараң?! [1, Б. 184-185] – деп өз жағдайынан хабар береді.

Түрмеден Қазақ облысының аумағында тұруға тыйым салынып, Ресейдің басқа губерниясында тұру құқымен босатылады. А.Байтұрсынұлының өз таңдауы бойынша, 1910 жылдың 10 наурызы күні Қазақстанға жақын Орынбор қаласына жеткізіледі. Орынбор қаласына келгеннен кейін:

- қазақ тілінің дыбыстық жүйесі (фонетикалық) мен грамматикалық құрылымын (синтаксистік, морфологиялық) зерттеу

- Қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып (шрифтін емес), жеңілдету

- Қазақ жазба жұмысын бөгде лексикалық кірме сөздерден тазарту

- Қазақ прозасын (іс қағаздары, көсемсөздік (публицистикалық) және ғылыми тілін) жасанды кітаби сыйпаттан арылтып, халықтың сөйлеу тәжірибесіне икемдеу үшін, ғылыми терминдерді жасау, стильдік өңдеу жұмыстарымен шұғылданды. Өзінің өмір дерегінде атап көрсеткендей мұның бәрі өзі басшылық жасаған «Қазақ» газеті және оқулықтары арқылы жасалды [2, Б. 37-39].

- Ол өзінің қазақ қоғамы, халықтың дәстүрі мен рухани өмірі туралы ой-тұжырымдарын «Айқап» журналындағы: «Қазақ өкпесі», «Тағы да народный сот хақында», «Қазақ пайдасындағы жерді алу турасындағы низамдар, бұйрықтар», «Қазақ хәм төртінші дума», «Шахзаман мырзаға» және «Қазақ» газетіндегі «5 мың десятина жер», «Орысша оқушылар», «Жауап хат (Құрметті Жанша Жиһанша Мырза!)», «Қазақтың бас ақыны», «Андаспаған мәселе турасында», «Бастауыш мектеп», «Қазаққа ашық хат (Мал есебі туралы)» (М.Дулатұлымен бірге), «Сібір депутаттарының мәжілісінде», «Алаштың азаматы» (Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлымен бірге), «Қазақ жұртына» (Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлымен бірге), «Торғай хәм Ырғыз уезі хақында» (М.Дулатов, С.Кәдірбаев,

М.Тұнғаншиндармен бірге), «Шорай ислам» (Ә.Бөкейханов, М.Дулатов және т.б.) атты мақалаларында жариялап отырды. Ұлт зиялысы өз еңбектерінде: «Біздің заманымыз өткен заманның баласы, келер заманның атасы», «Қазақ жерінің қазыналық болғанына өкіну – білмегендік», «Қазақтың әлі күнге жерден қол үзбей отырғаны – жер қазыналық болғандықтан. Бүгін тойғанына мәз болып, ертеңгісін ұмытатын қазақ бүгін жерін сатып қойып, ертең тентіреп кетеді. Жер жалдаған қазақ аз ба? Жерді жалдаудан тартынбағандар, сатудан да тартынбайды», «Еңбексіз егін шықпайды, терлесең терің тегін қалмайды», «Телміріп алған теңгеден, тер сіңірген тиын жұғымды», «Олжалы жерде үлестен қағыламыз, ордалы жерде орыннан қағыламыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты», «Дүниеде теңге теңдік, кемге кемдік, азды көпке теңгеретін ғылым мен өнерді, елсізді елдіге теңгеретін, жоқты барға теңгеретін ғылым мен өнерді керек қылатын қазақ аз. Теңдікке қолы қалай жетсін! Қатерлі жерде қаперсіз отырдық. Өзімізге өкпелемесек, өзеге өкпелер бет жоқ» [3, Б. 47-49] – деген аталы сөздер айтты. «Айқап» журналының 1912 жылғы санындағы «Шахзаман мырзаға» жазған хатында да: «Тарихтың да негізгі мағынасы жақсыдан, жақсыны іздеу емес пе? Ауырды жеңілдетіп, қиынды оңайлату емес пе? Бұл неше түрлі машина, от кеме, от арба жақсыдан да жақсыны іздегеннен табылған. Жел кемесі болса да, от кемені іздеген, ат арбасы болса да, от арбаны іздеген, енді көк кемесін іздеп жатыр. Осының бәрі де жақсыдан да жақсыны іздеу тарих жолы» – [4, Б. 123-126] деген ғибарт айтқан.

Ахмет Байтұрсынов 1913 жылдың 2 ақпанынан бастап Орынбор қаласында аптасына бір рет шығып тұрған – «Қазақ» қоғамдық-саяси және әдеби газетінің бірінші редакторы болғаны белгілі. «Қазақ» газеті бетінде:

- Үкіметтің бұйрық жарлықтары.
- Мемлекеттік Дума мен Мемлекеттік кеңес жұмысы.
- Ішкі және сыртқы хабарлар.
- Қазақтың тарихы ман тұрмыс жайы.
- Этика, тарих, этнография және мәдениет мәселелері.
- Экономика, сауда, кәсіп, ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы.
- Халық ағарту, мектеп, медресе, тіл және әдебиет мәселелері.
- Тазалық, денсаулық және малдәрігерлігі жайлы.
- Фельетондар.
- Корреспонденциялар мен жедел-хаттар.
- Жергілікті хроника.
- Суреттер.
- Почталар (хаттар).

- Құлақтандырулар [5, Б. 446] басылды. Газетте басылған әрбір мақала, хабар, патшалық билік тарапынан мұқият тексеріліп, баспасөз заңын бұзған жағдайда редакторларын жауапқа тартып, сотқа беруге дейін барып отырған. «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 78-санында басылған «Алашқа», 79-санында басылған «Россиядағы ұйымшылдық» деген мақалада патша үкіметіне қарсы үгіт-насихат бар, отаршыл саясатқа қарсылық білдірген деген желеумен редакторы Ахмет Байтұрсыновты екі жылға жер аудару үкімі шығарылған. Газеттің 1914 жылғы 80-санында басылған «Закон жобасының баяндамасы» деген мақала үшін Орынбор генерал губернаторы Ахмет Байтұрсыновқа 1500 сом айып салуға немесе үш ай түрмеге жабуға үкім еткен [5, Б. 447]. Осыған байланысты Ахмет Байтұрсынов Ішкі істер министріне жолдаған жеделхатында былай деп жазады: «Телеграмма 22 октября 1914 г. за статью не военного характера помещенную киргизской газете «Казах», издающейся в Оренбурге, переведенную на русский искаженном виде редактор оштрафован постановлением главначальствующего Оренбургской губении от 11 октября на 1500 рублей или арест 3 месяца. Постановление нахожу не правильным сегодня подана мною жалоба правительствующий сенат копия жалобы посылается почтой вашему высокопревосходительству. Не имея средств уплатить штраф почтительно прошу сделать распоряжение приостановить приведение постановления исполнение до разрешения жалобы Сенатом. Редактор газеты «Казах» Ахмет Байтұрсынов». Сонымен қатар, Орынбор губернаторына, Ішкі істер министріне, Сенатқа арыздар жазып жолдайды. Сенат Орынбор губернаторының үкімін бұзып, Ахмет Байтұрсынов 1500 сом айып төлеуден босатылады. Сондай-ақ, газеттің 1914 жылғы 91-санында басылған «Бұ қалай?» деген мақала үшін, 50 сом айып немесе 2 ай түрмеге кесілгендігі туралы дерек кездеседі.

Ахмет Байтұрсынұлының өз әкесі Байтұрсын, атасы Шошақ көзі ашық, көкірегі ояу, пікірін ашық та айқын айта білетін өте батыл адам болған деседі. Академик Ө.Айтбайұлы өз зерттеуінде мынадай дерек келтіреді: «Сонымен бірге Шошақ әулеті, әсіресе Байтұрсындар ешқандай әділетсіздікке төзбейтін қайсар тұқым болса керек. Көпшілікке белгілі оның бір мысалы – осы

аймаққа билігін жүргізіп тұрған ояз Яковлевтің оспадар қылығына, озбырлығына шыдай алмай Байтұрсынның қарсылық білдіргені. Ал Яковлев шабармандары Байтұрсынның әділ талабына құлақ асудың орнына, таяқтың астына алады. Бұған да төзген ол Яковлевтің өзіне: «Мына бассыздық пен заңсыздықты тоқтатыңыз» дейді. Сөйтсе ояз «Сен, киргиз ит, жөніңді біл!» деп оны бетіне түкіріп жіберсе керек. Міне, бұл қорлыққа көне алмаған Байтұрсын Яковлевті аттан жұлып алып басын жарады да, жандайшаптарына тұра ұмтылады.

Бұл оқиғадан бүкіл ел дүрлігіп, іс насырға шабады. Дереву жазалау отрядтары ойда жоқта шыққан қару-жарақсыз қарсылықты аяусыз жаншып, Байтұрсынның Ақтас және Собалақ дейтін екі інісімен бірге ұсталып, кісенделіп патша үкіметі тарапынан 25 жылға итжеккенге айдағандығы мәлім. Білімсіздіктің, тіл білмеудің зардабын әбден тартқан сол Байтұрсын айдалып бара жатқан сәтінде үміт етері Ахметке: «Аш-жалаңаш бол, қорлық көр, бәрібір оқы, балам. Тым болмаса артымда маған хат жазып тұратын халге жет» дегенін қайсыбір қариялар аңыз ғып бертінге дейін айтып жүріпті»[6]. Көзімен көрген осы бір оқиға 12-13 жас шамасындағы Ахметтің жадында мәңгілікке қалып қояды. 1909 жылы Семей түрмесінде отырып жазған «Анама хат» деп аталатын мына өлеңінде:

«Үмітсіз шайтан болсын» деген сөз бар,

Жолдар көп жәннетке де тарам-тарам.

Оқ тиіп он үшімде, ой түсіріп,

Бітпеген жүрегімде бар бір жарам.

Алданып тамағыма, оны ұмытсам,

Болғандай жегенімнің бәрі харам.

Адамнантуып, адамісінетпей,

Ұялмай, не бетіммен көрге барам?!

Көпайтпай, қысқасынансездіретін

Балаңныңмінезі бар сөзгесараң.

Кетердеп «суғақұлап, отқа түсіп»!

Қайғыжеп, меніңүшінболма алаң![1, Б. 184-185]—деп өзінің мақсат-мүддесін аңғартады.

Ұлт ұстазының эпистолярлық мұралары –өзі өмір сүрген кезеңнің саяси-әлеуметтік, рухани-мәдени өмірінің түйінді мәселерін көтерген, ғалымның ұлы тұлғасын ашатынмаңызды дерек. Ахмет Байтұрсынұлының эпистолярлық мұралары: өлең хат, ашық хат, жауап хат түрінде «Қазақ энциклопедиясы» баспасы шығарған «Қазақ» газеті және «Айқап» журналы материалдарында, шығармалар жинағында, көп томдығында және жарық көрген басқа да деректер жинақтарында басылды. Бізге белгіліқазақ қоғамы, халықтың дәстүрі мен рухани өмірі баяндалған хаттарды *жолдануына* қарай:

- анасына, достарына, қазақтың зиялы азаматтарына, Г.Н. Потанинге, В.Ленинге жолдаған хаттары, халыққа арнаған «ашық хаттар», «жауап хаттар», *мазмұнына* қарай:

- «туыстық, достық, сыйластық хаттар»,

- «танымдық хаттар»,

- «саяси оқиғалар баяндалған хат, өтініш, мәлімдемелер», *жазылу стиліне* қарай:

- өлеңмен

- қара сөзбен жазылған хаттар жіктеп қарастыруға болады.

«Анама хат», «Туысыма», «Досыма хат», «Тілек батам», «Жұртыма», «Н.Қ. ханымға», «Ақын ініме», «И.Б. жездем хатынан», «Жауап хаттан»,«Г.Н. Потанинге», «Елге сәлем» атты хаттары өлеңмен жазылса,«Қазаққа ашық хат», «Қазақ жұртына» (Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлымен бірге), «Досмайыл қажыға ашық хат», Әлихан Бөкейхановқа, Міржақып, Мырзағазы, Ғазымбекке хаты, «Шахзаман мырзаға», Жаншаның «Айқаптың» 13,14,15 нөмірлерінде жазған хаттарына жауабы, Губерниялық комиссияға жолдаған РКП мүшесі Ахмет Байтұрсынұлының өтініші, 1929 жылғы 18 маусымдағы «Мәлімдемесі» қара сөзбен жазылып жолданған. Хаттарды *мазмұнына* қарай, төмендегідей топтап қарастыруға болады:

«*Туыстық, достық, сыйластық хаттар*»: «Анама хат», «Туысыма», «Досыма хат», «Н.Қ. ханымға», «Ақын ініме», «И.Б. жездем хатынан».

«*Ашық хаттары*»: 1916 жылғы мал есебі туралы «Қазаққа ашық хаты», «Қазақ жұртына» (Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлымен бірге), «Досмайыл қажыға ашық хат», «Тілек батам», «Жұртыма», «Елге сәлем».

Зиялы азаматтарға жазған хаттары:1925 жылдың 1 және 23 маусымындағы Әлихан Бөкейхановқа хаты, 1932 жылдың 31 желтоқсанындағы, 1933 жылдың 26 қарашасындағы Міржақып, Мырзағазы, Ғазымбекке хаты, 1934 жылдың 8 наурызындағы Міржақып, Мырзағазыға хаты, «Г.Н. Потанинге» хаты.

«*Жауап хаттары*»: «Шахзаман мырзаға», Жаншаның «Айқаптың» 13,14,15 нөмірлерінде жазған хаттарына жауабы: «Жауап хат (Құрметті Жанша Жиһанша Мырза!)».

Саяси оқиғалар баяндалған хат, өтініш, мәлімдемелері: 1920 жылғы 7 мамырдағы «Ленинге хаты», 1921 жылдың 15 қарашасында жазған «партияны тазалау жөніндегі Губерниялық комиссияға РКП мүшесі Ахмет Байтұрсынұлының өтініші «Жазығым не?», 1929 жылғы 18 маусымдағы «Мәлімдемесі».

А.Байтұрсынұлының жазба деректің бір түріне жататын заманхат (мемуар) туралы өзіндік ұстанымы да назар аудартады. «Заман хатты оқымысты адамдар жазады. Сондықтан мұнда құр халық аузында әуезе болып жүрген дәлелсіз сөздер жазылмайды. Заман хатта уақиға уақыт сарынымен жазылмайды, іс сарынымен жазылады»[1, Б. 92-93]– деп тарихтың жемі болып табылатын заманхаттың тарихи дерек ретіндегі артықшылықтары мен кемшіліктерін саралап береді. Кеңестік кезеңдегі тарих ғылымында аса мән беріле қоймаған деректің бірі – осы заманхат. Автордың өзі көрген білгендері мен тарихи құжаттар, хат, баспасөзде жарияланған материалдар және тағы басқа да нақты мағлұматтарды пайдалана отырып жазылатын күнделік, естелік, өмірбаяндық жазбаларда, яғни заманхатта оқшау ой, құнды дерек мол. Заманхатты жанры жағынан, өмірде болған тарихи оқиғалар, жеке адамдар жайында өзі көрген, не сол кезде өмір сүрген адамның естелігі түрінде жазылатын **әдеби шығарма деп атауға болады. Мәселен: көне дәруідегі** Ксенофонттың «Анабассис» мемуарлық жазбасы, XVII ғасырдағы «Протопоп Аввакумның өмір тіршілігі» (Ресей), Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі», Бауыржан Момышұлының «Біздің семьямыз», Ғабиден Мустафиннің «Көз көрген», Сапарғали Бегалиннің «Замана белестері» т.б. заманхатқа (мемуарлық шығармаға) жатады.

Сонымен, Ахмет Байтұрсынұлының хаттары, тарихты тану туралы тұжырымдары – ұлттық тарих ғылымы ақтаңдақтарын ашуда маңызды әрі өмірлік құнын жоймайтын шынайы тарихи деректер болуымен қатар, ұлттың баға жетпес рухани байлығы болып ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса бермек.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: «Атамұра», 2003. – 208 б.
- 2 Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Мақалалар, хаттар, А.Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар. – Алматы: «Ел-шежіре», –Т. VI. – 2013. – 384 б.
- 3 Байтұрсынұлы А. Қазақ өкпесі / Энциклопедия «Айқап». – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1995. – 337 б.
- 4 Байтұрсынұлы А. Шахзаман мырзаға / Энциклопедия «Айқап». – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1995. – 337 б. – Б. 123-126.
- 5 Субханбердина Ү. Құрастырушыдан. «Қазақ» газеті. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы, 1998. – 560 б.
- 6 Айтбайұлы Ө. А.Байтұрсынұлы және алаш тағылымы // «Қазақ үні». – 2012. – 20 қараша

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА, ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ.

Г.Х. НУРУМОВА,

*№48 мектеп-лицейінің мұғалімі,
жаратылыстану ғылымдары магистрі.*

Г.С. РАХИМБЕРЛИНА,

№48 мектеп-лицейінің мұғалімі.

Санаты 3-ші деңгей.

Астана қаласы

Аннотация

В статье Ахмета Байтурсынова о педагогической точке зрения говорится о человеческом вкладе культуры в развитие педагогики. Педагогика - это наука общем месте воспитания человека. Воспитания - социальной жизни и труду лет общественный исторический опыт. Облик опершись во время психологическим научным сведениям исследует вопросы педагогики, воспитания и дидактики. Человек, психология развиваюьсь закономерность исследую есть, а, педагогика отара вопрос глубоко использую сию, человек формирую для воспитание я обучаю и выгодный способ и средство образуо выявляю открываю.

Abstract.

The human contribution of culture in development of pedagogy is considered in the article about pedagogical point of view by Akhmet Baitursynov. Pedagogics is science general place of education of man. And education - to social life and labour of years public historical experience. Pedagogical sciences constrained and with other sciences. Look leaning in time to psychological scientific information investigates questions of pedagogics, educations and specialists in didactics. I investigate I am, and, pedagogics отара a question deeply I use I sit, man I form for education I teach and an advantageous method and means I form I expose I open.

Белгілі қоғам қайраткері, ғұлама түрколог, жазушы, публицист, ағартушы-педагог Ахмет Байтұрсыновтың өмір жолы қазіргі Қостанай облысы Жангелдин ауданы Ақкөл жағасындағы Сарытүбек деген жерде басталды. Алдымен ауыл мектебінде (1882-84), кейін Торғайдағы орыс-қазақ училищесін (1891), Орынбор мұғалімдік мектебін бітірген 1895-1909 жылдары Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде мұғалімдік қызмет атқарды. Отаршылыққа қарсы күрес үшін бірнеше рет тұтқындалды, жер аударылды (1909). 1913-17 жылдары «Қазақ» газетінің редакторы, 1918-19 жылдары Алашорда қатарында, ал 1919 жылдан қазақ өлкесін басқаратын әскері – революциялық комитеттің мүшесі, 1922-25 жылдары Қазақстан Халық ағарту комиссариаты жанындағы Ғылыми әдеби комиссиясының төрағасы, халық ағарту комиссары, 1925-29 жылдары Қазақ Халық ағарту институтында және ҚазПИ-де оқытушылық қызмет атқарды. 1938 жылы халық жауы ретінде ұсталып, өлім жазасына кесілді. 1988 жылы ел алдында ешқандай кінәсі жоқ екендігі анықталып, толық ақталды.

Ахмет Байтұрсынов өзінің барлық саналы өмірін қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, мектеп ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағыштады. Ол ауыл мектептерінде, семинарияларда бала оқытты, оқу тәрбие жұмысын жетілдіру саласында көп ізденді, «Әліпби», «Тіл құралы», «Әдебиет танытқыш» атты кітаптарды қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб алфавитінің жайы, терминдер, қазақ тілін оқытудың әдістемесі туралы көптеген мақалалар жазады. [1]

Ахмет Байтұрсынов бай педогогикалық мол мұра қалдырды. Ахмет Байтұрсынов өзінің ғылыми педогогика тәрбие процесінің ерекшеліктерін негізгі кезеңдерін басқа құбылыстармен байланыстырып отырады. Олардың заңдылықтарын анықтайды. Ғылыми философия құлықтық және эстетикалық тәрбиеге байланысты мәселелер зерттеуде педогогика этикамен, эстетикаға ал оқыту мен білім беру проблемаларын зерттеуде таным теориясына сүйенеді.

Педогогика ғылымы философиялық білімді басшылыққа алып, тәрбиенің теориялық және практикалық мәселелерін шешуге үлесін қосады. Ахметтің жастарға ұсынған адамгершілік жолы адалдық және ғылымды игеру. Ол үшін жастарды адал еңбек етуге, өз мінін өзі көріп түзете білуге шақырады, бар білімнің түп төркіні ақыл деп қорытындылайды.

Ол қазақ мектептеріне ең зәру ісі – оқулық жазумен айналысады. Ол үшін ең алдымен қазақ тілінің фонетикалық жүйесін зерттеумен айналысты. «Тіл құралын» жазбас бұрын ең алдымен жазу графикасын жөндеп алудан бастаудың қажеттігін сезінген Байтұрсынов 1912 жылдан бастап, «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің беттеріне араб таңбаларын жетілдіру, лингвистикалық терминдерді тілге енгізу (дыбыс, әріп, жуан, жіңішке, т.б.) туралы ой-пікір қозғады. [2]

Оның араб жазуын қаза тіліне икемдеген нұсқасын қазақ жұртышылығы, әсіресе мұғалімдер жылы лебізбен қабылдады. Себебі, бұл реформа қазақ тілінің табиғатына, яғни сингармонизм заңдылығына сүйеніп, ғылыми түрде жасалған еді. Сондай-ақ Байтұрсынов ұсынған емле 1913 жылдан бастап мұсылман медреселерінде де, орыс-қазақ мектептерінде де қолданыла бастады. А.Байтұрсынов 1926 жылы «Әліпбидің» жаңа түрін осы күнгідей суреттерімен берілген Әлеппе кітабын жазды. Ал бұл «Әліпбидің» 1928 жылы Қызылордада шыққан 3-басылымы қазақ тілінде басылған кітаптар арасында былай бағаланды: «Жаңа құрал қазақ тұрмысына үйлесімді суреттері бар... Ахметтің 7 рет басылған бұрынғы «Әліпбиі» қазақ жұртына орасан зор пайда келтірген еді... Мынау жаңа «Әліпбиі» бұрынғысынан артық. Мұның мазмұны қазақ жағдайына сай болып шыққан. Әңгімелері бала үшін қызықты, жеңіл, заманға лайық.» [3]

1912 жылы мектеп балаларына қазақша сауаттандыратын «Оқу құралын» жазған соң, көп ұзамай енді мектепті қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулық жазуға кіріседі. Бұл оқулықтың

фонетикаға арналған 1-бөлімі «Тіл құралы» деген атпен алғаш рет 1915 жылы жарық көрді. Морфологияға арналған 2-бөлімі 1914 жылы, ал синтаксиске арналған 3-бөлімі 1916 жылы басылып шығарылды. «Тіл құралы» - қазақ мәдениетінде бұрын соңды болмаған құбылыс. Оның қазақ жұртышылығы үшін мүлде тың дүние екендігін оқулықтың кіріспесінде автор арнайы атап көрсетті. Ол осы оқулықта қазақ грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына тұңғыш қазақша терминдерді ұсынады. Күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан «зат есім, бастауыш, шылау, баяндауыш, етістік, сан есім, одағай, есімдік» деген т.б. сан алуан лингвистикалық ғылыми терминдердің баршасы А.Байтұрсыновтікі. [4]

Ахмет Байтұрсыновтың қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін «фонетика», қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі педогогикаға қосқан үлесі екенін көруімізге болады. «Ахметтің Октябрь төңкерісіне шейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сіңді. Қазақ мектебі, қазақ тілі сықылды орындарда оның еңбегі мол ... Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихы еңбегі бағаланбай қалмақ емес. Бұны пролетариат та бағалайды», - деп жазды Сәбит Мұқанов. Ғаббас Тоғжанов пікірі де осымен сабақтас: «Бір кезде сары маса боп ызындап оятқан Ахметті қазақ еңбекшілеріде қадірлей біледі, сөзін оқып сүйсінеді».

1929 жылы 5-мамырда Ахмет Байтұрсыновтың өз қолымен жасап берген «Газет және журналдарда жарияланғаннан басқа ғылыми, ғылыми -методикалық еңбектердің тізімі» деген құжат ҚазПУ архивінде сақталған.) «Тіл – жұмсар» деген еңбегінде оқушыларға практикалық грамматиканы үйретеді. Сонымен қатар жастарға арналған «Әліппе», «Сауат ашқыш» (ересектер әліппесі), «Әліппе-астар» (әліппеге методикалық нұсқау), «Қырық мысал» (Крылов мысалдары аудармасының жинағы), «Маса» (төлтума және аударма өлеңдер жинағы), «Оқу құрал» хрестоматия (нұсқалық) - Шонановпен бірлесіп жазылған [5].

Өз қолымен жазған «Өмірбаянында» (1929, 8-наурыз) Ахмет Байтұрсынов былай дейді : «Орынборға келгеннен кейін, біріншіден, қазақ тілін фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан зерттеумен; екіншіден, қазақ алфавитін (шрифін емес), орфографиясын жеңілдету және реттеу үшін реформа жасаумен; үшіншіден, қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен; Ақыры, ең соңында, төртіншіден, проза (іс қағаз, публицистика, ғылыми жазба тіл) тілін кітаби тіл арнасынан стилистикалық өңдеу, қазақ сөздеріне термин жасау арқылы халықтың жанды тілінің арнасына көшіру істерімен айналыса бастадым. Бұлар өзім жасаған оқулықтар және өзім редакциялаған «Қазақ» газеті арқылы іске асты». [6]

Бұл жолдарда ғалымның өмір бойы жасаған істері тиянақты, жүйелі түрде айтылған. Ахмет Байтұрсыновтың тіл білімі саласындағы еңбектерін саралау, жүйелеу, оларға тарихи тұрғыдан баға беру тілші ғалымдардың еншісіндегі зор жауапкершілігі бар іс. Көп жылғы көзжұмбаудан, қиянаттан арылатын кез келді. Шолу түрінде көз жүгіртіп, атүсті қарағанның өзінде, толып жатқан мына шындық алдыңнан шығады. Бірер мысалдарға жүгінелік.«Тіл құрал» Дыбыс жүйесі мен түрлері. I-тіл танытқыш құрал» Тіл адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айырылып,сөйлеуден қалса,қандай қиындық күйге түсер еді, осы күнгі адамдар жазудан айырылып,жаза алмайтын күйге ұшырыса, ондағы күйі де тілінен айырылғаннан жеңіл болмас еді. [7]

Біздің заманымыз – жазу заманы, жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман...» Бұдан кейін жазуға үйрету, хат таныту мәселелері сөз болады. Қазақ мектептеріндегі оқыту жайын, олардың қиындықтарын тартып айта келіп, автор өзінің әдістерін ұсынады. Жалпы ғылыми мәні бар пікірлерді де айта отырады. Мына тұжырымға көңіл бөліп, ой жүгіртіп көрелік.

Дүниедегі жұрттардың тілі үшке бөлінеді:

1. Түбіршек тіл.
2. Жалғамалы тіл.
3. Қопармалы тіл.

1. Түбіршек тіл – түбкі қалыбынан өзгерілмей жұмсалады, мәселен қытай, жапон тілдері.

2. Жалғамалы тіл – сөздің аяғына жалғау қосылып өзгертілетін тіл, мәселен түрік ,финн тілдері.

3 Қопармалы тіл – сөз түбірімен қопарылып, өзгертілетін тіл, мәселен орыс тілі, араб тілі.

Осындай тілдік ұғымдар берілген анықтамалардың дәлдігі, ғылыми тереңдігі түрлі категорияларды сұрыптаған, жіктеген кезде, оларға қазақша термин, атау берген кездерде, тіпті айқын көрінеді. Қазіргі қазақ тілі ғылымының түп қазық ойлары тіпті әріде жатқанын, оларды бірінші болып Ахмет Байтұрсынов тұжырымдағанын көреміз.

Табиғаттың санадан тыс тәуелсіз өмір сүруді өмір ақиқатын түйсік пен қабылдануын адамдар жаратылысының бірдей еместігін түсіндіреді.

Қазақ педагогикасының дамып, өркендеуіне белсене ат салысып мынадай үлес қосты: А.Байтұрсынов «Тіл құралы» - қазақ тілін үйрететін оқулық, «Баяншы»- мұғалімдерге арналған методикалық кітапша, «Әліпби» кітаптарын жазды, орыс жазушыларының мысалдарын қазақ тіліне аударды; М.Дулатов «Есеп құралы» - математикадан оқу құралы, «Қирағат» - балаларға арналған оқу құралын жазып шығарды, Ы.Алтынсарин – қазақ балаларына алғаш мектеп ашты, Ырғызда қазақ қыздарына арналған мектеп-интернат ашты, «Қазақ хрестоматиясын», «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралын» жазып шығарды [8].

Қорыта келе, қазақ халқының абзал ұлдарының бірі, ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бас кезіндегі демократиялық бағыттағы қазақ зиялыларының ең ірі, ең беделді көшбасшылары қазақ ғылымы мен мәдениеті, оқу-тәрбие ісі тарихына сіңірген орасан зор еңбектерінің тарихтан өшпес орын алатынын бүгінгі демократия мен әділеттілік салтанат құрған дәуірде өмір шындығы дәлелдеп отыр. Ахмет Байтұрсыновтың қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін «фонетика», қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі педогогикаға қосқан үлесі екенін көруімізге болады.

Кеңес дәуірінде Ахмет Байтұрсынов есімін атаудың өзі қылмыс саналса, еліміз тәуелсіздік туын тіккеннен кейін халқымыз өзінің ұлы перзентімен қайта табысып отыр. Тау сілеміндей мол мұра оқырман қолына тие бастады. Қазақстан Республикасының арнаулы қаулысы бойынша республикамыздың әр жерінде шаруашылықтарға, мектептерге, көшелерге және Қазақстан Республикасының Ғылым академиясының Тіл білімі институтына Ахмет Байтұрсынов есімі берілді. Сөйтіп, тарихи әділет, шындық салтанат құрды; халқының бостандығы, тәуелсіздігі, еркіндігі үшін тар заманда жан аямай күрескен ұлы замат Ахмет Байтұрсынов ұлт күрескерлерінің сапына келіп қосылды.

Әдебиеттер тізімі:

1. “Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл. ISBN 9965-26-096-6
2. Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 880 бет. ISBN 9965-893-73-Х
3. «Батыс Қазақстан облысы» энциклопедиясы, Алматы, 2002;
4. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2009 ISBN 978-601-01-0268-2
5. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 жыл, 509 бет. ISBN 5-7667-2616-3
6. “Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9
7. Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. 2-басылымы, өңделген. Жалпы редакциясын басқарған тарих ғылымының докторы, профессор Б. Ғ. Аяған. Алматы: Атамұра, 2009. ISBN 9965-34-933-9
8. Қазақстан жазушылары: Анықтамалық/Құрастырушы: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса — Алматы: “Аң арыс” баспасы, 2009

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ КӨСЕМСӨЗДЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ

Ф.С. НУРЫШОВА,

№69 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Астана қаласы

«Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде, оларға жастайынан имандылық пен ұлттық қасиеттерді сіңіре білсек, сонда ғана біз ұлттық рухы дамыған, Отанының гүлденуіне өз үлесін қоса алатын азамат өсіре аламыз».

Н.Ә.Назарбаев.

Қазақ зерттеушілерінің ішінде публицистикаға тұңғыш анықтаманы Ахмет Байтұрсынұлы өзінің «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде берді. Алаш қайраткері публицистиканы көсем сөз деген қазақ сөзімен тәркіндестірді. «Көсем сөз шешен сөз сияқты әлеуметке айтқанын істету мақсатымен шығарылатын сөз. Шешен сөзден мұның айырылатын жері – шешен сөз ауызша айтылады, көсем сөз жазумен айтылады. Көсем сөз кезіндегі әлеуметке керек іске мұрындық болып істеу ыждахатымен айтылады» [1,123]. Көсем сөз белгілі бір күннің, белгілі бір дәуірдің тарихын сол күннің, сол дәуірдің саясатымен, философиялық көзқарасымен байланыстыра отырып жасалады. Ол қоғамдық мәселелерді сырттай емес, өмірмен, тәжірибемен тығыз ұштастыра отырып баяндайды. Ұлт ұстазы қалдырған көсем сөздер Алаш жұрты үшін баға жетпес құндылық болып есептеледі.

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі – әлемде теңдесі жоқ тәрбие. Жалпы «ұлттық» деген сөздің астарында елге-жерге, тілімізге, дінімізге деген құрмет жатыр. Рухы асқақ, іргесі берік, керегесі кеңел боламыз десек, ең бастысы, ұрпақ тәрбиесі мен біліміне сергек қарауымыз қажет. Бұл жөнінде Абай атамыз: «Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады: бірінші – ата-анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан» [2,59], – деген екен. Ендеше осы қазақ халқының «қазақи нақыштағы» ұлттық тәлім-тәрбиесіне көсем сөз шебері -Ахмет Байтұрсынұлы қандай көзқараста болды? Осы сұрақ төңірегінде біршама көсем сөздерін талдап көрсек.

Ұлт көсемі «Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек» деген болатын. Біз келімсек жұрттан кем болмас үшін оқымай тұра алмаймыз. Оқымасақ басқалармен қатар тіршілік ете алмайтынымыз сүттей ақ, күндей жарық. Өйткені, бүгінгі бала-елдің ертеңгі болашағы. Сондықтан, келешегін ойлаған ел бүгінгі күннен бастап балалардың тәрбиесіне бей-жәй қарамауы тиіс. Дана халқымыз өсіп келе жатқан баланы жас ағашқа ұқсатады. Егер ағаштың артық өскен сабақтарын қырқып, түбін ақтап тұрсаң ол ағаш түзу өсіп, құрылысқа жарамды ағашқа айналады, ал еркімен өскен ағаш қисайып үсті құрттап ақыр соңында отыннан басқаға жарамай қалатындығы сөзсіз. Сондықтанда бүгінгі таңда әрбір отбасы бала тәрбиесіне баса назар аударғаны жөн.

Бала тәрбиесі ата-ананың өз-өздерін тәрбиелеуден басталады. Өйткені балаға ақыл айтып, оны өздері амалға асырмаса, бұдан балаға еш пайда жоқ. Екінші кезекте әрине мектеп ұстаздары ойып тұрып орын алмақ. «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім»-дейді Ахмет Байтұрсынұлы. Жаңа ғасырдағы мектеп алдындағы міндет – егеменді еліміздің жас ұрпағын жан-жақты дамыта отырып тәрбиелеу. Өйткені Қазақстанның бүгінгі мен ертеңі жас ұрпақтың еншісінде. Ал жас ұрпақты жан-жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейін жоғары етіп қалыптастырудың бірден бір жолы – оқушыға білімді терең игертудің тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру, шығармашылыққа жетелеу. Бұл ретте мұғалімнің терең біліктілігі қажет. Біліктілік – бұл білімдегі, тәжірибедегі, берілген білімді меңгертудегі бейімділік, құндылықты бейнелейтін жалпы қабілеттілік. Қазіргі заман мұғалімінен тек пәнінің терең білуі ғана емес, тарихи-танымдық, педагогика-психологиялық, саяси-экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылығы талап етіледі. Ол талапқа сай болу үшін көп ізденіп, шығармашылықпен жұмыс істеу қажет.

Әр халықтың бала тәрбиесіндегі өзіндік ерекшеліктері арқылы мәдени құндылықтары қалыптасады. Ата-бабамыз ұл баланы ертеңгі абыройлы әке, қадірлі отағасы, елді қорғайтын ер, батыр, би, ақын, ұлттың намысты азаматы ретінде әділдікке, қайсарлыққа, кешірімді болуына, өнерге, білімге, салт-дәстүрімізді сақтауға тәрбиелеген. Ұл бала – қазақта шаңырақ иесі, ер-

азамат–ата-ананың отын тұтатушы болып саналады. Қазақ отбасының ерекшелігі жасы кішісінің үлкеніне «сен» деп сөйлемеуі, алдын кесіп өтпеуі, үлкен тұрып кішінің, әке тұрып ұлдың, шеше тұрып қыздың орынсыз сөйлемеуінде. Қазақ отбасындағы үлкенді құрметтеу әдеті жауапкершілік, адамгершілік сезімдерін туғызған. Дұрыс бағытқа бағдарлау көп жағдайда абыройлы әкеге, үлгілі отағасына, қадірлі ағаларына байланысты. Халқымыз ұл бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Қай халықта болмасын, ұл бала тәрбиесі – әке меншігінде. «Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дей отырып, қазақ отбасында әкелер өзінің білетін бар өнерін ұлдарына үйретіп, оларды мерген, аңшы, яғни «сегіз қырлы, бір сырлы» жігіт етіп тәрбиелеген. Бала ес білгеннен бастап, оның құлағына «сен ертеңгі шаңырақ иесің, болашақ әкесің, арқа сүйер жарсың, отбасының асыраушысысың, сондықтан да жаманнан жирен, жақсыдан үйрен» деген сөздерді құйып отырған.

Қазақ халқындағы ұл тәрбиесіне байланысты ұлт ұстазы: «Баланы ұлша тәрбиелесең – ұл, құлша тәрбиелесең – құл болмақшы» деген болатын. Бұл сөздің түп төркініне үнілер болсақ, балаға берілетін тәлім-тәрбие ең бірінші Абай айтқандай отбасынан бастау алатындығын көреміз. Жасқаншақ болып өскен бала өмір бақи мұның қасіретін шегіп өтеді. Ондай балалар ойын толық жеткізе алмайды. Қате сөйлейтінінен немесе айыпталатынынан жасқанып, тұйық болады. Жасқаншақ, ынжық болудың ең басты себебі – ата-ананың балаға үнемі қатал мәміледе болып, әр нәрсеге киліге беруі. Баланы бақылауға алу керек, бірақ еркін жіберу керек. Тартыншақтықпен қоса еркелік және тәкаппарлық та жаман мінез-құлықтарға жатады. Балаға қай жерде қалай сөйлеу және қалай әрекет ету керектігін білетіндей етіп тәрбиелеу керек. Ата-ананың ойлары бір-біріне үйлеспей, тиянақсыз шығатын болса, бала да тиянақсыз ойлайтын болады. Ата-ананың ұстанымдары баланың мінез-құлығының қалыптасуында өте маңызды роль ойнайды. Жеткіншек шақтағы ұл балалар әкесінен, қыз балалар анасынан үлгі алады.

Сөз көсемі «Балам дейтін жұрт болмаса – жұртым дейтін бала қайдан шықсын!» Оқу оқытып аталық міндетін атқарып отырған жұрт жоқ. Жұртқа борыштымыз деп жүрген қазақ баласы жоқ. Баршамыздың көкейімізде ес жиғаннан бастап «Елім, Жерім» деп жұдырықтай ғана жүрегі соғар саналы ұрпақты болса деген тілек. Ол үшін әр жасөспірімге үлгі боларлықтай өзіміз тәрбиелі болуымыз керек. Алма алма ағашынан алысқа түспейді деген де сөз бар. Бала санасына ең алдымен «қасиетті ұғымдарды» сіңіре білуіміз керек. Ата алдындағы міндет, ана алдындағы парыз, Отан алдындағы жауапкершілікті сезіне білген жастар келешектің кепілі болмақ.

«Біреу – жұмыс қылайын десем тұрған жерім жаман дейді, біреу – маңайымдағы елім жаман дейді: бұлардың бәрі де – бос сөз!» Қазіргі қоғамда сыныққа сылтау іздейтіндер де аз емес. Жеті жұттың бірі-жалқаулық. Ол шынымен адамды жұтып тынуға қауқары жететін жаман әдет. Ал бір мемлекетте жалқаулар көп болса, онда ол елдің болашағына тұтастай қауіп төнді дегенді білдіреді. Егер гендік қару секілді, адам бойындағы жалқаулықты арттыратын қару ойланып табылса, онда сөз жоқ кез-келген ел ол қаруды жауына қарсы күш ретінде пайдаланар еді. Демек, біз жалқау болсақ, дұшпанымыздың бірінші тілегін бұлжытпай орындап береміз деген сөз.

«Талап–жоқ, үміт–мол бір халықпыз». Аға жолдасы – надандық, өнерсіздік қазір қазақтан алыс емес. Надандықтың кесапаты әр жерде-ақ маңдайымызға тисе де, ата жолдасымыз болған соң, біз де қиып айрылмай-ақ келеміз. Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты. Сонда да соны ғылым, өнерден артық көрерміз. Орақшының жаманы орақ таңдайды демекші бойымыздағы керітартпа қасиетіміздің бар екені белгілі. Қазақтың бас ақыны Абай:

«Жұмысы жоқтық, Тамағы тоқтық, Аздырар адам баласын» дейді. Қай кезенді алсақ та, қазақ халқы үшін шыбындай жаны шырылдап өткен даналарымыз әрқашан баршамызды жаман қасиеттерден аулақ болуымызды қалап, тек адал еңбек арқасында ғана кез келген адам жоғары шыңнан көріне алатындығын айтады. Талабы жоқ жас ұлың, жалыны жоқ шөкпен тең деп қазақ халқы өз ұрпақтарына әрқашан талап қылмай мұратқа жетпейтіндігін айтып отырған.

«Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйінін түйгенінше айтуға жарау». Осы ретте Қабуснамадан мынадай жолдарды келтіріп кеткенді жөн көріп отырмын. «Жомарттық пен мәрттік. Бұлардың негізінде үш нәрсе бар: бірі – өз айтқан сөзіңді өзің орындау; екіншісі — әділдік пен туралыққа нұқсан келтірмеу; үшіншісі — қайырымдылықты есіңе ұстап ұмытпау. Егер мәрттік пен жомарттық жолында

жүрмек болсаң, әр уақытта үш нәрседен сақтанғайсың: көзді— жаман назардан, қолды — жаман істен, тілді — жаман сөзден»[3,142].

Тіл – ұлттың жан дүниесі. Расында қазақ халқының басында талай қиын нәубет, зұлматтың, қайғылы күндердің болғаны тарихтан белгілі. Сондай ауыр сәттерде, сын сағаттарда атамекен қонысын тастап босқан халықтың өзімен бірге алып жүрген байлығы – ана сүтімен санасын дарыған ана тілі ғана. Халқымыздың тілге беріп жүрген бағасы бұл ғана емес, ана тілге деген мейірім, махаббат сезімін білдіретін сөздер көп-ақ. Оған жүздеген мысалдар келтіруге болады. Осы сияқты ой тұжырымдардың баршасы ел аузына түспей, ғасырлар өтсе де ұрпақ жадында сақталған қанатты сөздер. Ана тілі – ар өлшемі. Олай болса, тілді шұбарлау – арды шұбарлау, көңіл тұнығын лайлау. Ұлттың мәдениеттің гүлденуі мен адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығы ретінде ұлттың өзінің болашағы ана тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюімен тығыз байланысты. Сондықтан туған тілге деген сүйіспеншілік бала кезеңнен басталуы тиіс. Айналаңды танып білу, туған тіліңді білуден басталады.

«Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады, өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады»-дейді Ахмет Байтұрсынұлы. Тіл түзелмей, адам да, ұлт та, экономика да, қоғам да түзелмейді; мемлекеттің де, ұлттың да болашағы күңгірттене береді. Өз елінде өз тілінде сөйлемеген, ұлттық дәстүрімен, ұлттық рухани құндылықтарымен өмір сүрмеген, ұлттық мүдделеріне қызмет етіп, болашағы үшін күреспеген адамның мен қазақы деп айтуға құқы жоқ. Өйткені тіл – адамзат қоғамындағы әрбір адамның өмір сүруінің рухани өзегі, өмір сүру формасы. Тілі қандай болса, қоғамы да – сондай. Ұлттық тілге, сол тілде жасалынған руханиятқа, рухани құндылықтарға, ұлттық патриотизмге арқа сүйеген ұлттың, мемлекеттің ғана мерейі үстем болмақ.

Мақала соңында айтарым, Алаштың ардақты ұлы–Ахмет Байтұрсынұлының көсем сөздеріндегі ұлттық тәлім-тәрбиеге байланысты айтылған айшықты ойларды ойымызға түйіп, ұлттығымызды сақтап, қазақ жұртын бүкіл әлемге танытатын жастарды тәрбиелеуден аянбайық. Қоғамның белгілі қайраткері, ақын М.Шахановтың: «Халықта ең бірінші ұлттық рух болуы керек», – дегенін әр кез есте сақтап, еліміздің жарқын болашағы үшін атсалысуымыз қажет. Ол үшін біз, ұстаздар қауымы, оқушыларға салт-дәстүрлерді жай ғана үйретіп қана қоймай, олардың тәрбиелік түп-тамырын, мәнін, алтын діңгегін түсіндіре білуіміз керек. Ұлттық тәлім-тәрбиенің іргетасын дұрыс қалай білу мұғалімдердің ата-аналармен қосылып жүргізген шараларына байланысты болмақ. Өйткені бірінші ұлттық тәрбиенің ошағы – отбасында, екінші – мектепте болғандықтан, ата-ана мен мектеп, яғни мұғалімдер мен жұртшылық тығыз байланыста болуы шартты нәрсе екені баршамызға аян.

Қазақтың айтулы қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай былай дейді: «Ұлттық мәдениеттен жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды». Яғни елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзаттық игіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени-рухани мұрағаттары мен ұлттық тәлім-тәрбие саласындағы, білім жүйесіндегі ізденістерін көрсету – басты міндетіміз [4,102].

Ұлы бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби: «Адамға біліммен қатар, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың хас жауы», – деген екен. Ұрпақ тәрбиесінде ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлерін оқып үйрену, өнеге тұту, жас ұрпақты ізгілікке баулу үлкен жауапкершілікті талап етеді. Ұлттық тәрбиенің құдіретін қанша айтсақ та, түгесу мүмкін емес. Осындай ұлы тәрбие ізгіліктері бала кезден, бұла кезіңнен бастау алмаса, кейін өте қиынға соғатыны – дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат. Алаштың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлының мұрасынан нәр алған ұрпақтың елшілдік биігінде болары анық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1994.
3. А.Байтұрсынұлы. Әдебиет танытқыш.-Алматы: «Атамұра»,2003.
4. Қапалбеков Б.Ұлттан тілді алса... – Алматы, 2006.
5. Мырзахан А. Ел болудың жолы – ұлттық тәрбие // Ана тілі. – 2011. – 20 қазан.

БИРЛЕСИП ИСЛЕГЕНЛЕР, БИЙИК ТАВДЫ СУЪРГЕНЛЕР

С. РАХМЕДОВ,

*Карашай-Шеркеш Республикасының
еңбек сиңирген журналисі.*

*(Ногай ауданы Тереклі –Мектебінде туған)
РФ Дағыстан Республикасы.*

«Аты-даны яйылып, атак алып ислеген.Абырайы йигиттинъ
барган сайын куышлеген»

*(А.Бариевтинъ,М.Джумаевке багысланган
дестанннынан)*

«Кенъ Ногай шоблинин мол отлагы, кенъ яйлагы эркин болган тек байга эм тавричан помещиклер – Нестеренкога, Луцувга, Мамонтовка. Халкымыздынъ коьбиси ярлы болып, арып-талып, байга барып, ялга юрип, коьп кыйланса да, ога тек шай орнына шама сув, эт орнына сорпа эм кавызлы малай тийген. Аьне ястан байдынъ сондай асына коьниккенлердинъ арасында кыпшак тамгалы атадан яслайын калган Джумай да бар эди. Ама ол бир куьн де озин кемге санамаган. Оьзиндей ярлы аьелде тувып-оьскен шойл сылувы Юмабийке мен бас косып, аьел курады. «Кыйын болса да, атадан-анадан сен де ялгыз, мен де ялгыз, кудайым бизге аьвлетлер бермеспе экен», - деп ян косагынынъ алдында баьленше олтырып, юзин сыйлаган.

Алла-тааладынъ аьруьв куьнинде тилек салынды болаяк, ызлы-ызыннан уьш кыз , уьш увыл тувады. Куванышы колтыгына сыймаган Джумай ат шаптырып той этип, ясы уьйкенлер мен маслагатласып, Зульипет, Машруп, Аьнипет, Магруп, Каний, Атетер деп ат тагады. «Балалы уьй базар» - деп ногайым айтканлайын, телемен тесик болса да, термединъ иши саьбийлердинъ ойын-куьлкисине толады.

«Ана аядан каймак ялатар, аста шайкап уйклатар», - деп Юмабийке тапкан бир кесек оьтпекти сегизге боьлип, «Балалы каргага ас тиймес», - дегенлейин ашатып турды.

Ама коьп аьелдинъ басы Джумай яслайын капылыстан топырак болады. «Энди куьним не болар экен», -деп куьрсинеди уьй бийкеси.

Онынъ кардаш-тувганлары ййылып, бири-бириннен кишкей Джумайдынъ балалары тентиремеске экен, ят болмаса экен деп, ногайымнынъ ата-бабасынынъ аьрув аьдетин эске алып, Джумайдынъ иниси Амангельдиге Юмабийкединъ басын байлайды. Амангельди-агав (яткан ери ярлык болсын), Атетер яслайын дуьнядан таяды, калган эки увылды эм уьш кызды асырап саклап, оьстирип, уьйли-аьелли этеди.

Бала шагыннан кара куллыкка шыныккан Магруп совет власти шоьлимизге келип озин билдиргенше, тенълери мен Кизляр калага барып, бай эрмелилердинъ юзимлерин кеседи, сувгарады, йыгады, аяклары ман таптап, шагыр этеди.

Районда ашылган билимсизликти тайдырув пунктка, медресеге юрип, арабша оқып, билимин арттырганда, Магруп тувган «Маштак-Куьйи авылында ашылган баслангыш школада оқытувшы болып, балаларды оқытады. Буйнакск каладагы кооператив техникумында алты айлык курсларда оқыйды, авылында туьзилген Крупская атлы колхозга бириншилерден болып туьседи.

Бажарымлы,халкы уьшин арувды-талувды билмейтаган Магрупты авылдаслары, авылдагы Ленин атлы колхозшыралы правлениединъ председатели этип сайлайдылар.

Районымыздагы баска 30 колхозларындай болып, Калинин атындагы колхоздагы колхозшылар да кой багып, сыйыр савып, пишен шалып, аслык асыллап, яшавымыз онъды деп, куьезленип турганда, немец-фашист Германия капылыстан согыс баслап, бомбалар таслап, авыл-калаларымызды отка алдырды. «Шайкалувларын бирден койды аслыклар », кавга элимизге баьле аькелди.

Караногайшылар да каарлы душпан ман куьреске шыкты. Туьнегуьнги койшы ярлигин мылтыкка авыстырып, дав майданына туьседи. Халкынъа кара куьн туьссе, уьйде ятып уйкынъ келеме. Бириншилерден болып кардаш-тувганлары ман аманласып, Кизляр военкоматына Магруп та йол алады.Ама Кизляр окружком партиядынъ Караногай райкомы ман эм райисполкомы ман маслагатласып, колхоз председателлерининъ кайбирлерине согыска барувдан босатувга кагыт берген болган. Олардынъ арасында Ленин атлы колхоздынъ председатели М. Джумаев те болган. «Меним тенълерим, инуьвлерим душпанга карсы согысканда карт пан курткадынъ, кыскажыкларыдынъ, бала-шагадынъ арасында мага уьйде калмага уят», - деп намысланып, Магруп райисполкомнынъ

председатели Ильяс Молла улы Алиевтын кабинетине келеди. «Досым, тенъим, ызын берсе, согыска мен де бугуьн ок та йолланар эдим. Аьне сен эслеген кыскакыларга, балаларга бас-коьз болмага, куьш салып оьстирилген аслыкты йыйдыртпага, малга карав бермеге етекши керек. Авылда калганлар оьзлерининь каныгыслы ислери мен фронтка ярдам этпеге тийисли деп битирди соьзин район етекшиси.

Хатын-кызлар куьн узагында авлакта иследилер. Олар эрлердинь орынына туьсип мал багып, пишен шалып, оьгиз егип ер суьрип, он аьдемнинь куллыгын бир аьдемдей болып, бажарып турдылар. Кешелерде таьтли уйкыларыннан калып, фронттагы аьзизлерине уйыклар басып, шораплар, колгаплар согып, йылы шалбырлар, кулакшын боьрклер посылкалар ман йиберип турдылар.

Колхоз етекшиси болса, «Элге эткен ерде калмас» дейтаган болган, эки соьздинь бирисинде.

Душпанлар Сырт Кавказды алып Ногай шоьлге аяк басканда, оькимет байлыгы фашистлердинь колына тийип коймасын деп, тувар, кой, мал Дагестанга, Азербайджанга айдалды, техника, аслык йиберилиди.

«Авыл яшавшылары астан йоьнькигенде, Магрупп-нагашакай 1941-1942-нши йылдарда оьгиз, сыйыр егилген арбалар ман Амангельди, Бопыш атайлар басшы болып, Айшат, Зарбек меним анам Каний эм баскалар сырт беттен туз, ак балшык аькелип, оны Кизлер, Тарумов районлардагы хуторларга элтеп, аслыкка, картоьпке авыстырып, авыл яшавшыларын аштан аман калдырды», деп эскереди бугуьнлерде дени сав, ис ветераны Зина Круптурсун кызы Оразакаева.

Авыл почтальоны, аяклары ер тартса да, басына кара явлык тартып, коллары дирилдеп Абдулмежит Акмурзаевтинь, Моллали Джумандыковтынь, Танъатар Умаровтынь, Калманбет Шураевтинь эм баскалардынь уйлерине дав майданында баьтирлерше ян бергенлерин аяндайтаган уьш муьйисли кагытты аькелгенлерин коьрип, кайгыларын бирге боьлискенде, «авылдасларым кара яв ман согыста аьзиз янларын бергенде, неге мен уйде»- деп намысланатаган эди Магрупп. Ол бурынгы йырларды коьп эситкен, оьзи де толгап билген. Сога коьре сол куьнлерде:

«...Эки аралап яв шапса,
Ок кылгандай шаншылса,
Кан ювсандай эгилсе,
Аккан сувдай тоьгилсе
Бетегели сары аркадынь бойында
Согысып оьлген оькинмес...»
«...Алыстагы ясанган душпанга
Бармай даным етпесе,
Атпай огым оьтпесе,
Ок салыспай кеткен де...»

Уллы – Шал-Кийиздинь соьзлерин эсине туьсирип, «туьн уйкысын доьрт боьлген, айры эмшектен ийилип суьт берген» анасы ман, авыл ясы уйкенлер мен аманласып, белин тартып бувып, 1943 йылдынь яй куьнинде согыска кетеди.

Яйда шань, куьзде батпак, кыста бузлавык согыс йоллары, Магруппты китапplerден оқып, картада коьрген узак Украинага аькелди. Ол ата-бабаларымыз бийлеген Бакшасарайды, Севастопольди, калаларды, авылларды немец фашистлерден босатувда катнасады. Ол куллык эткен тенъиз яв полк Новороссийск калады эм онынь туьбиндеги «Кишкей ерде» аьдем билместей уйкен эм каты согыста ортакшылык этеди.

Дав майданында Магрупп та авыр яраланды. Наьсибине, санитарлар кызыл канга боянып, ынъкылдап яткан аьскершиди аькетип, оьз ярдамын этип, госпитальге йибередилер. Эки де янбас суьеклерди как ярып, куьллелер теренге кирген болган. Бир неше ай госпитальде эмленген сонь, медициналык комиссия оны согыска яравсыз деп, экинши туьрким сакатлыкты берип, 1944 йылдынь ноябринде М. Джумаевти уйине кайтарады. Ян косагы Ядий, кардаш-тувганлары ман эки костыльге таянып келген эрин ат арба ман Кизляр калада йолыгады.

Арып-талып, узак йолда йоьнькип келген Магруппка коьп ял алмага да бермей, авылдынь ясы уйкенлери согыска дейим етекшилеп кеткен Ленин атлы колхозды кайта колга алмага тилек саладылар. Олар авыл яшавшылары ашлыктан кыдырып баслаганын билдиредилер. «Коьп тилеги-коьл» дегенлейин, элбетте, Магрупп шақырылмаган «конаклар» элге, районга, авылына, колхозга уйкен зыян аькелгенин, ашлыктан сав аьел кешелерде оьлип шыгатаганын билип, коьрип, не болса да басты аман сакламага каста этеегин билдиреди. «Биз сага маслагатшы, яндавыр болармыз»,- дедилер тилекке келген ясы уйкенлер бир авыздан.

1945 йылдың язлыгында кайта сайланган колхоз председатели Шобытлы йылгадың ягаларын бийлеген Махач атлы, Каганович атлы колхозларының касында айырым канав каздырып, бир неше гектар ерге аьжибийдай, тары, кабак шаштырды» деп эскереди ян косагы Ядий. Неге де М.Джумаев биревден де сорамай, ыхтыярысыз еримизди бийлейди деп колхозшылардың район етекшилерине шагынувлары да болган.1946 йыл Ленин атлы колхозга тоьгерегиндеги Калинин, Тельман, Пушкин, Крупская атлы колхозлар косылып, Карамурза бойдан айырым ер алып асыллап баслайдылар. Шобытлы йылгадың баврайындагы Юрын-Тоьбеге боьркин салып, «ногайым бу ерден яшав табар» деп халкымыздың тарихшиси, аьлим Таньатар-аьпенди айткан деп атамнан эситкеним бар. Акыйкатлайын да, Уллы Аталык согысыннан сонь, 1946 йыл аьлсизленген колхозлар косылып, районда 14 колхоз калды. Олар баьри де Карамурза бойдан, Сары-Сув авылдың тоьгерегиннен ер алып, аслык, ясылша эктилер.

Бизим Молотов атлы колхоз Куйбышев атлы колхоз бан косылып, баслап Сары-Сувдан сонь Карамурзадан ер алып, Шобытлыдың куьнбатар ягасына конды.Председатель болып сайланганда ок Магруп Джумаев колхоздың бажарымлы, акылбалык аьдемлерин, тоьгерегине йыйып, команда туьзеди. Халктынь маслагаты ман Бопыш Эльязовты орынбасары этеди.Ога баьри де агав деп сыйлап, айтканын этип ислеитаган болганлар.Уллы Аталык согыс ортакшысы Залимхан Байманбетов кой ферма етекшилев, Алимхан Байманбетовка бухгалтер куллыгы тапшырылады. Ога оьзининь ярдамын согыс ветераны алдынгысы Исмаил авыл Советиңинь председатели Шьракбай Аманов берип турады. Баслап Ленин атлы колхоздан болаяк яньы авыл Баймурза Оьдековтынь, Ибрагим Аджибекберовтынь, Биймурза Кульниязовтынь, Бекет Давлетовтынь, Бопыш Эльязовтынь, Эльув Ибрагимовтынь соньында баска аьеллер коьшип келип, язда камыстан ябылган коста, кыста болса сарыбарак, боз ягып ер казбаларда яшап баслайдылар. Мойсалап оьгиз оьзлерининь байыр сыйырларын егип,ер суьрип, ораklar ман йыйылган, орылган бийдай, арпа масакларын атка тиркелген дымалак тас пан таптап, бир буьртигин де ерге туьсирмей, йыйып алатаган эдилер Сулып йыя келе колхозшылар картоьп, помидор, огурце, бадыржан, карбыз-кавын асыллап, йыл сайын оьтетаган район авыл хозяйстволык выставкага аькелип, ортакшылык этип ясылша асыллавышы звенолар Сый грамоталарга тийисли болганын, акшалай баргыланганы эсимизде.

«Бирлесип исте юргенлер бийик тавды суьргенлер» деп халкым айтканлайын, янаса ерлескен Молотов атлы колхоздың эсли колхозшылары Шабан Елакаевке, Абдул Джуманбетовка, Алимгазы Майлыбаевке, Копуштай Рахмедовка Магруп косылувдың акында маслагатка келеди. Соьйтип, Молотов атлы колхозга 1951 йыл косылып, ортак йыйында колхоздың председатели этилип М.Джумаев бир тавыстан сайланады. Колхоздың правлениеси онынь экономикасын оьстируьв йолын излейди. Алдынгысы йылларда асылланмаган дуьгиди шашып карасак, калай болар экен деген ой ман Магруп корей миллетли эгиншилерди шақырады. Соньында, бу культурады асыллавыдың сулыбына эсли колхозшылар Ибрагим Аджибекберов, Бекет Давлетов, Баймурза Оьдеков уьйренип, айырым звенолар туьзип, мол оньыс алганлары эсимизде сакланады.

Правлениединь алдындагы туратаган экинши маьселе юзим,емис бавларын асыллап эди. Ол маьнели куллық эсли колхозшылар Абдулла Бариевка, Янбай Черняевке эм Салимсолтан Янумурзаевке тапшырылды. Соьйтип, 10 гектардан артык майданды юзим, куьреге, шаьбден, аьлбели, алма, кертпе, тереклер, бийлеп, емис берип баслады. Емислер район яшавшылар арасында таралтылып турды. Юзимнен шагьр этилип Кизляр каладагы заводка элтенилетаган эди. Колхоздың бас бухгалтери Алимхан Байманбетовтынь эскеруьвлерине коьре, бу продукциялар хозяйствого аз келим аькелмеген.

Яньы авылга кыйлы аьел коьшкенде, М. Джумаев изба-читальня, медпункт, почта боьлигин аштырады. Мекан салынып, баспангыш школа ислеп баслаганда, онынь биринши етекшиси А. Аджигайтканов, оқытувшылар И. Бакиев, Ю. Джумаева, Р. Батырова боладылар. Ама колхоз аякка турып мезгилде, Гамзат Аджигельдиев:

«Мен билемен ян бар ерде, ажал бар,
Белки коьзим, эки коьзим юмылар,
Яшав деген тик кетеген бийик яр,

Белки мага суьринмеге зат табылар», - деп толгагайын, 1956 йылдың январь айында тань ман коньысы Тарумов районга колхоз куллыгы ман бараятырганда, канавдагы бузлавык сувдан минген аты тайысып кетип, кателенип Магруп топырак болган.

Район етекшилерини кол басып, алдынгысы «Кызыл Байрак» район газетасында шыккан некрологта «М.Джумаев фашистлерге карсы Уллы Аталык согысында активше катнасты. 1944 йылдың ноябринде Совет Армиясыннан сакат болып кайтып келген сонь, бу куньлерге дейим де

Ленин атындагы колхоздынъ председатели болып иследи. Савлай озининъ куллыгын йолдас Джумаев колхоздынъ экономика куьшин беркитуьвге багыслаган»,- деп язылган.

Магруппан бирге кол ысласып колхозда ислеп, авыл курганлар, кардаш-тувганлары йыладылар: кыскайкылар тоьрде олтырып, онынъ авыр яшавын, халкка эткен яхшылыкларын эскерип бозладылар. Бири-биринен кишкей уьш кыз, уьш кеде калды. 35 ясындагы Ядийдинъ колында Наьсипхан, Написат, Солтанбек, Анварбек, Каирбек эм Мырас. «Эл валий» деп халкымыз босына айтпайды. Ядийге ярдамын созганлар аз тувыл эдилер. Ол колхозшылар ман бирге казгыр ман ер тепти, канал казды, кешелерде кол тийирмен тартып, «ана туьнде турып, ас берер, туьн уйкысын бес боьлер», дегенлейин, балаларынынъ атасыз экенин билдирмей, баьрин де аман саклады.

Магруппынъ анъсыздан аргы дуныяга кетуьвине кайгырып, тенъи Абдулла-йырав шыгарган йырында булай деп толгайды:

«Эш бир заман йойылмас
Берекетли ошагынъ,
Балаларынъды сакляк
Сеннен калган косагынъ.
Увылынъ, кызынъ уьй болып,
Уьлги болар элинъе,
Эш бурылып карама,
Сен, Магрупп, керинъе.
Аман болып сав турса,
Солтав кувар сойынъды».

Муннан 50 йыл артта белгили йырав балшыдай болып, бес ясындагы Солтанбек районымызда тувып, сав ногайымызда бажарымлы болагын билген. Магрупп улы Солтанбек йогары билим алып, атасы курган, ислеген авылда бас инженер куллыгын бажарды. Янъы уйгынланган «Сельхозтехника» биригуьвин аякка салып, 9 йыл етекшиледди, мине 1990 йылдан алып ООО «Эди» ашып басшылайды. Оьткен ХХ оьмирдинъ 50-нши йылларында атасы Караногай район Советине депутат болып сайланган. Буьгуьнлерде Солтанбек Ногай районынынъ Йыйынынынъ депутаты, ДР-нынъ Конституциялык Йыйынынынъ члени. Аьптелери де оқытувшы кеспилерин алганлар. Написат – атасы 70-нши йыллардынъ ызында ашкан алдынгы Янъы авыл, буьгуьнлерде Эдиге авыл орта школасынынъ директоры. Анварбек – предприниматель. Яслайын аварияда топырак болган Каирбек инисининъ эстелигине автозаправкасына «Каю» деп ат берген. Шокайы Мырас та йогары билимли, бизнес пен каьрлейди. «Ер тамырынан эр тамыры коьп болар» дегенлейин, Магрупп-агавдынъ доьртинши неселинде уныклары, йиенлери болып, 30 ювык. Ясы увылларын, кызларын айланып шыгады.

Биз йолыгыска барган куьн, ол тунгышы Насипханнынъ кенъ тоьринде аякларын коьсилеп олтыры эди.

«Мунавы акасы, кишкентайым Мырастынъ кызы. Балалардынъ атасы топырак болган, авыр куьнлерде «Авылдасынъ ким болса, аданасынъ сол» дегенлейин, авылдасым Оьтебийке (яткан ери ярык болсын) балаларга озининъ балаларындай этип карап турды. Оны эстеликли этеек болып, Оьтебийкединъ атын такканмыз деп 14-15 ясында сылув кызды коьрсетти.

«Йигит оьлер, даны калар» деп ногайым айтканлайын, Магрупп-агавдынъ аты буьгуьнлерге дейим халк авызында. Онынъ астында яслайын ислеген буьгуьнлерде эсли Хансылув Савкатова. «Халк яшавын ойлаган» - деген ятлавында булай деп толгайды:

«Арпа-бийдай шашпага,
Онълы ерди караган.
Сегиз оьгиз, бир сабан,
Гектарлап ер айдаган
Председатель – атамыз
Камыс орып, кос этип,
Бу авылды кураган...»

Оьзимнинъ журналистлик саргайган блокнотларымды актарып карайман. Авылдынъ ясы уьйкенлери Танъатар Коьшеров, Коьшет Елманбетов, Магомед Круптурсунов, Шабан Елакаев, Юмазиет Мутаирова, Канитат Маликова эм коьплегенлер: «Магрупп халкым яшав тапса экен, элим-куьним онъса экен, элге моллык болса экен деп, арувды-талувды билмейтаган етекшилердинъ бириси», - дейтаган эдилер.

Магрупп-агайымыз кайтадан курган колхоз табан салган Янъы авыл оьткен ХХ оьмирдинъ 80-90-ншы йылларында Нарбек Аджигайтканов, сонъында Амангельди Мусауров етекшилеген

йылларда ем абзирлевши «Ногай» совхозга айланып, керпиш завод ашып, янғы уйлер салынып, АВМ цехин ашып, 5 мың увак малга беслев майдан курып, тек Ногай районды тувыл, тав районларды да пишен-ем мен канагатлайтаган эди...

Бу баъри байлык та коъз бен кастынъ арасында талакаланды, энди эскеруывге олардынъ табанлары (фундаментлери) калдылар. Ол акта соъзимиз айырым макалада болаяк.

Аър-бир миллет оъзининъ зейинли увылларынынъ, кызларынынъ атларын келеек несил билсин деп, оьмирлерге эстеликли этедилер.

Янғы авыл бугуьнлерде ногай оькиметин туъзген данъклы аьскерши Эдиге-Мырзадынъ атын юритеди. Кыйын йылларда районымыздынъ куьнтувар бетиндеги баъри де колхозларды бирге йыйып, басшы болган Джумаи улы Магруптынъ атын сосы авылдагы ол ашкан школага таксак, бек онғылы болар эди деген ой келип тувады. Соьйтип, районнынъ 75 йыллык мерекесин байрамшылав вакытын йигит увылларымыздынъ, кызларымыздынъ атларын орамларга, авылларга, олар куллык эткен предприятелиерге таксак, эстеликли мемориаллык такталар салсак, олардынъ алдында бугуьнлерде оъз кие борышларымызды толтырмаспыз ба?

Мақаланы баспаға ұсынған:

*Янгурчи АДЖИЕВ, Халықаралық Түркі халықтарының
Конгресі бірлестігінің вице-президенті.*

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ «МЫСАЛДАРЫН» МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНДА ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ

М.Т. СЕЙДАЛИНА,

*№19 орта мектебі қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.*

Астана қаласы

Ахмет Байтұрсынов – қазақ мәдениетінің тарихында үлкен бір дәуірді алып жатқан алып тұлға. Оның тарихи тағылымы мол, тәрбие туралы өзінетәнпрогрессивтік ой-пікірі барұлы ғалым.

1911 жылы Орынборда басылған "Маса" атты жинағы халықты өз тағдыры үшін күреске шақырып, жұртшылықты шырт ұйқысынан оятқан дабылды еңбек -топтама туынды болған. Ахмет қалғыған халқын ең болмаса маса болып шағып оятайын, ойландырайын деген мақсат көздейді. «Масаның» негізгі идеялық қазығы – жұртшылықты оқуға, өнер-білімге шақыру, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу. Ақын халықты қараңғылық, енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерден арылуға шақырды. Ел тағдырының келешегіне аландаулы ақын көп қырлы ісімен, даналық саясатымен қазақ жастарының рухани көсемі болды.

Халық мұрасына үлкен жанашырлықпен қараған Ахмет Байтұрсынұлы «әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, оның адасып кететіндігін» айтты [1].

Сары маса болып ызындаған өзі екенін, Ахмет Байтұрсынов, 1909 жылы Петербургте басылған "Қырық мысал" атты еңбегінде "Малшы мен Мысал" туындысында жасырмай ашық айтады. Онда мынадай шумақ-өлеңдер болған:

Мысалы, қазақ малшы ұйықтап жатқан,

Жыланды пәле дедік аңдып жатқан,

Пәленің түрін көрген мен Сары маса,

Халықты оянсын деп сөзбен шаққан.

Қазақ әдебиетінде Абайдан басталған жаңа арна – мысал жанры Байтұрсыновтың «Қырық мысалымен» орнығып, ұлттық сипат алды. Оның мысалдары әлеуметтік-қоғамдық жағдайды меңзейтін оқиғалардың, адамдар психологиясынан хабардар етегін ғибратты тұжырымдардың молдығымен ерекшеленеді [2].

А.Байтұрсынұлының қазақ әдебиетіндегі орны, аударма мысал өлеңдерінің адамгершілікке, мәдениеттілікке, қарапайымдылыққа, өз бойларына асыл қасиеттерді сіңіре білуге, тәрбиелеуге ықпалы зор екендігіне сенімім мол.

Ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған. Мысалдарда әр түрлі аңдар, әр түрлі адамдар кейпінен хабар беріп, ишара тұжырым жасалады. Кісілердің мінезі, өмір ағысы, тағдыр сабағы, заман қабағына қатысты көптеген жайттарды, әсіресе,

патша отаршыларының зорлық-зомбылығы, жуандардың, байлардың тепкісі, елдің азып-тозуына байланысты сарындарды А.Байтұрсынұлы жұмбақтап, тұспалдап жеткізеді. Кейде ашық, дәл айтылатын ойлар да бар. «Маса», «Қырық мысал» жинағындағы төл және аударма мысалдардың тәлім-тәрбиелік мәнін ашу; «Маса», «Қырық мысал» өлеңдер жинағының ауыз әдебиетімен және өзінен бұрынғы, өз заманындағы шығармаларымен сабақтастығын ашып көрсетті. Мысал-эпостық шығармалардың ішіндегі ең қысқа түрі. Әрқашан сатиралық сипатта болады. Көбіне аң, хайуанат, кейде зат туралы жазылады да, сол арқылы адам бойындағы мін, әлеуметтік ортадағы кемшілік мазаққа айналдырылып, сықақпен сыналады. Идеясы астарсыз, ашық тура, тілі мірдің оғындай өткір, шымшыма, шымыр келеді.

Ал енді «Екі шыбын» мысалын оқып талдайық. Шығармада автордың айтпақ ойы-мақтанға салынбау. Шыбынның образы арқылы адамдардың бойындағы мақтаншақтық қасиеттерді сынайды Оқу-тәрбие мен білім беру жүйесінің даму бағытында Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық және аудармалық еңбектерінің үлесі орасан десек те болады. Ахмет Байтұрсынұлы аудармалары мен мысалдарынан балалар сана-сезімін, ой-қиялын дамытудағы қажеттіліктері мен ерекшеліктерін айқындалған. Ахмет Байтұрсынұлы өзінің аударма шығармаларынан кейін, төл өлеңдерін 1911 жылы тосындау «Маса» деген атпен Орынборда басып шығарады. «Қырық мысалда» жазған «Сары маса – хикая» ақынның кейінгі кітабының атын алып, оның тынымсыз тіршілігі сол кітаптағы бүкіл идеяның алтын тамырына айналады. «Масаның» алғашқы жолдары – «Сөз иесінен» «Қырық мысалдағы» «Малшы мен масаның» жалғасы іспеттес. Аудармада:

Мысалы, қазақ малшы ұйықтап жатқан,
Жыланды бәле делік аңдып баққан.
Бәленің түрін көрген мен – сары маса,
Қазақты оянсын деп сөзбен шаққан,- [1, 63] деп түйіндесе ал, «Масада»:
Ызыңдап, ұшқан мынау біздің маса,
Сап-сары, аяқтары ұзын маса....
Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,
Қаққы жеп қанаттары бұзылғанша.
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,
Қоймастан құлағына ызыңдаса? [1, 87]

Осындағы «Маса» – сергектікті, қозғалыс күйді, серпіліс пен ізденісті меңзейтін астарлы бейне екені көрінеді, ал «ұйықтағандар» – өз халқы, қараңғы қазақ еді. Ал «қаққы жеп қанаттары бұзылғанша» – дегенде ақын өзінің масасын осындай тәуекел жолына ұшырғалы отырғанын әдейі аңғартып өтеді. Бірақ ізгілік жолында құрбандық болмай тұрмайтынын білгендіктен де ол тәуекел артында тапжылмас табандылық барын да жасырмайды. А.Байтұрсынұлының шығармашылығымен танысамыз, әдебиеттің мысал жанры жөнінде сөз қозғап, мысал өлеңнің ерекшелігін айқындаймыз.

Ахмет Байтұрсынұлы еңбексіз, арзан істерді надандықты, мешеулікті, білімсіздікті өткір сынға алған.

Ахмет – үлкен аудармашы. Оның Крыловтан аударған "Арыстан, киік һәм түлкі" деген мысал өлеңін былай тұжырымдайды.

"Кісіге таза жолдас табу қиын,
Көбіне-ақ дос етеді мал мен бұйым,
Досыңнан, дұшпаныңнан бірдей сақтан,

Басыңда Сірә "Ахмет болса миың" - деп, өзіне арнаған. Енді бірде: Ойлама шын достарым мол екен - деп, Сөзіне ере берме жол екен - деп. Досыңды қиын іске қайрап тұрған, Білгейсің шын дұшпаның сол екен -деп, немесе ол "Жұртыма", "Қара бұлтта" деген өлеңдерінде қансып жатқан далаға жауудың орнына, қарабұлттың жауыны, теңізге жаууын орынды сынайды. Жаңбырсыз "Даланы" бейқам жатқан қазақ дейді. Ахмет өлеңі, аудармасы болсын, бәрін қазақ өміріне әкеліп тірейді. Оянар ма екен, сабақ аларма екен, серпілер ме екен деумен болады.

Жүк алды шаян, шортан, аққу бір күн,
Жегіліп тартты үшеуі дүркін-дүркін,
Тартады аққу көкке, шаян кейін,

Жұлқиды суға қарай шортан шіркін,- деп айтқанындай, аудармада мін жоқ, мүдірмей, тұтықпай, есіліп-төгіліп тұр. Ендігі кезең оқырманына қатысты жаңа ой, соны пікір, толғаулы сөзді ақын өз жанынан қосады.

Ал, Ахмет Байтұрсынұлы аудармаларында сюжет сақталғанмен, еркіндік басым, қазақ тұрмысына жаңа идеялар, заман тынысын танытатын жаңа ойлар айтылады. Түп негізі Крыловтан алынған он жолдық "Шымшық пен көгершін" мысалы Ахмет Байтұрсынұлы аудармасында отыз екі

жолдан тұратын жаңа шығарма. “Өгіз бен бақа” орысшада – 17, қазақшада – 36 жол, “Қасқыр мен тырна” орысшада – 19, қазақшада – 76 жол, “Арыстан, киік һәм түлкі” орысшада – 35, қазақшада – 56 жол, “Қасқыр мен қозы” орысшада – 37, қазақшада – 68 жол, “Ағаш” орысшада – 31, қазақшада – 56 жол. Бұл фактілер қазақ ақыны дәстүрлі оқиға, қалыпты бейнелерді ала отырып, ойға ой, суретке сурет қосып, жаңа, ұлттық төл туынды жасағанын көрсетеді. Бұрын емеурін, ишара, мегзеу, астар, мысалмен берілген ойлар “Маса” кітабында ашық, анық, дәлді, нақты айтылады. Мұнда Ахметтің өз басынан кешкен қиын-қыстау күндер, ауыр жолдар, қуғын-сүргін, жетімдік-жоқтық, бірталай өлеңдерге арқау болады; ел тағдыры, халық қамы, бостандық арманы – басты сарын. Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп, Бітпейтін жүрегімде бар бір жарам. Алданып жегеніме оны ұмытсам, Болғандай жегенімнің бәрі қарам, — деген жолдардың нақты өмірлік материалы әкесі Байтұрсынның 15 жылға Сібірге айдалып, қуғын көруі, бала жүректің тілім-тілім жаралануы. “ Жас, өр кеуде, тұяғына тас тимеген шәкірт өмірде талай теперіш көріп, таяқ жеген, дана ұстаз тілін алды дейсіз бе. Ақаң кітабы, ондағы пікір-байлам, ой-тұжырым, жаңалық – табыс туралы айтып та, жазып та жіберген. Жұрт білмей ме, көрмей ме, көрсетпей ме, білген, көрген, көрсеткен. Сонда тұмсығы тасқа тиген шәкіртіне ұстазы айтқан сөз: «Ескерттім ғой, — болмадың. Енді оқасы жоқ. Шыда! Мұндайда еңбек етсең ғана еңсең көтеріледі” [1].

Елдің азып-тозуына байланысты сарындарды Ахмет Байтұрсынов жұмбақтап, тұспалдап жеткізеді, кейде ашық, дәл айтылатын ойлар да бар: Қасқырдың зорлық болды еткен ісі. Ойлаймын оны мақтар шықпас кісі Нашарды талай адам талап жеп жүр Бөріден артық дейміз оның ісін. Алуан-алуан ойға жетелейтін “Қайырымды түлкі”, “Ала қойлар”, “Үлес”, “Қартайған арыстан”, “Өгіз бен бақа”, “Қайыршы мен қыдыр”, “Ат пен есек” мысалдарында әлеуметтік-қоғамдық жағдайларды мегзейтін оқиғалар, адамдар психологиясымен сарындас әуездер, тағылымды, ғибратты тұжырымдар мол орын алған.

Мысалдың тәрбиелік мәні – балаларды бірлікке, ынтымаққа шақыру. Мысалда негізгі ой шығарманың басында немесе аяғында беріледі. Ол түйінді ой арқылы ашылып, айқындалады.

Мысалдарды сахналық қойылым етіп дайындау арқылы да оқушылардың қызығушылығын арттыратынына өте тиімді деп есептейміз. Келешекте А.Байтұрсынов шығармаларын оқушыларға тиімді оқытудың бірден-бірі жолы жаңа технологиялардың әдіс тәсілдерімен жеткізуіне мүмкіндіктер мол. Заманауи технологиялардың түрлі стратегиялары арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында мысалдардың да тақырыптық жағынан ауқымы кең. Жас жеткіншектердің қазіргі өмірдегі түрлі іс-әрекеттерді өткен өмір тарихымен салыстыра отырып, таразыға салар деген ойдамыз. Жаман мен жақсыны, озбырлық пен зұлымдық әрекеттердің ара жігін ажыратып, өздері шешім шығаратын ұрпақ тәрбиелеуге септігін тигізсе игі. Жаһандану заманында түрлі батыстың кейбір өрескел әрекеттерінен жас жеткіншектердің санасын улаған көріністерден сақтандыруға үлесін тигізеді. Сол заманғы кейіпкерлерді, қазіргі кейіпкерлермен орын алмастыра жеткізе білу де мұғалімдердің шеберлігіне байланысты екені сөзсіз. Тіпті, ақынның кез келген аудармалары мен мысалдары сабақ барысында сахналық қойылымдарға тіленіп тұрғандай! Сахналық қойылымдардың оқушылардың сабақты толық меңгеріп, тез есте сақтайтыны педагогика ғылымында дәлелденген. Сонымен қатар қазіргі деңгейлік оқыту бағытында 7 модульдің кезкелген әдіс-тәсіліне салуға келетіні сабақ барысында пайдаланылып келеді [3]. Диалогтік оқыту, зерттеушілік, әңгіме-дебат, рольдік ойындар, сыни тұрғыдан ойлану сияқты әдіс-тәсілдерді қолдану барысында тиімді екені белгілі болды.

Ақынның мысалдары болашақта жас жеткіншектердің есінен мәңгілік орын алып, келешектеріне тәрбиелік мәні зор ұрпақ сабақтастығының жалғасы боларына сеніміміз мол. Алайда, А.Байтұрсынов мысалдарының мектеп бағдарламасында әлі де толықтай кірмегендігі белгілі. Болашақта осы сияқты шығармалары, әсіресе, бастауыш сынып оқулығына көбірек енгізілсе деген ұсынысымыз бар.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. Мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р.Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 454 б.
2. Байтанасова Қ., Айтуғанова С. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2008. – 160 б.
3. Barber, M., Mourhed M. &McMinsey. (2007). Report. How the World’s Best-performing Schools systems Come Out on Top.

ЖОБАЛАЙ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗІ

А.А. СЕЙТПАНОВА,

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты.

Ғылыми жетекшісі: Ғ.А.Түсіпбекова, филология ғылымдарының кандидаты, доцент. Астана қаласы

Жаңа педагогикалық технология мен оқыту технологияларының педагогикалық және дидактикалық тұрғыдан өзіндік ерекшеліктері болады. Педагогикалық технология – педагогтің білім мен тәрбие беру мақсатына жетудегі бірізді әрекетінің жүйесі, педагогикалық жүйенің практикада іске асырылатын жобасы. Педагогикалық технология дегеніміз – педагогикалық қызметтің жемісі мен жеңісіне кепілдік бола алатын қатаң ғылыми түрдегі жобалануы мен практикалық түрде қайта өңделуі [1, 636].

Оқыту технологиясына ғалымдар әр түрлі анықтамалар беріп жүр. Мәселен, К.Волков: "Оқытудың арнайы формаларын, әдістері мен тәсілдерін айқындайтын педагогика-психологиялық нұсқаулардың жиынтығы, педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың әдістемелік аспабы, оқу үдерісін іске асырудың мазмұндық техникасы, практика жүзінде іске асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы" – деп тұжырымдады [2, 356]. Ал ғалым Я. Корчак оқыту технологиясын: "Оқушы мен оқытушыға қолайлы жағдай жасау мақсатында оқу үрдісін жоспарлаудың, ұйымдастырудың, өткізудің ойластырылған моделі, үлгісі" – деп көрсетсе [3], қазақ тіл білімінде бұл жөнінде Н.Құрманова: "Технологиялық әрекет субъектісінің жаңа сапаға көтерілуін қамтамасыз ететін материалдық және рухани құндылықтардың жүйесі, субъектінің осы әрекетті қайта жасауда қолданатын құралы" деген анықтама береді [4, 126].

Бұл анықтамалардан оқыту технологияларының мынадай ерекшеліктерін байқауға болады: оқыту технологиясы білім берудің ойластырылған жобасы, үлгісі, нұсқауы, әдістемелік аспабы, нәтижеге жетудің сипаттамасы.

Сонымен қатар профессор Р.Шаханова: "Педагогикалық технологияны енгізу – оқытушылардың шығармашылық жұмысы нәтижесінде әдістемедік жүйені дамытады, оқытушылар мен студенттердің міндеттері мен құқықтарын орындауды, білім ордасында өзін-өзі ұйымдастырудың құралдары, әдістері, түрлері сияқты өзара байланысты компоненттер кіретін оқу мазмұнын тарату тәсілі" – деп оқыту технологиясын қолдану жөнінде пікірін білдіреді [5, 96].

Осындай жаңа технологиялардың бірі – жобалай оқыту технологиясы. Жобалау – «project» деген латын сөзі. Бұл сөз «жоспарлау, дайындау» сияқты мағынаны немесе жоспардың жүзеге асырылуын білдіреді. Жобалау технологиясы ХІХ ғасырдың 2-ші жартысында АҚШ ауылшаруашылығы мектептерінде пайда болған. Оның негізін қалаған психолог, педагог, философ Джон Дьюи. Дьюидің ілімін жалғастырушы профессор Ульям Херд Килпатриктің ойынша, балаларды өз жұмысының жемісін көруге ынталандыру арқылы үлкен өмірге дайындау – бұл технологияның негізі. "Өзіне көйлек тігіп киген бойжеткенді мысалға алайық. Егер ол кейін өзі киетін көйлегі үшін жанын аямай, ерінбей, аса қызығушылықпен көйлек үлгісін өзі ойлап тауып, өз бетімен өлшеп, пішіп, тігіп кесе – бұл мысал жобалау технологиясының нағыз типтік үлгісі" – деп тұжырымдайды Хилпатрик [6, 506].

Сонымен қатар В.Килпатрик жобалау әдісін "от души выполняемый замысел" деп түсінді. Оның ойынша, жобамен жұмыс істеу 4 кезеңге бөлінеді: ойлану, жоспарлау, орындау және бағалау. Бұл әрекеттердің бәрі де оқытушының қатуынсыз орындалуы тиіс. Сонда ғана оқушы өз әрекетінің нәтижесін көре алады, өзінің неге қабілетті екендігін бағалай алады деген анықтама береді.

Демек, жобалау идеясы, жобалау әдісі ең алдымен жалпы білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарындағы дәстүрлі оқытуға қарсы бағытталған бағдарлама ретінде қарастырылды.

Жоғарыда айтылғандай, жобалау әдісі Еуропада ХХ ғасырдың басында басталғанымен, Қазақстанда білім беру салалары кредиттік жүйеге енгелі қазақ тілі әдістемесінде соңғы жылдары ғана қолданыла бастады.

Жобалай оқыту технологиясының теориялық алғаш негіздеген Ресей ғалымдарынан В.П.Беспалько, В.В.Давыдов, В.К.Дьяченко, Л.В.Занков, П.Я.Гальперин, Н.В. Кузьмина т.б. ғалымдардың теориялық зерттеулерінің нәтижесінде, сонымен қоса Е.Н.Ильина, С.Н.Лысенкова, В.Ф.Шаталов т.с.с. әдіскерлердің практикалық тәжірибелерінің негізінде қарастырылған.

Қазақ тілін оқыту үдерісінде оқыту технологияларын жаңа қырынан қарастырған, оларды тандап, талғап қолданудың ғылыми-әдістемелік мәселелерін арнайы зерттеген жұмыстар қатарында Ф.Оразбаеваның коммуникативтік технологиясын, М.Жанпейісованың модульдік технологиясын, Қ.Қадашеваның жаңғырта оқыту технологиясын, Р.Шаханованың мамандыққа бейімдеп оқыту технологиясын, З.Бейсембаева мен К.Жақсылықованың модульдік технологияларын, Н.Құрманованың дамыта оқыту технологиясын, Н.Оразахынованың сатылай кешенді талдау технологиясын, белсенді оқыту әдістерін зерттеген Ж.Сүлейменова мен Ә.Әлметованың сұхбаттық оқыту технологиясын, А.Жапбаровтың, А.Қыдыршаевтың, Ж.Дәулетбекованың сөз мәдениетін меңгертумен, шешендікті қалыптастырумен байланысты жаңа технологияларға қатысты қағидалары көрсетілген еңбектерін атауға болады. Әйтсе де, бұл зерттеулерде жобалау технологиясы туралы пікірлердің тым аз қамтылғаны, кейде үстірт қана аталып кеткені байқалады.

Жобалау оқыту технологиясы – кредиттік оқу жүйесінің талабына сай, қазақ тілін үйренуге қазіргі заман тұрғысынан қойылып отырған міндеттерге жауап бере алатын, бүгінгі күн үдерісін толық ақтай алатын оқыту жүйесі [4, 39]. Яғни, жобалау оқыту технологиясының негізгі тірегі – өз бетімен белсенді істер атқаратын студенттің өзіндік ізденісіне, олардың өзін-өзі танытуына, танымдық-практикалық қабілеттерін жүзеге асыруына қажетті мүмкіндіктер.

Ш.Д.Абдиева: "жобалау әдісі – студент пен оқытушының бірігіп, белгілі бір мәселені шешуге және қорытынды жасауға негізделген оқу немесе басқа да әрекеттерін айтуға болады" – десе [7, 39б], ғалым А.А.Сатбекова: "жобалау әдісі арқылы қазақ тілін оқыту – студенттердің репродуктивтік оқу әрекеттерін біртіндеп имитациялық әрекеттерге көтере арқылы қазақ тілінің заңдылықтарын және қазақ тілінің бай қорында жинақталған ұлттық мәдени мол мұраны студенттің ішкі құндылықтар жүйесіне енгізудің тиімді жолы" – деп тұжырымдаған [8, 48б].

Яғни, жобалау технологиясын қолданудағы негізгі мақсат – оқушылардың қызығушылық ынтасын дамыту, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру, ақпараттық бағдарлау біліктілігін қалыптастыру және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру арқылы оқушыны болашақта әр түрлі жағдаяттарда, әр түрлі қоғамдық ортада өзін-өзі көрсете білуге бейімдеу.

Жобалау оқыту технологиясы бойынша істелетін жұмыстарға қойылатын талаптар:

а) оқытушы кез келген проблемалық жобаларды қорғау немесе олардың ғылыми шешімдерін, өзіндік дәлелдемелерін жалпыға түсіндіру үшін жобаның сценарийін мынадай құрамда ұсынуы қажет:

- тақырыптың аты;
- қойылатын проблема;
- тақырыпқа сай нақты ұстаным;
- жеке өзіндік көзқарас (пікір);
- қорытындылар мен түйіндемелер.

ә) полемикалық сипатта шешен сөйлетуге бейімдейтін сұрақтар қамтылуы қажет.

б) аудиторияны тартудың тілдік тәсілдерін қамту керек. Мәселен, риторикалық сұрақтарды пайдалану;

в) жоба жұмысында орындаушының тілдік дағдыларын дұрыс қалыптастыруға көңіл аударылуы тиіс [8, 49-51бб].

Ал жобалау оқыту технологиясын қолдануда мынадай талаптар қойылады:

- бірнеше пәннен іргелі білімді талап ететін проблемалардың болуы.
- тұжырым-нәтиженің теориялық, практикалық жағынан студент үшін танымдық маңызының жоғары болуы.
- студенттердің дербес өз бетімен орындауына ыңғайлы болуы.
- жобаның мазмұндық-құрылымдық бөлігін бірнеше кезеңге бөліп қарастыру.
- зерттеу әдістерін әрекет деңгейіне қарай бірізді қолдану [7, 44б].

Сонымен жоба, жобалау оқыту белгілі бір нысанның мазмұнын өзгерту, оны жетілдіру, толықтыру бағытындағы ниет, түпкі ой, жоспарды іске асырудағы әрекет болып табылады.

Демек, жобалау оқыту технологиясы – өнімді оқыту идеясын практикалық тұрғыдан жүзеге асыратын оқытудың бір бағыты, нұсқасы, әдісі, тәсілі. Оның басты ерекшелігі маманның біліктілік құзыретілігі өзінің өнімді әрекетінің, тәжірибесінің, ізденуінің негізінде қалыптасуы.

Ж.Дәулетбекова жобалау технологиясының кешенділік сипатын: "Бұл технологияда білім алушының шығармашылық-зерттеушілік, әрекеттік, танымдық, креативтік, мәдени қатынас қабілеттерін қатыр дамытуға мүмкіндік туады", - деп көрсетеді [9, 52б].

Жобалау әдісі арқылы оқыту жүйесінде студенттің өз бетімен жұмыс жасау қабілеті жетіледі, ұштала түседі. Қазіргі білім берудің басты талабы – студентті өз бетімен білімін толықтыруға, ізденуге үйрету. Бұл әдіс дидактикалық міндеттерді шешудің амалы.

Сондай-ақ жобалау оқыту технологиясының болмысы туралы Ә.Әлметова докторлық зерттеу жұмысында мынадай сипаттама береді: "... Жобалау әдісінің тиімділігі – студенттерді шығармашылықпен жұмыс істей білуге жұмылдыра алатындығы. Жобалау әдісі әрбір студентті белсенді танымдық әрекетке жұмылдырады, бірлесіп, ынтымақтасып жұмыс істеуге үйретеді. Студенттер жобаны орындау барысында әрқайсысының өзіне тапсырылған жұмысты тиянақты орындауы жалпы жобаның сәтті аяқталуының кілті екенін түсінеді" [10, 66б].

Демек, қазақ тілін оқыту технологияларын қолдану арқылы студенттер білімінің сапасын көтеру үдерісі – оқыту технологияларының сапасын, студенттердің сол технология бойынша қазақ тілінен алған білімінің сапасын, қазақ тілін үйретуші оқытушылардың шығармашылық жұмысының сапасын, қазақ тілін үйрету әдістерінің сапасын танытатын, анықтайтын ерекше дидактикалық үдеріс. Қазақ тілін жобалау оқыту технологиясының сапасы оның қол жеткізілетін түпкі нәтижесі арқылы өлшенеді.

Қорыта айтқанда, жобалар әдісі – қандай да бір түрде безендірілген, нақты, айтарлықтай тәжірибелік нәтижемен аяқталуы тиіс мәселені толық өңдеу арқылы дидактикалық мақсаттарға жетудің тәсілі болып табылады. Жобалау оқыту технологиясын қолданатын педагогикалық үдерістегі – оқу қызметтері, оқыту әдістері мен тәсілдері, оқытудың формасы мен техникалық құралдары тілдің лингвистикалық негіздерімен байланыста қаралады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әбдікәрім Т.М. Магистранттарға қазақ тілін жобалау оқыту технологиясының әдістемелік негізі // ЕҰУ Хабаршысы. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. №3 (88), 2012, 63-66бб.
2. Волков К.Н. Современные методические разработки в педагогике США. –М.: Педагогика, 1977. –64 с
3. Корчак Я. Педагогическое наследие. –М.: Педагогика, 1990.
4. Құрманова Н. Қазақтілін дамыта оқыту технологиясы. –Астана, 2007.
5. Шаханова Р. Техникалық ЖОО-ның орыс бөлімдерінде қазақтіліноқыту әдістемесі. – Алматы: Ғылым, 2001. –164 б.
6. Пахомава Н.Ю. Проектное обучение – что это?// Методист. №1, 2004, 50-54с.
7. Абдиева Ш.Д. Жобалау әдісін қолдану арқылы студенттердің тіл үйренуге деген белсенділігі мен қызығушылығын арттыру // Қазақ тілі мен әдебиеті. №3, 2010, 39-43бб.
8. Сатбекова А.А. Қазақ тілін жобалау әдісі арқылы оқыту жүйесінің дидактикалық ұстанымдары // Білім – Образование. №3 (27), 2006, 48-52бб.
9. Дәулетбекова Ж.Т. Жалпы білім беретін орта мектептерде қазақ тілінен сөз мәдениетін оқыту. – Алматы, 2010.
10. Әлметова Ә. Қазақ тілі сабағында студенттердің сұхбаттық тілдесім мәдениетін қалыптастыру. – Алматы, 2009.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ӨМІРШЕҢДІГІ ТУРАСЫНДА

З.Ж.САДЫҚОВА,

*№48 мектеп-лицейінің директоры
Астана қаласы.*

Құрметті конференцияға келген қонақтар, құрметті әріптестер! Бұрын да Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде жыл сайын «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» аясында ұлт руханиятының түрлі мәселелерін көтеріп келе жатқан осы дәстүрлі конференцияны біздің, яғни Астана қаласы №48 мектеп-лицейінің ұжымы бірлесіп өткізіп жатырмызға биыл міне үшінші жыл. Конференцияға әр елден қатысып жатқан қонақтар, айтылып жатқан ғылыми ойлар біз үшін өте маңызды. Әсіресе қазіргі ақпарат заманындағы білім мен ғылымның, соның ішінде білім беру әдістемесінің бағыт бағдарын айқындаудамұндай жиынның орны үлкен екенінайтпа кетуді ең бірінші міндет санаймыз.

Осы конференцияны ұйымдастыру жұмыстары арқылы біз университет ұжымымен жақындастық. Мектептің жанынан қазақ тіл білімі кафедрасының филиалы ашылып, жұмыс істеп

жатыр. Оқушыларымыздың ғылыми жобалар дайындауда бағыт-бағдар алуына жаңа мүмкіндіктер туды, яғни қысқаша тұжырымдап айтар болсақ біз ұлы Аханның, яғни Ахмет Байтұрсынұлы есімінің айналасына топтасып жатырмыз. Оның есімінде қасиет бар, олай дейтін себебіміз бүгінде өзі өмірден өтсе де, біздің білесіп орындауға тиіс жұмыстарымыздың ұйытқысына айналды. «Ұлт ұстазы» атанған ұлы тұлғаның еңбектері халқымен бірге жасай беретіндігінің бұл бір көрсеткіші.

Мектеп ұжымы үшін А.Байтұрсынұлы ең бірінші әдістемелік еңбектерімен қымбат. Ғылым мен білімді игерудің қолжетімділігі төмен сол кезде ұлты үшін аса қажетті оқулықтар дайындап, қазіргі кезде де құндылығы аса жоғары әдістемелік дүниелер қалдырды, оны біз әр қырынан зерделеуіміз керек. А.Байтұрсынұлының ұлылығы қандай істі қолға алса да жаратылысын, түпкі негізін басшылыққа ала отырып тануға, соны бүлдіріп алмауға әрекет етті, білім адамдарын осыған шақырды. Әуелі табиғат пен адам арасындағы байланыс пен ерекшелік жөніндегі ойларына қысқаша тоқтала кетелік. Ол «Әдебиет танытқыш» еңбегінің «Аңдатуында» табиғат пен адам ісі туралы былай деп жазды: «Біз анық көріп, сезіп, біліп тұрған айналамыздағы нәрселердің бәрі не табиғат ісінен шыққан *жаратынды нәрсе*, не адам ісінен шыққан *жасалынды нәрсе*. Орман, теңіз, тау, тас, өзен, бұлақ – бұлар табиғат ісінен шыққанжаратынды нәрселер; үй, кірпіш, бакша, арық, құдық –бұлар адам ісінен шыққан жасалынды нәрселер. Табиғат ісінен шыққан жаратынды нәрселер табиғат дүниесі болады. Адам ісінен шыққан жасалынды нәрселердің бәрі өнер дүниесі болады, өйткені жасалынды нәрселердің істеліп шығуына адам ақылы, әдіс-амалы, шеберлігі, өнер күші кіріскен» (*Әдебиет танытқыш*). Білім беру әдістемесінде басты бағытты айқындау негізгі мәселе болып табылады. Осы ойлардан келіп табиғат пен адам арасындағы байланыс шығады. Табиғат дүниесі әуелден бар, адам өзінің өнері арқылы соны игереді, игілігіне пайдаланады. Табиғатты күн көру ісіне пайдалану«жан сақтау» үшін, ал оның бейнесін көшіру, көркем дүниелер жасау «жан қоштау» керегінен шыққан нәрселер деп көрсетеді. Бұл орайда ол өнер дүниесінің түпкі негізін түсініп алу керектігін назарға салады. Рухният дүниесіне туған тіл де жатады. Тілді таңбалау мәселесінде де, яғни әліпби түзу ісінде де ол тіл табиғаты мен адамның қолынан жасалатын әліпбидің арақатысына мән береді. «Шөнкі дұрыс пен қатені, қисық пен түзуді айыруға жаратқан көкіректе көз бар. Қате қайда, дұрыс қайда – қаралық. Дұрыс емле мен қате емлені айыруға менің ойымша бұлай қарау керек шығар деймін:тіл табиғатына қарай емлені ыңғайлау ма? Жоқ, емле түріне қарай тілді ыңғайлау ма?... Тілдің табиғатына қарамай зорлап, емлеге таңыпбайласақ, қытай қатындарының аяғы болып шығады (*Қазақша сөз жазушыларға*)». Ахмет Байтұрсынұлы тек әдіскер емес, сол әдістеме үшін қажетті материалдарды негізінен өзі дайындаған жазушы, ақын әрі ғалым – әмбебап тұлға, сондықтан жазғандарының бәрі ойға қонымды, қисынды, баршаға түсінікті. Өміршендігінің бір сыры да осында.

Табиғат дүниесі мен адам дүниесінің жаратылыстық сырлары мен арақатысының және оны игерудің тиімді тәсілдерінің өзара байланысын кешенді түрде қарастыра отырып, кейінгінің қажетіне ұсынады. Бұл орайда бірінші кезекте ғылым тауып мақтанудан гөрі, «ұлтқа қызмет ету» мәселесін бірінші орынға қойғаны байқалады. Осы жолда барын салып, сол тұстағы жағдайды ескере отырып, қазақ оқулығын дайындады. Тіл білімі саласы бойынша ғылыми-зерттеулер жүргізіп, оны оқулыққа арақау етті. Осындағы тілдік категорияларға қарай топтастырып, жүйелеулер тұңғыш рет ғалымның қаламынан туды. Оқулықтың ғылыми жаңалығы өз алдына үлкен мәселе, қазақ әліпбиін қалыптастыру бағытындағы ізденістер мен көзқарастардың бір тоқтамға келіп, орныға алмай жатқан тұсында дұрыс әліпби таңдау да белгілі дәрежеде әдістемемен қатысы мәселе еді. Ахмет Байтұрсынұлы «Қай әдіс жақсы?» дейтін мақаласында әлемдегі жазуы дамыған елдердің тәжірибесін мысалған келтіре отырып, ондағы тіл дыбыстары мен таңбалау жүйесінің арасындағы алшақтықтарды және олардың себебін тамаша түсіндіріп береді. Солардың ішінде қазақ, қырғыз тілдерінің өзіндік ерекшелігіне тоқталып, қалай дыбысталса, солай жазылуы керек дейтін принцип ұсынады: «Сақал» деп жазып, «сақал» деп оқитын, «тырма» деп жазып, «тырма» деп оқитын дыбысша емлесі бар жұрттар дыбысты әдісті қолданып отыр. Мәселен, италиян жұрты(*Қай әдіс жақсы?*)».

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің дыбыстарын жүйелеп, «Оқу құралы (қазақша алифба)» және «Сауат ашқышты(дыбыс әдіс жолымен тәртіптелген қазақша әліпби)» дайындап ұсынды.Ол таңбалаған дыбыстардың дәл анықталғаны сонша, қазірге дейін бұл принцип, қазақ тілі фонетикасының ғылыми негізі ретінде сақталып келеді. Кейінгі латын жазуы да, артынан қабылданған кирилл қаріптері де ол реформалаған араб жазуын басшылыққа алғаны шындық. Сөйтіп, қазақ тілі дыбыстарын жүйелеу арқылы қазақтың өзіне тән дербес үнін таңбалап беріп, ұлттық болмысының тұғырын нығайта түсті. Дыбыстар жүйесінің зерттелуін ғылыми негіз ретінде қарастырғанымызбен, оның жұртшылыққа түсініктілігін, тез үйренуге ыңғайлап дайындалғандығы өз алдына жеке қарастыруды талап етеді. Сол тұста дамыған елдерде жасалған әліпбидің ыңғайына

бейімделген, жазылуы мен айтылуының арасында алшақтығы бар, кедергісі көп әліпбидің қолданысқа түсіп кету қаупі де жоқ емес еді. Ілгеріде атап өткеніміздей, Ахмет Байтұрсынұлының не нәрсенің болсын жаратылу заңдары мен төл табиғатына жете мән беретін қырағылығы осы орайда қазақ тіліне төнген үлкен қауіптің алдын алды. Ұлттық негізі қаланған әліпбиге Ахаңнан кейін келген кейбір ықпалдардың салдарын жою керектігі туралы кейбір сұрақтар қазіргі кезде де күн тәртібіне қойылып жүргенін білеміз.

Оқу құралдарын дайындай жүріп, оны қалай енгізудің де жолдарын терең зерделеді. Оның тиімді тәсілдерін ойластырып, бас-аяғын шамалады: «Әуелі бала оқытатын кітаптарымызды түзеп, сайлап алып, сонан соң неден бастап, неге шейін оқытатынымызға жосық белгілеуге дұрыс», – деп істі жүйелеудің, қалай жоспарлаудың жолын атап өтеді. Белгілі тіл ғалымы Р.Сыздық А.Байтұрсынұлы шығармаларының үшінші томына жазған алғы сөзінде «Ұлт ұстазының» білім беру ісін дамытуға бағытталған жұмыстарын жан-жақты талдайды, мамандарды таңдау, саралау және білім ісіне қаржы жинаудың, жергілікті оқу бөлімдерімен «договорлар» жасаудың ресми шешімін іздеу, құқықтық жүйесін реттеу туралы ойларына арнайы тоқталады [1, 10-11 б.]. Р.Сыздықтың бұл мәселеге арнайы назар аударуында да өзіндік мән болса керек. Әрі ғалым, әрі әдіскер, айтылған сөзі мен ісі қатар жүретін, яғни идеяларын жүзеге асыру барысында тынымсыз еңбектеніп, басын бәйгеге тіккен қайраткерлік қасиеті Ахаңның ұлылығын айғақтай түседі.

«Тіл – құрал» болып жарық көрген үш кітаптан тұратын еңбегінде *дағдыландыру* мен *сынауға* баса мән береді, осы екі талапты басшылыққа алуға мақсат – тілдің табиғатын танудың практикалық жағын алдыңғы қатарға қою болса керек. «Дағды» қазіргі ұлттық педагогикадағымаңызды мәселе ретінде белгілі. Оған мынандай анықтама беріледі: «Дағды – автоматтытүрде жасауға дейін жеткізілген әрекет; көп рет қайталау жолымен қалыптасады. Адам әрекетінің қай-қайсысында да ерекше маңызды орын алады. Дағдының арқасында біздің санамыз қызметтің түпкілікті, шешуші кезеңдеріне жұмылдырылып табысты болуын қамтамасыз етеді. Қайталаулардың нәтижесінде пайда болған және оның саналы қадағалауының қысқартылуымен сипатталатын жеке әрекеттер — операцияларды орындаудың таптаурын тәсілі», —деп көрсетіледі педагогикалық еңбектерде [2]. Дағдыға баса назар аудару да ұлы ғалымныңкөрегендігінің бір көрсеткіші. Ол дайындаған оқулықтардың күні бүгінге дейін маңыздылығы артпаса, кеміген жоқ. Білім беру ісіндегі қай мәселені көтерсек те, А.Байтұрсынұлынан алыс кете алмай жататынымыз сондықтан.

Уақыт өзгерді, заман талаптары өткен ғасырдың басынан бері әлденеше құбылды, алдағы уақытта да оның тұрақты болары белгісіз. Қазіргі кезде әлемдік білім жүйесінде көптеген ортақ құндылықтар қалыптасты. Жаһанданудың алапат қарқыны ұсақ елдердің өзін-өзі тануына мүмкіндік бермеген қалпы алға қарай жылжып келеді. Осындайда басты бағытымызды айқындар темірқазығымызды іздемей тұра алмаймыз. Ұлттық болмыстың негізгі тұғыры білім беру ісінде, өйткені жас өскіндердің адами болмысы қалыптасатын кез – негізгі тағдыр шешетін тұс – бұл мектеп жасы. Егер мектеп жасынан өткізіп алсақ, мәселе күрделене бермек. Тағдыр шешу дегеніміз жеке адамдардың ғана емес, ұлттық қоғамның болашақ бейнесі осы кезде қалыптасады. Ұлттық тілі мен дәстүрінен шет қалған жастардың ертең өзі жетік емес істі жетілдіретіні күмәнді. Бізге керегі қай салада жүрсе де, әрбір ісінен ұлттың исі аңқып тұратын ұрпақ. Өткен ғасыр басындағы «Алаш» зиялыларының оқу ісін жолға қоюға баса назар аударуының осындай себептері болатын. Қазақ балысының оқусыз, білімді меңгермегендігінен көп жағдайда өзгелерге есесі кетіпжүргені айтылады олардың еңбектерінде. Бүгінгі таңда да бұл мәселе өзекті күйінде қалып отыр.

Заман талабы өзгерді дегенімізбен, ұлы Ахмет Байтұрсынұлының артында туған халқымен бірге жасай беретін білім беру әдістемесі қалды. Әдістеменің өміршең болатын себебі ол ұлттық болмыстың қалыбына құйылған. Ғасырлар бойы өмір тәжірибесі мен мәдени көзқарастарының негізінде қалыптасқан ұлттың тіл мен дәстүрін өзгеріссіз көшіріп, жаңа заманның машинасына мінгізді және екеуінің арасын тамаша үйлестіре білді. Қазіргі білім жүйесінде Ахмет Байтұрсынұлы орнықтырған әдістемені пайдалану алдымызда тұрған міндет.

Әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», - 2013. Т. III: – 384 бет.
2. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: педагогика. – Павлодар: "ЭКО" ҒӨФ., 2006. – 482 бет

"БАЙТҰРСЫН ӘДІСІМЕН" (АБАЙ, ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫ ӘЛЕМІНДЕ ЕСІМ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ КОНЦЕПТІЛЕРНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ).

Г. Қ. ТӨЛЕКОВА

*«Тұран» университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты.
Алматы қаласы*

Аннотация

В статье рассматриваются особенности выражение понятий и суждений именных словосочитаний в произведениях Абая, Шакарима

Abstract

This article is devoted to A.Baitursynov's approach to the concepts in Abay's and Shakarym's poems.

Тірексөздер: ойқорытындысы, пайымдау, болжау, сөзтіркесі, ар, еңбек.

Ахмет Байтұрсыновтың: "Тіл–адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі"[1,75], – дегені қазіргі тіл ғылымында тілдің «қарым-қатынастың аса маңызды құралы болу» қызметімен қатар дүниетаным құралы болу қызметіне ерекше назар аударылған кезіне сай келіп отыр, өйткені адамзаттың ойлауымен байланысты саналы әрекетінің нәтижесінде жинақталған дүние – әлем туралы білім қоры әр ұлттың өзіне тән мінез-құлық, жан-дүниесі, психологиясынан хабар беруіне негіз болады. Осы тұрғыдан Абай, Шәкәрім шығармаларындағы есім сөз тіркестерінен туындайтын қатысымдық семантика ұлттық тілдік бейнені құрайды.

Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» атты ғылыми-теориялық еңбегі ұлттық әдебиеттанудың негізгі ұстанымдары мен тұжырымдарын әлемдік контексте ХХ ғасыр басында тұңғыш қарастырған ғалым ретінде танылды. Бүгінгі ұрапқа әрі ғылыми тұрғыда негіздеген өміршен құндылықтар сыйлады.

Абай мен Шәкәрім шығармаларында халықтық рухты пайымдауға құрал болатын тілдік құрылымдар, сөз тіркестері өте мол. Олардың адам санасындағы ой қорытындыны есім сөз тіркестері арқылы берілуін, оның танымдық тілдік табиғатын ашу зерттеудің өзектілігін көрсететіні анық. Сөз тіркестері құрылымындағы семантикалық даму бағытын айқындауға негіз болатын алғышарттардың бірі – қатысымдық үдеріс. Сөз тіркестеріндегі мағыналық, құрылымдық өзгерісті Абай, Шәкәрім шығармаларының материалы негізінде қарастыру олардың мақсатты түрдегі жұмсалуды, тек семантикалық мәселелерді шешуге емес, лингвистикалық семантика мәселелеріне бағытталғандығын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл бүгінгі қоғамдық өркениеттің өзектілігіне өріс алатын факторлардың біріне айналған. Олай дейтініміз, сөз тіркестері құрамынан туатын қатысымдық мағына тілдік және тілден тыс ақпараттық білім жиынтығын құрап, сөз тіркесі семантикасының функционалдық қызметін саралауға негіз болып табылады.

Абай мен Шәкәрім шығармаларын меңгертуде ой қорытындысына жету үшін дұрыс ойлау, пайымдау, болжау, түсінікті мысалдарды қарау, айырықша еңбекті қажет ететін мына жайттарды ескерген дұрыс деп қарастырамыз. Ахмет Байтұрсынов "Әдебиет танытқышта" дамытуға мынадай анықтама береді: пікірінді сөйлегенде, алдыңғы сөзіңнен артқы сөзіңнің қуаты асып отырса, дамыту болады. Олай болса, осы қағидатты негізге ала отырып, таным мен жадыны бірге үнемі бақылауды ескеру. 1. Абай мен Шәкәрім шығармаларын меңгеруде студенттің танымдық дүниесі қалай қалыптасқан? 2. Абай мен Шәкәрім туралы игерілген материалдар кеңінен жадында сақтауға дағдыланған ба? 3. Шығармаға төселген бе? 4. Мысалдарды тілдік фактілерге сүйене отырып, есімдерден келген сөз тіркестер мен етістіктен келген сөз тіркестерін таным тұрғысынан аңғара ала ма? 5. Адамгершілік, имандылық, ар, еңбек коцептілерін қарастыруға пайымдау жеткілікті ме? 6. Тілдік бірліктердің құрылымына ой қорыту қалай жүзеге асады?

Жоғарыда аталғандар психология негізінде мидың қабығында сақталады. Себебі бұл туралы мағлұматты студенттің жадында отбасы мен мектеп кездерінен миға ақпараттар жүктелген. Ол жүктелген ақпарат қайта жаңғырып толықтыруға ие болады. Бұл жерде меніңше, ұйымдастыруды ұтымды пайдаланумен қатар, әрине оқытушы мен студенттің арасындағы тығыз байланыс осы жерде маңызын табады және шыдамдылықты қажет етумен бірге әр тапсырма студенттің қабілетін айқындай түседі, студент өз бетімен ғылыми жұмыстар жасауға бағытталады. Себебі әрекет дұрыс ойлауға негізделеді. Ал ойлаудың тілсіз өмір сүре алмайтындығы сияқты, тілдің де ойлаусыз мүмкін еместігін шешендер сөзіндегі даналық ойлар да дәлелдейді.

Даналық сөздер дұрыс ойлау мәдениетінен туындайды. «Даналық ең абзал нәрселерді мейлінше жақсы танып білу деген сөз ғой. Ал өз мәнін ақылмен пайымдауға және білуге қабілетті болса, онда ол ең абзал нәрселерді мейлінше жақсы танып біледі» [2,75]. Жүйелі логика бар жерде жүйелі түсінік қалыптасады. Таным теориясында тіл мен логиканың байланысын былайша түсіндіреді: «Точно так же не вызывает сомнения, что логика в качестве руководства к правильным суждениям оказывает влияние и на языковое выражение (и в особенности выражение понятий и суждений) и тем самым представляет место для определенных описательно-семасиологических соображений» [3, 8]. Тіл мен ойлаудың өзара байланысы ұғымдар арқылы жүзеге асады, Ал ұғымның пайда болуы санада өтетін пайымдау әрекетінің нәтижесі. Пайымдау арқылы логика ғылымы ой қорытындыларын жасайды. Ой қорыту білім алуда қолданылатын ойлау заңдарын зерттейді. "Әдебиет танытқыштың" бірінші бөлімінде сөз өнері ғылым, шығарма түрінің ғылымы деп екіге бөліп қарастырады. Тіл өңі жағынан тіл я лұғат қисыны деп, мазмұн жағынан қара сөз жүйесі, дарынды сөз жүйесі деп екіге бөледі. Бұл жерде автор сөз өнерін үй қалау өнерімен өте қисынды салыстыра көрсетеді, сөз талғау орында шығарма тілі екі түрлі болады, олар - бірінші ақын тілі, екіншісі әншейін тіл. Көркем сөз өнерінің ақылға, қиялға, көңілге әсерін анықтап алып, ұғыну, тану, ойлау, ұқсату, бейнелеу, суреттеу, түйю, талғаудың айырмасын анықтап, әуездеу, әліптеу, пайымдау деп үшке бөледі. Сөйте отырып, Абай, Шәкәрім өлеңдерін мысалға алады. Міне, бұл нағыз әдіс емес пе? Осы әдісті жете "Байтұрсын әдісімен меңгерту" деп неге дағдыға айналдырмасқа?

Байтұрсын тілімен айтқанда, ақын тілі, осы пікірге ай келеді, демек, сөзтіркестері тұрған орнына қарай байланысқанда, әрбір анықтауыштық тіркес фразалық (ритмикалық) бір екпінге бағынып, екпін жағынан бір түйдек болып тұрады [4, 156]. Мысалы, *Ел бұзуға ойлаған бұл айласы,.... Оңдыра ма сәулесіз өңкей масы. Ар сүймейтін бір ісі, ... Ер бұзатын ерсі істі өшіртпеске, Дарға асып, таспен атқан өз ағасы. ... Жесір қалған келінін Қодар алып, Қылмайтын істі қылған құдай құлы* (Шәкәрім. «Қодардың өлімі»). Бұл жерде басыңқы компонентте келген *іс* сөзіне зер салып қарасақ, қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде 1. *Іс* . - тура мағынасы. Жұмыс, қызмет, шаруа. *Олар іс жайын сөз етіп ұзақ отырды.* (Нәбиев) 2. Ауыс мағынасында *Қылмысты іс қозғады.* (Тоғысбаев.) Жалпы 22 мысал келтірілген [5. 765б]. Шәкәрімнің *Ар сүймейтін бір ісі, ... Ер бұзатын ерсі істі деген* сөз орамдары психологиялық сарынды беретін бұл есім тіркестері қазақ ұлттының бойындағы ар білімін оятатын, оны қастерлеп ұстайтын, болашақ ұлттың былғанбауын үндейтін, өзіне құрмет деп санайтын менталитеттің мықты дінгегін, нәпсісін тыйюға, дәстүрді сақтауға осыншалы салмақты аталы сөздердің бір ритмикалық екпінмен түйдектеліп келуі ұлттық мінез-құлықты көрсетеді.

Абай мен Шәкәрім шығармаларында ақылды, парасатты, зейінді, есті, ғашық жанның бейнесін бір ғана жүрек сөзінің сөз тіркесінің басыңқы сыңарларында келіп, бағыныңқы сыңарының есімді, етістікті, ортақ басыңқы сыңарлы сөз тіркестерінің келуімен жырға қосады: *Алла деген сөз жеңіл, Аллаға ауыз жол емес. Ынталы жүрек, шын көңіл, Өзгесі хаққа қол емес.* (Абай Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы. 1-2 том. 1954ж.). Бұл адам баласының ақыл парасаты мен өмірден көрген оны сезе білген, сезіне білудің нәтижесінің жемісі. Философиялық тұрғыдан адам өзін-өзі игеріп, жеңуі, және дел-салдық дәрежеге түсуі ақиқат. Жүрек – ішкі дүниенің күші. Рас, жүрек күші арқылы өмірдің барлық сәттері мен барлық амал-әрекеттерін құрастыратын қару іспеттес.

Ғылым - білім концептісі. Ғылым – Алланың бір сипаты, ол хақиқат оған ғашықтық өзі де хақлық. Һәм адамдық дүр. Болмаса мал таппақ, ғиззат-хұрмет таппақ секілді нәрселердің махаббаты бірлән ғылым-білімнің хақиқаты табылмайды (Абай. Отыз сегізінші қарасөзі.). Демек, өмірден адамға қажетті нәрсенің бұлағы тек білімде жатқандығын, мал мақтан, ғиззат-хұрмет адамды өзі де таппаса, адамды бұзбайтын Һәм көрік білім болу керектігін айтады. Бұдан *білім – адамның көркі* деген ойтүйін жасауға болады. Ғылым-білім махаббаттан тауады. Махаббат әуелі адамның адамдығы, ғақыл, ғылым деген нәрселер бірлән. *Талап* махаббаттан туады. Білім-ғылымды әуел бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпен, яки алдаумен үйрену қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша. Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады. (Абай. Отыз сегізінші қарасөзі).

Ақын Абай мен Шәкәрім шығармаларында «жүрек» концептісінің қолданыс аясы күрделі танымдық бірліктердің қатарынан орын алары сөзсіз. Біреудің кісі өлсе, қаралы ол, *Қаза көрген*

жүрегі жаралы – ол Көзінің жасын тыймай жүріп, Зарланып неге ән салады ол? (Абай. «Біреудің кісі өлсе, қара ол»). Берілгенесімді басыңқылы сыңарлы сөз тіркесінде қапаланып, қайғы жұтқан адамның зарланып, мұңданған күйі танылады. Сол сәттегі адам баласының жай-күйі бүкіл көз алдыңызға елестеп, қан жұтып отырған, қара жамылып отырған адамның жүрегі екендігін Абайдың өлең жолдары айқын көрсетіп тұр. Бұл жерде жүректің сан түрлі күйде бола алатындығымен қатар, кей жағдайда жүректің «қаза көрген жүрек» те болатындығын танытады. Қаза көрген жүрек әдеттегі жүректен ерекшеліу, өйткені ол бар даусымен айғай салып, зарланып жоқтау айта алуымен де, сондай-ақ іштей күйзеліп, күңірене отырып, зарланатын жүрек те бола алады. Сөз айта алмай бөгеліп, *Дүрсіл қағып жүрегі*. Тұрмап па еді сүйеніп, Тамаққа кіріп иегі? (Шәкәрім. «Жиырма үш жасымда»), – деген өлең жолдарында ақын енді басқа жүректі жырлайды. Бұл тіркестегі жүрек алдындағы келтірген мысалдағы жүректен мүлдем басқа. «Қаза көрген жүрек» адам басына қайғы түскен кездегі жүректі сипаттаса, ал «*Дүрсіл қаққан жүрек*» – ғашықтықтың, албырт сезімнің көрінісі. Ғашықтыққа толы бойжеткеннің сөз айта алмай, ұялуы, «махаббат» сынды ұлы сезімнің әсерінен дірілдеген, күйіп-жанған адам психикасының ақиқатын, жүрегінің қатты соғып, сезімге бой алдыруын білдіреді.... Сұлулығын қояйын, мінезі артық, Ақылды, *асыл жүрек*, сөзі майда (Шәкәрім. «Жиырма үш жасымда»). Есімді сөз тіркесі – *асыл жүрек*. Ақын өзінің асыл жүректі ғашық жанның өлеңге қоса отырып, «асыл» сөзінің бойына келбеттің сұлулығын ғана емес, инабаттылық, ибалы жанның рухын, «жаны сұлудың ақылы да сұлу» деген сабырлылығын, жалпы айтқанда мінезге бай екендігін сыйғызып тұр. Қыз баланың бойында осындай қасиеттің бола білуі оның тәрбиелілігін, ақылдылығы мен парасаттылығын қоса білдіріп тұр. Бүгінгі заманы озық, ақпараттың алакөзденген ала заманында қыз бала тәрбиесіне, бүгінгі ұрпақ мәселесіне ықпалы да өте зор. Қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын, Бірінің бірі шапшаң ұқпас сөзін. Көздің жасын *жүректің қаныменен*, Ерітуге болмайды іште мұзын (Абай Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы. 1-2 том. 1954ж.). Жүректің қаны – есімді тіркес. «Жүрек» сөзі басыңқы компонентте емес, бағыныңқы компонентте орналасқан. Алайда жүрек концептісін толық ашу жолында ара-кідік бағыныңқы сыңарда келген сөз тіркестерін де мысалға алып отырдық. Қазақтың сөзге үйір келетіндігін, одан кейін сол сөзге еретіндігін, айтылған әңгімеге құмартып, артынша сол сөздің «тайға таңба басқандай» әсері жүректі қозғамай қоймайтындығы, көзден ағар жастың бүкіл адамның ет жүрегіне әсер етпей қоймайтыны, «Сөз сүйектен, таяқ еттен» өтіп, ақыр аяғында жүректің қан жылайтындығы ақын өлең жолдарында нақты берілген. Жоғарыдағы жүректерден бұл «жүректің» ерекшелігі ащы сөздің адам жүрегін тіліп түсіп, қан жылататындығын танытады. Яғни, жүректің тағы бір қыры, бір ерекшелігі бар екендігін бейнелеуге тырысады. Қан жылаған жүрек бұл жерде жаралы жүрек деген мағынаны білдіреді.

Ол дәурен өмір емес, бір көрген түс, Ойға тойма, қызықты қиялдан күс. Қарашы, өн бойыңа түгел ме екен, *Ыстық жүрек*, өң-шырай, қуат пен күш? (Абай. «Ол дәурен өмір емес, бір көрген түс»).

Бұл өлең жолдарындағы *ыстық жүрек* есімді басыңқы сыңарлы сөз тіркесі адам бойындағы жастықты, қарулылықты, бұлқынған, тасынған сезімді, жігерлілікті білдіреді. Сонымен қоса, есейген шақта өткен өміріне есеп бере отырып, бойда бар ыстық жүректі, қуат пен күшті білім мен ғылымға жұмсау қажеттігін ескертеді. Сөйтіп данышпан Абай жастарға өмір тез-ақ өтіп кетеді, сондықтан күш-қайратың барда білім ал, еңбек ет, еліңе пайда әкел деген өсиетті қоса білдіреді. *Сылдырлап өңкей келісібұлақтың суындай, Кірлеген жүрек өзі ішін, Тұра алмас әсте жуынбай, Ызалы жүрек, долы қол, Улы сия, ащы тіл, Не жазып кетсе, жай ол, Жек көрсеңдер өзің біл* (Абай. «Адамның кейбір кездері»). Абайдың өлеңінде жүрек сөзімен «кірлеген», «ызалы» сын есімдері тіркесіп есімді сөз тіркесін жасап отыр. Кейінгі ұрпақтың алдыңғы арманға шарық ұрар сәтіне өсиетін жазып кеткен Абайдың ызалы жүрегі адам жанын ауыртар ащы шындықты жазады. Абайдың ойынша, жүрек белгілі бір жағдаяттарға, оқиғаларға сәйкес кірлеуі, мұң басуы, мүмкін. Алайда ол уақытша. Оны қайта жуып, тазартуға болады. Сонымен бірге, көріп тұрған келеңсіздіктер болса, ызалы жүрекпен ашына отырып, бетіне айту да айып емес. Өзіңді айналаң жек көрсе де, шындық жолымен жүр деген қорытынды жасайды. Демек, ақын өз танымын «жүрек» және онымен тіркескен сөздер арқылы таныта отырып, «жүрек» концептісін құрады. Ол үшін жүректі жан-жақты, өз танымы бойынша, өз ұғымы бойынша танып, біліп, оны болашақ ұрпаққа үлгі-өнеге ретінде ұсына отырып, олардың аялық білімдерінің толысуына мүмкіндік береді.

Ал *Шәкәрім* тілінде «жүрек» концептісі былай беріледі: *Бұл сәлемді есіңе ал, Егер жетсең тілекке. Жар қанжары маған бол, Сұқсын сорлы жүрекке* (Шәкәрім. Өлеңдер мен поэмалар. Алматы. 1988 ж.)

Сорлы жүрек - есімді тіркес. «Шын асықтың әрбірі» өлеңінде ғашық жанның барлығына кешіріммен қарау қажет. Сүйе тұрып, сүйгеніңнің саған қарамауы, шынында да, жүректі сорлатары анық. Сүйген адамыңның әрбір саған деген теріс қылығы жүрекке қанжардай болып қадалатыны да айдай анық. Сондықтан біреуге ғашық болып, одан жауап ала алмаған әрбір жанның жүрегі сорлы болатындығын ақын түйсініп, жырлай білген. *Қыз-бозбала бір бөлек, Әзілдесең дуласты-Жаралы жүрек жыбырлап, Жазылмай жалғыз сол қалды, Ақ болсын, қара болсын - өзі сынар, Біреу қор, біреуді мықты қылар. Ақ жүрек, ақыл көзбен сыңға алыңыз, Кім болмақшы болып жүр енді осылар? Жүрегі таза адамдар, Зұлымдықтан амандар* (Шәкәрім. «Шын асықтың әрбірі»). Қиянатсыз надандар Әулиеден кем емесе. Шәкәрім жырлары Абай өлеңдерімен үндес. Абайда «қаза көрген жүрек», «қан жылаған жүрек» болып келсе, ал Шәкәрім өлеңдерінде «жаралы жүрек». Екінші шумақтағы «ақ жүрек» тіркесі арқылы ақын адамның ғұмыр-тіршілігінде ақтылы-қаралы жағдайлар, біреуді кемсіткен, екінші біреуді күшейткен оқиғалар кездесетіндігі, осы «өмір» атты өзенде осының бәрін ақылға, жүректің ақытығына салып, таразылап, сараптай біл дегенді аңғартады. *Ар түзер адамның адамдық санасын. Ақ жеңіп шығады арамның қарасын. Адал еңбек, ақ жүрек берер шешіп, Таза ақыл қосылса, әлемнің таласын* (Шәкәрім. «Ар түзер адамның адамдық санасын»). *Демеймін мұңымды айтып зарлайын, Жаралыс солай қылған адам жайын. Жарық алып жалғанды тексерсең де, Таза жүрек таппайсың, сол уайым Ақ жүректен таза ақыл, Қылсаң адал еңбек қыл. Бәрінен де сол мақұл, Артқыға жол бермек. Ақ жүрек пен Таза ақыл, Қылсаң да Адал еңбек, - Бәрінен де сол мақұл -* (Шәкәрім. «Талап мен ақыл»). *Артқыға жол бермек.* Бұл өлең жолдардағы **ақ жүрек** тіркесі – таза жүрек тіркесінің синонимі. Өлең қолданыстарында **ақ, таза жүректен** ақынның өкініші көп өмірді басынан кешіргендіктен, адамдар арасынан таза жүректі, ақ жүректі адамдардың жиі кездеспейтіндігін баяндайды. Ақ жүрек – яғни, арлылықтың, тазалықтың, пәктіктің символы. Демек, ақ жүректі адам – иманды адам. Ар, иман, тазалық – өзара мөңдес ұғымдар.

Табиғатқа деген сүйіспеншілік екі ақынның да дүниенің тылсым тірлігінен, сұлулығынан ләззат алып, жанға тыныштық іздеу, жұбаныш іздеу, бойға күш-қуат алу талпынысының туындысы болып табылады. Шәкәрім үшін табиғат күші еркіндікпен астарласып жатса (Аңшылық әуелінде қандай тәтті, Еркіндік, кім жек көрер салтанатты), Абай шығармасында ол – шынайы, пәк, таза көңілдің, сұлулықтың бейнесі. Табиғатпен сырласу арқылы ақын Абай іштей тазаруды, айығуды басынан кешіреді. Абайдың табиғат лирикасынан нәр алмаған, оны талдауға үлгі етпеген ғалым кемде-кем шығар. Табиғатқа деген сүйіспеншілік екі ақынның да дүниенің тылсым тірлігінен, сұлулығынан ләззат алып, жанға тыныштық іздеу, жұбаныш іздеу, бойға күш-қуат алу талпынысының туындысы болып табылады. Біз үшін маңыздысы – табиғат туралы толғаныстарындағы ақын Абайдың танымдық бейнесі, дүниені сезе білу сезімталдығы, қабылдауы. Мысалы, Абайдың қолданысындағы сөз тіркестері құрамындағы бағыныңқы сыңарға назар аударайық, сын есімдер зат есімдер тіркесі Абайда мына көріністерге ие. Мысалы, *асыл жүрек, дүрсіл қаққан жүрек, қаза көрген жүрегі, лүпілдеген жүрек, қақ айрылған жүрек, сұм жүрек, жылы жүрек, асау жүрек, ақ жүрек, т.б.*

Қорыта айтқанда, жүйелі ойлай білу, пайымдауды дағдыға айналдыра отырып, сөз құдіретін жан-жақты түсіну, зерттеу Абай, Шәкәрім шығармаларын танымдық тұрғыдан қарастыру сөз тіркестерінің грамматикалық құрылымын зерделей түсуіне жол ашады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. -444 б.
2. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. Алматы, 1975. 420 б.
3. Марти А.О. Понятия и методы всеобщей грамматики и философии языка/ Звягинцев В.А. История языкознания XIX и XX веков в очерках и извлечениях. Ч. II. м., 1960.
4. Бейсенбаева К.А. Безаффиксное сочетание имен существительных в современном казахском языке. АКД, 1971. – 85с
5. Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі. Алматы. 1999. Дайқ-пресс. 774-б.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – САУАТ АШУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

А.Ж. Досанова,

*«Тұран-Астана» университетінің доценті,
педагогика ғылымдарының кандидаты.*

*А.Ғ. Абуева, №48 мектеп-лицейдің қазақ тілі
мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі.*

*Қ.М. Бөкен, «Тұран-Астана» университетінің
магистранты.*

Астана

Аннотация

В данной статье рассматриваются вопросы о первых учебниках обучения грамоте А.Байтұрсынова.

Resume

This article addresses questions about the first textbook of learning A.Baitursynov literacy.

Түйін сөздер: әліппе, «Әліб-бій», араб жазуы, бастауыш мектеп, қазақ әдістеме ғылымы, дыбыс артикуляциясы.

Алғашқы ғылыми негіздегі сауат ашу оқулықтарының шыға бастауы А.Байтұрсыновтан бастау алды. Ғалымның ең алғаш жасаған әліппесі (1912) «Оқу құралы, қазақша алифба» деп аталады. Араб жазуын қазақ тіліне икемдеп, әр дыбысқа жеке таңба (әріп) берді, олардың сөздің әртүрлі деңгейінде (басында, ортасында, аяғында) жазылуын аңғартатын мысалдар, мәтіндер ұсынды, қолданылуындағы ерекшеліктерді ескертті. Арабтың бір ғана у әрпімен бес дыбысты (*o, e, y, u*) белгіледі. Ал, *u* әрпін үш дыбысқа (*ы, і, и*) пайдаланды. Сөз ішінде кездесетін қысаң дауыстыларды жазбау сөздердің дыбыс, буын, құрамын түмшалап, көп қиындық келтірді. Мысалы *қйсық, (қисық), алу (алұу), салқн (салқын)*, т.б. «Қазақша әліппе» 1912, 1914, 1919 жылдары қадим үлгісімен басылды. Оның құрамында 37 дыбыс таңбасы болды. Бұл қазақша әліппе 1925 жылға дейін 7 рет басылып, сауат ашу құралы болды. Байтұрсыновтың әліппелері осы уақытқа дейін ғылыми тұрғыда талданбай келеді. Осы оқулықтан 13 таңба қысқартып, 1926 жылы «Әліб-бій» атты сауат ашу оқулығын жазды. Ол баспадан 3 рет басылып шықты. А. Байтұрсыновтың осы әліппесінің 3 басылуы (1928) қолымызға түсіп, оған талдау жасауға мүмкіншілік болды. Мұнда қазақ дыбыстарының саны 24. Олардың 5 дауысты, 17 дауыссыз дыбыс. Ал *у, и* дыбыстарын дауыстыға да, дауыссызға да қоспайды. Оларды жартылай дауыссыз деп таныған болу керек. Ал әріптер тәртібін бергенде 9 дауысты дыбысты ажыратады. Жінішке дауыстылардан *е*-ні ғана есептейді де, қалғанын есепке қоспайды. Жалпы әріптер тәртібінде 28 дыбыс таңбасы бар. А. Байтұрсыновтың бұл оқулығы – сол тұстағы жинақталған алдыңғы қатарлы тәжірибелерге сүйене отырып, озық әдістемелік теорияларға негізделіп, жасөспірімдердің психологиялық, ұлттық, жас ерекшеліктерін ескере отырып жазылған еңбек. «Әліб-бійді» араб жазуынан көшіріп, түсініктемесін жазып, әрі редакциясын басқарған Ұ. Асыллов араб әрпін бүгінгі кирилл әрпімен келтіріп жазды, бұл оқулықты танып-білуге, оның бүкіл сөздерін ұғып жазуға, түсінуге, талдауға мүмкіндік туғызды. «Тағы да ескере айтарымыз: әліппе мазмұнына есептің түр-түрлерінің жеңіл бағытпен кіріктірілуі сол уақыттағы қағаз тапшылығынан деп айтуға болады. Ол кезде жеке-жеке пәндік оқулықтар жасау үшін де қаржы мүмкіндігі болмағаны түсінікті. Соған қарамастан А. Байтұрсынов оқулық мазмұнына әріп таныту, оқып сөйлету, жазып үйрету, есеп шығарту, табиғатты танып-білу, өмір сүру дағдыларын т.б. да мәселелер кіріктіріле жасалынды. А. Байтұрсыновтың «Әліб-бійі» (1928) осы уақытқа дейін әртүрлі тұрғыда талданып, дыбыстардан сөз құрау, сөздерден сөйлем құрау тәсілдері, жалпы ғалымның әліпбиінің артықшылықтары туралы сол кезеңнен бері айтылып келе жатыр [1]. Бұл оқулық – әлі де жан-жақты қырынан толық ашылып бітпеген үлкен ғылыми еңбек. Сондықтан да біз бұл әліппедегі әріптердің өтілу реті, әріп танытудағы пайдаланған әдістер тұрғысынан талдағанды жөн көрдік. А. Байтұрсыновтың «Әліб-бійі» – ғылыми-әдістемелік, педагогикалық-психологиялық талаптарға сай жасалған, өз кезеңінің құнды оқулығы, балалардың нағыз сауатын ашатын қолайлы құрал.

Оқулықтың алғашқы бетінде мұғалімдерге сол кездегі оқу және оқытудың өзекті мәселелері жөнінде жазған алғы сөзі бар. Бір қарағанда А. Байтұрсыновтың оқулығының жалпы мазмұнына қарап, оқулықтың бастауыш мектепке арналғанын, не үлкендерге арналғанын ажырату қиын көрінеді.

Өйткені әліппенің титул бетінде оқулықтың кімдерге арналғандығы көрсетілмеген және оқулық ішіндегі кейбір жекелеген сөздер, кейбір мәтіндердегі сөздер мен сөйлемдер бала жасына лайықты емес секілді көрінеді, мұны ғалымның сол замандағы тұрмыстағы қолданылған сөздерді сол қалпында беруінен деп түсінген жөн. Әліппені талдай келе оның бастауыш мектептің сауат ашуға арналған екендігін көреміз.

1920 жылдары қазақ арасында сауатсыздықтың нағыз орын алып тұрған кезде сауат ашуға мектеп жасындағы балалардан бастап үлкендерге дейін зәру болғандықтан сауатсыздықты жою мақсатында ел қамын ойлаған көзі ашық азаматтардың көпшілігі (алашордашылдар) үлкендерге де арнап әртүрлі әліппелер жазған. Оны алғашқы беттегі ғалымның мына сөзінен де аңғаруға болады: *«Аш адам астың бабы мен дәміне қарамайды. Қазақ оқу жағынан қандай ашығып отырғанын топырлап мекеме алдын тоздырып, оқитын орын таба алмай жүрген қазақ балалары көрсетіп отыр. Сол ашығып отырған қазаққа дәмін-бабын келтіріп, соңыра беретін асыңнан бабы дәмі кем болса да, әзір берген асың артық».*

Оқулықты талдамас бұрын ондағы әліпби құрамындағы әріптер құрамын беруді дұрыс деп таптық. «Әліп-бій» оқулығында әріптердің құрамын (алфавит) А. Байтұрсынов «әріптер реті» деп атаған. А. Байтұрсынов *ә, ө, і, ү* дыбыстарын *а, о, ы, ұ* дыбыстарының жіңішке фонемасы (үншесі) деп танып, оларға өз алдына жеке таңба бермей, сәйкес *а, о, ы, ұ* дыбыстарының таңбасына дәйекше (‘) қою арқылы жазған.

Сонда дәйекшелі жіңішке дауысты дыбыстарды қоса есептегенде барлығы 28 дыбыс болған. Бұл әліпбиде қазақ дыбыстарынан *х* дыбысы жоқ. *Х* дыбысының орнына ғалым *қ* дыбысын (*қат-хат, қалық-халық*) қолданған. Бұл әліпбиде бас әріптер жоқ және сөйлем соңынан нүкте қойылмайды, әріптер, сөздер, сөйлемдер оңнан солға қарай оқылады.

А. Байтұрсынов әліппесі әліппе кезеңі және әліппеден кейінгі кезең болып екі кезеңге бөліп оқытылады. Әліппе кезеңі екі бөлімге бөлінеді:

- әліппені оқытудың бірінші кезеңі (жуан дауыстылар мен дауыссыздар);
- әліппені оқытудың екінші кезеңі (жіңішке дауыстылар мен *к* дыбысы) [3].

Одан кейін әліппеден кейінгі кезең оқытылады. «Әліб-бійдің» қазіргі әліппелерден ерекшелігі – мұнда әліппеге дейінгі кезең жоқ. Балалар бірден дыбыстармен танысады. Мұғалімдерге көмек ретінде сауат ашу кезеңіндегі әрбір сабақтың оқыту әдістемесі қоса беріліп отырады. Мұны сол кезеңдегі қазақ тіліндегі әдістемелік құралдардың тапшылығынан деп ұғуға болады.

Әліппенің қазіргі әліппелермен салыстырғандағы тағы да бір ерекшелігі - әліппенің алғашқы сабағында балалар *а, з, р* дыбыстарымен бірден таныстырылады. Есесіне осы дыбыстар төрт сабақ бойы қатарынан оқытылады. Әліппе кезеңінің алғашқы сабағында бірнеше дыбысты қатар оқыту әдісі тәжірибеде аздап болса да кездеседі. Мысалы С. Кеңесбаев әліппесінде алғашқы сабақта *а, н* дыбыстары бірге таныстырылады.

А. Байтұрсыновтың *а* дыбысымен бірге *з, р* дыбыстарын (басқа дыбыстарды емес) өтуіне – араб әліпбиіндегі басқа дыбыстарға қарағанда бұл дыбыстардың жазылуының қарапайымдылығы және ұқсастығы, яғни бір ғана элементтен тұруы (*ا ر ز - а, р, з*) және сөз басында, сөз ортасында, сөз соңында өзгеріске ұшырамайтыны себеп болған. Араб әліпбиінде тұрған орнына қарай өзгеріске ұшырамайтын дыбыстар санаулы ғана. Бұл дыбыстардан басталуының тағы бір себебі бір буынды, айтуға жеңіл сөздер (*ар, аз, зар, ара, аза, азар, араз*) құрауға икемділігі. Міне, сондықтан да араб әріптерін үйреткенде осы дыбыстардан бастап үйретілетініне көз жеткізуге болады [4].

Татар әліппесінде де, А. Байтұрсынов әліппесінде де осы үш дыбыстан бастап үйретілуі осының дәлелі. Бұл дыбыстар мектепке алғаш келген балаларға оқуға жеңіл әрі жазуға да ыңғайлы болатындығына ғалым ерекше көңіл аударған [3]. Сонымен бірге А. Байтұрсынов өтілетін дыбыстардың ретін сөз құрауға икемділігіне де қараған. Байқап отырсақ, татар және қазақ дыбыстарының арасында аздаған ерекшеліктер болғанмен, екі әліппедегі әріптердің өтілу ретінде ұқсастықтар бар екені байқалады. А. Байтұрсынов әліпбиінде *а-р-з* дыбыстары бірге өтіледі де, қалған дыбыстар көрсетілген ретпен жеке-жеке оқытылады. Ал татар әліппесінде дыбыстарды таныстыру *а, р, з* дыбыстарынан басталғанмен, олар жеке-жеке өз алдына бір сабақта таныстырылады. Ғалым-әдіскер жаңа әріппен таныстырғанда алдымен дыбыстың артикуляциясына ерекше мән береді. Осы мақсатта алғашқы сабақта *а, р, з* дыбыстарын таныстыру үшін *ара, бала, иттің* суреттері берілген. Бұл суреттегі бала «а» деп аузын ашып тұр, ара «з-з» деп ызылдап, ит «р..» деп ырылдап тұр. *А* дыбысын айтқанда баланың бет пішінінің қалай өзгеретіні суретте анық байқалады. Мысалы, *а* дыбысын айтқанда баланың аузы еркін ашылатындығы бет пішінінен айқын көрініп тұрады. Иттің де ырылдағанда ауызы еркін ашылмай, төменгі жақ кішкене өзгеріске ұшырап, тістері көрініп тұрғаны көрінеді.

Алғашқы күнгі сабақтың мақсаты – осы дыбыстармен таныстырып, әріптердің жеке тұрғандағы қалпын, айтылу жолдарын (артикуляциясын) үйрету ғана. Берілген әріптерді бірнеше қайталап оқытып, тілдерін жаттықтырады, сол дыбыстар бар сөздер ойлатып, зат атауларын атады. Сол сөздерден керек дыбыстарды ажыратып алуға үйретеді. Осы үш дыбыс келесі күні қайта оқытылады. Бірақ мұндағы мақсат – *a*, *з*, *p* дыбыстарынан құралған ашық буынды және жалаң буын мен ашық буынды, ашық және тұйық буынды сөздерді оқып үйрету. А. Байтұрсынов оқуды ойынмен ұштастыруды – әрбір сабақтың ажырамас бөлшегі ретінде қарастырады. Оны «ермек-енбек» деп атайды. Мұндай дидактикалық ойындар біртіндеп күрделеніп, оның шарттары, ұйымдастыру формалары да оқулықтың өн бойында түрленіп отырады. Бірде топ болып, бірде екіге, үшке бөлініп, бірде әрбір жеке бала өзі үшін ұпай жинауға арналады [4].

Оқулықтағы алғашқы сөздерді оқығанда-ақ оқулықтағы сызық ішіндегі сөздерді дәл солай етіп, басқа қағаздан жасап сызық бойымен әрқайсысы бөлек-бөлек қиылып алынады да балаларға таратылады. Бұл бала үшін әрі – ермек (ойын), әрі – еңбек (оқу, жазу). Әр бала өзіне тиген сөздерді, оқып одан соң шырпымен жасайды. Осылайша бала ойын ойнай отырып, оқып-жазуды меңгереді. Бала дәптерге жазбас бұрын алдымен осы дыбыстарды шырпымен жасап үйренеді. ¹ (*a*) дыбысын бір шырпымен жасауға болады. *з* *з* (*p*, *з*) дыбыстарын екі шырпыдан жасауға болады, немесе бір шырпыны ортасынан бөліп жасауға болады [5].

Қорыта келгенде, қарапайым да болса осындай практикалық әдістердің баланың дыбысты жылдам меңгеруіне септігі тиетінін А. Байтұрсынов ғылыми түрде де, іс жүзінде де дәлелдеп көрсете білген. Демек, балалар алғаш үйренген дыбыстардан бастап-ақ алдымен күнделікті өмірдегі өздеріне таныс шырпымен қарапайым дыбыстарды жасап көргенде бір үлкен жұмыс бітіргендей қуанышты күйде болса, екіншіден сол арқылы сауаттарын ашып, оқу-жазуды үйренеді. Бұл баланың оқуға деген ынтасын да арттыра түседі

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Әліп-бій. – Қызылорда: Казиздат, 1928. -118 б. орфографиясы. – Алматы, 1940. -21 б.
2. Мақсуди А. Әліппе «Мұғалім сәні», татар және орыс-татар мектептерінің кластық оқуына арналған оқулық, (арабша). - Қазан: УМИДЪ, 14-басылымы. 1917. – 48 б.
3. Дыйканов К.// Ахмет Байтұрсыновдың казакча алифбеси. Оренбург, 1914. –Бишкек: Периодика 1991. -99 б.
4. Досанова А.Ж. Қазақ әліпбиінің тарихы. –Астана, 2011.
5. Досанова А.Ж. Қазақ әліпбиі - латын графикасында: тарихы, бүгіні, болашағы. –Астана, 2015.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРМЕН ОҚЫТУ

Б.Қ. ҚАСЫМ,

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, филология ғылымдарының докторы, профессор.
Алматы қаласы.*

Қоғам дамуының қазіргі кезінде жоғары оқу орындарында оқыту үдерісін жетілдіруде, болашақ мамандардың ізденімпаздығын қалыптастыруда, шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдіруде, рухани дүниесін дамытуда қазақ тілі арқылы оқытудың маңызы ерекше. Маманның біліктілігі мен кәсіби деңгейінің жоғары болуы оқытуды дұрыс ұйымдастыра білумен байланысты. Қазіргі кезде еліміздегі жоғары білім беруге негізделген қазақ тілі мен әдебиеті маманын даярлау жүйесінің көздейтін мақсаты – жан-жақты дамыған, шығармашылық ойлау қабілеті жоғары, арнайы пәндерден қажетті білім, іскерлік, дағдылары, кәсіби біліктілігі қалыптасқан және оны жас ұрпақты оқытып-тәрбиелеуде қолданудың әдістемелік жүйесін білетін кәсіби деңгейі жоғары маман тәрбиелеу, даярлау. Осы мақсаттарды алғаш ғылыми негіздеген ізашарлардың бірі – **А.Байтұрсынұлы**.

А.Байтұрсынұлы өзінің барлық саналы ғұмырын қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, мектеп ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағыштады. Ол ауыл мектептерінде бала оқытты, оқу тәрбие жұмысын жетілдіру мақсатында «Әліпби», «Тіл құралы», «Әдебиет танытқыш» атты кітаптарды қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб әліпбиінің жайы, терминдер, қазақ тілін оқытудың әдістемесі туралы ғылыми мақалалар жазды. Ғалым бастауыш мектептерінде қандай пәндер оқытылу керек дегенге

арнайы тоқталып, ол пәндерді оқу, жазу, ұлт, дін, ұлт тарихы, есеп, қолөнер, жаратылыстану болу керек екендігін нақтылап көрсетті. А.Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды ең алдымен қазақ тілінің фонетикалық жүйесін зерттеумен айналысты. А.Байтұрсынұлы «Тіл құралынан» бұрын ең алдымен «Әліп-би» (1925) *жазу графикасынан* бастаудың қажеттігін «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетіде араб таңбаларын жетілдіру, лингвистикалық терминдерді тілге енгізу (дыбыс, әріп, жуан, жіңішке, т.б.) туралы ой-пікір қозғап, қазақ графикасын жасауының негізін салды. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырған, туыстық, жақындық сипаты бар *араб таңбаларын* алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды әліпбиден шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің *жуанды-жіңішкелі үндестік* заңына сай жазуға ыңғайлы белгі жасайды. Тілші жиырма төрт таңбадан тұратын «қазақ жазуы» деп атаған қазақтың *ұлттық графикасын* түзеді.

А.Байтұрсынұлы қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаушы. *Қазақ тілі әдістемесі* – қазақ тілін ұғынудың заңдылықтарын, тілдің қыры мен сырын оқушыға үйретудің жолдары мен құралдарын зерттейтін педагогика ғылымының бір саласы. Педагогика ғылымының дидактика саласы оқыту ұстанымдарын, оқуды ұйымдастырудың алуан түрлі әдіс-тәсілдерін, білімді игертудің ең тиімді, ұтымды жолдарын, іскерлік пен дағдыны қалыптастырудың амалдарын зерттейді. А.Байтұрсынұлы: *қай әдіс жақсы?* деген сауал қояды да *сауаттылықты* меңгерту үшін қандай әдіс-тәсілдерлі қолдану керек деген көкейтесті мәселені алға тартады. А.Байтұрсынұлы қазақ тілін оқытудың міндеті мен мақсаттарын мына ойы арқылы таныта алды: «Тілдің міндеті – ақылдық аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадырынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын» деген. Соған жауап ретінде түрлі әдістің мәні мен мазмұнын, тиімділігін, қажеттілігін зерделейді. Оны тілшінің мына тұжырымдамасынан: «Жалғы әліп-би үйретудің өзінде толып жатқан әдіс бар. Сол әдістерді әр *әдісқой* өзінше өзгертіп қолданға түрлерін сөз қылсақ, әдіс түрлерін айтып түгесе алмас едік. *Әдіс* – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай. Мәселен, сауаттау әдісін алсақ, *бір жұрттың* сауаттау ісіне *қолайлы* болған әдіс *екінші жұрттың* да сауаттау ісіне қолайлы боларға тиіс деп айтуға болмайды. Екеуінің *тілінің заңы, емлесінің* жүйесі бірдей болса, онда біріне жақсы болған сауаттау әдісі екіншісіне де жақсы болады деп ешкім айта алмайды» анық байқалады (*курсив* Б.Қ.) [1].

А.Байтұрсынұлының мұрасын зерттеуші ғалым-тілшілердің әдістеме саласындағы еңбектерінің саралануы:

- әдістің түрлерін жіктеп, оқытудың әдістемесі туралы еңбектер;
- қазақша әліп-бидің, дыбыстың негізінде сауат ашу әдісін іске асыратын еңбектер;
- ана тілін оқытудың әдістерін баяндайтын еңбектер;
- тіл ұстартуды көрнекілік әдіс арқылы дамытуды көздейтін еңбектер;
- қазақша сауатты сөйлеудің, оқудың, жазудың әдістерін қарастыратын еңбектер.

Бұл айтылған қағидалар қазіргі білім беру жүйесіндегі оқытудың әлеуметтік, педагогикалық психологиялық мәні оның қызметтерімен ұштасып жатыр. Солардың ішінде, білім беру қызметінде бірінші кезектегі мәндісі – оқушылардың білім, дағды және шығармашылық іскерлігін қалыптастыру. Оқытудың екінші қызметі – оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру, яғни тәрбиелеу қызыметі.

Сауаттылық мәселесі – бүгінгі күннің де өзекті мәселелерінің бірі екені ақиқат. Жалпы сауат аштыру әдістерінің негізін, жөн-жобасын «Сауат ашқыш», «Әліп-би астары» атты әдіснамалық еңбегінде көрсетеді. Әрбір тілдің өз заңдылығы мен емле жүйесі бір-біріне сәйкес келмеуін айта отырып, әдістерді қолданудың өзін де ерекше сүзгіден өткізіп, тиімді, тиімді емес деген мәселелерді назарда ұстау, кез келген әдіс сол тілге *тиімді, тиімсіз* деген *қағидалы ұстаным* етіп алуды ескертеді. Оқулықтың тағы бір құндылығы қазақ тілінің грамматикалық басты салалары – *фонетика* – дыбыс туралы ғылымдай келіп *сауатты әдісі* дегеніміз – соны білдіруге жұмсалатын түрлі әдістердің шумағы болады. Дыбысты әдіспен үйретуден тұтас сөз әдісімен үйрету қолайлырақ. Оңайырақ болса, қолданамыз. Олай болса, әуелі қайсысы қолайлы деген сауал қойып, соған берілген жауапқа қарай қайсысын қолдану тиісті болатындығын айту жөн. Сауаттауға қайсысын қолайлы десек те қолайлығын сипаттайтын тиісті дәлелдерді боларға керек. Сауаттау әдістерін тексеру үшін, әуелі, сауаттылық дегеннің не нәрсе екенін, оның негіздік жағы қайсы, онысын ашып алу керек.

Сауатты адам деп қандай адамды айтамыз? – Оқи да, жаза да білетін адамды айтамыз. Сауаттылық негізі оқу ма, жазу ма – мұны ашсақ, сауаттау әдісі қайсысының болатынын да ашамыз: өйткені – сауаттылықтың негізі не нәрсе болса, сауаттау әдісі де сонікі болу керек. Оқи біліп, жаза білмейтін адам бола ма? – болады. ...Ондай адамдарды толық сауатты деуге бола ма? – Болмайды. Ондайлар шала сауатты адамдар. Жаза біліп, оқи білмейтін адам бола ма? – Жоқ. Жаза білетіндер оқи да біледі. Олай болса сауаттылық негізі оқу бола ма, жазу бола ма? – Әрине, *жазу* болады. Сауаттылық негізін жазу мұқтажы тудырған. Мұқтаждық жазуды тудырған, оқу жаза білумен бірге қосыла біліп

кететін қосалқы күйдегі асылы жазу болып, оқу соның бетіндегі нәрсе болып шығады [2]. Осы айтылғандардың бәрі сауаттылық негізі оқу емес, жазу екендігін сипаттайтын дәлелдер.

«Тіл жұмсар» және «жазу, емле, терминология мәселелері» – сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы танытатын кітап. Жазу – әріптердің сүгіретін сала тізу; оқу – әріптердің дыбыстарын айта тізу. Әдісін алғанша қай әдіс те болсын қиын болады. Әдісін алған соң, қайсысы да болса оңайланады. Әдістің шапшаң әстелу күйге жетуі, қайта-қайта істеліп, дағдыға айналған кезде болады. Оқу үйреткенде де сөздің әріптен, буынынан бастамай, сөздің тұтас тұрған тұлғасынан бастап үйрету керек дейді. А.Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ғалым қазақтың ұлттық жазуын (графикасын) жасауды мақсат етіп, ол үшін араб әліпбиі негізіндегі «Ахмет Байтұрсынұлының қазақша алифбесі» (Оренбург, 1914) жарық көрді, екінші – сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, бұл үшін «Оқу құралы» атты әліппе оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беруді мақсат етті.

Қазақ тіл білімінде А.Байтұрсынұлының негізгі үлесі, еңбегінің бірі – тіл ғылымының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. **Морфология** – сөз құрамын зерттеу, ал синтаксис сөйлем құрылысын зерттеу т.б. деп саралап, алғаш ғылыми грамматиканың негізін қалады және терминдік бірліктерді ұсынды. Қазіргі уақытқа дейін қолданып жүрген «зат есім, сан есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш» деген т.б. лингвистикалық терминдер. Сол лингвистикалық терминдер: *зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз* т.б. Бұл лингвистикалық терминдер не бұрынғы сөздік қорда бар негізгі сөздің мағынасын жанғырту, жаңарту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөзжасам жұрнақтарын қолдану арқылы дүниеге келген жаңа аталымдар, сәтті шыққан терминдер, тұңғыш белгілі заңдылықтар жөніндегі анықтамалары, дыбыс жүйесін (фонетика), сөз жүйесін (морфология), сөйлем жүйесін (синтаксис) қалыптастырғаны – олардың ғылыми айналымда күні бүгінге дейін қолданылыста жүргені соның дәлелі.

Қазақ тілін оқыту үрдісінің әдістемелік негіздерінде антропологиялық бағыт жатыр. Оқыту үрдісі қазақ тілін меңгертіп қоймайды, халықтың мәдениеті, танымымен таныстырып, ресми-іскери, кәсіби салада қолдануға маманданады. Бұл болашақ кәсіби маманның мәдени-концептуалдық дүниетаным моделін жаңа біліммен толықтырады [3].

Кесте 1




«Тіл-құрал» қазақ тілін танудың ізашары, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихында А.Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. «Тіл-құрал» атты оқулық – қазақ мәдениетінде бұрын болмаған тың құбылыс. Оның қазақ жұртшылығы үшін мүлде жаңа дүние екендігін оқулықтың кіріспесінде автор атап өтеді. Осы оқулықта қазақ грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына тұңғыш қазақша терминдерді ұсынады. Бұл терминдер – А.Байтұрсынұлының ғылыми айналымға енгізген ұғымдары. Мектеп балаларына қазақша сауаттандыратын «**Оқу құралын**» жазғаннан кейін, мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулық жазуға кіріседі. Бұл оқулықтың фонетикаға арналған 1-бөлімі «**Тіл құралы**» деген атпен алғаш рет 1915 жылы жарық көрді. Бұл кітаптың морфологияға арналған екінші бөлімі, синтаксиске арналған үшінші бөлімі басылып шығады. А.Байтұрсынұлы қазақша сауат аштыруды көздеп «Оқу құралды» жазды, онан соң қазақ тілінің ғылыми грамматикасы «Тіл құралын» ұсынды, тілді дұрыс жұмсай білу тәртібін көздеп «Тіл жұмсарын», төртінші – сауат аштыру, тілді оқытудың әдістемесін жасауды алып, «Баяншыны» жазды. «Баяншы» деген атпен әдістемелік құрал шығарды. Ғалым мұғалімдерге «Әліппені» пайдаланудың, сауат ашу әдістерінің бағыт-бағдарын көрсетіп берді.

Қоғам қайраткері А. Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама-мақсат қойып, бұл міндеттерді шешуде әр елдің әдістемесіндегі жетістерді ұлттық ерекшелігіне сәйкестендіріп, қазақ тілінен оқулық, бағдарлама жазып, қазақ тілін оқыту әдістемесінің дамуына зор үлес қосты. А.Байтұрсынұлы – қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаушы тілші-әдіскер. К.Д.Ушинскийдің ана тілін оқылатын пәндердің негізгісі және ана тілі басқа пәндердің бәріне қатысы бар деген қағидасын А.Байтұрсынұлы оқу материалын меңгеруде әңгіме, салыстыру, пысықтау, бекіту сияқты әдістерді тиімді қолданудың жолдарын көрсетеді және оны өз еңбектерінде ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып пайдаланды.

Ғалым өзінің оқулықтарында “жеңілден ауырға, оңайдан қиынға, жайдан күрделіге” деген ұстанымды ұстаған. **Жалқылау әдіс** – жалпылау әдіске қарсы жөніндегі әдіс. Жалпылаудың асылы ұсақтан ірілету болса, жалқылаудың асылы – іріден ұсақтату. ...Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті табу да және қолдана білу. Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек: оларды өзіне сүйеніш қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек дейді. Ол: “Білімнің негізі зат пен құбылыстың өз табиғатынан алынсын. Ұстаз аз сөйлеп, шәкірт көп үйренетін болсын. Тәртібі жоқ мектеп сусыз диірменге ұқсайды. Білімнің негізінде әдемі зат, *көркем текст* содан соң *талдау*, аяғында *қорыту* тұрады” - деген *дидактикалық қағидалары* осы күнге дейін өзінің құнын жойған жоқ [4].

Кесте 2



“Жалқылаулы-жалпылау әдіс” мақаласында төмендегідей түрлерін көрсетеді:

- *Дыбысты әдіс.*
- жыбысты әдістің өзін өз ішінен бес түрге бөледі:
- балалармен әңгімелесу;
- оқу үйретуге даярлайтын жұмыс;
- сөзден дыбыстарды айырып шығару;
- әріптермен таныстыру;
- әріптерінен сөз құрау, соны оқу.

Сонымен бірге ғалым жалқылау және жалпылау әдісі туралы өз ойларын ортаға салады. Қазақ тілін оқытуда пәннің педагогикамен тығыз байланысын ешқашан да тыс қалдырмайды.

Ғалымның еңбектеріндегі оқыту әдістемесі бүгінгі таңда да өз құнын жойған жоқ. А.Байтұрсынұлының оқулығы мен оқу құралдары сол заманның әдістемелік жетістіктерін қамтыған. Қазақ тілін үйретудің әдіс-тәсілдерін анықтау, берілген *білім көлемі* мен *мазмұнын* белгілеу оқытудың педагогикалық негізіне сүйенгенде ғана дұрыс әрі сапалы түрде жүзеге асатынын негіздеген. Ғалымның «Тіл құралы» – мазмұндық-құрылымдық жағынан ерекшеленетін, кейінгі оқулықтарға үлгі болатын дидактиканың ғылыми ұстанымдарына негізделген, ақпараты мол кешенді жұмыс түрлерін жинақтаған оқулық. Сондықтан сабақтарда жалпы *дидактикалық ұстанымдар* орынды қолдануды қажет екенін назардан тыс қалдырмайды. Негізгі мақсат – терең білім мен тәлімді тәрбиені қалыптастыру [5]. Осы тұрғыдан келгенде А.Байтұрсынұлының әдістемелік ой-тұжырымдары, ғылыми мұрасы қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімін толықтырды. Ғалымның әдістемелік еңбектері оқыту мен тәрбиелеуде маңызды орын алады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
- 2 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
- 3 Қасым Б. Қазақ тілі сөзжасамы: интерактивті технологиялармен оқыту. *Оқу құралы*. – Алматы, 2015. – 260 б.
- 4 Оразбаева Ф.Ш., Қасым Б.Қ., Балтабаева Ж.Қ. және т.б. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. *Оқулық*. – Қарағанды: Medet Group, ЖШС., 2016. – 424 б.
- 5 Жұматаева Е. Жоғары мектеп дидактикасы. – Павлодар: ЭКО, 2006. – 316 б.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ТҰЖЫРЫМДАРЫНЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Б.Қ. ҚАСЫМ,

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы.

Қ.Қ. ТҰРАРОВ,

Алматы менеджмент университетінің аға оқытушысы.

Алматы қаласы

Оқыту жүйесі оқушының жан-жақты дамуына, таным қабілетінің артуына және тұлғаның интеллектуалдық қалыптасуына бағытталады, ал бұл проблемаларды жүйелілікпен шешу жаңа технологиялармен оқытудың дамыта оқытумен мазмұндас екендігін көрсетеді. А.Байтұрсынұлы: “Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орынның керек қылуына қарай. Мәселен, сауаттау әдісін алсақ, бір жұрттың сауаттау ісіне қолайлы болған әдіс екінші жұрттың да сауаттау ісіне қолайлы боларға тиіс деп айтуға болмайды. Екеуінің тілінің заңы, емлесінің жүйесі бірдей болса, біріне қолайлы болған әдіс екіншісіне де қолайлы болуы мүмкін. Егер де тілінің заңы, емлесінің немесе әрпінің жүйесі басқа болса, онда біріне жақсы болған сауаттау әдісі екіншісіне де жақсы болады деп ешкім айта алмайды”, – дей келе, мынадай әдістерді ұсынады. Жалқылау (айырыңқы) әдіс, жалқылаулы-жалпылау әдісі. Ғалым *жалқылау әдісіне* мынадай анықтама береді: “Жалқылау әдісі – жалпылау әдіске қарсы жөніндегі әдіс. Жалпылаудың асылы ұсақтан ірілету болса, жалқылаудың асылы іріден ұсақтату. Кейде бұлар жалқылаулы-жалпылаулы әдіс деп қатар қолданылады”- деп көрсетеді [1]. Елбасы Н.Назарбаев: «2020 жылға қарай білім беру жүйесінің барлық деңгейлері – мектепке дейінгі білімнен жоғары білімге дейін түбегейлі жаңғыртылатын болады. Білім берудің әрбір деңгейінде білім алу, кәсіптік біліктілікті арттыру, адамның бүкіл өмір бойы тұрақты түрде жаңа білім мен дағдыларды алу мүмкіндіктері ұсынылады. Орта білім беру жүйесінде оқытудың он екі жылдық моделіне көшу, он жыл ішінде жалпыға бірдей міндетті білім беруді және екі жыл ішінде бейінді білім беруді көздейді. Бұл ретте білім беру бағдарламаларының мазмұны өмірде және кәсіпте қажетті құзыреттерді дамытуға барынша назар аударылады және жүзеге асыратын бағдарламаны, орта, техникалық, *кәсіптік* және *жоғары білім беруде электрондық оқыту жүйесі* (e-learning) енгізіледі [2]. Осы құжат қоғам өмірінің барлық саласында тілдерді дамыту мен қолданудың және мемлекеттік тілді кең ауқымды қолдану үшін жағдай жасауда туындайтын өзекті проблемаларды шешудің нормативтік-ұйымдастырушылық

негізі болып табылады. Осымен байланысты білім беру жүйесінде терең де ғылыми-теориялық білім беру, оларды тәжірибеде қолданудың қабілеттілігі мен дағдыларын қалыптастыру, оқу жоспарларын, бағдарламаларды, оқу және оқыту құралдарын кәсіптік және жоғары білім беруде заманауи еңбек нарығының талаптарына сәйкес келетін жүйеге көшу жүзеге асырылады, ал білім беру стандарттары ұлттық біліктілік жүйесі арқылы кәсіптік стандарттармен қалыптасатын болады. Ғылыми-техникалық жетістіктің талаптарын, оқушылардың жас ерекшеліктерімен сәйкестендіру, еңбек тәжірибесін, оқытуды және кәсіптік бағдар беруді жолға қою, түбегейлі жақсарту міндеттері қойылып отыр. Бұл қазақ тілі пәнін жоғары ғылыми негізінде ұйымдастыру, жаңа сатыға, жаңа белестерге, соны мазмұнға көтеру мақсатын іске асырудан туған жайлар екенін көруге болады. Жалпы білім жүйесіндегі реформалардың негізгі мақсаты оқыту үдерісіне аса көңіл бөлу қажеттігін, оқу-тәрбие ісінің сапасына, әсіресе күнделікті дәрісте барлық мүмкіншіліктерді пайдалануға міндеттеп отыр [3,128].

Өзгетілді аудиторияда тілін дамыту – қазіргі білім жүйесіндегі оқу-тәрбие ісіндегі басты мәселе. Тіл мен сөйлеу үрдісінде ерекшеліктерге көңіл бөлу. Сондықтан, қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту, байланыстырып сөйлеуге айрықша көңіл бөліп, тілдік материалдарды дұрыс таңдай білу (*мәтін құрастырудағы грамматикалық тұлғалардың моделдерін, сөздің, сөйлемнің үлгілерін беру*), оны дұрыс бере білу, тілдің теориясы мен сөйлеу практикасының бір-бірімен қарым-қатынасы түрлі жаттығу мен тапсырма арқылы іске асырылды. Қазақ тілі пәнін оқыту барысында студенттің ойын логикалық жағынан дұрыс, анық, қазақ әдеби тілінің нормасына негізделіп, дұрыс айта білуге үйретумен бірге, екінші жағынан жеке тұлғаның ойын, функционалды сауаттылығын қалыптастыру және жазу сауаттығын қалыптастыруға жаттықтырылады. Қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту жұмыстарын шығармашылық мәнде жүргізіліп, дұрыс ұйымдастыра білу арқылы студенттің өмірдегі құбылысты жан-жақты түсіне білуіне, үйренуіне, білген нәрселерін ауызекі сөйлеуде қолдана білуіне жағдай жасайды.

Білім алушының тілін дамыту жұмысы – жалпы ойын дамыту. Өйткені, оқушы қай пәнді оқып-үйренсе де, ол өзінің істеген жұмысы, алған білімдері туралы күнбе күн сөйлеп, ойын қалыптастырып отырады. Сондықтан қазақ тілі сабақтарындағы тіл дамыту жұмыстары оқушылардың жалпы *ойын дамытуға* бағытталады. Ж.Балтабаева: «Қазіргі қазақ тілінің салаларын оқыту барысында студенттің кәсіби-әдістемелік даярлығын қалыптастыру тіл дамыту мәселесін де басты назарда ұстауды қажет етеді. Сөздердің грамматикалық сыр-сипатын, сөз тұлғаларының модельдерін дұрыс танып, талдай алатын, яғни меңгерген білімін іс жүзінде орынды пайдаланатын студент тыңдаушыға өз ойын айқын, анық етіп жеткізе алады»- [4,4] дейді. Студенттің тілін дамыту мақсаты – қоғамда қазақ тілі арқылы еркін қарым-қатынас жасауды қамтамасыз ету, мәселесі олардың ойлау қабілетімен байланыстырыла, ойлау мен сөйлеу процесінің бірлігінде ұйымдастырылады. Сондықтан тілді қарым-қатынас құралы ретінде оқытуда, үйретуде грамматика қарым-қатысты жүзеге асыратын тетік қызметін атқарады. Олай болса, студенттің ғылым саласынан игерген білімін тілдік қатынаста тиімді, орынды пайдалана білуге дағдыландыру – қазіргі уақыт сұранысынан туындап отырған өзекті мәселе.

ЖОО бағдарламасында тіл дамыту жұмыстарына оқу пәнінің ішінде орын беріледі тілін дамытуды кәсіби біліктіліктің негізгі көрсеткіші. Тіл дамыту жұмысын ауызша-жазбаша жаттығулары, шығарма, эссе т.б. сияқты жұмыс түрлері арқылы іске асырылады. Студент тілін дамытуда оның сөйлеу тіліне яғни мәдениетті сөйлеуіне тереңірек көңіл бөліп, түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалануға болады. Сол сияқты жазбаша тілге қатысты жұмыс түрлеріне баса назар аударылады. Студент тілін дамытуда бұл екі мәселе тығыз бірлікте алынып, интеграция жолымен де жүргізіледі. Болашақ қазақ тілі мен әдебиетінің маманы екі пәнді де оқытатындықтан, тіл дамыту жұмысын көркем әдебиетпен байланыстырып, яғни әдеби шығармаларды пайдаланып, интеграция жолымен жүргізілген жұмыстар нәтижелі болады.

Қазақ тілін оқытумен байланысты тіл дамыту жұмысын ұйымдастырудың негізгі мақсаты – оқушының ауызша және жазбаша ойын грамматикалық және логикалық жүйелі дұрыс бере білуге үйрету. Тіл дамыту жұмысы, негізінен, мынадай төрт бағытта жүргізіледі: *бірі* – мәдени, әдеби сөйлеу білудің мөлшеріне үйрету, яғни орфографиялық дағдыны меңгерте отырып, оқушыға мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру. *Екіншіден*, лексикалық жұмыстар жүргізу арқылы оқушының сөздік қорын байыту. Тілдің лексика және фразеология бірліктерінен кеңірек білім беру көзделеді. *Үшіншіден*, жаңа сөздер үйрету, жаңа сөздер жасайтын тұлғаларды меңгерту арқылы сөз бен сөздердің байланысын, сөйлем моделдерін құрап үйрету, сөйлемнің құрылысын білдіру арқылы мәтін лексикасынан мәлімет беру. *Төртіншіден*, оқушының ойын жазбаша дұрыс, сауатты жаза, әрі сөйлей білуге үйрету. Тіл дамыту жұмысының негізгі мазмұны осы мәселелер аясында қарастырылады. Дидактикалық қағидалар әр пәнді оқыту методикасы және қазақ тілін оқыту методикасының

теориялық негізі болып саналады. Қазақ тілін оқытумен байланысты тіл дамыту жұмысы да мынадай дидактикалық негіздеме жүргізіледі.

Сөйлеу мен ойлаудың бірлігі қағидасы арқылы оқушы тіл мен ойлау бір-бірімен байланыста екендігін ұғады. Тілсіз ойлаудың болмайтындығы, әрбір ой тіл арқылы ғана көрінетіндігін, сөйлеуді ойлаудан бөліп алудың мүмкін еместігін түсінеді. Бұл қағида арқылы оқушының ойлау әрекетін дамыта отырып, түрлі ой қорытындыларын жасай білу дағдылары қалыптастырылады. Бір нәрсені екінші затпен салыстыру, талдау, жинақтау, қорытындылау, жүйелеу, белгілі затты белгісізбен салыстыру тағы да басқа түрлі ойлау әрекеттерін үйренудің нәтижесінде ой арқылы білім жүйелерін меңгереді [5, 448]. Бұл қағидаларды негізге ала отырып, қазақ тілінің бағдарламалық материалдарын мұқият қарастырып, әр тақырыпты оқытумен байланысты түрлі тапсырмалар беріп, оны оқушы қалай орындады, одан қандай қорытынды шығарды, ол тапсырманы, жаттығуды орындауда неге сүйенді, қандай ойлау әрекеттерін жасады деген мәселерге көңіл бөлінеді. Қағиданы іске асыруда екінші басты мәселе – оқушылардың орфографиялық ережелерді саналы меңгеруін қалыптастырып, дұрыс сөйлей білуге, сауатты, қатесіз жазуға дағды беру. Сөз тіркесі, сөйлем құрауға үйрету жұмысы оқушы ойын байланыстырып айта білумен бірге, жаза білуге дағды береді. Грамматиканы, синтаксисті жақсы меңгерген оқушы сөз тіркесін, дұрыс біліп, сөйлемді қарастыра алады. Сөз тіркесі және сөйлемді дұрыс құрату арқылы оқушыны тілдік фактілерді орынды қолдана білуге, әсіресе, синонимдік қатарларды, сөзді талғап, таңдап қолдануға үйретеді. Сөз тіркесі, сөйлемді құрату жұмысы да барлық грамматикалық тақырыптарды оқытумен орай іске асырылды. Жаттығу жұмыстарын грамматика-стилистикалық бағытта ұйымдастырылды. Дайын мәтін ала отырып, оған грамматика-стилистикалық талдау жасауына болады. Студенттің назарын сөйлем құрылысына аударып, қалай жасалғанын, қандай стильдік қателер барын немесе қандай ерекшелікпен (сөзді қолданудағы) көрінетіндігін байқатады. Студентке мынадай жұмыстар орындату тиімді: сөз тіркестері арқылы сөйлем құрату, жай сөйлемді жалпылама сөйлемге айналдыру, аяқталмаған сөйлемді аяқтау, диалогты сөйлем құрату, әңгімені аяқтау, белгілі таныс тақырыптар бойынша бір-бірінің жұмысын реакциялау т.б. осындай жүйелі жүргізілген жұмыстар арқылы оқушы дұрыс сөйлем құрастыруға бейімделеді. Студент сөз тіркесі мен сөйлемнің түрі және мазмұны арасындағы байланысты меңгеруге тиісті. Сөз тіркесі сөйлемге қажетті құрылыс материалы ретінде қаралса, сөйлем синтаксистің негізгі бірлігі ретінде қаралатындығын меңгерту. Мысалы, сөз тіркесінде “қара” деген сын есімнің мағынасындағы өзгерісті, оның тура және ауыспалы мағынада тұрғандығын талдау жасау арқылы түсіндіріп отыру пайдалы: қарашаңырақ, қарақұс, қара мата, қаражол, қара халық т.б. деген сөздің тура және ауыспалы мағынада жасалғандығын, ауыспалы мағынада қолданылып тұрғандығын салыстыру арқылы түсінік беріледі. Студент тілдің осындай нәзік құбылыстарын байқау арқылы ана тілінің қыр-сырын біле түсуге құмартады [6, 98]. Сөз тіркесі және сөйлемнің өзара құрылымдық айырмашылығының неге екендігіне үйрету.

Сөз тіркесі категориясының лексикамен, морфологиямен тығыз байланысты екендігін, сөз тіркесі лексика мен морфологияны синтаксиспен тығыз байланыстыратын синтаксистік категория екендігіне баса назар аударылады. Мұның лексикамен тығыз байланыстылығы құрамына енген сөздердің толық лексикалық мағынаға ие болуы және сөздерді бір-бірімен байланыстыру, тіркесім қабілеті болуы шарт екендігін білу, олардың морфологиямен байланыстылығы, сөз бен сөз белгілері бір қосымша арқылы, сөз тұлғасы арқылы байланысатынын, екінші жағынан, белгілі бір сөз табынан негізінен сөз тіркесі жасалатындығынан крінеді. Тіл дамыту жұмысының бұл қағиданың тәрбиелік маңызы да бар. Тіл дамыту жұмысында ауызекі сөйлеу мен жазба тілінің бір-бірімен байланыстылық қағидасы да басты орын алады. Адам бір-бірімен сөйлеу тілі арқылы тікелей қарым қатынас жасайды. Сөйлеу тілі арқылы адам екінші бір адамның айтқан сөзін естиді, тыңдайды әрі онымен пікір алысып сөйлеседі. Адам сөйлеу барысында тілдің түрлі көркемдік тілдік құралдарын пайдаланылады. Мысалы, мақал-мәтел, фразеологиялық тіркестер, теңеу, салыстыру, әсірелеу, ымдау тағы да басқа әрекеттер арқылы сөйлеу үрдісінде екінші бір адамға ойын жеткізеді. Сондай-ақ ауызекі сөйлеу тілінде адам ойын жай сөйлемдермен айтуға бейім келеді. Жазбаша сөйлеу – графикалық жазу таңбалары арқылы іске асады. Жазбаша сөйлеу тілінде адам ойын жай сөйлеммен де, құрмалас сөйлем түрімен де бере алады. Жазбаша сөйлеу тілінде белгілі жүйелі байланыс болады. Адам сөйлеммен ойын жүйелі беруде тілдегі түрлі жалғау, жұрнақ, түрлі тыныс белгілерін (нүкте, қос нүкте, үтір, сызықша, тырнақша, леп белгісі, сұрау белгісі т.б.), синоним, омоним, теңеу, салыстыру сияқты тілдік құралдарды пайдаланады [7, 56].

Ауызекі сөйлеу тілін жақсы меңгерген, оған жаттыққан оқушы ойын жазбаша да дұрыс, жүйелі бере алады. Сондықтан бұл екі үрдіс бір-бірімен бірлікте, байланыста қаралғанда, жүргізілгенде ғана дұрыс нәтиже береді. 3. Тіл дамыту жұмысын грамматика, орфография,

пунктуация және көркем шығармамен байланыстыра жүргізу қағидасын да ескеру қажет. Студенттің ауызша және жазбаша тілін дұрыс дамытуда грамматикалық ережелерді жақсы білудің, тыныс белгілерін дұрыс қоюдың көркем әдебиетті көп оқудың үлкен мәні бар. Қазақ тілі сабақтарында үйретілген модельдерге сай түрлі жаттығу жұмыстарын орындатып, тыныс белгілерін дұрыс қоя білдірудің жолдарын көрсетіп, көркем әдебиетті көп оқуға бағыт беріп, оның үлгісін көрсетіп отыру. Тіл дамыту грамматиканы, лексиканы, фонетиканы, стилистиканы оқытумен тығыз байланыста жүргізіледі. Стильдің түрлерін жақсы меңгерген оқушы тілдің морфологиялық құрылысын, сөздердің мағынасына, тұлғасына және синтаксистік қызметтеріндегі өзіндік ерекшеліктерді ажыратып, күрделі сөз тіркесінің құрамын негізгі және көмекші сөздер, олардың өзара байланысын ажырату, жазуы қиын орфографиялық ережелерді меңгертіп, дұрыс, сауатты жазуға дағдыланады. Түрлі синтаксистік оралымдарды меңгеріп, сөз тіркесі мен сөйлем ішіндегі сөздерді тұлғалық бірліктеріне қарай таңдап қолдануға дағдыланады. Қорыта айтқанда, қазақ тілі сабақтары бойынша жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарын жоғарыдағы айтылған қағидаларды ескере отырып ұйымдастыру тиімді.

Әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
2. Назарбаев Н. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы//Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығы.
3. Артыкова Т.М. Педагогические условия формирования учебной языковой среды при обучении государственному языку. – Алматы, 2003. -176 с.
4. Балтабаева Ж.Қ. Жоғары оқу орнында студенттер тілін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (қазіргі қазақ тілінің морфология саласы бойынша). Педагогика ғылымдарының докторыдиссертацияның авторефераты. – Алматы, 2009. – 49 б.
5. Әбдікарімова Т.М. Бастауыш сыныпта текст арқылы ауызша тіл дамыту. –Алматы,1993.
6. Әбілқайев Ә., Құлмағамбетова Б. Қазақ тілін оқыту. Методикалық нұсқау 7-сынып. – Алматы,1984.
7. Әміров Р. Бірінші сыныпта оқушылардың тілін дамыту үшін істелетін жұмыстар. – Алматы,1967.

МАЗМҰНЫ

Қамзабекұлы Д. Алғы сөз	3
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНА ҚАТЫСТЫ ТЫҢ ДЕРЕКТЕР	
Заклучение о ходатайстве Джетысуйского ГИНА о переименовании г.Алма-ата в «Алматы и е/уезд «Алматинским»	5
Жақыпов Ж.А.Түркішілдіктің ұлттық тұрғысы(Ахмет Байтұрсынұлының Қазаннан табылған мақаласы туралы)	6
Амандық О. А.Байтұрсынұлының есімі ешқашан ұмытылмайды	12
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ТІЛТАНЫМ	
Айтмағамбетова М. Түркілік түбіртану мәселесі	16
Аманбай Ш. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы	19
Ахметова М. Қазнет тілінің ерекшеліктері	22
Әбдуәлиұлы Б. А.Байтұрсынұлы принциптері және ауыз әдебиетіне тән грамматикалық нормалар	25
Әбдуәлиұлы Б., Алпысбай Г. Көне түркі есімдерінің орфографиялық мәселелері	30
Әзімханұлы А. Әскери лексиканың эпос тіліндегі стильдік сипаты	33
Әкімбайұлы Т. «Күлтегін ескерткішіндегі» қос тармақты афоризмдер	36
Батырғалиева А. С.Шаймерденовтың «Инеш» романындағы аксиологиялық лексиканың қолданысы	39
Баялиева Г. Зат есімді синонимдердің танымдық мәні	42
Бегимова Г.А. Қазақ және түрік тілдеріндегі мұнай терминдерінің мағыналық сипаты	46
Бейсен А. Қазақ тіліндегі сан ұғымының берілу жолдары (А.Байтұрсынұлының «қырық мысал» еңбегі бойынша)	49
Бейсенбай А. Тілдік норма және тілдік сана мәселелері	52
Берікова Ж. Газет мәтініндегі бағалауыштық сын есімдер	54
Динаева Б.Б. А. Байтұрсынұлынан бастау алған паремиялық жіктелістер	57
Дінғазы А. Тіл құжаттау жайында	60
Ескеева М.Қ. Орхон ескерткіштері тіліндегі етістік тудырушы жұрнақтар	63
Еспекова Л. А.Байтұрсынұлы және тілдің дыбыстық жүйесінің кейбір мәселелері	69
Жақыпов Ж., Доғдырбай А. Фольклорлық мәтіннің сипаты	72
ЖанбершиеваҰ., МұхтароваА. Ахмет Байтұрсынұлы публицистикасындағы ұлттық идея	76
Жұбаева О. А. Байтұрсынұлы терминдерінің уәжділік сипаты	78
Закиев М. Периоды развития татарской терминологии	84
Иманғалиева А.Пропозиция және пропозиционалдық қатынастардың етістіктері	95
Исламова З. Ғаламтор тілінің тілдік ерекшеліктері	99
Капшаева Г. Сауаттылықтың бір негізі – жазуда	102
Кенжебаева А.Сапалық сын есімдердің батырлар бейнесін сомдаудағы қызметі	105
Кудретуллаева А.Батырлар жырындағы кеңістікті түзудегі сипаттаудың орны	110
Қанайбекова Э.Лексика-семантикалық тәсілдің қазақ тіл білімінде қарастырылуы	113
Қоңыратбаева Ж.Алғашқы қазақ көркем прозасы тілінің дамуындағы баспасөздің орны	117
Майзина А.Н. Лексико-грамматический разряд количественных числительных в алтайском языке	121
Наурызбекова С. Бейнелілік мәселесінің лингвистикада зерттелуі	129
Оспанова Д. Көне түркі түбірлерінің сөзжасамдық ұя құру қабілеті	132
Өткелбаева Ж. Әлеуметтік желі тілінің дискурстық сипаты	136
Садыгова С.А. Современное состояние терминообразования в азербайджанском языке	138
СелютинаИ. Вокальные системы в тюркских языках южной сибире: традиции и инновации	147
Сыздықова Г.Ахмет Байтұрсынұлы одағайдың тілдік табиғаты туралы	155
Сыланова Д. Түрік тілінде лингвистикалық терминдердің зерттелу тарихы	157
Төлегенова М.Қазақ және оғыз тобы тілдеріндегі үстеулердің салыстырмалы сипаттамасы	161
Халманова Б. Фразеологизмдердің қазақ эпостық жырларындағы көрінісі	166
Хисамитдинова Ф.Г.Изгеләр «святые» в мифологии башкир	169

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНЫМ

Mustafa Öner Türik Dünyesinde Modernizm jane Ahmet Baytursın	177
Ақболатов А. Ж. Шаштайұлының «Жаңғырық» романындағы көркемдік ізденіс және шешім	179
Ашимова М. Тарихи-философиялық анализ негізіндегі әдебиеттанудағы поэтика түсінігі	182
Әбсадықов А.А. Әлихан Бөкейхан және Ахмет Байтұрсынұлы: қайраткерлік ғұмырнама айшықтары	188
Дәулеткелдіұлы Н. «Қара таудың басынан көш келеді» атты ән-өлеңнің тарихи тәлімі	192
Жұмағұл С. Ғұмар Қараш және «Қазақ» газеті	197
Каримова Н. Қазақ әдебиетіндегі батырлар жырының тарихилығы	200
Мұратова Г. «Әдебиет танытқыш» және Абайтану мәселелері	204
Орнықбайұлы Ә. Қытайдағы қазақ айтыс өнерінің ауқымы	209

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТАНЫМ

Алибеков К.Б. Деятельность Ахмета Байтурсынова в Омске в 1902-1904 годы	215
Ауанасова А.М. Теоретико-методологические подходы в изучении лидерства в истории Казахстана	218
Әбдікәрім Т.М. «Әліппе» оқулығының қалыптасуы мен жүйелігі	222
Әділбек А.М., Масақова Г. Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудағы заманауи әдістер	225
Әділбек А.М., Мағзұмбекова Ә.Қ. Қазақ тілін орыс тілді мектептерде интерактивті оқытудың лингвистикалық ұстанымдары	228
Бөстекова Г. Ахмет Байтұрсынұлы және «Қазақ» газеті	232
Кабульдинов З. Основные проблемы языка, образования, религии и социально-экономической жизни казахов в начале XX века	234
Қамзабекұлы Д. «Алаштану» бағдарламасы	237
Қуандықова С. Ахмет Байтұрсынұлы еңбектеріндегі құндылық бағдарлы ұғымдар	242
Құрманбаева Ш. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің бүгінгі даму парадигмалары	245
Құрманбаева Ш., Оралбекова Қ.А. Байтұрсынұлының еңбектеріндегі педагогикалық дискурс мәселесі	248
Махат Д.А. Байтұрсынұлының эпистолярлық мұралары хақында	251
Нурумова Г., Рахимберлина Г. Ахмет Байтұрсынұлы және ұлттық педагогика, оқыту әдістемесі	254
Нурышова Ф. Ахмет Байтұрсынұлы көсемсөздеріндегі ұлттық тәлім-тәрбие	258
Рахмедов С. Бирлесип ислегенлер, бийік тавды суыргенлер	261
Сейдалиева М. Ахмет Байтұрсынұлы мысалдарын мектеп бағдарламасында оқыту мәселесі	265
Сейтпанова А. Жобалай оқыту технологиясының ғылыми негізі	268
Садықова З.Ж. Ахмет Байтұрсынұлы әдістемесінің өміршеңдігі турасында	270
Төлекова Г. "Байтұрсын әдісімен"(Абай, Шәкәрім шығармалары әлемінде есім сөз тіркестері концептілерінің қолданылуы)	273
Досанова А.Ж., Абуева А.Ғ., Бөкен Қ.М. Ахмет Байтұрсынұлы – сауат ашу әдістемесінің негізін қалаушы	277
Қасым Б.Қ. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ тілін жаңа технологиялармен оқыту	279
Қасым Б.Қ., Тұраров Қ.Қ. А.Байтұрсынұлының әдістемелік тұжырымдарының жаңа технологиялармен сабақтастығы	283

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ-2016
«ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ РУХАНИ ТҰҒЫРЫ»
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ

Таралымы 500 дана
Көлемі шартты 18,06 б.т
Қаріп түрі «Times New Roman»
Тапсырыс № 15046
Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың
типографиясында басып шығарылды.
010008, Астана қ., Қажымұқан к., 13/1.